



Академик Т. Т. Тәжібаевтың туғанына 112 жыл толуына арналған  
**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ  
ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ: ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМДЕГІ СЕРПІЛІСТЕР»**  
атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

*23 ақпан 2022 жыл*

**МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-практической конференции  
**«НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В КАЗАХСТАНЕ:  
ПРИОРИТЕТЫ В ВОСПИТАНИИ И ОБРАЗОВАНИИ»**,  
посвященная 112-летию со дня рождения академика Т. Т. Тажибаева.

*23 февраля 2022 год*

**MATERIALS**

International scientific and practical conference  
**«NEW OPPORTUNITIES FOR PEDAGOGICAL SCIENCE IN KAZAKHSTAN:  
PRIORITIES IN UPBRINGING AND EDUCATION»**  
dedicated to the 122th anniversary of the birth of academician T. T. Tazhibayev

*23th february 2022 year*



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ  
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО МЕНЕДЖМЕНТА

Академик Т. Т. Тәжібаевтың туғанына 112 жыл толуына арналған  
«Қазақстандағы педагогика ғылымының жаңа мүмкіндіктері:  
тәрбие мен білімдегі серпілістер» тақырыбында өткен  
халықаралық ғылыми- практикалық конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ

23 ақпан 2022 жыл



## МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции «Новые возможности педагогической науки в Казахстане: приоритеты в воспитании и образовании», посвященной 112-летию со дня рождения академика Т.Т. Тажибаева  
23 февраля 2022 года

## MATERIALS

International scientific and practical conference "New opportunities for pedagogical science in Kazakhstan: priorities in upbringing and education" dedicated to the 112th anniversary of the birth of academician T. T. Tazhibayev

Almaty, 23<sup>th</sup> February 2022 year

Алматы  
Қазақ университеті  
2022

**Ұйымдастыру алқасы:**

**Төраға: Түймебаев Ж.Қ.,** Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры,  
Басқарма төрағасы филология ғылымдарының докторы, профессор

**Төраға орынбасарлары:**

- Муканов К.Н.** – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ –дың бірінші проректоры,  
медицина ғылымдарының докторы, профессор
- Тасибеков Х.С.**– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ –дың ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры,  
химия ғылымдарының кандидаты, доцент
- Масалимова Ә.Р.**- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ –дың әлеуметтік даму жөніндегі проректоры,  
философия ғылымдарының докторы, профессор
- Мейірбаев Б.Б.** – Философия және саясаттану факультетінің деканы,  
философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
- Әлқожаева Н.С.**- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының  
меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
- Өмірбекова А.О.** – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Философия және саясаттану  
факультеті деканының оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,  
философия ғылымдарының кандидаты, доцент
- Аликбаева М.Б.** – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Философия және саясаттану факультеті  
деканының ғылыми-инновациялық жұмыс пен халықаралық байланыс  
жөніндегі орынбасары, философия ғылымдарының кандидаты

**Ұйымдастыру алқасының мүшелері:**

- Альчымбаева А.Б.**- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Педагогика және білім беру  
менеджменті кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық іс-әрекет және халықаралық  
ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Шағырбаева М.Д.**- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының  
Жас ғалымдар кеңесінің жетекшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Болатқажы Қ. Б.**- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Әлеуметтік педагогика және  
өзін-өзі тану» мамандығының 1 курс магистранты

**Жауапты хатшы:** Шағырбаева М.Д.

**Академик Т. Т. Тәжібаевтың туғанына 112 жыл толуына арналған «Қазақстандағы педагогика ғылымының жаңа мүмкіндіктері: тәрбие мен білімдегі серпілістер» тақырыбында өткен халықаралық ғылыми- практикалық конференциясының ЖИНАҒЫ.** – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 328 с.

Әлемдегі білім беруді дамытудың негізгі үрдістерін және жетекші дамыған елдердің ұлттық білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарын талқылау, академик Т. Тәжібаевтың ғылыми мұрасын пайымдау, жинақталған тәжірибемен және жетістіктермен бөлісу.

Конференция аясында Т. Тәжібаевтың өнегелік жолдары, ғылыми мұрасы, еңбек жолы баяндалды. Сонымен қатар білім беру жүйесіндегі әлемдік өзгерістер, бағыттар, білім беру мен тәрбиедегі инновациялық әдіс тәсілдер мен Қазақстандық патриозимді қалыптастыру, көрсеткіштері жолдары қарастырылды.

Академик Т. Тәжібаевтың халықаралық конференциясы аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының ардагер ұстазы, ғалым Баширова Жамал Рақымқызына арналған дөңгелек үстелде ғалымның педагогикалық қызметі, еңбектері баяндалды.

Конференцияға қатысуға педагогика және психология саласындағы ғылыми зерттеумен айналысатын ғалымдар, оқытушылар, докторанттар, магистранттар, ЖОО студенттері және шет ел Ресей, Татарстан ЖОО ғалымдары қатысты.

## ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР:

### ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ:

**Масалимова Әлия Рымгазиевна**  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің*  
*әлеуметтік даму және тәрбие ісі жөніндегі проректоры,*  
*философия ғылымдарының докторы, профессор*

### АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті конференцияға қатысушы қонақтар!

Құрметті конференция жұмысына қатысушы қонақтар, оқытушылар, студенттер! Қазақстанның педагогика және психология ғылымының дамуына үлес қосқан акамик Т. Тәжібаевтың туғанына 112 жыл толуына арналған «Қазақстандағы педагогика ғылымының жаңа мүмкіндіктері» атты халықаралық конференцияға қош келдіңіздер!

Академик Т. Тәжібаев университетімізді 1948-1953 жылдары басқара отырып, университет мәртебесінің өсуіне, гүлденуіне үлес қосқан басқарушы, ғалым екендігін айта кеткен жөн.

Т. Тәжібаевтың есімі ең алдымен, қазақстандық педагогика және психология ғылымының қалыптасуымен байланысты. Ол алғаш психологиядан қорғап, тұңғыш рет педагогика ғылымының докторы атанған, ұлттық университетіміздің тарихында логика және педагогика, психология бөлімін ашып, қазақ халқының ұлттық болмысы мен сана сезімін сақтап, дамытуға үлес қосқан тұлғалардың бірі.

Т. Тәжібаевтың ғылыми-педагогикалық жолы 1938 жылы Абай атындағы педагогикалық институтында психология пәні оқытушысы, кейіннен кафедра меңгерушісі болып қызметінен бастайды. Ол өз өмірінде түрлі мемлекеттік қызметтер атқарады және алғаш рет Қазақ ССР Республикасының Сыртқы істер халық комиссияры қызметіне тағайындалып, халықаралық деңгейде Т.Тәжібаев дипломатиялық қызметтің нығаюына да өз үлесін қосады.

Т. Тәжібаев Қазақстандағы тарихи-педагогикалық және психологиялық ғылымның қалыптасуының басында болып, білім беру мен мәдениеттің дамуына, сонымен қатар, ғылыми еңбектерінде оқыту мәселелері, классикалық білім беру, қазақ қыздарының білім алуы, оқу құралдарының мәселелерін негізгі өзек ретінде ала отырып, Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев қазақ қайраткерлерінің де педагогикалық еңбектерін қарастырады.

Басқарушы ретінде Т. Тәжібаев университеттің құрылымын жетілдіруге, студенттердің терең білім алуына, оқытушы-ғалымдардың ғылыми ізденістеріне де әрқашан қолдау көрсетіп отырды.

Бүгінде Т. Тәжібаевтың өнегелі өмірі, тұлғалық қасиеті, адами құндылықтары, ғылыми ізденістері келешек ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

*Назарларыңызға рахмет, конференция жұмысына сәттілік тілеймін!*

**Мейірбаев Б.Б.**  
*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің*  
*Философия және саясаттану факультетінің деканы,*  
*философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

## **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДА ПАТРИОТИЗМДІ АРТТЫРУДА Т. ТӘЖІБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

«Т.Тәжібаев қазақтың ұлттық психологиясын, ұлттық мінезін зерттеген алғашқы ғалым, мұндай жолға тек жүрегі ұлтым деп соқандар барады» деп

Абыз атамыз Қ. Жарықбаев айтқандай, Т. Тәжібаев қазақ ғылымына оның ішінде педагогика және психология ғылымының дамуына үлес қосқан үлкен ғалым деп айтуымызға болады.

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ** – тамыры тереңде келе жатқан адамның жан-дүниесінің әр түрлі жақтарына, жықпыл-жықпылдарына (ой, ақыл-парасат, сезім-эмоция, мінез-темперамент т.б.) түгелдей әсер ететін аса уытты психологиялық құбылыс. Патриоттық сезімнің мән-мәнісін академик-психолог Т.Т.Тәжібаев кезінде былай деп тұжырымдаған еді:

«Өз Отанын, өз халқын, өз тілін тамаша ұлттық дәстүрлерін сүйген, өзінің Отанға деген сүйіспеншілігін тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрсеткен адам ғана нағыз патриот деп саналады» деп өзі айтып өткендей, бүгінгі Жаңа Қазақстандық патриотизм қалыптастыруда осындай ұлы тұлғалардың еңбектері, өмір жолдары, өмірлік принциптері, парасат пайымдары біздің әрбір болашақ үшін керек, әрі дамуына ықпал тигізетіні сөзсіз.

Патриотизм өміріміздің барлық саласына қатысты. Мысалы, өз елімізді, жерімізді қорғау үшін, тілімізді, ділімізді, ұлттық құндылықтарымызды сүю үшін патриотизм қажет. Мемлекетіміздің гүлденіп, тыныштық, бейбітшілік сақтау үшін патриотизм керек. Еңбекте, білімде де патриотизм керек, ол тек сөз жүзінде ғана емес, әр азамат өзінің туған жерін құрметтеп, ардақтап, мемлекеттің дамуына үлес қосу үшін үлкен патриот болу қажет деп ойлаймын.

Болашақ ұрпақты тәрбиелеуде де, еліміздің қорғаныс күшін арттыру да азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру да патриоттық іс, Қазақстандық патриотизм деген сөз.

Қазақ жерін шынайы Отанға айналдыру, тілін, дінін дамытып, әлемдік өркениет жолына салатын күшті құрал идеология мен саясат, білім, сыйласымдылық пен құрмет, жалпы адамзаттық құндылықтар, адамгершілік пен имандылық қажет.

Осы жолда Т. Тәжібаевтың бүкіл өмірі, еңбек жолы осы принциптермен сабақтасып жатыр деп айтуға болады.

Өмір жолы қиын қыстау сонау аштық заманында дүниеге келген Т. Тәжібаевтың отбасына оңай тимеді. Ол жастайынан туған туыстарынан ашырап, жетім қалған еді. Ешқандай қиындықтарға мойымай, мектепке барып сауатын ашты, сабақты өте жақсы оқыды. Кейін Арыс қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленді. 1928 ж. Шымкент педтехникумын үздік бітіріп, бірер жыл қызмет істегеннен кейін, Мәскеудің Н.К.Крупская атындағы коммунистік тәрбие академиясына жолдама алады. Төлеген осы оқу орнындағы мектеп бөлімін 1935 жылы үздік бітіріп шығады да, сол жылы психология кафедрасының аспирантурасына қалдырылады. 1939 жылы Ленинградта Тәжібаев «Ушинскийдің педагогикалық теориясының психологиялық негіздері» жөнінде ғылыми зерттеу жұмысын қорғайды.

Сонымен қатар, республикамыздағы педагогика ғылымының дамуын зерттеп, педагогика тарихы, оқу-ағартудың даму мәселелерін алға қойды. Т. Тәжібаев 1950 жылдардан бастап-ақ Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің, оқу-ағарту ісінің дамуы мен мектептер тарихын зерттей бастады. Өзінің монографиялық еңбегінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы ағарту ісін, мектептер тарихын, педагогикалық ой-пікірдің даму проблемасын сарайлайды. Сондай-ақ Шоқан Уалихановтың, Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсаринның философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастарына арнап бірнеше ғылыми мақалалар жазды. 1957 жылы «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагог-

икалық көзқарастары», ал арада бір жыл өткен соң «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның ағарту ісі мен педагогикалық ой пікірінің дамуы» деген кітаптары жарияланды.

Ол, әсіресе, Абайдың психологиялық көзқарастарын көп жылдар бойына сарыла зерттеген. Абайдың элеуметтік-философиялық көзқарасына жан-жақты талдау жасай келіп, оның психологиялық ойлары мен пайымдауларына тоқталады. Ғалымның тұжырымдауынша, Абай тек асқан ойшыл, кемеңгер ақын ғана емес, ол сонымен бірге қазақтан шыққан ірі философ, халқының психологиялық білімдер жүйесін жасаған ғұлама. Байырғы қазақ тілінің сарқылмас бұлағынан сусындай отырып, Абай ұлттық психологиялық ұғымдардың негізін қалады. Ол қазақтың жазба әдеби тілінің негізін қалаумен ғана шектелмей, сонымен қатар ұлттық философиялық және психологиялық білімдер саласына қатысы бар ұғым түсініктерді саралап, бұлардың ғылыми жағынан пайымдалуы жолында көп тер төккен ойшыл болғандығын дәлелдеді.

Абайдың психологиялық көзқарастары жайлы кезінде Т.Тәжібаев жасаған түйіндер соңғы кездері жүргізілген зерттеулерде одан сайын тереңдетіле, айқындала түсті.

Т.Тәжібаев «Абай балалардың ғылымға деген қызығушылығы мен құштарлығын дамыту қажеттілігі туралы, онсыз білімді игеру мүмкін еместігі туралы атап өткен», «Абай жастардан пайда туралы емес, ар-намыс туралы ойлауды, мүмкіндігінше білуге ұмтылуды талап еткендігін айтып өткен» деп тұжырымдайды. Бұл ойын Т.Тәжібаев Абайдың келесі ойымен жалғастырады: «Ғылымды тек балалықпен қоштасқанда ғана игеруге болады. Егер сіз ғалым бола алмасаңыз, әлі де үмітіңізді жоғалтпаңыз, ғалым болуға тырысыңыз. Әрқашан үміт пен сенімділікке ие болыңыз. Ғылым – бұл байлық. Сондықтан білімді адамдардың сөзіне сүйіспеншілікпен қараңыз. Бірақ оларға ақсақалдың, байдың немесе басқа органдардың аузынан шыққандықтан емес, оларды өзіңіз біліп, дұрыстығына көз жеткізген кезде ғана сеніңіз. Шыншыл бол және ешқашан жаныңды бұрмалама. Абай жас ұрпаққа жүйелі білім беру қажеттілігін түсінді. Ол тұлғаны қалыптастырудағы тәрбие мен білімнің шешуші рөлін жақсы білді. Абай өзінің мәлімдемелерінде және практикалық қызметінде нағыз мұғалімнің рөлін атқарады. Ол жастардың тәрбиесіне үлкен көңіл бөледі; өз балаларының оқытуына үнемі қызығушылық танытады, олардан бәрін сұрайды, олардың білімін тексереді және көбінесе оқытуда көмектеседі. «Абай білімді саналы түрде игеруді қажет деп санайды. Таяқ тәртібінің орнына ол парасатты, саналы тәртіпті алға қояды. Балалардың оқуға деген қызығушылығы мен дербестігін дамыту, зерттелгенді дұрыс қабылдау мен түсінуді қамтамасыз ету, оны қайталау білімді ойдағыдай игерудің қажетті шарттары болып табылады» деп ұлы философтың еңбектерінің тәрбиелік мәнін айтып отырды.

Т. Тәжібаев халық ағарту ісінің тарихына қатысты тың зерттеулер жүргізіп, тұжырымдар жасауда еңбегі зор.

Төлеген Тәжібайұлы тек Қазақстанның ғана емес, бұрынғы одақтас республикалардың да тарихнамасында халық ағарту ісі тарихын зерттеу ісіне тың ойлар айтып, талдаулар жасады, мәдениеттің кейінгі дамуын ілгеріден келе жатқан үрдістерімен, тарихымен байланыстыра, сабақтастыра қарауды дұрыс деп санады.

Сонымен қатар, Т. Тәжібаев жауапты қоғамдық – мемлекеттік, дипломатиялық қызметтер атқарды. Мәселен, 1940 жылы 30 жасар Төлеген республика Оқу халық комиссарының бірінші орынбасары қызметіне жоғарылатылды. Бір жылдан кейін ол Қазақ КСР Оқу халық комиссары болып тағайындалды. 1941 жылдың күзінде, жас ғалым, іскер азамат, Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасарлығына көтерілді. Осы қызметте Төлеген 1944 жылдың тамызына дейін боды Мұнан кейін Тәжібаев Қазақ КСР Сыртқы істер министрі болып тағайындалды (1944-1957 жж.). Сонымен қатар 1948-1953 жылдар арасында Қазақ Мемлекеттік университетінің ректоры болып істейді. 1954 жылдың қазанында Төлеген Тәжібаев Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне қайтадан тағайындалды. Т.Тәжібаев біраз жыл дипломатиялық қызметтерде де болды. 1955-1958 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымына кеңес делегациясы басшысының орынбасары, ал 1956, 1957 жылдары делегация мүшесі ретінде Нью-Йоркке төрт рет барды. 1957-1961 жылдары дипломатиялық қызметке ауыстырылып, КСРО елшісінің кеңесшісі ретінде Үндістанда болды.

Міне, бұл да үлкен жауапкершілікті, іскерлікті, бейбітшілікті дамытуға да қосқан үлкен еңбегі деп білеміз.

Т. Тәжібаевтың осындай асыл қасиеттер болашақ ұрпаққа өнеге болары сөзсіз.

Ғалымның мемлекеттік, ұйымдастырушылық, халық ағарту ісі, ғылыми еңбектерін, жастарды тәрбиелеу мәселелерін талдап, саралап, мәні мен маңызын көпшілік қауымға жеткізе білсек, оның еңбегіне талдау жасап, баға беру, құнды жақтарын бүгінгі конференция жұмысы аясында көрсету маңызды деп ойлаймын.

Конференция жұмысына табыстар тілей отырып, жемісті болады деп ойлаймын!

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы, 395-бет.
2. Т.Тажибаев Философия, психология және педагогикалық көзқарастары Абай Құнанбаев: КАЗГОСИЗДАТ, Алма-ата -1957
3. Жұқып Мадияр, Түрікпенұлы Жолмұхан. Т. Тәжібаев (Ғұмырнамалық деректер хикаяты), -Алматы, Қазақстан
4. Т. Тажибаев. Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине 19 века.- Алма –ата: Казгосиздат. 1995.

**Әлқожаева Н.С.**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

*Педагогика және білім беру менеджменті  
кафедрасының меңгерушісі п.ғ.к., профессор м.а.*

## **ЖАМАЛ РАҚЫМҚЫЗЫ БАШИРОВАНЫҢ ТАҒЛЫМДЫҚ МҰРАСЫ**

Жамал Рақымқызы 1964 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының математика факультетін аяқтағаннан кейін 1964-1972 жылдары мектепте физика пәні мұғалімі болды.

Ал, 1972-1976 жылдары ҚазССР Білім беру министрлігінде ғылыми қызметкер қызметін атқарды. 1976-1984 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми – зерттеу институтында ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметінде болды. Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрлігіне тәжірибелі ғалым-педагог ретінде ҚазССР білім беру Министрлігінде ОӘС мүшесі ретінде еңбек етті. Жамал Рақымқызының кандидаттық диссертациясының тақырыбы еңбек тәрбиесі және менің ойымша оны бекер таңдамаған, оның зерттеулерінен байқағаным адамға еңбек тәрбиесі арқылы барлық ізгі қасиетті сіңіруге болатындығы. Шын мәнінде адам тек еңбегі арқылы жетістікке қол жеткізіп, адам, қоғам арасында бағаланады. Өзінің өмір жолын мектепте бастап, жоғары мектепте жалғастырды, бұл сабақтастық деп білемін. Яғни, зерттеу аумағының бірі – сабақтастық болды, бұл мәселені өзінің тәжірибесіне сүйене отырып, зерттеген. Сонымен қатар, маман даярлаудағы негізгі аспектілердің асытын сызып көрсетіп, көптеген білім берудегі модельдерге тоқталып өзіндік тұрғыдан модель құрастырды.

XX ғасырдың соңғы төрттігінде жаппай жоғары білім алу тенденциясы университеттерде жалпы мәдени базисті құруға түрткі болды. Ғалымның пікірінше, осыған орай мамандарды дайындау мақсаты да өзгерді, басты бағыт ғылыми білімдерді кеңейту емес, адамның кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру болды.

Жамал Рақымқызы жоғары мектептердегі білім беру парадигмаларын талдай келе, бірнешеуіне тоқталып өтеді. Мысалға, мәдени-құндылықты парадигма студентті әлемді жан – жақты тану мақсатындағы ұлы ойшылдардың еңбектерін терең әрі жүйелі оқу арқылы әмбебап мәдениет элементтері мен өткен дәуір құндылықтарын меңгертуге бағытталған. Осы парадигма шеңберінде бірінші университет түлектер – білімді адам – философ немесе қайрымды адам деген жоғары лауазымға ие болады. Сол кезеден бастап білім беру стратегиясы мәдени мұраларын, рухани құндылықтар мен ғылым жетістіктерін меңгерумен байланыса отырып күні бүгінге дейін

классикалық білім феноменіне жатқызылады[1]. Ғалымдардың пікірінше, университеттік білім дамуының негізіне көптеген білім беру парадигмаларын жатқызуға болады (1-сурет).



Ғалым университет түлектерінің жаңа білімдерді іздестіруге бағдарлануын, ғылым, теория, болжамдар позициясы арқылы адамдар әрекеті мен әлемді түсіну мен ұғынуға, фундаменталды ғылымдарды дамыту мен теориялық білімдердің приоритеттерімен сипатталады.

Тағы бір парадигма – «кәсіби», жаңа заман талаптарына жауап беретін, мемлекет қоғамның мамандарға деген сұранысына жауап ретінде пайда болды, дей келе кәсіби парадигманың мәні – университеттік білім мазмұнын байыту мен кеңейтуден көрініс табады, деген қорытынды жасайды.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында университеттік білімнің үшінші технократиялық парадигмасы анықталған, бұл парадигма бойынша студенттерді оқытуда техника мен технологиялар, экономика мен бизнес ғылыми және мәдени құндылықтардан басып озды, алайда ол өз кезегінде жоғары білім мен ғылыми білімнің дамуында тар прагматикалық бағыт алды. Соныдықтан да, төртінші гуманистік парадигманың туындауына себеп болды, деп тұжырым жасаған. Гуманистік парадигманың ерекшелігі оның тұлға қабілеттері мен қызығушылықтарына бағдарлануында. Университеттік білім беруде ол іргелі ғылымдардың дамуы мен теориялық білімдердің приоритетімен, университет түлектерінің жаңа білімді іздеуге, әлем мен адам әрекеттерін ғылым, теориялар мен болжамдар позициясында ұғыну мен түсіндіруге бағдарлануын сипаттайды.

ҚР-ғы жоғары білімді дамыту стратегиясы авторлары: «XXI ғасыр табалдырығындағы жоғары білім берудің алдағы дамуының негізгі принципі гуманизм, адам мен табиғаттың, индивид пен қоғамның, рух пен тәннің, жан мен ақыл-ойдың үйлесімділігі болып табылады», деген тұжырымын толықтай қолдауға болады.

Бұл мәселелерде ғалым Э.А.Баллердің пікіріне сүйенген, қоғамдағы кез келген дамудың негізі – ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу болғандықтан оны екі сипатта беруге болады деп санаған:

- 1) бір деңгейдегі – сабақтастық;
- 2) әртүрлі деңгейдегі – сабақтастық [2].

Оның ғылыми қызметі, еңбектері республикадағы білім беру жүйесінің алдында тұрған өзекті мәселелерді шешуге бағытталады.

Жамал Рақымқызы «Педагогика», «Педагогиканы оқыту әдістемесі», «ЖОО педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі», «Тұлғааралық коммуникация теориясы», «Педагогикалық




шеберлік», «Педагогтың коммуникациялық мәдениеті», «Педагогика ғылымының теоретикалық-әдіснамалық негіздері» және т.б. курстарды оқып, бағдарламаларын, оқу әдістемелік кешенін түзді. Бүгінгі күні бұл бағдарламалар, аталған курстарға негіз болып отыр.

Сонымен қатар, бүгінгі күні белсенді оқыту әдістері өзекті болып, жан-жақты қолданыс тауып жатқан болса, бұл тұрғыда Жамал Рақымқызы 90-шы жылдары арнайы мақала жазып, қолдану қажеттілігін айтып өткен.

Өзінің зерттеулерінде Жамал Рақымқызы жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі мәселесін де қарастырған. Ол, кәсіби құзыреттілікке берілген анықтамалардан құрылымды түрде кәсіби-білімдік, кәсіби-іс-әрекеттік, тәжірибелік және кәсіби-тұлғалық компоненттерді бөліп зерделеген. Бірнеше авторлардың зерттеулерін талдай отырып, кәсіби құзыреттілік ұғымына:

**«Кәсіби құзыреттілік – педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін жеткілікті білімдер, іскерліктер, тәжірибе мен өнегелік ұстанымдарды бейнелейтін жоғары мектеп оқытушысының іскерлік және тұлғалық сапаларының интегралды сипаттамасы»** [1], деген өзіндік анықтамасын берген. Автордың пікірінше, «квалификация», «кәсібилік» және «құзыреттілік» ұғымдары тұлғаның кәсіби дамуындағы деңгейлік ұғымдар болып табылады, алайда, кейбір жағдайда олар атқарылатын іс-әрекет түріне байланысты параллель жағдайда бір деңгейлі болуы мүмкін.



**Сурет 2.** Университеттік білім беру жағдайындағы жоғары мектеп оқытушысының педагогикалық құзыреттілігінің қалыптасу моделі

Жоғары оқу орнының оқытушысының кәсіби құзыреттілігін құраушы факторлардың бірі оның педагогикалық шеберлігі болып табылады. Оның құрамына кәсіби ойлау, кәсіби-педагогикалық іскерліктер, педагогикалық техника, кәсіби импровизация, өзіндік реттелу және

басқа да компоненттер кіреді. Мұндай шеберліктің іргетасы кәсіби-педагогикалық білімдер болып табылады.

Кәсіби құзыреттілік функционалды сауаттылық деп аталатын басқа педагогикалық сипаттама үшін негіз болып табылады. Ғалым-педагог «білім беру жүйесінің алдына аса өткір дилемма шықты – тар мамандану немесе кең білімдарлық, құзыреттілік немесе жан-жақтылық», деген пікірін білдірген [1]. Осыған байланысты үздіксіз білім беру контексінде сан алуын түрлер мен деңгейлердің функционалды сауаттылығын диагностикалаудың және өлшеудің ғылыми негізделген әдістемелерін жасау үлкен маңызға ие болады, деген пайым да бүгінгі күні өзектелініп отыр. «Функционалды сауаттылық» ұғымы өткен ғасырдың 60-ның соңында ЮНЕСКО-ның құжаттарында пайда болып, кейінірек зерттеушілердің қолданысына енді. Бұл ұғымның құрамына функционалды-өндірістік, функционалды-қоғамдық, функционалды-мәдени, функционалды-тұрмыстық, экологиялық және басқа да бағыттары мен олардың өзараәрекеттестігі енеді. Қазіргі таңда кең көлемді практикалық қолданыстағы ақпараттық-лингвистикалық сауаттылық жетекші орынға ие болды. Міне, өзіміз көріп отырғандай Жамал Рақымқызының көтерген мәселелері, тағлымдық мұра ретінде бүгінгі күнмен сабақтасып, қолданысқа ие болуда.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Баширова Ж.Р. Жоғарғы оқу орындарында жоғары мектеп оқытушысын даярлау мәселесі. Монография.-Алматы, 2010. -113 бет
2. Баллер Э.А. Социальный прогресс и культурное наследие. –М.: Наука, 19877. – 225

**Таубаева Ш. Т.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясының, Халықаралық Педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының академигі, «ЖОО үздік оқытушысы – 2017» атағының иегері*

## ҒЫЛЫМНЫҢ ЖАМАЛЫ

Ғалым-педагог пен білім ошағы жайлы айтқанда, менің ойыма 2020 жылы туғанына 1150 жыл толған Әлемнің екінші ұстазы әл-Фарабидің ұстаз туралы пайымдары оралады. Ғұлама адамдардың жан жүйесіндегі мәдениеттілік, сыпайгершілік, жоғары тәртіптілік, интеллектуалдық қайырымдылық (даналық, парасат, ой тапқырлығы, ұғымталдық), ал олардың өмір сүруге қажетті қасиеттерінің қатарында ақыл-парасаттық, көмектесу, қолдау, ұжымдасу, этникалық қайырымдылық (ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік) сияқты қасиеттерді ерекше атады. Ол ізгі қоғамның адамдарының сапаларына **әрекетшілдік, ерлік, жомарттық, өткір тілділік, досгерлік, кішіпейілділік, адалдық, шынайылық, қайырымдылық** болуы керек деп ұйғарды.

Әл-Фараби ұстаздың **өнегелік, тәлімгерлік** қасиеттеріне мән берді, **ұстаз дана** болу керек деп санады. Әл-Фарабидің педагогикасында бақытқа жету формуласын іске асыратын адам – **дана ұстаз**. Ғұлама ұстаз бойында мына қасиеттердің болуын қалады: **ізеттілік, даналық, асқан пайымдылық, аңғарымпаздық, шыншылдық, ар-ождан тазалығы, қанағатшылдық, тапқырлық, білгірлік, жігерлендіре білушілік, ұстамдылық, ынталылық, шеберлік, табандылық, ниеттің түзулігі, жан мен тәннің тазалығы, өзін-өзі тәрбиелеу.**

Бұған қоса ол **пайымдағыштық, көрегендік, тапқырлық, парасаттылық** сияқты қасиеттерді жоғары бағалап, осы қасиеттердің анықтамасын келесідей тұжырымдады: **пайымдағыштық** дегеніміз – адамның шын мәніндегі игілікке ие болуы үшін неғұрлым қолайлы да, дұрыс заттарды мінсіз ұғынуы және ашу қабілеті; **көрегендік** дегеніміз – кейбір маңызды кем игіліктерге жету үшін не нәрсенің неғұрлым жақсы және лайықты болатынын мінсіз аша білу қабілеті; **тапқырлық дегеніміз** – онан зор бір нәрсеге, игілік деп танылатын байлыққа, рахатқа немесе құрметке жету үшін ненің неғұрлым жақсы және лайықты болатынын анықтаған кезде дұрыс пайымдау қабілеті; **парасатты адам** дегеніміз – өзінің ақылын, тапқырлығын мақтауға тұрарлық істер жасау үшін немесе жағымсыз қылықтардан бойын аулақ ұстау үшін қолданатын адам.

Әл-Фараби ұстаздың мінез-құлық нормасын мынадай болуға тиіс деп көрсетеді: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеу керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкірт селсоқ қарайтын болады.

#### **Әл-Фарабидің ұстаз туралы постулаттары:**

1. **Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді.** Сондай-ақ, ол өзінің сабақтарын бір ғана шеңберінен асырмағаны дұрыс, өйткені түрлі пәндермен сабақты ауырлата беру тәртіпсіздікке және белгілі бір жүйеден айрылып қалуға апарып соқтырады. Осының бәрі шәкірт өмірін ұзартады, өйткені тәнді емдеу, Гиппократтың сөзімен айтқанда, өмірді ұзартатын болса, жанды емдеу онан да жақсы нәтижеге жеткізуге тиіс.

2. **Мұғалімнің басты міндеті оқыту барысында тәрбиеленушілердің ізденісін керек арнаға салу қажет деп санады.** Басқа сөзбен айтқанда, ғұлама үшін таным үдерісі адамның өзін өзі жетілдіру және бақытқа қол жеткізу үдерісі. Ақылды адамды тәрбиелеу мұғалімнің күш-жігері жұмылдыруына байланысты. Әл-Фараби оқушының ақылына, парасатына, оның тұлға болуына мұғалім зор әсер етеді деп есептеді.

3. **Мұғалімнің оқушының ақыл-ой қабілеттерін дамытуына ерекше көңіл бөлді. Ғұлама оқушыны сурет салуға үйретуге үлкен мән берді.** Суреті салынатын нәрселер эстетикалық және педагогикалық талаптарға сәйкес алынуын ескертті. Мұғалім оқушылардың шығармашылық және көркемөнерлік қабілеттерін дамытуына себеп болу керек деп тұжырымдады.

4. **Тәрбие әдістері тәрбиешінің моралдық сапаларына тікелей байланысты деп көрсетті.** Әсіресе, ол мұғалімнің оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптастырудағы рөлін жоғары бағалады. Сол заманда мұғалімнен араб тілін жақсы білу, мінсіз оқи және жаза алу, түсіндіре алу, поэзияны және музыкалық шығармаларды ұғындыра білу талап етілді. Демек, мұғалімнің педагогикалық таланты, интеллектісі, түрлі дарындылық сапалары болуы керек еді. Мұғалімдер мен оқушылар өзара сыйластықта болуын құптады, өйткені мұғалім өз ойлары арқылы оқушыларының жанын басқарады деп пайымдады.

5. **Әл-Фараби мұғалімнің қызметтерін мемлекетті парасатты басқарушының қызметтерімен қатар қойды,** себебі мұғалім келешекте қоғамның бақыты тәуелді болатын өскелең ұрпақтың тәрбиесі үшін жауапкершілікті арқалайтын еді. Ғұлама қайырымсыз қалалардың болуы шын мәніндегі білімді мұғалімнің болмауы мен парасаттылардың, ғалымдардың, философтардың жоқтығынан деп санады. Әл-Фараби мұғалімге баланы жазаламау керек, керісінше мадақтау қажет деді. Мұғалімге оқушыны тыңдау, түсіндіру әдістерін ұсынды.

Әл-Фарабидің осы өсиеттеріне сүйене отырып, нағыз ұстаздарға қойылатын талаптарды бұлжытпай орындаған педагогикалық училище педагогтары туралысыр сандығыммен бөліскелі отырмын.

**Ғұламаның бұл ойларының өміршеңдігі Ұлы даланың рухани жаңғыруының мәңгілік шамшырағы мен темірқазығы дер едім. Дананың көсемсөзі дем беріп, әл-Фарабидің туған топырағын мекен еткен қазақ елі ұстаздары білім беру айдынында ерлікке теңдес істі әрқашан абыроймен атқарып келеді.**

Адамды оның тағдыры уақытпен үндес, замандастарымен ұқсас, достарымен сырлас, ұстаздарымен келешекте әріптес етеді екен.

Тағдырдың маған берген сыйы – үнемі жақсы адамдарды кездестіруі, жанашыр жандарға жолықтыруы, менің олармен түсінісіп, жақсы көруім, ол тұлғалардың мені бағыттауы. Сондықтан болар, мен отбасыма, білім алған орталарыма, достарыма, қызметтестерім мен әріптестеріме, ұстаздарым мен басшыларыма ризашылығым шексіз.

Міне, осындай ізгі жақсының бірі, тәжірибе мен ғылымды, ғалымдық пен ұстаздықты шебер ұшастырған – **Жамал Рақымқызы Бәшірова**. Мен онымен он бес жылдай Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ыбырай Алтынсарин атындағы Педагогика Ғылымдарының ғылыми-зерттеу институтында, содан соң әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бірге қызметтес болдым.

Ғылыми қызметкерлердің мәртебесін зерттеушілер аз. Әйтпесе, ғылыми қызметкер – әмбебап жұмыскер. Барлық салаға, кез келген деңгейге ыңғайланып, түсініп әрі қарай жұмысты алады да кетеді. Екіншіден, ғылымда жүргенде адамгершілігің, арың, намысың қатысып шешетін мәселелер көп кездеседі. Бұл шешім өзінің дұрыстығын талай дәлелдеген, сондықтан, кейін ұялмайтындай тірлікке ұмтылу керек екен.

Мектепте мен қазақша оқыдым, ауылда өстім. Сондықтан, алғашқы ғылыми тақырыбымды қазақша бекіттіріп, қазақша жаздым. Жастық жігер арқасында жұмысымды да бітірдім. Бірақ, сол кезде жаңадан шыққан талап бойынша ғылыми диссертациялар орысша қорғалу қажет болды. Ғылымды қазақша жазам деген патриоттық сезіміме осылайша үлкен тосқауыл қойылды. Мақсатқа жетем деген адамға орыс тілі сөз боп па деп, өзімді қамшылап, жұмысымды орысшаға аудардым. Орысшаға аударылған соң, жазған диссертациям өзіме мүлдем ұнамады. Мен мұндай жұмысты қорғамаймын деген шешімге келдім.

Аспирантураны бітірген соң 1977 жылы Орталық мұғалімдер білімін жетілдіру институтына әдіскер болып орналастым. Қызмет барысында мәскеулік ғалымдармен жиі араластық. Соның әсері болар педагогика ғылымына қайта оралып, Халыққа білім беру министрі Балахметов Қажажмет Балахметұлы, Орталық институт директоры Гусев Леонид Ивановичтің қолдауымен Педагогикалық Ғылымдар академиясының Жалпы педагогика институтының аспирантурасында кандидаттық диссертациямды жаздым.

Мен ғылымға шындап бет бұрған соң, институт директоры Леонид Иванович Гусев министрдің орынбасары Виктор Кузьмич Сидоровпен кеңесіп, мені (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ыбырай Алтынсарин атындағы Педагогика Ғылымдарының ғылыми-зерттеу институтына (қазір – Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы) ауыстырды, олар сен енді ғылыми ортада болуың керек деп, өздері жаңа жұмысқа алып барды. (1986-1998 жж.).

Ы. Алтынсарин атындағы Педагогика Ғылымдарының ғылыми зерттеу институтына директор болып педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Абаева Никара Бәкірқызының тағайындалуы институт өміріне жаңа демократиялық серпіліс, ұжымдық рух, адамдар арасындағы ізгілік қарым-қатынасты орнатқан екен. Өзінің әділдігімен, қарапайымдылығымен, елгезектігімен ғылыми қызметкерлерге үлгі-өнеге бола білді. Ол менің ғылыммен айналысуыма кең жол ашты. Сол институтта **Жамал Рақымқызы** еңбекке оқыту мен тәрбиелеу бөлімінің меңгерушісі болып істеді. Ғылым адамның өмірімен ұштасып, зерттеушінің жан дүниесінен хабар береді. Жамал Рақымқызы мектепте физика пәні мұғалімі, ҚазССР Білім беру министрлігінде жауапты қызметкер ретінде он жылдан аса тәжірибе жинақтап барып, ғылыми мекемеге жұмысқа келген. Ізденіс тақырыбының өзі мәңгілік мәселе екені белгілі.

Әрбір ғылыми қызметкер – тылсым дүние, тұнып тұрған білім маржаны, ғылымның көкжиегіне көз жіберіп тұрған көреген. Кейде олармен сөйлесе кетсең, не олармен мәселелерді бірге ақылдаса шешетіндей кезде, жоғыңды тапқандай сәттер жиі болады. Мен сол ғылыми зерттеу институтында Төлеутай Ақшолақов, Күлжан Жүнісова, Әнеш Дайырова, Бүбіхан Алахунова, Сәукім Тілешова, София Масгутова, Жаңылхан Адамбаева, Балғаным Құлмағанбетова, Илья Дмитриевич Буртовой, Серғазы Қалиұлы, Сыздық Мұсаұлы, Мәрия Смайылова,

Мәлипа Сәтімбекова, Шакура Майғаранқызы, Сәуле Тоқтарқызы, Баянғали Әменұлы Қойшыбаев, Светлана Николаевна Лактионова секілді әріптестеріммен бірге қызметтес болғанда, олардың жан дүниесінің, жүрегінің лүпілі «ғылым» деп соғатынына әрі сүйсінетінмін, әрі таң қалатынымын. Уақытын да аямай, аз табысқа қанағат етіп, бағдарламалар мен оқулықтардың әрқайсысын ғылыми кеңестерде ұзақ талқылап, белгілі бір шешімге келіп, көңілдері тоелып, ойлары тұндырылғанша тыным таппайтын. Ғылыммен айналысатын адамдарға тән үлкен балалықтары, көңілшектігі, сәбише қуанатындары, бір оркестрде ойнайтын адамдарша бірін-бірі терең ұғынатындарын кейін ғана бағалай алдым. Олар және бүкіл республиканың білім жүйесіне жауап беріп отырған тарихи тұлғалар еді.

Осындай тамаша қасиеттер **Жамал Рақымқызының** бойынан айқын көрініс табатын. 1984 жылы ол «Преимственность между школой и ПТУ в воспитании у учащихся коммунистического отношения к труду» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Бірнеше жыл қатарынан тәжірибелі ғалым-педагог ретінде ҚазССР білім беру Министрлігінде Оқу-дістемелік секциясы мүшесі болды. 1987-1991 жылдары Республикалық педагогикалық оқулар секцияларының жұмысын басқарды. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес «Педагогика» курсы бойынша типтік оқу бағдарламаларын құрастырушылардың бірі, «Жыл мұғалімі» байқауының әділ қазылыр алқасының мүшесі, 1989-2004 жылдары жалпы және этникалық педагогика кафедрасының әдістемелік бюроның төрайымы. 2004 жылы «Теоретические основы университетского образования в аспекте направленности на подготовку преподавателя высшей школы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 2006-2009 жылдары осы кафедраның «Жас ғалымдар мектебінің» жетекшісі. 2009-2011 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ біріккен Д14 А.02.32- Әлеуметтану, психология, педагогика ғылымдары бойынша докторлық дәреже тағайындайтын диссертациялық кеңестің мүшесі. 1976 жылы Халыққа білім беру саласындағы жетістіктері үшін «ҚазССР халықтық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған. Жамал Рақымқызы жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейімен ерекшеленіп, шебер оқытушы ретінде 2009 жылы ҚР БЖҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы» республикалық грант иегері атанды.

2011 жылға дейін Қазақ Ұлттық университеті жалпы және этникалық педагогика кафедрасында профессор қызметін атқарды.

**Жамал Рақымқызының** ғылыми жетекшілігімен бес кандидаттық диссертация және 30 магистрлік диссертация қорғалды. Олуниверситеттік білім беруді реформалауға байланысты стратегиялық маңызды құжаттарды жасауға үнемі қатынасады. Атап айтсақ, педагогика мамандығы бойынша мемлекеттік білім беру стандарттарын, бағдарламаларын, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тәрбие тұжырымдамасын және «Педагогика», «Педагогиканы оқыту әдістемесі», «ЖОО педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі», «Тұлғааралық коммуникация теориясы», шеберлік», «Педагогтың коммуникациялық мәдениеті», «Педагогика ғылымының теориялық-әдіснамалық негіздері» және т.б. курстарды оқып, типтік оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерін түзді.

Жамал Рақымқызы сабақтарын жоғары ғылыми-педагогикалық деңгейде, жаңа технологияларды қолдана отырып өткізді. Халықаралық, Республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға ҚР ҒЖБМ іргелі зерттеулеріне үнемі қатысып отырды, ол 100-ден аса ғылыми еңбектердің авторы. Оның ішінде: бес монография (Развитие университетского образования в аспекте подготовки преподавателя высшей школы; Жоғары мектепте педагогикалық кадрларды даярлау мәселесі және т.б.), 6 оқу құралы (Педагогика, Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы; Жоғары оқу орнында СӨЖ мен СОӨЖ ұйымдастыру жолдары; т.б.), төрт тұжырымдама. Ж.Р. Бәшірова Ресей және де басқа шетел ғалымдарымен (В.А. Мясников, Н.Н.Найденова, А.Н.Джуринский) шығармашылық байланыста болуының негізінде Польшаның Плоцк қаласындағы халықаралық конференцияға қатынасып, сертификатқа ие болды. Ол сондай-ақ кафедраның қоғамдық жұмыстарына белсене араласты, 1989-2004 жылдар аралығында кафедрада әдістемелік бюроның төрайымы болып, 2006-2009 жылдарда

«Жас ғалымдар мектебінің» жетекшісі ретінде кафедраның әдістемелік және ғылыми жұмыстарына белсене араласты. Қазақстандағы педагогика ғылымының дамуына қомақты үлес қосты. Оның ғылыми қызметі республикадағы білім беру жүйесінің алдында тұрған өзекті мәселелерді шешуге бағытталды.

Жамал Рақымқызының зерттеу бағыттары қазіргі кезде көкейкесті кәсіптік-техникалық білім беруді ауыл мектебіндегі еңбек тәрбиесі тәжірибесімен интеграциялаумен тікелей байланысты. Айталық, еңбек тәрбиесі белсенді оқыту әдістері, танымдық қызығушылық, құзыреттілік, имандылық тәрбиесі, жоғары мектеп педагогикасы сияқты арналармен ұштасып жатты. Сондай-ақ, қазір ұмытыла бастаған қоғамдық пайдалы еңбек, имандылық тәрбиесі, дүниетанымдық мәдениет, ғылыми тілмен сөйлеу мәдениеті сияқты өзекті мәселелерді өзінің ғылыми жұмыстарында кеңінен талдаған еді. Оның жарық көрген еңбектері осы бағыттар төңірегінде ғалымдарға да, практиктерге де қазіргі күні терең ой салады.

Жамал Рақымқызының әріптестері оның терең білімімен қатар жеке адами қасиеттерінің қатарына мәдениеттілік, еңбекқорлық, адамгершіліктік, кішіпейіл сияқты сапаларды жатқызады.

Бүгінгі күні Жамал Рақымқызын адами болмысы, кісілік келбеті, ғалымдық тұлғасы биік, айналасындағы адамдарға үлкен сыйластықпен қарайтын нағыз текті адам деп сипаттар едім. Себебі өмірі өнегеге, тағдыры тағылымға, әрбір ісі ізгілікке толы жандармен бірге жүру, оның мейірім шапағатын сезіну зор бақыт іспетті. Жамал Рақымқызы секілді өзгеден бұрын өзіне үлкен талап қоятын жанның талғамынан шығу, оның ой өрісіне лайық өрелілік таныту оңай емес. Онымен кездескен сайын жаңа бір тағылым табу, жаңа бір сабақ алу арқылы үйрене білсең, үйретері таусылмас қазынаға кенелгендей сезімде боласың. Мен үшін сондай ақылдың кені, тәрбиенің көзі – Жамал Рақымқызы Бәшірова. Ол *Парасат мектебі* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің тәлімінен сусындаған шәкірт, зерде ошағы мектепте жүйелі ғылым физикадан сабақ беріп, мемлекеттік мекемеде табысты қызмет жасап, Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтында табандылықпен биіктерді бағындырған, Ұлттық университетте шәкірттеріне білім нұрын шашқан, Шығыстың сұлу табиғатынан нәр алған, дана Абай туған өлкенің перзенті.

Жамал Рақымқызының киім киюдегі талғампаздығы, өзін-өзі ұстауы, аз сөзге көп мағына сыйғыза сөйлейтін сырбаздығы, жалтақсыз ақ сөйлейтін әділдігі, ұнатпаған нәрсесін тура айтатын тік мінезі мені тәнті етті. Институттың ғылыми кеңесетрінде түрлі ұстанымдық мәселелер талқыланған кезде тайсалмай шындығын айтып, жастарға жол көрсетті. Ең ғажабы, ол ғылыми жұмыстан басқа ешнәрсеге алаңдамайды. Кабинеттен кабинетке «қыдырып» әңгіме айту, әр түрлі сылтаумен шай ішу ол кісіге жат. Өзіне де артық адамның келіп, орынсыз мазалағанын қаламайды. Ал жұмыс бабымен келген әріптестері мен мектеп мұғалімдерін риясыз ашық көңілмен қабылдап, келген ісін тындырып беретіні және бар. Ғылымға тиянақты қарау мен оған беріле қызмет ету тағылымын да жас зерттеушілер Жамал Рақымқызынан үйренді. Сонымен қоса мансап үшін емес, өзі жауапты саланың өркендеуі үшін еңбектену тәрбиесін беріпті.

Жамал Рақымқызының тағы бір қасиеті – адамдарды басшы, қосшы деп бөлмейтіні. Өзіне жарасымды, астарлы әзілмен айтпақ ойын бүкпесіз білдіріп отырады. Ондайда сөз түсінер жандардың өзі-ақ еріксіз шегінуге мәжбүр болады. Құрбыларымен, құрдастарымен арадағы қалжыңының өзінде нысанасын дөп басып, бұлтартпайтындығы тағы бар. Керек кезінде қорған да бола алатын, қажет жерінде «шаңнан тазартып» та ала білетін мінезін білетіндер ол кісіден іштей ығысып тұратын-ды. Кафедрада Копылов Владимир Иванович атты доцентті (менің ұстазым КазПИ-дегі ғалым-археолог Копылов Иван Ивановичтің ұлы) құрдас деп ерекше құрметтейтініне риза болатынбыз.

Өзінің әр іске тиянақты қарауы, жинақылығы, нақтылығы, шешімділігі, кәсіби білігінің жоғарылығы, артық мақтанға бой бермей бәрін ақылмен өлшеп іс атқаруы арқылы ойымызға да, бойымызға да тағылым дарытыпты. Тапсырманы дәл уақытында орындау, жоспарланған

жұмыстарды өз мерзімінде өткізетін, жылдық есебінде алшақтық немесе «ақтаңдақ» та болмайтын. Ғылыми семинарларда, түрлі жиындар мен талқылауларда оның өз пікірін ашық та нақты, ұтымды жеткізе алу қабілетін таныдық. Күнделікті қарым-қатынаста ақжарқын жұмысқа қатысты түбірлі мәселелерде барынша әділ сын айтып, нақты кеңес береді. Оның барынды бағалап, жоғынды түгендеп берер әділдігіне жастар кәміл сенетін. Өзіне бекітілген жұмысты үлкен-кіші деп бөлмей, бәріне ыждағаттылықпен қарайтын қасиетінің үстіне, ол ешкімді жасына, дәрежесіне қарай алаламай, білімі мен білігіне қарай қатынас жасайды. Бағамы байламды, сыны шын ғалымның айтқан пікірі еріксіз мойындаттыратын. Өз жұмысына қатысты да өзгелердің адал болуын талап ететін.

Бір ғұлама «Адам өмірінде үш жасайды. *Алдымен*, өзінен үлкендермен араласып, өзінің алдындағылардың білгенін біліп, айтқанынан тағылым алады. *Екіншіден*, өзінің құрдастарымен араласып, заманының қиындығы мен қызығын бірге бөліседі. *Үшіншіден*, өзінен кейінгілермен араласып, артына өнеге ізін қалдырып, үшінші рет өмір кешеді». – деген екен. Осы сөздің растығын Жамал Рахымқызы өз ісімен дәлелдеп келеді. Ғылымға жаңа келген кезіндегі айтулы ғалымдардың өнегесін ешуақытта ұмытпай, ретті жерінде сабақ етіп айтып отырады. Сол көргенін өзі де өмірлік өнеге етіп қабылдап, өзгелердің кәсіби жағынан дамуына, рухани кемелденуіне септігін тигізуді парыз санайтынына сан рет куә болдық. Өз зерттеулерін үздіксіз тәжірибеден өткізіп барып ғылыми тұжырымдар негізінде пайымдады.

Университетте жұмыс атқарған кезде тағы бір берген өмір сабағы – ол ешуақытта үлкендігін, көп жылғы тәжірибесін алға тартып, «мен қалай айтсам солай болады» деген астамшылыққа бармады. Керісінше, әріптестерінің жаңа ізденістері болса қуаттап, жігерлендіретіні, жақсысын қолдап, қанаттандырып отыратыны сүйсітті. Ал жұмыс барысындағы жіберген олқылықтар болса, оны адамның жанына батырмай, ақылдасқандай әңгімелесе отырып елеусіз ғана білдіреді.

Бір ғажабы, Жамал Рахымқызымен әр отырыс, әр кездесу ұшан-теңіз өмір сабағын береді. Жақындаған сайын ол кісінің тұлғасы көз алдымда биіктеп келеді. Оның әрбір ісі мен әрбір сөзіндегі пайым мен парасатқа қаныға түсемін. Мәселен, Жамал Рахымқызының адал жар ретіндегі атқарған істері бүкіл қазақ қыздарына сабақ берердей өзгеше тағылымды. Шындығында да, ғасырларға жалғасып жатқан өмір керуенінде ұрпақтар арасын жалғап жатқан алтын арқау ұлттық құндылықтар арқылы ол отбасында білімді де саналы, әлемдік деңгейдегі өнегелі ұрпақ тәрбиеледі. Осы шаңырақтан өрбіген ұрпақтардың бақытты өмірі мен тағылымды үрдістерін көргенде, бұл ата-аналарының өз Отанын шексіз сүйіп, риясыз еңбектену үлгісінің жемісі деген пайымға келдім. Бірақ оның ешқашан өз балаларын асыра мақтап, дәріптеп отырғанын да байқамаппыз. Өзінің аналық жүрек жылуын қарапайым әрекетімен сезіндіреді. Балаларына, немерелеріне ешнәрсені теңгермейтін шексіз махаббаты оның өз ұрпағы алдындағы беделін асқақтата түседі.

Жамал Рахымқызы – ғылым мен әдістемені қатар алып жүру үшін дос-жора мен отбасының сыйластығы, үлкен мен кішінің ортасындағы мейірім, қызмет пен қоғамдық жұмыстардың бірлігі, адамилық пен іскерлік қарым-қатынастырды тоғыстыра білерлік қабілет керек деп түсіндіретін. Жамал Рахымқызы әріптестері үшін ақыл мен ойдың, ізгілік пен мейірімнің шырақшысы болып қала береді.

Ғылыми жұмыстардан Жамал Рахымқызы жоғары оқу орнына келгенде, оқытушы алдындағы білсем, үйренсем деп ынтыққан көздерге нені айту, қайдан, қай тәжірибеден шығарып айту қажеттігі ойында тұрса да айтқан тұжырымның шынайылығы мен дәлелділігі және іске асқан үлгісі қажеттігін ескеріп, білім алушылардың үлкен ілтипатына бөленді. Білім алушы жастың жеке басын сыйлады. Жақсы көрді. Қазір оның шәкірттері министрлікте жауапты қызметкер, кафедра меңгерушісі, профессор болып еңбектенсе, табыстарға жетсе, Жамал Рахымқызының зор үлесінің барлығы ақиқат. Қазіргі уақытта оның шәкірті педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Әлқожаева Нұрсұлу Сейіткерімқызы басқаратын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы Жамал Рахымқызы бастамашы болған ғылыми-практикалық жұмыстарды заман

талабына сай абыроймен жалғастыруда. Осы тұрғыдан келсек, Жамал Рақымқызы – үлкен жүректі, білімін біліктілікпен жүзеге асыра білген, ғылым дәнін себе білген, жан-жағына шапағат нұрын шашқан ерекше тұлға.

**Мағауова А.С.**

*доктор педагогических наук, профессор  
КазНУ им. аль-Фараби,  
академик МАНПО, академик АПН Казахстана  
Казахстан, г. Алматы*

## **ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ПРОБЛЕМЫ И ОПЫТ**

В принятых в последние десятилетия ЮНЕСКО и ООН ряда международных документов одним из решающих факторов построения гражданского общества является развитие системы инклюзивного (от англ. *inclusion* – включение) образования [1-4].

После подписания в декабре 2008 г. «Конвенции о правах инвалидов ООН» Казахстан обязался принять надлежащие меры по обеспечению прав инвалидов в вопросах доступа к труду, правосудию, образованию, здравоохранению, предоставлению мобильности, таким образом, страна стала 137 в мире, присоединившейся к Конвенции.

Признание права лиц с ОВ на инклюзивное воспитание и образование было доказано и описано в «Конвенции о защите прав инвалидов» (2006 год). Согласно статье 24 данного документа все страны участники, подписавшие данную конвенцию, согласны со следующим утверждением: лица с ограниченными возможностями (ОВ), имеют полноценное право на воспитание и образование, без дискриминации и на базе равенства. Государство поддерживает и обеспечивает образование на всех его уровнях.

Основу инклюзивного образования (ИО) составляет понимание того, что все дети вне зависимости от их физического, психического (психофизического) и умственного состояния имеют равные права и возможности на получение образования в любых учебных заведениях и на любом этапе их жизненного пути, несмотря на наличие тех или иных особенностей.

В Республике Казахстан широко развиваются тенденции развития инклюзивного образования на всех его уровнях. В соответствии с «Концепцией по вхождению Казахстана в число 30-ти самых развитых государств мира» одним из важных принципов, которые будут играть важную роль при разработке реформ, признается «инклюзивность», который предполагает «наиболее полное вовлечение населения в процесс социально-экономического развития через предоставление равных возможностей для получения высококачественного образования, доступа к качественным медицинским услугам и высокопроизводительному труду для всех категорий граждан, включая наиболее уязвимые слои населения» [6].

На настоящий момент в большинстве развитых стран, в том числе и в Казахстане, внедрение инклюзивного обучения рассматривается как одна из основных, стратегических задач системы образования. Данный факт обусловлен наличием определенных предпосылок, к которым относятся: развитие идеи гуманизации системы образования и общества в целом; реализация принципа соблюдения прав каждого человека, равных возможностей для всех; создания достаточного научно-методического фонда педагогического опыта; переориентация с медицинской модели интерпретации и помощи людям с инвалидностью к социальной модели помощи.

Одной из основных нормативных предпосылок является ратификация международных законодательных актов и реализация Государственной программы развития образования и



науки Республики Казахстан. Одной из современных тенденций в государственной образовательной политике Республики Казахстан стала реализация идей инклюзивного образования, предполагающих обучение детей с учётом разнообразия особых образовательных потребностей.

Казахстан, являясь членом международного сообщества, полностью поддержал основополагающие принципы равных прав на образование для всех детей, изложенные в международных документах в области прав человека, и закрепил гарантии права детей на получение образования в Законе об образовании Республики Казахстан. Так, в Программе развития образования на 2016-2020 гг. указывается, что к 2020 году в 70% общеобразовательных школ Казахстана будут созданы условия для внедрения инклюзивных практик обучения детей с особыми образовательными потребностями, в том числе, предусмотрено, создание условий для инклюзивного образования в 30% дошкольных организаций; в 70% школ. Всё это обуславливает необходимость подготовки педагога к работе в условиях инклюзивного образования, формирование и развитие его профессиональной компетентности.

*Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, магистр*

**Таурбекова А. С.**

*Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, магистр*

## **БАЛА ТҰЛҒАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ӘКЕНІҢ РӨЛІ**

Онтогенездің акмеологиялық кезеңінің үдерістері мен заңдылықтары психология, педагогика, физиология және психофизиология салаларындағы зерттеушілердің назарын аударып, көптеген жұмыстар даралықтың дамуын жеке және өзара байланысты болжауға арналған. Қазіргі қоғамда гендерлік стратификацияның дәстүрлі жүйесі бұзылып, бұл гендерлік, соның ішінде ата-аналар рөлдерінің өзгеруіне әкеледі, сондықтан отбасының әлеуметтік институт ретіндегі және әлеуметтік жүйе ретіндегі проблемалары, отбасылық тәрбие мәселелері, отбасының бала мен ересек адамның жеке басының дамуына әсері, отбасының әлеуметтену қызметтері жайлы мәселелердің өзектілігі артады.



Қай дәуірге және қандай мәдениетке жатпаса да, отбасы үшін, жас ұрпақты тәрбиелеу әрқашан маңызды әлеуметтік функция болып қала береді. Отбасы баланы алғашқы әлеуметтендіруге қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді, олардың негізінде бала алғашқы өзараәрекеттестік пен қарым-қатынас дағдыларын, алғашқы әлеуметтік рөлдерді игереді, алғашқы нормалар мен құндылықтарды түсінеді. В.Я.Титаренко зерттеулеріне сәйкес, балалық шақтың ұзару фактісімен байланысты балалар қоғамның ересек мүшелері мәртебесін алғанға дейін отбасында балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін заңды, материалдық және моральдық жауапкершілік ата-аналарда болып табылады. ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап гуманистік идеялардың таралуымен көптеген қоғамдарда ата-ана тәрбиесінің әлеуметтік мақсаты мен ата-ана тәрбиесінің мәні түбегейлі қайта құрылды, бұл кезде ата-ана мен бала қарым-қатынасының негізі ата-ана махаббаты, эмоционалды қолдау және қабылдау құндылығының басымдығы болады. Дәл осы жағдайлар қазіргі отбасының нормасын анықтайды және сонымен бірге ата-ана феноменінің тарихи өзгергіштігі мен әлеуметтік-мәдени жағдайын көрсетеді [1].

Қазіргі уақытта ананың рөлі, ана болудың әйелдің жеке басының дамуына әсері туралы көптеген зерттеулер бар. Бұл зерттеулер жүктіліктен бастап, ананың баланы қабылдауға дейінгі және оның эмоционалды қатынасының баланың дамуына әсерін зерттеу мәселелері сияқты кең спектрге ие. Әке болудың ерекшеліктері, әке рөлінің эмоционалды-мотивациялық және құндылық-мәндік аспектілері аз зерттелген, дегенмен бұл мәселелер балаларды дамыту, отбасын психологиялық қолдау, атап айтқанда жүктілікті және әртүрлі отбасылық жанжалды жағдайларды шешуге бағытталған бағдарламаларды құрастыруда өзекті және маңызды болып табылады.

Ер адамның болашақ ұрпақпен өзараәрекеттестігі, тәрбиеге, тәжірибе алмасуға қатысу мәселелері Ж.-Ж. Руссо кезінен бастап көтерілді. Әртүрлі кезеңдерде аталған мәселенің түрлі аспектілерімен психоаналитиктер (баланың дамуындағы әкенің рөлі туралы З.Фрейд, кейінірек отбасының балаға әсерін зерттеу негізінен ана мен бала арасындағы өзарақатынасты зерттеуге бағытталғаны жайлы М. Клейн, Д. Боулби, К. Хорни және т. б.); бихевиористер (тендерлік рөлдегі үйрету); гуманистік және экзистенциалды бағдарланған психологтар; әлеуметтік үйрету теориясын ұстанатын ғалымдар; педагогикалық, балалар, жасерекшелік психологиясы, девиантты мінез-құлық психологиясымен айналысатын педагогтар, әлеуметтанушылар мен заңгерлер де айналысқан. Алайда, біздің ойымызша, тікелей әкенің балаға деген қатынасын және әке болудың адамның жеке басының дамуына әсері аз зерттелген, сондықтан осылайша балалар мен отбасы психологиясының, даму психологиясының және тұлға психологиясының кейбір мәселелерін шешуге толықтырулар енгізуді қажет етеді [2].

Соңғы 50 жыл ішінде қоғамда орын алған гендерлік рөлдер жүйесіндегі елеулі өзгерістерге байланысты ана рөлімен салыстырғанда әкенің рөлі әлеуметтік үлкен өзгерістерге ұшырады, бұл жаңа жағдайда әке рөлінің операциялық вакуумының және әкелер белсенділігінің жаңа формаларының пайда болуына әкеледі, А. Russell пікірінше, аталған мәселе жаңа гендерлік жүйенің қалыптасуын, қоғамның әкелік функцияларды қайта бағалауын немесе нақтылауын, гендерлік рөлдердің одан әрі саралануын көрсетеді. Германия мен АҚШ-та бұл проблема қазірдің өзінде теориялық және қолданбалы мәселелердің кең спектрінде әзірленуде және зерттелуде, алайда бұл құбылыс үшін бірыңғай көзқарас жоқ. Әке болу гендерлік психология, тұлға психологиясы аясында әлеуметтік рөл, мәртебе, идеялар мен стереотиптерді зерттеу және жеке тұлғаның өзгеруіне, жеке басының сипаттамаларына әсер ететін фактор ретінде қарастырылады. Зерттеулердің көпшілігі баланың жеке тұлғасының дамуына әкенің әсерін зерттеумен байланысты балалар психологиясы аясында жүргізіледі [3].

Қарастырылып отырған тақырып тарихи себептерге және қоғамның жалпы ер адамның, атап айтқанда әкеліктің рөлін қалыптастыруға әсер ету ерекшеліктеріне байланысты аз зерттелген және ерекше өзекті. Осыған байланысты бізге әке болудың баланың да, әкенің де жеке басының дамуына әсері мәселесін шешу және зерттеу өте маңызды болып көрінеді. Бұл тақырыпты зерттеу көптеген аспектілерді қамтиды: психофизиологиялық (И.С.Кон) [4]; тарихи

(А. Russell [3]; әлеуметтік (Т.Д. Подкладова [5]; отбасылық психологияның әр түрлі аспектілерін (Н.В. Дмитриева [6]); тұлға психологиясы (Н. Авдеева [7], және балалар психологиясы (С. С. Сулейманова [8], Ж.Қ. Дүйсенова [9]).

Биологиялық және тарихи алғышарттар қазіргі адамның жеке басын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады, бұл белгілі бір ер адамның әке функциясын орындау тәсілдерін, ерекшеліктері мен сипаттамаларын қалыптастыруға қатысты. Биологиялық және әлеуметтік факторлар бір-бірімен тығыз байланысты, алайда И.С. Конның пікірінше [4], егер биологиялық әке болуға психофизиологиялық дайындықты анықтаса, онда әлеуметтік факторлар бұл дайындықтың жүзеге асырылуын қатаң реттейді. Адамда әке мен ана арасындағы айырмашылық және әке болудың нақты стилі көптеген әлеуметтік-мәдени ерекшеліктер мен жағдайларға байланысты айтарлықтай өзгеріске түсіп отырады. Қоғам әкесінің жасына, экономикалық, кәсіби, әлеуметтік мәртебесіне белгілі бір талаптар ғана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік рөлдер жүйесінде белгілі бір мәртебеге ие адамның мінез-құлқын реттейді. Бүгінгі таңдағы ажырасу тәжірибесі балаларды бір ата-ана, көп жағдайда анасының ғана тәрбиелеуі, Ю.В. Борисенко [10] атап өткендей, тәрбие процесіндегі жұтаңдық, ұрпақтар арасындағы байланыстардың бұзылуы, жас ұрпақтың жеке тұлғалық қалыптасуындағы проблемалар, әлеуметтік проблемалардың өсуі үрдісіне әкеледі.

Дәстүрлі түрде ата-ана болуды психологтар осы мәселеге теориялық көзқарасқа байланысты зерттейді. Ата – ана мәселесін зерттеудің екі тәсілі бар: бастапқы нүктесі кім екеніне байланысты (бала немесе ата-ана); біріншісі, ең көп таралған, ата-ананы баланың дамуына қатысты қарастырады. Екінші тәсілде ата-ана рөлінің орындалуын ата-ананың жеке басының призмасы арқылы қарастырады. Мұнда жеке тұлғаның ата – ана ретінде өзін-өзі тануы, әлеуметтік рөл, мәртебе, әлеуметтік нормалар, стереотиптер мен талаптар ұғымдары зерттеледі.

Бірінші бағыт бойынша жүргізілген зерттеулер әкесінің бала туылғанға дейін баланың өсіп жетілуіне қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы оның дамуына әсер ететіндігін айтады. Б. Кочубей [11] пікірінше, әке балалардың моральдық нормаларды игеруінде маңызды рөл атқарады, балаларды тәртіпке үйретеді, белгілі бір мінез-құлық шеңберін қояды, бір әрекеттерін мақұлдайды және екіншілері үшін жазалайды, яғни ол әлеуметтік нормалар мен құндылықтардың жетекшісі болып табылады. Сондай-ақ, әкенің баланың әртүрлі жеке қасиеттерін дамытуға, оның ішінде оның жыныстық рөлдік сәйкестендірілуіне әсері дәлелденген.

Бұл тұрғыда отбасының әр элементі басқалармен өзара байланысты және оның кез-келген элементінсіз қалыпты жұмыс істеуі мүмкін емес жүйе ретінде қарастыру өте перспективалы болып табылады. Осылайша, тек әке немесе ана ғана емес, ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасы балалардың тұлғалық дамуына әсер етіп қоймайды, ата-ана-бала үштігіндегі қарым-қатынас та отбасының тұрақтылығына және оның әр мүшесінің өзіндік сезіміне ықпал етеді. Бұл қатынастар бүкіл отбасылық жүйенің жұмыс істеуі үшін де маңызды. Аталған феномен ер адам-әкенің өзінің жеке басының дамуына әсерін зерттеу тәрізді қызықты мәселеге әкеледі.

Ата-ананы зерттеудің екінші бағытын ұстанатын И.С. Кон, Л.П. Карельская [4; 10] сияқты авторлар баланың дүниеге келуі және онымен қарым-қатынас ер адамға өзін-өзі әлеуметтендіруге, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді деп санайды. Ежелгі мәдениеттерде ер адам өзінің алғашқы баласын туғанға дейін бала болып саналды. Әке болу адамның өмірінің барлық деңгейлерін қамтитын жеке тұлғаның әлеуметтік және жеке қасиеттерінің жиынтығы ретінде тұлғаның объективті сипаттамалары – қажеттіліктер, қалаулар, көзқарастарымен және жеке тұлғаның субъективті сипаттамалары – құндылық бағдарлары, дүниетаным, сонымен қатар «Мен» бейнесі (нақты идеал, әлеуметтік), өзіндік тұжырымдама және өзін-өзі бағалауымен байланысты болып келеді. Ер адам үшін – бұл жеке даму мәселесі, өз сезімдерін қабылдау және өзін-өзі бақылау мәселесі. Өсіп келе жатқан бала ер адамның өмірінің жалғасы, шәкірт, өз маңыздылығы сезінудегі қажеттілігін қанағаттандырады.

Психологияда бірінші болып отбасыларында қандай да бір себептермен әкесі болмаған балалардың даму жағдайын қарастыруға арналған зерттеулер пайда болды. Толық емес

(некеден тыс, ажырасқан) және толық «бақылау тобындағы) отбасыларындағы балалардың психикалық даму ерекшеліктері салыстырылды. Сонымен, Й.Лангмейер және З.Матейчиктің лонгитюдті зерттеулері некеден тыс балалар көбінесе некеде туылған балалармен салыстырғанда дамудың жағымсыз белгілерінің көптігімен сипатталатынын көрсетті. Денсаулығы нашар балалардың арасында әкесіз өсетіндер көп екендігі анықталды, олар ауруханаларға жиі түседі, олардың аурулары әдетте ауыр болады. Бұл құбылыстың себебін аталған зерттеушілер күйеуі жоқ ана болу жас әйелге ананы баладан біртіндеп алыстататын көптеген шектеулер мен қиындықтар әкелетіндігімен түсіндіреді. Еркектік (маскулиндік) үлгінің жетіспеушілігі, өз кезегінде, баланы жыныстық рөлдік мінез-құлықты игеруіндегі қиындықтарға душар етеді [12].

Көптеген ажырасқан отбасыларында (сондай-ақ "аффективті ажырасуы" бар отбасыларда) балалар психикалық сау және әлеуметтік тұрғыдан жақсы бейімделеді, алайда олар толық отбасындағы балалармен салыстырғанда өмірге нашар бейімделеді. Көбінесе олар ортаға тез араласып кете алмайтын, жалтақтау, қақтығыстарға бейім болады. Бұл жерде, тәртіпсіздік беделді жоғалту нәтижесінде, ал төбелеске бейімділік «кемшілік сезімінің» өтемдік (компенсаторлық) көрінісі ретінде бағаланады.

Әке отбасында болса да, тәрбиелік немесе ынталандырушы қарым-қатынаста белсенді емес немесе бұрмаланған әрекет ететін патерналдық депривация мәселесі А. И. Захаров [13] еңбектерінде жеткілікті терең зерттелген. Маскүнем әкелердің (маскүнемдердің) балаларының арасында оқуда үлгермеушілік жиі кездесетін, құрдастар тобында олар "қабылданбайтындардың" қатарында болатынын көрсетеді. Мұндай отбасыларда, әдетте, компенсаторлық сипаттағы рөлдердің инверсиясы байқалады-ана мұнда қатаң билікті жиі білдіреді. Нәтижесінде баланың ата-аналық модельдермен оң сәйкестендірілуі бұзылады. Психикалық депривацияның ішкі жағдайларын кейінгі ұрпаққа ауыстырудың нақты қаупі бар.

И.С.Конның әділ пікірі бойынша [4] әке болу туралы емес, әке болудың әсері туралы алғашқы әлеуметтанулық және психологиялық зерттеулер баланың психикалық дамуындағы әкенің маңызды рөлін сенімді түрде көрсетті. Отбасындағы "көрінбейтін", "құзыретсіз" және жиі назарсыз ата-ананың өзі шын мәнісінде өте маңызды.

Зерттеушілердің әке бейнесіне бет бұруы, ата-ана мен бала қатынасының психологиясындағы мамандар бұрын ескермеген салаға – дені сау тұлғаны, дені сау отбасын (ана мен әке баланы қандай да бір жолмен бірге тәрбиелейді) зерттеудегі маңызды бағыт болып табылады. Бұл әкелерді психологиялық зерттеулерге тарту және олардың зерттеуге белсенді қатысуы негізінде мүмкін болды.

Әкесі ұлының да, қызының да жыныстық сәйкестендірілуіне айтарлықтай әсер етеді. Бала үшін бұл өзіндік үлгі, рөлдік модель, сондықтан жыныстық сәйкестендіру процесіне айтарлықтай әсер етеді. Анасы отбасының басшысы болған жағдайларда, үш жастағы ұлдардың еркектік қасиеті (маскулиндік) өте әлсіз болады. Сонымен, пассивті әкелер өз ұлдарында еркек қасиеттерінің қалыптасуына аз әсер етеді. Осылайша, әкесімен қарым-қатынастың жеткіліксіз тәжірибесі және сәйкестендірудің қолайлы моделінің болмауы ұл балаларда әкелік сезімнің қалыптасуын әлсіретеді, бұл болашақта олардың өз балаларын тәрбиелеулеріне теріс әсер етеді.

И. С.Клэцина зерттеулеріне сәйкес, әкенің қыз баланың жыныстық сәйкестендірілуіне әсері жастық шағында айтарлықтай байқала бастайды. Қыз баланың жыныстық сәйкестендірілуі-өзін лайықты әйел жынысы ретінде мақұлдау. Тікелей 13-15 жаста қыз бала болашақ әйел ретінде өзінің маңыздылығын әкесімен қарым-қатынасы негізінде мойындауы керек. Сонымен, әкесі қызына өзі туралы жақсы пікір қалыптастыруға көмектеседі. Әкелерсіз тәрбиеленген қыздар үшін еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынастың нақты моделінің болмауы нәтижесінде ер адамдарға қатысты шындықтан алшақ көзқарас қалыптасуы мүмкін [14].

Баланың эмоционалды саласының дамуында әке бастамасының болмауы немесе әлсіздігі және ұлдардың гипермаскулиндік немесе агрессивті мінез-құлқы арасындағы байланыс орнатылған. Өзгелерге деген шамадан тыс жағымсыз қатынасы отбасында әкенің болмауынан бү-

кіл балалық шағындағы анасына шамадан тыс тәуелділігіне, оның феминистік әсеріне қарсылығы ретінде пайда болатындығы анықталған. Агрессивтілік, осылайша, өзінің еркектік "Менін" іздеуінің көрінісі болып табылады. Анасына біржақты байлануды жалғастыратын ұлдар құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Әкелердің ата-аналық мінез-құлқының моделі баланың жынысына байланысты мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап жасөспірім кезеңінде айтарлықтай өзгереді. Н.И.Беляева зерттеулері [15] ата-аналардың балалармен өзара әрекеттесу ерекшеліктерін мазмұнды талдау әдісіне негізделген, бұл оған қыздар мен ұлдарды тәрбиелеудегі ана мен әкенің мінез-құлқының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер әкелердің әр түрлі жастағы балалармен өзара әрекеттесу тәсілдері арасында статистикалық маңызды айырмашылықтардың болуын негіздеді. Аналармен салыстырғанда әкелер көбінесе баланың жыныстық тәрбиесіне мән береді.

Отбасылық психотерапиядағы әлсіз, пассивті әке тұлғасының баланың психикалық дамуына әсері "патерналдық депривация" терминімен белгіленеді. Й.Лангмейер және З.Матейчиктің пікірінше, психикалық депривацияның бұл түрінің салдары балаларда агрессивтіліктің пайда болуы (девиантты мінез-құлық формалары), әлеуметтік-психологиялық және мектептегі дезадаптация, жыныстық сәйкестендірудің бұзылуы, невроздардың пайда болуымен сипатталады. Әкеде педантизм және күдік; күманшылдық, ұялшақтық, сақтық, конформизм, эгоцентризм; психомоторлық тұрақсыздық (импульсивтілік); шамадан тыс қатандық сияқты жеке қасиеттер кешенінің болуы – баланың психоэмоционалды бұзылулары, яғни невротизация факторларына әкеледі [12].

Әкелердің ата-аналық мінез-құлқының моделі баланың жасына және жыныстық ерекшеліктеріне байланысты өзгереді. Әкесі ұлында – мектепке дейінгі жаста, ал қызында – жасөспірімдік шақта тиісті жыныстық сәйкестендірудің қалыптасуына әсер етеді.

Ер адамның ата-аналық рөлін орындау сапасы: әкенің балаға қол жетімділік дәрежесі; баламен бірлескен іс-әрекетке "қатысуы"; отбасын материалдық қамтамасыз етудегі жауапкершілігі; баланың білім беру саласын ұйымдастыруға қатысуы тәрізді факторларға байланысты.

Қазіргі кезеңде психологиялық ғылымның дамуы теорияның практикамен бірігу үрдісімен сипатталады. Осыған байланысты көптеген зерттеулерден алынған ғылыми білім психологияның қолданбалы және практикалық салаларын дамытуға серпін береді. Әкенің рөлі мәселесі қазір психологияның салыстырмалы түрде жаңа саласын – ата-ана психологиясын зерттеу пәні болып табылады.

Әкенің рөлі және оның балалардың психикалық дамуына, неке қатынастарына және отбасылық климатқа әсері туралы мәселе жеке тұлға мен отбасын зерттеудің жаңа, перспективалы саласын білдіреді. Әкенің рөлін зерттеуден алынған мәліметтер тек теориялық қана емес, сонымен бірге ата-аналармен және балалармен жұмыс жасауда үлкен практикалық құндылыққа ие және отбасылық тәрбие мәселесіне сараланған көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Баланы тәрбиелеудегі әкенің рөлі мәселесі отбасының әлеуметтік институты болған кезде қоғам үшін әрқашан өзекті болып қала береді.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Титаренко В.Я. Семья и формирование личности. М., 1987. 352 с.
2. Бельгибаева Г. К., Кенесбекова К. С. Особенности стилей воспитания детей / Г. К. Бельгибаева., К. С.Кенесбекова// Международный журнал экспериментального образования. 2016. № 8. С. 53-56.
3. Russell A., Russell G. Mother's and Father's Explanations of Personal Histories. Psychological Review, 1989, 96: 341-357
4. Кон И. С. Мужские исследования: меняющиеся мужчины в изменяющемся в мире: монография / И. С. Кон Москва: Время, 2009. 496 с
5. Подкладова Т. Д. Мужчина-отец в семье и обществе: вовлеченность vs. исключенность / Т. Д. Подкладова // Вестник Томского государственного университета. Философия. Социология. Политология. 2016. № 1. С. 107-112.

6. Дмитриева Н.В. Психологические факторы трансформации идентичности личности: Дис. ... д-ра психол. наук : 19.00.01 : Новосибирск, 1999 361 с. РГБ ОД, 71:99-19/46-9
7. Авдеева А. В. «Вовлеченное отцовство» в современной России: стратегии участия в уходе за детьми/ А. В. Авдеева // Социологические исследования. 2012. № 12. С. 95-104.
8. Сулейманова С. С., Подольский А. Д. Психологические проблемы современной семьи / С. С. Сулейманова., А. Д. Подольский // Психолог. 2014. № 3. С. 86-90
9. Дүйсенова Ж.Қ. Балалар психологиясы: оқулық / Ж.Қ.Дүйсенова, Қ.Н.Нығыметова; ҚР Білім және ғылым министрлігі.- Алматы: Нур-Принт, 2015.- 333 б.
10. Карельская Л.П. Тенденции развития современного института отцовства /Л. П. Карельская// Наука и образование: современные тренды // Чебоксары: ЦНС «Интерактив плюс». 2015. № 10. С. 30-38.
11. Кочубей Б. И. Мужчина и ребёнок. М.: Издательство «Знание», 1990.- 421с
12. Лангмейер И., Матейчек З. Психическая депривация в детском возрасте. Прага, 1984. 460 с.
13. Захаров А.И. Неврозы у детей и психотерапия. СПб.: Издательство Союз, Лениздат, 2000. 336 с.
14. Клёцина, И. С., Чикалова, Е. А. Взаимосвязь норм маскулинности и социальных представлений о содержании поведения в рамках отцовской роли / И. С. Клёцина., Е. А. Чикалова // Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина. 2013. С. 24-35.
15. Беляева Н. И. Влияние стиля семейного воспитания на формирование личности ребенка / Н. И. Беляева // IN SITU. 2016. № 4. С. 95-98.

**Әбішева Л.П., Ортаева А.С., Сарман М.П.**  
*Педагогика кафедрасының аға оқытушылары*  
*ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан*

## **ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

Қазіргі жаңашыл қоғамда әлеуметтік педагогика ұғымы кеңінен қолданылып келеді. Әлеуметтік педагогика ғылымы адамды өзі өмір сүріп отырған қоғамының талаптарына сай әлеуметтендіру тәжірибелерін ұрпақтан-ұрпаққа беру қажеттілігінен туындады. Әлеуметтік педагогика ғылымының мақсат-міндеттері қоғамның адам тәрбиесіне деген талаптарына сай үнемі өзгеріп отырады. Ол қоғам талаптарынан туындап, қоғам мұқтажын ескереді Әлеуметтік педагогика ғылымы адам мәселелерімен айналысатын барлық ғылымдармен тығыз байланысады.

Әлеуметтік педагогика – кешенді, интеграциялық ғылым. Әлеуметтік педагогика адамның әлеуметтік тәрбиесін, яғни бүкіл өмірі барысындағы әлеуметтік ортаның тәрбиелік ықпалының нәтижесін қарастыратындықтан, бүгінгі педагогикалық еңбектерде «тәрбие» ұғымының өзі «әлеуметтендіру» ұғымымен қатар өзара сабақтастықта қарастырылып жүр. Тәрбиелеу, әлеуметтендіру түсініктерінің мақсат-міндеттері өте жақын. Адамның әлеуметтік тәрбиесінің қоғамдағы орны мен рөлін анықтау оның «даму», «әлеуметтендіру» процестері арқылы анықталады.

Әлеуметтік педагогика пәнінің зерттеу объектісі – адамның әлеуметтік ортамен өзара қарым-қатынасының жиынтығы негізінде оның қоғамдағы даму процесі болып табылады. Сонымен қатар, әлеуметтік педагогиканың ғылым ретіндегі негізгі мақсаты педагогикалық мақсатпен сабақтастықта тұлғаның әлеуметтік болмысына қатысты білімдерді интеграциялау болып табылады. Практикалық пән ретіндегі негізгі мақсаты – өзінің табиғи болмысынан алыстаған тұлғаны қалпына келтіруге көмектесетін технология ларды жасау [1].

Ал, әлеуметтік педагогиканың пәні – адамның әлеуметтенуінің және оның қоғамға бейімделуінің педагогикалық аспектісі болып табылады. Әлеуметтік педагогика адам мен қоғамның өзара әсерлесуі негізінде қалыптасу, қоғамға толық ену ретіндегі тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын ынталандырудың мақсатын, міндетін, мәнін, мазмұны мен принциптерін, әдістері мен формаларын зерттейді.

Әлеуметтік педагогика өзінің пәндік өрісіне ие және ғылым ретіндегі өзіндік міндеттері айқындалған. Олар:

- тұлғаның даралық дамуын гармониялы бірлікте қарастыра отырып, ғылыми әлеуметтендіруді қамтамасыз ету;
- тұлғаның дамуы мен әлеуметтену процесіне әсер етуші қарым-қатынастарды педагогикалық тұрғыдан реттеу;
- тұлғаның қоғамға және әлеуметтену процесіндегі педагогикалық ғылымдардың көпжақты әсерінің мүмкіндіктерін зерттеу;
- әлеуметтік ортаның педагогикалық потенциалын арттыру мен оны пайдаланудың шарттарын және тәсілдерін зерттеу;
- тұлға ұғымының мәнін, оның даму, қалыптасу кезеңдерін түсіну;
- адамның әлеуметтік болмысының түрлі формаларының (адам, жекелік, тұлға, субъект) шекараларын ажырата алу;
- тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуының өзара байланыстылығына талдау жүргізу;
- әлеуметтік детерминант, әлеуметтік қалыптасу, тұлға қызметі мен дамуы ұғымдарының мәнін ашу.

Адамның дамуын оның қоршаған орта ықпалынан және өзара қарым-қатынас негізінде дамуын оның әлеуметтенуінің нәтижесі деп қарастыруға болады.

Әлеуметтену:

- адамның қоғаммен өзара қарым-қатынасы арқылы және өмірдің әртүрлі жағдайларынан;
  - адамдарға мемлекет тарапынан болатын әсерлер арқылы;
  - тәрбиенің немесе адамның дамуының белгілі бір жағдайда мақсатты бағытталған процесі арқылы;
  - адамның өзін-өзі тәрбиелеуі немесе өзін-өзі дамытуы арқылы жүзеге асырылады.
- Әлеуметтік-педагогикалық қолдау – тұлғаның әлеуметтенуіне бағытталған. Әлеуметтену түсінігін біздер қоғамдағы өмір сүру нормалары мен ережелерін, қоғамда қарым-қатынасты жасау іскерлігі мен біліктілігін игеру үрдісі деп түсінеміз. Ол өз алдына тұлғаға мынандай сипаттамалармен қарулануына мүмкіндік береді:
- өзге адамға өзіндік құндылық ретінде қарау;
  - өзге адамға қатынасты жүзеге асыру тәсілі немесе шарты ретінде өзіндік ұмтылысқа қабілеттілік;
  - болашақты өзінше жобалауға мүмкіндік;
  - өзінің, өзге адамдардың, өткені мен келешектің алдындағы ішкі өзіндік жауапкершілік;
  - өмірдің мәнін түсінуге, меңгеруге деген ұмтылыс.

Бала тұлғасының қоғамда әлеуметтенуі оны қамтамасыз ететін барлық институттардың өзара әрекеттесуі барысында мүмкін болады. Бұл балалар мен жасөспірімдерге әлеуметтік-педагогикалық көмек және қолдау көрсетудің тұтас жүйесін жасауды талап етеді. Бұндай жүйені жасау қажеттілігі «Бала Құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясында бекітілген келешек жас ұрпақты қорғау бойынша халықаралық-құқықтық нормалардың талаптарымен анықталады. Балаларға әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық, медициналық және құқықтық көмек көрсету шараларының жалпы ламалылығын қажет етеді. Егерде біртұтас қызмет болмаса балаларға көмек және қолдау көрсету мүмкін емес. Көмек және қолдау көрсету қызметі көптеген қағидалар негізінде жасалуы керек. Олардың ішіндегі негізгілерінің бірі – балалар мен жасөспірімдерге деген қоғам қатынасын ізгілендіру.

Ізгілендіруді қамтитын қажетті сфералар:

- заң, құқық сфералары;
- бала мен жасөспірімдердің мінез-құлқы және психикалық дамуындағы қалыс қалушылықты, мотивтерді, қажеттіліктерді қызығушылықтарды психологиялық диагностикалауға негізделген тәрбие және оқыту сферасы;
- қылмыс жасаған балалар мен жасөспірімдерді жазалау сферасы.

Балалар мен жасөспірімдерге деген ізгілікті қарым-қатынас төмен дегідей сипатта жүзеге асуы керек:

– құқықтық статусты және балалар мен жасөспірімдерге көмек және қолдау көрсетудің заңгерлік механизмін анықтайтын заңдарда;

– балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік, психологиялық және медициналық статусын диагностикалауға негізделген көмекті ұйымдас тыруда;

– өмірдің қиын жағдайына тап болған балалар мен жасөспірімдерге кепілдендірілген көмекте;

Әлеуметтік педагогиканың әдіснамалық негіздеріне кең мағынада әлеуметтік педагогикаға қатысты алғанда әдіснамалық функцияны атқаратын білімдер, тұжырымдамалық, теориялық қағидалар жатады. Әлеуметтік педагогика қоршаған ортаның тұлғаны қалыптастыру мен оны тәрбиелеуге тигізетін ықпалын зерттейтін педагогикалық білім бөлімі ретінде мектептен тыс жүргізілетін мақсатқа бағытталған процесті қарастыратын педагогика болып есептеледі.

Әлеуметтік педагогика – әлеуметтендіру процесін білімдік-тәрбиелік құралдармен реттеудің және жүзеге асырудың, танымның теориясы мен практикасын қамтитын ғылым саласы болғандықтан, әлеуметтік болмыстың адам өмірі барысындағы мақсаты мен міндеттеріне ықпалын қарастырады. Әлеуметтік саясат индивидтің қажеттілігі негізіндегі әлеуметтендірудің мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда адекватты түрдегі бағдарламаларды, оқу-тәрбие жүйелерін, әдістері мен құралдарын жасап, оларды тәжірибеге енгізеді. Әлеуметтік педагогика жеке адамдарға, тұрғындардың топтарына көмек көрсетуді өз міндетіне жатқызады [2].

Сонымен, әлеуметтік педагогика адамдар қоғамындағы өмір мен әрекеттің күрделі функционалдық құбылысын қарастырады. Практика ретінде ол субъектінің әлеуметтік ортадағы ғылыми қайта қалыптастыру шылық әрекетін бейнелейді және әлеуметтік педагогикалық жұмысты, оның педагогикалық компоненттерін қарастырады. Ғылым ретінде жалпы педагогика ғылымының оның бір ғана құрылымдық бөлігімен шектелмейтін әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасын зерттейтін бөлігі болып табылады; сонымен бірге, адамның әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас педагогикасы ретінде субъектінің ғылыми танымдық әрекетін көрсетеді. Білім беру кешені ретінде ол әртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелерінің әртүрлі типтеріндегі әлеуметтік педагогтардың ғылыми білім берушілік қызметін айқындайды.

Кез келген ғылым саласы секілді әлеуметтік педагогика ғылымының да өз дамуында қолданатын зерттеу әдістері бар және олар өзіндік ерекшелікке ие. Әлеуметтік педагогика ғылымының зерттеу әдістері жалпы педагогика ғылымының зерттеу әдістерін пайдаланады: теориялық және эмпирикалық әдістер. Теориялық әдістерге барлық теория жүзінде қарастырылатын әрекеттерді, ал эмпирикалық әдіске барлық практикалық-әрекеттік негізде жүргізілетін әдістерді жатқызамыз. Әлеуметтік педагогиканың зерттеу әдістері ғылымның дамуына және орын алып отырған проблемаларды шешудің жолдарын анықтау мақсатына қызмет етуі тиіс. Әлеуметтік педагогикалық әдістерді қолдануда басқа ғылымдар байланысы назардан тыс қалмайды. Мысалы, тәрбие әдістері, тарихи шолу мен жүйелеу әдістері, психологиялық кеңес беру әдістері, статистикалық мәліметтерді пайдалану, салыстырмалы талдаулар жасау, математикалық есептеулер мен жобалаулар педагогика салалары арасындағы және ғылымаралық байланысты қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік педагогиканың өзіндік парадигма негізінде дамуы оның мәні мен маңызын нақтылауға жағдай жасайды. Осылайша, әлеуметтік педагогика, біріншіден, адам мен қоғам жөніндегі ғылымның басқа салаларымен өзара әрекеттесуші педагогикалық ғылымның бөлігі, екіншіден, педагогикалық ғылымнан өсіп шыққан, онымен байланысын үзбеген әлеуметтік ғылымның саласы, үшіншіден, теория, практика және оқу пәні ретінде білімнің дербес саласы.

Әлеуметтік педагогика мына төмендегілермен байланысты практика болып табылады:

– адамның түрлі үдерістер (әлеуметтену, әлеуметтік тәрбие, әлеуметтік құрылу, әлеуметтік қалыптасу, әлеуметтік шынығу) шеңберінде әлеуметтік дамуы (қалыптасуы);

- педагогикалық әдістермен (ортаның педагогикалануы), соның ішінде, ауыл, қала, ірі қаланың әлеуметтік-педагогикалық инфрақұрылымын құрылымдау жолымен қайта құру;
- жеке тұлғаны әлеуметтік ортаға қосу және оны әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.

Бұл әлеуметтік педагогиканы басқа ғылымдардан ажыратуға мүмкіндік береді және оның негізгі бөлімдерін ғылыми пән ретінде негіздейді.

Әлеуметтік педагогиканың дамуы және оның негізгі бөлімдерін анықтайтын базалық факторлар әлеуметтік-педагогикалық практиканың ахуалы мен дамуына елеулі түрде әсер ететін құбылыстар мен үдерістерді білдіреді. Олардың жүйесі өзінің жүйесі бар әрқайсысы әлеуметтік-педагогикалық практиканың сол немесе басқа «учаскелерінде» «жұмыс істейді» және әлеуметтік педагогиканың нақтылы бөлімдерінен, теорияларынан, бағыттарынан теориялық көрініс табады.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Әтемова Қ.Т. Әлеуметтік педагогика. Оқулық. -А.,2012,-272б.
2. Айтбаева А. Әлеуметтік педагогика негіздері. Оқу құралы.-А.,2011.

**Мағауова А. С.**

*доктор педагогических наук, профессор, академик МАНПО, академик КазНАЕН, академик АПН Казахстана, Почетный работник образования, Лауреат Национальной премии достижений женщин Казахстана «Ажар» (Казахстан, г. Алматы, КазНУ им. Аль-Фараби)*

**Махамбетова Ж. Т.**

*магистр социальных наук по специальности “Психология”, старший преподаватель кафедры педагогики и образовательного менеджмента КазНУ им. Аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы, КазНУ им. Аль-Фараби)*

## **ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ У БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ**

В условиях модернизации казахстанского образования важнейшей задачей современной педагогической науки и практики является постоянный поиск путей и средств совершенствования системы подготовки специалистов в соответствии с национальными, экономическими и духовно-культурными потребностями развивающегося общества. В концептуальных документах государства и правительства особо указывается на недостаточную эффективность механизмов формирования у подрастающего поколения этнокультурной и гражданской идентичности, основанной на знании истории государства, государственного языка, национальных культурных ценностей народов Казахстана.

Решение вышеуказанной проблемы возможно в ходе дальнейшего реформирования и обновления содержания вузовского образования и воспитания на основе возрождения интеллектуального, духовного потенциала народа, выхода отечественной науки, техники и культуры на мировой уровень, становления национальной государственности и демократизации общества. На современном этапе общественного развития возникает необходимость обращения к народному опыту воспитания, к духовным корням развития этнических культур, что возможно на основе глубокого изучения общего и специфического в культуре разных народов, самобытности и уникальности системы воспитания каждого отдельного этноса, а также познания закономерностей развития национального самосознания, этнической идентичности,



народного опыта и традиций этнического воспитания, необходимых в процессе подготовки будущих специалистов.

Целенаправленное научное изучение педагогических идей и народного опыта воспитания привело к появлению фундаментальных работ, посвященных исследованию проблем народной педагогики чувашского народа (Г. Н. Волков), народов Сибири и Дальнего Востока (В. Ф. Афанасьев), азербайджанского народа (А. Ш. Гашимов), народов Средней Азии (А. Э. Измайлов), туркменского народа (К. Пирлиев), узбекского народа (Н.Сафаров), адыгского народа (И. А. Шоров), татарского народа (Я. И. Ханбииков), казахского народа (С. А. Узакбаева, К. Б. Жарикбаев, К. Ж. Кожаметова, А. С. Магауова Ш. И. Джанзакова и др.).

Анализ современных тенденций развития педагогической теории и практики показывает, что вхождению будущего педагога в социальный мир, его продуктивной адаптации и успешной самореализации в поликультурном пространстве, развитию его профессионализма и личностных качеств большое значение имеет целенаправленная работа по организации системы *этнокультурного образования студенческой молодежи в процессе их профессиональной подготовки*.

Этнопедагогические аспекты решения задач образования и воспитания, изучение и использование традиций и опыта этнического воспитания в этих условиях становятся предметом особого внимания, «ибо именно они и являются сердцевинной, ядром, стержнем всей и всякой культуры, поскольку развитие, подъем культуры надо начинать с создания благоприятных условий для возрождения традиционной культуры воспитания, что является началом всех начал». Подтверждением этому может служить «золотое правило» этнопедагогике, сформулированное Г. Н. Волковым: без исторической памяти – нет традиций, без традиций – нет культуры, без культуры – нет воспитания, без воспитания – нет духовности, без духовности – нет личности, а без личности – нет народа как исторической личности [1].

Таким образом, необходимость подготовки будущих педагогов к этнокультурному образованию и воспитанию учащихся определяется:

- особенностями современной социо и этнокультурной ситуации;
- условиями полиэтнической образовательной среды;
- расширениями международных связей с ведущими зарубежными университетами, участие в международных проектах и программах;
- сотрудничеством и интеграцией Казахстана в мировое экономическое, культурное, образовательное и информационное пространство;
- мировыми глобализационными процессами;
- условиями этнокультурного, иноязычного и полиязычного образования.

Необходимость и важность этнического воспитания нашли отражение в «Концепции этнокультурного образования в Республике Казахстан» (Ж.Ж. Наурызбай) [2] и «Концепции этнопедагогического образования студентов высшей школы» (С. Узакбаева, К.Ж. Кожаметова) [3].

Особая роль в этнокультурном образовании будущих специалистов принадлежит «Этнопедагогике» как самостоятельной дисциплине, которая организует «обучение и воспитание с учетом этнических особенностей определенной этнической общности» (Е.Л. Христова). По мнению ученой: «Этнопедагогическое образование способствует формированию внутреннего мира будущего учителя, его духовно-нравственного облика, так как в содержании этнопедагогике как научной дисциплины гармонически сочетается национальное с общечеловеческим, что позволяет познать национальную специфику своего народа, глубже понять и увидеть своеобразие другого народа» [4].

К числу важнейших задач этнопедагогического образования следует отнести:

- формирование ценностного отношения к окружающей действительности;
- формирование способности острого эмоционального сопереживания историко-героическим событиям прошлого своего народа;
- развитие способности к восприятию этнокультурных ценностей;

- развитие интереса к приобретению специальных знаний, умений и навыков по этнопедагогике;
- развитие стремления к творческому самовыражению через самостоятельные продуктивные виды народного творчества (поэтическое, музыкальное, декоративно-прикладное);
- освоение родного языка;
- освоение традиций, обычаев и самобытной культуры своего народа;
- создание условий для удовлетворения культурных запросов студентов разных национальностей;
- формирование у студентов патриотизма и культуры межнациональных отношений на основе признания духовных ценностей разных времен и народов.

Необходимой предпосылкой становления в Казахстане системы этнокультурного образования является создание этнокультурного образовательного пространства. Значимость этнокультурного образования заключается в том, что она направлена на *формирование профессиональных компетенций будущих педагогов*, способствующих результативности их профессиональной деятельности по использованию прогрессивных традиций народной педагогики в современном целостном педагогическом процессе. Нами была разработана и внедрена в практику профессиональной подготовки специалистов «*Модель формирования у будущих учителей профессиональных компетенций в процессе этнокультурного образования в вузе*», представленная в таблице 1

Таблица 1

**«Модель формирования у будущих педагогов профессиональных компетенций в процессе этнокультурного образования в вузе»**

Ценностно-смысловые компетенции	Общекультурные компетенции	Профессиональные компетенции	Специальные компетенции
1	2	3	4
Воспитание уважительного и бережного отношения к историческому наследию и культурным традициям народов	Владение культурой мышления, приобщения к общекультурным ценностям, достижениям разных народов	Осознанием социальной значимости своей будущей профессии в использовании наследия народной культуры, этнопедагогике в современном ЦПП	Способность к обобщению, анализу, восприятию информации об этнопедагогике
Понимание значения культуры как формы человеческого существования	Осознанию роли и места этнопедагогической культуры в условиях глобализации общества	Владение мотивацией к осуществлению профессиональной деятельности по этнокультурному образованию молодежи	Способность использовать систематизированные знания по этнопедагогике на практике
Готовность к толерантному восприятию социальных, культурных различий народов	Овладение знаниями о социальном предназначении этнопедагогике в современном обществе	Владение мотивацией к осуществлению профессиональной деятельности	Овладение знаниями об этнопедагогике как компоненте общечеловеческой культуры
Готовность руководствоваться в своей деятельности базовыми культурными ценностями, современными принципами толерантности, сотрудничества	Овладение знаниями о факторах возникновения, становления и развития народного воспитания; цели, факторы и средства народного воспитания	Готовность будущих педагогов к работе по возрождению, укреплению и сохранению прогрессивных народных педагогических традиций, к использованию полученных знаний на практике.	Способностью решать задачи воспитания и духовно-нравственного развития личности обучающихся на основе использования прогрессивных традиций народной педагогики

1	2	3	4
Понимать сущность идей народности и культуросообразности в педагогической теории	Овладение знаниями о самобытности педагогических традиций казахского и других народов РК;	Способность выявлять и использовать возможности региональной культурной образовательной среды для организации культурно-просветительской деятельности	Способность осуществлять педагогическое сопровождение процессов социализации обучающихся на основе использования опыта народной педагогики
Готовность к приобщению ценностей духовно-нравственного, семейного, трудового воспитания в народной педагогике	Способность понимать значение этнокультуры как формы человеческого существования и понимание ее роли в духовном развитии общества	Готовность педагога к использованию прогрессивных традиций народной педагогики в современном ЦПП	Готовность использовать в ЦПП методы, средства, приемы народной педагогики
Освоить нормы общечеловеческой морали, являющиеся основой народной педагогики.	Способность понимать движущие силы и закономерности исторического процесса, место этнопедагогики в культурно-историческом процессе	Готовность использовать систематизированные теоретические и практические знания для определения и решения исследовательских задач	Готовность к овладению исследовательскими компетенциями
Знать об объективных связях обучения, воспитания и развития личности в социокультурном пространстве.	Способность руководствоваться в своей деятельности базовыми культурными ценностями, а также этнокультурными ценностями	Способность нести ответственность за результаты своей профессиональной деятельности по этнокультурному образованию и воспитанию молодежи	Способность использовать возможности прогрессивных традиций народной педагогики в обеспечении качества учебно-воспитательного процесса
Способность анализировать мировоззренческие, социально и личностно значимые философские проблемы, отраженных в культурном наследии народа	Способность руководствоваться в своей деятельности современными принципами толерантности, диалога и сотрудничества, межэтнического взаимодействия	Владеть навыками сравнительного анализа педагогических традиций, обобщения педагогического опыта, традиций разных народов	Готовность к взаимодействию с учениками, родителями, коллегами по внедрению опыта народной педагогики

Мы исходим из того, что для достижения целей этнопедагогического и этнокультурного образования в условиях высшей школы необходима целенаправленная подготовка студентов к использованию прогрессивных традиций народной педагогики [5]. Значительный вклад в решении проблемы совершенствования этнокультурного образования и воспитания студенческой молодежи, а также профессиональной подготовки будущих специалистов имеет разработанный автором учебный курс «Этнопедагогика», который апробирован во многих вузах республики [6]. Материалы учебника являются результатом многолетнего исследования проблемы выявления эффективных условий подготовки будущего учителя к использованию прогрессивных традиций народной педагогики в учебно-воспитательном процессе общеобразовательной школы, выполненной в научной лаборатории «Научные основы организации учебно-воспитательного процесса в педвузе», которой в течении многих лет руководила доктор педагогических наук, профессор Хмель Н.Д.

Таким образом, этнопедагогическое образование будущих специалистов следует рассматривать как составную часть целостного педагогического процесса вуза, и как результат

овладения студентами системой знаний о научных основах этнопедагогике как науки, формирования ценностного отношения к прогрессивным традициям народной культуры, приобретения умений и навыков творческого использования богатейшего воспитательного опыта народа в современных условиях. Формирование у будущих педагогов профессиональных компетенций способствуют эффективности их подготовки к успешной педагогической деятельности по организации этнопедагогического образования и воспитания подрастающего поколения.

#### **СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Волков Г.Н. Этнопедагогика, – Чебоксары: Чувашкнигоиздат, 1974. -376 с
2. Наурызбай Ж.Ж. Концепция этнокультурного образования в Республике Казахстан // Казахстанская правда. – 1996. – 7 августа.
3. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика / К. Ж. Кожаметова. – Новое изд. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.
4. Христова Е.Л. Народная педагогика: историографические и теоретико-методологические проблемы: Автореф. дис. ...канд. пед. наук. – М., 1988. – 25 с.
5. Магауова А.С. Этнопедагогическая подготовка будущего учителя (учебное пособие для студентов вузов).- Германия:LAMBERT Academic Publishing, 2011 – 220 с.
6. Магауова А.С. Этнопедагогика в системе профессиональной подготовки учителя. Учебное пособие.- Алматы: ТОО «Международное Агентство подписки»,2010 – 142 с.

**Бисембайұлы М.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті  
“философия және саясаттану” факультеті,  
саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының  
1-курс магистранты*

## **“РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ” ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ**

“Рухани жаңғыру” бағдарламасы Қазақстанның болашақтағы саясатын айқындаған бағдарламалардың бірі еді. “Рухани жаңғыру” б бағыттан тұратын Қазақстанның тарихын түгендеп, Қазақстанның ішкі рухани, тілдік және мәдени мәселелерін шешуге бағытталған бағдарлама. Бағдарламада реализм мен прагматизм таяудағы онжылдықтың ұранына айналуы тиіс деп айтылған. Зайырлылық концепциясы қазіргі таңда сынға алынып жатқан саяси концепциялардың бірі. “Рухани жаңғыру” бағдарламасы Қазақстанның ішкі саясатына жауап беруге тиісті саяси бағдарлама болғандықтан, зайырлылықтың қазақстандық моделіне назар аударған жөн.

Дін адамзат тарихында өзінің алғашқы күйінде екі жақты қызмет атқарды: өзінің әлеуметтік қызметін жүзеге асырды және ол қоғамның қасиетті құндылықтар төңірегінде бірігуін қамтамасыз етіп және бұл құндылықтар төңірегіне халықты жинау үшін ғибадат ету орындарын қамтамасыз етіп отырды [1, 5 б.].

Дін-қоғамның рухани ісін басқарып, бақылау алуға тырысатын институт. Дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынасты реттеудің қазіргі таңда секуляризм деген концепциясы бар. Секуляризм-діннің бұрынғы қабылданған діни догмалары, символдары, ілімдері мен институттары өзінің әлеуметтік маңыздылығынан, өзектілігінен және беделінен айырылатынын білдіреді [2, 4 б.]. Джордж Джейкоб Холиук 1840 жылдары секуляризм ұғымын енгізген болатын. Ол секуляризм деп мемлекеттің діни істерге төзімділік танытып, бейтарап саясатты жүргізуді таныды [3, 10-11 б.]. Солайша, зайырлылық немесе секуляризм деп мемлекеттің

дінге қатысты жүргізетін саясатын атаймыз. Ал секуляризация дегеніміз діннің өзінің әлеуметтік функцияларынан айырылып, уақыт өте келе зайырлы көзқарастардың діни көзқарастар мен идеялардың орын басатынын үдерісті айтамыз [4, 101 б.].

Жозе Касанова секуляризация ұғымына 3 түрлі түсінік берді:

- 1) Секуляризация ол зайырлы саланың дін нормалары мен институттарынан бөлінуі;
- 2) Діни тәжірибе мен сенімнің азаюы;
- 3) Діннің жеке адамның саласына дейін маргинализацияға ұшырауы;

Ол тауарлы экономиканың, қазіргі мемлекеттердің және ғылымның діни сенімнен бөлінуді секуляризация деп атады. Ол бұрын қабылданған модернизация діннің рөлінің төмендеуіне себеп болды деген пікірмен келіспейді. Діннің осы жаңа модернизацияланған әлемде трансформацияға, яғни өзгеріске ұшырайтынын атап өтті. Тағы да ол либералдық идеяларды қабылдамаған діни ағымдардың да пайда болуының негізі бар деп айтады [5, 12-13 б.].

Секуляризмнің осындай түсіндірмесіне қарамастан, оны әртүрлі мемлекет өзінше түсінеді. Бастапқыда бұл шіркеу мен діни институттардан мемлекеттің бөлініп шығуын білдірсе, қазіргі таңда діннің мемлекеттен рухани салада автономия алуын білдіреді. Ал басқа ғалымдар мемлекеттің діни саланы, діни істерді қолға алып, басқару ісін секуляризм деп түсінеді [6, 71 б.].

Көп уақыт бойы діннің қоғамда төменгі, маргиналды орын алуын секуляризмнің әлемде үстемдік етуімен түсіндірді. Модернизация үдерісінің арқасында барлық ел зайырлы елге айналады деген ой үстемдік құрды. Шын мәнінде, қазіргі кезде діни пікір және жұрттың діндарлық деңгейі әлем тарихындағы өзінің апогейіне-шарықтау шегіне жеткен еді. Петер Бергер 1960 жылдары барлық әлемде діндарлық деңгейі әлем тарихындағы өзінің шарықтау шегіне жетті деп жазған болатын. Ол секуляризм концепциясының қате екенін атап өтсе, Родней Старк пен Роджер Финке секуляризм соңғы 3 ғасыр бойы діннің маңыздылығының жойылуы туралы болжамдардың бәрі де орындалмай, мақсатына жетпеген, толықтай бұрыс идея деп атайды [7, 4 б.]. Зайырлылық концепциясы уақыт өте келе өзгеріске ұшырады және әртүрлі авторлар бірнеше модельдерін ұсынған еді. Қоғам мен мәдениеттегі зайырлылықты зерттеу институтының қызметкері Барри Космин қазіргі зайырлылықты екі түрге бөледі: қатаң және жұмсақ зайырлылық. Косминнің айтуынша, “қатаң зайырлылық діни мәлімдемелерді эпистемологиялық тұрғыдан заңсыз деп қарастырады және онда ақыл да, тәжірибе де қолданылмайды деп қарастырады”. Алайда, жұмсақ зайырлылық тұрғысынан “абсолютті ақиқатқа қол жеткізу мүмкін болмайды, сондықтан скептицизм мен төзімділік ғылым мен діннің рөлін қайта талқылауда негізгі қағидаттар мен басым құндылықтарға айналуы керек деп қарастырады” [8, 198 б.]. Петербург зерттеушісі А. Ю. Григоренко өз жұмысында мемлекеттік шіркеу қатынастарының үш негізгі моделін қарастырады:

– сегрегациялық, онда мемлекет пен қоғамда атеистік идеология және оның барлық рухани қарсыластары мойындалады, ең алдымен, дін жойылып, жойылып кету қаупі бар деп саналады. Шіркеу көбінесе заңды тұлға мәртебесінен айырылады және іс жүзінде тыйым салынған болып саналады (бұрынғы КСРО, Албания, Кампучияның тоталитарлық режимдері);

– сепаратистік, әдетте демократиялық режимге тән, онда қоғам бостандық идеалдарын ұстанады, барлық діндердің теңдігі үшін ұмтылады. Мемлекет қоғамдағы діни өмір үдерістеріне араласпайды, діни ұйымдардың қызметіне бақылауды жүзеге асырмайды;

– интегративті модель. Бұл жағдайда мемлекеттер, көшбасшылар белгілі бір діни мұраттарды ұстанады, шіркеуді өзінің одақтасы деп санайды және оған сенеді. Шіркеуді қоғамның қоғамдық-саяси өміріне ресми түрде танылған және билік (әр түрлі дәрежеде және әр түрлі формада) мемлекеттік институт ретінде біріктіре отырып, оны саяси және идеологиялық мүдделерінде қолданады және қолдайды [9, 160 б.].

И. А. Куницына жұмысында діни бірлестіктердің мәртебесін құқықтық реттеу бойынша жіктеуге тырысады. Ол үш түрді ажыратады:

– моноконфессиялық (әдетте теократиялық аумағында тек бір ғана конфессияның діни бірлестіктерінің ресми өмір сүруіне жол берілетін мемлекет);

– сараланған (діни бірлестіктерде әртүрлі құқықтар мен міндеттері болады); діни бірлестіктерге әртүрлі құқық беріледі, бір діни институтты басқадан жоғары санайды;

– әмбебап, діни бірлестіктерге, олардың конфессиялық тиесілігіне қарамастан, тең құқықтар мен міндеттер беруді көздейтін әмбебап модель болып табылады [9, 161 б.];

Испан зерттеушісі Г. Моран мемлекет пен шіркеудің қатынастарының негізгі бағыттарын белгілейтін үш түрді анықтайды:

– координациялық, мемлекеттік шіркеу формасына негізделген үйлестіру, ресми қорғауды қамтамасыз ететін мемлекет. Бір шіркеу басқа діндерге қарағанда кейбір еркіндікке немесе тіпті жеңілдікке ие болады. Мұндай жүйе 19-20 ғасырларда көпшілік Еуропалық мемлекеттерде болды;

– сепаратистік, бұл кезде мемлекет пен діни институттардың арасында нақты шекара болады. Бір-бірінің ісіне араласпайды;

– шіркеуге қарсы модель, ол бойынша мемлекет шіркеуді өз азаматтарының құқықтарын шектеуші деп танып, оны қудалай бастайды. Бұндай жүйе Мексикада, революциядан кейін Францияда және көпшілік Шығыс Еуропалық мемлекеттерде болған [9, 162 б.];

Осындай діни институттар мен мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынасқа баға беруге тырысатын модельдерге назар аударып, Қазақстанның зайырлылық моделіне баға берген дұрыс. Қазақстан өзінің Конституциясында еліміз зайырлы мемлекет екенін мәлімдейді. Қазақстанда исламның сүннит ағымының ханафи мазһабына және христиан дінінің ішіндегі православ дініне байланысты арнайы заңдардың болуы және арнайы діни институттардың жұмыс істеуі Қазақстанның сараланған модельді ұстанатынын білдіреді. Алайда, бұның өзі де нақты емес. Өйткені, Қазақстан тәуелсіздік жылдары дінге қатысты әртүрлі саясат жүргізіп, қазақстандық модельді айқындау қиынға соғады.

- дарынды балалармен жұмыс істеу үшін педагогқа қажетті құзыреттерді қалыптастыру үшін жағдай жасайтын кадрларды (оның ішінде қашықтықтан) даярлау технологияларын жаңарту;
- дарынды балалармен жұмыстың жаңа тәжірибесін іске асыратын инновациялық ұйымдар, ресурстық орталықтар және басқа да құрылымдар базасында тағылымдама алаңдарын ұйымдастыру;
- дарынды балалармен (тьютор, модератор, жобалаушы және т. б.) жұмыс істеу үшін қажетті педагогтың қосымша біліктіліктерін қалыптастыру;
- виртуалды Білім беру ресурстары желісі арқылы дарынды балалармен жұмыс істейтін педагогтерге ақпараттық-әдістемелік қолдау көрсету.

Ағымдағы жағдайды талдау дарынды балаларды сүйемелдеу процесінде оның тап болатын педагогикалық проблемалары мұғалімді дайындауға негіз болуы керек екенін көрсетеді:

- жалпы – білім беру қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктеріне, дарынды баланың жеке басын қалыптастыруға (жеке мәселелерді түзету), балалармен, ересектермен, ата-аналармен қарым-қатынасты (өзара әрекеттесуді) ұйымдастыруға, дарынды балалардың қоғамға бейімделуіне (әлеуметтік мәселелерді шешу) байланысты;
- ерекше – дарындылықтың жасына және түріне байланысты (зияткерлік, көркемдік, техникалық, спорттық, көшбасшылық және т. б.)

Ерекше қабілеттерін көрсеткен балаларды оқытуды ұйымдастыру мәселелері бойынша педагог қызметкерлерді даярлау жөніндегі бағдарламаларды (модульдерді) әзірлеу және байқаудан өткізу үшін педагог қызметкерлердің бірыңғай ақпараттық кеңістігін пайдалана отырып, кең қоғамдық талқылауды ұйымдастыру; дарынды балалармен жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби желілік қоғамдастығын құруға және қолдауға бастамашылық жасауды қамтамасыз ету қажет; ерекше қабілеттерін көрсеткен балаларды оқытуды ұйымдастыру мәселелері бойынша педагог қызметкерлерді даярлау, олардың біліктілігін арттыру жөніндегі үлгілік бағдарламаларды (модульдерді) әзірлеуге және байқаудан өткізуге бағытталған конкурстық іс-шаралар жүйесін ұйымдастыру.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Савенков А.И. Одаренные дети в детском саду и школе. – М.: Издательский центр «Академия», 2000.
2. Доровской А.И. Дидактические основы развития одаренности учащихся. – М., 2008
3. Под ред. Н.С. Лейтеса. Психология одаренности детей и подростков. – М., 2009.
4. Богоявленская Д.Б. Психология творчества. – М., 2010.

## **ЖАҒАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ – ЖАРҚЫН Б ОЛАШАҚ КЕПІЛІ**

Қазіргі таңда қоғам көз ілеспес жылдамдықпен дамып, әр ел өзінің өркениетінің өресін кеңейту барысында жан – жақты ат салысуда. Жаһандану дәуіріне аяқ басқан біздің ел де озық елдермен иық тіресе дамып, Тәуелсіздікке қол жеткізген аз уақыттың ішінде өзінің алғырлығын байқатып үлгерді. Бұл білім беру жүйесінің бірізділігі мен оқу сапасына мән берумен тығыз байланысты. Кез – келген елдің ең басты алғышарты білікті мамандар, алғыр оқушылар даярлау болып табылады. Мектеп партасында отырған бүлдіршіндердің бойына жан – жақты білім сіңіру, заман талабына сай көзқарас қалыптастыру біздің басты мақсатымыз.

Дүниежүзілік ғылым мен білім кеңістігінде әр елдің өз алдына қойған мүддесі мен қалыптасу деңгейі, әр кезең бойынша дамуы мен ұстанымдары бар. Ғылымды зерттеу, жаңалық ашу, оқуға деген зор ынта ешқашан тоқтап қалған емес. Ұлтаралық келісім – шарттар, өз – ара ынтымақтастық, тәжірибе алмасу тәрізді сәттер жаһандық дәуірде маңызды рөл атқарады. Бұл әр мемлекеттің өз – ара қарым – қатынасын нығайтып, ғылымға көңіл бөлуге итермелейді. Біздің ел де әлемдік деңгейде өзіндік пікірі қалыптасқан, нақты жоспары айқын, ұлттық тәрбиені негізге ала отыра жаңашылдықтың жаршысы болып, әлемдік білім кеңістігіне кірігуде.

Жаһандану жаңа қоғамдық өмірде орын алған өзгерістер мен технологиялық жетістіктер – қоғамдық сана дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім мен ғылым саласына да өз ықпалын тигізеді. Сондай-ақ білім беру әлемдік интеграциялық үдеріспен қатар қарыштап дамуда да маңызды рөл атқарады. Білім беру жүйесіндегі негізгі міндет – ұлттық және адамзаттық қасиеттер, ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту үшін қажетті жағдайларды жасау болып табылады [1, 22].

Заман дамыған сайын өзіндік талап – тілектері де өзгеріп, білім беру саласына өз әсерін тигізеді. Мәселен, бұрынғы әдіс – тәсілдер инновациялық үлгіде жаңартылып, ал оқулықтар жаңа терминдерге сай қайта жазуылуы тиіс. Технологиялардың адам өмірінде алар айшықты мәнін ескеретін болсақ, оларды пайдалы дүниеге жарату, оқу барысын жетілдіруге қолдану барысы да артық етпейді.

Білім беру жүйесіндегі жаһанданудың негізгі элементі компьютерлік және ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен тікелей байланысты. Осы арқылы қоғамды ақпараттандыру алға басып, өзгерістер орын алды. Ақпараттық жаһандау өз көкжиегін кеңейте отыра, адамдар мен мәдениеттің, руханияттың, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерімен танысуға мүмкіндік берді. [2, 95]. Заманауи ақпараттық технологиялардың арқасында білім беру процесі сапалы жаңа формаларға ие бола бастады. Қашықтан оқу пайда болып және ол тез дами бастады. Ғаламтор үйде білім алуға мүмкіндік беріп, мүмкіндігі шектеулі жандардың да оқуына жол ашты. Жаңа технологиялар оқу процесінде визуализация сияқты маңызды мәселені шешуге мүмкіндік береді. Оқу материалын жақсы меңгеруге мүмкіндік беретін графиктер, схемалар, белгілі бір процестің дами динамикасы, суреттер және т.б. ғаламтор көмегімен ғана емес, CD арқылы да ұсынылып, оқу бағдарламасының ажырамас бөлігіне айналды. Жаңа технология арқылы білім алған адам, өмірлік тәжірибеде көптеген машықтарға ие болмақ. [3; 54].

Ақпараттық – технологиялардың көмегі бізге қашықтан оқу брысында өзінің айтарлықтай көп көмегін тигізді. Коронавирустық инфекция кезінде карантин шаралары күшейіп, ел тұрғындарының қауіпсіздігі алғашқы орынға қойылған сәтте, білім беру саласына да өзгерістер енгізілді. Аз уақытта орын алған бұл жағдай көпшілік үшін таңсық еді. Алайда, бүгінгі таңда ұстаздар да, оқушылар да ақпарат айдынын еркін меңгергендіктен, біз бұл тығырықтан

оңай шыға алдық. Мектеп басшысы ретінде менің ең басты міндетім, оқу процесіне қадағалау жүргізіп, шәкірттердің сапалы білім алуын бақылау болды. Ол үшін күнделікті әр педагогтың жұмысын жіті тексеріп, асқан жауапкершілікпен жұмыс жасауға тырыстық. Ғаламтор желісінің қолжетімділігі, өскелең ұрпақтың инновациялық саланы еркін меңгеруі, жаңашыл ұстаздардың жарқын бейнесінің нәтижесінде жаңартылған білім жүйесі арқылы біліктілікті арттыруды жүзеге асырдық.

Жалпы, жаһандану барысында жаңа технологиялар күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған. Қазіргі таңда көптеген жұмыс орыны сандық жүйемен қамтамасыз етіліп, жүйенің көбісі жаңа тәртіппен жұмыс жасайды. Сондықтан, біз мектепте робототехника, инновациялық білім беру, интерактивті әдістерге сүйену барысын барынша қолдануға тырысамыз. Өскелең ұрпақ ел болашағы екенін ескерсек, оларды жастайынан ғылымға баулу әр білім ордасына жүйтелген зор міндет.

Оқу мен тәрбие егіз ұғым екенін ескерсек, оқушыларды тек сауаттылыққа тәрбиелеп қана қоймай, оларды ізгілікке баулу, мәдениет көкжиегін қалыптастыру, рухани кемелденген тұлға тәрбиелеу барысын да назардан тыс қалдырмағанымыз абзал. Атақты ғалым, Әбу Насыр Әл – Фараби: "Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы деп" айтқан болатын. Расымен, бұл сөзге келіспеске болмайды. Тұлға қанша жерден білімді болса да, оның бойында жақсы қасиеттер қалыптаспаса, алған білімі тұл болмақ. Сол себепті рухани тәрбиеге сусындату бастауыш сыныптан бастау алуы қажет. Мен директорлық қызметтен бөлек, бастауыш сыныпқа сабақ беріп, жас буынның дұрыс бағытта тәлім алуына еңбек сіңіріп жүрген ұстаздар қатарынанмын. «Білім негізі бастауышта» екенін ескерсек, дәл осы кезеңде болашақ тұлғаның бойындағы барлық мінез – құлық бейімделіп, өмірге деген көзқарастары қалыптасады. Қанаты қатаймаған, буыны бекімеген бүлдіршіндердің болашағының жарқын болуы үшін біліммен қатар, тәрбиенің, ұлттық құндылықтардың дәріптелуі, рухани қажеттіліктерді бойларына сіңіру аса үлкен маңызға ие.

Рухани қажеттіліктер – адамның жеке тұлғалық шығармашылық – тәлімдік және мәдени – әлеуметтік қажетін қанағаттандыратын құндылықтарға ынталылық. Рухани қажеттілік – иедеяның, түсініктің, ұғымның өмірлік мағынасын жүйелеуге деген құштарлық, ақылдың, сезімнің, еріктің қызметін реттеуге және игеруге бағытталған жеке адам мен ұйымдасқан топтың бағдарлы қызметінің көрінісі. [4, 193 бет]

Жаһандану барысында білім, ғылым және руханият бір – бірімен тығыз байланыста, өзіндік орыны бар, біте қайнасып жатқан дүниелер. Оларды бір – бірімен толықтырып, оқушылардың бойына сіңіру қажет. Ол үшін мектептің жүрегі болып табылатын – ұстаздар қауымының алар орыны ерекше. Әр педагог заман талабына сай, жаңашылдықтың жаршысы бола білуі тиіс. Талай жылдық тәжірибесі бар, тіс қаққан маманның өзі біліктілігін арттырып, соңғы енген өзгерістерден хабары болуы тиіс. Өткен күндер методикасы, кейде қазіргі талапқа сай келмей жатады. Бұл жаңа технологиялар, бағдарламалар мен қоғам талабының өзгерісіне тікелей байланысты. Сол себепті, мұғалімдер өз мерейлерін тасытып, қашан да әлемдік талапқа сай болып, әр кез өздерін дамытып отыруды ұмыт қалдырмаған абзал. Біз тек тұлға тәрбиелеп қана қоймаймыз, ел өркениетінің дамуына ат салысатын жандармыз. Бүгінгі мектеп оқушылары ертеңгі күні ел әлеуетін арттыруға үлес қосып, экономиканың қарыштап дамуына негіз болмақ.

"Білім берудің жаһандануы – оқыту жүйесінің жаһандық нарықтық экономика сұраныстарына көбірек бейімделу процесі. Соңғысының білімге тәуелділігінің артуы ("білім экономикасы" деп аталатын) бірыңғай білім беру стандарттарына негізделген бірыңғай әлемдік білім беру жүйесін құру идеясын тудырады" [5, 181-182].

Бүгінгі таңда әлемдік елдер арасында тәжірибе алмасу, пікір бөлісу тәрізді дүниелер кең ауқымда жүргізілуде. Біздің елдің балалары шетелдік оқу ордаларында білім алуға да жол ашылған. Дүниежүзілік басқосуларда білім берудің айқын басымдықтары айтылып, маңызды мәселелер төңірегінде біріккен кездесулер де жиі ұйымдастырылады. Біліктілікті барынша

қолдау барысында түрлі конференциялар ұйымдастырылып, жарыстар да жастарға тың серпін беруде. Олимпиададан Қазақстаннан аттанған шәкірттердің биік шыңдарды бағындыруы, ел тұрғындарына сапалы білім беріліп жатқандығын тағы бір дәлелі.

Біздің мектеп жаңашылдықты әрдайым қолдап, ұстаздардың шеберлігін шыңдау барысын ұмыт қалдырмайды. Мектеп басшысы ретінде әр кабинеттің соңғы үлгідегі технологиялармен қамтамасыз етілуін басшылыққа алып, әдіс – тәсілдердің жаңашыл үлгіде жүргізілуін тікелей басшылыққа алып, тексеріп отырамын. Әр педагогтың сабағына қатысып, білім берудің бағытын айқындап, озық шәкірт тәрбиелеу үшін мектепшілік жауапкершіліктің жоғары деңгейде қалыптасуына барынша ат салысуға тырысамын. Талап бар жерде – тәртіп бар. Қадағалау қаншалықты жүйелі жүргізілетін болса, сапа да соған лайық болары сөзсіз. Олай болса, ақпараттық технологияларды қолдану, жаһандық талапқа сай білім беру, жаңашылдықты қолдау біздің мекеменің басты бағыттарының бірі.

Білім – ұлттың ұдайы дамуы мен ұлы жолға бағыт алуының айқын көрінісі. Әлемнің кез – келген елі ең алдымен сапалы білім беруді көздеп, өздеріне тән ұлттық болмысты сақтап қалуды көксейді. Болашаққа көз жүгірте отыра, өткен тарихты да назардан тыс қалдырмай, руханияттың бойда көрініс табуына ықпал ете алғанымыз жөн.

Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі күні нар тұлғалы азаматтар мен азаматшаларға айналып, елі үшін сүбелі үлес қосуға ат салысып, озық елдермен терезені теңестіруге ықпал етпек. Біз олардың дамуы мен тәрбиесіне қаншалықты жіті мән беріп қарасақ, дәл солай сенімді болашақты қалыптастыратын боламыз.

Ел Президенті өзінің мақаласында: «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Тәуелсіздік жылдарында таланттымен таңдай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ғажайып дарын иелері де бар. Олар – Қазақстанның мәдени келбеті, елімізді халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшілерміз, біздің айрықша күшіміз («soft power»). Осындай азаматтарға қамқор болу – мемлекеттің міндеті. Жаһандану заманында айдай әлем алақандағыдай болып қалды. Талапты ұл-қыздарымыздың жер жүзіндегі кез-келген елге барып, білім алуы қалыпты үрдіске айналды. Сонда қалып, қызмет істеп жүргендер де аз емес. Осы орайда, ел ішінде жастар шетелге кетіп жатыр деген алаңдаушылық бар. Мен жастарымыз білімін жетілдіріп, бәрібір елге оралады немесе шетелде жүріп-ақ Қазақстанның мүддесін қорғайды деп сенемін», [6] – деп айтқан болатын, олай болса халқына адал қызмет ететін, көзі ашық, көкірегі ояу ұлт ұландары көп болсын!

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Нысанбаев А.Н. Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. – Алматы, 2002. – 264 б./444/
2. Аракелов А.В., Алиева М.Ф. Система образования в условиях глобализации // Вестник АГУ, 2014. № 4 – С. 94-102/2222/
3. Барабанов О.Н., Лебедева М.М. Глобализация и образование в современном мире // Глобализация: человеческое измерение. – М., 2002. – С. 54 – 77./333/
4. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі «Педагогика және психология». – Алматы, «Мектеп», 2002, 257 бет./555/
5. Глобалистика. Международный энциклопедический словарь. М.; Спб.; Нью-Йорк, 2006./1111/
6. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақала, Егемен Қазақстан газеті, 05 қаңтар, 2021 ж.

## **ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ – ЖАҢАНДАНУ ЗАМАНЫНДАҒЫ НАҒЫЗ ҚОЗҒАУШЫ КҮШ**

Қазіргі таңда қоғам көз ілеспес жылдамдықпен дамып, әр ел өз өркениетінің өресін кеңейту барысында жан – жақты атсалысуда. Жаһандану дәуіріне аяқ басқан біздің ел де озық елдермен иық тіресе дамып, Тәуелсіздікке қол жеткізген аз уақыттың ішінде өзалғырлығын байқатып үлгерді. Бұл білім беру жүйесінің бірізділігі мен оқу сапасына мән берумен тығыз байланысты. Кез келген елдің ең басты алғышарты білікті мамандар, алғыр оқушылар даярлау болып табылады. Мектеп партасында отырған бүлдіршіндердің бойына жан – жақты білім сіңірту, заман талабына сай көзқарас қалыптастыру – біздің басты мақсатымыз.

Дүниежүзілік ғылым мен білім кеңістігінде әр елдің өз алдына қойған мүддесі мен қалыптасу деңгейі, әр кезең бойынша дамуы мен ұстанымдары бар. Ғылымды зерттеу, жаңалық ашу, оқуға деген зор ынта ешқашан тоқтап қалған емес. Ұлтаралық келісім – шарттар, өзара ынтымақтастық, тәжірибе алмасу тәрізді сәттер жаһандық дәуірде маңызды рөл атқарады. Бұл әр мемлекеттің өзара қарым – қатынасын нығайтып, ғылымға көңіл бөлуге итермелейді. Біздің ел де әлемдік деңгейде өзіндік пікірі қалыптасқан, нақты жоспары айқын, ұлттық тәрбиені негізге ала отыра жаңашылдықтың жаршысы болып, әлемдік білім кеңістігіне кіруде.

Жаһандану жаңа қоғамдық өмірде орын алған өзгерістер мен технологиялық жетістіктер – қоғамдық сана дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім мен ғылым саласына да өз ықпалын тигізеді. Сондай-ақ, білім беру әлемдік интеграциялық үдеріспен қатар қарыштап дамуда да маңызды рөл атқарады. Білім беру жүйесіндегі негізгі міндет – ұлттық және адамзаттық қасиеттер, ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту үшін қажетті жағдайларды жасау болып табылады [1, 22].

Заман дамыған сайын өзіндік талап – тілектері де өзгеріп, білім беру саласына өз әсерін тигізеді. Мәселен, бұрынғы әдіс – тәсілдер инновациялық үлгіде жаңартылып, ал оқулықтар жаңа терминдерге сай қайта жазуылуы тиіс. Технологиялардың адам өмірінде алар айшықты мәнін ескеретін болсақ, оларды пайдалы дүниеге жарату, оқу барысын жетілдіруге қолдану барысы да артық етпейді.

Білім беру жүйесіндегі жаһанданудың негізгі элементі компьютерлік және ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен тікелей байланысты. Осы арқылы қоғамды ақпараттандыру алға басып, өзгерістер орын алды. Ақпараттық жаһандану өз көкжиегін кеңейте отыра, адамдар мен мәдениеттің, руханияттың, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерімен танысуға мүмкіндік берді. [2, 95]. Заманауи ақпараттық технологиялардың арқасында білім беру процесі сапалы жаңа формаларға ие бола бастады. Қашықтан оқу пайда болып, тез дами бастады. Ғаламтор үйде білім алуға мүмкіндік беріп, мүмкіндігі шектеулі жандардың да оқуына жол ашты. Жаңа технологиялар оқу процесінде визуализация сияқты маңызды мәселені шешуге мүмкіндік береді. Оқу материалын жақсы меңгеруге мүмкіндік беретін графиктер, схемалар, белгілі бір процестің дами динамикасы, суреттер және т.б. ғаламтор көмегімен ғана емес, CD арқылы да ұсынылып, оқу бағдарламасының ажырамас бөлігіне айналды. Жаңа технология арқылы білім алған адам, өмірлік тәжірибеде көптеген машықтарға ие болмақ. [3; 54].

Ақпараттық – технологиялардың көмегі бізге қашықтан оқу барысында айтарлықтай көп көмегін тигізді. Коронавирус инфекциясы кезінде карантин шаралары күшейіп, ел тұрғындарының қауіпсіздігі алғашқы орынға қойылған сәтте білім беру саласына да өзгерістер енгізілді. Аз уақытта орын алған бұл жағдай көпшілік үшін таңсық еді. Алайда, бүгінгі таңда ұстаздар да, оқушылар да ақпарат айдынын еркін меңгергендіктен, біз бұл тығырықтан оңай шыға

алдық. Мектеп басшысы ретінде менің ең басты міндетім оқу процесіне қадағалау жүргізіп, шәкірттердің сапалы білім алуын бақылау болды. Ол үшін күнделікті әр педагогтың жұмысын жіті тексеріп, асқан жауапкершілікпен жұмыс істеуге тырыстық. Ғаламтор желісінің қолжетімділігі, өскелең ұрпақтың инновациялық саланы еркін меңгеруі, жаңашыл ұстаздардың жарқын бейнесінің нәтижесінде жаңартылған білім жүйесі арқылы біліктілікті арттыруды жүзеге асырдық.

Жалпы, жаһандану барысында жаңа технологиялар күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған. Қазіргі таңда көптеген жұмыс орыны сандық жүйемен қамтамасыз етіліп, жүйенің көбісі жаңа тәртіппен жұмыс істейді. Сондықтан, біз мектепте робототехника, инновациялық білім беру, интерактивті әдістерге сүйену барысын барынша қолдануға тырысамыз. Өскелең ұрпақ ел болашағы екенін ескерсек, оларды жастайынан ғылымға баулу әр білім ордасына жүйтелген зор міндет.

Оқу мен тәрбие егіз ұғым екенін ескерсек, оқушыларды тек сауаттылыққа тәрбиелеп қана қоймай, оларды ізгілікке баулу, мәдениет көкжиегін қалыптастыру, рухани кемелденген тұлға тәрбиелеу барысын да назардан тыс қалдырмағанымыз абзал. Атақты ғалым Әбу Насыр Әл – Фараби: "Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы" деп айтқан болатын. Расымен, бұл сөзге келіспеске болмайды. Тұлға қанша жерден білімді болса да, оның бойында жақсы қасиеттер қалыптаспаса, алған білімі тұл болмақ. Сол себепті рухани тәрбиеге сусындату бастауыш сыныптан бастау алуы қажет. Мен директорлық қызметтен бөлек, бастауыш сыныпқа сабақ беріп, жас буынның дұрыс бағытта тәлім алуына еңбек сіңіріп жүрген ұстаздар қатарынанмын. «Білім негізі бастауышта» екенін ескерсек, дәл осы кезеңде болашақ тұлғаның бойындағы барлық мінез – құлық бейімделіп, өмірге деген көзқарастары қалыптасады. Қанаты қатаймаған, буыны бекімеген бүлдіршіндердің болашағының жарқын болуы үшін біліммен қатар, тәрбиенің, ұлттық құндылықтардың дәріптелуі, рухани қажеттіліктерді бойларына сіңіру аса үлкен маңызға ие.

Рухани қажеттіліктер – адамның жеке тұлғалық шығармашылық – тәлімдік және мәдени – әлеуметтік қажетін қанағаттандыратын құндылықтарға ынталылық. Рухани қажеттілік – иедеяның, түсініктің, ұғымның өмірлік мағынасын жүйелеуге деген құштарлық, ақылдың, сезімнің, еріктің қызметін реттеуге және игеруге бағытталған жеке адам мен ұйымдасқан топтың бағдарлы қызметінің көрінісі. [4, 193 бет]

Жаһандану барысында білім, ғылым және руханият бір – бірімен тығыз байланыста, өзіндік орны бар, біте қайнасып жатқан дүниелер. Оларды бір – бірімен толықтырып, оқушылардың бойына сіңіру қажет. Ол үшін мектептің жүрегі болып табылатын ұстаздар қауымының алар орны ерекше. Әр педагог заман талабына сай, жаңашылдықтың жаршысы бола білуі тиіс. Талай жылдық тәжірибесі бәрісі қаққан маманның өзі біліктілігін арттырып, соңғы енген өзгерістерден хабары болуы тиіс. Өткен күндер методикасы, кейде қазіргі талапқа сай келмей жатады. Бұл жаңа технологиялар, бағдарламалар мен қоғам талабының өзгерісіне тікелей байланысты. Сол себепті, мұғалімдер өз мерейін тасытып, қашан да әлемдік талапқа сай болып, әр кез өздерін дамытып отыруды ұмыт қалдырмаған абзал. Біз тек тұлға тәрбиелеп қана қоймаймыз, ел өркениетінің дамуына атсалысатын жандармыз. Бүгінгі мектеп оқушылары ертеңгі күні ел әлеуетін арттыруға үлес қосып, экономиканың қарыштап дамуына негіз болмақ.

"Білім берудің жаһандануы – оқыту жүйесінің жаһандық нарықтық экономика сұраныстарына көбірек бейімделу процесі. Соңғысының білімге тәуелділігінің артуы ("білім экономикасы" деп аталатын) бірыңғай білім беру стандарттарына негізделген бірыңғай әлемдік білім беру жүйесін құру идеясын тудырады" [5, 181-182].

Бүгінгі таңда әлемдік елдер арасында тәжірибе алмасу, пікір бөлісу тәрізді дүниелер кең ауқымда жүргізілуде. Біздің елдің балалары шетелдік оқу ордаларында білім алуға да жол ашылған. Дүниежүзілік басқосуларда білім берудің айқын басымдықтары айтылып, маңызды мәселелер төңірегінде біріккен кездесулер де жиі ұйымдастырылады. Біліктілікті барынша қолдау барысында түрлі конференциялар ұйымдастырылып, жарыстар да жастарға тың серпін



беруде. Олимпиададан Қазақстаннан аттанған шәкірттердің биік шыңдарды бағындыруы, ел тұрғындарына сапалы білім беріліп жатқандығын тағы бір дәлелі.

Біздің мектеп жаңашылдықты әрдайым қолдап, ұстаздардың шеберлігін шыңдау барысын ұмыт қалдырмайды. Мектеп басшысы ретінде әр кабинеттің соңғы үлгідегі технологиялармен қамтамасыз етілуін басшылыққа алып, әдіс – тәсілдердің жаңашыл үлгіде жүргізілуін тікелей басшылыққа алып, тексеріп отырамын. Әр педагогтың сабағына қатысып, білім берудің бағытын айқындап, озық шәкірт тәрбиелеу үшін мектепшілік жауапкершіліктің жоғары деңгейде қалыптасуына барынша атсалысуға тырысамын. Талап бар жерде – тәртіп бар. Қадағалау қаншалықты жүйелі жүргізілетін болса, сапа да соған лайық болары сөзсіз. Олай болса, ақпараттық технологияларды қолдану, жаһандық талапқа сай білім беру, жаңашылдықты қолдау – біздің мекеменің басты бағыттарының бірі.

Білім – ұлттың ұдайы дамуы мен ұлы жолға бағыт алуының айқын көрінісі. Әлемнің кез келген елі ең алдымен сапалы білім беруді көздеп, өздеріне тән ұлттық болмысты сақтап қалуды көксейді. Болашаққа көз жүгірте отыра, өткен тарихты да назардан тыс қалдырмай, руханияттың бойда көрініс табуына ықпал ете алғанымыз жөн.

Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі күні нар тұлғалы азаматтар мен азаматшаларға айналып, елі үшін сүбелі үлес қосуға атсалысып, озық елдермен терезені теңестіруге ықпал етпек. Біз олардың дамуы мен тәрбиесіне қаншалықты жіті мән беріп қарасақ, дәл солай сенімді болашақты қалыптастыратын боламыз.

Ел Президенті өзінің мақаласында: «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Тәуелсіздік жылдарында таланттымен таңдай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ғажайып дарын иелері де бар. Олар – Қазақстанның мәдени келбеті, елімізді халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшілерміз, біздің айрықша күшіміз («soft power»). Осындай азаматтарға қамқор болу – мемлекеттің міндеті. Жаһандану заманында айдай әлем алақандағыдай болып қалды. Талапты ұлқыздарымыздың жер жүзіндегі кез-келген елге барып, білім алуы қалыпты үрдіске айналды. Сонда қалып, қызмет істеп жүргендер де аз емес. Осы орайда, ел ішінде жастар шетелге кетіп жатыр деген алаңдаушылық бар. Мен жастарымыз білімін жетілдіріп, бәрібір елге оралады немесе шетелде жүріп-ақ Қазақстанның мүддесін қорғайды деп сенемін», [6] – деп айтқан болатын. Олай болса халқына адал қызмет ететін, көзі ашық, көкірегі ояу ұлт ұландары көп болсын!

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Нысанбаев А.Н. Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. – Алматы, 2002. – 264 б./444/
2. Аракелов А.В., Алиева М.Ф. Система образования в условиях глобализации // Вестник АГУ, 2014. № 4 – С. 94-102/2222/
3. Барабанов О.Н., Лебедева М.М. Глобализация и образование в современном мире // Глобализация: человеческое измерение. – М., 2002. – С. 54 – 77./333/
4. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі «Педагогика және психология». – Алматы, «Мектеп», 2002, 257 бет./555/
5. Глобалистика. Международный энциклопедический словарь. М.; Спб.; Нью-Йорк, 2006./1111/
6. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақала, Егемен Қазақстан газеті, 05 қаңтар, 2021 ж.

**Таурбекова А. С.**

*І. Жансүгіров атындағы ЖУ оқытушы- дәріскері, магистр,  
Талдықорған қаласы*

**Ахмедиева К. Н.**

*І. Жансүгіров атындағы ЖУ оқытушы- дәріскері, магистр  
Талдықорған қаласы*

## **ӨЗ БЕТІМЕН БІЛІМ АЛУ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ДАМУЫНДА ТЕТІГІ РЕТІНДЕ**

Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2050» бағдарламасында «Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс», – деп айтқан [1]. Сондай-ақ жас ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажеттілігіне, олар қазіргі заманға бейім болуы үшін бұл аса маңызды екеніне де назар аударды. Ел Президентінің ұсынған бағдарламасы білім беру жүйесінің алдына нәтижеге бағытталған білім моделін жасауды қамтамасыз ету және оны халықаралық білім беру кеңістігімен интеграциялау мақсатын қойды. Демек, жастарды еңбектің қай саласында болмасын, әсіресе білім алуға да тек мәлімет жиынтығын меңгертумен шектелмей, іс-әрекетін өздігінен тиімді ұйымдастыра отырып, шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын құзырлы маман болуға даярлау қажеттігін негізге алып отыр.

Құзырлы маман бойында заман талабына сай білімі болуы тиіс. Жалпы, білім (лат. Scientia, ағылш. knowledge, араб.: علم) [2] – адамдардың белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының, т. б. жиынтығы. Білім адамзат мәдениетінің ең ауқымды ұғымдарының бірі болып табылады. Ол сана, таным, объективті әлем, субъект, ойлау, логика, ақиқат, парасат, ғылым және т.б. күрделі де терең ұғымдармен тығыз байланыста әрі солар арқылы анықталады. Білім философия мен рационалды білім пайда болғаннан көп бұрын дүниеге келген.

Өз бетімен білім алуға деген әртүрлі философиялық көзқарастар бар. Аталмыш мәселе ерте заманғы тарихтан, яғни ежелгі грек философы Сократтың ой-пікірлерінен бастау алады. Философ еңбектерінде шәкірттің өздік іс-әрекеттерінің сана дамуында ерекше орын алатындығы, оқыту барысында оның өздік іс-әрекеттерін басқарып отыру маңыздылығы атап өтілген. Білім алушы оқытушының басқаруымен өз бетінше шешім қабылдай алуы қажет екендігі айтылған. Сократтың әңгімелесу түріндегі эвристикалық оқыту әдісі ерекше сұрақтар арқылы білім алушыға өз бетімен мәселе қойып, оның шешімін табуға көмектеседі. Сократтың әдісі дамып, ғұлама педагогтар еңбектерінде көрініс тапты. Ян Амос Коменскийдің «Ұлы дидактикасында» балаларды оқыту қажеттілігі туралы былай деп жазған: «бастауларды ашу және олардан жылғалармен шығару қажет». Осылардың негізінде жұмыс ұйымдастырылса, лекция, семинар, өздік жұмыс, кеңес беру сияқты ұғымдар арасында шекара болмайды. Қытай философы Конфуцийдің «Естігенің ұмытылар, көргенің есінде қалар, ал өз ақыл-ойыңмен істеген ісінді түсінесің» деген даналық сөздері осы айтылғандарды дәлелдей түседі.

Әбу Насыр Әл-Фараби адамды өз болмысын өзі танып білуге тәрбиелеу ісіне үлкен мән берді. Бұл мәселені логикалық, этикалық, педогогикалық, тілдік тұрғыдан кеңінен саралап, бұларды бір-бірімен өзара сабақтастықта қарастырады.

Білімнің өзі адамды жануардан ерекшелендіреді. Баласағұни сондықтан да білімсіз адамдар малға ұқсайды дегенді айтады. Ол білімділікті қаншалықты жоғары бағаласа да, оның жазбаларынан «жазылған нәрсеге үміт артпа, өзің күш-жігер таныт» дегенді кездестіреміз. Баласағұни үшін философия білім алу немесе өздігінен білім алу процесімен пара-пар, ал неғұрлым кең мағынасында ол білім берумен үйлеспейтін, бірақ оның мәні болып табылатын нәрсе. Бұл

жерде «өте мәнді сәтті» атап көрсету маңызды, Әл-Фараби салған дәстүрден кейін іле-шала Баласағұни философиясында білім алу әлеуметтік-мәдени процесс ретінде ғана емес, сондай-ақ дүние құрушылықтың әмбебап ұстанымы ретінде де бой көрсетеді. Сондықтан да білім беру мен оқытудың реттілігін, іргетастық онтологиялық қатынастарға сәйкес, оқушылардың оларды оқып-үйренуінің субъективтік реттілігіне сәйкес келтіреді. Оның сенімі бойынша, «ғылым мен зерде – барлық істердің негізі», «білімсіз зерде де, сөз де құнарсыз» [3].

А. Құнанбаев тұлғаның өзіндік сана-сезімді дамытуда өз бетімен жан-жақты білім алуға шақырады. Абай өз шығармаларында нәр татқан рухани бұлақтар төркінін жасырмайды, ол қайта: «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім...», – деп ескертуінде мәні терең сыр жатыр. Фараби мен Абай шығармаларындағы пікір сабақтастығын, ақын шығармашылығы нәр алған рухани көздерінің түп-төркінін қарастырғанда, алдымен екі ұлы ойшылға ортақ «жан қуаты» немесе Абайдың өз сөзімен айтқанда «өзін танымақтық» жөніндегі көзқарасына айрықша назар аудару қажет [4].

Адамзат тарихында ғылыми ой үздіксіз даму барысында «өзін танымақтың» немесе «жан қуаты» туралы ойлардың қалыптасу жолдарын танып білу күрделі мәселеге айналып, бастан-аяқ қарама-қарсы көзқарастардың өріс алуына түрткі болды. Адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімінің алғашқы қадамы көне дүние философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған Фараби еңбегі ерекше көзге түседі. Жалпы «жан қуаты» немесе «өзін танымақтық» жайлы күрделі ой сарасына қазақ топырағында арғы заманда Фараби, соңғы дәуірде Абай терең барлап барлаған. Абай өлеңдері мен қарасөздеріндегі жан қуаты жайлы ой толғануында «жан құмары», «жан қуаты», «жанның азығы» т. б. осы іспеттес философиялық сарындағы ойларын таратқанда: «Жан қуаты деген қуат-бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сиғызбайды», – деп, айрықша ескертуінің өзіндік себептері бар. Бұл тұжырымынан ақынның «өзін танымақтығы» жөніндегі ілімнің тарихымен толық таныстығы анық байқалып, өз тарапынан ойларын кең түрде тыңдаушыларына мольна жеткізе алмаған өкініші де сезіледі. Жан қуаты жөнінде Фараби қолданған философиялық терминдер Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде қазақы ұғымға сай балама сөздермен беріледі.

Жалпы, кез-келген іс-әрекет қорытындысының есебі болу керектігін Абай он бесінші сөзінде баса айтқан «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал» десе, өз бетімен білім алу туралы отыз сегізінші сөзінде былай деп жазған: «Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана Аллах Тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфағат дәфғы мұзарратларны айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады.»

Қазақ халқының мәдениеті мен ағартушылық тарихында ерекше орын алатын Ы.Алтынсарин оқып-үйретушілердің өз бетінше білім алуда ұстаздың ролін жоғары бағалап, қазақ жастарын ең алдымен оқу, өнер-білім, техниканы игеруге шақырады. Автор оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына мән берді. Ыбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып білуге бейім екенін байқатты. Кейінірек халық ағартушысы ретінде өз білімін өзінше оқып, арттыра түсуді белсенді түрде жалғастыра түсті. Бұған инемен құдық қазғандай ыждаһаттылық, талап пен сабырлық қажет екенін ескертеді. Ал, оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ, қараны айырмайтын көрсоқыр екенін айтады. Оқу, білімнің пайдасы қандай, ол неге керек деген мәселеге келгенде, оның өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетеді. Жастарды өнер-білім, техниканы игеруге үндеу ақынның «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде өз жалғасын тапқан. Ол өнер-білімі жетілген елдердің артықшылығы қандай, олар сол өнерімен нені игеріп отыр, ертеңгі өмірдің талап-тілектері не секілді күрделі мәселелерді жастар алдына көлденең тарту арқылы оларға ой тастап, өнер-білімді батыл игеруге шақырады.

Жалпы, қазіргі заманда енгізілген жоғары оқу орындарындағы оқытудың кредиттік технологиясында өз бетімен білім алу деңгейін көтеру және дара негізінде шығармашылық білімді меңгеру мәселесі көзделген. «Өз бетімен білім алу тұлғаның білім алуға, танып-білуге деген қызығушылығын және рухани қажеттілігін қанағаттандыру мақсатын көздейтін үздіксіз білім беру процесі болып табылады. Студент бойында өз бетімен білім алуға деген қызығушылығын тудыру қоршаған ортада бағдарлау үшін ақпараттың қажеттілігі, ақпарат және білімді алғаннан кейін іс-әрекетті табысты ұйымдастыра білу және өзінің дамуын қамтамасыз ететін қызметті ұйымдастыра білу, мақсат қоя, оны іске асырудың тәсілдерін таба білу және өз іс-әрекетін басқара білу сияқты дайындықтардан тұрады.» Білімді дербес меңгеру адамның өміріндегі мәңгілік мәнге ие болатын үздіксіз білімнің ең маңызды компоненті сияқты қарастыруға болады.

Педагогикалық сөздікке назар аударсақ, өздігінен білім алу – күндізгі оқу орнында жүйелі курстан өтпей-ақ өздігінен жұмыс істеу үрдісінде алынған білім. Өздігінен білім алудың ең кең тараған формалары әдебиет оқу және зерделеу болып табылады [5].

Жеке тұлғаны өздігінен білім алуға баулу – оны ғылым мен мәдениетке үйрету, білім, қарым-қатынас ережелерін, әлеуметтік тәжірибені меңгерту.

Мұндай теориялық-әдіснамалық маңызы бар анықтаманы көптеген зерттеушілер жоғары оқу орындарындағы өздігінен орындайтын жұмыстарды ұйымдастыру негізіне алған.

Студенттердің өздік жұмыстары ұғымына, оның студенттердің оқытушылармен бірігіп жасайтын өздік білім алу жұмыстары екендігін ұмытпаған жөн. Өздігінен орындайтын жұмыстарды ұйымдастыру мәселелеріне отандық және шет елдік психология және педагогика ғылымдарының өкілдерінің көптеген еңбектері де арналған (М. В. Кларин, Л. С. Выготский, Р. А. Әлімқұлова, Б. Е. Қожамқұлова, К. Б. Смаатованың т. б.)

Өздігінен білім жетілдіру – жеке адамның өзі басқаратын мақсаты танымдық іс-әрекеті; ғылымның, техниканың, мәдениетінің, саяси өмірдің және т.б қандай да бір саласынан жүйелі түрде білім алу. Өздігінен білім жетілдіру – өзін – өзі тәрбиелеу құралдарының бірі. Өздігінен білім жетілдірудің негізгі нысандары сан алуан.

Адамның өздігінен білім жетілдірудегі мақсаты – біліктілігін немесе білім деңгейін көтеру. Өздігінен білім жетілдіру дағдыларын қалыптастыруда мектеп маңызды рөл атқарады. Оқушылардың өздігінен білім жетілдіру дағдыларын қалыптастыруға сыныптан және мектептен тыс әр түрлі үйірмелердегі, клубтардағы, дәрiсханалардағы сабақтар, тәжірбиелік жұмыстар және т.б себептер болады.

Педагогикалық өзін-өзі тәрбиелеу (оқытушының кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуі) – оқытушының жаңа педагогикалық құндылықтарды, әдістер мен әдістерді, іс-әрекет технологияларын, оларды пайдалану дағдыларын мен дағдыларын өз бетінше меңгеруі және кәсіби іс-әрекетінде шығармашылықпен түсіндіру процесі.

Нағыз оқытушының өзі үнемі білім алуы керек деген ойды көптеген педагогтар мен ойшылдар айтқан. Ежелгі Рим ойшылы Сенеканың «Басқаларды үйрете отырып, біз өзіміз үйренеміз» деген афоризмі кеңінен танымал. Неміс тілі мұғалімдерінің оқытушы А.Дистервег мұғалімгеге ешқашан өз білімінде тоқтап қалмауға кеңес берді, өйткені білім беру үнемі дамып отырады[6].

Педагогикалық өзін-өзі тәрбиелеудің тағы бір аспектісін бағаламауға болмайды. Үнемі өздігінен білім алатын, өзін-өзі тәрбиелеумен айналысатын, тұлға ретінде дамитын оқытушыға әлдеқайда оңай, басқа дамып келе жатқан тұлғаны – оның шәкіртін түсіну оңайырақ: оқушының орнына «өзін қою», оның проблемаларды шешу, мүмкін болатын қиындықтарды болжау, стандартты емес шешімді көру және бағалау, өзінің оқу тәжірибесіне жүгіну арқылы ынталандыру.

Өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастыруда, кез-келген қызмет сияқты, белгілі бір жұмыс саласына шоғырлану негізгі рөл атқарады. Бұл бағытты қалай таңдау керек, неден бастау керек? Уақытпен сыналған жол – белгілі бір тақырып бойынша жұмыс істеу.

Өздігінен білім алу үшін таңдалған тақырыптың өзі үшін, ол жұмыс істейтін білім беру ұйымы үшін өзекті болуы керек.

Өзін-өзі тәрбиелеу тақырыбы ретінде сіз нені таңдай аласыз.

- білім беру ұйымының ағымдағы жылға арналған міндеттерінің бірі;
- оқуда қиындық туғызатын кәсіби іс-әрекеттің аспектісі (мысалы, жаңадан келген лардың басым көпшілігі балалардың сабақта оқу-танымдық әрекетін белсендіруде, жаңа материалды бекітуді ұйымдастыруда қиындықтарды бастан кешіреді);
- қол жеткізген оң нәтижені дамытуға байланысты тақырып (мысалы, тәжірибелі үшін өзінің табысты тәжірибесін жалпылау және оны қолдану аясын кеңейту үшін бар тәжірибеден теориялық білім алу өзекті болуы мүмкін).

Өзін-өзі тәрбиелеудің қандай тақырыбы болса да, ол бойынша жүргізілетін жұмыс нәтижелінің кәсіби және тұлғалық дамуына пайдалы болуының өзін-өзі тиімді тәрбиелеуінің негізгі шарттарын атайық.

1. Білім және өзін-өзі тану, педагогикалық тәжірибені талдау және өзіндік талдау әдістерін меңгеру.

2. Өзін-өзі тәрбиелеу процесінде кәсіби және тұлғалық өзін-өзі дамытудағы ішкі қажеттіліктерін жүзеге асыру.

3. Ойлау қабілеті. Рефлексия – жеке адамның өз іс-әрекетін, сезімін, күйін түсіну белсенділігі. Рефлексиялық қабілетінің болуы адамның өз қызметін, кәсіби және жеке қасиеттерін тұрақты бағалауды қамтамасыз ететін тиімді интроспекцияның қажетті шарты болып табылады.

4. Өзіндік білім алу барысында алған білім мен тәжірибені практикада қолдану. Бұл шарт жаңадан алынған білім мен тәжірибенің нақты практикалық құндылығын апробациялауды және анықтаудың кәсіби іс-әрекетіндегі табысты тәжірибесін бекітуді қамтамасыз етеді.

Педагогикалық өзін-өзі тәрбиелеудің қажеттілігі білім беруде үнемі болып тұратын өзгерістерге байланысты: оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістері пайда болады, педагогикалық іс-әрекеттің жаңа әдістері мен құралдары жасалады, білім беру бағдарламалары мен оқулықтар жаңартылады, жаңа стандарттар енгізіледі, заңнама түзетіледі. Бұл әлеуметтік дамудың табиғи процесін көрсетеді, өйткені білім қоғамның бөлігі болып табылады. алған білім мен дағдылар ұмытылып, ескіруі мүмкін. Сондықтан кәсіби оларды жаңартып, жаңаларын алуы керек.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.- А.: 2014 жылғы 17 қаңтар
2. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. –Алматы: 2007.- 344 б.
3. Философиялық сөздік – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы”, 1996. – 525б.
4. Абай(Ибраһим) Құнанбайұлы Қара сөздер – Алматы: «МЕЛОМАН Publishing»,2020,152бет.
5. Педагогикалық сөздік –М: 2002.- 367 б.
6. Сидоров С.В. Самообразование педагога [Электронный ресурс] // Сидоров С.В. Сайт педагога-исследователя – URL: <http://si-sv.com/publ/20-1-0-291> (дата обращения: 15.02.2022).

**Туралиева Г. А.**

*№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі  
биология пәні оқытушысы*

## **ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ**

Ғасырлар тоғысында еліміз тәуелсіз мемлекетке айналып, өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуға бағыт алуда. Өркениетті әлемнің таңдаулы мүшесі болу – елдің рухани және мәдени қуатына, ғылымы мен біліміне байланысты. Қазақстанның ғылымы мен білімінің стратегиясы

ұлттық білім мен тәлім-тәрбие идеяларын сақтай отырып, әлемдік білім кеңістігіне кірумен анықталады. Тұңғыш елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді» десе, ал «Ұлы даланың жеті қыры» атты ғылыми мақаласында тарихи сананы жаңғырту арқылы «Өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру» міндетін қойды [1]. Қазіргі уақытта елімізде қоғамдық өмірдің барлық саласында, оның ішінде, күрделі де қиын саласы – білім мен тәрбие беру жүйесінде де тиімді түрде модернизациялау мен трансформациялау процесі жүріп жатыр. Өйткені ұлттық білім мен тәрбие берудің салаларын жүйелі реформалау зор әлеуметтік-практикалық маңыздылыққа ие. Алайда қазіргі этнопедагогикалық білім мен тәрбие беру жүйелерін түбегейлі реформалау жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың бірлігі негізінде ғана толық жүзеге асуы мүмкін.

Білім беру саласын жүйелі реформалау жаңа әдістемелік тәсілдерді, идеяларды және парадигмаларды қажет етеді. Нақтырақ айтсақ, тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан өз ұлттық білімі мен тәрбие беру саясатын жете зерттеу мен жүзеге асыру сияқты қиын да жаңа мәселелерді алға қойып отыр. Еліміз егемендік жолымен дами бастаған жылдарда біз де әлемдік білім кеңестігіне кіре отырып, олардың озық тәжірибелерінен үлгі алу мақсатында белгілі қадамдар жасадық, басқа елдердің іс-тәжірибелерімен таныстық. Бізге осы елдердегі педагогикалық процестерді оңтайландыру теориясы, дамыта оқыту мен тәрбиелеу, үздіксіз білім беру және жастарды саяси қолдау тұжырымдамалары ерекше қызығушылық тудырды. Сонда байқағанымыз, ХХ ғасырдың аяғына қарай көптеген дамыған елдерде білім мәселесін елдің стратегиялық мақсаттарының бірі деп қарастырып, алдын-ала қамданулары. Мысалы, АҚШ Президенті жанындағы Ұлттық комиссия «ХХІ ғасыр үшін америкалықтардың білімі», ал Германияда «Білім болашақ үшін», Францияда «Болашақ білімі», Жапонияда «ХХІ ғасыр үшін білім беру үлгісі» деген ұлттық жобалар жасалған. Мұның бәрі – осынау үшінші мыңжылдықта кез-келген орнықты түрде дамушы елдерде білім беру басымдылығы басты заң болып табылады деген ойды нақтылай түседі. Сонымен білім берудің жаңа парадигмаларының концептуалдық негізі жоғары білімді бай рухани мазмұндылықпен жеке мен жалпының мүддесін икемді үйлестіре алатын гуманистік ойлауды қалыптастыруға ықпал етуі керек. Ендеше, жекелеген этностар өз ерекшеліктерін – тілін, ділін, руханиятын сақтай отырып, әлемдік әлеуметтік кеңістікпен қауышуы қажет.

Ең алғаш жасалынып, Қазақстанның жоғары педагогикалық оқу орындарында пайдаланылған бағдарлама Қ.Бөлеевтің 1992 жылы шығарған «Қазақ халқының этнопедагогикасы» атты бағдарламасы болды. Онда этнопедагогика – ғылым, оның пәні мен міндеттері, қазақ халық педагогикасындағы тәрбие мақсаттары, принциптері, әдістері мен факторлары, қазақ халық педагогикасының негіздері мен асыл-арналары, қазақ халық педагогикасындағы тәрбие негіздері мен түрлері – қазақтың халықтық дидактикасы және мектептің оқу-тәрбие ісінде халық педагогикасын пайдалану мәселелері берілген [2].

Білім сапасын құраушылардың сапасы жоғары болса білім сапасы да жоғары болады. Осы кезде профессор А.Құсайыновтың формуласына сүйенетін болсақ:  $S_{біл} = S_{ст} + S_{о} + S_{ккб} + S_{мс} + S_{т} + S_{ғзж} + S_{бас} + S_{мтб}$

$S_{біл}$  – білім сапасы;

$S_{ст}$  – білім стандарттары мен оқу бағдарламаларының сапасы;

$S_{о}$  – оқу әдебиетінің сапасы;

$S_{ккб}$  – педагог кадрлардың кәсіби біліктілігінің сапасы;

$S_{мс}$  – білім мониторинг сапасы;

$S_{т}$  – рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы;

$S_{ғзж}$  – ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасы;

$S_{бас}$  – басқару жүйесінің сапасы;

$S_{мтб}$  – материалды-техникалық база сапасы [3]. Бір жолға сыйып кеткен формула арқылы білім сапасының, оқу бағдарламасы мен кешендерінің, рухани тәрбие беру, ғылыми жұмыстардың нәтижелеріне және басқару жүйесінің сапасын анықтауға болады. Профессор,

академик А.Қ.Құсайынов білім сапасын көтерудегі ішкі резервтің маңызы атты жазған мақаласында білім сапасын арттырудың қарапайым жолмен мысалын келтіреді. «Бір шелек суды тазарту үшін, алдымен, бір тамшы суды тазартуды үйрену керек. Бұл шындық. Егер біз бір тамшы суды жақсы тазарта алатын болсақ, онда бір шелек суды да, бір тонна, он тонна суды да жақсы тазарта алатын боламыз. Білім беру сапасын көтеру мәселесін де осылай қарастыру керек. Біз, алдымен, бір оқушының білім сапасын көтеруді іске асыра білуіміз керек. Егер бір оқушының білім сапасын көтере алатын болсақ, онда онымен бірге бір сыныпта оқитын барлық оқушылардың, басқа да жүздеген, мыңдаған, он мыңдаған оқушылардың білім сапаларын көтере алатын боламыз. Егер білім сапасы, жоғарыда айтылғандай, барлық жүйе құраушылардың нәтижелілігін көтеру мақсатында жүйелі түрде атқарылған жұмыстардың негізінде көтерілетін болса, онда бір оқушының білім сапасын көтеру үшін осы жүйе құраушылардың сапасын көтеру жұмыстарын сол оқушыға қатысты ғылыми негізде жүйелі түрде жүргізу керек. Сонда ол баланың білім сапасы көтерілетін болады. Бұл оқушылардың білім сапасын көтеру жұмыстарының ғылыми негізде жүйелі түрде жүргізілуі болып табылады», - деп өзіндік пікірін қалдырады.

Адамзат тарихында ұрпаққа тәрбие берудің жалпы адамзаттық идеяларын жүзеге асырып, жаңа педагогикалық жүйенің қалыптасуында өз заманында Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған әлемге әйгілі ойшыл, ғұлама ғалым, ұлттың ұлы кемеңгері кемел адам тұжырымдамасын жасаған Әбу Насыр әл-Фараби мен толық адам концепциясын ұсынған ұлт данышпаны Абай Құнанбаевтың алатын орны ерекше. Әл-Фараби жетілген тұлғаны тәрбиелеу үшін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген басты қағиданы ұсынды [4].

Ғылыми айналымға этномәдени білім беру тұжырымдамасын ендірген ғалым Ж.Наурызбай «Этномәдени білім беру» терминін «білім беру саласында этномәдени мүдделерді асыру» ұғымын категориялық тұрғыдан құру тұрғысынан қарастырады. «Этномәдени білім беру – тұлғаның этномәдени біртектілігін сақтай отырып, өзінің ана тілі мен мәдениетіне әлемдік мәдениет құндылықтарын игере отырып жақындастыруға бағытталған оқыту мен тәрбиелеу жүйесі», деген өз анықтамасын ұсынған. Этномәдени білімділік жасөспірім тұлғаның әлемдік өркениет жетістіктері мен дәстүрлі мәдени мұраны игерумен қатар белсенді қолданып, өзінің этникалық біртектілігін сақтап және дамыта отырып, жалпымемлекеттік құндылықтарды қабылдауы арқылы жүзеге асады. Сонымен, этномәдени білім беру – этникалық мәдениетке бағытталған, білім беру мазмұнында ана тілі, халық дәстүрлері, табиғи түрде кіріккен қазақстандық мәдениет пен әлемдік мәдениетке иек артатын білім беру идеологиясы, педагогикалық жүйе, мектеп өмірін ұйымдастыру формасы болып табылады. Тұлға қалыптасқан жағдайға сай, лайықты, игілікті, жоғары адамгершілік қасиеттерге ие, өзінің этномәдени құзыреттілігі үшін жауапкершілік ала отырып, бағдарлану дағдыларына ие [5]. Этномәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін тек этномәдени қызмет процесінде бағалауға болады. Этномәдени құзыреттілікті меңгерген тұлға жоғары этномәдени білімге, жоғары моральдық қасиеттерге және қалыптасқан жағдайда сай өзін ұстау қабілетіне ие болады. Осылайша, елдің, мемлекеттің тұтастығының темірқазығы – халық педагогикасын зерттеу ісі ғылымдағы қасиетті міндеттердің біріне айналды.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан. – 2.04.2017 ж.; Ұлы даланың жеті қыры//Егемен Қазақстан. –21.11.2018 ж.
2. Бөлесев Қ. Қазақ халқының этнопедагогикасы Оқу пәнінің бағдарламасы. – Жамбыл: ЖамМПИ,1992.-17 б.
3. Құсайынов А.Қ. Алғы сөз // Білім сапасын ғылыми негізде көтеру: Түркістан облысы Ордабасы және Төлеби ауд. 2018-2019 о.ж. жүргізілген эксперименттің қорытынды есептер жинағы. – Алматы: ПҒА, 2019. – 264 б.
4. Таубаева Ш.Т. Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы//Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2020. – № 1 (62). – 4-20 беттер.
5. Королева Г. М. Развитие этнокультурной компетентности педагогов в современной социокультурной среде // Фундаментальные исследования. 2011, № 8. С. 280-283

**Қаналиева А. Ш.**  
*Магистрант*  
**Тұрғынбаева Б.,**  
*Ғылыми жетекші: п.ғ.д., профессор*  
*«7М01101-Педагогика және Психология»*  
*Абай атындағы ҚазҰПУ*  
*Алматы, Қазақстан*

## **ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ**

Елдің ертеңі білімді ұрпақ қолында. Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруді мақсат еткен мемлекетіміздің бүгінгі таңдағы саяси тұрақтылығы мен әлеуметтік-экономикалық дамуы және халықаралық аренадағы алар орыны шетелдік ұйымдар мен сарапшылардың үнемі назарында болуда. Бұл заңды құбылыс. Мемлекет басшысының жуырдағы халыққа Жолдауы ел дамуының бірнеше жылға бағытталған мақсат-міндеттерін айқындап, нақты тапсырмалар беретін саяси құжатқа айналуға. Және айрықша атап айтылған мемлекеттік маңызы бар мәселелердің қоғамда қызу талқыланып, қолдау тауып жатқаны ерекше қуантады. Қасым-Жомарт Кемелұлы, әсіресе, еліміздегі білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформаларды кезең-кезеңімен жүзеге асыру қажеттілігіне тоқталды. Яғни, білім беру саласындағы жаңашыл бастамаларға баса назар аудару қажет. Мен сол бастамалардың бірі - жоғары сынып оқушыларының академиялық ұтқырлығын дамыту мәселесі болуы керек деп ойлаймын. Академиялық ұтқырлық дегеніміз – бұл білім алушылардың немесе оқытушы – зерттеушілердің білім алуға, зерттеу жүргізуге байланысты білім беру бағдарламасының ережеге сәйкес оқуға академиялық кезеңге өтуі [1].

Оқу-тәрбие процесінде жоғары сынып оқушыларының академиялығын дамытудың әдістемелік негізі ретінде аксиологиялық және тұлғалық-белсенділік тәсілдерін қарастырады. Күрделі білім беру нәтижесі ретінде академиялық ұтқырлықтың құрылымдық құрамдас бөліктерінің бірі құндылық қатынастары болғандықтан, оқу процесі аксиологиялық тәсілді ескере отырып құрылады.

Аксиологиялық көзқарас құндылықтардың мәнін түсінуге, құндылықтарды таңдаудың жеке тұлғаның құндылық бағдарларының қалыптасуына ықпалына негізделген. Құндылық бағдары – адамның белгілі бір құндылықтарға бағытталуы. В.А.Сластёнин құндылық бағдарының мынадай тұжырымын береді: қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің белгілі бір құндылықтарына тұрақты қарым-қатынастар түріндегі тұлғаның қоршаған әлемге және өзіне тұрақты қарым-қатынастар жүйесі. Психоаналитиктер жиі назар аударатын инстинктивтік қажеттіліктерден басқа, адамның шындыққа, сұлулыққа, кемелдікке және жан-жақтылыққа деген рухани қажеттіліктері жоғары. Психологтар мен педагогтардың міндеті – адамға осы қажеттіліктерді жүзеге асыруға және белсендіруге мүмкіндік беру.

Адамның құндылықтарды сіңіру процесі күрделі процесс. С.Ф.Анисимов адамның әлеуметтік құндылықтарды қабылдау процесін көп деңгейлі процесс ретінде қарастырады, мұнда тұлғааралық қатынастар деңгейінде құндылықтар объективтіленеді, олар іріктеледі, бағаланады, белсенділікке негізделген интериализация, тұлға ішілік деңгейде адам мойындаған құндылықтар құндылық бағдарларға (қарым-қатынастарға) айналады. Ол үшін оқу-тәрбие процесі дамушы тұлғаға өзінің дамуының жауапты субъектісі ретінде қатынас негізінде құрылады. [2].

Оқушылардың білім беру үдерісіндегі тұлғалық-белсенділік тәсілінің негізгі идеяларын келесі ережелерге келтіруге болады:

- іс-әрекетті ұйымдастыру арқылы білім беру нәтижелерінің дамуын қамтамасыз ету;



– жоғары сынып оқушыларының қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып, оқу процесін құру;

– оқу нәтижесін тұлғалық мән ретінде қалыптастыру.

Тұлғалық-белсенділік тәсілі арқылы оқыту процестері және білім тікелей тұлғаны дамытпайды, олардың белсенді нысандары болған кезде және жоғары сынып оқушысының жетекші іс-әрекет түрлеріне сәйкес мазмұнға ие болғанда ғана, оқушыға мүмкіндік беретін материалды ұйымдастырады. Білімді іздеу және өңдеу, оның мазмұнын, әдістерін таңдау, оқушылардың іс-әрекетінде зерттеушілік бағыттылықты дамытуды ынталандырады. Бұл көзқарас белсенділікті дамудың қажетті құрамдас бөлігі болып табылатын қарама-қайшылықтарды қамтитын процесс ретінде сипаттайды (С. Л. Рубинштейннің, А. Н. Леонтьевтің және т.б. белсенділік теориясы). Тұлғалық-белсенділік көзқарасы тұлғаның сфераларының қалыптасуының шарттары ретінде белсенділікті дамытудың тетіктерін анықтайды. Осыған байланысты білім беруде оқушылардың академиялығын дамытуға жағдай жасау бойынша педагогикалық қызметті қарастыру қажет. Аксиологиялық және тұлғалық-белсенділік тәсілдерінде жалпы білім алушылардың академиялығын дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған педагогикалық іс-әрекет маңызды болып табылады.

Жоғары сынып оқушыларының академиялығын дамытуды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды қамтамасыз ету үшін оқу процесін құруда тұлғалық-белсенділік және аксиологиялық тәсілдер принциптерін ұстану қажет. Жоғары сынып оқушылары тұлғасының даралығын қалыптастыруға жағдай жасайтын оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, даралық принципі қалыптасады [3]. Соған байланысты жоғары сынып оқушыларының академиялығын дамытудың бірнеше шарттарына тоқталғанды жөн көрдім.

Бірінші шарт – жалпы білім беретін мектепте жоғары сынып оқушыларының академиялығын дамытуға бағытталған оқу-тәрбие процесінің вариативтілігі. «Өзгергіштік» түсінігінің мәнін нұсқалардан тұратын бірнеше нұсқалармен берілген «вариант» – модификация, әртүрлілік, сәйкессіздік, «айнымалы» сияқты ұғымдардың жиынтығымен көрсетуге болады. «Өзгергіштік» ұғымының мазмұнының негізгі сипаттамаларына көптік, көптүрлілік, сонымен қатар динамизм, өзгермелілік ретінде анықтама беруге болады. Білім беру мазмұнының вариативтілігі – бұл жағдаяттарды шешу барысында оқушылардың білім беру нәтижелерінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін ортаның элементтері. Білім беру мазмұнының вариативті элементі – қатысушылардың субъективті тәжірибесін және жағдайды шешу тәсілдерін (білім, дағды, көзқарас) ескере отырып, жағдаяттарды құру тәсілдері. Вариативтілік оқу бағдарламаларының, пәндік курстардың әртүрлі бағыттылығымен, әртүрлі принциптер мен дидактикалық әдістермен, оқушылардың оқу пәндерін таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі. Қазіргі білім беру мазмұнының вариативтілігі әр оқушының жеке жетістіктерін бағалау, саралап оқытудың икемді ұйымдастыру формаларын енгізу сияқты құбылыстардан көрінеді. Профильдеу «бір нәрсеге белгілі бір бағыт беру» деп түсініледі. Жоғары сынып оқушысының академиялығы келесі қабілеттерден көрінеді:

– болашақ кәсіби қызмет саласын өз бетінше анықтау, ал сондай-ақ жеке тұлғаны өз бетінше құру және іске асыру мүмкіндігі;

– кәсіби салада өзіңізді қызықтыратын нәрсені жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім беру бағыты;

– Жалпы мектеп түлегінің академиялық ұтқырлығы: еңбек нарығын білу, осы өмірлік кезеңде кәсіби өзін-өзі анықтау, пәндерді зерделеу деңгейін таңдауды жүзеге асыру (базалық – тереңдетілген) пәндер (міндетті – қосымша), білім алу нысандары (күндізгі, күндізгі-сырттай, сырттай), конкурстық іс-шаралар, олимпиадалар, білім алу орындары. Осы кезең аясында жоғары сынып оқушысында оның білімге деген жеке құндылығы қалыптасады. Қалыптасқан құндылық қатынасына сәйкес жүзеге асырылады: білім беру және өзіндік білім алу. Осылайша, оқушы академиялығының дамуы жас ерекшеліктеріне байланысты оның компоненттерінің өзгеруі [4].

Ресурстардың кооперациясына байланысты жоғары сынып оқушыларының академиялығын даму процесін қарастыра отырып, ұйымдастырудың үш формасын ажыратамыз: мектепшілік ұйым, желілік және кластерлік.

Жоғары сынып оқушыларының академиялығын дамыту үдерісін мектепшілік ұйымдастыру бір оқу орнының (Ю. А. Конаржевский, В. С. Лазарев, А. М. Моисеев, М. М. Поташник, П. И. Третьяков, Т. И. Шамова) ресурстарын пайдаланады және таңдауға мүмкіндік береді. Базалық және тереңдетілген деңгейлердегі пәндік бағдарламалар, таңдау пәндері, элективті курстар арқылы, сондай-ақ конкурстық іс-шараларға қатысу арқылы жеке білім беру бағытын жобалау кезінде білім беру мазмұнының маңыздылығы оқушылардың академиялығы дамуына көмегі зор. Екі немесе одан да көп оқу орындарының, сондай-ақ әлеуметтік серіктестердің ресурстарын тартуды көздейтін академиялық ұтқырлықты дамыту үдерісін желілік ұйымдастыру өте терең зерттелген (Т. П. Афанасева, А. Б. Вифлиемский, М. П. Гурьянова, Н. В. Немова, Д. А.Новикова, А.А.Пинский және т.б.) және тәрбие тәжірибесіне кеңінен енгізілген. Желілік ұйымға бірнеше оқу орындарының ресурстарын тарту жоғары сынып оқушыларының білім алу мазмұнын ғана емес, сонымен қатар білім алу орнын (оқу мекемесін) таңдауына мүмкіндік береді. Білім беру кластері бойынша біз салалық кәсіпорындармен серіктестікпен біріккен жалпы және кәсіптік білім берудің өзара байланысты мекемелерінің жиынтығын айтамыз (Громыко Ю.В., Смирнов А.В., Яворский О.Е.) Кластердің ең маңызды мақсаты – даму болып табылады. Бұл шаруашылық субъектілері мен оқу орындарының ресурстарын біріктіру арқылы жүзеге асуы керек.

Жоғары сынып оқушыларын мыналар ынталандырады: білім алу мерзімін таңдау мүмкіндігі, оның сапасын сақтау немесе жақсарту кезінде оларды қысқарту мүмкіндігі, кәсіптік дайындыққа кепілдік беру және түлектердің жұмысқа қабілеттілігін арттыру. Жоғары сынып оқушысының академиялығын дамыту үдерісін кластерлік ұйымдастыру білім беру мазмұнының әртүрлі деңгейін, оның негізінде білім алуға болатын әртүрлі білім беру мекемелерін, сондай-ақ маневр жасау мүмкіндігін беру арқылы білім алу мерзімі, білім беру мазмұнын, оны алу орнын, сондай-ақ оны оқытуға кеткен уақытты таңдау мүмкіндігін жасайды және тәжірибесін қалыптастырады. Академиялықты дамыту үдерісін кластерлік ұйымдастыру оқушыларға оқитын орнын, білім алу жоспарланған уақытты, сондай-ақ оқу пәндерін таңдау мен оқу пәндерін меңгеру деңгейін барынша кең таңдауды қамтамасыз етеді. Сонымен, әртүрлілік, вариативтіліктің сипаттамасы ретінде оқушыға пәндер тізімін, осы пәндерді (базалық немесе тереңдетілген) меңгеру деңгейін, сондай-ақ элективті курстарды, орнын және уақытын таңдау мүмкіндігін жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Вариативтілікті қамтамасыз етудің маңызды ресурсы жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандартында қарастырылған сыныптан тыс жұмыстар болып табылады, олар: экскурсия, үйірме, секция, конференция, дизайн, ізденіс және ғылыми зерттеулер және т.б. түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Вариативтілік оқушыға жеке оқу жоспарын, жеке білім беру бағдарламасын құру (қажет болған жағдайда түзету, өзгерту), жоғары сынып оқушыларының академиялық ұтқырлығының барлық құрамдастарын дамыту арқылы таңдау тәжірибесін алу мүмкіндігін тудырады [5].

Екінші шарт – мұғалімдердің жаңа кәсіби функциялары арқылы жеке білім беру бағытын таңдауға педагогикалық қолдау көрсету. Таңдау – қолжетімді баламаларды салыстыру үшін негіздер мен семантикалық критерийлерді құрудың және осы салыстыруды іштей жүзеге асырудың ішкі әрекеті. Таңдау қызметі альтернативті (олардың субъект үшін мағынасы) құру процесіне негізделген, яғни. өмірлік оқиғалардың өзара байланысының қиялдық бейнесін құру және бұл суретті болашаққа экстраполяциялау.

Сонымен, таңдау баламалардың ішінен ең қолайлысын анықтаудың күрделі ішкі әрекеті болып табылады. Таңдау адамның өмірдің әртүрлі аспектілеріне құндылық қатынасын дамытуға негізделген. Жеке білім беру бағытын таңдау оқушының оқу мүмкіндіктеріне, қызығушылықтарына, қажеттіліктеріне байланысты. Белсенділік көзқарасы тұрғысынан педагогикалық қолдау – адамның өмірлік іс-әрекетінің субъектісіне айналуына көмек көрсету. Оқушылардың таңдауын педагогикалық қолдаудың мақсаты – жоғары сынып оқушыларының

санасында одан әрі даму үшін жеке білім беру бағытын таңдау барысында туындайтын мәселелерді шешу жолдарын үйрену керек деген ойды қалыптастыру. Педагогикалық қамтамасыз ету мұғалімнің оқушының оқу немесе өмірлік жағдаятта саналы таңдау жасауына қажетті жағдайларды жасауын білдіреді (проблемалық жағдайда адекватты реакция, ақпарат көзін іздеу және пайдалану, желіні таңдау).

Жоғары сынып оқушыларының академиялығын дамыту процесінде жеке оқу жоспарын, жеке білім беру жобасын жүзеге асыруға және жеке білім беру бағыты бойынша үлгерімге байланысты барлық өзекті мәселелерді шешетін мұғалімдер қолдау көрсетеді. Басқару, жобалау, техникалық қызмет көрсету, технологияландыру, кеңес беру, модельдеу, бағалау, емтихан мәселелерін шеше отырып, мұғалім педагог-менеджер болады. Педагогикалық қолдау әдетте «жүйелі түрде ұйымдастырылған ғылыми психологиялық-педагогикалық білімнің дамыған түрі, оның құрамдас бөліктерінің қарым-қатынастары мен маңызды байланыстары туралы тұтас көзқарас» ретінде қарастырылады: яғни, оқушының тұлғалық өсуіне, ашық қарым-қатынасына көмектесу (VI. Слободчиков, I Д. Фрумин); жоғары сынып оқушысын өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі дамыту процесінде сүйенетін әлеуметтік-мәдени және адамгершілік құндылықтармен таныстыруға бағытталған мұғалім қызметінің ерекше саласы (А. В. Мудрик); болжамды педагогикалық қолдау (П. А. Елканова); мектеп оқушыларын оқытудың жеке білім беру бағытын тиімді жүзеге асыру шарты (М. Г. Остренко); жастардың әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтау саласындағы мұғалім қызметінің бағыты (Н. С. Пряжников, С. Н. Чистяков).

Сыныптан тыс жұмыстарды сапалы орындау үшін кеңес берудің маңызы зор. Кеңес беру – жоғары сынып оқушыларының өз бетінше әрекетіне оң өзгерістер енгізуге және проблемаларды шешуге бағытталған педагог-кеңесші мен оқушының арнайы ұйымдастырылған өзара әрекеті. Оны тікелей байланыста да, қашықтан да жүргізуге болады. Оқытудың мұндай моделіндегі мұғалімнің негізгі мақсаты – мамандандырылған жеке білім беру бағдарламасын жүзеге асырумен байланысты мәселелерді шешу үшін қажетті іс-әрекет әдістерін қалыптастыру. Консультация берілетін тақырыпқа байланысты сарапшылық, жобалық, процесстік кеңестер болады. Оқытушы-модератор оқушының мүмкіндіктерін, оның қабілетін ашуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады. Модерация еркін қарым-қатынас, пікір алмасу, пайымдау үдерісін ұйымдастыруға көмектесетін және оқушының ішкі мүмкіндіктерін жүзеге асыру арқылы шешім қабылдауға жетелейтін арнайы технологияларды қолдануға негізделген. Модерация оқушылардың ішкі әлеуетін ашуға, жасырын мүмкіндіктер мен іске асырылмаған дағдыларды ашуға, бар проблемалар мен күтулерді анықтауға, оқу процесін талқылауды ұйымдастыруға, жолдастық ынтымақтастық ахуалын орнатуға, өмір бойы білім беру субъектілері арасындағы қарым-қатынасты орнататын делдал болуға мүмкіндік береді және сыныпта академиялық ұтқырлықтың қалыптасуы мен дамуына ықпал ету. Таңдау шартының орындалуын қамтамасыз ету үшін жоғары сынып оқушысының баламалы нұсқалары, өзгермелілігі болуы қажет.

Үшінші шарт – жоғары сынып оқушыларының академиялығын дамыту нәтижелеріне мониторинг жүргізу. Мониторинг барысында білім беру нәтижесінің динамикасы қадағаланса ғана оқу жетістіктерін бағалау шынайы объективті бола алады. Мониторинг деп білім беру үдерістері мен нәтижелерінің қойылған мақсатқа сәйкестігі туралы жеткілікті толық ақпарат алу үшін білім беру сапасының маңызды сипаттамалары туралы мәліметтерді үздіксіз жинау, өңдеу, талдау және түсіндіру жүйесі түсініледі. Мониторинг тек бақылау мен бағалауды ғана емес, сонымен қатар оқушылардың оқу нәтижелеріне жетуін талдауды, түзетуді, болжауды көздейді [6].

Жоғары сынып оқушысының академиялығы дамуының сыни деңгейі оқушының оқуын жалғастыру қажеттілігінің жоқтығын, оқуды бітіргеннен кейін оқуын жалғастыруға ынтымақтың жоқтығын көрсетеді. Оқушы оқу іс-әрекетін қалыптастырады, бірақ іс-әрекеті оңтайлы емес, нәтиже күткен мақсатқа сәйкес келмейді, сәтсіздіктердің себептерін адекватты түрде бағалай алмайды, өнімді әрекетті жүзеге асыра алмайды.

Жоғары сынып оқушыларының академиялығы дамуының орташа деңгейі – оқушыда үздіксіз білім алудың сыртқы мотивтерінің басым болуымен анықталатын деңгей, студент оқуды аяқтағаннан кейін кәсіптік білім аруды жоспарлайды, бірақ қажет болған жағдайда ғана оқуын жалғастырады.

Жоғары сынып оқушыларының академиялығы дамуының жоғары деңгейі оқушының үздіксіз білім алуға ішкі мотивтерінің, саналылығының және үздіксіз білім алуға оң көзқарасының басым болуын болжайды.

Адамның жаңа білімді, дағдыларды игеруі немесе оларды өзгерту, жаңа әлеуметтік тәжірибе алу әдетте оқу нәтижелері болып келеді. Жоғары сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінің себептері, оның барысында академиялығы дамып, танымдық мотивтер болуы мүмкін [7].

#### ӘДЕБИЕТ

1. Тоқаев Қ. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі: Жолдау, 2021. С. 3 <https://kaz.zakon.kz/5081129-asym-zhomart-to-aevty-aza-stan-hal-yna.html>
2. Звонников В. И., Челышкова М. Б. Современные средства оценивания результатов обучения: Учеб. пособие. М.: Академия, 2007. С. 203
3. Никитина, Е.А. Педагогические условия формирования профессиональной мобильности будущего педагога: дис. ... канд.пед.наук: 13.00.01./ Е.А. Никитина. – Иркутск, 2007. – 180с. <https://www.dissercat.com/content/razvitie-akademicheskoi-mobilnosti-u-starsheklassnikov-srednei-shkoly>
4. Котмакова, Т.Б. Личностная мобильность как основополагающее качество будущего специалиста/ Т.Б. Котмакова// Психология и педагогика: методика и проблемы практического применения: сб. материалов VII Всероссийской научно-практической конференции/ под общ. ред. С.С. Чернова. Новосибирск, 2009. С.119-124.
5. Котмакова Т.Б. Педагогические условия развития личностной мобильности. Научные проблемы гуманитарных исследований. Институт региональных проблем российской государственности на Северном Кавказе № 11 / 2009 <https://xn--c1arfgu.xn--p1ai/sites/default/files/files/dis/8055/dissetaciya.pdf>
6. Кочетов А.И. Самовоспитание подростка. Свердловск: Средне -Урал. Кн. Изд-во, 1967. – 167с.
7. Кузьмин, А. В. Управление академической мобильностью как фактор развития международной интеграции в образовании: диссертация к.э.н./ Кузьмин А. В.- СПб, 2007

**Ташкенбаева Б. Ж.**

*Әл-фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
Шығыстану факультеті, Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушысы*

**Нұрыш Д. Е.**

*Әл-фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
Шығыстану факультеті, Қиыр  
Шығыс кафедрасының корей тілі мамандығының 4 курс студенті*

## ОҢТҮСТІК КОРЕЯ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

ҚР «Білім туралы» Заңының 24 бабында ересектерге білім беру қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білімдер мен дағдылардың қосымша көлемін алуға, ересек адамдардың өмір бойы білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған тұжырымдама болып табылады. Осы орайда зейнеткерлердің бос уақытын тиімді ұйымдастырудың маңызы ерекше. «Бос уақыт» дегеніміз – жұмыстан, оқудан бос уақыттың тек өзіне бағыттала, өз бетінше жұмыс істеуіне, сауықтыру мәселелеріне араласуына мүмкіндік беретін уақыт. Адам бос уақытында шығармашылық, ізденушілік, оқырмандық, ұйымдастырушылық және басқа да іс-әрекеттерімен шұғылданады. Бос уақыт адамның қалауына сай ұйымдас-тырылады. Кейбіреулер бос уақытын көркем шығарма оқумен өткізуді қаласа, кейбіреулері телевизор көруді, ал енді біреулері табиғат саясында жан сергіткенді ұнатады.

Заманауи педагогикалық энциклопедияда бос уақыт «адамның бос уақытында өзінің таңдауы бойынша алуан түрлі қызметпен айналысу мүмкіндігі» ретінде түсіндіріледі. Бос уақыт қызметінің алуан түрлерін бес топқа бөлуге болады:

– *тынығу* – шаршағанды басады, адамның физикалық және рухани күштерін қалпына келтіреді (кітаптар оқу, дене шынықтыру, әуен тыңдау және т.б.);

– *көңіл көтеру* – бос уақыт қызметі ретінде біртекті еңбектің орнын басу сипатына ие. Адам көңіл көтере отырып, өзінің бос уақытына еңбекте де, тынығуда да жүзеге асыра алмайтын физикалық және рухани ерекшеліктері мен бейімділіктерін іске асырады (кинофильмдер қарау, мұражайларға бару, концерттер тамашалау және т.б.);

– *мереке* – тынығу мен көңіл көтеруді біріктіреді (халықтық, саяси, діни, кәсіби, отбасылық мерекелері);

– *өздігінен білім алу* – ол адамдарды, әдетте, кәсіби дайындықпен, біліктілікті арттырумен байланысты емес мәдениет құндылықтарына тартуға бағытталады (әдебиет оқу, семинарларға, іскерлік ойындарға қатысу, экскурсиялар, дәрістер, әуен тыңдау және т.б.);

*шығармашылық* – бос уақыт қызметін неғұрлым жоғары рухани деңгейде өткізу.

Г.А. Евреева бос уақыты пайдаланудың негізгі үш деңгейін атап көрсетті:

*біріншісі* – қабілетті дамыту мен шығармашылық мүмкіндіктерін жасаушы әрекеттер;

*екіншісі* – рухани және тән қажеттеліктерін қанағаттандырушы әрекеттер;

*үшіншісі* – шығармашылық және әлеуметтік потенцияны арттыру, және деструктивті (антимәдени) әрекеттер.

XX ғасырдың 50-жылдары француз әлеуметтанушысы Ж. Дюмазядьенің «*қоғамның мәдени даму досугі*» атты контекстік теориясы жарыққа шықты. Педагогика саласында ересектерде оқыту, тәрбиелеу және жетілдіру жүйесін зерттейтін саланы – *андрагогика* дейді.

*Андрогогика* - грек *άνδρ*- (*andr*-), «адам» дегенді білдіреді және *ἀγωγός* (*agogos*), «көшбасшы» деген мағынаны білдіреді. Бұл ілімнің негізін 1833 жылы неміс ағартушысы *Александр Капп* ендірген. Ал ересектерге білім беру теориясынмен айналысқан ғалым Евген Розенсток-Хьюси. 1967 жылы Ноулз ересектерге білім беру теориясын түсіндіру үшін «*андрогогия*» терминін қолданды. Ноулз ересектерді оқытуға мотивация беретін алты теорияны ұсынды:

*Білу керек*: Ересектер бір нәрсені үйренудің себебін білуі керек.

*Қор*: Тәжірибе (оның ішінде қате) оқу іс-әрекетінің негізін ұсынады.

*Өзіндік тұжырымдама*: Ересектер білім беру туралы шешімдеріне жауап беруі керек; қатысу жоспарлау және бағалау олардың нұсқауы.

*Дайындық*: Ересектер бәрінен бұрын пәндерді оқуға мүдделі өзектілігі олардың жұмысына және / немесе жеке өміріне.

*Бағдар*: Ересектерге арналған оқыту проблема-мазмұнға емес, орталықтандырылған.

*Мотивация*: Ересектер ішкі және сыртқы мотиваторларға жақсы жауап береді.

Е.С Авербух өзінің жұмысында егде жаста адамдардың бойында белсенділік төмендейтіндігін, психикалық процестер баяулайтындығын, хал-жағдайы нашарлайтындығын туралы түсінік береді. Қартаю процесінде құбылыстар мен оқиғаларға деген көзқарасы, мүдделердің бағытталуы өзгереді. Көп жағдайларда мүдделер аясы тарылады, күңкілдеу, айналасындағыларға наразылық көбейеді. Сонымен қатар, өткен уақытты идеалдандыру, еске түсіруге деген бетбұрыс байқалады. Қарт адамның бойында өзін-өзі бағалау жиі төмендейді, өзіне-өзі наразы болу, өзіне деген сенімсіздік арта түседі деп айтып өткен.

Ғалым М.Т. Громкованың еңбегінде ересектерді оқытудың әдіснамалық, теориялық, тарихи, жүйелілік, жаңа модельдік үлгісі ұсынылған. Ересектер және ересектік туралы адамдардың биологиялық, әлеуметтік, рухани, құрылымын, ересектер педагогикасының практикалық, қолданбалық аспектісін ашып көрсеткен.

Оңтүстік Корея – өте ұзақ тарихы мен бай дәстүрі бар ел. *Үлкенді сыйлау* – корей этикетіндегі ең маңызды нәрсе. Бұл елге барар алдында ыңғайсыз жағдайға тап болмас үшін

өтініштердің барлық түрлерін мұқият зерделеу керек. Оңтүстік Кореядағы БАҚ-тың хабарлауынша, мемлекет тұрғындарына жүргізілген санақтың жаңа нәтижесі бойынша 65 жастан асқан қарттар халық санының 14 пайызын ұстайтыны анықталған. Бұл Корея қоғамының «Қарттық қоғамға» аяқ басты дейді. Оңтүстік Кореяда қарттардың өмір сүру сапасын жақсартуға көп көңіл бөлінген. Қазақстанның әр қаласында «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» жұмыс жасайды. «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары зейнеткерлер бос уақытын тиімді ұйымдастыруға негізделген. Орталықта «Айкөне», йога жаттығулары, ағылшын тілі, технологиялық сауаттылық пен психологиялық қолдау, сүйемелдеу жұмыстары жүргізіледі.

**ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Колесникова И. А. Основы андрагогики: учеб. Пособие. – М.: Academia, 2003.
2. Змеёв С. И. Андрагогика: основы и теории обучения взрослых.– М.: , 2003.

**Канатов А. К.**

*Тасқала аудандық мектептен тыс жұмыс орталығы,  
педагогика ғылымдарының магистрі*

## **ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ РОБОТОТЕХНИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫЛАРДЫ ДАМУДАҒЫ РОЛІ**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде тандай білуге тиіс. Біз «Тегін техникалық және кәсіби білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастырамыз» деп келтірілген.

Осы міндеттердің жүзеге асуына тікелей ықпал ететін мектептен тыс жұмыс орталықтары деп айтуға болады. Мектептен тыс жұмыс – мектептен тыс мекемелерде оқушылардың әр жақты мәдени қызығушылықтары мен сұраныстарын қанағаттандыру, олардың дербестігі мен шығармашылық қабілетін дамыту, бос уақытын саналы ұйымдастыру мақсатымен жүргізілетін білім беру- тәрбие сабақтары және мәдени-ағартушылық бұқаралық шаралар. Осындай шараларды ұйымдастыруда, кіші мектеп жасындағы балалардың шығармашылық дамуы мен техникалық және кәсіби бағытталуында «Робототехника» үйірмесінің алатын орны зор.

Қазіргі заманғы білім беру мектебі әмбебап білімнің, іскерліктің, дағдылардың біртұтас жүйесін, сондай-ақ білім алушылардың дербес іс-әрекеті мен жеке жауапкершілігінің тәжірибесін, яғни білім беру мазмұнының қазіргі заманғы сапасын анықтайтын негізгі құзыреттерді қалыптастыруы тиіс. Мұғалім үшін-бұл білімді беруден балалардың белсенді танылуына және практикалық тәжірибе алуына жағдай жасауға көшу. Оқушылар үшін-ақпаратты пассивті меңгеруден оны белсенді іздеуге, сыни ойлауға, тәжірибеде пайдалануға көшу.

Кіші мектеп оқушыларының креативті ойлауын дамытуда робототехника сабақтарын ұйымдастырудың маңызы зор. Балалар робототехника сабақтарына өздерінің идеяларымен келеді, оларды жүзеге асырудың барлық мүмкіндігін қарастырады. Педагогтардың міндеті – оларға осы ізденіс барысында көмектесу және қателіктен қорықпауды үйрету. Курсты жүргізетін педагогтар робототехника сабақтары өз оқушыларын жақын тануға, олардың айрықша қабілеттерін, бейімі мен ойлау стилін бағамдауға мүмкіндік бергенін айтады. Бұл әр балаға жеке көзқараспен қарауға да көмектеседі.

Қазіргі таңда бүкіл дүние жүзінде робототехника ғылымы кең қолданыс тауып отыр. Қазақстан дамыған елдер қатарына қосылу мақсатында ғылыми-техникалық прогресстің осы

бір маңызды бағытынан құр қалмауда. Робототехника автоматтандырылған техникалық жүйелерді құрумен айналысатын қолданбалы ғылым болып табылады. Робототехника бағдарлама-лау және механика сияқты пәндерге сүйенеді.

Білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыруда оқыту бағдарламаларын креативті ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Балаларға автоматтандыру үрдісімен, яғни робототехникамен қалай жұмыс істейтінін түсіндіру маңызды. Робот жасау арқылы балалардың креативті ойлау қабілеті дамиды, бағдарлама жасап үйренеді және олардың ғылымға қызығушылығын оятып болашақ мамандыққа баулуға жол ашады. Елімізде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да салаларды дамыту жолға қойылуда [1, 301 б.].

Робототехника (робот және техника; ағылш. robotics – роботика) – роботтардың құрылысымен, жұмысы мен қолдануымен айналысатын, оған қоса олардың басқару, сезіну мен мәлімет өңдеумен айналысатын механикалық, электр және электронды инженерия мен компьютер ғылымдарының біріккен саласы .

Робототехника үйірмесі – бірқатар қиын техникалық пәндерді оқушыларға үйретуде керемет құрал. Мұнда кіші мектеп оқушыларының тек креативтілік ойлау қабілеті жетіліп қана қоймай, сонымен қатар, математикалық, алгоритмдік жалпы қабілеттері мен электронды сызбаларды түсіну, өз ойын нақты және дұрыс жеткізу, проблемаларды түрлі жолдармен шешу, топпен жұмыс жасау секілді басқа да зерттеушілік біліктіліктерін де дамытады. Нәтижесінде оқушылар өз жобаларын жүзеге асыра алады.

Робототехника сабақтары арқылы кіші мектеп оқушылары бір-бірімен әріптесе жұмыс істеуге, бірлесе әрекет етуге, ұжымдық жұмысқа үйренеді. Сабақ кезінде пайдаланылатын бағдарламалардың түсінікті екені де маңызды рөл ойнайды. Бағдарламаның интерфейсі түсінікті де жатық, сондықтан тек білікті оқытушы ғана емес, кез келген бала түсінеді.

Кіші мектеп оқушылары робототехника сабақтарына өздерінің идеяларымен келеді, оларды жүзеге асырудың барлық мүмкіндігін қарастырады. Педагогтардың міндеті – оларға осы ізденіс барысында көмектесу және қателіктен қорықпауды үйрету. Курсты жүргізетін педагогтар робототехника сабақтары өз оқушыларын жақын тануға, олардың айрықша қабілеттерін, бейімі мен ойлау стилін бағамдауға мүмкіндік береді. Бұл әр балаға жеке көзқараспен қарауға да көмектеседі [2, 52 б.].

Робототехника үйірмесіне қатысушы кіші мектеп оқушылары таңғажайып роботтарды дайын үлгі бойынша емес, креативті ойлау қабілетінің көмегімен толықтай өздері сызып, сол бойынша құрастыру жоспарын дайындайды. Оның пішінін, атқаратын қызметін өздері бекітеді. Яғни конструктор робототехниктің бір басына бірнеше функцияларды енгізеді. Осылайша құрастырушы өз қиялын шарықтатып, ойындағы роботын жасап шығарады.

Сонымен қатар, үйірмеге келген оқушылар қолдың икемділігін дамытады және жастайынан зерттеу жұмыстарын өткізуді үйренеді, креативті ойлауын да дамытып, өз қолдарымен түрлі динамикалық ойыншықтарды да құрастыруды меңгереді.

Кіші мектеп жасындағы балалардың креативті ойлауын робототехника сабақтары арқылы дамыту келесі жағдайларда нәтижелі болмақ:

- оқу үрдісімен қатар, ойын әрекеті де кіші мектеп жасындағыларды дамытудың негізгі құралы болып қалуы керек;
- педагог дамытушы ортаны ұйымдастыруы керек;
- жұмыс барысында балалар шешім қабылдаудың барлық технологияларын игерген кезде жобалау әдісін қолдану: сұрақ қоюдан бастап, нәтижені елестете алу қабілетіне дейін;
- балалармен жұмыс барысында креативті іс-әрекеттің барлық түрлерін қамту керек (шығармашылық-сөздік, музыкалық, қолданбаы және т.б.);
- баланы рефлексияға және өз қиялы мен ойын сөздік формада сипаттай білуге үйрету;

– робототехника саласында баланың ізденушілік белсенділігін дамыту: сұрақтар қоюға итермелеу, жауаптар ұсыну, заттың күйінің өзгерісіне байланысты әрекет ету, аралық қорытынды жасау, сәтсіз идеялардан бас тартуға және әрі қарай ізденуге үйрету [3, 208 б.].

Роботтехникасын оқытуға негіз болған басты теориялар бұл оқытудың сындарлы теориясымен конструкционизм (құрастырушылық) болып табылады. Пиаженің пайымдауы бойынша балалар үшін заттарды ұстап көру, олармен амал-шара жасау білім қалыптастыруға көмектесетінін алға тартады (Piaget, 1974).

Паперт атап өткендей, білімді қалыптастыру мейлің ол жағалаудағы құмнан жасалған қамал немесе техникалық зат болсын, оқушылар қоғамдық субъектіні құрастырумен айналысатын ортада тиімдірек жүреді деген ой қосты. (Papert, 1980).

Мұғалімнің рөлі балаларға жаңалық ашуға қатысуға мүмкіндік беріп, оларды сынып жағдайында білім қалыптастыратын құралдармен қамтамасыз етуден тұрады.

Роботтехникасын оқыту балалар оларды қоршаған ортамен тығыз қарым-қатынас жасай отырып, шынайы өмір проблемаларымен шұғылдана алатын оқу ортасын қалыптастырады. Бұл орайда «Роботтехникасы» элективті курсы балалар үшін құрастырушылық оқу тәжірибесін меңгерудің таптырмас құралы бола алады.


Ғылыми әдебиетте робот техникасын оқытуда қолданылатын үш тәсіл туралы баяндалған:

– тақырыпқа негізделген оқыту тәсілі: білім беру бағдарламасының салалары оқуға арналған арнайы тақырып төңірегінде біріктірілген және негізінен зерттеу жүргізу және қарым-қатынас жасау арқылы зерттеледі (мысалы, Detsikas&Alimisis, 2011; Litinas&Alimisis, 2013);

– жобаға негізделген тәсіл: оқушылар шынайы өмірден алынған нақты мәселелерді зерделеу үшін топтасып жұмыс істейді; мысалы, TERECOP атты Еуропалық жоба аясында әзірленген әдістемеді ұсынылған мәселе (TERECOP жобасының қазақша атауы – Мұғалімдерге робот техникасын оқытудағы сындарлы педагогикалық әдістерді үйрету) ([www.terecop.eu](http://www.terecop.eu)) (Alimisis, 2009);


– мақсатқа негізделген тәсіл: балалар әдетте мектептен тыс жерде өткізілетін FIRST Lego League (<http://www.firstlegoleague.org>), RoboCupJunior (<http://www.roboocupjunior.org>), Франциядағы Trophée de Robotique (<http://www.planete-sciences.org/robot~~HEAD=pobj>), Грекияда өтетін Әлемдік робот техникасы олимпиадалары (<http://wrohellas.gr>) сияқты және басқа да робот жасау саласындағы сайыстарға ынталана қатысады.

Робот техникасын оқытудағы басты мақсат – жеке тұлғаның ақпараттық біліктілігінің негізін қалау, яғни оқушыларға ақпаратты жинау әдістерін, сондай-ақ оны пайымдау және тәжірибеде қолдану технологияларын меңгеруге көмектесу. Робот техникасын оқытуды ұйымдастырудың нысандары мен әдістері Сурет-1. Робот техникасын оқытуды ұйымдастырудың нысандары және әдістері.



Сурет-2. Робот техникасын оқытудың формалары.





Робот техникасындағы оқу моделі Робот техникасы курсына әр тақырыпты зерделеу өз модельдерін жинау және бағдарламалауды көздейтін шағын жоба тапсырмаларын орындауды білдіреді. LEGO® Education жинағымен оқыту төрт бөліктен: өзара байланыс, құрастыру, рефлексия және дамыту деген бөлімдерден тұратын цикльді оқу моделін іске асыруды көздейді.

«Өзара байланыс» бөлімі бұған дейін бар тәжірибемен білімдерді жаңадан игерілген біліммен біріктіруге, оқытудың жаңа кезеңі үшін қозғаушы күш, бастапқы нүкте ету мүмкін болғанда, білім қоржыны толығымен дегенді меңзейді. Өзара байланыс орнату кезінде оқушылар жаңа білімді өздерінде бар білімнің «үстіне қосады», осылайша өз танымдарын кеңейтеді.

«Құрастыру» бөлімі модельдерді жинап, идея өндіру дегенді білдіреді. Оқу материалы мен қол «бірге жұмыс істеген» жағдайда жақсырақ меңгеріледі. LEGO Education өнімдерімен жұмыс істеу тәжірибелік оқыту қағидаттарына: алдымен ойлану, содан соң модельді жасауға негізделеді.

Жинақтың әр тапсырмасында «құрастыру» кезеңіне арналған егжей-тегжейлі сипатталған, қадамдық нұсқаулар келтірілген. «Құрастырудың» үш түрі ұсынылады:

1) проблеманы еркін «байқап көру» – оқушылар өз бетінше қарапайым модельдерді түрлендіре және оларды басқара отырып, жаңа ұғыммен танысады;

2) нұсқау бойынша зерттеу – оқушылар егжей-тегжейлі нұсқауларға сүйене отырып, математикалық өңдеу үшін жарамды сандық нәтиже алу үшін қолданылатын модельдерді жасайды;

3) проблеманы еркін шешу – оқушылар қойылған міндетті орындауға қабілетті өз моделін жасайды.

«Рефлексия» ненің жасалғанын, құрылғанын, түрлендірілгенін пайымдауды, алынған білімді ауызша тұжырымдауды, тәжірибе нәтижелерін ұсыну тәсілдерін, оның басқа идеялармен және шешімдермен кешенді қолданылу жолдарын іздеуді білдіреді. Жасалынған жұмыстар туралы ой толғай және пайымдай отырып, оқушылар пән бойынша түсініктерін тереңдетеді. Олар өздерінде бұрыннан бар білім мен жаңадан алынған тәжірибенің арасындағы өзара байланысты нығайтады. Бұл кезеңде мұғалім оқушы жетістіктерін бағалауға керемет мүмкіндік алады.

–«Дамыту» кезеңінде алынған тәжірибені тереңдетуге, креативтілік және зерттеу дағдыларын дамытуға септігін тигізетін неғұрлым күрделі тапсырма орындау көзделеді. Ынталандырушы, түрткі болатын жағдайлар болғанда, оқыту үдерісі анағұрлым жағымды және тиімді өтеді. Оқушының уәжін үнемі арттыра отырып, сәтті орындалған жұмыстан алған рахат сезімін қолдау оларды одан әрі шығармашылықпен жұмыс істеуге жігерлендіреді [4, 254 б.].

Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді.

Робот техникасы сабағында қамтылатын белсенді оқу әдіс-тәсілдері тәжірибелік, эксперименттік, пікірталас, жоспарлау және бағамдау жаттығуларын жүргізіп, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастыруды көздейді. Бұл тәсілдерде оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін сыныпта қолдануға болатын тәжірибелік идеялар қамтылған. Робот техникасы негіздерін үйрету тиімділігі ол сабақтардың ұйымдастырылуына және төмендегі әдістердің қолданылуына байланысты:

Білім – ғылымның адамзат қауымдастығының болашағы үшін атқарар рөлін ештеңемен салыстыру мүмкін емес. Роботтехникасы балабақшадан бастап университетке дейін барлық деңгейде жаратылыстану және техникалық білім беру сипатына айтарлықтай әсер етіп отырған дамушы сала болып табылады. Робот техникасын оқыту оқушылардың қызығушылығы мен ынтасын оятатын, креативті ойлауын дамытатын тартымды оқу құралы ретінде танылуда. Зерттеушілер оқушыларға робот құрастыруды үйретудің педагогикалық тұрғыдан маңызды екендігін дәлелдеп отыр. Оқушылардың робот техникасы саласында білім мен жұмыстың тәжірибелік дағдыларын меңгеруі қазіргі заман адамының жалпы ақпараттық мәдениетінің құрамдас элементі, инженерлік-техникалық шеберлікті одан әрі жетілдірудің негізі болып табылады.

Қорытындылай келе, білім – ғылымның адамзат қауымдастығының болашағы үшін атқарар рөлін ештеңемен салыстыру мүмкін емес. Робот техникасы балабақшадан бастап университетке дейін барлық деңгейде жаратылыстану және техникалық білім беру сипатына айтарлықтай әсер етіп отырған дамушы сала болып табылады. Робот техникасын оқыту оқушылардың қызығушылығы мен ынтасын оятатын, креативті ойлауын дамытатын тартымды оқу құралы ретінде танылуда. Зерттеушілер оқушыларға робот құрастыруды үйретудің педагогикалық тұрғыдан маңызды екендігін дәлелдеп отыр. Оқушылардың робот техникасы саласында білім мен жұмыстың тәжірибелік дағдыларын меңгеруі қазіргі заман адамының жалпы ақпараттық мәдениетінің құрамдас элементі, инженерлік-техникалық шеберлікті одан әрі жетілдірудің негізі болып табылады.

Кіші мектеп оқушыларының креативті ойлауын робототехника арқылы дамыту жолдарын зерттеу жұмысының нәтижелері мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

– Болашақта еліміз цифрлы деңгейге көшу үшін цифрлы сауаттылықты мектеп қабырғасынан бастаған дұрыс. Осыған орай «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында республика мектептері мен қосымша білім беру ұйымдарында «Робототехника» курстарын көптеп ашу қажет.

– Бұл курс – балалардың креативті ойлауын дамытумен қатар, ғылыми-техникалық бағыттағы оқушылардың шығармашылық әлеуеттерін анағұрлым толық ашатын және жасөспірімдердің жеке білім маршрутын жасау мен кәсібін анықтауға бағытталған.

– Кіші мектеп жасындағы оқушылардың робот техникасы саласында білім мен жұмыстың тәжірибелік дағдыларын меңгеруі қазіргі заман адамының жалпы ақпараттық мәдениетінің құрамдас элементі деп қарастырған жөн.

– Креативті еңбекке даярлықта кіші мектеп маңызды орын алады, себебі кіші мектеп шағында осы әрекеттің негізі құралады, қиял мен креативті ойлау дамиды, білімге құмарлық тәрбиеленеді, құбылыстарды бақылау мен талдау іскерлігі қалыптасады, салыстыру мен фактілерді жалпылау, қорытынды шығару, іс-әрекетті тәжірибелі түрде бағалау, белсенділік пен бастамашылдық қасиеттері қалыптасады.

– Робототехника курсы қазіргі таңдағы «шығармашыл қоғамда» жетістікке жету үшін оқушылардың креативті тұрғыда ойлауының, жүйелі түрде жоспарлауының, сын тұрғысынан талдауының, бірлесуді, ынтымақтастық орнатуды, ашық қарым-қатынас жасауды, табанды түрде қайта-қайта жобалауды, үздіксіз білім алуды үйренуіне мүмкіндік туғызады.

– Робот техникасын оқыту оқушының креативті ойлауымен қатар, жеке тұлғасын әлеуметтендіруге септігін тигізеді, оқушыға өз құрдастарымен және педагогтер мен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «тәуекел тобының» балаларын қызықтырады.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Шоланов К.С Основы мехатроники и робототехники: Учебное пособие – Алматы: КазНТУ, 2005. -301 с.
2. Гуревич К.М., Горбачева Е.И. Умственное развитие школьников: критерии и нормативы.-М., 2007. -52 с.
3. Тывес, Л. И. Механизмы робототехники. Концепция развязок в кинематике, динамике и планировании движений / Л.И. Тывес. – М.: Ленанд, 2014. – 208 с.
4. Корягин, А. В. Образовательная робототехника Lego WeDo. Сборник методических рекомендаций и практикумов / А.В. Корягин. – М.: ДМК Пресс, 2016. – 254 с.

**Рустемова А.**

*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің докторанты*

## **ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА СУИЦИДТІ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПЕДАГОГ- ПСИХОЛОГТЫҢ АТА –АНАЛАРМЕН ЖҰМЫСЫ**

Елімізде білім беру жүйесіндегі, кадрлар даярлау саясатындағы, білім берудегі құндылықтық-мақсаттардың өзгеруі, қоғамдағы әлеуметтік сұраныстардың пайда болуынан білім беру үдерісінде бәсекеге қабілетті, құзыретті маман даярлауда жоғары кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру қажеттігін ескертеді.

Педагог-психолог – бұл жоғары психологиялық-педагогикалық білім алған маман, ол білім беру үдерісін психологиялық қамтамасыз етуге, тұлғалық даму мен тиімді әлеуметтенуді қамсыздандыруға, білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, балалар мен жас-өспірімдердің құқығын қорғауға, олардың дамуындағы және мінез-құлқындағы Ауытқулардың алдын алуға бағытталған кәсіби қызметті асырушы. Оның кәсіби деңгейі педагогика мен психологияның ғылыми негіздерінен, түрлі педагогикалық, психологиялық техникаларды меңгеруінен, өзінің кәсіби құзыреттілігінің шегін ұғынуы мен ұсынысы және оларды жүзеге асыру мен салдары үшін жауапкершілігін түсінуінен, психологиялық-педагогикалық мәдениет пен тұлғаның жетілуінен тұрады.

Г.О. Абдуллаева педагог-психолог қызметін білім берудің түрлі салаларында – мектепке дейінгі мекемелерде, мектептерде, арнайы түзету орталықтарында, колледждерде және т.б. жұмыс істейтін маман ретінде сипаттайды. Ол қызмет білім алушылардың психологиялық саулығын сақтау мен тұлғалық дамуына бағытталған. Оның сенімінше, педагог-психолог өзінің кәсіби қызметінде қатысушылардың тұлғалық дамуы үдерісінде пайда болған қиындықтарды психопрофилактикалық, психодиагностикалық, психокоррекциялық, кеңес беру және түзету жұмыстарының көмегімен анықтайды. Ол қатысушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға тұлғалық, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мәселелерін кәсіби және басқа да мәселелерді шешуде көмек көрсетеді. [1]

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2019 жылғы ресми есептерінде жарияланған статистикалық мәліметтерге сәйкес, соңғы үш жылдың ішінде балалар суицидінің саны 37% өсті (оның ішінде құтқарылғандар да бар). Көбінесе 12 мен 14 жас аралығындағы жасөспірімдер өз-өзіне қол жұмсайды. Сонымен қатар, бұл көшедегі балалар

немесе ата-аналары оларға қамқорлық жасамайтын отбасылардағы балалар емес. Бір қарағанда, тіркелген суицидтердің 78% -ында бұл жақсы және өркендеген отбасылардың балалары.

Мамандардың айтуынша, ай сайын, 2-3 жағдай үшін болады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дамыған елдердегі соңғы есептеріне сәйкес, жол-көлік оқиғалары, жүрек-қан тамырлары аурулары, онкологиялық аурулар және жазатайым оқиғалардан тыс суицид бірінші орындарды алып отыр. Сонымен қатар, жер шарындағы суицидтер саны жылдан жылға артып келеді, ал олардың ең көп саны жасөспірім балаларға тиесілі.

Ал, жасөспірімдік кезең- алуан түрлі қарама-қайшылыққа толы, ата-аналардың көпшілігін аландататын, күрделі шақ. Себебі, отбасын да да, мектепте де балалардың агрессиясы үнемі байқалады: дау дамайдың көптігі, олардың көңіл күйлерінің тұрақсыздығы, қоғамға ашықтан ашық наразылық білдіруі, ата-ананың қамқорлығын қабылдамауы неесе ұялшақтық және жасөспірімдік материализм. Жеткіншектердің мінез-құлқындағы мұндай өзгерістердің себебін түсіну үшін, оның психологиялық астарын білу керек. Әсіресе, ата-аналар өздерінің балалары жеткіншек жасқа жеткенде (12-15) жеткен уақыт күрделі, тіпті кейбір жағдайларда неше түрлі қайшылықтарға келетінін түсіну қажет.

Сондықтан да, суицид құбылысы және оны басқару туралы терең білім алу мен ата-аналармен бірге жұмыс қажеттілігі туындайды.

Өз – өзіне қол жұмсауға бейім адамдардың бірден-бір бөлігі психикалық тұрғыдан зардап шеккен, дені сау адамдар болып табылады. Бұл ұғымға 19 ғасырда Француз социологы Э. Дюркгейм анықтама берген: «Қазіргі таңда өзіне-өзі қол салу мінез-құлқы біржақты патологиялық тұрғыдан қарастырылмайды. Бұл әрекет көп жағдайда есі дұрыс адамның мінез-құлқы». [2]

«Суицидалды мінез-құлық» – өзін өмірден айыру туралы көзқарастан туындайтын саналы іс-әрекет деп Е. В. Змановская атап өткен.

Осы мінез-құлық құрылымын былай деп бөліп қарастырған:

- шынайы суицидті іс –әрекет;
- суицидтік көріністер (ойлар, ниет, сезім, пікірлері, тұспалдары) [3].

Суицидтың ең жиі кездесетін кезі 15-24 жас аралығы. Өзін-өзі өлтіруге бармас бұрын, суициденттердің көбі дайындық кезеңі – суицидалды кезеңінен өтеді. Ол кезеңде балалардың қызығушылық деңгейінің төмендеуі, қарым-қатынастың шектелуі, мазасызданғыш, эмоционалды тұрақсыз болуы сипатталады. Дюркгеймнің суицид теориясында адам бір проблемаға тап болған кезде немесе оның өмір сүріп отырған ортасы немесе әлеуметтік топ одан бас тартқан кезде ол өзін- өзі өлтіруге барады деген. Әлеуметтік байланыстардың ерекшеліктерін ескере отырып Дюркгейм суицидтің эгоисттік және альтруисттік сияқты түрлерін бөліп көрсетеді. Тағы да психопатологиялық жағдай негізінен балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтену деңгейі мен қоғамда алатын орнына байланысты да болатынын айтады. Суицидгенді жағдайлар тұлғаның ерекшелігіне, оның өмірлік тәжірибесіне, интелектісі және мінез-құлығымен анықталады. Суицидгенді қақтығыс шынайы себептер арқылы жүзеге асады. Ол тіпті сау адамда кездесуі мүмкін. Қақтығыс себептері субъект үшін ылғи да шынайы болады, сондықтан ол субъектіні ауыр уайым – қайғымен депрессияға ұшыратады. Сол проблемалардың шешілмеуіне байланысты адамдар өз-өздеріне қол жұмсауы мүмкін.

А. Г. Амбрумованың тұжырымдамасы бойынша «Суицидтік мінез-құлық- микросоциалдық қақтығыс жағдайында тұлғаның әлеуметтік-психологиялық дезадаптация салдарынан» деп айтады. [4]

Ғалым А. Е. Личко былай деп жазады: "Жасөспірімдердегі суицидтік мінез – құлық негізінен психиатриясының шекаралық проблемасы, яғни психопатиялар мен мінез акцентуациясы аясында психотикалық емес реактивті жағдайлар». [5]

Суицидальді мінез құлықтың белгілі бір формасы, тәсілі, даму стадиясы, тәуекел факторлары болады. Суицидальді мінез-құлыққа адамның ас ерекшелігі, жынысы, кәсіби ерекшелігі, өмірлік жолы да әсер етеді.

Әр бір жас кезеңдеріне сай суицидальді белсенділік тән болады.

- Жеткіншектік кезең – 12-17 жас;
- Жастық кезең – 17-29 жас;
- Ересектік кезең – 30-35 жас;
- Қарттық кезең – 55-70 жас.

Жеткіншек кезеңде суицидалды әрекеттің себебі – ата-анасы мен мұғалімдерімен, жолдастарымен қақтығысқа бару болып табылса, жастар арасында әсіресе қыздар арасында өздерінің жігітеріне байланысты суицидалды әрекеттерге баратыны анықталған.

Суицидалды мінез-құлықты балалар үйінде және толыққанды емес отбасында өскен, отбасы аралық қақтығыс, әке-шешесінің айырылысуы, отбасылық жылу көрмеген балалар арасында жиі кездеседі.

Кей жағдайда жасөспірімдер ата-аналарының немқұрайлылығы мен педагогтардың олардың проблемаларын шешуге наразылығынан, яғни ересектердің немқұрайлылығы мен қатыгездігінен өзіне-өзі қол жұмсауға барады. Мұндай іске, әдетте, тұйық, жаны нәзік, жалғыздықтан жапа шеккен, өзін ешкімге керексіз сезінетін, жасөспірімдік өмірдің мағынасын жоғалтқан балалар (жасөспірімдер) барып жатады. Сонымен қатар, ата-аналар мен жасөспірімдердің ішімдікке салынуы мен нашақорлық, адамның жеке психологиялық ерекшеліктері, ішкі тұлғалық қақтығыстар өзіне-өзі қол жұмсау және т.б. әрекеттерге алып келеді. Балаларда суицидалды әрекеттер қызбалықтан, күйзелістен туады және ол алдын ала жоспарланбайды. Өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері өмірге өнімсіз (қорғансыз) бейімділігі нәтижесінде – өзінің адамдармен және отбасымен, өз туыстары мен ішкі әлеммен шеттелу негізінде икемсіз қарым-қатынас құруы: өмірлік қиын жағдаяттарды қажетсіз, жөнсіз тәсілдермен шешуге тырысудың салдарынан болады. Жасөспірімдерге өмірлік қиын жағдаяттарда дер кезінде ата-аналар тарапынан психологиялық көмек беру қайғылы жағдайды болдырмауға септігін тигізер еді.

*Ата-аналарға суицидтік мінез-құлықтың алдын алу және алдын алу бойынша ұсыныстар:*

Отбасындағы проблемалар-суицидтің басты әлеуметтік-психологиялық себебі. Өз-өзіне қол жұмсайтын балалар, әдетте, сәтсіз отбасынан, ата-аналар, ата-аналар мен балалар арасында дау-жанжалды, дисфункционалды отбасылардан шығады.

*Жасөспірімдердегі депрессиялық реакциялардың белгілері:*

1. Сабағына, іс-әрекетіне қызығушылықтың төмендеуі, бұрын ұнаған жұмыстарынан ләззат алмауы;
2. Қарым-қатынастан жалтару: мектепке барғысы келмеуі, құрдастарымен қарым-қатынас жасаудан қашу, жеке тұйықталу;
3. Есте сақтау мен зейіннің бұзуылуына байланысты оқу үлгерімінің төмендеуі;
4. Ұйқының және/немесе тәбеттің болмауы (бұрынғыға қарағанда көп/не аз жейді/ұйықтайды).
5. Шаршаңқылық, әлсіреу.
6. Көңіл-күйдің төмендеуі, ашуланшақтық. Өзіндік бағалауының төмендеуі.
7. Дене ауруы: бас, асқазан ауруы
8. Депрессияның көрінісі жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларынан ауытқу болуы мүмкін: дөрекілік, агрессия, үйден қашу, психоактивті заттарды қолдану.

**Суицидтің алдын алу үшін ата-аналарға қажет:**

1. баланың физикалық және психикалық денсаулығына қатысты шешілмеген мәселелерді ешбір жағдайда кейінге қалдырмаңыз.
2. әр қиын жағдайды ұлыңызбен немесе қызымен бірге талдаңыз.
3. баланы ерте жастан бастап өз іс-әрекеттері мен шешімдері үшін жауапкершілікті қабылдауға, іс-әрекеттің салдарын болжауға үйрету. оған "егер не болады..." сұрақ қоюды қалыптастырыңыз:
4. Балаңыз ата-анасына тек өзінің жетістіктері туралы ғана емес, қиындықтары, қорқыныштары туралы айту білуге үйретіңіз.

5. Егер бір жағдайларда бала физикалық және моральдік әлсіздік көрсетсе, оны кемсітпей, қайта оған көмектесіп, қолдау көрсетіңіз, мәселені шешудің мүмкін жолдарын көрсетіңіз.

6. Оның өмірге қауіп төндіретін жағдайда көмек көрсете алатын қызмет орындары туралы хабардар етіңіз, тиісті телефон нөмірлерін жаздырыңыз.

7. Өзіңіздің жұмыс телефон нөмірлерін, сондай-ақ ата-аналары сенетін адамдардың телефон нөмірлерін жазыңыз.

*Суицидті мінез-құлықты балалармен жұмыста ата –анаға ұсыныстар:*

- Суицидті шешудің кілтін табу.
- Қамқорлық қарым-қатынас орнату
- Зейінді тыңдарман болу.
- Дауласпаңыздар.
- Дәлелсіз жұбатуларды ұсынбаңыз.
- Конструктивті көзқарасты ұсыну.
- Үміттендіріңіздер

Қорыта келгенде отбасын жасөпіріммен қарым-қатынасында педагогикалық-психологиялық қолдау, сүйемелдеу процесінде қарым-қатынаста проблеманың (қиындықтың) пайда болу (туындаған мәселені шешу) мәнін түсінуге, оқуда сәтті алға жылжуға, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтауға (қарым-қатынас, балаға күтім жасау, дамыту және тәрбиелеу), оны жеңу әдістеріне ынталандыру, сондай-ақ тәуелсіздік пен өзін-өзі белсенділікке ынталандыру жүзеге асырылады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Абдуллаева Г.О. О профессиональной подготовке педагогов психологов вузах Республики Казахстан. Вестник КазНПУ. №1. 2018.
2. Э.Дюркгейм. Самоубийство: Социологический этюд / Пер. с фр. с сокр.; Под. ред. В.А. Базарова. – М.: Мысль, 1994. – 399.
3. Е. В. Змановская. Девиантология: (Психология отклоняющегося поведения): Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – 2-е изд., испр. – М.: Издательский центр «Академия», 2004.
4. А.Е. Личко. Подростковая психиатрия. –Изд. 2-е Л.: Медицина, 1995. -416с.
5. А.Г. Абрумова. Предупреждение самоубийства. –М.: Просвещение. 1980.-137с.

**Кундыбаева Э. А.**

*Валерий Чкалов атындағы орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші  
/Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Жалпақтөбе ауылы/*

## **ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ОРАЛЫМНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖАҒЫ**

Фразеологиялық тіркестің мағынасы тілдік өлшем болып табылады, өйткені ол мағына тілдің семантикалық жүйесінде белгілі бір фразеологиялық оралымға меншікті бекітілген және олардың объективті мән-мазмұны болып табылады. Міне, осыдан оның құрамы, құрылымы және мағынасы да тұрақтылыққа ие, дайын күйінде қолданылуға икемді. Фразеологиялық оралымдар номинативті қызметпен бірге, эмоционалды-экспрессивті қызмет атқарады. [2]

Фразеологиялық оралымдар бүтіндей тұрақты тіркестің бір тұтас мағынасы мен құрастырушы сыңарлардың мағыналарының арақатысы тұрғысынан ғана емес, құрылымы тұрғысынан екі топқа бөлінеді:

I. Құрылуы жағынан сөйлемге тең фразеологиялық оралымдар. *Мысалы, жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты – табан астынан бәле шықты; қысқа жіп күрмеуге*

*келмейді – кедейлік; шегірткеден қорыққан егін екпес; тақияда тамтығы қалмады – барынан айырылды т.б.* Құрылуы жағынан сөйлемге тең фразеологиялық оралымдар мағынасы тұрғысынан өз ішінде екі топқа бөлінеді:

1. Коммуникативтік фразеологизмдер.
2. Номинативті фразеологизмдер.

Коммуникативті фразеологизмдер құрылуы жағынан да мазмұны да сөйлеммен бірдей келіп, хабарды білдіреді. *Мысалы: Әсіре қызыл тез оңар, шегірткеден қорыққан егін екпес, артына сөз қалдырды, ас иесімен тәтті, ат-тонын ала қапты, жарғақ құлағы жастыққа тимеді т.б.* [1. 237-238]

Тіліміздегі коммуникативтік фразеологизмдердің біразы педикаттық формада қолданылады. Сөйлем құрай отырып, етістікті фразеологизмдердің көпшілігі предикаттық формада жұмсалады. Коммуникативтік фразеологизмдерді мақал-мәтелдер және мақал-мәтел емес, коммуникативті фразеологизмдер деп екі топқа бөлінеді. Предикативті фразеологизмдер жай немесе құрмалас сөйлем құрылымды болып келеді. Олардың өз ерекшеліктері бар, коммуникативтік фразеологизмдердің қызметі коммуникативтік (хабарлау қызметі), олар біріншіден, сөйлемдермен арақатысты, екіншіден, бәрі – предикативтік құрылымды. Құрылымы предикативтік емес фразеологизмдердің арасында сөйлем құрылымдас түрлері кездесе береді. Олардың ерекшелігі мынада. Олар құрылымы тұрғысынан сөйлеммен тек формальды түрде сәйкес келеді де, мағынасы жағынан мүлдем сәйкеспейді. ондай фразеологизмдер тілдегі қызметіне сәйкес номинативтік (атау) мағына беретіндіктен олар бөлек қарастырылады. *Мысалы: мұртын балта шаппайды, жүрегі төбесіне шықты* сияқты номинативтік фразеологизмдер құрылымы жағынан коммуникативтік тұлға емес, яғни сөйлем емес.

Мақал – мәтел сипатты емес коммуникативтік фразеологизмдердің семантикалық құрылымындағы ерекшеліктер. Мақал-мәтел сипатты емес коммуникативтік фразеологизмдер түйдек те, тізбек те болып келе береді. Әсіресе, фразеологиялық тізбектердің ішінде жиі қолданылатындары фразеологиялық компаративтер (салыстыру мәнді фразеологизмдер) болып табылады.

Коммуникативтік фразеологизмдер – мақал-мәтел емес түйдектер: *ел көшті, жау жетті – топалаң болды; сиыр сипағанды білмейді – сыйлағанды түсінбейді; ішінде ит өліп жатыр – ойында не барын ешкім білмейді; адам бұйрықтан қалмайды – ажалдан құтыла алмайды; ажал оғы атылды – өлді; ақ иіліп сынбайды – адал адам жаладан мерт болмайды; ақсақ қой түстен кейін маңырайды – ерте туып, кеш қалу* деген ұғымда.

Коммуникативтік фразеологизмдер – мақал-мәтел емес тізбектер: *кеден-кеден болды, керіс неден болды? – ұрыс-керіс қайдан шықты? Ай артынан ай өтті – уақыт озды; Алла бағын ашты – Құдай жарылқады; Алла жар болды – Құдай қалады, сүйеді; ащы менен тәттіні татқан біледі – көп көрген біледі; ежелгі дұшпан ел болмайды – ата-жау ымыраға келмейді т.б.*

Образды бейнелі коммуникативтік фразеологизмдердің негізіне, тіл заңдарына сәйкес, метафоралық ауыс мағына қаланған. *Мысалы: сақалды құл жарытпас – жылпос әрекет туралы айтылады; сапты аяқтан ас құйып, сабынан қарауыл қарайды – жоқ жерден жау іздеу; суға кеткен тал қармайды – амалы құрыған адам нені болса да көмек тұтады; сілкініп жабағы тай бесті ат болар – жас өсер, жарлы бай болар* деген мағынада.

Жоғарыда келтірілген фразеологизмдердің әрқайсысынан адам ойында қорытылған образды бейнені түсінеміз, әр түрлі құбылыстардың образды бейнесін елестетеміз.

Егер фразеологизмдерді тілдік тұлғалардың қатарына жатқызсақ, тілдік тұлғаларға қойылатын талаптарға мақал-мәтел емес коммуникативтік фразеологизмдер жауап бере алады ма? деген сұрақ туындайды. Тіл білімі теориясы тұрғысынан тілдік тұлғалардың жеті негізгі белгілері болуы тиіс.

1. Тілдік тұлға сапасы жағынан бір объект ретінде көрінуі жіне бөлектенуі тиіс. Коммуникативтік фразеологизмдер сапасы жағынан жеке үлгіні, яғни сөйлем түрінде құрылған тұлғалар, фразеологиялық деңгейдің тұлғалары.

2. Тілдік тұлға, әйтеуір, бір мәнді білдіруі немесе мағынаны білдіруге, анықтауы керек. Аталған фразеологизмдердің әрқайсысының өз мағынасы бар, мағынаны білдіруге тұтас құрамымен қатысады.

3. Тілдік тұлғалар күйінде қайталанып қолданылады. Фразеологизмдердің аталған тобы да дайын күйінде қайталанып қолданылады, олардың құрамында болатын қалыптан ауытқымайтын мағынасын бұзбайды.

4. Тілдік тұлға өзінен жоғарырақ парадигманы құрайды немесе саланы құрайды соның аумағында тұтастығын сақтайды және өзінің парадигмалық, синтагмалық қасиетін іске асырады. Мақал-мәтел емес коммуникативтік фразеологизмдер өзге сөйлемдер құрамында қолданыла алады, сол сала қатарына енеді және өз тұтастығын сақтайды, бір сыңарының парадигмалық өзгерісі арқылы сөйлемнің басқа мүшелерімен синтагмалық қатынасқа түседі.

5. Тілдік тұлға тілдің жалпы жүйесіне енеді. Аталған коммуникативтік фразеологизмдер фразеологиялық жүйенің мүшесі ретінде және сол деңгей арқылы сөйлем құрамына енеді. Сөйлем тілдің қозғалысы және тілдің ең жоғарғы деңгейлік тұлғасы. Сөйлемде тілдік элементтердің бәрі кездеседі.

6. Тілдік тұлға өзінен жоғары тұрған, өзінен күрделірек тілдік тұлғаның құрамына ене алады және тілдік тұлғадан құралады. Басқаша айтқанда, тілдік тұлға басқа тілдік тұлғамен иерархиялық қатынаста болады. Мақал-мәтел емес коммуникативтік фразеологизмдердің тұрақты құрамы тілдік элементтердің жасалған және олар тұтас күйімен өзге сөйлемдердің құрамына енеді.

7. Әрбір күрделі тілдік тұлға өзін құрастырушы элементтерге қарағанда жаңа сапаға ие жүйе болып табылады. Аталған фразеологизмдер өз құрамдарындағы сөздерге қарағанда тұтасымен фразеологиялық сапаға ие тұлғалар, фразеологиялық жүйеге енетін фразеологизмдердің бір түрі. Фразеологизмдердің де өзіндік ерекшеліктері бар.

Образға құрылмаған мақал-мәтел мәнді емес коммуникативтік фразеологизмдерге мынадай сөйлемдерді жатқызуға болады. *Мысалы: өзін бірдеме түртіп жүр – бір жағдайға душар болғалы жүр; соқыр көргенінен жазбас – ұстағанынан айырылмайды; сынықтан басқаның бәрі жұғады – еліктегіш, әуестенгіш мінез жайында; нар жолында жүк қалмас – күштілікті суреттеу, көрпеңе қарай көсіл – шамаңа қара; кімді айтсаң сол келеді; сөз тапқанға қолқа жоқ; тура айтқан туғанына жаұпайды.*

Бұл образды емес жолмен қалыптасқан мақал-мәтел мәнді емес коммуникативтік фразеологизмдердің фразеологиялық қасиетін оларды өзімен омонимдес еркін сөйлеммен салыстырып анықтауға болады. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» сөйлемінің тура мағынасы фразеологизм ретіндегі «еліктегіш, әуестенгіш мінез» немесе «жаман әдетке үйір болу» деген ауыс мағынасын салыстырудан шығатын қорытынды фразеологизмнің мағынасы бейнелі, образды емес мәнде де дамиды. Бұл фразеологизмнің өзіне ғана тән, меншікті мағынасы бар ол мағына образдылыққа құрылмаған, сондай-ақ фразеологизмді құрастырушы сөздердің мағыналары тәуелсіз, өздігінен өмір сүреді. Демес, образға құрылмаған мақал-мәтел емес коммуникативтік фразеологизмдер екі ұдай, екі жақты құбылыс еместігін, сөйлеммен, сөз тіркесімен арақатысты екендігін дәлелдейді. Бір фразеологизм бірден тура және ауыспалы мағына, образды ауыспалы, образға құрылмаған ауыспалы мағына бере алмайды.

Мақал-мәтел емес коммуникативтік фразеологизмдердің образды емес ауыс мағыналы тобының тағы бір ерешелігі мынада. Образды мағына негізінде қалыптасқан фразеологизмдерге қарағанда олар өте тұрақты құрылымымен сипатталады. Бұл фразеологизмдердің грамматикалық құрылымына жасалған кез-келген өзгеріс олардың үйлесімділігін ғана емес сонымен қатар мағынасын да бұзады. Мысалы: «балақтағы бит басқа шықты» дегенді еш өзгерте алмайсың, өзгерткен жағдайда тек соңғы сыңар (етістік) нормаға сай ғана өзгереді. Қалыптан ауытқып қолдану нәтижесінде мақал-мәтел емес фразеологизм мағынасыз сөйлемге айналып кетеді. Бұлар қарапайым сөйлем түрінде ұғынылады. Бұл фразеологизмдердің образды емес мәнде ауыс мағынаға ие болғандығын дәлелдейді.



II. Құрылуы жағынан сөздердің белгілі бір тіркесі болып саналатын фразеологиялық оралымдар. Мысалы: *ер жүрек, кәрі құлақ, көлденең жүрген көк атты, тонның ішкі бауындай, өгіз аяң т.б.* Құрылуы жағынан сөздердің белгілі бір тіркесі болып саналатын фразеологизмдердің ішінде бірнеше түрі бар, олардың ішінде бірыңғай зат есімдердің тіркесінен құралған, бірақ бүтін қалпында сын есім мағынасында жұмсалатын фразеологиялық оралым (су жүрек, оймақ ауыз, су жұқпас т.б.); сын есім мен зат есім тіркесінен құралған фразеологиялық оралым (көк айыл, ақ көңіл, ақ саусақ, ақ тамақ, кең пейіл, сыр мінез, тас бауыр т.б.); зат есім мен етістік тіркесуінен құралған фразеологиялық оралым (ноқтаға көну, ұрты солу, төсек тарту, тон пішу) осындай сөз таптарына қатысты сөздердің тіркесімен жасалған фразеологиялық оралым кездеседі.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аханов К. «Тіл білімінің негіздері». Алматы – 2002ж.
2. Байтелиев А. Қазіргі қазақ тілінің фразеологиясы. Тараз – 2001ж.
3. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің сөздігі. Алматы- 2001 жыл.
4. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы. – 1991 жыл.
5. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы. – 2001ж.

**Опабек А. М.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,  
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану  
мамандығының I курс магистранты*

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІНІҢ САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Білім сапасын арттыру – қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі. Отандық білім беру жүйесінде жүргізілген реформалар мұғалімдердің ерекше қабілеті бар оқушыларға деген көз-қарасын өзгертті. Заманауи мұғалім жалпыадамзаттық білімнің жаңа жүйесін қалыптастыруы, әр оқушының жеке басының бейімділігін, қабілетін дамыта отырып, өз ісінің шебері болуы, баланың бойына адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуі қажет. Әр баланың ерекшелігін аша отырып, баланың жанының қырларын көру өте маңызды. Ол үшін мектептерде өзін-өзі тану сабағы жүргізіледі.

«Өзін-өзі тану» пәні – адамның өзін тануына, өз санасының шекарасын кеңейтуге, оның болмысының қыр-сыры мен нәзіктіктерін түсінуге, осы дүниедегі өз ұстанымын нақты айқындауға, өзінің болашағының үлгісін сауатты құруға көмектесетін пән.

Қазақстандағы «Өзін-өзі тану» пәні жеке тұлғаның одан әрі табысты дамуына қажетті жағдайды бағыттап, жасай алады. Ал адам өзінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауды үйренсе, соңғысын одан әрі өзін-өзі дамыту мақсатына айналдырып, өзін сол қалпында қабылдап, ең бастысы өмірдегі қалауларын дұрыс орналастырса табысты болады.

Өзін-өзі тану пәні жайлы бастапқы әңгімелер мен іс-әрекеттер Қазақстанда алғаш 2000 жылдары пайда бола бастады. Сол жылы тәжірибе алаңы екі балабақшадан, үш мектеп пен бес университеттен ғана тұрды, ал 2010 жылы ол бүкіл ел бойынша 184 оқу орнына өсті. 2010 жыл еліміздегі барлық балабақшаларға, мектептерге, жоғары оқу орындарына «Өзін-өзі тану» пәнін жаппай енгізу жылы болды. Бұл бағдарлама жетекшісі мен оның идеологы Сара Назарбаеваның жобаны қолдауының арқасында мүмкін болды. [1].

Бастапқы кезде сабақтың ұйымдастырылу ережелері: өзін-өзі тану сабақтары аптасына бір рет өтіледі. Кабинеттің міндетті атрибуттары үлкен еден кілемі, аудио-бейне жабдығы, интерактивті тақта болуы керек. Әр сабақ «шаттық шеңберінен» басталады, оның барысында

амандасып, ән шырқалып, өлең оқылады. Бұл педагогикалық әдістеменің мәні әрбір оқушыға өзіне таныс, адамдар рухы жақын достық шеңберге қабылданғандай сезім ұялатау.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты- білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

«Жаңартылған білім мазмұны бұл – мүлде жаңа бағдарлама, оқулықтар, стандарттар және кадрлар» ( Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндігі атты Қазақстан халқына жолдауынан) [2].

Қазіргі заманға сай бәсекеге қабілетті, жан-жақты, әлеуметтік қарым-қатынасқа түсе алатын, білімді оқушыларды тәрбиелеу мақсатында, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мұғалімнің рөлі өзгеруі қажет. Бұрынғыдай мұғалім оқушымен субъект пен объект ретіндегі қарым-қатынас моделін жойып, жаңадан субъект пен объект қарым-қатынас моделіне көшуі қажет. Яғни, мұғалім «білім тасушы» емес «білім әлеміне жол көрсетуші» рөліне ауысады. Бұл динамика мұғалімнің дәрежесін төмендетпейді, керісінше оқушының ерекшеліктерін табуға, оны ары қарай дамытып, сын тұрғысынан ойлауға қабілетті тұлға тәрбиелеп шығуға жол береді. Дәстүрлі сабақ беру мазмұнында мұғалім тоқсан пайыз өзі ақпарат беріп, он пайызын оқушы ізденіп, жауап беруі керек болса, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша рөл керісінше ауысып, мұғалім бағыт-бағдар беруші, ал оқушы ізденуші рөлін атқарады.

Отандық орта білім берудің мазмұнын жаңарту шараларында қазіргі өмірде кең ауқымды қолданбалы дағдыларға – білімді шығармашылықпен қолдануға басты назар аударылады, соның ішінде оқушының сыни тұрғыдан ойлау; ғылыми-зерттеу жұмысы; АКТ қолдану; коммуникативті қарым-қатынас әдістерін, оның ішінде тілдік дағдыларды қолдану; топта және жеке жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру және дамыту міндеттері алға тартылады. Жалпы адамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделген бұл дағдылар оқушыға тәрбиелік және өмірлік сипаттағы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша сабақтарды ұйымдастыруға келгенде, айта кететін маңызды жағдай – арнайы кабинеттің болуы. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу кабинетін жобалау бойынша ұсынымдар әдістемелік ұсыныстар мен жұмыс мазмұнына, пәндік кабинеттерді безендіруге және жабдықтауға қойылатын талаптар негізінде құрастырылады. Мамандандырылған кабинеттің болуы, оның жабдықталуы мен ерекшелігі «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың сапасы мен тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Өзін-өзі тану кабинеті – жалпы адамгершілік-рухани тәрбиені және оның ішінде өзін-өзі тану пәнінің оқу жоспарын жүзеге асыру құралы болып табылатын, сабақтарды ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін орта болып келеді. Өзін-өзі тану кабинеті санитарлық, эстетикалық және оқу-әдістемелік талаптарға сай ұйымдастырылуы қажет. Соның ішінде, мысалыға кабинет түсі ашық, жылы пастельды түстерге боялуы керек, пәнге қатысты ақпараттық стендтер, жарқын, жылы сезім оятатын суреттермен әшекейленуі керек. Оқушылар отыруға арналған парталар шеңбер құрып тұруы керек, жерде жылы кілем жайылуы керек. Цифрлық білім жағдайының ұсыныстары бойынша да электронды тақта, мұғалім үстелінде компьютер, музыкалды динамиктер болуы қажет. 2016-2017 жылдары мектептерге ендірілген жаңартылған білім беру мазмұны бойынша өзін-өзі тану кабинетін ұйымдастырудағы әдістемелік ұсыныстарға осындай ерекшеліктер қосылған. [3].

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша өзгерістер сабақ жоспарын құруға да әсер етті, тіпті түбегейлі өзгеріс енгізді десе де болады. Қазіргі Оқу жоспарының әдістемелік нұсқаулығында ұсынылған үлгі бойынша өзін-өзі тану пәнінің сабақ жоспарын құруда мақсат-міндеттер жаңартылған білім беру мазмұны қойған талаптарға бағынады. Дәстүрлі оқуыдың

кезіндегі сабақ жоспарлары сияқты емес, жоғарыда айтылғандай, арнайы үлгі, жалпы тілмен айтқанда сабақ жоспарын құрудың сүйегі беріледі. Мұғалім сол үлгі бойынша пәнді оқытудың мақсат-міндетін сабақ жоспарына салуы қажет. Бірақ оқушылар жоспар бойынша әдіс, тапсырмаларға қызығушылық танытқан жағдайда жоспарға солай жаздым, міндетті түрде соны орындатуым керек деп емес, мобильді мұғалім рөліне еніп, сабақ барысында кішкене коррективтер жүргізуі керек. Себебі, соңғы мақсат оқушыны жаңа білім мазмұнының талаптарына сәйкес тәрбиелей отырып, болашақта бәсекеге қабілетті қоғам азаматы болатындай қажетті білім беру. [4].

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы бойынша өзін-өзі тану пәніне арналған сабақ жоспарында мынадай ерекшеліктер бар: арнайы үлгі бойынша кесте беріледі, кесте жалпы 2 бөліктен тұрады. Кестенің бірінші бөлігінде стандартты мәліметтер (бөлім, мұғалім аты-жөні, сынып, қатысушылар саны және т.б.), сабақтың аты, оның мақсаты, құндылығы, міндеттері, сапасы туралы беріледі, және мұғалім осы бойынша мәліметтерді толтырады. Өзін-өзі тану пәніне арналған сабақ жоспарының екінші бөлімінде сабақ кезеңі жайлы мәліметтер берілуі қажет. Ол 8 графадан тұрады (позитивті көзқарас, үй тапсырмасын тексеру, жағымды мәлімдеме (цитата), әңгімелеу, шығармашылық жұмыс, топтық ән айту, үйге тапсырма, сабақтың соңғы минуты) және кестеде мұғалімнің әрекеті, оқушының әрекеті болжамданып, жазылады. [5], [6].

Заманауи оқулық оқу үдерісінің ақпараттық-әдістемелік ортасының құрамдас бөлігі болып табылады. Оқулық оқу барысында оқушылардың эмоционалдық-құндылық, әлеуметтік-тұлғалық және эстетикалық дамуын қамтамасыз етеді. Яғни, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқулық білім алудың жалғыз құралы емес, оқушының білімді бойына сіңірудегі, зерттеудегі құралдарының біріне айналды десек те болады. Бұл оқулықтың маңыздылығын жоймайды, керісінше оқушыға базалық мәліметтерді беріп, зерттеулік жұмысының бастамасы ретіндегі құралы, мұғалім көрсеткен бағыт бола алады. Осы мәселені мақсатқа айналдырып, орта білім беру мектептерінің оқулықтарына өзгерістер енгізілді.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша тағы да өзгерістер өзін-өзі тану пәнінің оқулықтарының жаңадан қойылған талаптарға сай басылып шыққаны. Мысалыға 6 сыныпқа арналған өзін-өзі тану пәнінің оқулығы 2018 жылғы 20 маусымда С.Нуркеева, Б.Ш. Алиев, Е. Бақаш авторлығындағы оқулықты басылымға шығаруға беріліп, еліміздің мектептеріне таралды. Оқулыққа үлкен өзгерістер енгенімен, қазіргі замандағы болып жатқан жағдайларға байланысты мәліметтер толықтырылды.

««Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың жаңартылған білім мазмұнында ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық және қиянат жасамау құндылықтарының ізгілікті сипаты айқындалып, жалпы орта білім беру жүйесінде пәнді оқытудың метапәндік әдістемелік жүйесін Р.А. Мұқажанова, Г.А. Омарова, Р. Мұратханова, Р.О. Изғұттынова, Ж.Ж. Әкімбаева, И. Калачева және т.б. негіздеп отыр» [7].

«Өзін-өзі тану» пәнінде мұғалім рөлі маңызды, себебі ол оқушының ішкі жан-дүниесіне жол табуына, өзін танып-білуіне апаратын тұлға. Бұл процесс өте маңызды, жаңадан өсіп келе жатқан баланы өзіне сенімді, жақсының құнын білетін, жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгерген тұлғаға өсуіне жеткізудегі маңызды рөл – өзін-өзі тану пәнінің мұғалімінің басты міндетіне айналады. Ал қазіргі заманда өскелең ұрпақтың жан-жақты дамыған, адал, әрі еңбекқор тұлға болып өсуіне мұғалімдер тек білім ғана беріп қоймай, осы білім артықы тәрбиені де қалдырмай беріп отыруы тиіс. Жаңартылған білім беру мазмұнының басты мақсаттарының бірі осыған келіп тіреледі, мектеп пен мұғалім – білімге бағдар беруші, тәрбиелеуші, ал оқушы тек білім алушы емес, тәрбие нысаны, зерттеуші, ізденуші қасиеттерінің иесіне айналады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. В казахстанских школах предмет "Самопознание" станет обязательным 12 июля 2010, ссылка: <https://www.nur.kz/society/157092-v-kazahstanskih-shkolah-predmet-34samopoznanie34-stanet-obyzatelnyy/>
2. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндігі атты Қазақстан халқына жолдауы, 2018 жылғы 10 қаңтар
3. Национальный институт гармоничного развития человека «МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОФОРМЛЕНИЮ И ОСНАЩЕНИЮ
4. УЧЕБНОГО КАБИНЕТА «САМОПОЗНАНИЕ»», ссылка: <http://midedu.ozin-ozu-tanu.kz/library/-show/id/8160>
5. Есмагулова Г. С. Статья – Каким быть уроку обновленной системы среднего образования РК
6. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы, сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>
7. Национальный институт гармоничного развития человека «Методические рекомендации по составлению плана урока самопознания», ссылка: <http://midedu.ozin-ozu-tanu.kz/library/show/id/8152>
8. Б.А. Әрінова, Қ.Ш. Молдасан, Н.А. Аринова «ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» ПӘНІ ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ МАЗМҰНДЫҚ-ҚҰРЫЛЫМЫ»

**Туралиева Г. А.**

*№1 Алматы қазақ мемлекеттік  
гуманитарлық-педагогтік колледжі,  
Биология пәні оқытушысы*

## ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ

Ғасырлар тоғысында еліміз тәуелсіз мемлекетке айналып, өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуға бағыт алуда. Өркениетті әлемнің тандаулы мүшесі болу – елдің рухани және мәдени қуатына, ғылымы мен біліміне байланысты. Қазақстанның ғылымы мен білімінің стратегиясы ұлттық білім мен тәлім-тәрбие идеяларын сақтай отырып, әлемдік білім кеңістігіне кірумен анықталады. Тұңғыш елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді» десе, ал «Ұлы даланың жеті қыры» атты ғылыми мақаласында тарихи сананы жаңғырту арқылы «Өз тарихына деген мақтанш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру» міндетін қойды [1]. Қазіргі уақытта елімізде қоғамдық өмірдің барлық саласында, оның ішінде, күрделі де қиын саласы – білім мен тәрбие беру жүйесінде де тиімді түрде модернизациялау мен трансформациялау процесі жүріп жатыр. Өйткені ұлттық білім мен тәрбие берудің салаларын жүйелі реформалау зор әлеуметтік-практикалық маңыздылыққа ие. Алайда қазіргі этнопедагогикалық білім мен тәрбие беру жүйелерін түбегейлі реформалау жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың бірлігі негізінде ғана толық жүзеге асуы мүмкін.

Білім беру саласын жүйелі реформалау жаңа әдістемелік тәсілдерді, идеяларды және парадигмаларды қажет етеді. Нақтырақ айтсақ, тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан өз ұлттық білімі мен тәрбие беру саясатын жете зерттеу мен жүзеге асыру сияқты қиын да жаңа мәселелерді алға қойып отыр. Еліміз егемендік жолымен дами бастаған жылдарда біз де әлемдік білім кеңестігіне кіре отырып, олардың озық тәжірибелерінен үлгі алу мақсатында белгілі қадамдар жасадық, басқа елдердің іс-тәжірибелерімен таныстық. Бізге осы елдердегі педагогикалық процестерді оңтайландыру теориясы, дамыта оқыту мен тәрбиелеу, үздіксіз білім беру және жастарды саяси қолдау тұжырымдамалары ерекше қызығушылық тудырды. Сонда байқағанымыз, ХХ ғасырдың аяғына қарай көптеген дамыған елдерде білім мәселесін елдің стратегиялық мақсаттарының бірі деп қарастырып, алдын-ала қамданулары. Мысалы, АҚШ

Президенті жанындағы Ұлттық комиссия «XXI ғасыр үшін американдықтардың білімі», ал Германияда «Білім болашақ үшін», Францияда «Болашақ білімі», Жапонияда «XXI ғасыр үшін білім беру үлгісі» деген ұлттық жобалар жасалған. Мұның бәрі – осынау үшінші мыңжылдықта кез-келген орнықты түрде дамушы елдерде білім беру басымдылығы басты заң болып табылады деген ойды нақтылай түседі. Сонымен білім берудің жаңа парадигмаларының концептуалдық негізі жоғары білімді бай рухани мазмұндылықпен жеке мен жалпының мүддесін икемді үйлестіре алатын гуманистік ойлауды қалыптастыруға ықпал етуі керек. Ендеше, жекелеген этностар өз ерекшеліктерін – тілін, ділін, руханиятын сақтай отырып, әлемдік әлеуметтік кеңістікпен қауышуы қажет.

Ең алғаш жасалынып, Қазақстанның жоғары педагогикалық оқу орындарында пайдаланылған бағдарлама Қ.Бөлеевтің 1992 жылы шығарған «Қазақ халқының этнопедагогикасы» атты бағдарламасы болды. Онда этнопедагогика – ғылым, оның пәні мен міндеттері, қазақ халық педагогикасысындағы тәрбие мақсаттары, принциптері, әдістері мен факторлары, қазақ халық педагогикасының негіздері мен асыл-арналары, қазақ халық педагогикасындағы тәрбие негіздері мен түрлері – қазақтың халықтық дидактикасы және мектептің оқу-тәрбие ісінде халық педагогикасын пайдалану мәселелері берілген [2].

Білім сапасын құраушылардың сапасы жоғары болса білім сапасы да жоғары болады. Осы кезде профессор А.Құсайыновтың формуласына сүйенетін болсақ:  $S_{біл} = S_{ст} + S_{о} + S_{ккб} + S_{мс} + S_{т} + S_{ғзж} + S_{бас} + S_{мтб}$

$S_{біл}$  – білім сапасы;

$S_{ст}$  – білім стандарттары мен оқу бағдарламаларының сапасы;

$S_{о}$  – оқу әдебиетінің сапасы;

$S_{ккб}$  – педагог кадрлардың кәсіби біліктілігінің сапасы;

$S_{мс}$  – білім мониторинг сапасы;

$S_{т}$  – рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы;

$S_{ғзж}$  – ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасы;

$S_{бас}$  – басқару жүйесінің сапасы;

$S_{мтб}$  – материалды-техникалық база сапасы [3]. Бір жолға сыйып кеткен формула арқылы білім сапасының, оқу бағдарламасы мен кешендерінің, рухани тәрбие беру, ғылыми жұмыстардың нәтижелеріне және басқару жүйесінің сапасын анықтауға болады. Профессор, академик А.Қ.Құсайынов білім сапасын көтерудегі ішкі резервтің маңызы атты жазған мақаласында білім сапасын арттырудың қарапайым жолмен мысалын келтіреді. «Бір шелек суды тазарту үшін, алдымен, бір тамшы суды тазартуды үйрену керек. Бұл шындық. Егер біз бір тамшы суды жақсы тазарта алатын болсақ, онда бір шелек суды да, бір тонна, он тонна суды да жақсы тазарта алатын боламыз. Білім беру сапасын көтеру мәселесін де осылай қарастыру керек. Біз, алдымен, бір оқушының білім сапасын көтеруді іске асыра білуіміз керек. Егер бір оқушының білім сапасын көтере алатын болсақ, онда онымен бірге бір сыныпта оқитын барлық оқушылардың, басқа да жүздеген, мыңдаған, он мыңдаған оқушылардың білім сапаларын көтере алатын боламыз. Егер білім сапасы, жоғарыда айтылғандай, барлық жүйе құраушылардың нәтижелілігін көтеру мақсатында жүйелі түрде атқарылған жұмыстардың негізінде көтерілетін болса, онда бір оқушының білім сапасын көтеру үшін осы жүйе құраушылардың сапасын көтеру жұмыстарын сол оқушыға қатысты ғылыми негізде жүйелі түрде жүргізу керек. Сонда ол баланың білім сапасы көтерілетін болады. Бұл оқушылардың білім сапасын көтеру жұмыстарының ғылыми негізде жүйелі түрде жүргізілуі болып табылады», - деп өзіндік пікірін қалдырады.

Адамзат тарихында ұрпаққа тәрбие берудің жалпы адамзаттық идеяларын жүзеге асырып, жаңа педагогикалық жүйенің қалыптасуында өз заманында Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған әлемге әйгілі ойшыл, ғұлама ғалым, ұлттың ұлы кемеңгері кемел адам тұжырымдамасын жасаған Әбу Насыр әл-Фараби мен толық адам концепциясын ұсынған ұлт данышпаны Абай Құнанбаевтың алатын орны ерекше. Әл-Фараби жетілген тұлғаны тәрбиелеу

үшін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген басты қағиданы ұсынды [4].

Ғылыми айналымға этномәдени білім беру тұжырымдамасын ендірген ғалым Ж.Наурызбай «Этномәдени білім беру» терминін «білім беру саласында этномәдени мүдделерді асыру» ұғымын категориялық тұрғыдан құру тұрғысынан қарастырады. «Этномәдени білім беру – тұлғаның этномәдени біртектілігін сақтай отырып, өзінің ана тілі мен мәдениетіне әлемдік мәдениет құндылықтарын игере отырып жақындастыруға бағытталған оқыту мен тәрбиелеу жүйесі», деген өз анықтамасын ұсынған. Этномәдени білімділік жасөспірім тұлғаның әлемдік өркениет жетістіктері мен дәстүрлі мәдени мұраны игерумен қатар белсенді қолданып, өзінің этникалық біртектілігін сақтап және дамыта отырып, жалпы мемлекеттік құндылықтарды қабылдауы арқылы жүзеге асады. Сонымен, этномәдени білім беру – этникалық мәдениетке бағытталған, білім беру мазмұнында ана тілі, халық дәстүрлері, табиғи түрде кіріккен қазақтандық мәдениет пен әлемдік мәдениетке иек артатын білім беру идеологиясы, педагогикалық жүйе, мектеп өмірін ұйымдастыру формасы болып табылады. Тұлға қалыптасқан жағдайға сай, лайықты, игілікті, жоғары адамгершілік қасиеттерге ие, өзінің этномәдени құзыреттілігі үшін жауапкершілік ала отырып, бағдарлану дағдыларына ие [5]. Этномәдени құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін тек этномәдени қызмет процесінде бағалауға болады. Этномәдени құзыреттілікті меңгерген тұлға жоғары этномәдени білімге, жоғары моральдық қасиеттерге және қалыптасқан жағдайда сай өзін ұстау қабілетіне ие болады. Осылайша, елдің, мемлекеттің тұтастығының темірқазығы – халық педагогикасын зерттеу ісі ғылымдағы қасиетті міндеттердің біріне айналды.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан. – 2.04.2017 ж.; Ұлы даланың жеті қыры//Егемен Қазақстан. –21.11.2018 ж.
2. Бөлесев Қ. Қазақ халқының этнопедагогикасы Оқу пәнінің бағдарламасы. – Жамбыл: ЖамМПИ,1992.- 17 б.
3. Құсайынов А.Қ. Алғы сөз // Білім сапасын ғылыми негізде көтеру: Түркістан облысы Ордабасы және Төлеби ауд. 2018-2019 о.ж. жүргізілген эксперименттің қорытынды есептер жинағы. – Алматы: ПҒА, 2019. – 264 б.
4. Таубаева Ш.Т. Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы//Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2020. – № 1 (62). – 4-20 беттер.
5. Королева Г. М. Развитие этнокультурной компетентности педагогов в современной социокультурной среде // Фундаментальные исследования. 2011, № 8. С. 280-283

**Ерімбетова А.Е.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*

*«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс студенті*

## **ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ – ҒАЛАМДЫ ТАНУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫНЫҢ БІРІ**

Өзін-өзі тану адам өміріндегі маңызды шешімдердің бірі. Өзін жақсы көре білу, өз ойын ашық айта алу, өзі не қалайтынын білу алдағы мақсаттармен армандардың орындалуының алғышарттары. Жан-жағына қарап, қоршаған ортасынан қарапайым заттарды қабылдап, тұлға болып қалыптасуда үлкен шеберлік. Қай заманда болмасын, қай кезеңде болмасын адамның әлемді танудағы ең алғашқысы бұл – өзін тану болып есептеледі.

Сонау заманнан философия пәні қалыптаса бастағаннан- ақ өзін-өзі тану үлкен зерттеулердің бірі болды.

Өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту құндылықтарының расталуы көптеген діни, философиялық, психологиялық-педагогикалық тұжырымдамаларда байқалады. Мысалы, Ежелгі Шығыс діндерінде өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытудың біртұтас үйлесімді жүйесі жасалды, ол адамның шынайы мәнін түсіну, ғаламмен бірлікке жету құралы ретінде әрекет етеді. Христиандықта өзін – өзі тану-бұл Құдайдың қағидасының ашылуы, ал өзін-өзі дамыту-сенім арқылы Құдайды түсіну және шіркеудің рәсімдерімен танысу жолы. Гуманистік бағдарланған психология мен педагогикада өзін-өзі тану қажеттілігі адамның ең жоғары қажеттілігі ретінде қарастырылады, оны қанағаттандыру оған өзін толық түсінуге, өмірмен тағдыр тағайындаған миссияны, миссияны орындауға мүмкіндік береді.

[1] Тек осы жағдайда ғана ол өзінің өмірінің мағынасын табады, ол айналасындағылар болуға мәжбүрлейтін адам емес, ол бола алатын адам болады. Дін жолымен де, ғылым жолымен де өзін-өзі тану қоршаған ортамен байланыса алу, біріктіріле алу, өмір сүре алу деп есептелді.

Әр адам өзін өзі қалыптастырады және өзінің өмір жолын таңдайды, басқа адамдармен қарым-қатынас жасайды, ақырында өзі қателіктер жасайды және түзетеді. Сондықтан Ғылым мен практикада қолданылатын "қалыптастыру", "тәрбие" және т.б. ұғымдары шартты ұғымдар болып табылады." Өмір кітабының бірінші беті – Айна" деген сөз бар.[2] Себебі, біз өзімізде түсіне бастағанда, басқа адамдарды да, заттарды да, құбылыстарды да түсіне бастаймыз. Ғалам елдерден, ел қоғамнан, қоғам адамнан тұрады. Біз осы макрокосмоста кішкентай ғана бөлік болғанымызбен, космостық үлкен заттарды өзгерте аламыз. Бізді байланыстыратын да осы. Басқаларды тани отырып, сен оларға деген

көзқарасыңда өзгереді. Бірақта ол нәрсені өзің өзгерте алатыныңды ұмытпау қажет. Жеке өсудің әр түрлі бағыттары барған сайын оқыту қызметтері нарығында пайда болады. Егер 10 жыл бұрын болған нәрсені бүгінгі күнмен салыстырсақ, онда аспан мен жер секілді. Шамамен 10 жыл бұрын, егер қандай да бір бағыт болса, онда бәрі бұл туралы білді және өзін-өзі танумен айналысқысы келетіндердің бәрі онымен айналысты.[3] Бүгінде әр түрлі ақпараттар мен бағыттар қалыптасады. Егер сіз қарасаңыз, онда біреу жеке өсуді, өсіп келе жатқан тұлғаны, денсаулық тұрғысынан хабардарлыққа қол жеткізуді, біреу денені дамыту тұрғысынан, біреу психологиялық тұрғыдан, біреу адам энергиясымен жұмыс жасау арқылы қарастырады. Бірақта барлығында мотив бір. Бұл бізге мектеп пәндері сияқты, барлығы әр түрлі бағытта зерттеледі, бірақ бір мақсат – қоршаған әлемді тану құралдарын беру.

Сонымен, барлық осы бағыттар қайдан пайда болады? Жауап қарапайым, егер бұрын бұл білімнің бәрі жабық болса және ғылым туралы негізгі білімі барлар метафоралық, жұмбақ деп айтқандықтан ешкім түсінбеді. Бұл білім біз қалағаннан тезірек таралады деген қорқыныш болды. Бірақ бүгін түсінгісі келетіндер ғана түсінетіні белгілі болды; тек осы білімді істейтін және белгілі бір деңгейде хабардар болған адамдар ғана. Қарапайымадам тілінде іргелі білім туралы сөйлейтін, кітап жазатын және дәріс оқитын адамдар көп. Ал ең жақсы және түсінетіндер өздері келіп, тереңірек іздей бастайды. «Білуге деген ұмтылыс- бұл адамның ең қуатты қозғалтқышы.» Әлі күнге дейін, сонау әлемді зерттеу туралы ғылымдар пайдаланғаннан бастап, қазіргі өзімізге түсінікті заттарды зерттеу барысында да

«Өзін-өзі тану» әлі күнге дейін зерттеліп келе жатыр. Қаншама еңбектер, қаншама кітаптар жазылса да өзін-өзі танудың соңы жоқ. Бұл болашақтың кілті десекте болады, яғни қоршаған ортанды тани отырып, ол туралы жаңалықтар аша отырып, сен өзінді де тани бастайсың. Айтып өткенімдей әлемді өзгерту үшін – бірінші өзінді өзгертуден бастау қажет. Әлем мемлекеттен, мемлекет қоғамнан, қоғам адамнан құралады. Бұл қайтымсыз парадокс секілді. Тек әлемді өзгертуді мақсат қоймауымыз керек. Әр білімді, ақпаратты, тіпті жаңалықты естігенде өзіңізден бастаңыз. Сол білімді бірінші анық қанығына дейін түсініп, біліп, оның барлық қырсырын түсінгеннен кейін, соңына жетіп, оны қарапайым тілмен де, ғылыми тілмен де, істе қолданып нәтижесін көрген де ғана сіз басқа адамға, сонымен қатар қоғамға үйрете аласыз. Мысалға қарапайым бір жаңалықты ести сала байыбына бармай жатып, шын немесе расын

дәлелдемей жатып айтатын болсақ ол қау өсекке айналатынын білеміз. Сол сияқты әр нәрсені өзіміздің ойлегінен өткізе отырып, түсіндірген ілде қайда тиімдірек. Өзіңді тани отыра

– әлемді түсінудің есігін ашасың. Тұлға болып қалыптаса отырып, қоғаммен қарым-қатынасқа түскенде біз дамимыз. Сол арқылы өз айналамызда қоғамның кіші тобын құрамыз. Олармен қарым-қатынас субъект пен субъектарасындағы қарым-қатынасқа тең. Яғни ақрапат беріп қана қоймай, ақпараталамыз. Барлығын саралап ақ пен қарасын ажыратамыз. Бұл да қоғамға әсер етудің бір жолы деп қабылдасақ болады. Кейбір кезде «Заман өзгерді ме әлде адам өзгерді ме?» деген сұрақ қойып, тығырыққа тірелеміз. Сұрақтың жауабы бір-біріне қарама қарсы боолғанымен ұқсас болады. Адамды уақыт өткендіктен заман өзгертеді. Заманды да адам өзгертетіні рас. Адам өзін дамытып, жетілдіріп, прогресске түседі. Сонымен қатар өзінің айналасындағы қоғамға әсер ету арқылы қоғамды дамытып, жетілдіреді.

Қоғам заманды өзгерту арқылы оның қағидаттары мен заңдарын өзгертеді. Сондықтан да қатып қалған, өзгеріссіз жауабы жоқ. Басқаларды өзгертуді немесе барлығына бірдей әсер ету мүмкін емес, бірақ өзіңді өзгерту әрқашан өзіміздің қолымызда. Өзіңді-өзің танудың мақсаты бірінші «Мен» концепсиясы болғанымен, нәтижесінде әлемді тануға жол ашу. Әрқашан өзіңізден бастау керек. Егер сіз адамға бір нәрсені ұнатпасаңыз, жақтырмайтын болсаңыз, себептерді өзіңізден іздеңіз, өйткені әлем – бұл айна секілді, барлық қуаныштар мен қайғылар сыртта емес, өзімізде: біз адамдарға, оқиғалар мен жағдайларға қалай жауап беретінімізді таңдаймыз. Ойлау тәсілін өзгерткеннен кейін сіздің қабылдауыңыз да, әрекеттеріңіз де өзгереді.

Сонымен, бүкіл әлем өзгереді. Бұл сіз айналаңыздағы барлық нәрсені ойлар мен сезімдердің жаңа "линзалары" арқылы қабылдағаныңыз үшін ғана емес, сонымен қатар сіздің ішіңіздегі өзгерістер ескі үлгілер мен стереотиптердің тұтқыны болған кезде бұрын-соңды болмағандай әрекет етуге мүмкіндік береді.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Еникеев М.И. Общая и социальная психология. – М.: Норма, 2002. 2. Здравомыслов А.Г., Ядов В.А. Отношение к труду и ценностные ориентации личности // Социология в СССР. Т.2. М., 1965. С.189-205.



**2 СЕКЦИЯ**  
**ӘЛЕМДІК ЗАМАНАУИ**  
**МЕКТЕП – МҰҒАЛІМ – ИННОВАЦИЯ**

**СЕКЦИЯ 2**  
**СОВРЕМЕННАЯ**  
**ШКОЛА-УЧИТЕЛЬ-ИННОВАЦИИ**

**Касенова А. С.**  
*Магистрант кафедры педагогики и  
образовательного менеджмента КазНУ имени аль-Фараби*  
**Акрамова А. С.**  
*Доцент кафедры педагогики и  
образовательного менеджмента КазНУ имени аль-Фараби*

## **К ВОПРОСУ ОБ УРОВНЯХ ВНУТРИШКОЛЬНОГО МЕНЕДЖМЕНТА ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ**

Сегодня менеджмент рассматривается как наука, искусство по мобилизации интеллектуальных, материальных и финансовых ресурсов для эффективного и действенного функционирования организации. В управлении соединяются воедино организационно – технические, психолого-педагогические аспекты, связанные с управлением людьми для организации коллектива на достижение общей цели.

В педагогической науке и практике все более усиливается стремление осмыслить менеджмент в образовании, придать ему строгий научно обоснованный характер. В настоящее время термины «образование» и «менеджмент» часто встречаются в совместном контексте. Данный симбиоз понятий позволяет нам окунуться в мир научных познаний педагогического менеджмента. Современная система образования в Казахстане, характеризуется динамичностью своего развития и некоторыми противоречиями. На сегодняшний день в стране существует потребность в квалифицированных специалистах в области педагогического менеджмента. Следует отметить, положительную тенденцию в сфере образования Республики Казахстан, на острый дефицит квалифицированных менеджеров в образовании, как создание многочисленных структур в государственных и негосударственных вузах, ориентированных именно на подготовку новых специалистов в области менеджмента в образовании.

Модернизация системы отечественного образования ставит в приоритет задачу повышения качества обучения и воспитания школьников, успешное и эффективное выполнение которой, в свою очередь напрямую зависит от взаимодействия всех участников целостного педагогического процесса организации образования, прежде всего администрации и педагогического коллектива. На данный момент, отечественная система образования испытывает потребность в формировании высокоэффективной системы управления организацией образования, состоящей из технологий менеджмента, позволяющих обеспечивать достижения целей.

Менеджмент в образовании является особой управленческой подотраслью, имеющей свою специфику и присущие только ей характерные черты. Эта специфика заключается в особенностях предмета, продукта, орудий и результатов труда менеджера образования. Предметом труда менеджера образовательного процесса является управленческая деятельность. Основные компетенции менеджера: способность к системному концептуальному видению ситуации и процессов в области образовательного менеджмента, выбирать и использовать конкретные методологические подходы и принципы при разработке фундаментальной основы исследования; способность актуализировать и систематизировать знания по образовательному менеджменту как отрасли науки и практики; способность выявлять актуальные для образовательной организации проблемы и противоречия и выстраивать логику поэтапных исследовательских шагов по разрешению выявленной проблемы; умение использовать современные методологические инструменты с учетом специфики исследований в области образовательного менеджмента; способность организовать и контролировать поисковую работу и проводить мониторинг профессиональных исследований; готовность прогнозировать результаты собственных решений и действий и осуществлять мотивационный самоменеджмент исследовательской деятельности. Продуктом труда информация о учебно-воспитательный процесс.

Орудием труда является слово, речь. Результатом труда менеджера является уровень грамотности, воспитанности и развития объекта менеджмента – учащихся.

Внутришкольное управление представляет собой целенаправленное, сознательное взаимодействие участников целостного педагогического процесса на основе познания его объективных закономерностей с целью достижения оптимального результата. Взаимодействие участников целостного педагогического процесса складывается как цепь последовательных, взаимосвязанных действий или функций:

- Педагогический анализ;
- Мотивация персонала;
- Целеполагание;
- Планирование;
- Организация;
- Контроль;

Также стоит отметить структурные компоненты педагогической системы в контексте внутришкольного менеджмента – управляющая и управляемая подсистема. К управляющей подсистеме относятся администрация организации образования, педагогический коллектив, социально-психолого-педагогическая служба школы, в то время как к управляемой подсистеме относятся ученический коллектив включая школьное самоуправление, секции и др.

Рассмотрим уровни внутришкольного менеджмента современной образовательной организации в Республике Казахстан, на примере гимназии.

Первый уровень – директор школы, назначен государственным органом или выбранный коллективом, руководители совета школы, ученического комитета, общественных объединений. Этот уровень определяет стратегические направления развития школы.

Второй уровень – заместители директора школы, социальный педагог, школьный психолог, ответственный за организацию общественно полезного труда, старшие вожатые, помощник директора по хозяйственной части, а также органы и объединения, участвующие в самоуправлении.

Третий уровень – учителя, воспитатели, классные руководители, выполняющие управленческие функции в отношении учащихся и родителей, детских объединений, кружков в системе внеклассной работы.

Четвертый уровень – органы классного и общешкольного ученического самоуправления. Этот уровень свидетельствует о субъект-субъектном характере отношений между педагогами и учениками.

Разберем функции и обязанностям основных звеньев внутришкольного управления, согласно данной уровневой классификации.

Директор общеобразовательного учебного заведения выполняет следующие обязанности:

- обеспечивает реализацию государственной образовательной политики;
- представляет интересы учебного заведения в государственных и общественных органах;
- организует учебно-воспитательный процесс, осуществляет контроль за его ходом и результатами, отвечает за качество и эффективность работы педагогического коллектива;
- создает необходимые условия для организации внеклассной и внешкольной работы;
- создает условия для творческого роста педагогических работников, поиска и применения ими эффективных форм и методов обучения и воспитания;
- по согласованию с советом учебного заведения назначает и увольняет своих заместителей, педагогических работников;
- организует в установленном порядке рациональное использование выделенных учебному заведению бюджетных ассигнований;

- несет ответственность за свою деятельность перед учащимися, родителями, педагогическими работниками, и общим собранием (конференцией), основателем, местными органами государственной исполнительной власти.

В обязанности заместителя директора по учебно-воспитательной работе входит:

- организация педагогического процесса, выполнение образовательных программ и государственного стандарта базового и полного общего среднего образования, осуществление контроля за качеством знаний учащихся и их поведением;

- регулирования учебной нагрузки учителей и учеников, составление расписания занятий, руководство методической работой в школе, внедрения педагогических инноваций, стимулирования деятельности учителей в плане повышения уровня педагогической культуры.

Заместитель директора по воспитательной работе (организатор внеклассной и внешкольной работы):

- отвечает за организацию и качество внеклассных и внешкольных мероприятий;

- планирует, организует и контролирует проведение внеклассных воспитательных дел в школе и по месту жительства;

- работает с классными руководителями над усовершенствованием содержания, форм и методов внеклассной воспитательной работы, оказывает им методическую помощь.

Внутришкольный контроль является одним из видов деятельности администрации совместно с представителями общественных организаций по установлению соответствия функционирования и развития всей системы учебно – воспитательной работы школы на диагностической основе общегосударственным требованиям (нормативам). В современных условиях контрольно – диагностическая функция внутришкольного управления должна как никогда, занять особое место в целях стимулирования деятельности учителя и ученика. Сочетание административного и общественного контроля внутри учреждения образования с самоанализом, самоконтролем и самооценкой каждого участника педагогического процесса входит в практику работы школ и других учреждений образования. Процесс управления требует надежной обратной связи управляющей и управляемой подсистем на любом уровне. Именно контроль как технология в различных его формах и методах (способах, средствах и воздействиях) обеспечивает такую обратную связь, являясь важнейшим источником информации для каждого участника процесса.

Недостаточно высокий уровень компетентности преподавательского и административного аппарата препятствует реализации идей менеджмента в учебном заведении. Причинами этого является традиционно сложившаяся система управления и отсутствие побудительных мотивов. Перестройка и связанное с ней развитие – это, прежде всего, интеллектуальный прорыв, повышение теоретической и методической компетентности, изменение взглядов на многие устоявшиеся ценности и традиции, систематическая и продуктивная теоретическая учеба всего коллектива в ПО, стремление осмыслить каждый практический шаг вперед. Управленческая цель: организовать учебу в системе подготовки и повышения квалификации, направленную на подготовку всех членов коллектива к разрешению стоящих перед образовательным учреждением проблем.

Процесс управления предполагает наличие субъекта и объекта. Вопросами управления будут заниматься сотрудники учреждения, реализующие организацию и контроль над целостным педагогическим процессом. На наш взгляд, целью современного менеджера в образовании, должно являться обучение управленческого персонала организации образования грамотно и экологичной налаживать процесс контроля и мониторинга учебно-воспитательным процессом, на всех надлежащих уровнях. Основная задача состоит в том, чтобы улучшить образовательный процесс, повысить его эффективность, оптимизировать трудовые и финансовые затраты, а также сформировать навыки и компетенции управления качеством образования используя все необходимые современные методики и технологии.

## **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

1. Борщева А. В., Ильченко С. В. Оценка эффективности кадровой политики организации // Вестник экспериментального образования. 2017. № 4 (13). С. 41-51.
2. Павлова Е. В., Князева Е. И. Формирование субъективной готовности к риску в процессе профессионализации специалистов сферы «человек-человек» // Современная психология и педагогика: исследование и разработки: сборник докладов Международной научной заочной конференции. Липецк: Гравис, 2011. С.244-251.
3. Лазарев В.С. Системное развитие школы. – М.: Педагогическое общество России, 2002.
4. Моисеев А.М. «Программно-целевое управление развитием образования», М., 2001.

**Айтбаева А. Т.**

*№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжінің ПЦК төрайымы, педагогика пәнінің оқытушысы, п.ғ.м.*

## **КӘСІБИ СТАНДАРТТЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗГІ ДЕНГЕЙІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ЖАҢА ФОРМАЦИЯЛЫ ПЕДАГОГТЫҢ ҮЛГІСІ**

Бүгінде жаһандық қоғамдастықта білімді жаңғырту жүріп жатыр. Бір ғана білім алу өмір бойына жеткілікті болады деген ескі тұжырымдама «баршаға білім беру, өмір бойы білім алу» деген жаңа тұжырымдамамен ауыстырылды.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі мұғалімнен білімн үнемі жетілдірілуін және оқытудың шығармашылық сипаты жағынан өсуін талап етеді. Жаңа Қазақстанға жаңа формацияның жаңа педагогын қалыптастыру үшін жаңа кәсіби мазмұн, жаңа кәсіби даярлық технологиясы қажет, әрі даярлық сапасын арттыруға бірден – бір қызмет етуі керек. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз жаңа форматты педагогтың ғана қолынан келеді. Білім беру жүйесі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті қажет етеді. Өйткені қазіргі жас буын – еліміздің келер күнгі келбеті. Бұл жөнінде Елбасы: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру», – деген тұжырым жасады [1].

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты- бәсекеге қаблетті маман дайындау. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған мұғалімдердің мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен, білім, білік дағдыларының нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық-коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамынан» бағытталған білімге көшуді көздейді. Сондықтан жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім, білік, дағдыларын ғана емес, оның тұлға ретіндегі дамуына талап қоятын-жаңа замандағы жаңа формациядағы педагог кадрларды даярлау мәселесін анықтау. БҰҰ-ның Жаһандық іс-қимыл бағдарламасында: «Мұғалімдер білім беру саласындағы өзгерістерді және тұрақты даму үшін оқытуды жеделдетудің ең маңызды тетіктерінің бірі» деп атап өтілген. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің көрсеткіштерінің бірі оның өздігінен білім алуы қабілеттілігі болып табылады, ол білім беру үдерісінің қазіргі жағдайына қанағаттанбаушылық, жетілмегендігі туралы және өсу мен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу. Мұғалімнің өздігінен білім алуы заманауи педагогикалық идеялар мен технологияларды меңгеруге, оқытушының жеке және кәсіби өсуін қамтамасыз етуге, білім беру сапасын арттыруға және оқушы-

ларды тәрбиелеуге бағытталған ерікті, белсенді, құнды, семантикалық, мотивациялық, шығармашылық кәсіби іс-әрекет ретінде қарастырылады. Мұғалімнің өздігінен білім алуы педагогикалық құндылықтардың, идеялардың, қазіргі заманғы технологиялардың, шығармашылық жағдайлардың, ортақ мәдениеттің тәуелсіздігін меңзейді [2]. Шет елдік өздігінен білім алу тәжірибесін қарастырайық. Ресейде мұғалімдердің өздігінен білім алуын ұйымдастырудың жаңа формаларының бірі желілік педагогикалық қоғамдастық болып табылады. Желілік педагогикалық қоғамдастық – қажетті ақпаратты білетін, өздері туралы айтып, тәжірибе бөлісуді қалайтын әртүрлі өңірлерден келген мұғалімдерге, пікірлес адамдарға арналған интернет-ресурс. Әрбір мұғалім жүйелік қоғамдастыққа қосылып, тәжірибе алмасуға, әріптестерімен сөйлесуге мүмкіндік алады. Қазіргі уақытта әр түрлі виртуалды қауымдастықтар мен мұғалімдердің желілік қоғамдастықтары сәтті жұмыс істейді, мысалы:

- Шығармашыл мұғалімдер желісі: <http://www.it-n.ru>
- Интернет-портал ProШколу.ru: <http://www.proshkolu.ru>
- Интернет-мұғалімдер қауымдастығы. Педкеңес.su: <http://pedsovet.su>

Кәсіби өзін-өзі бекіту **кәсіби стандарттарға** сай келетін және тек мұғалім үшін ғана емес, тұтас алғанда қоғам үшін де құнды болып табылатын қол жеткізілген нәтижені әлеуметтік тану негізінде құрылады. Кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне және құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт болып табылады. [3],[4]. Яғни, бұл нақты бір сала бойынша кәсіби қызметке, еңбек жағдайы мен біліктілік деңгейіне, құзыреттілікке, мазмұнға, сапаға қойылатын талаптар болып табылады. 4 жыл сайын аккредитациялаудан өтпеген оқу орындары кәсіби стандарттарға сай емес оқу орны болып есептелсе, сәйкесінше өз санатын және дәрежесін көтеруге бағытталған Ұлттық Біліктілік Тестілеуіне бармаған немесе «Педагог-сарапшы» бағыты бойынша тесттен өтпей қалған мұғалімнің дәрежесі кәсіби стандарттарға сай емес болып есептеледі.



Қазіргі ғылымның қарқынды дамуы әсіресе психология және педагогикаға байланысты. Вагондар дәуірінде арбаны пайдаланудың қажеті жоқ. Заманауи педагог балаға не қажет екендігін түсініп, бала тілімен бала жүрегіне жол таба білу керек. Мысалы,

#### НЕ ҮШІН ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГ МҰНЫҢ БӘРІН ИГЕРУІ ТИІС?

МҰҒАЛІМ ОҚУШЫНЫ ТЕК ҚЫЗЫҚТЫРЫП ҮЙРЕТІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ОНЫҢ ҚОЛДАНАТЫН ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРЫН ДА ҚОЛДАНА АЛУ КЕРЕК

СУРЕТТЕ: ТІКТОК ЖЕЛІСІ АРҚЫЛЫ САБАҚТАРДЫ ТҮСІНДІРЕТІН ШЕТЕЛДІК МҰҒАЛІМДЕР, СЕБЕБІ ОЛАРДЫҢ ШӘКІРТТЕРІ ТІК-ТОК ЖЕЛІСІНДЕ КӨП УАҚЫТТАРЫН ӨТКІЗЕДІ



Мұғалімнің кәсіби даму технологиясының бірі- заманауи мұғалімнің қалыптасуы мен дамуы үшін кәсіби және шығармашылық тұлға ретінде жоғары біліктілік деңгейі бар жеке білім беру маршруты болып табылады. *Жеке дара білім беру маршруты* – бұл жұмыстың белгілі бір белгіленген кезеңінде педагогтің іс-қимылының құрылымдалған бағдарламасы; бұл педагогтің білім беру саласындағы ресімделген және реттелген педагогикалық технологиялар және педагогикалық іс-қимылды іске асыруға дайындығы арқылы алға жылжу ой-жоспары болып табылады.

Оқытудың жаңа әдістері пайда болып, заманауи педагогикалық технологиялар енгізілуде. Мұғалім барлық жаңартулар туралы біліп, оларды меңгеруі керек. Бірақ барлық мұғалімдер өздерінің деңгейін жақсартуға тырыспайды. Кейбір мұғалімдер жай ғана «қатарда жүрсем болды» деп жүреді. Көптеген адамдар уақыттың жетіспеушілігінен үйрене алмадым деп ақталады. Сондықтан көбінесе мұғалімнің өздігінен білім алуы кәсіби шеберлігін жақсартуға немесе оның жеке тұлғасының дамуына емес, дәптерлерді толтыруға және баяндамалар жазумен ғана шектеледі [5].

Өздігінен білім алу мұғалімнің жеке және кәсіби тұлға ретінде дамуын білдіреді, оның кәсіби құзыреттілігін жақсартуға және кәсіби жеке қасиеттерін, педагогикалық қабілеттерін және практикалық дағдыларын жақсартуға ықпал ететін танымдық процесс.

Мұғалім өзінің педагогикалық тәжірибесін әр түрлі салаларда жетілдіре алады:

- кәсіптік салада (пән туралы білу);
- оқыту әдістемесі саласында (қазіргі заманғы технологияларды игеру, оқытудың жаңа формалары мен әдістері және т.б.);
- білім беру психологиясы саласында және т.б.

Өздігінен білім алу барысында мұғалім түрлі ақпарат көздерін пайдалана алады: Интернетте әдебиеттер мен материалдарды оқу, телебағдарламалар мен бейнебаяндарды қарау, біліктілікті жоғарылату курстарын өткізу, семинарлар мен конференцияларға қатысу, әріптестердің сабақтарына қатысу, тәжірибе алмасу, мастер-класс және т.б.. Бұл жағдайда мұғалім оқудың кез-келген түрін таңдай алады: жеке немесе топтық, дәстүрлі немесе қашықтық.

Мұғалімнің кәсіби қызметі үшін бүгінгі күні білім беруді ұйымдастыруда жұмыс істеуі және тақырыпты білуі жеткіліксіз. Педагогикалық қызмет үшін қоғамның заманауи деңгейінде сіздің кәсіби әлеуетіңізді үнемі жаңартып, жетілдіру қажет.

Біліктілікті арттыру- бұл қазіргі әлемдегі өмірдің жай-күйі. Бүгінгі күні бір ғана мамандықты игеріп, содан соң біліміңіз бен дағдыларыңызды жүзеге асыруға болады. Әлем өзгеруде. Ол бейнебір әрдайым көтеріліп жатқан лифт сияқты. Егер сіз тоқтасаңыз, алшақтық кеңейе түседі. Бүгінгі білікті маман ертеңгі күні қажетсіз болуы мүмкін [6].


## МҰНЫҢ БӘРІ НЕ ҮШІН?

- Заман талабы бойынша педагог – модератор, сарапшы, ұйымдастырушы, әділ баға беруші ғана емес, педагог – **МЕНТОР**.


- Ал **МЕНТОР** – өзінің жүріс-тұрысы, үйренгені, білгені, жетілдіргені арқылы айналасындағы басқа адамдарды да тәрбиелейді, ортақ құндылыққа жетелейді. Бұл Әлемдік жұрырмадағы интеллигенцияның жетілуіне тікелей әсер ететін фактор болып табылады/LS




Осының негізінде қазіргі жаңа формациялы педагогтың портфелінде не болу керек?



Бұл қасиет, сапаларды бойына сіңірген жаңа формациялы педагог моделі



Заманауи жаңа формациялы педагог шәкіртінің, қазіргі түлектің моделі



Өз күш-жігерімен дамудың жоғары деңгейіне жеткен адамды «өзі болған» деп атайды. Өзін өзі тәрбиелеу және өздігінен білім алу – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы болып табылады. Бірақ өзін-өзі дамыту – бұл адамның ақыл-есі мен еркінен тыс объективті процес, өзін өзі тәрбиелеу және өздігінен білім алу- адамның өзіндік сана мен ерік-жігерінің арқасында өзгеру процесі болып табылады. Жаңа форматтағы ұстаз – рухы таза, ой-өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші, өз



бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жаратып, қоғамды өрге өркендетуші, жаңашылдықтың бастаушысы, жүрегі – жылы, көңілі – дарқан адам болуы керек. Өзінен озған шәкірт тәрбиелейтін шебер ұстаз үздіксіз ізденісте болып, қоғам сұранысына сай білімді, шығармашыл болуы қажет. Сонда ғана сапалы білім беру – Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналады.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы
2. Формирование профессиональной культуры учителя. / Под ред. Слостенина В.А. – М., 2000. 52 стр.
3. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша Педагогтің кәсіби стандарты
4. «Таным мәдениеті: өздігінен білім алу және дамытудың жеке жоспары» әдістемелік ұсынымдамалары – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 160 б.
5. Иванова Т. Б. Влияние разнообразных форм самостоятельной работы на повышение профессионального уровня педагога. <http://ds0003.kokshetau.akmoedu.kz/article/view/8bd6379fed6d2def99b93b8e9a6d2a72.html>
6. Куприянова Г.В. Индивидуальный образовательный маршрут. Индивидуализация в современном образовании. Ярославль. 2001.

Сейтқалым А.С.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының*

*1-курс магистранты*

## ПЕДАГОГТАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУЫ- ХХІ ҒАСЫР ТАЛАБЫ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың инновациялық технологиялары пайда болуда.[1]

Қай мемлекетте болмасын білім беру мәселесінің маңызы зор. Бұл түсінікті: ғылым мен техниканың жетілдірілуі, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуы, мәдениет пен өнердегі өзгерістер білімге байланысты. Сайып келгенде, азаматтардың әл-ауқатының деңгейін, олардың құндылықтары мен дүниетанымдық жүйесін айқындайтын білім. Сондықтан ұлттық білім беру жүйесінің артықшылығы мен кемшілігі, оны дамытудың өзекті мәселелері туралы көп айтылып жатуы ғажап емес – бұл мәселелер өзінің жеке басына да, отбасына да, балаларына да қатысты екенін әркім сезінеді.

Жиырма бірінші ғасырда жаңа ғылыми жаңалықтарға, ақпараттандыруға, жаһандануға, астронавтиканың, робототехниканың және жасанды интеллекттің дамуына байланысты елеулі өзгерістер орын алуда. Бұл ғасыр цифрлық технологиялар мен білім ғасыры деп аталады. Жаңа ғасыр дидактика мен оқыту әдістемесіне елеулі өзгерістер енгізді. ХХ ғасыр педагогикасының ХХІ ғасыр педагогикасынан айырмашылығы бар. Жиырма бірінші ғасырдың басынан бері ұлттық және әлемдік білімнің дамуында көптеген өзгерістер болды. Ең байқалатын құбылыс – қазір қоғамның интернеттенуі және цифрлық технологиялардың оқуға енуі. Мектеп оқушыларының қазіргі ұрпағы цифрлық, әлеуметтік цифрлық және Z буыны деген атаулармен белгілі.

Цифрлық технологиялар біздің өмір салтымызды, қарым-қатынас тәсілдерін, ойлау тәсілін, сезімдерін, басқа адамдарға әсер ету арналарын, әлеуметтік дағдыларды және әлеуметтік мінез-құлықты өзгертеді.

«Шығармашылық – жаңа нәрселерді ойлатса, инновация жаңа нәрселерді жасайды» деп АҚШ-тың белгілі экономисті Теодор Левитт айтқандай, инновацияның мына дамыған өркениетте маңызы зор. Инновация – қазіргі істеп жатқан ісімізден тысқары қарап, жұмысымызды жаңаша орындауға көмектесетін жаңа идеяны дамыту. Демек, кез келген өнертабыстың мақсаты – сапасы немесе саны немесе екеуі де болсын, біз істеп жатқан нәрседен өзгеше нәрсе жасау. Елеулі, түрлендіруші әсер беру үшін инновацияны іске қосу керек, ол тез таралуды және кең ауқымды енгізуді талап етеді.

Инновация үш негізгі қадамды талап етеді: идея, оны жүзеге асыру және идеяны жүзеге асыру нәтижесінде пайда болатын және өзгерісті тудыратын нәтиже. Білім беруде инновация жаңа педагогикалық теория, әдіснамалық көзқарас, оқыту әдісі, оқу құралы, оқу процесі немесе институционалдық құрылым ретінде пайда болуы мүмкін, ол жүзеге асырылған кезде оқыту мен оқуда елеулі өзгерістер туғызады, бұл оқушылардың оқуын жақсартуға әкеледі. Сонымен, білім берудегі инновациялар оқудың өнімділігі мен тиімділігін арттыруға және оқу сапасын жақсартуға бағытталған.

Инновациялар адамның кез келген кәсіби іс-әрекетіне тән, сондықтан табиғи түрде зерттеу, талдау және енгізу нысанасына айналады. Инновациялар өздігінен пайда болмайды, ол жекелеген мұғалімдердің, тұтас ұжымдардың ғылыми ізденістерінің, озық педагогикалық тәжірибесінің нәтижесі. Бұл процесс өздігінен болуы мүмкін емес, оны басқару керек. Біртұтас педагогикалық процестің инновациялық стратегиясы жағдайында инновациялық үдерістердің тікелей тасымалдаушылары ретінде мектеп директорының, мұғалімдер мен тәрбиешілердің рөлі айтарлықтай артады. Оқытудың барлық алуан түрлі технологияларымен: дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдік және т.б. жетекші педагогикалық функцияларды жүзеге асыру міндеті мұғалімге жүктеледі. [2]

Білім беруде инновацияның әсерін оқу нәтижелері немесе емтихан нәтижелері, мұғалімнің қалыптастырушы және жиынтық, формальды және бейресми бағалаулары және оқушылардың өзін-өзі бағалауы арқылы бағалай аламыз. Сондай-ақ инновацияны өнімділік (белгілі бір уақытта көбірек оқу нәтижелері), уақыт тиімділігі (бір материалды оқудағы қысқа уақыт) немесе экономикалық тиімділік (бір оқушыға шаққандағы шығынды азайту) деректері сияқты факторлар арқылы есептеуге болады. Басқа бағалаулар мектептің академиялық деректерін, колледжге түсу және мектеп түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткішін, олардың еңбек өнімділігін және мансаптық өсуін қамтуы мүмкін.[3]

Инновациялық оқытудың ерекшеліктері: дамуды күту, күту бойынша жұмыс; болашаққа ашықтық; тұрақты сәйкессіздік, басқаша айтқанда, жүйенің тепе-теңдігі; жеке тұлғаға, оның дамуына баса назар аудару; Шығармашылық элементтерінің міндетті түрде болуы; және серіктестік түрі: ынтымақтастық, бірлесіп құру, өзара көмек және т.б.[4]

Қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектесетіндігі хақ. Инновацияны жете түсініп, инновациялық әдіс-тәсілдерде мектеп өміріне кеңінен енгізу жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алудың бірден-бір шарты болып табылады. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық – психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Бұл заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістерді сабақ үрдісінде тиімді пайдалана алатын білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу керек деген сөз.[5]

Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа әдіс – тәсілдерін тиімді пайдаланып жетуге болады.

Қазіргі заманғы инновациялық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді.

Педагогтардың оқытудың инновациялық әдістерін белсенді қолдануы бүгінгі күннің қажеттілігі болып табылады. Педагогта оқытудың стратегиялары мен әдістері неғұрлым көп болса, соғұрлым ол сабақты қызықты, жан-жақты жүргізеді, оқушының танымдық белсенділігін жақсы ынталандырады, стандартты емес есептерді шешу тәжірибесін қалыптастырады, терендетіп оқытуға және практикалық іс-әрекет технологиясын тұрақты түрде меңгеруге ықпал етеді. .

Жақсы педагог өзінің дидактикалық шеберлігін үнемі жетілдіріп, оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын таңдап, дамытып отырады. Дегенменен, оқыту барысында инновация жемістерін қолдану-қолданбау педагогтың өзіндік шешімі. Қазақта сөз бар ғой, «үйренген жау, атыспаққа жақсы» деген. Сол секілді білім беру жүйесінде өзіміздің бойымызға сіңіп қалаған дәстүрлі оқыту формасымен де оқытуға болады. Әйткенмен де, қазіргі дамыған қоғамның жемістерін пайдалана отырып, білім беру – мына ғасырдағы ең озық шешімдердің біріндей.

Қазіргі білім берудегі жаңа әдістер оқушының өз бетінше білім алуына, танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылығын қалыптастыруға, кез – келген мәселе жөнінде өз пікірінің болуы және оны дәлелдей алуы тағы сол сияқты ықпал ететіндігі белгілі. Осы жаңа әдістерді қолдану кезінде педагогикалық – психологиялық талаптарды біріктіре отырып, оқушының оқу материалын терең игеруіне жағдай жасау қажеттілігі ескерілуі тиіс. М. Жұмбаевтың "Педагогика" деген еңбегінде "Сабақ барысында мұғалім оқушыға тақырыпты жеткізу үшін алдымен балаға жаңа беретін білімді жат күйінше емес, баланың бұрынғы таныс біліміне байлап берсін" делінген. Қазіргі кезде қолданылып жүрген әдістерде бала бұрынғы өзі білетін нәрсенің ерекшеліктерін саралап, оның жетістігі мен қажеттілігі арқылы жаңа білімді алуға ұмтылады.[6]

Жалпы алғанда, сана мен кәсіби іс-әрекеттің субъективтілігі қазіргі педагогика ғылымының принциптерінің бірі болып табылады. Яғни, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану немесе қолданбау мұғалімнің жеке басына, оның әдістемелік құзіреттілігіне, педагогикалық шеберлігіне байланысты. Мұғалімнің біліктілігін арттыру жүйесінің міндеті – осындай қажеттілікті өзекті ету, әдістемелік құзыреттілік қалыптастыру. Мектеп пен жоғары оқу орындарының міндеті – мұғалімдер мен оқушылардың шығармашылығын дамытуды ынталандыру. Мұғалімнің маңызды міндеті – өзінің педагогикалық мүмкіндіктерін үнемі бейнелеу және дамыту; сонда ұстаз үлгісінен әсер алған оқушы белсенді де білікті тұлға болады.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. “ҚР Білім туралы” Заңы
2. Головина Е.О. Инновации в современном образовании // Успехи современного естествознания. – 2013. – № 10. – С. 74-75;
3. Мыңбаева А, Анарбек Н.Қазақстандағы білім беруді ақпараттандыру: Жаңа міндеттер және ғылыми мектептердің одан әрі дамуы. Менеджмент пен маркетингтің халықаралық шолуы. 2016;6(S3): 259-264
4. Мыңбаева А.К., Сәдуақасова З.М. Оқытудың инновациялық әдістері немесе оқушыларды қызықтыру үшін қалай оқыту керек: Оқулық. Алматы: DOIVA; 2007. 341 б.б
5. Ә. Нұрмағанбетова. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу үрдісінде пайдалану. Педагогикалық альманах, №3-4,2010, 64 бет
6. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Оқу құралы. Алматы:Жазушы, 2004, 208 б.

**Касымова Р.С.**

*п.ғ.к., доцент*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Философия және саясаттану факультеті  
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы  
Алматы қ*

**Тілеубекова А. Т.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы  
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»  
мамандығының I курс магистранты, Алматы қ*

## **ӘЛЕМДІК ЗАМАНАУИ МЕКТЕП-МҰҒАЛІМ-ИННОВАЦИЯ**

Мектеп – бұл әрбір ересек белгілі бір уақытта өмір сүретін шағын бір өмір мекені. Бұл біздің өміріміздің негізгі кезеңдерінің бірі. Дүниеде бәрі кішкентайдан басталады, бәрі кішкентай болып туады, содан кейін өседі: кішкентай өскін үлкен ағашқа айналады, сөздер мен сөйлемде ұлы романдарға айналады, бірнеше нотадан керемет әуендер жасалады. Міне, біз өмірді мектепте оқи бастаймыз. Ал содан кейін, ересек өмірде біз өз ойымызға және мектепте алған білімімізге сүйенеміз. Сондықтан жалпы білім беру өте маңызды.

Қазіргі әлем тез өзгеретін динамикалық жүйе. Бұл жүйенің әрбір элементі маңызды буын болып табылады, оның күйі жалпы жүйенің күйін анықтайды. Және осы маңызды буындардың бірі – көптеген әртүрлі іргелі аспектілерді біріктіретін заманауи мектеп.

Атақты американдық әлеуметтанушы Эдвард Шилс өзінің «Дәстүр» атты еңбегінде «дәстүр» ұғымына қатысты бірнеше ойларды өте дұрыс атап өткен. Атап айтқанда, дәстүрді дамыту. Өз сөзінде дәстүрді дамыту – *ең жақсы және ең қолайлы* екенін атап өтеді! Бұл екі түйінді сөз біз инновация деп атайтын ұғымның негізгі мәнін ашады.

Алдымен «дәстүр» және «инновация» ұғымдарының не екенін анықтап алайық. Дәстүр – ұрпақ жинаған, қайта-қайта тәжірибеде сыналған және өзі тәжірибеге айналған тәжірибе. Біздің бүкіл өміріміз дәстүрлермен қапталған: мысалы, атаулы күндер, мерекелер, әртүрлі отбасылық дәстүрлер және т.б. Ал білім алу процесі, шын мәнінде, дәстүр, содан кейін өмір шындығы беретін объективті қажеттілік. Ал осыған байланысты дәстүр кез келген құрылымның ажырамас элементі екені анық.

Дегенмен, дәстүрдің өзі өзін дәлелдеген, өмір сүру құқығын ақтап алған жаңалық екенін айта кеткен жөн. Кез келген дәстүр дамуға бейім. Бұл даму белгілі бір мәселе бойынша бұрын болғаннан өзгеше жаңа көзқарастар мен пайымдардың пайда болуы арқылы ғана жүреді. Ал инновация – бұл оң сапалық өзгерістер тудыратын, бар немесе жаңадан пайда болған мәселелерді шешудің түбегейлі жаңа құралдары, әдістері. [1]

Қазіргі дамыған өркениетте бұрынғыға қарағанда білім беру тәсілдері өзгеруде. Заманауи ақпараттық технологиялар өмірдің барлық салаларында жұмыс істеу тәсілін өзгертті. Бұл жаңа ақпараттық технология мектеп жүйесіне үлкен өзгерістер әкелді. Тәрбие жұмысы төрт ғасырға жуық уақыт бұрын енгізілген Я.А.Коменский формуласы бойынша жүргізілуде. Бірақ қазір мектептер Коменский белгілеген дәстүрден бірте-бірте бас тарта отырып, ақпараттық технологиялардың әсерінен жұмысқа деген көзқарасын түбегейлі өзгерте бастады. Дегенмен Коменский белгілеген формула бойынша жұмыс істеп тұрған мектептер қазіргі жағдайда ол мектептің қазіргі рөлін шектейтін факторға айналды. Мұғалімдер, оқушылар және мектептің өзі қазір бұрынғыдан мүлде басқа ақпараттық ортада. Бұл ортаны қабылдаған мектептер әлдеқайда заманауи және табысты болады және мұғалім мен оқулық білімнің жалғыз көзі

болып табылатын дәстүрлі мектептер сияқты болмайды. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мектептер өздерінің жаңа білімдерін үнемі жаңарта алады. Жаңашылдық – мектептің дәстүрлі деңгейде қалмауының талабы.

Қазіргі уақытта баршаға танымал «инновация» термині, ақырындап мектептерге де енгізілуде. Инновация дегеніміз не? «Инновация» термині 1930 жылдары элеуметтану мен мәдени антропологияда қолданылатын термин ретінде қолданыла бастады және мәдени құбылыстарды кеңейту идеясымен тікелей байланысты. Бұл тәсіл қазіргі уақытта кеңінен қолданылатын әртүрлі нормалары бар уақыттың кеңістіктік және уақыттық бөлінуімен ерекшеленеді. Бұл тәсілдегі инновация мәдени өзгерістердің және мәдени сипаттамалардың немесе субмәдениеттердің өз шекарасынан тыс таралуының негізі ретінде қарастырылады. Инновация термині латын тілінен шыққан (novus – жаңа, inovatio – жаңалық, өзгерту, жаңашылдық – жаңалық жасау). Инновация – жетілдіру, модернизация және даму болып саналады. П.Мандич білім беру қызметіндегі инновациялар – бұл тәрбие жұмысының деңгейі мен сапасын арттыруға, адам ресурстарын, уақытты тиімді пайдалануға бағытталған педагогикалық, элеуметтік, ұйымдастырушылық және экономикалық шаралардың синхрондалған жүйесі деген болатын. [2]

Заманауи мектеп әлі де болса білім берудің дәстүрлі принциптеріне негізделген және өзгерістер мен инновацияның болуын талап етеді. Бұл мәселенің маңызы зор, өйткені мектеп жеке тұлғаның өмір сүру процесінде элеуметтенуінің, баланы кәсіби кеңістікке біріктірудің негізгі институттарының бірі болып табылады. Мектеп сонымен қатар баладан жетілген тұлғаға дейінгі даму тізбегінің іргелі буыны болып табылады. Сондықтан ол қазіргі әлемде болып жатқан процестерге жедел және тиімді жауап беруі, туындайтын проблемаларды көру және жою, сапалы өзгерістерге әкелетін шешімдерді табу, т.б. қазіргі заманғы шындыққа сәйкес болуы маңызды. Айта кету керек, инновацияның өзі жаһандық болуы міндетті емес. Педагогикалық инновация ретінде, мысалы, білім беру жүйесінің жеке элементтерін жетілдіруді қарастыруға болады. Мұнда білім беру жүйесінің әрбір мекемесінің, әсіресе заманауи мектептің міндеті – жаңашылдықты жасау және енгізу арқылы сыртқы өзгерістерге өз бетінше жауап беру.

Жекелеген оқу орындарындағы инновациялар жұмыстың принципіалды жаңа әдістері мен формаларын жасауды ғана емес, сонымен қатар әлемнің педагогикалық мәдениеті әзірлеген педагогикалық жүйелерді енгізу мен таратуды қамтиды: М.Монтессори, Л.В. Занков (білім беруді дамыту) т.б. Сонымен, қазіргі мектептегі инновация процесі жаңа педагогикалық технологияларды құруды, енгізуді және оларды білім беру кеңістігінің басқа буындары мен элементтеріне біртіндеп таратуды көздейтін күрделі процесс.

Білім беру процесі оқытудың келесі түрлерін қамтиды: «қолдау көрсететін оқыту» және «инновациялық оқыту». «Тұрақты білім беру» – қалыптасқан мәдениетті, элеуметтік тәжірибені сақтауға, жаңғыртуға бағытталған осындай оқу қызметінің процесі мен нәтижесі. Оқытудың бұл түрі дәстүрлі болып табылады.

«Инновациялық оқыту» – қалыптасқан мәдениет пен элеуметтік ортадағы инновациялық өзгерістерді ынталандыратын осындай білім беру қызметінің процесі мен нәтижесі. Оқытудың бұл түрі қалыптасқан дәстүрлерді сақтаумен қатар, бар тәжірибеге негізделген шығармашылық ізденіспен және сол арқылы оны байытумен байланысты.

Сөздің қатаң мағынасында инновация – бұл ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерінің нәтижесі болып табылатын жаңа техника, технология. Сонымен, заманауи инновациялық мектеп – бұл мектеп оқушыларын тек ғылымның ғана емес, сонымен қатар техниканың соңғы жетістіктерін ескере отырып оқытатын мектеп (компьютерді тек информатика сабағында ғана емес, басқа сабақтарда да пайдалану). [3]

Бірақ бұл жаңашыл мектепті сипаттайтын жалғыз нәрсе емес. Барлығын толығырақ түсіндіру үшін мұндай мектепті дәстүрлі мектеппен салыстырайық:

- *Мұғалім қалыптастыруға ұмтылатын тұлғаның ерекшеліктеріне қарай:*

Дәстүрлі мектепте оқу-тәрбие процесі белгілі бір әрекет ережелерін меңгеруге, бар әлеуметтік тәжірибені мектеп оқушыларының бойына сіңіруге және қайталауға бағытталған. Инновациялық мектепте мұғалімдер оқушының стандартты емес жағдайларда шығармашылықпен әрекет ету қабілетін дамытуға ұмтылады.

• *Дидактикалық мақсаттардың белгілері бойынша:*

Дәстүрлі мектепте әрқашан дайын білімді жаңғыртуға мән берілсе, жаңашыл мектепте мұғалімдер білімді әрі қарай өз бетінше меңгеру, сыни пікір қалыптастыру, пайымдау тәуелсіздігін қалыптастыруға ұмтылады.

• *Даму мақсаттарына сәйкес*

Дәстүрлі мектепте жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту жарияланады, бірақ басымдық жеткілікті түрде берілмейді. Инновациялық мектепте, керісінше, жеке тұлға, мүмкіндігінше, оқушыға деген көзқарас басым болады.

• *Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың сипаты*

Дәстүрлі мектепте субъект-объектілік қарым-қатынастар, яғни мұғалім – оқытатын, оқушылар – білім беретін. Инновациялық мектепте – субъект-субъект, яғни мұғалім мен оқушылар шығармашылық оқу процесінің тең құқылы қатысушылары болып табылады.

Сонымен, мектептегі инновациялық қызметтің негізгі бағыттары:

• *Қазіргі білім беру сапасын басқару моделін әзірлеу және енгізу.*

• *Білім беру үдерісін ақпараттандыру бағдарламасын іске асыру.*

• *Мамандандырылған мектеп оқушыларының оқу іс-әрекетін бағалаудағы жаңашылдықтарды апробациялау және енгізу.*

• *Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, интеллектуалдық әлеуетін дамытуға жағдай жасау.*

• *Мектепті басқару жүйесінде ақпараттық технологияларды қолдану.*

• *Мектеп оқушыларының сапалы білім алуын қамтамасыз ету.*

• *Түлектердің емтиханға сапалы дайындығы.*

• *Мектептегі инновацияның бағыттары мыналарды қамтиды:*

• *Мектепте заманауи инновациялық орта құру.*

• *Қазіргі білім беру сапасын басқару.*

• *Оқу үрдісін ақпараттандыру.*

Жалпы алғанда, инновациялық процестерді дамыту-білім беруді жаңғыртуды қамтамасыз ету, оның сапасын, тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру тәсілі болып табылады. Инновациясыз дәстүрлердің болуы мүмкін емес. Мұны дәлелдеу үшін «бір кездері барлық жаңа нәрсе ұмытылған ескі болған» деген сөзді алсақ. Егер біз білім беру процесі туралы айтатын болсақ та, онда бәрі ескі, бір кездері жаңа болған және бір кездері инновациялық болған білім берудің формалары мен тәсілдері қазір дәстүрге айналды деп айта аламыз. Осыдан инновациялар енгізуге ұмтылмай, біз көптеген жылдар бойы білім беру жүйесінде жинақталған барлық жақсылықтың бейнесі болатын дәстүрлерді алмаймыз деген қорытынды жасай аламыз.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Инновации в образовании. Выступления участников VII-й Всероссийской дистанционной августовской научно-практической конференции // Интернет-журнал "Эйдос". – 2005. – 10 сентября. <http://eidos.ru/journal/2005/0910-26.htm>.
2. Inovacije u osnovnom obrazovanju, Projekat Saveta Evropskog veća za kulturnu saradnju (1988): Strazburg.
3. Дебердеева, Т. Х. Новые ценности образования в условиях информационного общества/ Т. Х. Дебердеева// Инновации в образовании. – 2005. – № 3. – с. 79.

**Қоңырбаева С.С.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық  
Университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент*

**Салматова Б.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,  
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»  
мамандығының I – курс магистранты*

## **МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Біздің қоғам дамуының қазіргі кезеңінде білім беру экономикалық өсудің, елдің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың неғұрлым қуатты қозғаушы күшіне айналууда. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі мәдени – тарихи даму моделінің өзгеруімен жаңа білім беру стандарттарының енгізілуіне байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Бірақ білім беру жүйесінде қандай өзгерістер болмасын, олар белгілі бір орындаушыға – мектеп мұғаліміне қатысты үлкен рөлге ие болады. Бұл әр түрлі инновацияларды тәжірибеге енгізудегі негізгі тұлға, сондықтан ол жалпы және кәсіби құзыреттілікке ие болуы керек. Кәсіби құзыреттілік білім беру процесін ұйымдастыру тиімділігінің қажетті шарты болып табылады. Құзыретті білімге кіру білім беру процесінің барлық субъектілері мен, ең алдымен, мұғалімдер тарапынан бірқатар дәйекті әрекеттерді орындауды қамтиды. Қазіргі мұғалім оқушылардың жауапкершілікті сезіну, бірлескен шешім қабылдауға қатысу, тәжірибеден пайда көре білу, Табиғат пен қоғам құбылыстарына сыни көзқараспен қарау, яғни негізгі құзыреттіліктерді жүзеге асыру үшін қандай әдістер мен технологияларды игеруі керек? Өзінің кәсіби ілгерілеуі мен дамуын қамтамасыз ету үшін мұғалімнің өзі қандай кәсіби және педагогикалық құзыреттілікке ие болуы керек? Қандай жағдайларда құзыреттер кәсіби деңгейге өтеді? [1].

Соңғы жылдары кәсіби құзыреттілікті және оның құзыреттілік тұжырымдамасымен байланысын анықтау мәселесі ғылыми педагогикалық ортада және практик – мұғалімдер арасында талқылау тақырыбына айналды. Латын тілінен аударылған құзыреттілік адам жақсы білетін, білімі мен тәжірибесі бар сұрақтар шеңберін білдіреді. Жалпы түсінікте «құзыреттілік» тиісті қызмет салаларында және белгілі бір міндеттерді шешуде белгіленген критерийлер мен стандарттарға қойылатын талаптарға сәйкестікті, қажетті белсенді білімге ие болуды, нәтижелерге сенімді қол жеткізу және жағдайды басқару қабілетін білдіреді. Білікті маман сыни ойлауды, яғни көптеген шешімдердің ішінен оңтайлы таңдауды, ақпаратпен жұмыс істеуді, «осында және қазір» стилінде кәсіби мәселелерін сәтті шешу үшін болжау және аналитикалық дағдылар блогын ажырата білуі керек. [2].

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі тұжырымдамасының бірнеше анықтамаларын қарастырып өтейік: Құзыреттілік – бұл білім, дағдылар, сонымен қатар оларды іс – әрекетте, қарым – қатынаста, жеке тұлғаның дамуында (өзін-өзі дамыту) жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдері (И. А. Зимняя).

Құзыреттілік – бұл қызметкердің өз функцияларын қарапайым және төтенше жағдайларда сапалы және дәл орындау, жаңаны сәтті игеру және өзгерген жағдайларға тез бейімделу қабілеті.

Құзыреттілік-бұл оқу процесін құрудың өзгергіштігін, оңтайлылығын және тиімділігін қамтамасыз ететін білім, білік, қасиеттер мен педагогикалық іс-әрекет, педагогикалық қарым-қатынас жеткілікті жоғары деңгейде жүзеге асырылатын, мұғалімнің жеке басы жүзеге асырылатын, оқушылардың оқуы мен тәрбиесінде жақсы нәтижелерге қол жеткізетін мұғалімнің мұндай жұмысы құзыретті болып саналады. Сонымен қатар, мұғалімнің құзыреттілігі бір

жағынан оның кәсіби білімі мен дағдыларының, екінші жағынан кәсіби ұстанымдары мен психологиялық қасиеттерінің арақатынасымен анықталады (В. А. Адольф) [3].

Осылайша, «кәсіби құзыреттілік» ұғымының мәнін анықтау үшін құзыреттілік табиғатын зерттеушілер ұсынған әртүрлі пікірлерді зерттеу оны мұғалімнің кәсіби қызметті тиімді орындау қабілетін көрсететін және мұғалімнің кәсібилігі мен педагогикалық шеберлігін қамтитын білімді, тәжірибені және кәсіби маңызды жеке қасиеттерді біріктіру ретінде ұсынуға мүмкіндік береді.

Мынадай кәсіптік-педагогикалық құзыреттер бөлінеді: кәсіптік міндеттерді шешуге дайындықпен байланысты әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік; педагогикалық қарым-қатынастың және білім беру процесі субъектілерімен өзара іс-қимылдың табыстылық дәрежесін айқындайтын кәсіби-коммуникативтік құзыреттілік; жеке тұлғаның танымдық процестерінің психологиясы мен психофизиологиясының жеке ерекшеліктерін өрістетуге психологиялық және педагогикалық даярлықты қамтитын жалпы педагогикалық кәсіби құзыреттілік; педагогика негіздерін білу; пәндік мамандық саласындағы пәндік құзыреттілік: оқытылатын пән саласындағы білім, оны оқыту әдістемесі; басқарушылық құзыреттілік, яғни, өзінің педагогикалық қызметінің процесі мен нәтижесін көре білу; АҚ-технологиялар саласында жұмыс істей білумен байланысты ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік; мұғалімді экспериментатор ретінде сипаттайтын инновациялық қызмет саласындағы құзыреттілік; креативті құзыреттілік, яғни мұғалімнің қызметті шығармашылық, зерттеу деңгейіне шығару қабілеті [4].

Кәсіби құзыреттілікті дамыту – бұл жеке кәсіби қасиеттерді дамытуға, кәсіби тәжірибені жинақтауға алып келетін, үздіксіз даму мен өзін – өзі жетілдіруді көздейтін кәсіби тәжірибені игеру мен жаңғыртудың серпінді процесі. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың мынадай кезеңдерін бөліп көрсетуге болады: өзін – өзі талдау және қажеттілікті сезіну; өзін – өзі дамытуды жоспарлау (мақсаттары, міндеттері, шешу жолдары); өзін – өзі таныту, талдау, өзін – өзі түзету.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру – бұл циклдік процесс, өйткені педагогикалық қызмет процесінде кәсібилікті үнемі арттыру қажет, және әр уақытта аталған кезеңдер қайталанатын, бірақ жаңа сапада жаңа мағынаға ие болады. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру процесі ортаға байланысты, сондықтан кәсіби өзін – өзі дамытуды ынталандыратын орта үнемі жаңашылдық пен модернизацияға талпынған болуы тиіс. Мектепте басқарудың демократиялық жүйесі құрылуы керек: қызметкерлерді ынталандыру жүйесі; сауалнама, тестілеу, әңгімелесуді қамтитын педагогикалық мониторингтің әртүрлі нысандары; тәжірибе алмасу шаралары; конкурстарға қатысу; өз жетістіктерінің тұсаукесері. Ынталандырудың бұл түрлері мұғалімнің эмоционалды мазасыздық деңгейін төмендетуге, ұжымда пайдалы психологиялық атмосфера ны қалыптастыруға әсер етеді [5].

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі туралы айтқанда, мұғалімнің портфолиосын құру туралы айтпай кету мүмкін емес. Портфолио – бұл кәсіби қызметтің көрінісі, оның қалыптасу процесінде өзін – өзі бағалау жүреді және өзін – өзі дамыту қажеттілігі жүзеге асырылады. Портфолио көмегімен мұғалімді аттестаттау мәселесі шешіледі, өйткені мұнда кәсіби қызметтің нәтижелері жиналады және жинақталады. Портфолио құру – педагог қызметінің және оның кәсіби құзыреттілігін дамытудың жақсы мотивациялық негізі.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне арналған жұмыстар әр түрлі уақытта және әртүрлі авторлар әртүрлі түсіндірмелерге ие. Бұл дербес әрекет етуге мүмкіндік беретін психикалық жағдай, сонымен қатар белгілі бір еңбек функцияларын орындай алатын қабілет пен қабілетке ие болу, білім деңгейі мен жеке тұлғаның жалпы мәдениеті, педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі және тәжірибені, теориялық білім мен практикалық дағдыларды, сондай-ақ мұғалім үшін маңызды жеке қасиеттерді біріктіру. Бұл жиынтықтан кәсіби құзыреттілікті мұғалімнің психологиялық, педагогикалық және пәндік білім, кәсіби дағдылар мен жеке тәжірибе саласындағы хабардарлығын сипаттайтын интегративті қасиеті ретінде анықтау қажет [6].



Сонымен қатар, мұғалім жұмыстағы перспективаға бағытталған, қажетті біліммен динамикалық байытуға ашық, өзіне сенімді және кәсіби маңызды нәтижелерге қол жеткізе алуы керек.

Әдебиеттегі мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің бұл жалпы сипаттамасы тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерінің әртүрлі нұсқалары мен модельдерімен көрсетілген.

Кәсіби педагогикалық қызметтің мазмұнына сәйкес Н. В. Кузьмина келесі компоненттерді ажыратады:

– арнайы құзыреттілік – оқытылатын пән саласындағы терең білім, біліктілік және қызмет тәжірибесі;

– оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын қалыптастыру саласындағы әдістемелік құзыреттілік-оқытудың әртүрлі әдістерін меңгеру, жас ерекшелік психологиясын, тұлғааралық және педагогикалық қарым-қатынас психологиясын білу; меңгерудің психологиялық механизмдерін білу;

– психологиялық-педагогикалық құзыреттілік – педагогикалық диагностиканы меңгеру, оқушылармен педагогикалық мақсатқа сай қарым-қатынас құра білу, жеке жұмысты жүзеге асыру, жас ерекшелік психологиясын, тұлғааралық және педагогикалық қарым-қатынас психологиясын білу;

– оқушылардың мотивтері, қабілеттері, бағыттылығы саласындағы дифференциалды-психологиялық құзіреттілік-студенттердің жеке ерекшеліктерін, көзқарастары мен бағыттары анықтау, адамдардың эмоционалды жағдайын анықтау және ескеру, менеджерлермен, әріптестермен, студенттермен қарым-қатынасты сауатты құру мүмкіндігі;

– аутопсихологиялық құзыреттілік-өз іс-әрекетінің деңгейін, олардың қабілеттерін білу, кәсіби өзін-өзі жетілдіру жолдарын білу, өз жұмысында кемшіліктердің себептерін көре білу, өзін-өзі жетілдіру ниеті.

Осылайша, И. И. Барахович ұсынған модель рефлексияны тәуелсіз элемент ретінде қамтиды; басқа элементтер рефлексия механизмдерін білуді қажет етеді. Бұл дегеніміз, соңғысы, бір жағынан, кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың жүйелік факторы және екінші жағынан оның құрылымына кіреді [7].

Бүгінгі таңда ақпараттық қоғамға көшу жүзеге асырылған кезде мұғалімнің кәсіби дайындығына, әсіресе оның ақпараттық құзіреттілік деңгейіне қойылатын талаптар артып келеді. Ақпараттық құзіреттілік мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде оның кәсіби қызметінің келесі компоненттерін анықтайды: электронды түрде ұсынылған ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын игеру; қазіргі заманғы ақпараттық массивтерде ақпаратты іздеу мен сақтаудың ұтымды әдістерін білу және қолдана білу; интернетте ақпарат бере білу; телекоммуникациялық технологияларды қолдана отырып сабақтар мен сыныптан тыс шараларды ұйымдастыру және өткізу дағдыларын меңгеру; интернет-технологиялар арқылы оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыра білу; өзіндік ерекшелігін ескере отырып, белгілі бір пән бойынша телекоммуникациялық технологияларды.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. И. А. Зимняя. Ключевые компетенции-новая парадигма результата современного образования.// Интернет-журнал «Эйдос»-2006.5мая.
2. И. А. Зимняя. Труды методологического семинара «Россия в Болонском процессе: проблемы, задачи, перспективы.» М.: Исследовательский центр проблем подготовки специалистов, 2004.
3. В. А. Адольф. Формирование профессиональной компетентности будущего учителя. Педагогика.- №1.1998
4. Г.Л. Абдулгалимов. Модель готовности современного учителя к профессиональной деятельности. //Стандарты и мониторинг в образовании. №5.2009
5. О. А. Козырева. Феноменология профессиональной компетентности учителя. //Образовательные технологии и общество 11(2)2008
6. Ф. Т. Шишкин. Компетенция и компетентность как ключевые понятия компетентностного подхода в образовании //Наука и школа №4.2008
7. И. И. Барахович. Коммуникативная компетентность педагога (Требования профессионального стандарта педагогической деятельности. // Интернет-ресурс

**Баярыстанова Э.Т.**

*ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,  
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доцент м.а.,  
педагогика ғылымдарының кандидаты*

**Бектемісова Ш.Т.**

*ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,  
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану  
мамандығының 4 курс студенті*

## **ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ФОБИЯ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Дүниені дағдарыстық сезіну адамзаттың тарихи дамуының барлық кезеңдеріне тән құбылыс. Әсіресе мұндай сезім әлеуметтік жүйенің қайта құрылуы, адамдардың өмірлік бағдарлары мен құндылықтарының өзгеруі мен қайта бағалануы кезінде ерекше байқалады. Қазіргі қоғамда болып жатқан жедел және ауқымды өзгерістер – әлеуметтік өмірдің тұрақсыздығы, әлеуметтік мінез-құлықтың қалыптасқан үлгілеріне деген сенімнің жоғалуы, т.б. әлеуметтік топтардың, сондай-ақ әр адамның күнделікті өміріне айтарлықтай әсер етіп отыр. Қоғамдағы дағдарыстық сана әлеуметтік қорқыныш пен аландаушылық түрінде көрінеді. Әлеуметтік қорқыныш – жеке адамдар мен топтар тарапынан қоршаған ортада өмір сүру қаупінің дәрежесін бағалауы, микро- және макроәлеуметтік деңгейлерде орын алып отырған жағымсыз жағдайлармен қатар, оң өзгерістерге де өзіндік реакциясы. Тұрақсыздықтың нәтижесі ретінде қорқыныш қоғамның қалыпты дамуына нұқсан келтіріп, адамдарда сенімсіздік, апатия, дәрменсіздік, күйзеліс сияқты сезімдердің пайда болуына себепші болады және бейімделу үрдістерін қиындатады. [1]

Осындай жағдайларға байланысты ХХ ғасырдың соңында қорқыныш әлеуметтану, психология, әлеуметтік психология ғылымдарының негізгі зерттеу нысанына айналды.

Әлеуметтануда әлеуметтік қорқыныш мәселелері әлеуметтік дағдарыстарды және дағдарыстық сананы зерттеу аясында пайда болып дамыды. Дағдарыстың себептері, табиғаты мен салдары өркениетті, мәдениетті, билікті және т. б. қарастыру арқылы зерттелді. Дағдарыстың әлеуметтік-мәдени және антропологиялық аспектілері Г. Симмель, О. Шпенглер, А. Вебер, П. Сорокин, А. Швайцер, К. Ясперс, М. Бубер және т.б. ғалымдардың еңбектерінде талданады.

Әлеуметтік фобия (лат. *socius* «ортақ, бірлескен» және еж.грек *φόβος* «қорқыныш») – белгілі бір әлеуметтік әрекеттерден және әлеуметтік жағдарлардан шамадан тыс қорқыныш түрінде көрінетін және тұрақты сипатта болатын мазасыздықтың бұзылу түрі. Қорқынышты тудыратын жағдайлар – көпшілік алдында сөйлеуден бастап өзге адамдар бар жерде қандай да бір әрекет жасауға дейін алуан түрлі болуы мүмкін. Мұндай мазасыздыққа душар болған адам үнемі өзінің әрекеттері немесе аландаушылығы өзге адамдар тарапынан жағымсыз бағаланады деген қорқыныш сезімде болады.

«Әлеуметтік қорқыныш» терминін ғылыми айналымға «әлеуметтік нысандардан немесе әлеуметтік өзара әрекеттесу жағдайларынан қорқу» деген түсінікпен Дж. Вольпе енгізген. Әлеуметтік қорқыныштардың ерекшелігі, біріншіден, олар жанама түрде болады, яғни қорқыныш тудыратын объектілер адамға тікелей зиян келтіре алмайды, екіншіден, өте кең таралған құбылыстар қатарына жатады. [2]

Қорқыныш пен мазасыздық құбылыстарын зерттеудің негізгі әдіснамалық принциптері эмоциялар психологиясы аясында П.К. Анохин, В.М. Астапов, Ф.Б. Березин, Г.М. Бреслав, В.К. Вилюнас, Л. С. Выготский, С.Л. Рубенштейн, А.И. Захаров, Е.И. Ивлева және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде баяндалған. Әлеуметтік психологияда әлеуметтік қорқыныш ұғымы кең және тар мағынада қолданылады: алғашқысына сәйкес, әлеуметтік фобия жеке адамның немесе топтың белгісіздік дәрежесі бар әлеуметтік ортаға бейімделу тәсілі ретінде түсін-

діріледі, тар мағынада – әлеуметтік қорқыныш дегеніміз пайда болуы әлеуметтік қатынастар мен объектілермен (жауапкершіліктен, жалғыздықтан, сәттіліктен, назар аудармаудан қорқу) себептелетін құбылыс. [3]

Демек, әлеуметтік қорқыныш, бір жағынан, жеке адамға, ал екінші жағынан, әртүрлі әлеуметтік топтарға және жалпы адамзатқа тән болғандықтан, құбылыстың мұндай әртүрлілігі оларды әмбебап жіктеуді қиындатады.

Мысалы, Ю.В.Щербатых әлеуметтік қорқынышты әлеуметтік мәртебені өзгерту үшін алаңдаушылық ретінде түсіндіріп, оның мынадай түрлерін анықтайды: жауапкершіліктен қорқу, емтиханнан қорқу, сәтсіздіктен қорқу, сыннан қорқу, сәттіліктен қорқу, өзгелер тартынынан айыпталудан қорқу. [4]

Әлеуметтік қорқыныштың неғұрлым толық жіктелуі А.И. Захаровтың зерттеуінде көрсетіледі:

- 1) сипаты бойынша – табиғи, әлеуметтік, жағдаяттық, жеке тұлғалық;
- 2) шынайылық дәрежесі бойынша – шынайы және қиялдағы;
- 3) қарқындылық дәрежесі бойынша – өткір (шиеленіскен) және созылмалы.

Қорқыныш қарқынды түрде көрінетін эмоция болса да, оның қалыпты (табиғи) және патологиялық деңгейлерін ажырату керек. Табиғи қорқыныш жас ерекшелігіне байланысты орын алады, әдетте, ол қысқа мерзімді, қайтымды болады және адамның терең құндылық бағдарларына, мінез-құлқына және айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына айтарлықтай әсер етпейді. [5]

Қорқыныш сезімі әрбір жастағы балаларға тән болғанымен, әлеуметтік фобия жоғары сынып оқушылары болып табылатын жасөспірімдер арасында жиі кездеседі. Оның жас шамасына байланысты себептерінің бірі – жасөспірімдік шақ балалықтан ересектікке өтумен ерекшеленетін күрделі кезең болып табылады. Адам өмірінің осы сатысында болатын түрлі психофизиологиялық және психологиялық ауытқулар, жыныстық толысу, әлеуметтік қалыптасу секілді көптеген үрдістер жасөспірімнің өзіне, өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне сыни көзқарасын күшейтіп, өзгелердің бағалауына «сәйкес келмей қалу» үшін алаңдаушылық тудырады. Осыған байланысты әлеуметтік қорқыныш формалары да «көбейеді»: сұрақ қоюдан қорқу, «беделді» адамдардан қорқу, «жоқ» деп айтудан қорқу, танысудан қорқу, қателік жасаудан қорқу және т.б.

А.И. Захаровтың пайымдауынша, бұл жастағы жетекші қорқыныш – қандай да бір жақын ортаның (мектеп, құрдастар, отбасы) әлеуметтік талаптарына сәйкес келмеу қорқынышы, «түсінетін, құрметті, қымбатты адам» болмай қалу үшін алаңдаушылық. Бұл қорқыныш осы жасқа тән психологиялық құрылым – үдемелі әлеуметтік белсенділікке және «ар-ождан» деген ұғымға біріктірілетін жауапкершілік, міндет, намыс, борыш сезімдерінің нығаюына байланысты.

«Сәйкес келмеу» қорқынышының жиі кездесетін түрі мектепке кешігіп келу қорқынышы, яғни үлгермеу қалудан, сөгіс алудан қорқу. Бұл қорқыныштардың да түп-төркіні «әлеуметтік пікірге сәйкес келмеу, әлеумет тарапынан қабылданбау» үшін алаңдау. Әсіресе, бұл жағдай қыз балаларда үлкен мазасыздық тудырады, себебі олар ер балаларға қарағанда әлеуметтік нормаларды ертерек игереді және өз мінез-құлқының жалпы қабылданған нормалардан ауытқуын аса сыни қабылдап, кінәлау сезіміне көбірек ұшырайды. [5]

Жасөспірімдік шаққа аяқ басқан баланың жеке басының қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер өзіндік сана-сезімнің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталады, ол өзіне-өзі мән бере отырып, өзіндік «Меннің» күшті және әлсіз жақтарын тануға тырысады. Онда өзіне, өзінің әлеуметтік орнына, тұлғалық сапаларына қызығушылық, өзін басқа адамдармен салыстыру қажеттігі туындайды. Жасөспірімнің өзі туралы ойлана бастауының ең маңызды уәждемесі – құрдастарының арасында сыйлы болғысы келуі және өзіне жақын жолдастар, дос табуға ұмтылуы. Осының арқасында бала мен ортаның арасындағы бұрынғы қатынас өзгеріске ұшырайды: бір жағынан жасөспірім «өзгелер арасында өзгеше» болуға талпынса, екінші жағынан, «өзгелермен бірге» болып, белгілі бір топтың құндылықтары мен нормаларына сәйкес болғанды қалайды. [6]

Жасөспірім айналасындағылардан жақсы баға алғысы, жақсы көзқараста болғанына жеткісі келетіні айқын көрінеді. Нақ осы себепті ол өзінің қасиеттері мен мүмкіндіктеріне берілген бағалауға, табыстары мен сәтсіздіктеріне өте сергек қарайды, өзін жақсы жағынан көрсетуге, әсіресе қатынасы мен пікірі өзі үшін өте маңызды адамдардың риза болуына жеткісі келеді. Осыған байланысты жасөспірімді «Мен әрқашан сенімді және әдемі сөйлеуім керек», «Мен ешқашан ішкі сенімсіздігімді көрсетпеуім керек», «Егер менің қорқынышымды байқаса, онда мені әлсіз деп санайды» деген ойлар жиі мазалай бастайды. Демек, 15-16 жасқа қарай, мектептегі оқу үрдісіне қатысты орын алатын табиғи және жағдаяттық қорқыныштар азайып, тұлғааралық сипаттағы жеке қорқыныштар алдыңғы қатарға шығады.

Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік қорқынышын зерттеу үшін біз американдық зерттеуші Майкл Лейбовичтің 1987 жылы ұсынған социофобия белгілерін анықтау шкаласының қысқартылған нұсқасын қолданып, 100 оқушының қатысуымен онлайн-сауалнама өткіздік.

Шкалада 10 әртүрлі әлеуметтік жағдаяттар сипатталған. Сыналушы жағдайға қатысты жауап нұсқасының бірін таңдайды («қорықпаймын», «аздап қобалжимын», «қорқамын», «қатты қорқамын»):

- 1) қоғамдық жерлерде телефонмен сөйлесу;
- 2) шағын топпен бірлесіп жұмыс жасау;
- 3) қоғамдық жерлерде тамақтану;
- 4) аудитория алдында сөйлеу;
- 5) өзгелердің бақылауында (назарында) жұмыс жасау;
- 6) таныс емес адамдармен сөйлесу;
- 7) қонаққа (ойын-сауық кешіне) бару;
- 8) өзге оймен келіспейтінін білдіру;
- 9) бөтен адаммен танысуға ниет білдіру;
- 10) таныс емес ортаға бару.

Сауалнама нәтижесі бойынша жасөспірімдердің басым көпшілігі (69%) аудитория алдында сөйлеу барысында қорқыныш сезімін басынан кешіретіні анықталды: 17% – «қатты қорқамын», 19% – «қорқамын», 33% – «аздап қорқамын». Айтарлықтай мазасыздық тудыратын келесі жағдай – өзгелердің бақылауында (назарында) жұмыс жасау (61%): 13% – «қатты қорқамын», 15% – «қорқамын», 33% – «аздап қорқамын». Өзгелерге қатысты өз ойын ашық білдіруден (өзге оймен келіспейтінін білдіру) 36 оқушы қорқады. Таныс емес адамдармен сөйлесу және таныс емес ортаға бару, қонаққа бару оқушылардың 50%-н алаңдатады. «Шағын топпен бірлесіп жұмыс жасау», «қоғамдық жерлерде тамақтану» жағдайларының жасөспірімдерді айтарлықтай алаңдатпайтыны, олардың бойында еркіндіктің пайда болуын, мінез-құлқын өзіндік реттеуін, ересектермен, өзінің құрбыларымен қатынас жасаудың тәсілдерін меңгеруін көрсетеді деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Бұл үрдістердің нәтижелі жүзеге асуына мұғалім мен жоғары сынып оқушысы арасындағы педагогикалық қатынастың тілектестік сарынына, ұжымдағы қиыншылық пен табысқа ортақтастық, өзара көтермелеу, оқытушының оқушы қабілеттеріне сенім арту арқылы шығармашылыққа ынталандыру сияқты жағдайлар жағымды ықпал жасайды деп ойлаймыз.

Жасөспірімдік шақтың жеке тұлғаның эмоциялық және әлеуметтік дамуындағы маңызды кезең екенін дәлелдейтін педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді оқып зерттеу негізінде және бастапқы эмпирикалық деректерге сүйене отырып, осы жастағы әлеуметтік қорқыныш мәселесінің өзектілігін және оны жеңу қабілетін қалыптастыру қажеттілігін көрсетеді деген тұжырым жасаймыз және зерттеу жұмысымызды осы бағытта жалғастырамыз.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Витковская М.И. «Социальный страх как предмет социологического исследования»: автореф. дис. ... канд. социолог. наук /М.И. Витковская. -Москва, 2006. – 24 с. [Электронный ресурс] autoref-sotsialnyestrakhi-kak-predmet-sotsiologicheskogo-issledovaniya (1).pdf

2. Большой психологический словарь//Б.Г. Мещеряков и В.П. Зинченко. [Электронный ресурс]Большой психологический словарь онлайн (slovaronline.com)
**Еуропа, АҚШ және Сингапурдағы қашықтан оқытуды талдау.** Қашықтан оқытудың инновациялық тәсілдері мен әдістерін заманауи білім беру жүйесіне енгізу қажеттілігіне байланысты жүргізіледі. Бұл сонымен қатар ақпараттық қоғам жағдайында әртүрлі әлеуметтік топтар арасында білім беруді тарату бойынша ғалымдар мен мұғалімдердің жұмысында жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға байланысты мәселелерді шешуге көмектеседі. Ғылыми-техникалық прогресс және оның әлеуметтік маңыздылығы білімнің тез ескіруіне әкеп соқтырады және үнемі жаңартуды және толықтыруды, кәсіптік білім берудің сапалы жаңа жүйесін құруды талап етеді. Мұндай оқытуды ақпараттық технологиялар мен интернеттің көмегімен қашықтан білім беру қызметтерін ұсыну арқылы жүзеге асыруға болады. Бұл халықтың білім деңгейін арттыруға, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың табысты әлеуметтенуі үшін жағдай жасауға, білімнің түрлі салаларында мамандарды даярлау мен қайта даярлауды жетілдірудің жаңа жолдарын ашуға көмектеседі. Батыс Еуропадағы білім беру саясатын зерттеу Еуропадағы білім беру процесі дәстүрлі және қашықтан оқу қызметін біріктіруге бейім екенін көрсетеді(3). Сондай-ақ білім беру мен бизнестің өзара іс-қимылының жаңа нысандары есебінен университеттердің ықпалын кеңейту үрдісі байқалады. Жалпы еуропалық жобалар мен бастамалар көп құрылымды және көп мәдениетті. Білім мен кәсіпкерлікке негізделген жалпы еуропалық экономиканы құрудың Лиссабон стратегиясының сәйкес келуіне байланысты жоғары білімнің әртүрлі формаларының даму тенденциясы бар (Болон процесі және Америка Құрама Штаттарындағы Лиссабон күн тәртібі). Американдық университеттерде барлық студенттердің шамамен 20%-ы қашықтан білім беру бағдарламалары бойынша оқиды және бұл сан жыл сайын артып келеді. Мысалы, 2004-2005 жылдары қашықтан оқыту бағдарламаларына өтініш берген студенттер санының өсуі 35%-ға өсті (850 000 студент) және оның төмендеу үрдісі жоқ, бірақ дәстүрлі білім алуға өтініш берген студенттер саны бұрынғы деңгейде қалды. 21 ғасырдың басынан бастап қалпына келтірілген АҚШ-тағы қашықтан білім берудің қарқынды дамуы оқу ғимараттарын салуды жоспарлауға, оқу бағдарламаларын үйлестіру арқылы оқу ғимараттарынан екі есе пайда алуға, мемлекеттік білім беру саясаты мен оның заңнамалық мәселелерін қайта қарауға байланысты бірқатар стратегиялық идеяларды шешуге көмектеседі. Оңтүстік Азияда, әсіресе Сингапурда қашықтан білім беру нысандарын дамыту ерекше қызығушылық тудырады, ол тек аймақтық ғана емес, сонымен қатар Башар мен хан білім беру саласындағы әлемдік көшбасшы. Мысалы, McKinsey компаниясы 2007 жылы сингапурлық мектеп жүйесін әлемдегі және 2008 жылы да үздік деп атады. Білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі туралы жаһандық есеп сингапурлық білім беру жүйесін әлемдегі үздік деп бағалады. Білімге негізделген экономиканың маңыздылығын түсіне отырып, Сингапур өзінің білім беру жүйесін ұдайы дамытып, жаңғыртып келеді. Қашықтан білім беруді дамыту сингапурлықтар мен шетелдік студенттер үшін өмір бойы оқыту және қайта даярлау процесінде дәстүрліге қолдау көрсететін қолайлы бірыңғай білім беру ортасын құруға бағытталған(4).

**Қазақстанда қашықтан білім беруді дамыту ұлттық білім беру жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі.** Білім және ғылым министрлігі университеттермен бірлесіп қашықтан білім беру тұжырымдамалары мен бағдарламаларын әзірледі. Қазақстандағы қашықтан білім беру ресми түрде 1999 жылы «Білім туралы ҚР Заңы» атты үкіметтік бюллетень жариялау арқылы оқыту нысаны ретінде анықталды. Қашықтан білім берудің алғашқы жобасы 1999 жылы Ресей білім министрлігі мен Қазақстан білім министрлігінің бірлескен авторлығымен құрылды. Бұл жоба Томск мемлекеттік университеті мен Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты базасында таныстырылды. Осы жобаның негізгі мақсаты жоғары білімі бар

мамандарды даярлау нысандары мен бағдарламаларын әзірлеу және практикалық іске асыру болды (5). Алайда, бұл жылдары білім беруде дистанциялық технологияларды пайдалану қиын болды, өйткені Қазақстанда технологиялық инфрақұрылым дамымаған. 2000 жылы Кириллова кабельдік немесе спутниктік білім беру теледидарының немесе бейне-конференция байланыс желісінің болмауын қоса алғанда, Қазақстандағы байланыстың қазіргі нашар инфрақұрылымын анықтады, интернет-тәсіл анағұрлым орынды болып көрінеді. Интернет-технологиялардың қарқынды дамуы да қашықтан білім берудің дамуын көрсетеді (6). Бүгінде Қазақстанда Ұлттық ақпараттық супер-магистраль (NISH) деп аталатын ауқымды мемлекеттік жоба шеңберінде іске асырылған телекоммуникациялық желі бар. NISH-тің жалпы ұзындығы шамамен 11 500 км құрайды, оның 9 600 км талшықты-оптикалық байланыс желілері (OFCL) салынған. Қазіргі уақытта Қазақстанның барлық ірі қалалары сандық арналар арқылы қосылған. Соңғы онжылдықта үкімет қашықтан оқытуды енгізу үшін нормативтік-құқықтық базаны әзірлеумен белсенді айналысты. Бұл жұмыстың нәтижесі қашықтан білім берудің мемлекеттік стандартын қабылдау болды. Қазақстанның мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес: «қашықтан оқыту технологиялары (DLT) жоғары оқу орындарында енгізілуі мүмкін. Бұл мекемелерде DLT қолдануға тыйым салынбаған барлық білім беру бағдарламалары бойынша кез-келген білім беру қызметіне лицензия болуы керек» (7).

**Білім беруде қашықтан оқыту технологияларын пайдаланудың педагогикалық аспектілері.** Қазақстанның көптеген ғалымдары жоғары оқу орындарында қашықтан оқыту технологияларын енгізумен және пайдаланумен байланысты проблемаларды зерделеуде. Мысалы, Шәкәрімова мен Мұтанов Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінде қашықтан оқытуды қолдану тәжірибесін ұсынды. Авторлар университеттің білім беру порталының архитектурасын, бірыңғай білім беру ортасын құру үшін пайдаланылатын технологияларды, білім беру порталының көмегімен шешілетін білім беру процесіне байланысты міндеттерді және білім берудің басқа да инновациялық тәсілдерін сипаттады (8). Қазақстандық ғалымдардың көпшілігі қашықтан білім беру үрдістерін, тұжырымдамаларын, модельдері мен жүйелерін әзірлеуге назар аударды. Бұл жоғары білім беруде қашықтан оқыту технологияларын педагогикалық қолдануды түсіну қажеттілігіне байланысты. Мысалы, Нұрбеков Қазақстанның қашықтан білім берудегі негізгі үрдістерін анықтады. Автор жеке тұлғаға бағытталған тәсіл негізінде қашықтан оқыту моделін жасады. Нұрбеков қашықтан оқыту саласындағы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік теориясын негіздеді (9). Бидайбеков техникалық жоғары оқу орындарының студенттерін оқытуда қашықтан және кредиттік технологиялардың үйлесімін негіздеді. Автор техникалық университетте аралас білім беру жүйесін құрды. Бұл модель несиелік жүйеде қашықтан оқыту технологияларын қолдануды қамтиды және модульділік, интерактивтілік және жеке, ұжымдық, нақты және виртуалды оқыту формаларын біріктіру принциптерін жүзеге асыруды қамтиды (10).

Тілдерді оқытуда қашықтан оқыту технологияларын қолдану қазақстандық білім беруде өте кең таралған. Мысалы, Жанатасова Қазақстандағы шет тілдерін қашықтан оқыту жүйесіне талдау жасады. Автор болашақ шет тілі мұғалімдерінің қашықтан оқыту жүйесінде жұмыс істеуге дайындығының теориялық моделін негіздеді және жасады. Жанатасова қашықтан оқыту жүйесін қолданатын дайын білімі бар шет тілі мұғалімдеріне арналған оқу құралын жасады (11).

Жалпы, Қазақстанда қашықтан білім беру жақсы зерттеу базасына ие және университеттерде қашықтан оқыту технологияларын пайдалану тәжірибесін одан әрі сипаттауды талап етеді.

**Жоғары оқу орындарында қашықтан оқыту.** Жыл сайын көптеген студенттер қашықтан оқыту технологиялары бойынша оқытылуда. Көптеген университеттер қашықтан оқыту бағдарламаларының кең спектрін ұсынады. Мысалы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің қашықтан оқыту бағдарламасын қашықтан оқыту терминалдары арқылы студенттерді оқыту үшін аймақтық қашықтан білім беру және технологиялар орталығы (RCDET) іске асырды. Қазіргі уақытта Орталықта 1305 студент оқиды. М.Әуезов атындағы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде қашықтан оқыту арқылы 26 мамандық бойынша 4670 студент білім алуда. Қашықтан оқыту сонымен қатар ҚазҰТУ-дың Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану сияқты мамандандырылған пәндермен байланысты зерттеулерде қолданылады. Қ.Сәтпаев (12). Осының барлығы Қазақстанда қашықтан білім беруді кезең-кезеңмен енгізудің нәтижесі болды. Соңғы жылдары Үкімет қашықтан білім беру инфрақұрылымын құруға көмектесетін үш негізгі бағдарламаны әзірледі және қаржыландырды. Осы бағдарламалар бойынша оқытушылар жаңа технологияларды қолдану арқылы даярлықтан өтті. Келесі бағдарлама (2011-2020) таяудағы 10 жылда білім беруде қашықтан оқыту технологияларын толық және кеңінен пайдалануға бағытталған. Соңғы бағдарлама (2022-қазірге дейін) әлемдік індеттің өршуіне байланысты Қазақстанда 2020 жылдан бастап қарқынды түрде қашықтан оқыту мен инфекция таралуының алдын алу мақсатында білім беру жүйесіне бағдарламалар мен заңнамалар негізінде жұмыс жасау басталуы, білім беру сапасының төмендеуіне жол бермеу үшін жалпы білім беру саласының кешенді жұмыс жасауы, кадрлар жүйесінің АКТ-ны жедел меңгеруін, білім алушылардың интернет арқылы ресурстарға қолжетімділігі, балабақшалардың жұмыс режимі, түлектердің оқу орнына қиындықсыз тапсыра алуы, колледж, ЖОО-ның бітірушілердің диплом алуы мен жұйымқа тұруы сияқты жүйелі әрі күрделі процестің ары қарай еш кедергісіз жалғасуына күш салуымен сипатталады.

Кесте-1

**АКТ-ны білімге енгізудің негізгі кезеңдері**

Мемлекеттік бағдарламалар	Жыл аралығы	Мақсаты	Күтілетін нәтижелер
Орта білім беруді ақпараттандыру бағдарламасы	1997-2001	Бірыңғай ақпараттық және білім беру кеңістігін құру	Көптеген мектептер компьютерлік сыныптармен жабдықталған және интернетке қол жетімді болды
Білім беру жүйесін ақпараттандыру тұжырымдамасы	2002-2004	Бірыңғай ақпараттық және білім беру ортасын құру	Ұлттық бірыңғай ақпараттық-білім беру жүйесі құрылды
Білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама	2005-2010	Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасын қалыптастыру	Білім беру ұйымдарының 75% Интернетке қосылған. 1 данаға 35 студент
Білім беруді дамытудың ұлттық бағдарламасы	2011-2020	Білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және адами капиталды дамыту	Университеттердің 100%-ы кең жолақты интернетке қол жеткізумен қамтамасыз етіледі
Пандемия жағдайына байланысты қашықтан оқыту бағдарламасы	2020-дан қазірге дейін	Локдаун кезеңінде білім алуды қолжетімді ету	Қашықтан сапалы білім беруді қамтамасыз ету, онлайн платформаларды қолданысқа енгізу

Бұл көрсеткендей, білім беруге қашықтан және электронды технологияларды енгізу процесі жоспарларға сәйкес және Үкімет пен университеттердің қолдауымен жүзеге асырылды. Қазақстан Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, Үкімет алдағы 10 жылда электронды оқытуды дамытуға 1 миллиард АҚШ долларын бөлуді жоспарлап отыр. 2011 жылы электрондық оқыту жобасы 44 оқу орнында пилоттық режимде іске қосылды (13). 2020 жылдың басында қашықтан оқытуға көшу негізгі 4 бағытта оқытуды іске қосқаны жөнінде ҚР БЖҒ министрі Асхат Аймағамбетов атап өтті. (14).

Қазақстанда қашықтан білім беруді одан әрі дамытуға негізгі кедергілер оқытушылардың цифрлық сауаттылығының төмен деңгейі, ауылдық жерлерде техникалық жарақтандырудың жеткіліксіздігі және университеттерде Қашықтан оқытудың жүйесіз дамуы болып табылады. Осы кемшіліктерді жою үшін білім беруді дамытудың ұлттық бағдарламасы әзірленді, ол барлық білім беру ресурстарын ұлттық желіге біріктіруге және қашықтан білім беруді дамыту үшін қажетті жағдайларды біртіндеп жақсартуға бағытталған.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. An agenda for change in Education and Lifelong learning beyond 2010 proposed in Brussels. (2009, May 27). Learnovation PRESS RELEASE. Brussels.
2. Kulemina E. (2007). Distance learning and its social aspects. Textbook for Universities. Moscow: The New Millennium Foundation. – p.38.
3. Mohammad Iqbal Bashar & Habibullah Khan. (2007) «E-Learning in Singapore: A Brief Assessment». U21 Working Paper No 003.
4. The Bologna Process and the Lisbon Agenda: the European Commission's expanding role in higher education discourse (Vol.41, No.2, 2006). European Journal of Education.
5. Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесі: жетістіктері мен даму перспективалары (2009). Білім және ғылым министрлігі. Ғаламтор ресурс: <http://portal.unesco.org/geography/es/files/10898/12353680055-Kazakhstan.pdf/Kazakhstan.pdf>
6. Кириллова И., «Қазақстан мен Орталық Азиядағы қашықтықтан оқыту перспективалары», Американдық ақпараттық ғылымдар қоғамының Бюллетені, 2000. 26-Том, № 4.
7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандарты 5.03.004-2009 қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқытуды ұйымдастыру, Астана.
8. А.Шәкәрімова мен Ғ. Мұтанов (2006) «Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінде қашықтықтан оқытуды қолдану тәжірибесі» Д. Серікбаева Университеті. Қашықтан оқыту және веб-инженерия бойынша WSEAS 6-шы халықаралық конференциясының материалдары, Лиссабон, Португалия. Ғаламтор ресурс: <http://www.labplan.ufsc.br/congressos/wseas/papers/517-270.pdf>
9. Нұрбеков Б.Ж., Оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері. қашықтан оқыту: Дис. п.ғ.д.: 13.00.02. – 293 б.
10. Бидайбеков Д.Е., Техникалық ЖОО студенттерін кредиттік жүйе жағдайында қашықтан оқыту технологиясы: Дис.п. Ғ.: 13.00.02 – 128 б.
11. Жанатасова Д.Д, Болашақ шет тілі мұғалімдерінің қашықтан оқыту жүйесінде жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыру оқыту: Дис. п.ғ.к.: 13.00.08. – 198 б.
12. Нургалиева Г., Тажигулова А., Артыкбаева Ю. «Қазақстандағы электрондық оқыту» электрондық оқыту практикасы: I Том, Анадолу университеті, 2010. – 335-354 б.
13. Білім беруді дамытудың ұлттық бағдарламасы. «Қазақстан электронды оқытуды дамытуға 136,1 миллиард теңге бөледі» Ғаламтор ресурс: <http://www.pm.kz/program/event/view/355>
14. Дистанционное образование в период пандемии: сборник статей /главный редактор Сыдыков Е. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020. – 435 с

**Қапанова А.Ш.**

*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*

*Педагогика және психология мамандығының*

*I курс магистранты*

**Бақтыбаев Ж.Ш.**

*Ғылыми жетекші, п.ғ.к.,*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті*

## ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ОРНЫ

Білім беру жүйесі уақыт ағымында түрлі өзгерістерге ұшырады. Осы тұста арнайы педагогика да өзгеріссіз қалмады. Мүмкіндігі шектеулі жандарға қоғам тарапынан алдымен құрметсіздік, артынан қоғам мүшесі ретінде мойындау сынды қарым-қатынастар айқындалып келеді. Бұл көзқарас мүмкіндігі шектеулі жандарды білімнің барлық сатысына қосуға теңқұжылы екендігімен сипатталып, инклюзивті білім беруге жол ашты.

Қазіргі кезде балаларды олардың білім алу мүмкіндіктеріне, мәдениетіне немесе әлеуметтік мәртебесіндегі айырмашылықтарына қарамастан оларға тең құжылы білім беру жағдайларын ұсыну идеясы біртіндеп қоғамдық санаға еніп келеді. Осы тұста инклюзия – білім алуға әр түрлі мүмкіншіліктері бар балаларды білім алу мекемелерінің барлық сатыларына қоса отырып, олардың барлық білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасалынуын

және қоғамдағы адамдардың бір-бірінен айырмашылығы тек құрмет пен түсіністікке лайық екенін көрсетеді.

ҚР Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес инклюзивті білім беруге балалабақшадан бастап жоғары оқу орнына дейін толыққанды қамтамасыз етілуі тиіс [1].

Инклюзивті білім беру адамның физикалық немесе психикалық кемшіліктеріне қарамастан оның даралығын, құндылығын түсіну және қазіргі өркениеттің барлық құндылықтарын иелену және лайықты өмір сүру құқығын қамтитын гуманистік идеялардың дамуының нәтижесі болып табылады.

Заманауи қоғамда инклюзивті білім беруді қарастырғанда, бұл жүйенің де өзіндік шектеулері бар екенін ескеру қажет. Бұл өз кезегінде балаға қойылған диагноз шарт ретінде қарастырылатынын және балаларды жүйесіз жалпы сыныптарға отырғызу мүмкін болмайтынын білдіреді. Инклюзивті білім беру бала дамуының жақын аймағын да қамтитындықтан, қалыпты баласы бар ата-аналар мен ерекше оқу қажеттілігі бар балалардың ата-аналарының арасында көп жағдайда келіспеушіліктер туындап жатады. Бұл келіспеушіліктер әдетте оқу сапасының төмендеп кету қауіптерімен сипатталады [2].

Осы санаттағы балалардың құқықтарын қорғау БҰҰ «Бала құқығы» туралы және ҚР «Білім туралы», ҚР Конституциясында, ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау» туралы Заңдарында және бірқатар нормативтік-құқықтық актілерде көрсетілген [3].

Инклюзивті білім беру негізделген бірқатар Заңнамаларға сәйкес кез-келген бала білім алуға және шығармашылық дамуға тең құқылы. Шынайы өмірде мүмкіндігі шектеулі балалар әлі де болса қоғаммен толықтай мойындала қоймады және бірқатар қиындықтармен бетпе-бет келуде.

Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты – дамуында мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтарын қамтасыз ету. Мақсатты жүзеге асыру барысында баланың тұрғылықты мекені мен оның тыныс-тіршілікке қолайлылығы, баланың танымдық мүмкіндіктері, әлеуметтік бейімделуі мен қоғамға кірігуі, сондай-ақ отбасы мүшелерінің баланың тәрбие және даму процесіне қосылуы қамтылады [4].

ҚР ҒжБ министрлігінің соңғы деректері бойынша елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны 161 826 құрап отыр және бұл сан әр жыл сайын 3 пайызға өсуде. Бұл статистика өз кезегінде инклюзивті білім берудің қажеттігін сипаттап отыр.

Инклюзивті білім беру мәселелерін зерттеумен қазақстандық және шетелдік ғалымдар айналысады. С. Зейнолла, А. Нұрғалиева, С.Нұрғалиева атап өткендей, қазіргі таңда Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесін құрудың белгілі бір модельдері қалыптасып, тәжірибесі жинақталды. Алайда, инклюзивті білім беруде озық халықаралық тәжірибелер, оқытудың инновациялық нысандары жеткіліксіз қолданылуда.

Омарова Т. К. «Қазақстандағы инклюзивті білім беруді тұжырымдамалаудың ерекшеліктері» атты мақаласында Қазақстандағы инклюзивті білім берудің мағынасын толық ашып, «интеграция» мен «инклюзия» ұғымдарын ажыратып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен қоса, әлеуметтік тұрғыда әлсіз балаларды да инклюзивті білім беруге қамту идеясын алға тартады. Сондай-ақ еліміздегі білім беру саясаты, ғылыми әдебиеттер мен педагогикалық қоғамдастықтарда қалыптасқан тұжырымдамалардың ерекшеліктеріне тоқталған. Стратегиялық құжаттар мен отандық әдебиеттерді зерделеу инклюзивті білім беру тұжырымдама мазмұнын қайта қарастыру қажеттігін көрсетті.

Жалпы Республика бойынша инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін жетілдіруге қажет бірқатар міндеттер бар:

- инклюзивті білім берудің механизмдерін және экономикалық-ұйымдастырушылық, нормативтік құқықтық негіздерін жетілдіру;
- инклюзивті білім беруді дамытудың әдіснамасын және оқу-әдістемелік негіздерін жетілдіру;

– ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға коррекциялық-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету, балаға қолайлы білім ортасын жасау және білім беру жүйесіне белсенді араластыру;

– инклюзивті білім беруді кадрлық қамтамасыз ету;

– инклюзивті білім беруде қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу [5].

Б.Г. Ананьев бойынша адам қоршаған ортасымен қарым-қатынас орнату, бірге іс-әрекет ету барысында дамиды. Бұл пікір өз кезегінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін ғана емес, сондай-ақ дені сау балаларды да қамтиды. Оның себебі, дені сау балалар да өз саналарына қоғамдық өзгешеліктерді түйсіне отырып, айырмашылықтардың бар екенін біле отырып, өз бойындағы жоғары адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Ал ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар дені сау балалармен бірге білім ала отырып, қоғамға бейімделу, психикалық тұрақтылыққа ие болу және өз-өзін қабылдау, кемшіліктерін артықшылықтарымен айырбастау мүмкіндіктеріне ие болады[2].

Инклюзивті білім беру жүйесі қазіргі білім беру жүйесіне толықтай ену жолында болашақ және қазіргі қоғамды өзгертуге, адамды құндылық ретінде қарастырып, білім беру процесін одан әрі нәтижелі, қолжетімді етуге қабілетті.

Қазіргі таңда елімізде ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды оқыту білім беру жүйесі мен жалпы қоғамның ілгері дамуының сипаты ретінде қарастырылуда. Осы тұста инклюзивті білім беру процесіне ден қойылып, көптеген зерттеулер жүргізіліп келеді. Солардың бірі Жолтаева Г. «Қазақстандағы инклюзивті білім беру: таңдамалы мәселелер» мақаласында еліміздегі инклюзивті білім беруге тоқталып, инклюзивті білім беруді мүмкіндігі шектеулі бала мен дені сау баланың ортақ білім алу үдерісі ретінде сипаттаған. Сондай-ақ автор қазіргі білім беру жүйесінде сапалы білім, білікті маман және коррекциялық көмек жүйелі ұйымдас-тырылса, инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін, соның ішінде, әсіресе ақыл-ойында кемшілігі бар балалар үшін нәтижелі болады деген пікірде[6].

Ахметова Д.З. зерттеуі бойынша инклюзивті білім беруді әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастырып, оның жүзеге асуырылуын инклюзивті саясат, мәдениет және тәжірибе ұштастығы ретінде қарастырған. Бұл түсінік инклюзивті білім берудің алғышарттары саяси және заңнамалық негіздерге сүйене отырып жасалатынын және шешуші рөл қоғамның инклюзивті білім беру туралы көзқарасы мен мәдениетіне байланысты болатынын көрсетеді. Сондай-ақ инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға деген қоғамның пікірі бір арнаға тоғыспайтынын ескере отырып, педагогтар үшін де жаңа жүйе кейбір қиындықтар мен өзіндік ой толғаныстар тудыратынын ескерді[7].

Инклюзивті білім беру қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде көптеген өзгерістер алып келеді. Бұл тұста инклюзивті білімге ата-аналар да, педагогтар да, қоғам да бейімделуі тиіс. Себебі, мүмкіндігі шектеулі жандар бар және олар қоғамнан тыс ешқайда кетпейді. Қоғамның ажырамас мүшесі ретінде, олар да сапалы білім алып, бойында кездесетін кемшіліктерді жоюға, сондай-ақ келешекте бір істің маманы болуға талпынулары керек.

Инклюзия барысында бала мектепке емес, мектеп балаға қажетті білім ортасын жасайтындықтан, бүкіл заманауи білім жүйесіндегі толықтай қайта қараулар болатынын ескеріп, оқулықтардан бастап, қажетті мамандарды дайындауға дейін аса жүйелілік пен жауапкершілік керек.

Инклюзивті білім беруді нәтижелі жүзеге асыру психологиялық-педагогикалық сүйемелдеусіз мүмкін емес. «Сүйемелдеу» ұғымы алғаш рет Бардиер Г., Ромазан Н., Чередникова Т. еңбектерінде көрініс тауып, «дамуды сүйемелдеу» деген мағынада қолданылды [8].

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу – әр баланың сәтті оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдай жасайтын мамандардың тұтас, жүйелі ұйымдастырылған іс-әрекеті болып табылатын оқу процесінің барлық қатысушыларына көмек пен қолдаудың ерекше түрі.

Инклюзивті білім беруде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кезеңдері:

1. Ата-аналардың рұқсатымен, әрбір баланы диагностикалау. Бұл кезеңде баланың жоғары психикалық функциялары, атап айтқанда: есте сақтау, зейін, ойлау, сөйлеу және т.б. қазіргі жағдайы зерттеліп, нәтижесінде білім берудің ерекше қажеттіліктері айқындалады.

2. Екінші кезеңде диагностикалық мәліметтерді негізге ала отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық бағдарламалар әзірленеді.

3. Үшінші кезеңде, әзірленген бағдарламаға сәйкес педагог-психолог тікелей ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасайды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен атқарылатын жұмыс жеке немесе топтық іс-шараларды қамтып, жеке тұлғалық қабілеттерге және қоғамдық байланысты жақсартуға бағытталады.

4. Соңғы кезеңде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қорытынды диагностикалау жүзеге асады. Бұл кезеңде инклюзивті білім беруге ата-аналардың қанағаттануы, баланың даму динамикасы мен жетістіктері, сондай-ақ әлі де түзетуге қажетті бағыттар айқындалады.

Инклюзивті білім беру жүзеге асқанда педагогикалық-психологиялық сүйемелдеудің қажеттігі келесі қиындықтардың туындауымен сипатталады:

- Мүмкіндігі шектеулі баланы қатарластарының мойындамауы;
- Педагогтің ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы оқыту бағыттарын түсінбеуі және оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда туындайтын қиындықтары;
- Дені сау баласы бар ата-ананың өз баласын мүмкіндігі шектеулі баламен бірге оқытқысы келмеуі;
- Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуіндегі қиындықтар [9].

Фуряева Т.В. бойынша инклюзивті білім беруді жүзеге асыру «даму бұзылыстары» мен «тәрбие бұзылыстары» ұғымдарын толықтай жоққа шығармайды. Қазіргі білім беру жүйесіне енгенде, бұл ұғымдар «ерекше білім беру қажеттілігі» ретінде қарастырылып, педагогикалық міндеттердің арасында елеулі маңызға ие болады. Ерекше білім беру қажеттілігі баланың бойындағы жеке факторларды ғана емес, сондай-ақ денсаулық, мәдениет, қоғамдық әдеп нормаларын да ескеруді қамтиды. Арнайы педагогиканың көмегіне ерекше білім қажеттілігі бар балалардың барлығы дерлік мұқтаж емес. Есесіне, сапалы білім алып, сапалы тәрбиеленуге ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың барлығы және қалыпты балалар да әр уақытта мұқтаж. Қазіргі білім беру жүйесіндегі инклюзивті білім берудің алатын орны жоғарыда айтылған ұйғарымға саяды [10].

Қазіргі білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға оқу-тәрбие үдерісін жүргізгенде, негізгі әрекеттесу тәсілдері таңдап алынады. Тәрбие әдісін таңдағанда, бірнеше бірдей бұзылыстары бар балаларды бір сыныпқа біріктіріп, барлығына ортақ әрекет жасау мүмкіндігі қате болып саналады. Кез келген педагогикалық шешім ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жеке тұлғалық аймағын жақсартуға бағытталуы шарт.

«Ерекше білім беру қажеттілігі» ұғымы бірінші кезекке бала мен оның тәрбиесіне қатысты педагогикалық шешімді қояды. Инклюзивті білім беру жағдайында дәстүрлі тәрбие әдістері жеткіліксіз болғандықтан, ерекше, арнайы тәрбие қажеттігі туындайды. Инклюзивті білім беру жүйесі жалпы білім беру сатыларына енгізілмей тұрғандағы оқу-тәрбие мақсаттары, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуға қатысты ортақ болса да, басымдылық баланың әлеуметтік ортасының субъектісі ретінде бейімделуінде болып отыр.

Қазіргі білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін инклюзивті білім берудің артықшылықтары:

1. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар арнайы мектептермен салыстырғанда, жалпы білім беретін мекемелерде оқып, қатарластарымен тұлғааралық қарым-қатынасқа түсу арқылы әлеуметтік бейімделудің жоғары деңгейін көрсете алады.

2. Инклюзивті білім беруде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар мен қалыпты балаларда әлеуметтік дағдылар мен адамгершілік қасиеттер қалыптасады.



3. Инклюзивті ортада ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін оқу-тәрбие бағдарламасы арнайы құрылғандықтан, олардың ақыл-ой қабілеттерін жетілдіруге және өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Инклюзивті білім беру сәтті ұйымдастырылған жағдайда білім алушылар мүмкіндіктерімен шектелмейді және өзара әлеуметтік қарым-қатынас орнатады. Ал мүмкіндігі шектеулі бала инклюзивті білім берудің нәтижесінде өзін тұлға ретінде қалыптастыруға және дені сау адамдар секілді өмірінің барлық аймақтарында өзін жетілдіруге ұмтылады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу процессі білім жүйесінен ешқашан бөлінбейтін және инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың қиындықтарын шешуді көздейтін, нәтижесі өзіндік жетілу мен өзіндік қолдауға алып келетін күрделі ұғым ретінде сипатталады.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі инклюзивті білім берудің орны баланы жасерекшелігіне, денсаулық жағдайына, жеке және әлеуметтік мүмкіншіліктеріне, сонымен қатар білім алудың ерекше қажеттіліктеріне қарамастан бір қоғамға жұмылдыру, сапалы білім беру, тәрбиелеу және ең маңыздысы дамыған, бейімделген және қоғамға өз пайдасын тигізе алатын тұлғаны қалыптастыру маңыздылығымен айқындалады.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Кулагина Е.В. Образование детей-инвалидов и детей с ограниченными возможностями здоровья: тенденции и критерии регулирования // Социологические исследования. 2015. № 9. С. 94–101.
3. Шилденова Т.К. Инклюзивті білім беруде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ортасы.- Атырау, 2014.- 78 б.
4. Богданова Т.Г., Гусейнова А.М., Назарова Н.М. [и др.] Педагогика инклюзивного образования – М. : И Н Ф РА -М, 2017. – 335 с
5. Омарова Т. К. Особенности концептуализации инклюзивного образования в Казахстане // Вестник КазНУ. – 2017. – Т. 49. – № 3. – С. 60-67.
6. Zholtayeva G. et al. Inclusive Education in Kazakhstan: selected issues // CBU International Conference Proceedings, ISE Research Institute. – 2013. – Vol. 1. – P. 196-204.
7. Ахметова Д. З. Инклюзивная культура общества как результат реализации инклюзивной политики и практики // Инклюзивное образование: преобладание инклюзивной культуры и практики: сб. материалов IV Междунар. науч.-практ. конф. – Москва, 2017. – С. 15–22
8. Бардиер Г., Ромазан И., Чередникова Т. Я хочу! Психологическое сопровождение естественного развития маленьких детей. – СПб., Питер, 1996. – 96 с.
9. Бакулина И.Г. Психолого-педагогическое сопровождение инклюзивного образования младших школьников с ограниченными возможностями здоровья // Сборник материалов международной научно-практической конференции "Инклюзивное образование: теория и практика", 9-10 июня 2016 г. / М-во образ. и науки Московской обл. – Москва : Орехово-Зуево, 2016. – с.517-521
10. Фуряева Т.В. Модели инклюзивного образования- Москва : Юрайт, 2020. -174 с.

**Каренеева Ж.А.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*

*Педагогика және психология мамандығының*

*1 курс магистранты*

**Мукашева А.Б.**

*Ғылыми жетекші,*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті п.ғ.д., профессор м.а.*

## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МҰҒАЛІМНІҢ ДАЙЫНДЫҒЫ**

Білім беру жүйесін дамытудың айқын белгілерінің бірі – мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім берудің енгізілуі және жүзеге асырылуы. Білім туралы заңда қарастырыл-

ғандай «инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс» [1]. Жетекші сарапшылар жүргізген зерттеулерді талдау мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін инклюзивті білім беруді іске асыруда және ұйымдастыруда белгілі бір қиындықтар мұғалімдердің жеткіліксіз дайындығының нәтижесінде туындайтынын көрсетті. Балаларды бірлесіп оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігінің шарттарының бірі педагогтердің инклюзивті білім беруге дайындығының танымдық компонентін қалыптастыру болып табылады.

Инклюзивті білім беру жүйесін енгізудегі алғашқы және маңызды кезеңіне мамандардың психологиялық және құндылықтық түрде өзгеруі және кәсіби құзыреттіліктерінің деңгейі жатады. Инклюзивті білім беру жүйесін дамытудың алғашқы кезеңдерінен бастап көрінетін мәселе, бұл – мұғалімдердің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге дайын болмауы, мұғалімдердің инклюзивті ортада жұмыс істеуге кәсіби құзыреттілігінің жетіспеушілігі, психологиялық кедергілер мен мұғалімдердің кәсіби стереотиптерінің болуы өткір проблема болып отыр.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім мен ғылым саласында іске асырылған қадамдық іс-қимылдарды талдауда инклюзивті білімнің жеткіліксіз дамуы айқындалған болатын [2]. Ал, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті білім беруді білім беру жүйесінің әлсіз жағы ретінде көрсетілмегені әлдеқайда дамығанының белгісі. Алайда, кәсіби стандарт негізінде инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогтер (пән мұғалімдері, педагогтер, педагог-ассистенттер және басқалар) үшін біліктілік талаптары жаңартылуы тиіс [3].

Инклюзивті сыныптарда жұмыс жасайтын мұғалімнің мәселелеріне қысқаша шолу жасайтын болсақ, мысалы, ерекше қажеттілігі бар оқушы оқу тәртібіне бейімделуі қиынға соғып, оқу процесін бұзатын қиын мінез-құлық көрсетуі мүмкін. Кейбір жағдайда, басқа білім алушыларға агрессивті қарым-қатынас көрсетуі мүмкін, ал бұл жағымсыз нәтижелерге әкеледі. Қалыпты балалардың ата-аналары мәселе шақырған оқушыға дереу шара қолдануды талап ете алады, ал бұл оқушыны сыныптан шығарып тастауға дейін апарады. Басқа да мәселе ретінде, балалардың қабілеттері оқу бағдарламасын қажетті деңгейде меңгеруге кедергі келтіруі мүмкін.

Осындай қиын жағдайлардың алдын қалай алуға болады? Біріншіден, инклюзивті тәсілді енгізу кез-келген жағдайда әртүрлі ресурстарды инвестициялауды қажет ететінін түсіну керек. Яғни, бұл бағдарламаларды бейімдеу, жеке оқу жоспарын және жеке тапсырмаларды құру және ерекше балалармен жұмыс істеуге мамандарды дайындау болып табылады. Бұл жұмысқа дайын болу және оны дұрыс жоспарлау маңызды. Бұл жұмысты жасауда, маңыздысы, оған дайын болу және дұрыс жоспарлау.

Педагогтардың инклюзивті білім беруге дайындығын зерттеу мәселесі отандық және шетелдік мамандардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Д.Л. Рындак өзінің мақаласында мүмкіндігі шектеулі балалар мектептегі табиғи ортада бола отырып, бір бағдарлама бойынша білім алуы үшін мамандардан қажетті көмек пен қолдауды алуы керектігін айтады [4].

И.М. Яковлева (2019) өзінің еңбегінде инклюзивті білім беру мұғалімі мүмкіндігі шектеулі оқушыларды оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін технологияларды білуі қажет екенін көрсетеді. Автордың пікірінше, алдымен ерекше білім беру қажеттіліктері бар барлық мектеп оқушыларын оқытуда қолданылатын технологиялармен, содан кейін әртүрлі нозологиядағы студенттерге арналған әдістер мен тәсілдерді қолдану ерекшеліктерімен танысуы керек [5].

Отандық ғалымдар А.С. Мағауова мен Ж.Т. Махамбетованың жасаған зерттеуінде болашақ әлеуметтік педагогтардың педагогикалық тәжірибе кезінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар контингентімен жұмыс істеу кезінде кездесетін қиындықтары – «ерекше

білім беру қажеттіліктері бар адамдармен қарым-қатынастағы қиындықтар» деп бөліп көрсеткен [6].

Мүмкіндігі шектеулі оқушылармен қарым-қатынасындағы негізгі психологиялық кедергі ретінде белгісізден мұғалімнің кәсіби сенімсіздігі, өзгергісі келмеуі, ерекше балалармен жұмыс істеуге психологиялық дайын еместігі, теріс көзқарастар мен пікірлер болып табылады. Бұл психологиялық білім беру қоғамдастығына ғана емес, сонымен қатар әдістемелік қызметтерге де, ең бастысы инклюзивті принциптерді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының басшыларына да маңызды міндеттер қояды. Мектеп мұғалімдері үйренуі керек ең маңызды нәрсе – бұл әр түрлі мүмкіндіктері бар балалармен жұмыс істеу.

Мұғалімнің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайындығын екі негізгі көрсеткіш арқылы бақылауға болады. Олар кәсіби дайындық көрсеткіші және психологиялық дайындық көрсеткіші [7].

**Кәсіби дайындық көрсеткіш құрылымы:**

- ақпараттық дайындық;
- педагогикалық технологияларды меңгеру;
- психология және коррекциялық педагогика негіздерін білу;
- балалардың жеке ерекшеліктерін білу;
- дамуында әртүрлі бұзылыстары бар балалардың жеке ерекшеліктерін білу;
- кәсіби қарым-қатынас пен оқытуға дайындығы.

**Психологиялық дайындық көрсеткіш құрылымы:**

- дамуында әртүрлі бұзылыстары бар балаларды эмоционалды қабылдау;
- дамуында әртүрлі бұзылыстары бар балаларды сыныптағы іс-шараларға қосуға дайын болуы;
- өзінің педагогикалық іс-әрекетіне сенімді болуы.

Жалпы білім беру жүйесінде инклюзивті тәсілді дамыту үшін жалпы педагогикалық технологияларды, қолдау технологияларды және балалар ынтымақтастығы технологияларын әзірлеу керек және де ата-аналарды педагогикалық үдеріске тарту қажет. Осылайша, біз кәсіби икемділік жайлы, яғни, оқушының қажеттіліктерін көре алу, екінші жағынан, оқу-тәрбие процесінің шеңберін сақтау, баланың мүмкіндіктерін көре білу, оның жетістіктеріне барабар талаптар қою туралы айтып отырмыз.

Жұмыс тәжірибесі бар мұғалімдер инклюзивтік білім беру қағидаттарына сүйене отырып келесі әдістерді әзірледі:

- мүмкіндігі шектеулі оқушыларды қалыпты оқушылар сияқты қабылдау;
- әртүрлі міндеттер қойғанымен, оларды бірдей іс-шараларға қосу;
- оқушыларды топтық жұмыс түрлеріне және топтық тапсырмаларды бірге шешуге тарту;
- оқытудың белсенді түрлерін қолдану: ойындар, жобалар, зертханалық зерттеулер.

Инклюзивті білім беру жүйесі мұғалімнің рөлін көптеген жолдармен өзгертеді. Мұғалімдер пәнаралық ортада басқа мұғалімдермен ынтымақтаса отырып, оқушылардың әлеуетін белсендіруге ықпал етеді. Мұғалімдер оқушылармен қарым-қатынастың әртүрлі жолдарымен араласады, сондықтан әр оқушыны жеке таниды. Сонымен қатар, мұғалімдер мектептен тыс әлеуметтік байланыстарға, оның ішінде әлеуметтік қолдау ресурстарымен және ата-аналармен байланысады. Мұғалімнің мұндай кәсіби ұстанымы оған өзінің қорқыныштары мен уайымдарын жеңуге, кәсіби шеберліктің жаңа деңгейіне жетуге, оқушыларын және міндетін түсінуге мүмкіндік береді.

#### **ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

4. Рындак, D. L. (2000). Мүгедектігі орташа және ауыр оқушылар үшін мектепті қамтуды анықтау: Сарапшылар не дейді? Ерекшелік, 8(2), 101-116.
5. Yakovleva, I. M. (2019). Sovremennyye tendentsii podgotovki pedagogov k inkluzivnomu obucheniyu detej s ogranichennymi vozmozhnostyami zdorov'ya [Current trends in teacher training for inclusive learning for children with disabilities]. Regional education: current trends, 3(39), 126-130.
6. MAGAUOVA, A; MAKHAMBETOVA, Zh. Готовность будущих социальных педагогов к работе в инклюзивном образовании: результаты диагностического исследования. Вестник КазНУ. Серия педагогическая, [S.l.], v. 62, n. 1, p. 43-51, apr. 2020. ISSN 2520-2650.
7. Алёхина, С. В., Алексеева М. Н., Агафонова Е. Л. Готовность педагогов как основной фактор успешности инклюзивного процесса в образовании // Психологическая наука и образование. – 2011. – № 1. – с. 83–92.

**Егизбаева К. К.**

*Магистрант 1 курса специальности «Педагогика и психология»*

*КазНУ имени аль-Фараби, город Алматы*

## **ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ КАК ОДИН ИЗ ВАЖНЫХ ФАКТОРОВ ЭФФЕКТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ**

Сегодня в Республике Казахстан придается особое внимание сфере образования. Президент РК Касым-Жомарт Токаев старается создать все условия для качественного образования, формирования и развития личности каждого гражданина. Поэтому уделяется особое внимание руководителям образовательных организаций Казахстана, так как основной целью государства является воспитание личности с активной жизненной позицией, как гражданина республики и его патриота.

Сегодня в казахстанском обществе вопросы управленческой деятельности становятся наиболее актуальными. Президент РК Касым-Жомарт Токаев на пленарном заседании Мажилиса в январе 2022 года отметил: «Комплексного реформирования требует система государственного управления. Реальным принципом приема и продвижения по службе должен стать принцип меритократии. Государственная служба должна быть открыта любому казахстанцу» [1].

Образование как часть государственной системы требует создания инновационных управленческих решений, новых подходов в подготовке менеджеров, развития личностных качеств управленческого корпуса в профессиональной деятельности.

Тема эмоционального интеллекта (ЭИ) в данное время активно развивается не только в сфере психологии, но и в сфере образования. Эффективное управление персоналом является одним из самых сложных видов деятельности внутри организации, требующего наличие развитых управленческих, профессиональных компетенций, высокого эмоционального интеллекта и личной харизмы. Именно от качества управления коллективом организации зависит успех деятельности образовательной организации. Люди являются главным капиталом организации, а через их эффективную деятельность компания достигает своих стратегических целей. Эмоциональный интеллект является некой «способностью», и предполагает наличие социальных и профессиональных компетенций, которые позволяют человеку успешно общаться и взаимодействовать с окружающими. Из всего этого следует, что эмоциональный интеллект следует сопоставить с компетенциями, которые необходимы для личностного развития и карьерного роста.

На данный момент учебные, корпоративные центры или отделы обучения занимаются развитием у сотрудников следующих навыков, которые приносят наибольшую эффективность: Hard skills (англ. «жесткие навыки») и Soft skills (англ. «мягкие навыки»), куда и входит эмоциональный интеллект. Согласно результатам опроса экспертов, в управлении человеческими ресурсами и руководитель крупных мировых компаний в ближайшее время более чем на треть должен обновиться набор навыков, необходимых для эффективной работы сотрудников

организаций. При этом в списке десяти основных навыков сотрудников будущего эмоциональному интеллекту отведено шестое место [2].

В сфере руководства следует уделить внимание на проявлении эмоционального состояния руководителя, применения определенных волевых усилий для решения управленческих задач. Деятельность управленческого состава компании требует эффективной эмоциональной регуляции. Для эффективного управления руководителю необходимо иметь следующие компоненты: эмоциональную сдержанность, эмпатию, чуткость. Руководитель должен быть лидером, он должен обладать желанием действовать, идти вперед и вести за собой коллектив. При этом очень важно, чтобы руководитель применял индивидуальный подход к каждому из своих сотрудников, чтобы достигать стратегической цели компании. Одним из главных объектов исследования различных видов деятельности является изучение рефлексивных механизмов и эмоционального интеллекта. В последнее время концепция эмоционального интеллекта, как альтернатива традиционного, широко исследуется в научных кругах.

Эмоциональный интеллект, как альтернатива традиционного интеллекта, стал широко популярен в психолого-педагогической науке. В центре внимания данное понятие находится не просто так, эмоциональный интеллект обладает хорошим потенциалом практического применения при решении вопросов как личностного развития, так и карьерного роста, а также эффективного управления персоналом образовательной организации.

Влиянием и ролью эмоционального интеллекта руководителя занимались видные зарубежные исследователи и психологи, такие как E.L.Thorndike, J.Gilford, G.Aizenek, D.Mayer, P.Salovey, R.Caruso, D.Goleman. Также существует тест эмоционального интеллекта, основанный на способности показывать уровень эмоционального интеллекта Майера-Салови-Карузо (Mayer-Salovey-Caruso Emotional Intelligence Test).

Теоретические основы влияния и роли эмоционального интеллекта у руководителей представлены работами отечественных ученых Выготским Л.С., Леонтьевым А.Н., Рубинштейном С.Л., Тепловым Б.М. Как полагал Тихомиров О.К., именно эмоции выполняют регулируемую функцию в процессе мышления, поэтому условием продуктивной интеллектуальной деятельности должна быть эмоциональная активация. Брушлинский А.В. установил неоднозначность взаимодействия когнитивных и аффективных процессов: эмоции могут способствовать и препятствовать интеллектуальным процессам.

Эмоциональный интеллект является одним из важных факторов эффективного управления в тех аспектах данной деятельности, которые напрямую связаны с явлением межличностных отношений в организации. Таким образом, анализ проблемы эмоционального интеллекта приобретает особую научную и научно-прикладную актуальность в точки зрения явления лидерства в организации. Эффективность выполнения руководителями организации различных управленческих функций во многом связано с реализацией последними лидерского потенциала. Эмоциональный интеллект руководителя организации, является одной из важнейших сторон лидерского профиля руководителя. Развитие данного вида способностей может существенным образом повысить эффективность профессиональной деятельности специалистов в области управления. Особенно те ее аспекты, которые напрямую связаны с межличностным общением.

Многие ученые утверждают, что эмоциональный интеллект (ЭИ) более важен, чем традиционный интеллект, поскольку он способствует успеху в учебе и карьере, лидерским качествам, а также психическому и физическому благополучию. [3]

Ставший популярным благодаря бестселлеру «Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ» Дэниела Гоулмана [4] более 25 лет назад, ЭИ сочетает в себе осознание наших эмоций со способностью использовать их для улучшения нашего мышления [6].

Наша способность рассуждать о своих эмоциях играет решающую роль в общении и отношениях друг с другом [3]. Дэниел Гоулман предполагает, что высокие баллы по традиционным показателям интеллекта (например, тестам IQ) не являются надежным показателем успеха

вне школы. Гоулман также полагает, что наш взгляд на человеческий интеллект слишком ограниченный. Вместо показателей традиционного интеллекта люди должны учитывать эмоциональный интеллект (ЭИ), когда пытаются понять мышление, принятие решений и личный успех.

Основываясь на исследовании психолога из Йельского университета Питера Саловея, Гоулман выделяет пять характеристик эмоционального интеллекта[5]:

#### 1. Знание наших эмоций

Мы должны быть достаточно самосознательны, чтобы распознавать наши эмоции по мере их возникновения. Люди, которые осознают свои эмоции гораздо лучше управляют своей жизнью, «имея более четкое представление о том, как они на самом деле относятся к личным решениям».

#### 2. Самомотивация

Эмоциональный самоконтроль имеет решающее значение для «концентрации внимания, самомотивации и мастерства, а также для творчества». Помимо ограничения импульсивности и отсрочки удовлетворения, мотивация может помочь нам войти в состояние потока и повысить производительность.

#### 3. Управление нашими эмоциями

Опираясь на самосознание, жизненно важно, чтобы мы могли управлять своими эмоциями. Этот навык помогает нам справляться со стрессом и избавиться от неизбежных жизненных трудностей.

#### 4. Эмпатия

Эмпатия строится на нашем эмоциональном самосознании. Этот жизненно важный навык работы с людьми позволяет нам быть в курсе потребностей и желаний других людей и может быть чрезвычайно важен в сфере образования, продаж и здравоохранения.

#### 5. Умение управлять отношениями

Как утверждает Гоулман, отношения – это, искусство, основанное на управлении эмоциями других людей. Такой навык чрезвычайно полезен для нашей эффективности в межличностных отношениях и поддерживает нашу способность руководить и быть востребованным специалистом.




Рисунок 1 – 5 характеристик эмоционального интеллекта

Согласно Ларсену, более поздние исследования предлагают две модели, которые объяснить то, как работает ЭИ [3]:

- **Модель способностей** рассматривает ЭИ как восприимчивость, которую мы можем измерить с помощью задач, связанных с эмоциональным мышлением и эмоциональным решением проблем. Ключевые характеристики модели включают «восприятие, использование, понимание и управление эмоциями» [8].

- **Смешанная модель ЭИ** сочетает в себе когнитивные способности с личностными характеристиками. Он включает в себя множество некогнитивных переменных, таких как эмоциональная самооэффективность, эмоциональная регуляция и эмоциональные предрасположенности.

Обе модели дают ценные предположения, через которые можно рассматривать ЭИ и углублять наше понимание эмоционального осознания.

Современные исследователи определяют эмоции как когнитивные, поведенческие и биологические реакции на наше окружение и лично значимые события [9]. Наше осознание таких эмоций жизненно важно для эмоционального интеллекта, пишет Гоулман [4].

Исходя из всего вышесказанного, можно сделать вывод, что эмоциональный интеллект является ключом к успеху во многих аспектах нашей жизни. Это включает в себя как осознание наших эмоций, так и их эффективное использование для улучшения нашего мышления. Как утверждает Гоулман, наш традиционный взгляд на человеческий интеллект может упускать жизненно важные эмоциональные факторы, необходимые для мотивации, построения отношений и лидерства.

Осознание наших эмоций – когнитивных, поведенческих и биологических реакций на ситуации и окружающую среду, в которой мы находимся, – обеспечивает большую часть самопознания и ценный вклад в цели, которые мы ставим, и в то, как же необходимо работать для их достижения. Быть профессионалом с глубоким пониманием и пониманием наших эмоций дает жизненно важное конкурентное преимущество; находясь в любом месте, это может укрепить межличностные отношения и улучшить общение с окружающими людьми.

Знание того, как человек эмоционально реагирует на ситуацию, может помочь справиться с повторяющимися или новыми ситуациями в будущем и сохранять или восстанавливать контроль над эмоциями.

#### **СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Электронный ресурс: [https://www.inform.kz/ru/kompleksnogo-reformirovaniya-trebuetsistema-gosudars-tvennogo-upravleniya-kasym-zhomart-tokaev\\_a3883992](https://www.inform.kz/ru/kompleksnogo-reformirovaniya-trebuetsistema-gosudars-tvennogo-upravleniya-kasym-zhomart-tokaev_a3883992) [Дата обращения 06.02.2022]
2. Gray, A., *10 skills you need to thrive in the Fourth Industrial Revolution*. URL: <https://www.weforum.org/> (дата обращения 20.04.2019), 2016
3. Larsen, Buss, Wismeijer, & Song, 2017
4. D.Goleman, *Emotional Intelligence*. – Bantam Books, United States, 1995
5. D.Goleman, *Emotional Intelligence*. – Bantam Books, United States, 1995, стр. 43
6. Mayer J.D, Roberts R.D, & Barsade S.G,- *Human abilities: Emotional intelligence*. *Annual Review of Psychology*, 2008
7. Larsen R.J, – *Personality psychology: Domains of knowledge about human nature*, et al., 2017Larsen R.J, – *Personality psychology: Domains of knowledge about human nature*, et al., 2017, стр. 312
8. Richard Gross, – *The Science of Mind and Behaviour*, London,

**Наркулова Г. Р.**

*С.Әлібекұлы атындағы №19 жалпы орта білім беретін мектебінің  
ағылшын пәні мұғалімі,  
/Меркі ауданы, Сұрат ауылы, Қалдыбай №56/*

## **ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕ – ЗАМАНАУИ МҰҒАЛІМ**

Инновация "жаңашыл" дегенді білдіреді. Жиі ашылулар, ізденістер білім беру процесі инновациялық сала деп айтуға мүмкіндік береді және ол әрқашан болған. Ақпараттық технологиялардың пайда болуы білім беруде әртүрлі инновациялық наррациялардың пайда болуына әкелді. Білім беру инновациялары-мақсаты тұрақты және неғұрлым тиімді нәтижелерге қол жеткізу, білім беру жүйесін жаңғырту болып табылатын бағдарланған инновациялар.

Мектептегі инновациялар тек оқуға әсер еткен өзгерістер деп ойлау қате. Мысалы, емтихан, электронды күнделіктер және т.б. балалардың үлгерімін жақсарту, мектеп материалын жақсы меңгеру үшін стандартты педагогикалық әдістер мен тәсілдерді түрлендіру инновацияға да қатысты. Оларды мұғалім жеке әзірлеп, белгілі бір сыныпқа қолдана алады немесе оларды мектеп басшылығы мақұлдап, барлық мұғалімдер қолдана алады. Әлемдегі білім берудегі инновацияның мақсаты-балаларды қазіргі әлемдегі жиі өзгерістерге дайындау.

Білім берудегі инновациялар соңғы онжылдықтарда барлық елдерде, оның ішінде жоғары дамыған елдерде (АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Германия және т.б.) орын алуда, оларға білім беруге арналған мемлекеттік шығыстардың жылына орта есеппен 4% – ға өсуі тән. Сонымен қатар, дамыған елдердегі бір оқушыға жұмсалатын шығындар дамушы елдердегі шығындардан 10 есе көп, бұл мамандардың сапасына әсер етеді және өз кезегінде бұл елдер арасындағы өмірдің басқа салаларындағы алшақтықты арттырады.

Инновациялық қызмет және оның процесі көбінесе мұғалімнің инновациялық әлеуетіне байланысты. Тұлғаның инновациялық әлеуеті келесі негізгі параметрлермен байланысты: – жаңа идеялар мен идеяларды құрудың және өндірудің шығармашылық қабілеті, ең бастысы-оларды практикалық формаларда жобалау және модельдеу; – тұлғаның толеранттылығына, ойлау икемділігі мен панорамасына негізделген өз идеяларынан өзгеше жаңа тұлғаға ашықтығы; – мәдени және эстетикалық даму және білім; – өз қызметін жетілдіруге дайындығы, осы әзірлікті қамтамасыз ететін ішкі құралдар мен әдістердің болуы; – дамыған инновациялық сана (дәстүрлі, инновациялық қажеттіліктермен салыстырғанда инновациялық қызметтің құндылығы, инновациялық мінез-құлықты ынталандыру). Мұғалімнің инновацияға дайындығы деп осы іс-әрекетке қажетті жеке тұлғаның қалыптасуын (үлкен жұмыс қабілеттілігі, күшті ынталандырудың әсеріне төтеп беру қабілеті, жоғары эмоционалды мәртебе, шығармашылыққа дайын болу) және арнайы қасиеттерді (жаңа технологияларды білу, оқытудың жаңа әдістерін игеру, жобаларды әзірлеу қабілеті, талдау және кемшіліктерді анықтау мүмкіндігі) түсіну әдетке айналған. Мұғалімнің инновациялық қызметін сәтті жүзеге асырудың қажетті шарты – инновациялық шешім қабылдау, белгілі бір тәуекелге бару, инновацияны жүзеге асыру кезінде туындайтын жанжалды жағдайларды сәтті шешу және инновациялық кедергілерді алып тастау.

Білім берудегі өзгерістердің әлемдік үрдістері:

\* білім берудің қоғамдағы беделін арттыру, оның басымдығы және қоғамдық және мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;

\* қоғамның барлық топтары үшін білімнің қол жетімділігіне (және оның деңгейін көтеруге) қамқорлық жасау және оларға оны алу түрлері мен тәсілдерін таңдау үшін кең мүмкіндіктер беру;

\* білім беруді даралау және саралау, әр адамның өз мүдделерін, жеке жоспарлары мен қабілеттерін жүзеге асыру үшін кең мүмкіндіктер беру;

\* үздіксіз білім беру жүйесін дамыту;



- \* "параллель білім беруді" дамыту;
- \* қашықтықтан білім беруді дамыту;
- \* жалпы және кәсіптік білім беруді жақындастыру;
- \* ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, әлемдік ақпараттық байланыстағы, экономикадағы, қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі, экологияға, денсаулыққа және т. б. қамқорлық көрсетудегі бірігу үрдістерін ескере отырып, білім беруді интернационалдандыру;
- \* бұқаралық ақпарат құралдарының, әртүрлі оқу орындары мен ұйымдарының көмегімен азаматтардың білім деңгейі мен мәдениетін арттыру;
- \* білім беру сапасын арттыруға қамқорлық жасау, түлектердің және әрқайсысының дайындығында жоғары нәтижелерге қол жеткізу;
- \* жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелеріне баса назар аудару, гуманитарлық, демократиялық, экологиялық тәрбиені, бейбітшілік пен ынтымақтастық рухындағы тәрбиені күшейту, гуманитарлық білім мазмұнының маңыздылығы мен көлемін арттыру;
- \* нарықтық экономика, еркіндік және демократия жағдайларында түлектерді өмір сүру және қызмет ету үшін даярлау сапасын арттыру;
- \* оқытушы мен білім алушылардың әріптестігін қамтамасыз ету, білім алушылардың дербестігін және олардың өз сайлауына жауапкершілігін арттыру;
- \* білім беру процесінің мазмұнын, шарттарын, нысандары мен әдістерін жетілдіру, жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, жалпыға бірдей компьютерлік сауаттылықты қамтамасыз ету;
- \* білім алушылардың коммуникативтік қабілеттерін, шет тілдерін оқыту дағдылары мен іскерліктерін дамыту мәселелеріне назар аудару;
- \* Білім және ғылым (іргелі және қолданбалы зерттеулер) білім беру мекемелерінде біріктіру, ЖОО оқытушыларын оқу орнынан ғылыми жұмысқа және керісінше ротациялауды қамтамасыз ету;
- \* мұғалімдер мен оқытушылардың біліктілігін арттырудың сапасы мен үздіксіздігін арттыру, оқытушылардың әдістеме, Педагогика және психология бойынша біліктілік дәрежелерін алуын көтермелеу;
- \* білім беру мекемелерінің жергілікті билік органдарымен және кәсіпорындармен байланысын кеңейту, олардың тапсырыстары бойынша бейінді зерттеулер мен әзірлемелерді орындау және т. б.

Мысалы, білім беру саласындағы шынайы демократияның белгісі барлық азаматтар үшін мектептер, жоғары оқу орны мен жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің тең қол жетімділігі және оны жүзеге асыру үшін бірқатар жағдайлар жасау қағидаты болып табылады: мемлекеттік және муниципалды білім беру мекемелерінде конкурстық негізде тегін білім алуға кепілдік беру, студенттерге стипендиялар мен жәрдемақылар төлеу, жатақханаларда жеңілдіктер мен орындар беру; кәсіптік білім алу және жоғарылату нысандарын кеңейту (Күндізгі, сырттай, экстернат); кепілдендіруге бас бостандығынан таңдау нысандары, білім беру бағыттары (мамандандыру). Әлемде ашық мектептің идеялары танымал, олар, атап айтқанда, барлық адамдар шектеулі жағдайсыз, соның ішінде беделді және қымбат мекемелерде білім ала алмағандар оқи алатын білім беру мекемелерінің желісін құруда жүзеге асырылады.

Білім берудегі инновациялық процестер оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға шығармашылық, жаңашыл көзқарастың дамуымен сипатталатын жаңа білім беру парадигмасының дамуының көрінісі болып табылады. Қазіргі уақытта олар әлемдік білім беру кеңістігінің даму тенденцияларын болжайды, білім беру жүйелерінің өзара әрекеттесуі және олардың интеграциялық процестерге реакциясы негізінде аймақтардың түрлерін ажыратады. Қазіргі заманғы білім халықаралық білімге айналуы тиіс деген түсінік барлық елдерді біріктіреді. Яғни университеттік білім көп мәдениетті білім беру ерекшеліктеріне ие болады. Ол құбылыстарды басқа адамның, әртүрлі мәдениеттердің, басқа әлеуметтік-экономикалық формацияның позициясынан бағалау қабілетін дамытады. Білім берудегі кез-келген инновация алдымен бір адамның басында пайда болады, содан кейін оның авторлық инновациясына айналады және тек

мектептегі сабақтарында қолданылады немесе сыртқы тапсырысқа айналады және бүкіл әлемде жүзеге асырылады.

Әрине, инновацияларды енгізу тез арада емес, инновацияны құру мен тестілеуден, нәтижелерді одан әрі бағалаудан және қажет болған жағдайда түзетуден басталатын ұзақ процесс. Осы кезеңдерден өткеннен кейін ғана мұғалімдер арасында педагогикалық процеске енгізіліп, таралады. Бұл инновацияларды басқару интегративті процесс болып саналады. Бұл мыналарды қамтиды: мұғалімдермен, балалармен және олардың ата-аналарымен жұмыс, сыртқы әлеммен байланыс, бақылау, талдау, реттеу және инновациялық білім беру қызметін ақпараттық қамтамасыз ету. Бұл жағдайда негізгі бағыттардың ішінде білім беру санатының мазмұнын түбегейлі жаңартуды, инновациялық педагогикалық әдістемелер мен технологияларды енгізуді, білім беру процесін ұйымдастыру тұрғысынан инновацияларды әзірлеуді, мұғалімдердің зияткерлік-шығармашылық жұмысын қоюды, оқушылардың зияткерлік-шығармашылық сабақтарын ұйымдастыруды, оқытушылар құрамымен әдістемелік жұмысты жүзеге асыруды, инновациялық педагогикалық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруды бөліп көрсеткен жөн, сондай-ақ, білім беру мекемелерінің имиджін және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру бойынша жұмыс. Қазіргі белсенді өзгеретін жағдайда кез-келген мектептің басшылығы білім беру мекемесі қандай да бір жолмен қызметтің әдеттегі тәжірибесін қайта қарау қажеттілігін сезінетінін есте ұстауы керек.

Инновациялардың білім беруді дамытуда алатын орны, олардың қазіргі қоғамдық өмірдің барлық салаларына әлеуметтік диффузиясының динамикасы, сондай-ақ инновацияның маңызды ядросының тұжырымдамалық және семантикалық эрозиясының күшеюінің өсіп келе жатқан тенденциясы зерттелетін құбылысқа қатысты тұжырымдамалық анықтау міндетін қояды. Инновациялық процестердің адам өмірінің барлық салаларына таралуы бұл процестерді ғылым мен техникада ғана емес, сонымен бірге басқару мен білім беру саласында да мәні, құрылымы, жіктелуі және ерекшеліктері тұрғысынан зерттеу қажеттілігіне әкелді.

Білім берудегі инновациялар – бұл әлемдік білім беру қызметтерінің негізгі тұтынушыларының (жеке тұлғаның мүдделерін білдіретін мемлекет пен отбасы) өзекті қажеттіліктерін қанағаттандыруға әкелетін дамудың оң нәтижесі.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Головина Е.О. Қазіргі білім берудегі инновациялар // қазіргі жаратылыстану жетістіктері. – 2013. – № 10. – Б. 74-75;
2. Абдраманова, Г.Б. Қазіргі білім берудегі инновациялық технологиялардың рөлі / г. Б. Абдраманова.
3. К. Б. Ажмолдаева. – Мәтін: тікелей / / Жас ғалым. – 2016. – № 5.2 (109.2). – Б.35-37. – URL: <https://moluch.ru/archive/109/26691/> / (өтініш берген күні: 14.02.2022).
4. Жоғары және арнайы оқу орындарында білім беруді ақпараттандыру. Б.Әбдікәрімұлы, Г.С.Базарбаева, Б.Т.Барсай, Ж.Ж.Джанабаев.

**Пархатова Б. Б.**

*Сыпатай Әлібекұлы атындағы №19 ЖОББМ  
орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі*

## **ӘЛЕМДІК ЗАМАНАУИ МЕКТЕП – МҰҒАЛІМ – ИННОВАЦИЯ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ- ЗАМАН ТАЛАБЫ**

Мектеп кеме – білім теңіз. Дәл осы ортада әр бала білімнің қайнар көзімен сусындап, өмірлік тәжірибенің барлық машықтарын игереді. Оқу мен тәрбие егіз ұғым екенін ескерсек, ордалы ортаның шәкірт тәрбиелеу барысында жаңашылдықты басшылыққа алып, білікті ұстаздар қауымымен толықтырылуы үлкен маңызға ие. Себебі, заман ағымы бір орынында

тұрмайтын, өзінің өзгерістерін қоса ала келетін қасиетімен ерекшеленеді. Ал, мұғалім – мектептің жүрегі. Дәл осы мамандық атаулары – болашақ тұлғалардың тұғырының биік болуына ат салысып, барлық ұлтты тәрбиелейді.

Әр педагогтың әдістемелік мақсаты – балалардың табиғатын барынша ашу болып табылады. Оқытудың инновациялық технологияларын қолдана отыра, әр сабақ балаларға қуаныш пен өзінің пайдасын тигізуі керек. Мұғалім тек сабақ жүргізіп қана қоймай, әр шәкіртіне жан – жақты қолдау көрсеткені дұрыс. Педагогикалық шеберлікке сәйкес әр ұстаз оқушының жеке даму заңдылықтарын оңтайландырып, білім алуға бар жағдай жасауы тиіс. [1]

Ұстаздың бойындағы жаңашылдық, заманауи үлгідегі басымдықтар қашан да көрініс табуы қажет. Ол ұлы көштен қалмай, үнемі өз біліктілігін арттырып, кез – келген тың бастаманы игеріп әкету қабілетіне ие болуы тиіс. Талай жылдық тәжірибесі бар маманның өзі кейінгі өзгерістерден қапы қалмай, инновациялық тұлғаға айналғаны жөн. Бүгінгі таңда техника мен ғылым көз ілеспен жылдамдықпен дамып жатқанын ескерсек, әр жаңа әдіс – тәсіл назардан тыс қалмауы керек. Ақпараттық технологияның өмірімізге терең еніп, қолданысқа қажеттілігі басым түскен сәтте, түрлі бағдарламалар мен оқуға тиімді тәсілдерді меңгеру артық етпейді. Ол тіпті, әлем бойынша әбігерге алған короновирустық инфекция кезінде өзінің ұтымдығын байқатып үлгерді. Дерт бүкіл аймақты дендеп бара жатқанда ең алдымен қауіпсіздік басты назарға алынып, бұл білім беру саласына да айтарлықтай өзгерістер енгізді. Аз уақытта қашықтан оқыту жүйесі бойынша білім алуды жалғастырып, бұрын – соңды болмаған тәсілді қолдандық. Әрине, бұл ең алдымен ақпараттық технологияларға тікелей байланысты болғаны рас. Ұстаз бен оқушы арасын жалғай алған бұл көпір, жаңашылдықтың қаншалықты тиімді екенін аңғартты. Ақпараттық технология ұғымын ғылыми айналымға енгізген ғалымдардың бірі В.М. Глушков «ақпараттық технология-ақпарат өңдеумен байланысты ұғым» – деп дәлелдеген [2].

Бүгінгі таңда ақпарат айдыны арқылы тек ел аумағында ғана емес, әлемдік деңгейде біліктілікті арттырудың мол мүмкіндігі бар. Ғаламтор байланысы озық мемлекеттермен өз – ара тәжірибе алмасуға жол ашып, дүниенің түкпір – түкпірімен көз ілеспес жылдамдықта ақпарат алмасуға септігін тигізуде.

Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар арқылы оқушылардың өзіндік жұмыс жасау машығы артады. Яғни, ақпаратты өз беттерімен іздеуге талпынып, ізденімпаздық қасиеттері дамиды. Күнделікті сабақта интерактивті тақтаны пайдаланып отырып – ақ, олардың қызығушылықтарын арттыруға болады. Компьютерлік техника, электронды оқулықтарды білім беру барысында қолдана отыра, сапаны арттырып, қосымша мәліметтермен сусындатуға болады. Бүгінгі таңда кез – келген кітаптың, журналдар мен қажет мәліметтердің ресурстары электронды нұсқада бар екенін ескерсек, сабақ барысында да электронды оқулықтарды кәдеге жаратып, жылдамдықты арттырып, уақыт үнемдеуге мүмкіндік бар. Қолданыстағы кітаптарға қарағанда электронды оқулықтардың біршама артықшылықтары да жоқ емес, мәселен балалар өз білімдерін тексеруіне, қосымша мәліметтермен танысуына, ойлау – дамыту барысын арттыруына болады. Әр сабақта ғаламтор желісі, электронды оқулық, тиімді бағдарламалар қолданылса, оқушылар сол пәнді терең игеріп, алған білімдерін іс – тәжірибе барысында пайдаға жаратып, логикалық ойлау машығы қалыптасады. Жалпы, ақпараттық технологияларды қолдану не үшін қажет? Осы сауал төңірегінде жауап іздеп көрсек:

- Білімге аз уақытта қол жеткізу;
- Сапаны арттыру;
- Кез – келген жерде, кез – келген уақытта қажет ресурстармен қамтамасыз етілу;
- Шығармашылықтарын шыңдауға;
- Өзіндік жұмыстың артуына;
- Зерттеушілік, ғылыми бағыттағы машықтардың пайда болуына үйретеді.

Педагогикалық технология ұстаздар мен оқушылардың аз ғана күш жұмсап, ең жақсы нәтижелерге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталады[3].

Әлемдік жетекші елдердің басым бөлігі инновацияны қолдайды. Бүгінгі таңда озық мектептердің бәрі ғаламтор желісімен қамтамасыз етіліп, оқушыларының үздік білім алуына жағдай жасауда. Сонымен қатар, кейбір оқу ордаларына назар салып қарайтын болсақ, олар тек айқын басымдықты тәртіп пен білімге ғана негіздеп қоймай, шәкірттердің бойында еркіндік, өз ойын жеткізе алу, қолайлы ортада білім алу қажеттілігін қанағаттандырып, өздеріне тән ережелерімен ерекшеленеді. Әлем бойынша заманауи мектеп тізіміне мән беріп, біразына тоқталып өтсек:

Стив Джобстың атын иеленген мектеп. Бұл білім беру мекемесінің ерекшелігі – сабақ таза ауада, айналаның бәрі жасыл желекпен көмкерілген, дәптердің орынына оқушылар айпад пайдаланып, әр тұлғаның жеке шығармашылық қабілеті мен дарынын ашу барысында барынша жүйелі жұмыстар жүргізеді. Мұғалім атауының орына спорттағы «тренер» сөзі қолданылып, шәкірт пен ұстаз арасында кедергінің болмауын үндейді. Оқыту әдісі қатып қалған қағидаға сүйенбей, кезең – кезең бойынша жоспар мен түрлі картиналар арқылы түсіндіріліп, жеке – жеке парталардың орынына дөңгелек столдар қойылған. Әр бөлмеде Apple интерактивті экрандары орнатылып, ата – аналар өз балаларының білімін кез – келген уақытта бақылауына мүмкіндік жасалған.

Ørestad High School, Копенгаген еліндегі бұл мектепте кітап пен дәптер қолданылмайды. Соның орынына әр оқушыға компьютер жабдығы беріліп, инновациялық технологиялар көмегімен білім алады. Білім ордасының ауқымы көлемді болғандықтан, дәліздер мен баспалдақтар желісі көп. Оқушылар зерігіп кетпеуі үшін бөлме күн сайын ауысып отырады.

Wahroonga Preparatory School, Вахрунга, Австралиядағы аталмыш мекеме ең алдымен адамдарды толеранттылыққа үйретіп, әлем қалай жаратылған, шығармашылықты не шындайды, өмірге деген көзқарас қандай болуы керек, жаңалық ашу үшін не түрткі болады. Осы бағыттарды басшылыққа алып жұмыс жасайды. Әр бала үшін жекелей тапсырмалар қарастырылып, тұлғалық қабілетті ашу барысы оңтайландырылған. Ол үшін ата – аналармен тығыз байланыс орнатып, қай бағытты таңдайтынын ақылдасады. Бұл мектептің ең басты ерекшелігі ақпараттық технологияны қолдана отыра, әр тәрбиеленушінің таңдау еркіне жол берілгендігі. Айта кететін бір жайт, сыныптағы бала саны – 15 адамнан аспауы қажет.

Vittra Telefonplan, Стокгольм, Швециядағы заманауи мектептердің бірі болып табылатын бұл оқу ордасы да оқушылардың ой – пікірімен санасуды жөн көреді. Балаларды атауы қызықты, бағыты айқын түрлі топтарға бөліп, білімдерін дамытады. Мәселен, «Үңгір», «Лаборатория», «»Витрина тәрізді топтарды кездестіруге болады. Бұл жерде қабырғалар мен сыныптар жоқ. Парта мен орындық та қарастырылмаған. Әр балаға ноутбук беріліп, өздеріне ыңғайлы, жұмсақ дивандар немесе баспалдақ маңы, кілем үстіне отыруына болады. Тіпті, шаршаған жағдайда жатып, біліктіліктерін арттыруларына рұқсат берілген. Мекеменің барлық аймағында Wi-Fi желісі үздіксіз жұмыс жасайды. Инновациялық технологиялар көмегімен оқушылар білімдерін тереңдетуіне барынша қолайлы орта жасалған.

Әлемдік заманауи мектептердің біразына тоқталып өтіп, өз таңданысымызды жасырмағанымыз рас. Дегенмен, мұндай мекеме біздің ел аумағында да бар екенін біреуі білсе, біреуі білмес. Қазақстанның Бурабайындағы IND architects мектеп – интернаты Орта Азиядағы жеке меншік мектептердің арасында ашылған оқу ордаларының бірі. 2020 жылдың 1 қыркүйегінде есігін айқара ашқан аталмыш білім ордасы қазақи нақышта, сонымен қатар инновациялық әдіс – тәсілдерді біріктіріп, жан – жақты ойластырылып жасалған. Мекеменің құрылысына экологиялық материалдар қолданылып, жарық жақсы түсуі үшін үлкен шынылар қойылған. Бұл жерде тек ғылымға мән беріп қана қоймай, шығармашылықпен де айналысуға болады. Лаборатория, музыка, робототехника, медельдеу, бағдарлама жасау, сурет алу және т.б. барлығы бір мекеменің ішінде топтастырылған. Бос уақытты тиімді өткізу үшін, таза ауада серуендеу мақсатында ойын алаңдары қарастырылып, теннис ойнайтын аймақ, киіз үйлер,көлге қайықпен шығу тәрізді қосымша қызықты дүниелер де ойластырылған. Бұл өңірдің табиғаты ерекше, сұлулығы көз тартатынын бәріміз жақсы білеміз. Білім жағынан да оза шауып, бүгінде әлемнің озық елдерімен иық тіресіп, заманауи үлгідегі мектептің бейнесін көрсетуде.

Халықаралық тәжірибе адам капиталына, атап айтқанда, білім беруге, ерте балалық шақтан ересек жасқа дейінгі инвестициялар болашақта зор қайтарымға ықпал ететінін растайды. [4]

Расымен, ел ертеңі бүгінгі берілген білім нәтижесі арқылы айқын көрініс таппақ. Қазір мектеп партасында отырған бүлдіршіндер, болашақта мемлекет мерейін үстем ету барысында өлшеусіз үлес қосып, өз көмектерін тигізбек.

Заман ағымына сай өздеріне сенімді, нақты жоспарлары бар, айқын басымдықпен басқалардан ерекшеленетін, инновациялық жетілген, жігері мол жастар тәрбиелеу қоғам алдында тұрған басты міндет.

«XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс» [5], деп Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаев айтқандай ел әлеуетін арттыру білімді ұрпақтың қолында.

Олай болса, әлемдік мол тәжірибені басшылыққа ала отыра, заманауи мектеп қатарын арттырып, білім беруде озық технологияны қолданып, инновациялы ұстаздар қауымын жетілдіріп, жаңашылдықтың жаршысы бола білу алда тұрған басты бағыттардың бірі. Еліміздің білім беру жүйесі бір жолға қойылған, оны одан әрі дамыту нұр үстіне нұр болмақ. Сауатты ұрпақ, салауатты ұландар қатары көп болсын! Мерейімізді асқақ етер, мектептеріміз мәңгі гүлденіп, дами берсін!

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Кваша В. П. Управление инновационными процессами в образовании. Дис. канд. пед. наук. М., 1994г
2. Оқушыларды сын тұрғысынан оқыту тәсілдері. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, 2015. – №3. – 11-14 б.
3. Инновациялық технологиялар арқылы функционалдық сауаттылықты көтерейік. Қазақстан мектебі, 2014. – №9. – 17-19 б.
4. Дебердеева, Т. Х. Новые ценности образования в условиях информационного общества /2005г. № 3/ (444)
1. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат», мақала, Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының Президенті, Егемен Қазақстан газеті, 05 қаңтар, 2021 жыл.

**Баярыстанова Э.Т.**

*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қаласы,  
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы,  
педагогика ғылымдарының кандидаты*

**Нығметжанова Р.Ө.**

*5B012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану  
мамандығының 4 курс студенті*

## **БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН МЕКТЕП ӨМІРІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ**

Баланың білім жолына алғашқы қадам жасап, жүйелі білім алу үшін мектепке келуі оның бүкіл бұрынғы өмірін өзгеріске ұшыратады: оқушының барлық назары мектепке, оқуға, өзіне қойылып отырған жаңа талаптарға бағытталады, мұнымен қоса баланы жаңа қатынастарға, іс-әрекет түрлеріне және әлеуметтік жағдайлардың жаңа жүйесіне икемделу қажеттігі алаңдатады. Бұл бірінші сынып оқушысының өміріндегі өте қиын кезең, себебі алғашқы күндерден бастап-ақ мектеп оның алдына бұрынғы тәжірибесін қолдану арқылы шеше алмайтын және үлкен ерік-жігер мен зияткерлік күш жұмсауды қажет ететін көптеген міндеттер қояды.

Бүгінгі таңда бұл жағдайдың күрделенуіне бірқатар факторлар да ықпал етеді: отбасының тәрбиелік әсерінің төмендеуі, қоғам өмірінің жылдам қарқыны және бұқаралық ақпарат құралдарындағы көптеген карама-қайшылықты ақпараттар. Мұның бәрі бастауыш мектеп оқушысының қоршаған әлем туралы біліміне нұқсан келтіреді, сол себепті баланың жаңа жағдайларға, жаңа ұжымға әлеуметтік бейімделуі үшін, өзін жаңа ортада жайлы сезіну және онда сенімді қарым-қатынастар қалыптастыру үшін оған көмек көрсету аса маңызды.

Латын тілінен аударғанда «бейімделу» – икемделу, үйлесу деген мағынаны білдіреді. Ғылыми әдебиеттерде *бейімделу* қашанда жеке тұлғаның әлеуметтік рөлге енуі мен жаңа режимге көшуімен байланысты екені айтылады. Мәселен, В.М. Мардахаевтың пікірінше, «әлеуметтік бейімделу – қоғамда қабылданған мақсаттарды, құндылықтарды, нормалар мен мінез-құлық стильдерін игеру және қабылдау арқылы адамның әлеуметтік орта жағдайларына (өмір сүру ортасына) белсенді икемделуі». [1]

Бірінші сынып оқушыларын бейімдеу – бұл баланың жеке басын әлеуметтендіру механизмі, сонымен қатар оны жаңа қатынастар мен байланыстар жүйесіне қосу. Мектепке алғаш келу – мектеп жасына дейінгі баланың барлық таныс жағдайларының өзгеруі, оның жаңа әлеуметтік мәртебеге енуі. Мұндай күрделі үрдіс әркім үшін әртүрлі өтеді, сондықтан мектептің педагогикалық ұжымы мен ата-аналар бірлесіп мақсатты әрекет ету арқылы балаға сәтті бейімделуге көмектесуі қажет.

Кіші мектеп жасындағы балалардың бейімделу мәселесі көптеген ғылымдардың назарында екенін атап өткен жөн: педагогика (О.С. Газман, И.П. Подласый, Н. Б. Крылова және басқалар), әлеуметтік педагогика (М.А.Галагузова, А. В. Мудрик, Л.В. Мардахаев және басқалар), психология (А.В.Петровский, В.Б.Шапарь, Б.Г.Мещеряков және басқалар), физиология (М.В.Антропова, М.М.Безруких және басқалар).

Бірінші сынып оқушысының әлеуметтік бейімделуі баланың жаңа әлеуметтік рөлді – оқушы рөлін игеруімен байланысты және келесі негізгі компоненттерді қамтиды:

- мұғалімді тыңдай білуі;
- өз міндеттерін түсінуі және оларды орындауы;
- мектеп тәртібі мен талаптарын сақтауы;
- сыныптастарымен жақсы қарым-қатынас орнатуы;
- тапсырманы өз бетінше ұйымдастыра және орындай білуі.

В.Р. Ясницкаяның айтуынша, бірінші сынып оқушыларының басым көпшілігі мектепте оқуға дайын. Жаңа білім мен тәжірибе алуға деген ұмтылыс, «Мен енді оқушымын!» деп бұрынғы мәртебені өзгертудің маңыздылығын түсіну, өзіне жүктелген міндеттерді орындауға дайын болу балаға мұғалім тарапынан оның мінез-құлқына, құрдастарымен қарым-қатынасына, жаңа күн тәртібіне қатысты қойылатын талаптарды саналы түрде қабылдауға ықпал етеді. Мектеп өмірінің бастапқы кезеңінде жаңа ережелерді орындау және сақтау бірінші сынып оқушысы үшін қиын міндет болып табылады, бірақ бала оларды әлеуметтік маңызды және қажет деп санайды, бұл оның әлеуметтік бейімделуі мен әлеуметтену үрдісін жеңілдетеді. [2]

Балалардың әлеуметтік бейімделуінің маңызды шарты – әлеуметтік педагог пен психологтың оқушылармен де, олардың ата-аналарымен де жүргізілетін түсіндіру жұмыстары. Бастауыш сынып мұғалімі оқушыларға қойылатын талаптарды тек олардың өзіне ғана емес, ата-аналарға да анық және нақты түсіндіруі керек. Мұндай әңгімелесулер барысында бірінші сыныпқа келген балаларға тән өзгерістер (олардың жаңа ұстанымдары, құқықтары, міндеттері) туралы егжей-тегжейлі ақпарат берілгені дұрыс. Сонымен бірге, бірінші сынып оқушыларына белгілі бір ережелер мен мінез-құлық нормаларын сақтау талаптары мезгіл-мезгіл сипатта және көңіл-күйге байланысты болмағаны аса маңызды.

Мектепте қабылданған ережелер мен нормаларды сақтау талаптары балаға үнемі тыйым салу сипатында ғана болып, оның теріс көзқарасын тудырмауы керек. Мектептің педагогикалық ұжымы мен ата-аналар тарапынан тиісті ықпалдар болған жағдайда, балалар бұл ережелерді маңыздылығына қарай жіктеуге, түсінуге және орындауға тырысатын болады. Сынып

жетекшісі, әлеуметтік педагог және жалпы мектеп ұжымы бірінші сынып оқушыларына оқудың алғашқы күндерінде-ақ мінез-құлық нормалары мен ережелері туралы білім беріп қана қоймай, сонымен бірге баланың бойында белгілі бір моральдық этикалық ұстанымдардың қалыптасып дамуына ықпал жасайтын тәрбие үрдісін жоспарлап, іске асырғаны маңызды. [3]

Мектеп өмірі ұжымдық сипатта болатынын ерекше атап өту керек. Сыныптағы бірлескен жұмыс басқа оқушылармен де, мұғаліммен де қарқынды қарым-қатынас жасауды, олармен бірігіп еңбек етуді, белгілі бір қарқынмен жұмыс істеуді білдіреді. Мұндай жұмысқа бірінші сынып оқушылары барлығы бірдей дайын бола бермейді, кейбір балалар құрдастарымен қарым-қатынас орнатуда қиындықтарға тап болады, көбінесе шетте қалады, жалғыз ойнайды және топтық әрекеттен аулақ болады. Сондықтан олар мұғалімнің, әлеуметтік педагогтың, психологтың және ата-аналардың педагогикалық қолдауына мұқтаж.

Сынып оқушылары арасындағы өзара қарым-қатынастың тиісті деңгейде қалыптаспауы олардың бірлескен еңбекке бейімделе алмауының басты себебі болып табылады. Сыныптастарымен қарым-қатынас орната алмаған оқушы оқу-тәрбие міндеттерін ұжымдық тапсырма ретінде қабылдай алмайды, демек оқу-тәрбие үрдісінің нәтижелігі төмендейді. Бұл жағдайда баланың сыныпта басынан кешірген сәтсіздіктері оқумен, жалпы мектеп өмірімен байланыстырылып, білім алуға деген жағымсыз қатынас пайда болады.

Психологиялық зерттеулер мен педагогикалық байқаулардың нәтижелері бойынша, бірінші сыныпқа келген оқушылар «ұжым» деген мағынаны әлі түсінбейді: олардың бір-бірімен қарым-қатынасы мұғалім арқылы ғана жүзеге асырылады. Мысалы, қаламы үйде қалып қойған бала сыныптастарынан артық қалам сұрамайды; ол мұғалімге айтады немесе мұғалімнің өзі байқағанша үндемей отыра береді; ал мұғалім балалардан: «Кім Болатқа қалам бере алады?» деп сұрағанда, артық қаламы бар бала оны Болаттың өзіне емес мұғалімге апарып береді. Мұндай жағдай сыныптағы оқушылардың әрқайсысы «өз бетімен жеке» болатынын көрсетеді. Бала өзінің мектептегі алғашқы күндерін «мен және менің апайым (мұғалімім)» деп сипаттайды. Мұғалім сыныптағы балалар арасындағы дәнекерші ролін атқара отырып, олардың бір-бірімен өздігінен тікелей қарым-қатынас орнатуына жағдай жасауы қажет. Бұл оларды мектеп өміріне, бірлескен ұжымдық еңбекке әлеуметтік бейімдеудің басты шарты болып табылады. [4]

Бастауыш мектеп оқушыларының өзара қарым-қатынасына тән белгі олардың достығы, әдетте, өмірдің сыртқы мақсаттары мен кездейсоқ мүдделер ортақтастығына (балалар бір партада отырады, бір үйде тұрады, ортақ ойын түрлерін ұнатады, т.б.) негізделеді. Бастауыш мектеп оқушысының санасы әзірше құрдастарының пікірі өзін-өзі шын бағалаудың өлшемі болатындай деңгейге жетпейді. Әрине, 6-8 жастағы балалар өздерінің ептілігі, зеректігі, батылдығы үшін сыныптастарының берген бағаға өте ынталы және бұл баға өзі қалағаннан басқаша болса, қатты қынжылады. Бірақ мұндай қынжылыстар ұзаққа бармайды, олар өзгелердің (мұғалімнің, үлкендердің) берген бағаларымен оңай алмастырылады.

М. М. Безруких алты жастан сегіз жасқа дейінгі балалардың басым көпшілігі жаңа ұжымға жылдам үйреніседі, танысады, қарым-қатынас орнатады, бірлесіп іс-әрекет жасайды, алайда бәсекелестік пен жарысу элементтері әлі де байқалатынын көрсетеді. Бірінші сынып оқушысы берілген тапсырманы әрқашан да «ұжымдық құлшыныстан» орындамайды – көптеген жағдайларда бұл өзін даралап көрсету, мұғалімге ұнау. Сол себепті орындалған тапсырманы оқушылардың барлығына көрсетіп, кімнің жасағанын айтып, қажет болған жағдайда, мақтап отыру қажет. [5]

Мектепте бала сыныптастарының арасында өзін жайлы, қызықты және көңілді сезінуі керек, өйткені олардың берген бағасы, оған деген көзқарасы бала үшін өте маңызды. Әрбір бірінші сынып оқушысы «баға жетпес дос» болғысы келеді. Баланың құрдастарымен қарым-қатынасынан алатын жағымды эмоциялар, ең алдымен, оның мінез-құлқына әсер етеді және әлеуметтік бейімделуді тездетеді және жеңілдетеді. [6]

Бірлесіп оқу, мінез-құлықтың жаңа ережелері мен нормаларын игеру – балалар арасындағы ұжымдық қарым-қатынастардың қалыптасуы үшін жағдай туғызады. Жаңа ұжымға еркін

бейімделуі үшін бірінші сыныпқа келген әрбір бала құрбыларының өзін қабылдағанын, оны ұнататынын сезінуі қажет. Осы қатынастар, сондай-ақ, мұғалімнің қарым-қатынасы мен бағалауы мектеп оқушысының өзіндік сана-сезімін, жеке адам ретінде өзіне деген көзқарасын қалыптастырады. Мұндай жағдайды қамтамасыз ететін бірінші адам, әрине, мұғалім.

Сынып мүшелері арасында жағымды қарым-қатынас қалыптастыру оқушыларды парталарға отырғызудан басталады. Балалар парталарға «біріктіру» түрлі жағдайлар бойынша жүргізілуі мүмкін: қыз бала мен ер бала, белсенді бала мен тұйық бала, жақсы оқитын/нашар оқитын. Бірақ ескеретін маңызды фактор – баланың қасындағы құрбысына антипатиясы болмауы шарт.

Кейбір балалардың мектеп өміріне еркін араласа алмауы оның ұжымдық өмірге үйренісе білмеуінен, өз әрекеттері мен қажеттіліктерін ұжымның мүдделеріне бағындыра алмауынан болады. Баланың құрбылары арасындағы қарым-қатынасын бақылау арқылы оның мінез-құлқы, әдеттері туралы мағлұмат алуға, сондай-ақ отбасы тәрбиесінің көріністерін байқауға болады. Себебі баланың қарым-қатынасқа түсу қажеттілігін қанағаттандыратын алғашқы адамдар – ата-анасы мен отбасының өзге мүшелері, демек қатынас үлгісін беретін де осылар. Баланың кез келген құбылысқа, ортаға, құрбыларына, үлкендерге деген көзқарасы және қарым-қатынасы әке мен шешенің және отбасының өзге мүшелерінің берген тәрбиесі мен көрсеткен үлгі-өнегесі тұрғысынан қалыптасады. Сондықтан үй үлкендері қатынастың тиісті эмоциялық деңгейін қамтамасыз етіп, баланы өзара түсінушілікке, өзін өзгенің орнына қоя білуге, әділеттілікке үйретуі қажет.

Л. П. Баданина мектепке әлеуметтік бейімделу кезеңінде балалар арасындағы қарым-қатынас пен өнімді іс-әрекетті, сондай-ақ мектепке және педагогикалық ұжымға деген қарым-қатынасты қалыптастыруда тек педагогикалық ұжым ғана емес, сонымен қатар бірінші сынып оқушыларының ата-аналары да маңызды рөл атқаратынын айтады. [7]

Жоғарыда айтылғандар негізінде, бастауыш сынып оқушыларын мектеп өміріне әлеуметтік бейімдеудің мынадай шарттарын ажыратып көрсетуге болады: баланың әлеуметтік рөліне сай барабар мінез-құлқын қалыптастыру, құрдастарымен де, педагогикалық ұжыммен де сенімді қарым-қатынас орнатуына ықпал жасау, сондай-ақ әлеуметтік маңызды іс-әрекет дағдыларын дамыту.

Сонымен, баланың тұңғыш рет мектеп табалдырығынан аттап, білімге аяқ басуы – тұлғалық және әлеуметтік дамудың негізгі кезеңі. Оның оқуға қызығушылығының қалыптасып, одан әрі дамуы, жаңа ұжымға, мұғалімге еркін және жылдам бейімделуі, білім негіздерін меңгеру нәтижелілігінің күннен күнге артуы көптеген факторларға байланысты. Біріншіден, алғашқы мектепке бару кезеңінде баланың әлеуметтік дамуында үлкен өзгерістер болады. Бала оқушы бола бастаған соң, ол жаңа міндеттер, құқықтар ала бастап, алғаш рет қоғамдық мәнді іс-әрекеттермен айналысады. Бұл жаңа әлеуметтік жағдай – мектеп жасындағы балалардың тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының жас және дара ерекшеліктерін оқып зерттеп, олардың жақсы жақтарын ұтымды пайдалану, ал жаман жақтарынан арылу жолдарын қарастыру бастауыш сынып мұғалімі мен әлеуметтік педагогтың, педагог-психологтың алдағы жұмысының нәтижелігі үшін аса маңызды.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ**

1. Социальная педагогика: краткий словарь понятий и терминов Автор-составитель: Мардахаев Л.В.- Москва: РГСУ, 2016. – 368 с.
2. Ясницкая В. Р. Социальное воспитание в классе: Теория и методика. /В. Р. Ясницкая. – М.: Академия, 2004.- 352 с.
3. Психолого-педагогическое сопровождение адаптационного периода первоклассника: учебно-методическое пособие / сост. Л. Н. Румянцева. – Южно-Сахалинск: СахГУ, 2012. – 136 с.
4. Арынова Г.Г., Уайсова Г.И. Бастауыш сынып оқушысы дамуының әлеуметтік- педагогикалық жағдайы// Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 4 (68), 2020. Б. 212-218



5. Безруких, М. М. Ребенок идет в школу: Учебное пособие / М. М. Безруких, С. П. Ефимова. – 4-е изд., перераб. – М.: 2000. – 247 с.
6. Соловьева Д.Ю. Факторы адаптации первоклассников к школе// Вопросы психологии. 2012. № 4. С. 1-9.
7. Баданина, Л. П. Адаптация первоклассника: комплексный подход/Л. П. Баданина //Начальная школа плюс. До и После. -2007.-№ 12. – С. 59-62.

**Касымова Р.С.**

*п.э.к.,*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Философия және саясаттану факультеті*

*Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті*

*Алматы қ*

**Тілеубекова А. Т.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,*

*Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы*

*«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының*

*I курс магистранты, Алматы қ*

## **ӘЛЕМДІК ЗАМАНАУИ МЕКТЕП-МУҒАЛІМ-ИННОВАЦИЯ**

Мектеп – бұл әрбір ересек белгілі бір уақытта өмір сүретін шағын бір өмір мекені. Бұл біздің өміріміздің негізгі кезеңдерінің бірі. Дүниеде бәрі кішкентайдан басталады, бәрі кішкентай болып туады, содан кейін өседі: кішкентай өскін үлкен ағашқа айналады, сөздер мен сөйлемде ұлы романдарға айналады, бірнеше нотадан керемет әуендер жасалады. Міне, біз өмірді мектепте оқи бастаймыз. Ал содан кейін, ересек өмірде біз өз ойымызға және мектепте алған білімімізге сүйенеміз. Сондықтан жалпы білім беру өте маңызды.

Қазіргі әлем тез өзгеретін динамикалық жүйе. Бұл жүйенің әрбір элементі маңызды буын болып табылады, оның күйі жалпы жүйенің күйін анықтайды. Және осы маңызды буындардың бірі – көптеген әртүрлі іргелі аспектілерді біріктіретін заманауи мектеп.

Атақты американдық әлеуметтанушы Эдвард Шилс өзінің «Дәстүр» атты еңбегінде «дәстүр» ұғымына қатысты бірнеше ойларды өте дұрыс атап өткен. Атап айтқанда, дәстүрді дамыту. Өз сөзінде дәстүрді дамыту – *ең жақсы және ең қолайлы* екенін атап өтеді! Бұл екі түйінді сөз біз инновация деп атайтын ұғымның негізгі мәнін ашады.

Алдымен «дәстүр» және «инновация» ұғымдарының не екенін анықтап алайық. Дәстүр – ұрпақ жинаған, қайта-қайта тәжірибеде сыналған және өзі тәжірибеге айналған тәжірибе. Біздің бүкіл өміріміз дәстүрлермен қапталған: мысалы, атаулы күндер, мерекелер, әртүрлі отбасылық дәстүрлер және т.б. Ал білім алу процесі, шын мәнінде, дәстүр, содан кейін өмір шындығы беретін объективті қажеттілік. Ал осыған байланысты дәстүр кез келген құрылымның ажырамас элементі екені анық.

Дегенмен, дәстүрдің өзі өзін дәлелдеген, өмір сүру құқығын ақтап алған жаңалық екенін айта кеткен жөн. Кез келген дәстүр дамуға бейім. Бұл даму белгілі бір мәселе бойынша бұрын болғаннан өзгеше жаңа көзқарастар мен пайымдардың пайда болуы арқылы ғана жүреді. Ал инновация – бұл оң сапалық өзгерістер тудыратын, бар немесе жаңадан пайда болған мәселелерді шешудің түбегейлі жаңа құралдары, әдістері. [1]

Қазіргі дамыған өркениетте бұрынғыға қарағанда білім беру тәсілдері өзгеруде. Заманауи ақпараттық технологиялар өмірдің барлық салаларында жұмыс істеу тәсілін өзгертті. Бұл жаңа ақпараттық технология мектеп жүйесіне үлкен өзгерістер әкелді. Тәрбие жұмысы төрт ғасырға жуық уақыт бұрын енгізілген Я.А.Коменский формуласы бойынша жүргізілуде. Бірақ қазір мектептер Коменский белгілеген дәстүрден бірте-бірте бас тарта отырып, ақпараттық

технологиялардың әсерінен жұмысқа деген көзқарасын түбегейлі өзгерте бастады. Дегенмен Коменский белгілеген формула бойынша жұмыс істеп тұрған мектептер қазіргі жағдайда ол мектептің қазіргі рөлін шектейтін факторға айналды. Мұғалімдер, оқушылар және мектептің өзі қазір бұрынғыдан мүлде басқа ақпараттық ортада. Бұл ортаны қабылдаған мектептер әлдеқайда заманауи және табысты болады және мұғалім мен оқулық білімнің жалғыз көзі болып табылатын дәстүрлі мектептер сияқты болмайды. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мектептер өздерінің жаңа білімдерін үнемі жаңарта алады. Жаңашылдық – мектептің дәстүрлі деңгейде қалмауының талабы.

Қазіргі уақытта баршаға танымал «инновация» термині, ақырындап мектептерге де енгізілуде. Инновация дегеніміз не? «Инновация» термині 1930 жылдары әлеуметтану мен мәдени антропологияда қолданылатын термин ретінде қолданыла бастады және мәдени құбылыстарды кеңейту идеясымен тікелей байланысты. Бұл тәсіл қазіргі уақытта кеңінен қолданылатын әртүрлі нормалары бар уақыттың кеңістіктік және уақыттық бөлінуімен ерекшеленеді. Бұл тәсілдегі инновация мәдени өзгерістердің және мәдени сипаттамалардың немесе субмәдениеттердің өз шекарасынан тыс таралуының негізі ретінде қарастырылады. Инновация термині латын тілінен шыққан (novus – жаңа, inovatio – жаңалық, өзгерту, жаңашылдық – жаңалық жасау). Инновация – жетілдіру, модернизация және даму болып саналады. П.Мандич білім беру қызметіндегі инновациялар – бұл тәрбие жұмысының деңгейі мен сапасын арттыруға, адам ресурстарын, уақытты тиімді пайдалануға бағытталған педагогикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық және экономикалық шаралардың синхрондалған жүйесі деген болатын. [2]

Заманауи мектеп әлі де болса білім берудің дәстүрлі принциптеріне негізделген және өзгерістер мен инновацияның болуын талап етеді. Бұл мәселенің маңызы зор, өйткені мектеп жеке тұлғаның өмір сүру процесінде әлеуметтенуінің, баланы кәсіби кеңістікке біріктірудің негізгі институттарының бірі болып табылады. Мектеп сонымен қатар баладан жетілген тұлғаға дейінгі даму тізбегінің іргелі буыны болып табылады. Сондықтан ол қазіргі әлемде болып жатқан процестерге жедел және тиімді жауап беруі, туындайтын проблемаларды көру және жою, сапалы өзгерістерге әкелетін шешімдерді табу, т.б. қазіргі заманғы шындыққа сәйкес болуы маңызды. Айта кету керек, инновацияның өзі жаһандық болуы міндетті емес. Педагогикалық инновация ретінде, мысалы, білім беру жүйесінің жеке элементтерін жетілдіруді қарастыруға болады. Мұнда білім беру жүйесінің әрбір мекемесінің, әсіресе заманауи мектептің міндеті – жаңашылдықты жасау және енгізу арқылы сыртқы өзгерістерге өз бетінше жауап беру.

Жекелеген оқу орындарындағы инновациялар жұмыстың принципіалды жаңа әдістері мен формаларын жасауды ғана емес, сонымен қатар әлемнің педагогикалық мәдениеті әзірлеген педагогикалық жүйелерді енгізу мен таратуды қамтиды: М.Монтессори, Л.В. Занков (білім беруді дамыту) т.б. Сонымен, қазіргі мектептегі инновация процесі жаңа педагогикалық технологияларды құруды, енгізуді және оларды білім беру кеңістігінің басқа буындары мен элементтеріне біртіндеп таратуды көздейтін күрделі процесс.

Білім беру процесі оқытудың келесі түрлерін қамтиды: «қолдау көрсететін оқыту» және «инновациялық оқыту». «Тұрақты білім беру» – қалыптасқан мәдениетті, әлеуметтік тәжірибені сақтауға, жаңғыртуға бағытталған осындай оқу қызметінің процесі мен нәтижесі. Оқытудың бұл түрі дәстүрлі болып табылады.

«Инновациялық оқыту» – қалыптасқан мәдениет пен әлеуметтік ортадағы инновациялық өзгерістерді ынталандыратын осындай білім беру қызметінің процесі мен нәтижесі. Оқытудың бұл түрі қалыптасқан дәстүрлерді сақтаумен қатар, бар тәжірибеге негізделген шығармашылық ізденіспен және сол арқылы оны байытумен байланысты.

Сөздің қатаң мағынасында инновация – бұл ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерінің нәтижесі болып табылатын жаңа техника, технология. Сонымен, заманауи инновациялық мектеп – бұл мектеп оқушыларын тек ғылымның ғана емес, сонымен қатар техниканың соңғы жетістіктерін ескере отырып оқытатын мектеп (компьютерді тек информатика сабағында ғана емес, басқа сабақтарда да пайдалану). [3]

Бірақ бұл жаңашыл мектепті сипаттайтын жалғыз нәрсе емес. Барлығын толығырақ түсіндіру үшін мұндай мектепті дәстүрлі мектеппен салыстырайық:

• *Мұғалім қалыптастыруға ұмтылатын тұлғаның ерекшеліктеріне қарай:*

Дәстүрлі мектепте оқу-тәрбие процесі белгілі бір әрекет ережелерін меңгеруге, бар әлеуметтік тәжірибені мектеп оқушыларының бойына сіңіруге және қайталауға бағытталған. Инновациялық мектепте мұғалімдер оқушының стандартты емес жағдайларда шығармашылықпен әрекет ету қабілетін дамытуға ұмтылады.

• *Дидактикалық мақсаттардың белгілері бойынша:*

Дәстүрлі мектепте әрқашан дайын білімді жаңғыртуға мән берілсе, жаңашыл мектепте мұғалімдер білімді әрі қарай өз бетінше меңгеру, сыни пікір қалыптастыру, пайымдау тәуелсіздігін қалыптастыруға ұмтылады.

• *Даму мақсаттарына сәйкес*

Дәстүрлі мектепте жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту жарияланады, бірақ басымдық жеткілікті түрде берілмейді. Инновациялық мектепте, керісінше, жеке тұлға, мүмкіндігінше, оқушыға деген көзқарас басым болады.

• *Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың сипаты*

Дәстүрлі мектепте субъект-объектілік қарым-қатынастар, яғни мұғалім – оқытатын, оқушылар – білім беретін. Инновациялық мектепте – субъект-субъект, яғни мұғалім мен оқушылар шығармашылық оқу процесінің тең құқылы қатысушылары болып табылады.

Сонымен, мектептегі инновациялық қызметтің негізгі бағыттары:

• *Қазіргі білім беру сапасын басқару моделін әзірлеу және енгізу.*

• *Білім беру үдерісін ақпараттандыру бағдарламасын іске асыру.*

• *Мамандандырылған мектеп оқушыларының оқу іс-әрекетін бағалаудағы жаңашылдықтарды апробациялау және енгізу.*

• *Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, интеллектуалдық әлеуетін дамытуға жағдай жасау.*

• *Мектепті басқару жүйесінде ақпараттық технологияларды қолдану.*

• *Мектеп оқушыларының сапалы білім алуын қамтамасыз ету.*

• *Түлектердің емтиханға сапалы дайындығы.*

• *Мектептегі инновацияның бағыттары мыналарды қамтиды:*

• *Мектепте заманауи инновациялық орта құру.*

• *Қазіргі білім беру сапасын басқару.*

• *Оқу үрдісін ақпараттандыру.*

Жалпы алғанда, инновациялық процестерді дамыту-білім беруді жаңғыртуды қамтамасыз ету, оның сапасын, тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру тәсілі болып табылады. Инновациясыз дәстүрлердің болуы мүмкін емес. Мұны дәлелдеу үшін «бір кездері барлық жаңа нәрсе ұмытылған ескі болған» деген сөзді алсақ. Егер біз білім беру процесі туралы айтатын болсақ та, онда бәрі ескі, бір кездері жаңа болған және бір кездері инновациялық болған білім берудің формалары мен тәсілдері қазір дәстүрге айналды деп айта аламыз. Осыдан инновациялар енгізуге ұмтылмай, біз көптеген жылдар бойы білім беру жүйесінде жинақталған барлық жақсылықтың бейнесі болатын дәстүрлерді алмаймыз деген қорытынды жасай аламыз.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Инновации в образовании. Выступления участников VII-й Всероссийской дистанционной августовской научно-практической конференции // Интернет-журнал "Эйдос". – 2005. – 10 сентября. <http://eidos.ru/journal/2005/0910-26.htm>.
2. Inovacije u osnovnom obrazovanju, Projekat Saveta Evropskog veća za kulturnu saradnju (1988): Strazburg.
3. Дебердеева, Т. Х. Новые ценности образования в условиях информационного общества/ Т. Х. Дебердеева// Инновации в образовании. – 2005. – № 3. – с. 79.

**Текесбаева А. М.**

*п.ғ.к., доцент*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Текесбай Ұ. А.**

*7М01802-«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»*

*мамандығының I курс магистранты*

## **ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ОТБАСЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Қазіргі таңда әлеуметтік педагогтың білім беру ұйымындағы алатын орны ерекше. Әлеуметтік педагог – ол тәрбиеші емес, сынып жетекшісі емес, тәлімгер емес, ол белгілі бір нормадағы қызметті үйлестіруші, біріктіруші.

Әлеуметтік педагогтың негізгі қызметі – өмірге адамды, қоғамға бейімдеуін қадағап, қосу болып табылады. Білім беру мекемелерінде әлеуметтік педагогтың басты мақсаты – оқушының әлеуметпен жан-жақты қарым-қатынас ортасын құру. Әлеуметтік педагогтардың жұмыс нысаны, ол балалар мен жасөспірімдер. Отбасымен жүргізілетін әлеуметтік педагогтың іс-әрекеті отбасындағы немесе тәлім-тәрбие мекемелеріндегі көмекке мұқтаж адамдармен жұмыс істеуге бағытталған. Әлеуметтік педагог отбасымен жұмыс істеу барысында «жеке тұлға-отбасы-қоғам» жүйесіндегі өзара қарым-қатынастарды реттеп отырады. Ол түрлі әлеуметтік-мәдени орталардағы балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыратын педагог маман, жеке тұлғамен оны қоршаған шағын қоғамның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттейді, оқушылар мен тәрбиеленушілердің қызығушылықтары мен мұқтаждықтарын, мінез-құлқындағы ауытқушылықтарын, шиеленісті жағдайларды анықтайды және уақтылы көмек көрсетеді, жеке тұлға мен білім беру мекемесінің, отбасының, ортаның билік органының арасында делдал ретінде әрекет етеді, оқушылардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуына ыңғайлы және қауіпсіз жағдай құрады, олардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, жалпыға бірдей білім алуына, салауатты өмір салтын насихаттауға, қалыптастыруға көмектеседі, балалардың таланттарын дамыту үшін оларға жағдай жасауға құзыретті.

Білім беру мекемелерінде әлеуметтік педагогтың көптеген қызметінің бір саласы – отбасымен жұмыс болып есептеледі. Аталатын қағидалар отбасы мен балаларға көмек көрсетуді қамтамасыз етеді. Әрбір жеке баланың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын терең зерттеу оларды келешекте зияннан қорғап, қамқорлыққа алуға септігін жасайды. Сондықтан мектепте аз қамтылған отбасы оқушыларының әлеуметтік картасы жасалады. Осы карта бойынша аз қамтылған, көпбалалы отбасы, жетім, толық емес отбасы, жұмыссыз отбасы есепке алынады. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі мүгедек оқушылар да назардан тыс қалмауы керек. Білім мекемесіндегі әлеуметтік педагог мұндай балаларға жоспарлы түрде материалдық және рухани көмек ұйымдастырады. Әлеуметтік педагогтың қызметі балалардың дамуы мен оны қорғауды қамтамасыз ету заңына негізделген. Әлеуметтік педагог сонымен қатар өз қызметінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңын, басқа да нормативтік актілермен құжаттарды, басшылыққа алады. Қоғам мен отбасы, бала тұлғасы жүйесіндегі аралық келістіруші бола отырып, тәрбиеленушінің қалыптасуына, балалар мен ересектер арасындағы гуманистік, рухани-адамгершілік қарым-қатынастарға ықпал етеді.

Білім беру мекемесінде әлеуметтік педагог жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды жәрдемақылық, зейнетақылық және тұрғын үй жағдайын қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Әлеуметтік педагог отбасы тәрбиесінің үлгісі, ондағы тәжірибесіне сүйенеді; оны жан-жақты зерттеп, жинақтап таратады; оңды ой-пікірлерді күшейтеді, Сондықтан:

1) тәрбиешілер мен ата-аналардың өзара сенімділік қарым-қатынастары оңды бағытталған, бірігіп ықпал етудің шешуші және алғашқы шарты болып табылады. Ата-аналардың

тәрбиеге көзқарасын жандандырып, табысқа жетуге қажеттілік және өз күшіне сенімділік тудыру үшін дұрыс байланыс орнатудың маңызы зор.

2) әлеуметтік педагогтың неғұрлым маңызды міндетінің бірі ата-аналарды педагогикалық білім дағдыға, оның теориялық және практикалық ықылымдарын меңгеруіне, әсіресе тәрбиені ұйымдастыру шеберлігіне жетілдіру болып табылады. Жұмыла педагогикалық әрекет етудің мұндай нәтижесі ата-аналардың өз баласына ғана емес, сонымен қатар біртұтас сынып оқушыларын тәрбиелеу белсенділігіне әкеледі. Әлеуметтік педагог пен ата-ана әріптестер ретінде бірін-бірі толықтырады.

Әлеуметтік педагогтың отбасымен бірлесе әрекет етуін ұйымдастыруы мына мүмкіндіктерді қарастырады:

– Өз балалары мен сынып оқушыларын тәрбиелеуде этнопедагогикалық потенциалын анықтау мақсатында отбасы мен туысқандарын зерттеу;

– Өз балалары мен сынып оқушыларын тәрбиелеуге қажетті ата-аналардың адамгершілік, әлеуметтік мүмкіндіктері принципін қарай отбасыларын топтарға бөлу;

– Халықтық педагогика дәстүрлері негізінде әлеуметтік педагог пен ата-аналардың бірлесе әрекет ету бағдарламасын жасау;

– Өзара тәрбие қызметіндегі ағымдағы және ақырғы нәтижелерді зерттеу;

Жалпы отбасыларды бес топқа бөлуге болады:

– Жоғары адамгершілік этномәдени қарым-қатынастағы отбасылар. Салауатты өмір салты, моральдық, атмосфера қалыптасқан, балалар өз қабілеттерін дамытуға толық мүмкіндік алатын отбасылар

– Ата-аналардың қалыптасқан ережеге сәйкес қарым-қатынаста болуымен сипатталатын отбасылар. Бірақ олар тәрбиенің оңды бағытын қамтамасыз ете алмағандықтан педагогтың көңіл аударуына мәжбүр.

– Дау жанжалмен өз қарым-қатынастарын реттей алмайтын, балаларына көңіл аудармайтын отбасылар. Мұндай отбасының дау-жанжалы көп уақытқа созылып, баланың азғындығына, мінез ауытқушылығына апарып, отбасын тастап шығуға мәжбүр етеді. Оқу үлгерімі нашар болып, сабақтан қашады.

– Сырттай сау көрінетін отбасы. Бірақ іштей рухани азғындық жайлаған шынайы адамгершілік құндылықтары жоқ, ұрпақтың сезімталдық қасиеті бұзылған. Бұл отбасыларынан шыққан кейбір жасөспірімдер өз отбасының сыртқы «бейнесін» жақсы көрсете білетіндіктен, мұндай балалармен тәрбие жұмысын жүргізу аса қиындыққа түседі.

– Қалыптаспаған (жағдайы нашар) отбасылар, дау-жанжалды, бейморальді мінез-құлықта, сотқарлық, қатыгездік орын алған. Баланы қорғау үшін әлеуметтік педагогтың мұндай отбасына үнемі көңіл аударып отыруы, қоғамдық ықпал көрсетуді немесе белсенді араласуы қажет.

Қазіргі кезде елімізде экономикалық және әлеуметтік қиындықтар орын алғаны бәрімізге белгілі. Халықтың басым көпшілігі жұмыссыз болғандықтан әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасылардың саны аз емес. Әлеуметтік тұрмыс жағдайы баланың білім мен тәрбие алуына ықпалын тигізеді. Мектептегі әлеуметтік педагог баланың өскен ортасы, жанұясы, қарым-қатынаста болатын жолдастары, сыныптастары туралы сараптап, оқу жылына жоспарын жасайды. Жоспар жасауда көптеген талапқа сай құжаттар басшылыққа алынады. Сонымен қатар оқу жылында мектептің әлеуметтік паспорты жасалынады.

Әлеуметтік педагогтың ата-аналармен жұмысына тоқталар болсам, отбасы – жасөспірімдерді әлеуметтендірудегі өте маңызды институт. Бұл баланың дамуы мен жеке өмір сүру ортасы. Ол мынадай өлшемдермен анықталады: әлеуметтік – мәдени, әлеуметтік – экономикалық. Осыған орай әлеуметтік педагогтың ата-аналармен жүргізілетін жұмысы аса маңызды болып саналады. Ол отбасындағы жағдайлар туралы толық мәлімет ала отырып, бала тәрбиесіне байланысты ата-аналармен ынтымақтаса, оларға кәсіби педагогикалық көмек көрсетеді. Педагог пен ата-ананың үнемі ынтымақтаса отырып, әр кезеңде атқаратын міндетінің бірі қалыптастыру болып табылады. Әр сыныптың оқу жылы басында сайланған ата-аналар комитеті

мүшелерімен де жұмыстар жасалады. Олармен бірге «Өрлей бер өркенитке, өсер елім!» атты кездесу сағатының мақсаты ата-аналардың мектеппен байланысын жақсарту, ата-аналар комитетінің жұмыс жүйесін жетілдіру болған. Әрбір шара барысында ата-аналарға балаға тәрбие берудегі жауапкершіліктерін жетілдіру мақсатында көмек ұйымдастырылады, яғни түрлі тапсырмалар беріліп отырды.

Әлеуметтік тұрмысы нашар отбасына жұртшылық назарын аудару мақсатында «Мектепке жол» акциясын кең көлемде өткізіп, аз қамтылған, жетім, көпбалалы отбасыларына киім-кешектер мен оқу құралдарын алып беруді әлеуметтік педагог ұйымдастырып отырады. «Қайырымдылық жәшігі» мектеп, жоғары оқу орындарының ғимаратында орналастырылып, барлық ұжым мүшелері, мұғалімдер, студенттер қатысады, сонымен қатар «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық концертті ұйымдастырылады. Акцияда мектеп ұжымының, оқушылардың, кәсіпкерлер мен демеушілердің көмек беруімен әлеуметтік аз қамтылған оқушыларға, балалар үйіне киімдер оқу-құралдары алып беріледі. Әлеуметтік педагогтің осындай ұйымдастырған іс-шаралары әрқашанда әлеуметтік аз қамтылған отбасындағы әр балаға шаттық сыйлатыны баршамызға белгілі. Осы арқылы біз оқушыларымызға әрқашан қоғамнан тыс қалмағанын, әрдайым қолдау көрсетілетіндігін, қиын жағдайда қасынан табылатындығын дәлелдейміз және осындай жылылыққа бөленген оқушы да болашақта жақсылыққа ұмтылуға бейімделетінін көреміз.

Әлеуметтік педагог мамандығының иесі гуманист, биік рухани және жоғарғы деңгейдегі мәдениетті педагог, психолог, баланың білім алуына, тәрбиесіне, дамуына байланысты, оны қорғауға өзін белсенді рөл атқаратынын түсіне алуы, тұрақты адамгершілік қағидасы, құзыреттілігі болуы тиіс. Әлеуметтік педагог ретінде жыл бойы ата-аналармен мынадай шаралар ұйымдастырдым. Мектептің жалпы ата-аналар конференциясында «Тұлға қалыптастырудағы құқықтық тәрбиеге байланысты отбасының ролі мен қызметі» атты баяндама оқылды.

Әлеуметтік педагог ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп, оларға жеке кеңес беріп, отбасылық мәселелерді бірлесе шешуге көмектеседі. Әлеуметтік педагог-диагностикалық қызмет; өз қызметінде көмекті қажет ететін балаларды анықтау; көмекке толмағандардың, ата-аналардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыру, «қиын оқушылармен» жұмыс, сынып жетекшілері, медициналық қызметкерлер, ата-аналар комитетімен, пән мұғалімдерімен қарым-қатынасты үйлестіру.

Әр сыныптың оқу жылы басында сайланған ата-аналар комитеті мүшелерімен де жұмыстар жасалады. Олармен бірге «Өрлей бер өркенитке, өсер елім!» атты кездесу сағатының мақсаты ата-аналардың мектеппен байланысын жақсарту, ата-аналар комитетінің жұмыс жүйесін жетілдіру болған. Әрбір шара барысында ата-аналарға балаға тәрбие берудегі жауапкершіліктерін жетілдіру мақсатында көмек ұйымдастырылады, яғни түрлі тапсырмалар беріліп отырды.

Сонымен қатар, қорғаншылыққа, қамқоршылыққа алынған балалардың ата-аналарына азқамтылған, көпбалалы жанұя статусына жатқызылған ата-аналарға түрлі профилактикалық, ағарту жұмыстарын өткізуге жоспар құрылды. Ондай ата-аналарды ауыл әкімшілігімен анықтап, бекітіп, ондай отбасыларды әлеуметтік қорғау құқықтарымен таныстырылды. Яғни ҚР «Көпбалалы отбасыларды жәрдемақымен қамтамасыз ету туралы» заңы 28.06.05ж «Ата-аналарға бала құқығы туралы» тақырыптық жиналыс, «Дұрыс тамақтанудың негізгі ережелері» туралы әңгімелесу сағаты өтілді.

Әлеуметтік педагогтің білуі тиіс нормативтік құжаттарына:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы
- Білім туралы Заң
- Бала құқығы туралы Конвенция
- Бала құқығын қорғау Заңы
- Неке және отбасы туралы Заң
- Әдеп кодексі

– Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық қолдау туралы нормативтік актілер.

Ата-анамен жұмыстың мақсаты қойылғанмен, одан күтілетін нәтиже:

- Ата-ананың бала тәрбиесінде жауапкершілігін арттыру
- Ата-ана бала құқығын, өз құқықтарын қорғауды пайдалануда кәсіби сауаттануы;
- Ата-ананың психологиялық, педагогикалық тұрғыдан сауаттылық деңгейінің жоғарылауы;
- Ата-ананың мектеппен, сыныппен қарым-қатынасының жақсаруы;
- Баланың зиянды әдеттерден аулақ болуына жауапкершілігі жоғарылауы, яғни ата-ана баласына салауатты өмір салтын үнемі насихаттауы.

Жасөспірімдерді бақылаусыздығы мен қараусыз қалуы – мектеп және әлеуметтік педагогтың өзекті проблемаларын бірі болып табылады. Аталған жағдайдың себебінің бірі ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты. Отбасы мен мектептің арасындағы ынтымақтастық – бұл ортақ мақсатқа негізделген және ұзақ нәтижесі болып табылады. Бұл жұмыс ең алдымен отбасын жүйелі, әрі жан-жақты зерттеуден, отбасы тәрбиесін ерекшеліктері мен жағдайын ескеруден басталады. Бүгінгі таңда отбасылық тәрбие жүйесі үлкен өзгеріске ұшырауда. Бұл өз кезегінде баланың проблемаларымен жалғыз қалуына әкеліп соғады. Бұл проблемаларды шешу жолының бірі ретінде жасөспірім құқықбұзушылық пен қаңғырушылықты таңдау мүмкін.

Ата-аналардың балаға білім алуы мен тәрбиесінің жауапкершілігін сезінуіне қарай отбасын бірнеше түрге жіктеуге болады:

- Қолайлы сәтті отбасы;
- Проблемалық отбасы;
- Қолайсыз отбасы;

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Касымова Р.С. «Әлеуметтік педагогтың жұмыс технологиясы»: Оқу құралы. Алматы: ҚазҰУ, 2020. – 200 б.
2. А.Қ.Бөкешова, М.М.Раимбаева, Ж.А.Игілік, Б78 «Мектептегі әлеуметтік педагогтың қызметін ұйымдастыру және іс-қағаздарды жүргізу», -Астана: «ӘлНаир» баспасы, 2013.-224 бет
3. Халитов І. *Әлеуметтік педагогика*. Алматы: «Білім» баспасы, 2007. – 200 бет
4. А. Б. Айтбаева, «Әлеуметтік педагогика негіздері», -Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2011. -165 бет

**Орынғалиева Ш.О.**

*«Alikhan Bokeikhan University» ББ, педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, пед.ғ.магистрі*

**Көбеева Ж.Қ.**

*«Alikhan Bokeikhan University» ББ, 5B010300 – Педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті*

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ КҮЙ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

XX-шы ғасырдың басында шетелдік және отандық психологияның өзекті мәселелерінің бірі жағымсыз эмоционалды жағдайларды, яғни ашу, агрессия, кінәлау сезімі, мазасыздану, стресс, дистресті зерттеу болды. Психология тарихында мазасыздануды түсіну ең алдымен жеке тұлға туралы түрлі теориялардың дамуымен байланысты. «Мазасыздану» түсінігін психологияға психоаналитиктер және психиатрлар енгізді. Психоанализдің көптеген өкілдері мазасыздануды жеке тұлғаның тума қасиеті және ол адамға о бастан-ақ тән күй ретінде

қарастырды. «Мазасыздық» түсінігін психологияға З.Фрейд енгізді және қазіргі таңда оны көптеген ғалымдар ( О.А.Черников, О.Кондаш, Ф.Перлз және басқалар) оны қорқыныштың бір түрі ретінде қарастырады. Ол жеке адам дамуын тежейді, себебі онымен күрес кезінде өте көп энергетикалық ресурстар шығындалады. З.Фрейдтің пікірі бойынша, адамда кездесетін кез-келген қауіпті және мазасыздану ситуациясы құрамында құштарлық объектісін жоғалту жатады.

Э.Фромм, К.Хорни, Г.С.Салливан сияқты неофрейдистер жұмыстарында маза мен мазасыздық мәселесіне көп көңіл аударылған. Олар мазасыздықтың көзі әлеуметтік орта болатын, жеке адамның базалық құрылуы деп есептеді. Адамдар тумасынан мазасыз болмайды, олардың мазасыз болуына өмірлік жағдайлар себепші болады.

Г.С. Салливан да К.Хорни сияқты, мазасыздануды тұлғааралық қарым-қатынас жемісі деп санайды, және бұл алғашқыда анасынан баласына беріледі дейді. Осы мазасыздықтан қашудың жолы: адамдар өз мінез-құлқын бақылау мен қорғаудың түрліше тәсілдерін қолданады. Нақ осы қорғаныс шаралары «Мен» жүйесін қалыптастырады. «Мен» адамды мазасызданудан қорғайды, әрі жоғары деңгейлі өзін-өзі сыйлау арқылы бекиді, өзін сыннан да қорғайды. Г.С. Салливан өзге теоретиктер секілді жеке адамды когнитивті жүйе деп қарастырды. Ғалымның дәлелдеуінше, мазасызданудың жоғары деңгейі индивидтің өз қажеттіліктерін қанағаттандыру тиімділігін төмендетеді, өзара тұлғааралық қарым-қатынастарды бұзады, ойлау процесінің бұзылуына септігін тигізеді. Мазасыздану қорқыны қауіптің қаншалықты екендігіне және қорғану тәсілдерінің тиімділігі қаншалықты болуына байланысты болады.

Ч.Д. Спилбергер ситуациялық мазасыздануды «эмоциялық реакция» ретінде анықтайды, ол жайсыздықты алдын-ала сезумен, қысымды, невроздылықты, мазасыздануды субъективті түйсінулермен сипаттайды және вегетативті жүйке жүйесінің белсенділігімен қатар жүреді деген [1, 85].

Мазасызданудың оптималды деңгейі Йеркс-Досон заңы бойынша іс-әрекет өнімділігін көтереді. Мазасызданудың ұзақ уақыт сақталған жоғары деңгейі дезадаптивті реакция болып табылады және әртүрлі невротикалық бұзылулардың генезисі ретінде көрініс береді.

Ал мазасыздық әртүрлі тіршілік ситуацияларында мазасыздықты сезуден тұратын индивидуалдық-психологиялық ерекшелік ретінде қарастырылады. Гуманистік бағыттағы психолог-ғалым В.Франкл мазасызданудан құтылудың тәсілі ретінде логотерапияны қолдануды ұсынады. Мазасызданудың фрустрациялық теориясында абыржу мен мазасыздықтың арасындағы себеп-салдарлы қатынас және мазасыз мінез-құлықтың ішкі себептерін іздеу бағыттары қарастырылады. Мұнда маза мінез-құлықтың әртүрлі модалдығы мен формасы ретінде, ал мазасыздық игерілген жеке адамның қасиеті ретінде беріледі. Мазасызданудың мотивациялық теориясында мазасыздық мазаға тенденция ретінде анықталған. Мұнда индивид көптеген ситуациялар мен адамдардың әрекетін оған қауіп ретінде қабылдауға және оны азайтуға ұмтылуға бейім болып келеді. «Мазасыздану» түсінігі эмоцияның классикалық теорияларында қорқыныш сезімінің бір формасы ретінде (Джеймс Ланге) немесе қорқыныш, ашу, қызығу және қозу сияқты кешенді эмоциялық жай күйлермен сипатталады [2].

Мазасыздану мәселесін К.Хорнидің зерттеулерінде жиі кездестіруге болады. К.Хорнидің [3] теориясында жеке тұлғаның үрей және мазасызданудың қайнар көзі биологиялық құштарлық пен әлеуметтік тыйымдардың арасындағы конфликт емес, ол – дұрыс емес адамдық қарым – қатынастар. «Невротическая личность нашего времени» кітабында Хорни 11 жүйелік қажеттіліктерді атап көрсетеді.

1. Сүйкімді болуға, басқаларға ұнауға байланысты жүйкелік қажеттілігі;
2. Жалғыздықта қалуға қорқыныш, барлық күтулері мен армандарын орындайтын «серіктестікке» деген жүйкелік қажеттілік;
3. Өз өмірін шектеуге, көзге түспей, елеусіз қалуға деген жүйкелік қажеттілік;
4. Болжам жасап, басқалардың ойлары арқылы басқаруға деген жүйкелік қажеттілік;
5. Басқаларды қанау арқылы олардан жақсыны алуға деген жүйкелік қажеттілік;
6. Абырой немесе әлеуметтік қадірлеушілікке, тануға деген қажеттілік;



7. Жеке тұлғалық яғни өзін өсіріп көрсетілген бейнесіне қажеттілік;
8. Басқаларды озуға деген қажеттілік, жекелік жетістіктерге жүйкелік ұмтылушылық;
9. Өзіндік қанағаттану мен тәуелсіздікке деген жүйкелік қажеттілік, ешкімге мұқтаж болмауға қажеттілік;
10. Махаббатқа деген жүйкелік қажеттілік;
11. Артықшылдық пен кемелденуге қол жеткізуге деген жүйкелік қажеттілік;

Осы қажеттіліктерді қанағаттандыру көмегімен адам үрейден құтылуға тырысады, бірақ жүйкелік қажеттіліктер тойымсыз, оларды қанағаттандыру мүмкін емес, ал бұдан шығатыны үрейден құтылудың жолы жоқ деп есептеді К.Хорни.

Көп деңгейде К.Хорни С.Салливанмен жақын, ол «жеке тұлға арасындағы теорияны» құраушы ретінде танымал. Жеке адам басқа адамдардан, жеке адамдар арасындағы ситуациялардан бөлектенуі мүмкін емес. Сәби өзінің туылған алғашқы күнінен бастап–ақ адамдармен өзара қарым – қатынасқа түседі және бірінші кезекте анасымен. Индивидтің ары қарай дамуы мен әрекеті жеке тұлға арасындағы қарым-қатынастың өнімі болып саналатын бастапқы алаңдаушылық, үрей бар деп,- есептейді С.Салливан.

С.Салливан организмдерді кернеудің энергиялық жүйесі ретінде қарастырды. Ол белгілі бір шектердің арасында айналып тұрады – босаңсу, тыныштық күйі және кернеудің ең үлкен дәрежесі. Кернеудің бастаулары үрей және организм қауіптілігі болып табылады. Үрей адам қауіпсіздігіне шынайы немесе жалған қатерден туындайды. С.Салливан, К.Хорни сияқты мазасыздануды тек қана жеке тұлғаның негізгі қажеттіліктерінің бірі ретінде қарастырмай, оның дамуын анықтайтын фактор ретінде де қарастырады. Жақсы емес әлеуметтік ортаға жақындау нәтижесінде, ерте жастық шақта пайда болған мазасыздану, күнделікті және әрдайым адамның бүкіл өмірінде болады. Алаңдаушылық сезімінен құтылу индивид үшін «орталық қажеттілікке» айналады және оның әрекетін анықтайтын күш болып табылады. Адам қорқыныш пен үрейден құтылу тәсілі болып табылатын түрлі әрекеттерді өңдеп шығарады [4].

Мазасыздану түсінігіне Э.Фромм басқаша келеді (Фромм 1990). Хорни мен Салливанға қарағанда, Фромм психикалық дискомфорт мәселесіне қоғам дамуының тарихи тұрғысынан қарастырады. Негізгі жұмыстардың анализі көрсеткендей шет елдердегі авторлар мазасыздану табиғатының түсінігін екі жақтан қарастырады. Мазасыздану түсінігі адамға о бастан-ақ берілген қасиет ретінде және мазасыздану түсінігін адамға дұшпан сыртқы әлемге деген реакциясы ретінде, яғни мазасыздану өмірдің әлеуметтік шарттарынан туындайды.

Э.Фромм басқа әлеуметтік ұстанымдардан тұратын сияқты, керісінше мазасыздануды табиғи әлеуметтік байланыстардың «алғашқы бастаулардың» бұзылуының нәтижесінде пайда болады деп есептеді. Ал табиғи әлеуметтік бастаулар дегеніміз не? – ол табиғи яғни әлеуметтік емес. Онда үрей әлеуметтіктің биологиялыққа басып енуінен пайда болады. Осыны З.Фрейдте қарастырады, бірақ табиғи күштарлықтардың бұзылысы орнына, оның пікірінше, «табиғи байланыстардың» бұзылысы болып кірістірілді. Осы орайда, үрейді немесе мазасыздануды уайымдау күйі немесе азды көпті жеке тұлғаның ерекшелігі ретінде қарастырсақ, онда оның ситуацияға қаншалықты адекватты екені мардымсыз [5].

Үрейге негізделген уайым – қайғы, қарастырылғандай, негізделмеген уайым-қайғыдан ерекшеленбейді. Субъективті жағынан бұл күйлер тең. Бірақ объективті жағынан айырмашылық өте үлкен. Субъект үшін объективті мазасыз ситуациядағы үрей уайымдаулары – бұл қалыпты адекватты реакция. Бұл жеке тұлғаның дұрыс қалыптасуын және жақсы әлеуметтенуін әлемді қалыпты адекватты сипаттайтын реакция болып табылады. Мұндай уайымдау субъекттің мазасыздану көрсеткіші болып табылмайды. Үрейді жеткілікті негізсіз уайымдау, бұл әлемді бұрмалап, қате адекватты емес, қабылдау болып табылады. Бұл жағдайда мазасыздану адамның ерекше қасиеті ретінде ерекше адекватты емес түрі ретінде сөз болады.

Батыс және отандық зерттеулерде мазасыздану мәселесін қарастыратын бірнеше бағыттарды атап көрсетуге болады.

1. Мазасыздану астеникалық және санасыз түрде пайда болатын негативті эмоцияларды біріктіретін сезімдік-эмоция сферасын көрсететін ерекше сапа ретінде (К.Изард, И.А.Мусина, Р.Мэй, Г.С.Салливан).

2. Мазасыздану әртүрлі өмірлік жағдайларда көрініс беретін тұлғалық сапа-қасиет ретінде (Г. Айзенк, В.А.Бакеев, Н.М.Гордцова, Н.В.Имедадзе, Р. Кеттел, В.С.Мерлин, Ч.Спилбергер, Х.Хекхаузен).

3. Мазасыздану кернеулік күй ретінде сипатталады (М.С. Роговин).

Л.Е.Панин, Ц.П.Короленко мен В.П.Соколовтың пікірлері бойынша, мазасыздану индивидтің қиын немесе стрессті жағдайға бейімделу формасы. В.С. Мерлин және оның ізбасарлары мазасыздануды темпераменттің бір бөлігі ретінде қарастырды. Олардың жүргізген зерттеулері бойынша, мазасыздану деңгейімен жүйке жүйесіне тән инертті және әлсіз белгілері арасындағы корреляциялық өлшемдердің маңыздылығын ашты. А.Фрейд адам бойындағы мазасыздық сезімін қауіп-қатерді күтудегі заттық емес сапа ретінде қарастырады.

Мазасыздану мәселесі бойынша бихевиористік бағытты ұстанушы психологтар Д.Уатсон, Т.Горндайк, К.Лешли және т.б мазасыздануды белгілі бір стимул арқылы туындаған жағымсыз процесс деп қарастырды. Олар балаларда мазасыздану мен қорқыныштың қалыптасу мүмкіндігін көрсетті. Бихевиористік бағытқа реакция ретінде ХХ-шы ғасырдың 50-ші жылдардың аяғы, 60-шы жылдардың басында когнитивті психология мектебі пайда болды. Оның көрнекті өкілдері – С.Шехтер, Дж Келли, Л.Фестингерлер эмоционалды қалып пен мазасыздануды төмендегідей қарастырды. Яғни, «эмоционалды қалыптар субъект бір аспект жөнінде екі түрлі психологиялық білімде болғанда пайда болады. Ал мазасыздану – теріс эмоция, дискомфорт күйі және оны жағдайды дұрыс шешу жағына өзгерту жолы арқылы, әрі жаңа мәліметті алу жолы арқылы өзгертуге болады». Физиологиялық көзқарасты ұстанған психологтар Д.Гамбург пен Дж.Адамстор мазасыздану қалпын соматикалық аурулар табиғатымен салыстырды. Олар мазасыздық деңгейін адам ағзасының вегетативті функциясын тіркеу әдісі арқылы өлшеуді ұсынды. К.Кеннан мазасыздану кезінде адам қанында адреналин деңгейі жоғарылайтындығын анықтады. Франкенштейн мен Кинг, канға мехолил күйғанда яғни мазасыздану барысында қан қысымы тез арада және біршама уақытқа төмендейтіндігін дәлелдеді.

Психологиялық әдебиеттерде, мазасыздану түсінігінің түрлі анықтамаларын кездестіруге болады, бірақ зерттеушілердің көпшілігі оны ситуативтік құбылыс және өтпелі күй мен оның динамикасын білдіретін жекелік мінез ретінде қарастыруды жөн көреді. Мазасыздану мәселесі терең әрі қызметі жағынан маңызды зерттеулерді талап ететін бірден-бір психологиялық құбылыс. Жаһандану заманында бұл ең өзекті мәселе болып табылады. «ХХІ ғасыр-мазасыздық заманы».

А.М.Прихожан: «Мазасыздану – бұл төніп келе жатқан қауіпті алдын-ала сезінумен, сәтсіздікті күтумен байланысты, эмоционалды дискомфортты уайымдау» – дейді [6]. Мазасыздануды эмоционалды күй ретінде және жекелік кескін немесе темпераменттің тұрақты қасиеті ретінде де айырып көрсетеді. Р.С.Немовтың анықтамасы бойынша: «Мазасыздану – әлеуметтік құрылымдағы жағдайда қорқыныш пен үрейді сезіну, жоғарғы аландаушылық күйіне әкелетін адамның тұрақты немесе ситуативті көрініс болып табылатын қасиеті». Г.М.Бреславтың пікірі бойынша, мазасыздық – әртүрлі стресстік сезімдердің бастауларына негіз болатын, тұлғалық сапа. Мазасыздану – үнемі өз ішкі «Меніне» қауіп қатердің туындау жағдайымен көрінетін индивидтің негізгі параметрлері.

О.Х. Маурердің ойынша, мазасызданудың функциясы – төніп келе жатқан қауіп пен қорқыныш сезімдерін алдын-алатын немесе белгі беретін жүріс-тұрыс формасы [7].

Л.А.Китаев-Смык өз кезегінде мынаны белгілейді, «психологиялық зерттеулерде мазасызданудың екі түрінің анықтамасы соңғы жылдары кеңінен тарала бастады». Олар: «Мінездің мазасыздануы» және «ситуативтік мазасыздану».

А.В.Петровскийдің анықтамасы бойынша: «Мазасыздану – үрейдің реакциясының төменгі сатысын сипаттайтын индивидтің қатерді уайымдауға бейім болуы және жекелік ерекшеліктердің негізгі параметрінің бірі. Мазасыздану әдетте, жүйкелік психикалық және

туындауының ауыр соматикалық ауруларда жоғары болады, сонымен қатар психотравма салдарын өткізіп жатқан сау адамдарда көптеген топ мүшелерінде жекелік сәтсіздіктің субъективті көрінісінің бұзылуы».

Мазасызданудың қазіргі зерттеулері жеке тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатын, жекелік мазасыздану және нақты сыртқы ситуациямен байланысқан ситуативтік мазасызданудың айырмашылықтарына бағытталған және де жеке тұлға және оны қоршаған ортаның өзара әрекеті ретіндегі мазасыздану анализінің әдістерін өңдеуге бағытталға Г.Г.Аракелов, Н.Е.Лысенко, Е.Е.Шотт, өз кезектерінде мынаны айтады: «мазасыздану – бұл кез-келген адамның тұрақты қасиеті, шектеулі уақыттағы адамның анықталған күйі ретінде суреттелетін көп мәнді психологиялық термин». Соңғы жылдардағы әдебиеттер анализінде мазасыздану мәселесі түрліше көзқараста қарастырылған. Онда адамға әртүрлі стрессердің әсер етуінен туындайтын, қиын өзара когнитивтік, аффективтік және құлықтық реакция нәтижесінен пайда болатын жоғары мазасыздану туралы айтылған. Н.Д.Левитов мазасыздық пен қайғы психикалық жағдайын зерттей келе оларды ішкі мазасызданудан, сақтану және мүмкін болатын жағымсыздық немесе қалауының кешігуінен туындайтын жиынтықтың бұзылуы ретінде қарастырады. «Мазасыздық – индивидтің маза реакциясының пайда болуындағы төмен табалдырықпен сипатталатын мазаны уайымдауға бейімділігі: ол индивидуалды ерекшеліктердің негізгі параметрлерінің бірі».

В.В.Юрчок сөздігі бойынша, маза субъектінің анықталмаған түсініксіз аралас болатын индивидуалды эмпирикалық уайымдауы, ал кейде фантомды- иллюзиялы- миражды қорқыныш, қауіп, яғни негізсіз қорқу, негізсіз қорқыныш. Одан басқа маза ол-сезімді-эмотивті-мотивациялы түрде субъектінің дискомфортты, қауіпті күтудегі психикалық жағдайдағы уайымдауы. С.Ю.Уиркин сөздігіне сәйкес маза-ішкі себепсіз, мазмұнсыз мазасыздықты қиналып сезумен сипатталатын теріс аффект. Көбіне ол түсініксіз қауіп, қауіптілікті күту ретінде уайымдалып, әртүрлі мазмұндағы мазасыз қауіптену түрінде сипатталады. Мазасыздану – жеке тұлғаның кескіні сияқты, күнделікті үрей эмоциясымен, эмоционалды қозу сезімінің жоғарылауымен қаланатын, адам миының генетикалық детерминистік қасиетімен байланысты.

Жоғарыда бастауыш сынып оқушыларында көрініс беретін эмоциялық күй, әсіресе мазасыздануға тоқталдық. Психолог ретінде бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін коррекциялық жұмыстар бірнеше бағыттарда жүзеге асуы керек екенін түсінеміз, жүргізілетін жұмыстар оқушының танымдық процесстерінің, эмоционалды-еріктік сферасының, оқу мотивациясының, интеллектуалды қабілеттері мен тұлғааралық қарым-қатынас сферасының дамуымен тікелей байланысты болуы қажет.

Бала бойындағы қорқыныш пен мазасыздық сезімін жоюдың қандай тәсілі таңдалса да, ең бастысы баланың қажеттіліктері мен шағымдарын ескерусіз қалдырмаған жөн. Міне, тек осындай жол арқылы өзіне сенімі жоғары, өзіндік бағалауы тұрақты баланы тәрбиелеп шығаруға болады деп тұжырым жасай аламыз.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Спилбергер Ч. Концептуальные и методологические проблемы исследования тревоги. Пэрсе 2008
2. Н.Д. Левитов. – Москва // Тревога и тревожность : хрестоматия : [учебное пособие] / сост. В.М. Астапов. – Санкт-Петербург : Пер Сэ, 2008. – С. 75-84
3. Невротическая личность нашего времени / К. Хорни ; [пер. с англ. Боковиков А. М.]. – [2-е изд.]. – Москва : Академический Проект, 2008. – 207 с
4. Погорелова Е.И. Тревога как фактор развития личности : На примере преодоления экстремальных ситуаций : автореферат дис. ... кандидата психологических наук : 19.00.13 / Сев.-Кавказ. гос. техн. ун-т. – Ставрополь, 2002. – 19 с.
5. Вилюнас, В. Психологические механизмы мотивации человека / В. К. Вилюнас. – М. : Изд-во МГУ, 1990. – 283
6. Прихожан А.М. Психология тревожности: дошкольный и школьный возраст [Текст] / А. М. Прихожан. – 2-е изд. – Санкт-Петербург : Питер, 2009. – 191
7. Астапов В.М. Функциональный подход к изучению состояния тревоги // Психологический журнал. 1992. № 5. С. 16-25.

Наурызбаева Г. К.

Алматинский университет энергетики и связи им. Г. Даукеева,  
старший преподаватель

Кудайбергенова А. М.

кандидат педагогических наук,  
доцент КазНУ имени аль-Фараби

## К ВОПРОСУ ФОРМИРОВАНИЯ ТЕХНИЧЕСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКОВ В УСЛОВИЯХ ВУЗА

На сегодняшний день, анализ научных исследований показывает, что технические компетенции (ТК) – это знания, умения и навыки и качества личности, способствующие специалисту действовать надлежащим образом в соответствии с требованиями производственной деятельности; организованно решать класс профессиональных задач в области технического труда, вопросы и проблемы независимо от других; самооценивать результаты своей деятельности; готовность к своей профессиональной роли в той или иной области технического труда. Готовность к профессиональной деятельности с психологической точки зрения характеризуется наличием у специалиста знаний, умений и навыков, позволяющих ему осуществлять свою деятельность на уровне современных требований науки и техники [1].

В нашем педагогическом эксперименте процесс ПНО по формированию ТК ориентирован на модель деятельности бакалавра электроэнергетики [2].

При формулировании цели обучения лекционных занятий, необходимо показать роль физических законов и явлений, учитываемых в будущей профессиональной практике студентов; в нашем случае, в технических средствах и инструментах, используемых в электроэнергетике. Мы полагаем, что применение демонстрационных материалов в виде презентаций (слайдов, видео), которые раскрывают принципы построения и работы оборудования, основные законы физики и их особенности, способствует достижению указанной цели. По разделу «Механика» примером такого лекционного занятия является тема «Применение законов динамики при гироскопических эффектах, проявляемых в электроустановках». Здесь содержание и цели лекции ориентированы на профессиональный опыт, что можно увидеть на рисунке:



Рисунок 1 – Пример содержания и целей профессионально-направленной лекции по формированию ТК студентов технического университета.

Эта тема является одной из самых важных тем для профессии, так как законы динамики и гироскопические эффекты проявляются в таких устройствах, используемых в электрических системах, как синхронно-гистерезисные гироскопы, устройства импульсного подмагничивания (рисунок 2). Изучается самое известное устройство – карданов подвес; быстро вращающийся маховик, закреплённый в устройстве, который

обеспечивает поворот оси вращения маховика относительно основания, на котором он установлен; принцип работы супермаховика, а также, ветровых генераторов.



Рисунок 2 – Лекционная демонстрация электроэнергетических установок.

Физика непосредственно связана с экспериментом; полученные на лекции теоретические знания студентов можно углублять и закреплять с помощью отобранных лабораторных работ по дисциплине «Физика», направленных на практическое применение в системах электроэнергетики в процессе будущей профессиональной деятельности. Такие лабораторные работы отличаются от традиционных тем, что цели, задачи и контрольные вопросы призваны объяснить студентам, что в основе различных схем электрических цепей и электроэнергетических установок лежат физические явления, которые подчиняются законам физики. Выполнение такого рода лабораторных работ и обсуждение полученных результатов повышает интерес студентов и, как следствие, формирует основы технических компетенций студентов.

Примером такой работы служит «Исследование принципа работы гироскопа». Целью названной работы является изучение работы гироскопа и гироскопического эффекта. При разработке и защите данной работы особое внимание уделяется применению в их профессиональной практике методов измерения, используемых в соответствии с законами физики (рисунок 3).



Рисунок 3 – Пример лабораторной работы по изучению законов физики, тесно связанных с будущей профессией электроэнергетика.

При защите лабораторной работы, помимо физических законов и явлений, задаются дополнительные технические вопросы в соответствии с будущим профессиональным заданием, которые ориентированы на содержание лекции.

В условиях дистанционного обучения данная работа представляется в виде виртуальной, которая была разработана на кафедре космической инженерии Алматинского университета

энергетики и связи им. Г. Даукеева. Ниже представлен интерфейс названной виртуальной работы (рисунок 4).




Рисунок 4 – Виртуальная работа по изучению гироскопического эффекта.

Кроме того, одним из важнейших путей формирования ТК бакалавра в процессе обучения является выполнение студентами научно-исследовательской работы (НИРС). В этой связи можно привести пример студента группы ЭЭК-20-1 Бекбаева Б., который выполнил исследование на тему «Перспективы применения ветрогенераторов в Казахстане». На сегодняшний день использование энергии ветра для выработки электрической энергии является одним из актуальных технических направлений, что предусмотрено Государственной программой «Энергосбережения Республики Казахстан». В данной работе студент исследовал и проанализировал принципы работы ветрогенераторов, методы генерирования электрической энергии и ее накопления. Таким образом, студент на практике участвовал в НИРС и сделал свои первые шаги в науке.

Результаты использованного профессионально-направленного обучения (ПНО) по формированию ТК показали возможность вовлечения каждого студента в самостоятельную, добросовестную, рациональную и результативную учебную и научную работу по овладению знаниями и умениями по физике, ориентированные на будущую профессиональную деятельность. Итоги педагогического эксперимента свидетельствуют, что у большей части (71%) студентов появилась активность и интерес к изучению физики, на основе которых происходит формирование в процессе обучения ТК будущих электроэнергетиков.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Мажитова Л.Х., Наурызбаева Г.К., Габдуллина Г.Л. Технические компетенции как индивидуальная характеристика личности будущего специалиста. Вестник АПНК.-2019. – №3(89). С.128-136.
2. Наурызбаева Г.К. Модель деятельности специалиста для формирования технических компетенций бакалавра в области электроэнергетики // Материалы МНПК – V Арефьевские чтения «Современный мир: стратегии развития, технологии и образы будущего». Москва, 24-25 октября 2019 г., С.392-398.

**Нуржанова Ж.,**  
студентка 4-го курса  
специальности «Психология»  
**Садвакасова З. М.**

Научный руководитель: к.п.н., доцент.  
Казахский Национальный университет имени аль-Фараби

## **СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В РАБОТЕ ПСИХОЛОГА С ГЭМБЛИНГОВЫМ ПОВЕДЕНИЕМ МОЛОДЕЖИ**

Азартная игра – распространенное, социально приемлемое и легальное занятие в большинстве культур мира. Обычно это игра со ставкой на что-нибудь ценное (как правило, деньги) или на возможность появления или результат события, который непредсказуем и обуславливается случайностью.

В работе Ц.П. Короленко и Т.А. Донских выделен ряд признаков, характерных именно для азартных игр как вида аддиктивного поведения:

- 1) постоянная вовлеченность, увеличение времени, проводимого в игре;
- 2) изменение круга интересов, вытеснение прежних мотиваций игровой, постоянные мысли об игре, преобладание в воображении ситуаций, связанных с игровыми комбинациями;
- 3) «потеря контроля», выражающаяся в неспособности прекратить игру как после большого выигрыша, так и после постоянных проигрышей;
- 4) состояния психологического дискомфорта, раздражения, беспокойства, развивающиеся через сравнительно короткие промежутки времени после очередного участия в игре, с труднопреодолимым желанием снова приступить к игре. Такие состояния по ряду признаков напоминают состояния абстиненции у наркоманов, они сопровождаются головной болью, нарушением сна, беспокойством, сниженным настроением, нарушением концентрации внимания;
- 5) характерно постепенное увеличение частоты участия в игре, стремление к всё более высокому риску;
- 6) периодически возникает состояние напряжения, сопровождающиеся игровым «драйвом», всё преодолевающим стремлением найти возможность участия в азартной игре;
- 7) быстро нарастающее снижение способности сопротивляться соблазну. Известно, что лица, решившие раз и навсегда покончить с играми, при малейшей провокации (встреча со старыми партнерами по игре, разговор на эту тему, участие в обычной, неазартной игре и др.), как правило, возобновляют участие в азартных играх [1 с.214].

Азартные игры существуют с древнейших времен, так как желание выиграть, получить благосостояние и престиж, постоянно рискуя, является инстинктивной силой, которая продолжает существовать в генах человека. На протяжении всей истории было множество личностей, в разное время увлеченных азартными играми: римские императоры Нерон и Клавдий были признаны великими игроками, а лорд Галифакс, Мария-Антуанетта, герцог Веллингтон и Достоевский могли принадлежать к современному определению азартных игр. заядлый игрок [2].

На гэмблинговое поведение могут влиять факторы. **Факторы**, участвующие в развитии гэмблинг-зависимости, которые могут способствовать возникновению и развитию игровой зависимости: семейные факторы, индивидуальные факторы и социологические факторы.

С точки зрения семейных факторов, специализированные исследования в этой области показали, что как родительские модели поведения, так и генетические факторы представляют для любого игрока риск развития компульсивного игрового поведения.

Индивидуальные факторы возникновения и поддержания игрового расстройства включают в себя черты личности игрока (особенно импульсивность и стремление к острым

ощущениям), его когнитивные способности (способность влиять или предсказывать выигрыш), негативные эмоциональные состояния (депрессия, тревога или стресс) и биологические факторы (дефицит лобных долей, нарушение работы нейротрансмиттеров и изменения в функционировании системы вознаграждения мозга).

Социологические факторы, связанные с возникновением игромании, связаны с наличием социально-экономического статуса игроков, безработицей и более низким уровнем образования. [3 с.45]

Практика чрезмерной азартной игры имеет негативные последствия как для игроков, так и для общества в целом, начиная с бедности, распада семьи и противоправного поведения с точки зрения получения необходимых денег в азартных играх. Основными **последствиями** игромании являются следующие:

1. Профессиональные проблемы: потеря работы, разрушение карьеры из-за увлечения азартными играми, что является причиной снижения эффективности работы и увеличения количества прогулов;
2. Проблемы с семьей, друзьями: игроман скрывает правду об этой зависимости, которая властвует над ним, он злоупотребляет семьей или пренебрегает своими семейными обязанностями;
3. Финансовые проблемы: кто-то занимает, продает свои вещи, берет в долг, чтобы финансировать эту зависимость;
4. Юридические проблемы: обманы, кражи;
5. Заболевания, связанные со стрессом: бессонница, нервозность, депрессия, тревога, вплоть до суицидальных попыток.

Исследования, проведенные Блащинским, показали, что игровая зависимость определяет следующие негативные последствия для игроков: депрессия, суицидальные мысли, тревога, употребление алкоголя и наркотиков, трудности с сохранением рабочего места, ложь и обман, снижение когнитивных функций, и физические симптомы. [4]

#### *Подходы в работе с игровой зависимостью человека*

Существует широкий спектр программ лечения игровой зависимости, основанных на специфических профессиональных знаниях психолога и существующих терапевтических ресурсах.

Проблемы, с которыми сталкиваются специалисты при начале лечения игроманов, в основном связаны с тем, что они отрицают наличие у них проблемы с зависимостью, не информированы о том, что есть квалифицированные специалисты в этой области, опасаются того, что они могут быть стигматизированы, часто они не хотят отказываться от азартных игр, их партнеры теперь не хотят жить с ними и их семьи не поддерживают.

Гудинг и Тарриер изучили эффективность когнитивно-поведенческой терапии, изучив 25 исследований, проведенных несколькими экспертами в этой области в США, Канаде, Испании и Австралии и направленных на снижение игровой зависимости; на основе своего метаобзора упомянутые авторы в ходе исследования представили следующие выводы:

Имеются убедительные данные, согласно которым когнитивно-поведенческая терапия вызывает видимые улучшения в поведении игрока, и они сохраняются при контрольной оценке, проведенной через 3 месяца после лечения;

Улучшения сохранялись через 6 месяцев и 12 месяцев после окончания лечения, но эти результаты следует интерпретировать с осторожностью из-за меньшего числа участников долгосрочных повторных оценочных совещаний и небольшого количества исследований, проведенных таким образом;

Как групповая терапия, так и индивидуальная терапия эффективны при последующей оценке, которая проводится через 3 месяца после окончания лечения, но при оценке через 6 месяцев эффекты групповой терапии лучше сохраняются;

Авторы отмечают тот факт, что, возможно, когнитивно-поведенческая терапия не оказывает прямого влияния на игровое поведение; однако его действие связано с



уменьшением симптомов депрессии и тревожности, что, в свою очередь, повлияет на улучшение игрового поведения. [5]

Когнитивно-поведенческая терапия в настоящее время считается самым эффективным методом лечения игромании; этот вид терапии постулирует тот факт, что иррациональные мысли, связанные со способностью человека контролировать игру и прогнозировать выигрыш, представляют собой основные факторы, определяющие развитие и поддержание данной зависимости.

К преимуществам когнитивно-поведенческой терапии относится то, что она представляет собой хорошо структурированный вид терапии, проводится в течение ограниченного периода времени, требует ограниченных затрат по сравнению с другими видами терапии, дает длительный эффект. срочные преимущества и предположительно снижение риска рецидива.

Показатели успеха этого типа терапии расстройства азартных игр в исследованиях, которые были проведены до этого времени, варьировались от 36% до 42% [6 с.729].

Голикова И.В. выделила коррекционный механизм социального управления. Социальное управление – это управление социальными системами (людьми и их организациями), направленное на обеспечение условий жизнедеятельности и развития людей, формирование у них соответствующих мотивов, установок, стандартов поведения, использование их внутренних ресурсов, ориентированное преимущественно на перспективу, основанное на привлечении самих людей к управленческому процессу

Социальное управление, включающий в себя **способы коррекции:**

- нормативный (О.Е. Андрюшина, М.И. Бобнева, Е.М. Пеньков, Н.У. Токомбаева);
- традиционно-ритуальный (С.А. Вангородская);
- коммуникативный (Э. Берн);
- конвенциональный (А.С. Кирдеев);
- компаративный (Н.С. Данакин, С.Н. Питка);
- состязательный (Е.И. Зиборовз, СВ. Хашаева);
- групповой (СЮ. Алашеев, В.В. Бойко, А.Г. Ковалев, В.Н. Панферов);
- суггестивный (В.М. Бехтерев, Т.В. Гусева, В.П. Куликов);
- рационально-логический (К. Андреас, С. Андреас, Т. Круликовский);
- оценочный (Ш.А. Амонашвили, Н.С. Данакин и М.С. Сухинов, В.И. Жуков и Е.И.

Комаров, С.Г. Якобсон и Т.И. Фещенко);

- ценностный (И. Берлин, А.А. Горбатков, О.И. Зотова и М.И. Бобнева, Д.А. Леонтьев);
- мотивационный (И. Гущина, В.Ф. Шаталов); – стимулирующий (Л.Ю. Гордин, Т.

Озерникова);

- эмоциональный (В.В. Лебединский, Г. Селье, Д. Фонтана);
- психотерапевтический (В.И. Натаров, К. Рудестам, И.Э. Телешевская).

К **средствам** коррекции зависимого поведения относят:

- психологическая консультация
- групповая психотерапия (К.Роджерс; К.Рудестам);
- социально-психологический тренинг (Ю.Н.Емельянов; Т.Ю. Артюхова; Т.Н. Зайцева);

Ключевая идея этого метода – стремление помочь развитию личности путем снятия ограничений, комплексов, освобождения её потенциала.

– игровая деятельность (А.В. Петровский, М.А.Туревский; АМ. Прихожан; Л.М. Костина).

Таким образом, подбор инструментария в коррекции игровой зависимости подбирается индивидуально, в зависимости от индивидуальных особенностей личности, с учетом условий, факторов и других особенностей человека, влияющее на его окружение и психическое состояние личности.

## ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Необходимо подчеркнуть тот факт, что не все методы психологического консультирования работают для всех гемблинг-зависимых людей; поэтому необходимо использовать индивидуальные подходы к лечению в зависимости от потребностей и контекста каждого отдельного случая.

Мы думаем, что будущие исследования также должны быть сосредоточены на поиске эффективных стратегий, направленных на предотвращение и минимизацию негативных последствий игровой зависимости; оказание психологической поддержки пострадавшим от такого поведения и членам их семей; использование различных стратегий во время лечения в зависимости от конкретной ситуации каждого человека; предложение альтернативных видов досуга, которые понравятся клиенту; повышение осведомленности; и информирование большего числа молодых людей о причинах и развитии этого типа аддиктивного поведения.

В коррекционной и профилактической работе психолога с молодежью важна проработка мышления, и обучить инструментариям, стратегии совладания в стрессовой ситуации, а также обучить механизму пополнять собственные ресурсы, не истощая себя, а вовремя вносить коррективы с свою авторскую, яркую, сценарную жизнь.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Брюн Е.А., Цветков А.В. Практическая психология зависимости Е.А. Брюн, А.В. Цветков. – М.: Наука, 2014. – 200 с.
2. Фернандес-Монтальво Дж., Эчебура Э. Патологическая азартная игра и расстройство личности: предварительное исследование с IPDE. Журнал расстройств личности. 2004 г.; октябрь;18(5): 500-505.
3. Егоров, А.Ю. Терапия игровой зависимости / А.Ю. Егоров // Науч.- практ. конф. с международным участием: тез. конф. / под ред. проф. Н.Г. Незнанова, проф. Е.М. Крупицкого. СПб 2012. – С. 44-46.
4. Блащинский А. Преодоление игровой зависимости. Лондон: Робинсон; 2010
5. Гудинг П., Тарриер Н. Систематический обзор и метаанализ когнитивно-поведенческих вмешательств для уменьшения проблем с азартными играми: хеджирование наших ставок? Поведенческие исследования и терапия. 2009 г.;47(7): 592-607. DOI: 10.1016/j.brat.2009.04.002
6. Сильвен С., Ладосер Р., Буаверт Дж. Когнитивное и поведенческое лечение патологической азартной игры: контролируемое исследование. Журнал консалтинга и клинической психологии. 1997 год; 65(5): 727-732
7. Маринова Т.Ю., Зарецкая О.В. Социально-психологические аспекты зависимости от компьютерных многопользовательских ролевых онлайн-игр // Социальная психология и общество. 2015.- Т. 6. -№ 3.- С. 109–119.
8. Брюэр Дж. А., Грант Дж. Э., Потенца М. Н. Лечение патологической игромании. Лечение наркозависимости. 2008 г.;7: 1-13. DOI: 10.1097/АДТ
9. Готестам К.Г., Йоханссон А. Характеристики азартных игр и проблемных азартных игр в норвежском контексте. Исследование телефонных интервью на основе DSM-IV. Аддиктивное поведение. 2003 г., январь-февраль;28(1):189-197.
10. Дисли Э., Поллитт А., Калли Д.М., Рубин Дж. Карта разрыва, критический обзор литературы о вреде, связанном с азартными играми. Санта-Моника: RAND Corporation; 2011
11. Зарецкая О.В. Зависимость от компьютерных онлайн-игр как разновидность аддиктивного поведения // Социальная психология и общество. 2016. Т. 7. № 3. С. 105–120.
12. Ким С.В., Грант Дж.Э., Эккерт Э.Д., Фарис П.Л., Хартман Б.К. Патологические азартные игры и расстройства настроения: клинические ассоциации и последствия лечения. Журнал аффективных расстройств. -2006 г.;92, С.109-116

**Т.А. Ингайбекова**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Педагогика және психология институты, әлеуметтік ғылымдар  
(психология) білім беру бағдарламалар бөлімінің аға оқытушысы,  
психология ғылымдарының магистрі*

**А.Ж. Садреймова**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Педагогика және психология институты, әлеуметтік ғылымдар (психология)  
білім беру бағдарламалар бөлімінің аға оқытушысы,  
психология ғылымдарының магистрі*

## **ӘЛЕУМЕТТІК-КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАР ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕРДЕГІ КӨРНІСІ**

*Коммуникология* – бүкіл коммуникация тармақтарын жинақтайтын ғылыми жүйе. Ол – қоғамдағы, табиғаттағы және техникалық жүйелердегі жалпылық мәні бар коммуникациялар жөніндегі интегративті ғылым.

*Коммуникация* латын тілінен аударғанда «ортақ ету, байланыстыру, араласу» дегенді білдіреді. XIX ғасыр коммуникация техникалық мағынада «байланыс орнындағы жолдар, құралдары» деп қолданылды. XX ғасырдан бастап ол әлеуметтік мағынаға ие болды. «Қарым-қатынас» ұғымы – ғалымдар коммуникация ұғымы екеуі бір мағынаны білдірмей ме деген сауал мазалайды. Л.С. Выготский, В.Н. Курбатов, А.А. Леонтьев т.б. көптеген энциклопедиялық сөздіктерде «коммуникацияның ұғымы – хабарлау жолы, қарым-қатынас» деген анықтама береді. Шетелдік ғалым Т.Парасонс «коммуникация – адамдар арасындағы қарым-қатынас, өзара әрекет» деп түсіндірсе, К.Черии «коммуникация – сан алуынан байланыс жүйесін пайдаланатын әлеуметтік қарым – қатынас, оның ең маңыздысы тіл және сөз» дейді. Э.И. Фадеева коммуникацияны зерттеудің бірқатар аспектілерін анықтайды:

- ақпараттық-коммуникативтік;
- интерактивті;
- геодезиялық;
- археологиялық;
- нормативтік және адам мінез-құлқын;

– әлеуметтік-практикалық түрлеріне бөлді. Философтар қарым-қатынастың ең кең таралған аспектілерін зерттеп, олардың рөлін және орнын анықтайды. С.Каган коммуникация мен қарым-қатынастың басты екі қатынасына қарай айырмашылықтары бар дейді.

*Біріншіден*, қарым-қатынас практикалық та, материалдық, рухани, ақпараттық және практикалық-рухани сипатқа ие, коммуникация тек ақпараттық үрдіс – белгілі бір ақпаратты тасымалдайтын дейді.

*Екіншіден*, өзара әрекет жүйесіне түсетін байланыстардың сипаты мен ерекшеленеді. «Коммуникация» білім беру саласы балалар әрекетінің әртүрлі нысандары мен түрлерінде ауызша және байланыстырып сөйлеуді, шығармашылық сөйлеу әрекетін дамыту құралы.

*Коммуникация* – бұл адамдардың бір-біріне өзара әсер ету құралы. Коммуникация бір адам екінші бір адамның мінез-құлқына әсер еткенде туындайды. Бұл олардың екеуі де мүлдем сөйлеспеген кезде де бола алады. *Коммуникация* – өзара түсінушілікке әкелетін екі жақты ақпарат алмасу процесі. *Коммуникация* – бұл туа біткен қызмет түрі емес. Егер адамдар өзара түсінушілікке келмесе, онда коммуникация орындалмаған болып табылады. Кішкене балалар үшін коммуникациялар құрал ата-аналар әсер алатын күлу және жылау болып табылады.

**Әлеуметтік коммуникация** – деген қоғамда әлеуметтік маңызды бағалармен нақты жағдайлар, коммуникативті салалармен қарым-қатынас нормалары бекітілген адамдардың коммуникативті іс-әрекеттері.

**Коммуникативтік дағдылар** – тұлғаның белгілі бір әлеуметтік ортадағы адамдармен тіл тез табыса білу. **Коммуникативтік дағдылар** – баланың функционалдық жетістіктерге жетуіне тікелей байланысты. **Коммуникативтік дағдылар** – тиімді қарым-қатынас дағдыларына жатады. Коммуникативтік дағдылар қарым-қатынас орнату, ұстау, сөйлесу, қарым-қатынасқа түсе білу, келісу, көндіру, өзінің заңды құқықтарына дағдыландыру деп қарастыруға болады. **Әлеуметтік дағдылар** – сөйлеу, ым-ишара, дене қимылы, сыртқы келбеті мен бір-бірімен ауызша және вербальды емес қатынасу мен қарым-қатынас жасау дағдыларын айтамыз. Әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде қарым – қатынасты нақтырақ сөзбен белгілеу үшін **контакт** яғни **жанасу** сөзін алуға болады. Адамдар арасындағы **контакт тіл жән сөйлесу** арқылы жүзеге асады. Сөйлеу қарым – қатынастың негізгі тәсілі болып табылады. Коммуникация функцияларына **ақпарат беру, сұрастыру, оқыту, нұсқа беру, бұйыру** жатады.

В. Артемов осыған сәйкес сөйлешінің хабарлау сияқты жалпы коммуникативтік міндетті баяндау ретінде анықталады оның кем дегенде 11 түрі бар. Мысалы: **баяндаудың өзі, хабарлау, атау, хабарлама санап, тізбектеу сөзді қақпалау, жасау, ақпар, баянат, әңгіме, ертегі, тілдік әрекеттің түрткі болу сияқты түрлерге бөлді.**

**«Коммуникативтік дағдылар»** ұғымы туралы ғалымдардың анықтамасы

№	Ғалымдардың аты-жөні	әлеуметтік-коммуникативтік дағдылар туралы анықтамалар
1	О.М. Казарцева	«Коммуникация – ақпараттың қозғалуына ғана емес, адамдар алмасатын білімдерді, мәліметтерді, пікірлерді нақтылау мен байытуға әкелетін, әңгімелесушілер арасындағы қарым-қатынастарды, нұсқауларды, ниеттерді, мақсаттарды ескере отырып, олардың бір-біріне ықпалы мен өзара ақпарат алмасуының бірлігі»- дейді.
2	А.П. Назаретян	Коммуникация үдерісі тіл мен басқа да белгілік құралдардың көмегімен ақпаратты беруді білдіреді және қатынастың құраушы компоненті ретінде қарастырады.
3	Л.С. Выготский	Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің қалыптасуы мектептегі басымды міндеттердің бірі болып табылатындығын тұжырымдауға болады, себебі, қатынас үдерісінің нәтижелілігі мен сапасы қатынас субъектілерінің коммуникативтік қабілеттерінің деңгейіне көбірек тәуелді.
4	И.В. Лабутова	Коммуникативтік қабілеттердің әрбір тобының құрылымы өзіне үш басты компонентті қамтиды: психотехникалық (қатынастағы индивидтің психофизикалық өзін-өзі реттеуі), экспрессивті (вербалды және вербалды емес қатынас құралдары) және тұлғааралық (өзара әрекеттесу, өзара түсіну және өзара ықпал ету үдеріспен байланысты).

Педагогикалық қарым-қатынас жағдайында тыңдаушы позициясынан келесі коммуникативтік міндеттер бөлінген **«түсіну», «есте сақтау», «жаттау», «меңгеру», «қорытынды жасау», «жасау беру», «теріске шығару», «дәлелдеу»**. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында зияты зақымданған балаларды жиі кездестіруге болады. Балалардың дамуындағы ауытқулар немесе ауытқулар әртүрлі жолдармен көрінеді. Олар баланың психофизикалық дамуының әртүрлі аспектілеріне қатысты болуы мүмкін: есту-сөйлеу жүйесі, қабылдау, зияты зақымдалу, эмоционалды-еріктік, қозғалыс сферасы және т.б. дәрежелері мен себептері туындауда.

Қазіргі таңда қоғамның басты міндеттерінің бірі – ерекше оқыту мен тәрбиелеуді қажет ететін балаларды әлеуметтік бейімдеу. Оларды өмірге бейімдеу, білім алумен қатар әлеуметтік – коммуникативтік дағдыларының қалыптасу деңгейіне де байланысты. **Коммуникация** – ауызша және ауызша емес ақпаратты беру, қабылдау процесін қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Эмоционалдық компоненттерден басқа, ауызша емес қарым-қатынас тұлғааралық қарым-қатынас процесі маңызды. Ауызша емес қарым-қатынас құралдарының ішінде қимылдар, бет-әлпеттер, пантомималарды қамтитын белгілер жүйесі маңызды рөл атқарады.

Адамның қимылдары, бет-әлпеті, мінез-құлқы, стилі, жүріс-тұрысы, тұру, отыру тәсілдері ақпарат берудің маңызды факторларының бірі болып табылады.

Успешность решения задачи развития навыков самоорганизации зависит и от педагогических условий, которые будут применяться при организации образовательного процесса.

Для формирования навыков самоорганизации необходимо создать следующие педагогические условия: [11]

- ориентировать студентов на применение темы в учебных дисциплинах выбранной программы обучения;
- использовать в ходе лекций и практических занятий профессионально-ориентированные задачи и задания, в которых необходимо поставить цель, выявить проблемы, составить план решения выявленной проблемы и подвести итоги достижения цели;
- максимально индивидуализировать обучение, исходя из гендерных различий мышления студентов и их профессионального самоопределения.
- организовать самостоятельную работу таким образом, чтобы на основе теоретического материала и самостоятельно полученной информации можно было создать проект для участия в научной конференции.

Развитие студента в связи с этим должно представлять собой поэтапное движение под руководством учителя к самостоятельному обучению, а от него – к самообразованию.

Предложенная технология расчета объема межпредметных связей прошла апробацию в Казахском национальном педагогическом университете имени Абая. Статистическая обработка результатов частотного анализа позволила определить наиболее значимые темы и разделы для будущей профессиональной деятельности студентов – будущих инженеров изучаемой отрасли, что позволило внести коррективы в самостоятельную работу студентов.

Для проверки самостоятельной работы и самоорганизации студентов было проведено экспериментальное исследование. В нем принимают участие студенты двух групп в количестве 54 человек, студенты обучающиеся по специальности преподаватель предмета 5В010900- Математика.

С целью выяснения степени подготовленности студентов к обучению в ВУЗе было проведено тестирование по программе школьного курса математики. По результатам тестирования установлено, что в обе группы (контрольную и экспериментальную) на одном уровне входят студенты с более высокими и более низкими знаниями и умениями по предмету. Этот факт свидетельствует о равенстве выделенных групп. В дальнейшем в экспериментальной группе на лекциях и практических занятиях по математике были созданы вышеперечисленные условия для формирования у учащихся навыков самоорганизации.

В данном исследовании на промежуточном контроле (экзамене) студенты решали не только типовые математические задачи, определяющие уровень знаний по математике и профессионально-ориентированные задачи, но и задачи, в которых им необходимо было поставить цель, обозначить проблему, составить план решения найденной проблемы и подведение итогов цели

Для оценки уровня самоорганизации студентов использовалась анкета А.Д. Ишкова «Диагностика особенностей самоорганизации», которая позволила выявить индивидуальные особенности самоорганизации. Опросник А.Д. Ишкова содержит одну интегральную шкалу (уровень самоорганизации) и шесть частных шкал, указывающих на уровень развития: [12]

- волевые усилия – личностный компонент самоорганизации,
- целеполагание, ситуационный анализ, планирование, самоконтроль, коррекция – функциональные компоненты самоорганизации.

В результате эксперимента 83,6 % студентов экспериментальной группы выполнили тест, 70 % правильно решили профессионально направленные задачи, а 57,6 % выполнили задания, в которых необходимо было поставить цель, сформулировать проблему, ставить задачи на решение проблемы и решать их.

По методике А.Д. Ишкова «Диагностика особенностей самоорганизации» 63,1% студентов показали высокий уровень самоорганизации учебной деятельности. Студенты контрольной группы справились с тестом преимущественно (78%). В этом тесте нужно было решить стандартные задачи из курса математики. Только часть из них решала профессио-

нально-ориентированные задачи (42%), и только 18% решали задачи, в которых требовалось проявление регуляторных умений.

Изучение психолого-педагогической литературы и собственные исследования проблемы позволяют считать самоорганизацию важным компонентом образовательного процесса. Степень сформированности навыков самоорганизации у студентов положительно влияет на эффективность учебной деятельности, расширяя возможности успешной самореализации и творческого самовыражения в будущей профессиональной деятельности. [13]

Навыки самоорганизации следует системно и целенаправленно формировать с самого начала обучения в высшей школе, имея в виду неразрывную связь между самоорганизацией и мотивацией учебной деятельности. Чем больше субъект обучения будет заинтересован в освоении профессиональной образовательной программы, тем выше будет уровень самоорганизации.

Самостоятельная работа учащихся должна быть организована таким образом, чтобы в ней могла формироваться познавательная потребность, целью которой является развитие мотивации к самоорганизации. Результаты исследования свидетельствуют о том, что использование частотного анализа при определении межпредметных связей дисциплин в выбранной программе обучения и выбранные условия организации учебного процесса способствуют развитию самоорганизации учебной деятельности студентов. Эффективность выбранных условий подтверждена экспериментально.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Указ Президента Республики Казахстан. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы: о внесении изменений от 02.11.2012, № 423 : от 12.08.2014, №893 // Электронный ресурс : [www.egov.kz](http://www.egov.kz).
2. Еремицкая, И. А. Прокрастинация и самоорганизация у студентов вуза / И. А. Еремицкая, И. В. Андреева // Общество: социология, психология, педагогика. – 2019. – № 3(59). – С. 97.
3. Таубаева Ш.Т., Бирюк Л.А., Турсынбеков М.А. Применение метода “проблемное колесо” для исследования проблемы формирования культуры самоорганизации магистрантов // Международный научный журнал, 2020.-281с.
4. Агранович, Е. Н. Технология тайм-менеджмент как средство самоорганизации учебной деятельности студентов / Е. Н. Агранович // Вестник Казахского национального женского педагогического университета. – 2020. – № 1. – С. 201.
5. Титова, М. Ю. Диагностика уровня сформированности умений самоорганизации у студентов вуза / М. Ю. Титова // Психолого-педагогический журнал Гаудеамус. – 2021. – Т. 20. – № 1(47). – С. 66.
6. Волова, М. Р. Изучение ориентированности студентов младших курсов университета на самоорганизацию познавательной деятельности / М. Р. Волова // Проблемы современного педагогического образования. – 2021. – № 71-1. – С. 81.
7. Павлова, Е. В. Самоорганизация как фактор академической вовлеченности студентов вуза / Е. В. Павлова // Известия Иркутского государственного университета. Серия: Психология. – 2021. – Т. 37. – С. 31.
8. Бакшутова, Е. В. Самоорганизация деятельности студентов с разным локусом субъективного контроля / Е. В. Бакшутова, К. Е. Долгушина, Л. Г. Жданова // Развитие человека в современном мире. – 2019. – № 1. – С. 80.
9. Аниськина, О. А. Формирование умений самоорганизации и самоконтроля в процессе самостоятельной работы студентов / О. А. Аниськина // Научные горизонты. – 2019. – № 2(18). – С. 13.
10. Еремицкая, И. А. Особенности самоорганизации студентов очной и заочной форм обучения в вузе / И. А. Еремицкая // Вестник Костромского государственного университета. Серия: Педагогика. Психология. СоциокINETика. – 2018. – Т. 24. – № 3. – С. 96.
11. Косарева, С. А. Перспективы и риски повышения уровня самоорганизации студентов / С. А. Косарева // Сибирский педагогический журнал. – 2020. – № 5. – С. 81.
12. Симонова, Ж. Г. Теоретико-методологические основы развития самоорганизации студентов как способа оптимизации учебного процесса / Ж. Г. Симонова // Устойчивое развитие науки и образования. – 2020. – № 1(40). – С. 97.
13. Кузнецова, И. В. Методы эффективной самоорганизации студента в условиях вуза / И. В. Кузнецова // Вестник Тюменского государственного института культуры. – 2020. – № 1(15). – С. 66.

## ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЭКСПРЕССИВТІ МАҒЫНА ЖАСАУДЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Эмоциялық мағыналардың берілу жолдары және жасалуы күрделі процесс болып табылады. Себебі, ауызекі сөйлеу тілінде адам өзінің түрлі кездегі көңіл-күйін, психологиялық жағдайларын, яғни әртүрлі эмоциясын (қуану, шаттану, жабырқау, ашу шақыру, ренжу, ұнатпау, т.б.) бір ғана сөзбен не сөз тіркесімен білдіре алады. Немесе керісінше, бір мезеттегі эмоциясын (қуаныш не реніш, жабырқау не шаттану, ұнату не ұнатпау, т.б.) денонттық мағыналары әртүрлі бірнеше сөздермен, сөзтіркестермен білдіре алады. Мысалы, «Алғашында қатты айтуға әдеп сақтап жаймен түсіндіріп жүрген әкем, бір күні морт кетті. – Шырағым, оттап жүргенің не осы? Ел сенімінен садаға кеткір еzbесің ғой өзің...» (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). *«Кенет шеткі отаудан әсем киінген сымбатты келіншек көрінді. Жұрттың бәрі аң-таң. Аққұл өзінің келінін көріп шоршып түсті. Екі қолын ербеңдетіп, сасқалақтап, жалбарынған үнмен: –Қайт, балам! Қайт, балам! Қайта ғой, шырағым, қайта ғой, – деп қалбалақтады да қалды.»* (Бұл да сонда). *«–Шырағым, – деді кемпір Ботагөзге, – сен далаға шығып келші. Көп жыладың ғой. Таң атуға жақын...»* (С.Мұқанов. Ботагөз). Осы сөйлемдердегі бір ғана шырағым сөзінің әртүрлі эмоцияны білдіруде әртүрлі мақсатта қолданылғанын байқаймыз. Біріншісінде адамның ашуын, ызасын көрсетуде қолданылса, екінші сөйлемде жалбарыну, жалыныш білінеді, соңғы сөйлемде көңіл бөлу, аяушылық семасын білдіріп тұр. Ал, тек еркелету мәнінде қолданылатын эмоционалды-экспрессивті сөздердің саны көптеп кездеседі (алтыным, балапаным, төрем, көкетай, балақай, сәулем, шырағым, т.б.).

Эмоционалды-экспрессивті мағыналардың жасалу және берілу жолдарын мынадай үлкен үш топқа бөліп қарастырсақ:

1. Лексика-семантикалық тәсілдер
2. Синтаксистік тәсілдер
3. Морфологиялық тәсілдер

Тілдегі эмоционалдылықты, экспрессивтілікті жеткізуші құралдардың қатарына сөз жатады. Сөз дегеніміз – тілдің құрылымдық-семантикалық негізгі бірлігі (единицасы), ол заттар мен құбылыстарды, олардың қасиеттерін, болмыстағы қатынастарын атап білдіреді. Сөйлеу барысында сөз сөйлеуші туралы фактуалды және эмоционалды-экспрессивтік ақпараттарды жеткізіп тұрады, қалыптасқан мағынасынан тыс қосымша мағыналарды жеткізуге қатысады. Сөз мағынасы нақты контекст жағдайында түрлі стилистикалық аспектіде көрініп, бағалауыштық, мәнерлегіштік, функционалдық т.б. экспрессивтік мағыналарды жеткізу құралына айналады. Сөйлеу кезінде сезімнің, көңіл-күйдің берілуі негізінен ерекше экспрессивті –эмоционалды реңкті қажет ететін сөздер арқылы іске асады. Коммуникативтік актіде сөздер айтушының сөйлеуін құруға байланысты эмоционалды-экспрессивті семалармен күшейтіліп, жағымды және жағымсыз белгілерді аңғартып, жақсы көру, жек көру, т.б. секілді көзқарастарды білдіреді. Сөздердің лексика-семантикалық топтары да эмоционалды-экспрессивті мағына беруде ерекше рөл атқарады.

**Синонимдердің экспрессивтік стилистикасы.** Синонимдер тілдің кемеліне келіп қаншалықты жетілгендігін, оның образдылығы мен дамығандығын көрсететін көрсеткіш деп есептеледі. Адамның ойлаған ойын, көңіл-күйі мен көзқарасын нақты әрі көркем түрде жеткізу үшін синонимдер айрықша қызмет атқарады. Синоним – кемінде екі не одан да көп сөздердің бір ұғымды аңғартуы. Бірақ бірнеше сөз бір ұғымды аңғартқанда, бәрі бірдей болып келе бермейді. Олар айтатын затты, қимыл процесін әр жағынан аңғартып, мән-мағынасы жағынан толықтырып тұрады. Сондықтан синоним сөздер бір-бірінен мағыналық реңктерімен,

эмоционалды-экспрессивті болуымен, белгілі жанрға тән стильдік белгісімен, қолдану өзгешеліктерімен, басқа сөздермен мағыналас байланысымен өзгешеленеді. Синонимдердің стильдік мәні неше алуан функционалдық сипатта қолданғандығымен тығыз байланысты. Тіліміздегі синонимдердің мынадай стильдік реңктері байқалады.

1. қадір тұтып сыйлағандықты білдіретін реңктер
2. салтанат құру мәніндегі көтеріңкі реңктер
3. поэтикалық реңктер
4. дәрекілік мәніндегі реңктер
5. кекесін, мысқыл мәніндегі реңктер
6. менсінбеушілік, кеміту мәніндегі реңктер

Синонимдердің сөз қолданысындағы реңктер сөздердің бір-бірімен тіркесу қабілетінен шығады. Мәндес сөздердің бірінің тіркесіп айтылатын сөзімен екінші сыңарлары онша көп тіркесе бермейтіндігі жиі байқалады. Мәселен, ел мен халық синоним сөз болғанымен, ішіне ел қонды деп айтылады да, ішіне халық қонды деп айтылмайды [1,107]

Тілдегі синонимдер үш түрге бөлінеді:

- а) мағыналық синонимдер
- ә) стильдік синонимдер
- б) мағыналық- стильдік синонимдер

Әрқайсысының өзіне тән мағыналық реңкі бар, стильдік жағынан шектелмейтін, тілдегі барлық салада талғаусыз, жалпылама қолданыла беретін синонимдер мағыналық синонимдер деп аталады. Мысалы: абырой- бедел-қадір, азайту-алу-кеміту-шегеру, батыл-өжет-өткір т.б.

Стильдік синонимдер деп мағына жағынан ұқсас бола отырып, бір-бірінен стильдік бояуы арқылы өзгешеленетін мәндес сөздердің түрлерін айтамыз. Мысалы, ат-есім-ныспы, жылау – еңіреу, өкпелеу – бұртию, бірсыпыра-бірғауым, жуас-бұйығы, таңертең+азанда, үлкен-дөкей, т.б.

Тілдегі синонимдер бір-бірінен мағыналық жағынан, не стильдік мәні жағынан өзгешеленіп, бірыңғай болып келе бермейді. Олар кейде әрі мағыналық, әрі стильдік белгілері арқылы ерекшеленеді. Синонимдердің осындай түрлері мағыналық-стильдік синонимдер деп аталады. Мысалы: іздену-тінту, мақтаншақ-бөспе, тақия-төбетей-кепеш, сасу-иістену-мұңқу-аңқу, т.б.

Синонимдер кез-келген тілдің байлығы мен оралымдығын көрсететін сөздік құрамның құнарлы да мәнді бір саласы. Ана тілінің синонимдік молшылығын емін-еркін меңгеру арқылы ғана көңілдегі көрікті ойды нағыз өз мәнінде барлық реңктерімен түгел қамтып жеткізуге мүмкіндік аламыз [1,111].

**Антоним.** Антонимдер көркем әдебиетте, сөйлеу стилінде экспрессивтілікті, эмоционалдылықты беруде маңызы зор. Антонимдер – өздеріне тән сапалық белгілерін сақтап, бір-біріне қарама-қарсы мағынада қолданылатын сөздер [ 2,24].

Қарама-қарсы құбылыстарды салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып шендестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды ашық, айқын етіп көрсетуде антонимдер айрықша қызмет атқарады [3,42]. Мысалы, *«Бірімен-бірі шырмауықтай шатысып, бірінен соң бірі туындап, адамның өз миына өзі тыным бермейтін шетсіз де шексіз ойлар. Естісі де бар, есері де бар, сырбазы да бар, сұғанағы да бар»* [Д.Исабеков, Қарғын] немесе *«Бұл бұтақтан аққан тамшы болса, Багила, немесе Багила тектес қыз бұлақ тамшысы, екеуінің де көлемі мен түрі ұқсас болса да қасиеттері бөлек. Бұл кермек, ол тұщы. Кермек тамшыға тұщы тамшы қосылғанда ол да дәмін өзгертеді»* [Бұл да сонда].

Көркем шығармада антонимдер де көріктегіш құрал ретінде жұмсалып, стильдік жүк арқалайды. Әрбір шешен қаламгер антонимдерді айтар ойды ұштау, әсірелеу мақсатында ұтымды қолданылады. Көркем шығармада антоним тек қарама-қарсы мәнді тудыру қызметі емес, стилистикалық қызметі де көзге түсіп тұрады. Антонимдер де көркем шығарма тілінде

белгілі бір стильдік қызметте жұмсалады. Антонимдерді орынды пайдалана білу өмірдегі құбылыстарды дәл суреттеп, әсерлі жеткізер шеберлік қырын танытады.

**Энантисемия (ішкі қарама-қарсылық).** Көп мағыналы сөздердің ішінде қарама-қарсылыққа негізделген семантикалық байланысты көрсететін аспект ретінде қарастыратын құбылыс – энантисемия туралы сөз қозғалады. Осындай қарама-қарсы байланыстарды алғаш ашып зерттеген, атаған В.шерцль болатын.

Энантисемия – сөздің ішкі антонимиясы

- 1) антонимдердің өнімсіз түрі, сөздердің қарама-қарсы мағыналарын білдіретін қабілеті.
- 2) Антифразиспен барабар, яғни сөздің қарама-қарсы мағынада қолданылуы [4].

Қазақ тілінде таралуына орай энантисемияның диалектілік көрінісін ғалым Сарыбаев Ш. өзінің еңбегінде бір-екі мысал арқылы көрсетіп өткен. Ғалым қазақ тілінде *әжептәуір*, *көрім*, *ерсі* сөздерін талдайды. *Көрім* сөзі орысша-қазақша сөздікте екі мағынада берілген:

1. Безобразный, отвратительный...
2. Хороший, подобающий, кстати...

*Бітіріп тез жоқ қылып нәлет фашист көрімді* (Н.Байғанин). Ендігі мысалдардағы сөздер екінші қарама-қарсы мағынасында жұмсалған. *Мынауың көрім екен, жаңа ән зой* (М.Әуезов). *Кірпіш қалап үй салсаң, көрім болар еді*. Осыедай мысалдармен ойын дәлелдей отыра, Ш.Сарыбаев бұларды формасы бойынша – омоним, ал мағынасы жағынан – антоним деп атап кетеді [5].

Жоғарыда айтылған Ш.Ш. Сарыбаевтың терминіне Х.Нұрмұқанов та өзінің «Сөз және шеберлік» деген еңбегінде тоқталып өтеді.

Функционалдық ерекшеліктеріне қарай, яғни үстейтін не көрсететін мағынасына қарай энантисемияны екі түрге бөлдік:

1. заттық/не номинативтік/
2. эмоционалды-бағалауыштық, экспрессивті қарама-қарсы мағына.

Номинативтік энантисемия сөздердің мағынасының дамуы нәтижесінде пайда болды. Номинативтік лексикалық энантисемия кезінде алғы шепке әр түрлі заттар, құбылыстар, іс-қимылдарды және т.б. көрсететін мағыналар шығады. Осы тип негізінен етістіктерге тән. Олардың кейбіреуі әр түрлі объектілерге қатысты қолданылады, соның нәтижесінде қарама-қарсылыққа ие болады. Мысалы: **тарады** сөзі қазақ тілінде «құбылыс», «даңқ», «жаңалық», «лақап», «өсек», т.с.с. сөздердің семантикасымен байланысады да «ашылды, жарық көрді, пайда болды, етек алды» деген мағынаны береді, ал «мекеме», «кәсіпорын» сөздерімен тіркесе келіп тура мағынада «жойылды, жабылды» деген, «ашуы», «бұлт» т.с.с. сөздермен байланысса «жоғалды, жойылды, басылды, сейілді, айықты» деген қарама-қарсы мағынада жұмсалады. [6,19].

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы, 1997, 264-б.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005, 440-б.
3. Белбаева М.А. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы. – 1976ж.
4. Тіл білімі сөздігі. Алматы: Ғылым, 1998, 540-б.3.
5. Сарыбаев Ш. Қазақ тілі білімі мәселелері. Алматы, 2000, 623 -б.
6. Жүсіпов А. Қазіргі қазақ тіліндегі қарама қарсылықтың коннекторлары. Фил.ғыл.кан.дисс. Авторефераты. – Астана, 2004.
7. Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. –Алматы, 1987, 288-б.

## **ЭМОЦИОНАЛДЫЛЫҚ, ЭКСПРЕССИВТІЛІК ЖӘНЕ БАҒАЛАУЫШТЫҚ ТІЛ КАТЕГОРИЯЛАРЫ**

Материалдық заттар мен сыртқы құбылыстар, олардың қасиеттері мен мәнді қатынастарының адам сезім мүшелеріне ықпал етуі нәтижесінде туатын әсерлерден танымдық процесс басталады. Сезімдік танымның үш формасы: түйсік, қабылдау және елестету арқылы адам санасы қоғамда, өмірде бағалаушылық, эмоционалдық қатынастар тудырады. Адамның айналысындағы объективті дүниені, ондағы болып жатқан құбылыстарды, заттарды танып, олармен қарым-қатынасқа түскенде ғана сана – сезімде белгілі бір қалыпты көзқарас туып, қоршаған ортаға деген әртүрлі әсерін білдіретін эмоциялық, психикалық сезімдер мен баға берушілік қабілет қалыптасады. Ойлау үстінде адам айналасындағы нәрселерге талғаумен қарайды, жақсыға қуанады, жаманнан жиренеді, жериді немесе оған ашуланады. Осыдан келіп сезімнің әр қилығы шығады: қайғы, мұң, қуаныш, сүйю, ұнаты, жақтырмау, бұлар – адам баласының жан әлемінде жаратылғалы бері бар сезімдер. Адам бойындағы аталған сезімдер оның іс-әрекеті мен бет-әлпетінің мимикасынан, сондай-ақ сөйлеу мәнерінен анық байқалады. Сөйлеу үстінде адам бір эмоцияны әркелкі сөзбен бірнеше эмоцияны білдіруі мүмкін. Қазіргі қазақ тіл білімінде көп еңбектерін сіңірген қазақ ғалымдары лексикада адамның көңіл-күйіне әсер ететін бір топ сөздер барын және олар эмоционалды-экспрессивті сөздер деп аталатынын атап көрсеткен. Ондай сөздер адамның бір зат-құбылысқа өзіндік көзқарасын, көңіл-күйін, сезімін білдіруінен көрінеді. Эмоционалды-экспрессивті сөздер тікелей сезімге әсер ету қасиетімен сипатталады. Эмоционалды-экспрессивті сөз – коммуникативтік қатынас үстінде пайда болатын сезім мен эмоцияның жанды көрінісі. Эмоционалды сөздер ғылыми әдебиеттерде эмоционалды мәнді және эмоционалды реңді болып екіге бөлінеді. «Эмоционалды мән сөздер заттың логикалық мәнімен қатар өмір сүре алады. Эмоционалды рең – эмоционалды мәнің тек жақын көрінісі ғана. Мұндай рең интонация арқылы беріледі» (И.П.Гальперин) [1,7]. Сөз мағынасының аспектісінде эмоционалдылықпен тығыз байланысты категориялар ретінде ең алдымен бағалаушылық сөздерді жатқызуға болады. Эмоционалды сөздер адамның қоршаған болмысқа деген түрлі әсерін білдіретін болса, бағалаушы сөздер сол қоршаған болмысқа деген өзіндік баға беруде қолданылады. Бұдан байқайтынымыз, эмоционалдылық әрқашан бағалауды білдіреді.

Эмоциялық және психикалық күйін білдіретін эмоциялық сөздер мен бағалаушылық сөздердің бейнелілігін, әсерлілігін нақты айқындап, эмоциялық қарқындылығын белгілеуде экспрессивтіліктің мәні зор екендігі айқын. Тіл білімінде лингвист ғалымдар осы аталған үш тілдік бірлік (эмоционалдылық, экспрессивтілік, бағалаушылық) стилистикалық категория ретінде бір тілдік категория (белгілі қасиеттері, функциясы бойынша дараланатын тілдік элемент, белгі) қатарына жатқызса, кейбір лингвист зерттеуші ғалымдар бұларды өзіндік айырым белгілері бар жеке-жеке тілдік термин ретінде қарастырады. Біздің ең бірінші қарастыратын мәселеміз – эмоционалдылық пен экспрессивтіліктің әр бөлек тілдік элемент екендігін мысалдар арқылы көз жеткізу. Сонымен қатар, эмоционалды және экспрессивті мағыналардың берілу жолдарын айқындау болып табылады.

Қазіргі таңда аталған зерттеу объектілер негізгі нысан ретінде зерттеліп жатқанымен, әлі де болса жөнді шешімін таппай келе жатқан проблемалардың бірі. Айтпағымыз, тіл білімін зерттеушілердің еңбектерінде сөздердің эмоционалдылығы мен экспрессивтілігіне ғылыми анықтама бергенімен олардың ара-жігін алшақтамай, бір коннотаттық (сөздің негізгі мағынасынан тыс қосымша мағына) категорияға теліп, бұл екі атауды қос сөз ретінде қолданып



келетіндігін жоғарыда сөз еткенбіз. Дегенменде, біржақты көзқарастар да жоқ емес. Эмоционалды және экспрессивтік лексика жайлы қазақ тіл білімінде алғашқы болып сөз еткен, біраз еңбектенген ғалымдардың (А.Байтұрсынұлы, І.Кеңесбаев, Х.Нұрмұқанов, Ғ.Мұсабаев, М.Оразов, М.Б.Балақаев, Е.Жанпейісов, Ә.Т.Қайдар, Н.Т.Сауранбаев, А.Айғабылұлы, т.б.) пікірлері қазіргі таңдағы жаңа, тың зерттеу еңбектердің негізгі қайнар көзі ретінде қолданылып келеді. Аталған ғалымдардың, сонымен қатар жас лингвист зерттеушілердің еңбектерімен танысып, пікірлеріне назар аударып отырып мынадай тұжырымға келсек болады: эмоционалдылық пен экспрессивтілік мағыналардың бір-бірімен тығыз байланыста, яғни бір-біріне ұқсас тілдік категория және оларды бір-бірінен ажырата алатындай атқарар функциялары мен айырым белгілері бар.

Ғ.Қалиев «Тіл білімі терминдерінің сөздігінде» «эмоционалдылық» деген терминге мынадай анықтама береді: «Эмоционалдылық (лат. *emovere* < фран. *emotion* абыржу, қозу; орысша эмоциональный) – адамның көңіл күй, сезім, өз қатынасын білдіруі» [2,403]. «Эмоционалды сөздер» деген терминді кей зерттеушілер «эмотив сөздер» деп қолданысқа енгізген. Ал «экспрессивтілікке» анықтама берерде: «Экспрессивтілік – тіл бірліктерінің семантикалық-стистикалық белгілерінің жиынтығы. Экспрессивтілік уақиғаға, адресатқа сөйлеушінің өз көзқарасын, қатынасын білдіретін тілдік құрал болып табылады. Экспрессивтілік тілдік (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) құралдар арқылы сөйлеушінің психикалық, эмоционалдылық күйін айшықты түрде мәнерлеп білдіре алады» деп түйін жасайды [2,402]. Тілтанудың энциклопедиялық сөздігінде бұл категория төмендегідей жүйеленген: «Экспрессивтілік – ол тілді коммуникативті актіде сөйлеушінің сөз мазмұнына немесе сөз адресатына қатысты субъективті айқындылығының құралы ретіндегі қасиетімен айқындалады. Тілдің экспрессивті құралын, бірлестігін және өзара қарым-қатынасын белсендендіру нәтижесінде сөз сөйлеушінің психикалық күйін айқын көрсетуге қабілеттендіретін экспрессияға ие болады. Бұл пікірге толықтай қосыла отырып, эмоционалдылық пен экспрессивтілік элементтердің бір-бірінен алшақ тұрған тілдік категория екендігін мысалдар арқылы көз жеткізсек.

1. *«Ақыры «ғашық жігіт» табылды. Сабақ үстінде собық жеп, жүгерімен қыздарды атып отыратын, алдына жан салмайтын жалқау бала бар еді, сол боп шықты»* (Д.Исабеков. Қарғын).

2. *«Балаларына тағылған кінәні үнсіз тыңдап болған әкесі екі көзі шатынап (аудан басшысының қызын алып қашамын деп хат жазған дегенді есітіп), баласына үрейлене қарады.*

*–О, есектің миын жеген доңыз! – деді қонышысынан қамшысын суырып. – Тұрған жеріңде жоныңнан таспа тіліп, кереге бау жасайын ба! О, мизұла, енді кеп! Ол баласына тап берді. Жұрт ду күлді. Жиналыстың берекесі қашты (Бұл да сонда).*

3. *Аспанда ботана бұлт түгел жапқан, жуық арада ашыла қоятын түрі жоқ. Тротуардың екі жағынан қатарласа өскен қара ағаштар сары жапырақтарынан айырылып, сидиып-сидиып мүлгіп тұр (бұл да сонда бббет).*

4. *Алдағы күндерде де бақыт пен ерлік өнер мен өмірдің небір қиын асуларынан алып ұшар қуатты қос қанатың болсын! Басқа не дейін саған, қыраным!*

*–Осы болар менің де қағбам мен қасиетті ұраным!*

*– Жарайсың, жолбарысым! Ал енді не тұрыс бар, мына бөлмелерді аралап, өзіңді сағынған достарды қуантайық* (Досанов С. Екінші өмір).

Бастапқы сөйлемде автордың жігітті сипаттау үшін пайдаланған сөздерде (ғашық, собық жеп, жүгерімен қыздарды атып отыратын, алдына жан салмайтын жалқау) экспрессивтілік пен бағалауыштық мағына басым. Экспрессивтілік зат-құбылыстың атауын білдіріп тұрған жоқ, тек сол негізгі тірек мағынаның адам санасына көрнекі-сезімділік жолымен ұғынылуына көмек беріп тұр. “Ақыры «ғашық» жігіт табылды”, “собық жеп, жүгерімен қыздарды атқылап отыратын”, “алдына жан салмайтын”, “жалқау бала” деген сөйлем мен сөз тіркестерінің өн бойындағы экспрессивтілік ерекше мәнермен, тыныс белгілерімен айқындалып тұр. «Ғашық жігіт» деген тіркесте экспрессивтілік пен бағалауыштық мағына қатар қолданыста. Ал

«жалқау бала» деген тіркесті жеке алып қарасақ мұнда экспрессивтілік мүлде жоқ деуге болмайды, бірақ әлсіз. Бағалаушылық мәні жоғары. Автор бұл сөз тіркесінің сезімге әсер етерліктей болуы үшін, экспрессивтілігі айқын біліну үшін “собық жеп, жүгерімен қыздарды атқылап отыратын”, “алдына жан салмайтын” секілді айқындауыш тіркестерді қатар пайдаланып отыр.

Екінші сөйлемде тұнып тұрған эмоционалдылық, экспрессивтілік. Сонымен қатар бағалаушылық компоненттер де жоқ емес. Эмоционалды-экспрессивті-бағалаушылық мән сөйлемде етістіктен құралған сөз тіркестерінде де, одағай арқылы да көрініс берген. Мұнда әкенің балаға деген жеккөрініштілігі, не ұнатпаушылығы да байқалмайды, тек әрекетіне, есерсоқтық тірлігіне ашу кеп, баласы үшін ұятқа қалған әрекетсіздігін, қолайсыздық жағдайындағы эмоциясын байқатады. Әрекетіне теріс баға береді. Әкесінің ұлына көрсеткен жазалау әрекеті тіпті күлкілі көрінеді. Ал, бағалаушылық, эмоционалдылық бар жерде экспрессивтілік міндетті түрде бой көрсетеді. Мәселен, «доңыз» сөз арқылы автор әкенің ашуын, ызқорлығын, ыңғайсыз шараға тап болғандағы көңіл-күйін көрсетіп тұр. Осы сөзде коннотаттық компоненттер: эмоцияналдылықты (жағымсыз мағына) да, бағалаушылықты (жаман баға) та жақсы аңғарамыз. Филолог ғалым Ғ.Қ. Хасановтың пайымдауынша коннотаттық мағына бөлігі эмоция мен бағадан тұрады. Адам айналасындағы заттар мен құбылыстарды қабылдағанда, адам санасында сол заттардың өздерінен эмоция туу және сол заттар мен құбылыстарға деген баға қалыптасуы мүмкін [3,145]. Дәл осылайша, «доңыз» сөзінде де жағымсыз әсер үстемеленген. Осыған қосымша ретінде, коннотативтік мағынаға кеп қосарлана, қабаттаса экспрессивтілік жүктеледі. «Доңыз» сөзіне «есектің миын жеген» деген айқындауыш сөзін қоса пайдаланғаны әкенің сол кездегі сезімін, күйін, эмоциясын әрмен қарай тереңдете түседі. Есерсоқ, ақымақ екендігін күшейте, асыра жеткізеді, экспрессивтілікпен қуаттайды. Мұнда «О» одағайының да, леп белгісінің бірінен соң бірі қолданылуының да әсері зор.

Үшінші сөйлемде тек экспрессивтілік басым көрінеді. Табиғат құбылысын баяндау, сипаттауда адамның сезіміне әсер берерліктей етіп жеткізеді. Сары күздің көрінісі сезімге салқындықты, көңілсіздікті ұялатады. Бұл сезімді беру жолы бір-екі сөзбен ғана байқалмайды, ол сөйлемнің өн бойынан, контекстік мағынасынан, әрбір элементінен, тіпті тыныс белгілер мен дауыс ырғағынан сезіледі.

Соңғы сөйлемдегі «қыраным», «қағбам мен қасиетті ұраным», «жолбарыс» деген сөздер ауыс мағынада метафораланып, қарым-қатынастағы субъектіге эмоционалды баға беріп тұр. Нақтырақ айтқанда, аталған зат есімдер сөйлеу тілінде эмоциялық-бағалаушылық коннотатқа ие боп, адамның көңіл-күйін, сезімін, қатынасқа түскен адресатқа деген қатынасын, көзқарасын көрсетуде үлкен мәнге ие боп тұр.

Эмоционалды лексика бағалаушылық лексикамен тығыз байланыста. Эмоционалды сөздердің мағыналары көбіне бағалаушылық мәнмен қабаттаса жүреді. Сөз мағынасының аспектісінде бағалау, экспрессивтілік пен эмоционалдылық категорияларының тығыз байланыста болуы жиі кездесетіні рас. Бірақ бұл барлық жағдайда емес. Мәселен кейбір одағай сөздерде бағалаушылық мән мүлдем болмайды.

Б.Момынова бағалаушылық лексика жайлы зерттеуінде: «Қолданыс кезінде сөзге қосымша үстемеленетін әлеуметтік топтың, жеке адамның бір сөзбен айтқанда, субъектінің зат пен құбылысқа іс-әрекетке берген бағасы бағалаушылық лексика қатарын құрайды» [4,134]. Бағалаушылық тіл деңгейлері ішінде лексикада байқалады. Тілдегі сөздердің баға берудегі мүмкіндіктері әр қилы болып келеді. Дүниедегі кез-келген зат, құбылыс атаулы өз бағасын алады. Кез-келген баға тілдік құралда бағалаушы бар екендігін дәлелдейді. Бағалауға жататын мағынаның негізі «жақсы/жаман» белгілерге негізделеді. Бағалаудың бұл белгілеріне қарай екі түрі бар:

- 1) рационалды баға
- 2) эмоционалды баға.

Эмоционалды және рационалды баға субъектінің объектіге деген қарым – қатынасының екі жағы болып есептеледі: біріншісі – оның эмоциясы мен сезімдері, екіншісі – белгілі

фактілерге сүйенген пікір. Эмоционалды бағалау көбінесе одағайлар, аффективті (ерекше айқындылық) сөздермен беріледі және оның экспрессивтілігі басым болады. Мысалы, *Таң қалдыратын жаңалық, Керемет шебер, Керемет! Аһ! Жексұрын!* және т.б. Рационалды бағалаудың мақсаты – субъектінің көзқарасы бойынша объектінің бағалануының мөлшері. Рационалды баға бағалауыштық пайымдауларды және олардың бағалауыштық сипатын ескертетін амал-тәсілдерді, аксиологиялық предикаттарды қажет етеді. Мысалы, *Бұл істі жақсы бастама деп санаймын. Барлығының ойынша, ол жаман қылық жасады.* Рационалды бағалауға экспрессивтілік тән емес. Эмоционалды және рационалды бағалау бір-бірімен тығыз байланыста болады [5,10].

Бағалауыштық (жақсы, жаман баға, жағымды, жағымсыз), эмоционалдылық және экспрессивтілік сөздердің бойында эмоционалды-бағалауыштық, эмоционалды-экспрессивті, экспрессивті-бағалауыштық, эмоционалды-экспрессивті-бағалауыштық мәндер қабаттастықта, қатарласа қолданыста болуымен қатар, кейбір жағдайларда дербес келетін тұстары да болады.

Бағалауыштық эмоционалдылықпен, экспрессивтілікпен байланысты болғанымен кейбір ғалымдар бағалауыштықты жеке семантикалық категория деп қарастыратын зерттеушілердің бірі – Ш.Нұрғожина. Ол бағалауыштық туралы «...под оценочностью, следовательно, нужно понимать имеющееся в слове отрицательное или положительное отношение говорящего к объекту речи», – деген болатын [6] сөздердің бағалауыштық қасиеттері А – В деген құрылым арқылы *жақсы/жаман* деген екі мағынада жұмсалатындығын айтады. Бағалауыштық *ұнату/ұнатпау; қуану/ренжу* сияқты сөздер арқылы субъектінің эмоциясын білдіреді деген тұжырымға келеді.

Эмоционалды-экспрессивті сөздер – тілдік қарым-қатынаста өмір сүретін, қолданылу аясы кең, ерекше лингвистикалық категория екендігі айқындалды. Олар заттар мен құбылыстарды анықтап, бейнесін жасамайды, тек айтушының немесе жазушының сол затқа, құбылысқа, не түрлі қарым-қатынасқа түскендегі берген бағасын, түрлі психологиялық күйін, көңіл-күйін, көзқарасын анықтайды. Солай бола тұра бұл сөздер де қазақ тіліндегі лексиканың құрамын байытуға септігі зор және стильдік бояу тудырудағы ерекше қабілеті бар екендігі анық.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұсабекова А.А. Публицистикалық шығармалардағы экспрессия мен эмоцияны білдіру мақсатында қолданылған тілдік құралдар. Фил.ғыл.кан.дисс. Авторефераты. Астана, 2004.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005, 440-б.
3. Хасанов Ғ.Қ. Лексикалық мағына. – Орал, 2005, 145-б.
4. Момынова Б. Бағалауыштықтың құрылымы жайында// ҚазҰУ хабаршысы: Филология сериясы, 2001, № 11
5. Түсіпбекова Ғ.А. Қазіргі қазақ тіліндегі бағалау мағынасы және оның құрылымдық жүйесі. Фил.ғыл.кан.дисс. Авторефераты. -Астана, 2007.
6. Нұрғожина Ш.И. Эмоциональность и экспрессивность высказывания устной речи // Вестник КазГУ. Серия филологическая. №48. 2001.
7. Балақасев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Үшінші басылым. – Алматы: Дәуір, 2005, 256- б.
8. Хасанова С., Жексенбаева Ғ. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1999.
9. Қоянбекова С.Б. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері Фил.ғыл.док.дисс. Авторефераты. – Алматы, 2008.
10. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Астана, 2006, 273-б.

## ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кәсіби мәдениет педагогтік қызметтегі жетістіктерінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болады. Қазіргі заманғы білім беру стратегиясы болашақ мұғалімге, кәсіптік қызмет саласына, яғни кәсіби мәдениеттің мазмұнын зерттеуге, ал мамандықтың мәдениеті болашақ педагогті дайындаудағы объективтік және маңызды білімге ие кәсіби қызмет нысанына бағытталған. Кәсіптік мәдениеттің маңыздылығы – педагогтің кәсіби қызметте сапалы нәтижелерге қол жеткізуі, олардың іс-әрекеттік стратегиясын көруі және практикада сәтті жүзеге асыруы.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі әлемдік халықаралық стандарттарына сәйкес келетін кәсіби білім беру сапасының жоғары деңгейіне жетуге жаңа әлеуметтік талаптар қойылуда. Оның мақсаты – білім алушыларды тәрбиелеуде гуманистік міндеттер мен функциялардың белгілі бір жиынтығын орындау, оның жеке басын қалыптастыру және дамыту, жалпы мәдениетті, руханилықты, моральдық – этикалық принциптері мен сенімдерді дарыту.

Педагог маманның кәсіби іс-әрекетіндегі қажетті қасиеттері: жалпы мәдениеті; тұлға қызметінің гуманистік бағдары; білім беруші мекемелердің проблемаларын шығармашылық түрде шешуі; педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді жүйелі түрде білуі; қабілетті болуы; қазіргі заманғы педагогикалық және басқарушылық жаңа технологияларды меңгеруі және т.б. Ал, жалпы мәдениет – педагогтің білім беру процесіндегі айрықша жетістіктерінің құрамдас бір бөлігі деп есептейміз.

**Кәсіби мәдениет-** маманның арнайы кәсіби міндеттерді шешуде меңгерген әдіс – тәсілдерінің жиынтығы ретінде қарастырады.

Кәсіби педагогикалық мәдениет жалпы мәдениеттің көрінісі ретінде педагогикалық қызмет саласында жалпы мәдениетті жобалау функциясын атқарады.

Педагог педагогикалық мәдениеттің 3 аспектісінде өзара байланысқа түседі:

1. Кәсіпті меңгеру процесінде педагогикалық мәдениетті үйрену;
2. Практикалық қызметте кәсіби-педагогикалық салаға мән беру;
3. Педагог-педагогикалық қызметті жеткізуші және ұстанушы.

И.Ф. Исаев бойынша педагогикалық мәдениеттің құрылымы 3 компоненттер тұрады:

- Аксиологиялық
- Технологиялық
- Жеке шығармашылық

Кесте 1

### Педагогикалық-кәсіби мәдениеттің құрылымы

Аксиологиялық	Технологиялық	Жеке шығармашылық
Жалпы адамзаттық құндылықтар; жиынтығы Деңгейлері: -әлеуметтік- кәсіби құндылықтар (идея, ереже, норма, үлгі); - топтық кәсіби құндылықтар (жекелеген институттар мен мекемелердің тұжырымдамалары); -жеке тұлғалық құндылықтар (мақсаттар, мотивтер, идеалдар, дүниетанымдар).	Кәсіби қызметтегі технологиялар Әдіс –тәсілдер жиынтығы; Кәсіби міндеттерді шешу, талдау, мақсат қою, жоспарлау, ұйымдастыру, бағалау	Мамандық жеке тұлғалық сапасына негізделген (танымдық, ерік жігер, белсенділік, бастамашылдық, жауапкершілік, біліктер, кәсіби сана сезім «Мен» бейнесі)

«Педагогикалық мәдениет» ұғымы ұзақ уақыттар бойы педагогикалық әдебиеттерде сана сезім категориясында сипатталып келді. Педагогикалық мәдениет ұғымының астарында үлгілер, өзін-өзі ұстау, мінез-құлық ережелері, педагогикалық тактының, педагогикалық шеберлік пен техника, педагогикалық сауаттылық пен білімдердің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Кәсіби мәдениеттің компоненттері:

- Рухани мәдениеті
- Психологиялық мәдениет
- Ақпараттық мәдениеті
- Сөйлеу мәдениеті

**Педагогикалық мәдениет**-кәсіби қызметтің ерекшеліктері мен кәсіби сапа жүйесінде көрінетін оқытушының жалпы мәдениетінің бөлігі ретінде қарастырылды. Бұл педагогтың кәсіби интегративті тұлғалық сапасы, педагогикалық қызметтің тиімді алғышарттары мен жағдайлары, педагогтың кәсіби күзiреттiлiгiнiң жинақталған көрсеткіші және кәсіби өзін-өзі жетілдірудің мақсаты.

Сондықтан да, кәсіби педагогикалық мәдениеттің мазмұны жетекші құрылымдар мен қызметтер, жеке –кәсіби сапалар жүйесі ретінде қарастырылады.

Кәсіби-педагогикалық мәдениет мәнін түсіну үшін кәсіби және жеке мәдениеттің байланысын, оның ерекшеліктерін ашатын келесі әдіснамалық алғышарттарды білу қажет:

– кәсіби – педагогикалық мәдениет- бұл педагогикалық шындықтың жан-жақты сипаттамасы;

– кәсіби-педагогикалық қызмет- құрылымдық-функционалдық, компоненттер қатарын қосатын жүйелі білім беру;

– кәсіби-педагогикалық мәдениеттің талдау бірлігі болып өз табиғатында қызметтің шығармашылығы болып табылады;

– педагогтың кәсіби-педагогикалық мәдениетін жүзеге асыру және қалыптастыру ерекшелігі әлеуметтік-педагогикалық тәжірибеде жинақталатын жеке-шығармашылық, психофизиологиялық және жас ерекшелік сипаттамасымен негізделеді.

Педагогтың жалпы және кәсіби мәдениеті – педагогтың іс-әрекеті мен қарым-қатынасы психологиясына, оның қабілетіне, біліміне, біліктілігіне және дағдыларына қойылатын, балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін пайдалы басты және екінші дәрежелі талаптардың жиынтығы.

*Педагогке қойылатын негізгі талаптар:*

- 1) балаларға және педагогикалық қызметіне деген махаббаты;
- 2) балаларды оқытатын салада арнаулы білімінің болуы;
- 3) кең эрудициясы;
- 4) педагогикалық интуициясы;
- 5) жоғары дамыған интеллектісі;
- 6) жалпы мәдениет пен адамгершіліктің жоғары деңгейі;
- 7) балаларды тәрбиелеу мен оқытудың әртүрлі әдістерін кәсіби меңгеруі;

Маманның кәсіби мәдениетін қалыптастыруды – білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылығы ретінде қарастыруға болады. Сонымен бірге, білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттық дүниетанымы мен сана- сезімін жетілдірудің ерекше жолы.

Мамандардың кәсіби мәдениеті қасиеттерінің жүйесін зерттеген белгілі педагог В.И.Андреев болатын. Ол өз зерттеуінде маманның нақты жеке сапалық қасиеттерін 9 бағытта анықтайды. Оларды атап айтатын болсақ:

- тұлғаның шығармашылық белсенділігі мен қызметінің бағыттылығы;
- интеллектуалдық-логикалық бағыты;
- интеллектуалдық-эвристикалық қабілеті;
- әлемдік-ізденушілік қасиеті;

- моральдық қасиеті;
- эстетикалық қасиеті;
- коммуникативтілік-шығармашылық қабілеті;
- өзін-өзі басқару қабілеті;
- жеке дара ерекшелігі (оқу-шығармашылық іс-әрекеті)

Сондай-ақ, болашақ маманның кәсіби мәдениетін қалыптастыруы мен дамуы бағытын біраз уақыт зерттеген И.В. Руденко болатын. Ол өз еңбегінде:

- мақсатты перспективалық бағытты әзірлеу және оған қол жеткізуге ұмтылысты қалыптастыру;

- таңдаған мамандығына деген кәсіби мақтаныш мен сүйіспеншілігін, еңбек тәрбиесін, оқытуын, кәсіби бағдарын қалыптастыру;

- жоғары деңгейдегі танымдық белсендігі, интеллектуалды қабілеті, жалпы дамуының өсуі;
- өзіндік білімін жетілдіру, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру, білімді үнемі үздіксіз жаңартып, оны байытып отыру қажеттігін дамыту;

- нақты кәсіби міндеттерді шешуде білімді кешенді қолдану дағдыларын дамыту;
- рационализаторлық шеберлік пен шығармашылық дағдыларын қалыптастыру;
- біліктілікті үздіксіз арттыруға, кәсіби және мансаптық өсуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу;
- ұжымның ұйымдастырушылық, жетекшілік және тәрбиешілік дағдыларын қалыптастыру;
- бастаманы, жауапкершілікті, новаторлық шешімдерді қабылдау және оларды өмірде белсенді түрде іске асыру қабілеттерін дамыту;

- оқу және кәсіби еңбекте өзара көмек көрсету дағдыларын, басқаларға өз тәжірибесі мен білімін бере білу дағдысына тәрбиелеу.

Қорыта келгенде педагогтың кәсіби мәдениеті оның ізденушілік, кәсіптік бағдарлану, қылыми іс-әрекет барысында дамытуға және өзін-өзі дамыту арқылы жүзеге асыру, белгілі шарттар негізінде қалыптастыруға болатындығын байқаймыз.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Исаев И.Ф. Слостенин В.А., Педагогика. -М.:Академия, 2002.-576 с.
2. Андреев, В. И. Диалектика воспитания и самовоспитания: основы педагогики творчества/В.И. Андреев. – Ка- зань: Изд-во Казанского ун-та, 1988. – 238 с.)
3. Руденко И.В. технология и методы реализации внеучебного воспитательного потенциала современного вуза // техническое творчество молодежи. 2015. № 4 (92). С. 12–14.

**Карпова Е.В.**

*заведующий кафедрой педагогики  
и психологии начального обучения ЯГПУ имени К.Д. Ушинского,  
доктор психологических наук, профессор  
/ г. Ярославль/*

**Афанасьева А.С.**

*доцент кафедры психолого-педагогического  
образования, кандидат психологических наук, доцент  
АНО ВПО РосНОУ, г.Москва*

## **УЧЕБНАЯ МОТИВАЦИЯ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ДИВЕРСИФИКАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА**

Современный этап развития общества в целом и трансформации его образовательных институтов, в частности, характеризуется значительной и достаточно интенсивной динамикой. В особой степени эти изменения затрагивают систему высшего профессионального

образования, проявляясь в существенных изменениях как его целей, так и содержания, а также требованиях к итоговым характеристиками будущих специалистов [1]. В свою очередь, вся совокупность этих изменений неразрывно связана компактной цифровизацией практически всех сфер общественной жизни и профессиональной деятельности, а также подготовки к ней. В связи с этим, возникает настоятельная потребность не только в практической оптимизации образовательного процесса в контексте его цифровизации, но и осуществлении теоретических разработок, направленных на выявление и объяснение базовых закономерностей и феноменов, порожденных этим процессом.

В свете сказанного, совершенно по-новому предстает целый ряд фундаментальных проблем психологии, а, в особенности, педагогической, одной из которых выступает проблема мотивации учебной деятельности. Она является ключевой в организации образовательного процесса; во многом, если не в решающей степени, определяет его эффективность, а, в конечном счете, и уровень квалификации самих обучающихся [2, 3].

В особой степени значимость данной проблемы проявляется при ее разработке в контексте качественно трансформирующихся условий современных реалий – реалий цифрового общества, а также и тех новых требований, которые они предъявляют к процессу формирования и образования личности. Вместе с тем, далеко не всегда теоретическое осмысление обусловленных этим процессом возникновения новых форм и методов обучения, равно как и внедрение получаемых при этом результатов, находятся на должном уровне. Последнее с очевидностью относится и к тем аспектам организации учебного процесса, которые связаны с его цифровизацией и распространением его дистанционных форм. Однако, наряду с очевидными преимуществами, данная форма обуславливает возникновение новых проблем и трудностей как теоретического, так и практического плана. В частности, со всей остротой встает вопрос о том, каким образом и по каким конкретным направлениям она может воздействовать на мотивационную сферу обучающихся? Какие трансформации она провоцирует в плане степени активности и самостоятельности обучающихся, и как она влияет на организацию их учебной деятельности и на ее психическую регуляцию? Это тем более важно, что вся практика образования, построенного на основе традиционного вузовского обучения, свидетельствует о его недостаточной эффективности в плане сформированности у студентов готовности к последующему самообразованию, творческому саморазвитию, профессиональному и личностному самосовершенствованию. Все эти обстоятельства и возникающие в связи с ними проблемы и вопросы составил предмет выполненного нами цикла исследований, основные результаты которого можно резюмировать следующим образом [2, 4, 5].

Методологическую и теоретическую основу исследования составляет деятельностный подход к трактовке и изучению мотивации, системный подход к анализу психических явлений, принцип развития, положения о мотивационно-смысловых образованиях, концепции мотивации учения, основные принципы экспериментальной психологии. В исследовании использовались следующие методы: теоретические – анализ научных трудов отечественных и зарубежных авторов по проблеме исследования, эмпирические – тестирование, лонгитюдный метод. Программа работ включала в себя три этапа. Первый этап исследования состоял в определении различий учебной мотивации и мотивации достижения, а также саморегуляции студентов в условиях традиционного и дистанционного обучения. Второй этап – это исследование влияния изменения формы организации дистанционного обучения на структурную организацию учебной мотивации студентов. Третий этап состоял в определении структуры учебной мотивации контрольной и экспериментальной групп студентов дистанционного обучения после проведения второго этапа.

Дистанционное обучение – это динамично развивающаяся форма образования, которая имеет не только свои достоинства, но и недостатки. Цифровые средства обучения не только активизируют при правильном использовании коммуникативные, ориентированные, информационные технологии, но и подключают к образовательному процессу элементы творческой

деятельности. Такие технологии позволяют не только изменить и активизировать образовательный процесс, но и способны эффективно проводить вебинары, семинары и даже практические занятия. При этом надо понимать, что для этого необходимы «помощники» цифровых технологий, такие как: презентации, электронные библиотеки и т.д. Через цифровые технологии проходит огромный поток информации, который намного больше, чем в традиционной форме обучения. Поэтому студентам необходимо уметь концентрироваться, уметь искать нужную и отсеивать ненужную информацию. Основное средство и проводник общения – ресурсы Интернета, в котором сосредоточены интегрированные знания различных областей. С одной стороны, студент может вникнуть в суть изучаемой проблемы, с другой стороны, он может потеряться в огромном информационном потоке. В данном случае преподавателю, привыкшему к очному общению, может быть трудно без такого общения со студентами в процессе преподавания, тем более, гуманитарные дисциплины предусматривают процесс полемики, обсуждения и высказывания мнений. Конечно, это удобнее делать не через экран, а при личном контакте. Для эффективного обучения по дистанционной форме от преподавателя требуется ответственность и более высокая квалификация – как предметная, так и педагогическая. Для студента требуется большая ответственность и активность.

Анализ мотивационной обусловленности различных форм обучения позволил выявить ряд новых закономерностей.

Во-первых, мотивация учения у студентов в системе дистанционного обучения существенно отличается от мотивации учения студентов очной и заочной форм обучения. В структуре мотивации студентов дистанционной формы обучения ведущие места занимают мотивы, ориентированные на перспективу: мотив получения диплома и мотив овладения профессией. Данные мотивы преобладают над мотивом приобретения знаний. У студентов-дистанционников уровень познавательных и учебно-познавательных мотивов ниже, чем у очников.

Во-вторых, в системе дистанционного обучения ослабевает роль мотивации достижения, формируется стремление действовать так, чтобы избежать неудачи. Дистанционная технология обучения не всегда дает студенту достаточной свободы в принятии решений по срокам сдачи заданий и ориентирована только на конечный результат.

В-третьих, студенты-дистанционники способны перестраиваться в системе саморегуляции при изменении внешних и внутренних условий, о чем свидетельствуют показатели по шкале «гибкость», которые статистически значимо выше показателей по той же шкале у студентов-очников. Общий уровень сформированности индивидуальной системы осознанной саморегуляции, произвольной активности развит лучше.

В-четвертых, у студентов-дистанционников не выражена мотивация, основанная на стремлении соперничать и конкурировать с другими. Эта мотивация формируется и проявляется в социальном взаимодействии. Менее сформированы такие личностные качества как ответственность и обязательность, которые являются важными составляющими мотивации достижения. Скорее всего, эта часть мотивационной структуры личности студента напрямую зависит от формы обучения. Технология дистанционного обучения не способствует развитию этих качеств.

В-пятых, формы организации учебного процесса оказывают значимое детерминационное влияние на мотивацию учебной деятельности студентов. Это проявляется в приоритете внутренней мотивации

Наряду с этим, получены и проинтерпретированы новые закономерности, раскрывающие различия в степени саморегуляции и самостоятельности осуществления учебной деятельности у студентов традиционной и дистанционной форм обучения, с одной стороны, и студентов заочной формы, с другой. Наконец, результаты, свидетельствующие о том, что даже на уровне структурной организации учебной деятельности также существуют принципиальные различия в степени ее организованности между указанными формами обучения.



Полученные результаты вносят определенный вклад в разработку теоретических проблем психологии мотивации студентов. Наиболее принципиальным в этом плане является всестороннее обоснование положения о том, что форма организации учебного процесса в вузе является комплексной детерминантой, оказывающей значимое и многоплановое влияние на основные параметры организации мотивации учебной деятельности. Вскрыта принципиальная общность (инвариантность) характера детерминационного влияния, которое осуществляется одновременно как на аналитическом, так и на структурном уровне, что также углубляет существующие теоретические представления об учебной мотивации, саморегуляции и мотивации достижения студентов разных форм обучения. Обнаружено различие во влиянии форм организации обучения на мотивацию учебной деятельности в зависимости от ее принадлежности – либо очная, заочная форма, либо дистанционная форма. Уточнены и дополнены представления о содержании понятия структурной организации учебной мотивации студентов в условиях дистанционного обучения. Полученные эмпирические данные расширяют, обогащают и уточняют существующие теоретические положения об учебной мотивации, ее специфике, содержании и структурной организации у студентов дистанционной формы обучения. Выявленная специфика взаимосвязей содействуют более полному теоретическому осмыслению реальной сложности и многоуровневости содержания и организации учебной мотивации в целом.

Эмпирические материалы предоставляют возможность педагогам и психологам-практикам, работающих в высшем учебном заведении, достаточно оперативно решать целый блок конкретных задач, связанных с мотивацией учебной деятельности студентов дистанционной формы обучения.

Таким образом, подытоживая всю совокупность полученных результатов, их можно резюмировать в следующих основных выводах.

На развитие проблемы мотивации учебной деятельности в разной степени оказали большое влияние представления общепсихологического плана, сложившиеся в основных психологических школах. Они явились источником данных для попыток детерминистского объяснения поведения человека в учебной деятельности, а также содержали в себе конкретные предпосылки для изучения мотивации учебной деятельности.

В отечественной и зарубежной психологии в настоящее время существует большое количество эмпирических и экспериментальных исследований, посвященных различным аспектам изучения мотивации учебной деятельности. Однако их результаты далеко не всегда согласуются друг с другом, а, нередко, носят противоречивый характер и интерпретируются с разной степенью глубины. Существует достаточно выраженная и вполне закономерная специфика обучения по традиционной и дистанционной формам обучения в аспекте ее мотивационного и регуляционного обеспечения.

Мотивация достижения, саморегуляция и учебная мотивация зависят от комплекса различных факторов – индивидуальных особенностей студента, характера ближайшей референтной группы, уровня развития студенческого коллектива. В то же время, мотивация поведения студента является отражением ценностных ориентаций, установок, взглядов социального слоя, представителем которого он является. Поэтому побудительной причиной разнообразной деятельности студентов в вузе является сложная система мотивов.

Специфика мотивационного обеспечения учебной деятельности студентов традиционной формы обучения и студентов-дистанционников имеет место не только в плане выраженности отдельных компонентов мотивационной сферы (мотивов), но и в плане их общей структурной организации, согласно которой степень интегрированности мотивов учебной деятельности в целом, а также мотивации достижения является наибольшей у студентов очной формы обучения и наименьшей – у студентов-дистанционников.

Степень организованности мотивационного обеспечения учебной деятельности студентов-дистанционников является относительно меньшей по сравнению со всеми иными формами организации обучения.

Существует закономерность, согласно которой не только формы обучения влияют на содержание и специфику мотивации учебной деятельности, но и общая направленность мотивации личности значимо влияет на выбор форм обучения.

Мера выраженности субъект-субъектного характера общей организации обучения, а также ситуации взаимодействия студентов с преподавателем и студентов между собой значимо и положительно влияет на основные параметры мотивации учебной деятельности – как на степень развития основных мотивов учения, так и на структурную организацию мотивационной сферы личности студентов.

Наряду с этим, существует закономерность, согласно которой при субъект-объектной организации учебной деятельности степень субъектности самого обучающегося не только не снижается, а наоборот, существенно возрастает за счет собственного потенциала субъектности. В субъект-субъектных ситуациях необходимость в этом представлена не в столь выраженном виде. Кроме того, дистанционная форма обучения является достаточно сильным активатором саморегуляции студентов.

Степень развития саморегуляции студентов в процессе реализации ими учебной деятельности отрицательно и значимо связана с мерой выраженности субъект-субъектного характера общей организации обучения, а также типа доминирующей ситуации взаимодействия студентов с преподавателем.

На основе реализации лонгитюдного исследования обосновано положение, согласно которому каждый курс обучения студентов характеризуется наличием специфических особенностей мотивации учебной деятельности, обусловленных, в свою очередь, особенностями организации их учебной деятельности на каждом из этих курсов.

Уровень структурной организации мотивации учебной деятельности может быть повышен посредством специальной организации обучения, направленного на активизацию субъект-субъектных отношений между студентами, студентами и преподавателями, что позволяет в значимой степени изменять мотивацию учебной деятельности студентов в условиях дистанционной формы обучения. Это может служить подтверждением корректности полученных теоретических результатов, итоговый смысл которых заключается в том, чтобы служить основой для решения практических задач.

#### **СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ**

1. Андреев А.А. Дистанционное обучение и дистанционные образовательные технологии // Открытое образование. – 2013. – № 5. – С. 40–46.
2. Афанасьева А.С. Сравнительный анализ взаимосвязи учебной мотивации с мотивацией достижения у студентов традиционной, заочной и дистанционной заочной форм обучения // Образование и общество. – 2013. – № 5 (82). – С. 66–72
3. Варганова И.И. К проблеме мотивации учебной деятельности // Вестник МГУ. Серия 14. Психология. – 2000. – № 4. – С. 33–41.
4. Карпова Е.В. Структура и генезис мотивационной сферы личности в учебной деятельности: монография. – Ярославль: изд-во ЯГПУ. – 2007. – 570 с.
5. Карпова Е.В., Афанасьева А.С. Мотивация студентов в дистанционном обучении : монография. – Ярославль: изд-во ЯГПУ, 2021. – 360 с.

**Асылханова М.А.**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
профессоры, п.ғ.к.,  
ҚР ҰҒА профессоры, МАНПО корр. мүшесі,  
Алматы, Қазақстан*

## **АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

Қазақстандағы жалпы әлеуметтік саяси-экономикалық және мәдениеттік деңгейлеріміздің жаңа сатыға көтеріліп, жаңаша реңге ие болуы жеке адамды оқыту, білім беру жүйесін жаңаша тұрғыда қарауды талап етеді. Әрі ғылым мен практиканың байланысу қарсаңында ғылыми техникалық революцияның қазіргі кезеңдегі негізгі тенденциясын көрсетеді. Сол себепті еліміздің болашағын дамытатын, жетілдіретін жас буын болғандықтан мектеп оқушыларының, орта және жоғары мектеп студенттерінің даму қалыптасу ерекшеліктеріне назар аударуымыз қажет.

Баланың қандай да болмасын ортаға бейімделуі оның жалпы тәжірибелік, дүние танымдық ерекшеліктеріне байланысты болмақ. Әрбір баланың дамуы танымдық іс-әрекетінің нәтижелілігімен анықталады. Оқу-тәрбие процесіндегі, яғни білім беру мен тәрбиелеудегі танымдық іс-әрекет туралы сөз етуде оқушының білімді меңгеру процесіндегі танымдық жүйелерінің пайда болу, даму, қалыптасу ерекшеліктерін ескере бермейміз. Танымдық мәселелерді дербес шеше білу, проблемалық ситуациядан өздігінен жол табу жайын сөз еткенде, бұл мәселені Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдов оқыту процесінде оқушылардың ойы қалыптаса ма деген сұрақ қоя отырып қарастырады[1,2].

Тиісті дәрежеде дербес ойлай алмаушылық оқыту процесінде білім берудің жеміссіз тәсілдерін, мәселен, бастауыш сынып оқушыларына көп жағдайда жалпылаудың формальды логикалық тәсілдерін қолдануда деген. Бастауыш мектептің ұзақ жылдар бойы жүргізген жолы – нақтылы жекеден формальды жалпыға, ұқсастыққа, біртектестілікке көшу жолымен жалпылауды қалыптастыру болды. Сол себепті бейімділікке қалыптастыра отырып, алдымен төменгі сынып оқушыларының таным процестерін дамытуда ең бірінші түйсінулерді қалыптастырудан басталады. Түйсіктер өткен тәжірибе түйсік пен қабылдау, негізінде есте немесе қиялда қайта жаңғырту жолымен пайда болған заттың немесе құбылыстың көрнекі бейнесі, қабылданудан – абстрактілі логикалық ойлауға өтетін сатысы. Түйсіктер абстрактілі ұғымдардан өзінің көрнекілігімен ажыратылады, түсініктерде заңды байланыстар мен қатынастарды тікелей қабылдауда ажыратылмаған.

Аристотель тұңғыш рет психикалық бейнелеудің ерекше түрі түйсіктер жайлы айтты. Түйсіктер бұрын белгілі болған түйсінулер мен ойлаудың арасындағы байланыстырушы звено болып табылады.

Баланың психикалық дамуын зерттеуде әр түрлі тәжірибелерді американдық психологиясында көп қолданып, зерттеген Дж.Брунердің жұмыстары, Брунердің ойынша, танымдық іс-әрекеттің дамуы, заттық әрекет, қабылдау бейнелері және түсініктер арқылы жүзеге асады деді.

Дж.Брунер өзінің “Танымдық психология” деген еңбегінде, балалық шақтағы түсініктердің дамуын зерттеді. Реакцияны талдау арқылы объектінің пайда болу процесін, осы процеске қатысатын ішкі түсініктерге көп көңіл бөлді. Түйсінулер мен ішкі бейнелердің өзара әрекет мәселесінде мына жағдайлардың сәйкестіктерін, үйлестіктерін, бейнеде күтілген құбылыстық көрнекі белгілерін ескереді. Бұдан бірнеше он жыл бұрынғы кезеңдерде ашылған тіршілік процестерін реттеудегі кері байланыстардың ролі шынындада қызығырақ жағдай еді. Осы сұрақтар арқылы түйсінудің бейнеленуі функциясын ассимиляциялауы жайлы мәселе де өз шешімін тапты. Еске түсіру бейнелері, формасы бойынша тілдік түсініктер -ұғым, білім деп

аталады. Оны индивид ұрпақтан ұрпаққа келе жатқан тәртіппен меңгеруде. Н.Н.Лангенің осы пікірлері мына тұжырымды жасауға әкеледі, адамның қабылдауындағы белсенділік бұрынғы ұрпақтарда тарихи дамыған категориялар мен формалар болып табылады. Бейнелердің заттық мәнінің ар жағында оны тудыратын әрекеттер, олардың орындау тәсілі ойдағыдай болатын әрекеттер мен символдық әрекеттер жатыр.

Л.С.Выготский дұрыс және дұрыс дамымаған баланы зерттей отырып былай деп жазды: «Формальды логика және психология тарихы ұғымдардың құрылуын былай түсіндіреді: алдымен бала нақты қабылдаулар мен түсініктерді жинақтайды, араластыру арқылы жеке түсініктерді бір-біріне қосып, әр түрлі заттардың жалпы қырларын біртіндеп түсіне бастайды, сөйтіп жалпы ұғымдар сияқты болады»-деді. Бастауыш мектеп оқушысында комплексті ойлау, ал жеткіншектерде меншікті ұғым дамиды. Ұғымдардың даму кезеңдері, ақыл-ой даму кезеңдерімен мәні жағынан сәйкес, бірақ ол ақыл-ой дамуын әртүрлі өнім жағынан операциялы тұрғысынан суреттеді.

Оқыту мазмұнының және соған сәйкес оқу типтерінің өзгеруі, балалардың таным процестерінің бірқалыпты дамып, қалыптастырылуында «жас ерекшелігі схемасы»-әсер етеді деп санады. Біздің қоғамда балада ұғымдарды қалыптастырудың басты жолы – ол мектептегі оқу процесі. Мұндай оқытудан жаңа ұғымдардың мазмұны, оның мәнді белгілері әуел бастан-ақ тура беріледі. Түсініктердің табиғаты өте күрделі, объективті дүниенің субъективті бейнесі ретінде адам басындағы түсініктерді тікелей зерттеу мүмкін емес.

Адамның түсініктері сөзбен тығыз байланысты, күнделікті өмірде түсініктер ылғи да ойлау процесімен байланысты, ал ол сөзсіз туындауы мүмкін емес. Көптеген жылдар бойы оқу процесі көрсеткендей, бір зат жайлы нақты түсінікті қалыптастыру үшін, ол заттың құрылысын, жұмыс істеу негізін түсінбеу мүмкін емес екендігі белгілі жағдай. Бала өзінің түсінігін толықтыру үшін оны үнемі өзгертіп, нақтылап отыруы қажет. Түсініктердің негізгі қайнар көзі – объективті болмыс. Оқыту мен тәрбие процесінде осы объективті болмысты оқыту мен қабылдауды бағыттай отырып, оқытушы баланың түсініктерін қалыптастырып дамытады. Оқу процесінің нәтижелері көрсеткендей, түсініктер мен ұғымдар өзара тығыз байланысты болғанда ғана олар нақты қалыптастырылады. Нақты айқын түсініктер, нақты ұғымдарды қалыптастыруға көмектеседі, ал дұрыс және толық ұғымдар жеке күрделі түсініктерді түсінуге негіз болады. Қабылдау процесін қажетті жаққа бағыттай отырып, оның тереңдеуіне себепкер болып, балаға күрделі түсініктерді қалыптастыру жағдайын жасау тиімді. Ғалымдардың айтуынша оқу процесінің нәтижелері көрсеткендей, көрсетілген дидактикалық жүйе ретіндегі оқыту процесі, Чеслов Куписевичтің пікірінше, оқыту мен сабақ беруден тұратын интеграциялық тұтастық ретінде қарастырылады. Оқыту процесі мен таным әрекеттерінің қалыптасып дамудағы бейімділікке қалыптастырудағы бұл процесті іске асыруда ортақ мақсат қана емес, пайдаланылған әдістер, ұйымдастырылған формалар мен шаралар, жоғарыдағы ғалымдардың дәлелдеуінше, қарастырылып жүргізген бұл көзқарастардың айырмашылығы оқыту – үйрету процесінің басты рөл атқаратындығында. Осы жағдай оқытудың теориясын қамтитын процестің түпкі классификациялық моделін, үлгісін құруға негіз болды.

Неміс ғалымы педагог, философ Ф.А. Сохин, өзінен бұрынғы және өзімен тұстас ғалымдардың жұмыстарына талдау жасай отырып, соның негізінде оқуды меңгерте отырып таным әрекеттерінің қалыптасып дамуында үлкен жетістіктерге жетті[2,3]. Сабақ үстінде оқушылардың материалды меңгеру процесі басты нәрсе болғандықтан оқу процесін талдаудың негізгі мақсаты мұғалімнің іс-әрекетінен көрінетіндігі.

Қазақстандық авторлар мен шет елдік авторлардың дидактикалық оқыту процесіндегі концепциялар классификациясы көбіне ұқсас. Оқыту теориясы мен меңгеру белгісі бойынша, берілген заңдылықтан оқытушының бастаушылық рөлінен оқытуда алатын, оқушылардың саналылығы өз бетімен жұмыс істей алатындығы, әрі белсенділік қасиеттері байқалады.

Ғалымдардың пікірінше, оқу процесіндегі арнайы жүйелілік – психологиялық зерттеуді қажет ететін, оқыту процесі дидактикалық жүйе ретінде танымдық үрдістің психологиялық жүйесіне енгізіледі деді. Психологиялық жүйе ретінде оқыту процесінің тиімділігін

айқындайтын фактор оқушылардың танымдық процестерінің қалыптасуы мен дамуына, оқу процесін өз бетінше меңгеруге бейімділігі байқалады. Жүйелі тәсілдің мазмұны мен болмысын біржақты анықтау қиын. Соған орай, жан-жақтылық мақсатпен, оқыту процесін меңгеруде жүйелілік тәсілдің принциптерін пайдалану, әрі оқыту процесінің жүйелі психологиялық талдауын жүргізу тиімді болары сөзсіз.

В.А. Крутецкий, оқытудың түрлері мен методтары жөнінде өзінің «Ұлы дидактика» – деген еңбегінде, жазды: «Ол осы еңбекті оқытудың «сыныптық оқыту» деп аталатын түрі деп көрсетті». Оның бұл еңбегінің маңыздылығы сонша, қазіргі уақыттың өзінде оқыту жүйесінде осы оқыту түрі – «сыныптық оқыту» әлі қолданылып келеді. Бірақ соңғы уақыттарда оқытудың бұл түрінің тиімділігі төмендеп барады. Дидактикалық сан жылғы еңбектері оқыту процесінің тиімділігін арттыруға немесе сол мақсатпен оқытудың жаңа түрін ойлап таппады.

Сонымен, балалардың дамуының оқыту процесіндегі ең басты және анықтаушы жағы белгілі бір іс-әрекет, әрекет – әдістерін күрделендіруден тұратындығында. Қазіргі кезде көптеген зерттеулер мен оқу процесінде, ең алдымен кеңес психологтары, оқытудың мазмұнын, балаларға берілетін білімді және іс-әрекет әдістерін өзгерте отырып, баланың дамуын елеулі өзгертуге болатынын дәлелдеді.

Көптеген зерттеулерде, оқу процестерінде психолог-ғалымдардың зерттеу жұмыстарында да нәтижелі зерттеп келеді, әрі оқыту мазмұнына психикалық талдау жасай отырып, сенсорлық дамудағы форма, түс эталондарын, математиканы оқытудағы түрлі үлгілер мен схемалар өлшемдері енгізілді. Балалардың таным әрекеттерінің қалыптасуын зерттей келіп, олардың кезең-кезеңдік қалыптасуының концепциясын талдап шешті. Авторлардың, практикалық, материалдық әрекетінің ішкі жоспарға көшуі, сыртқы әрекеттік заттармен «оралуы» – деп түсіндірілуде.

П.Я.Гальперин, баланың ойлауын әрі оның дамуын, соның ішінде практикалық ойлаудың сөздік ойлауға көшуін зерттеген Л.С.Выготский, бұл көшудің негізгі жолдары мен шарттарын анықтап белгілеп берді, әрі бұл зерттеуді әрі қарай жалғастырған ғалымдарда, ілгері қарай жалғастырып, практикалық әрекет ету, тіпті логикалық тұрғыдан ең жоғарғы деңгейдегі дәрежесін көрсетті. Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының оқу процестерін, қалыптастыра отырып, танымдық іс-әрекеттерінде қалыптастырып дамытуға болатындығы дәлелденді. Танымдық ұғымның, танымдық іс-әрекеттен айырмашылығы оқушының оқу-тәрбие процесіндегі әрекетінің танымдық іс-әрекетпен тығыз байланыстылығында. Оқу-тәрбие процесімен қатар, танымдық әрекеттері де жүйелі деңгейде дамып жетіліп отыратындығында. [3,4].

Психолог-ғалымдардың зерттеулерінде дәлелденгендей танымдық іс-әрекеттің оқу процесінде қалыптасуын, оқушының әрекетінен байқауға болады. Оған дәлел ретінде, соңғы кездегі мектептегі жаңа бағдарламаға байланысты, соның ішінде оқыту методикасындағы тікелей оқушының өз іс-әрекеті арқылы әрекетті меңгеруінен көруге болады. Ғалымдардың методикаларынан, бастауыш сынып оқушыларына оқу-тәрбие процесін дамыта отырып, таным процестерінің сатылап дамуы мектепке дейінгі әр жаста және бастауыштың әр сыныптарында қалыптасып, даму дәрежесі анықталында. Ауыл мектептеріндегі, бастауыш сыныптағы оқушылардың таным процестерінің қалыптасуы мен бастауыштағы оқу процесі арқылы оқушының ойлауы мен сөйлеу процестерінің қалыптасып, дамуы, жетілуі іс-әрекетті әрекетпен ұштастырып меңгеруі, оқушылардың психологиялық дамуы. Осы қалыптасқан психологиялық оқу-тәрбие процесі, іс-әрекеттің нәтижелілігі яғни оқу-тәрбие арқылы қалыптасқан танымдық және жеке адамдық қасиеттердің көрсеткіштері деуге болады.

Танымдық іс-әрекеттің жалпы танымдық заңдылықтарын анықтау үшін оқушы мен оқытушының өзара әсер етуінің негізгі құралдарын көрсету қажет. Таным процесімен танымдық іс-әрекеттің арасындағы тығыз байланысты, оқыту процесіндегі оқытушының мақсаты, оқу-тәрбие процесі арқылы теориялық, методологиялық талдау жасап, және бастауыш мектеп сыныбындағы оқушылардың танымдық іс-әрекетінің дамып қалыптасуымен қатар, ана тілі мен басқа тілдерді меңгеруін тәжірибелік жұмыстар арқылы көрсету. Бастауыш сынып оқушылары еліміздің болашақ иелерінің қалыптасу сатысының ең негізгі фундаменті

болғандықтан, олардың өз ана тілінде де еркін сөйлеп, басқа тілдерді де меңгерулері тиімді болар еді.

Осы оқу процесі арқылы танымдық процестің қалыптасып, дамуы мен оқушының мектеп талаптарын орындау деңгейінің жоғарылауы, сабақты меңгеруіне мүмкіндік туады. Танымдық процестің жалпы танымдық заңдылықтарын анықтау үшін, оқушы мен оқытушының өзара әсер етуінің негізгі құралдарын көрсету қажет. Таным процесі мен танымдық іс-әрекеттің арасындағы тығыз байланысты өзара әсерді көрсететін көптеген ғылыми еңбектерде. Ауыл мектептеріндегі бастауыш сынып оқушыларының таным процестерін қалыптастырып дамытуда психолог ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып жүргізу. Мектепке алғаш келген баланың таным процесін қалыптастырудағы жетекші рөл атқаратын зейін процесі.

Бала онтогенетикалық даму барысында көптеген өмір жаңалықтарын кездестіреді, сол себептен өмір жолдарының ең алғашқы кезеңінде өте әлсіз, дәрменсіздігін байқатады. Себебі, бала өзінің даму жолында көптеген жаңалықтарға кездесіп, оны меңгеру барысында қиындықтарды басынан өткізеді. Дүниені тани отырып, соның талаптарына сай икемделіп, бейімделіп жетіледі. Бұл бейімделулер әлеуметтік, биологиялық заңдылықтарға байланысты жетіліп отырады. Баланың танымдық үрдісінің қалыптасып дамуы оның алған білімі мен шеберлігінің өзара байланысына негізделеді.

Оқыту процесінің бірлігін белгілейтін факторлар тек оның жалпы мақсатымен ғана анықталмай оның әдістері, формалары, құралдары арқылы анықталады. Ғалымдардың негізгі мақсаты ортақ байланыстылықты табу.

Бастауыш сыныпта оқушыларға психикалық танымдық процестерді қалыптастыруға, психикалық дамудың маңызды жағы баланың бойындағы психикалық процестер мен сапаларының, қабылдауының, зейінінің, қиялдаудың, есте сақтаудың, ойлаудың, сөйлеудің, сезімдердің, мінез-құлықтың, психикалық дамуымен тығыз байланысты.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. изд.2-ое. М., 1977, 76-79б
2. Выготский Л.С. Проблема возрастной периодизации детского развития // Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. СПб, 1997, 49-51-67б
3. Эльконин Д.В. Психология обучения младшего школьника. М., 1974,42-45-46-52бб
4. Давыдов В.В. Психологические возможности младших школьников в усвоении математики. М., 1969,32-37
5. Гальперин П.Я., Кобыльницкая С.Л. Экспериментальная формирование внимания. М., 1974, 47-48-65 б.

**3 СЕКЦИЯ**  
**Т. ТӘЖІБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ**  
**ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ**

**СЕКЦИЯ 3**  
**ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ**  
**И НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ Т. Т. ТАЖИБАЕВА**

## **НАР ТҰЛҒАЛЫ ТӨЛЕГЕН**

Тәжібаев Төлеген 1910 ж, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс ауданында дүниеге келген. Қазақтың тұңғыш психолог-ғалымы, қоғам және мемлекет қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-і Ғалым академиясының академигі. Шымкент педагогикалық техникумын, Мәскеудегі Н.Крупская атындағы Коммунистік тәрбие академиясын бітірген.

1938-1940 жылдары Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының педагогика және психология кафедрасының доценті және меңгерушісі. 1940-1942 жылдары Қазақ КСР-і Халық ағарту комиссарының бірінші орынбасары, Халық ағарту комиссары, 1942-1944 жылдары Қазақ КСР -і ХКК төрағасының орынбасары қызметтерінде болды.

1944-1957 жылдары Қазақ КСР -і Сыртқы істер министрі, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры, Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ КСР -і Мәдениет министрі.

1957 – 1961 жылдары Үндістандағы КСРО елшілігінің кеңесші – өкілі. 1961-1964 жылдары – Қазақ мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры әрі меңгерушісі қызметтерін атқарған. Мемлекеттік қызметтермен қатар ғылыми – зерттеу, жұмыстарымен де шұғылданды .

1940 жылы «Халық мұғалімі» журналында жарияланған мақалаларында психологияның тарихын, қалыптасу жолдарын талдауға алды. Осы еңбектері негізінде 1961 – жылы «Жалпы психология» атты тұңғыш оқулық жазды. Тәжібаев Төлеген қазақ тілінде психология ғылымы терминдерін қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Оның К.Ушинскийдің, Л.Выгодскийдің психологиялық көзқарасы туралы зерттеулерінің зор ғылыми маңызы болды. Қазақстандағы педагогикалық ой – пікірдің, оқу – ағарту ісінің дамуы және мектептер тарихын, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың философиялық, психологиялық және көзқарастарын жан-жақты зерттеген ғалым. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы оқу- ағарту ісімен педагогикалық ой – пікір дамуы жөніндегі зерттеулері көлемді, әрі маңызды зерттеулер бүгінге дейін оқу құралдарының қосымшасы түрінде қолданып келеді.

Төлеген Тәжібаев ең алғашқы педагогика ғылымдарының докторы және «Педагогика және психология» мамандығы бойынша ҚазССР Ғылым академиясының ең бірінші академигі болды.

Академик Төлеген Тәжібаев Қазақ мемлекеттік университетінде ректорлық қызмет атқарған кезінде, педагогика мен психология ғылымдары бойынша аспирантураның күндізгі бөлімін ашты. Сонымен қатар, 1948 жылы ашылған Ш.Уәлиханов атындағы студенттік ғылыми қоғам мен ҚазМУ спорттық клубының негізі Төлеген Тәжібаевтің арқасында қаланды. Еңбек Қызыл Ту ордені, «Құрмет белгісі» және басқа да көптеген медальдармен марапатталған.

Қазақ КСР ғылым академиясының академигі Төлеген Тәжібаев Қазақ КСР педагогика қоғамының президенті, жоғары және арнаулы орта білім Министрлігінің педагогика және психология саласындағы ғылыми- әдістемелік кеңесінің төрағасы, тағы және психология басқа қоғамдық жұмыстар атқарған. 2 – 4 сайланған Қазақ КСР – і Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған. Мемлекеттік қызметтермен қатар ғылыми – зерттеу жұмыстарымен де шұғылданды. 1940 жылғы «Халық мұғалімі» журналында жариялаған мақалаларында психологияның сол кезгі көкейкесті мәселелерін, психологияның тарихын, қалыптастыру жолдарын талдауға алды. Т.Тәжібаев ұлттық психология, қазақтың ұлттық мінезі, этнопсихология мәселелерін сонау тоталитарлық жүйе кезінде ешкімнен жасқанбай мәселе етіп көтеру арқылы



тың тақырыпқа түрен салып, салиқалы ой түйе білді. Оның еңбектері бүгінде еліміздің психология ғылымына үлкен ықпал етіп ғана қоймай, алтын діңгегіне айналуы керек. Қазіргі жаһандану заманында психология саласындағы кесек туындының елімізде әлде де кенжелеп дами алмай келе жатқан ұлт психологиясының кейбір өзекті мәселелерінің шешілуіне жол көрсетері анық. Т. Тәжібаев тамаша ұстаздығымен қоса, күміс көмей, жез таңдай шешен болғандығын айта кетуіміз керек, ширек ғасыр уақытта психология, педагогика пәндерінен дәріс бергенде, дәрістің мазмұны аса терең, ғылыми өрісі кең, тыңдаушыға өте әсерлі, тұлға бойынан бір жылулық сезіліп тұратындай ғажап ғалым – педагог болған, бұдан біз оның дәріс оқығанда да шын ниетпен, аса құрметпен, өз пәнін сүйген, тыңдаушыны да тәнті еткен білімді, білікті тұлға екенін білуге болады.

Т. Тәжібаев өз артынан өшпес ғылыми із қалдырды, көптеген монография, оқулықтар, мақалалар жазды, тіпті маман кадрлар дайындап та үлгерген. Тәжібаев еліміздің он екі жыл бойы үздіксіз сыртқы істер комиссары қызметін атқарған. Тәжібаев тек ғалым – педагог, психолог емес, қоғам, мемлекет қайраткері екендігін аңғарамыз. Оның бойында албырттық, шапшаң, қимылдайтын, аса жауапкершілікті, білімді, елін, жерін, халқын сүйген патриот, өз бойындағы асыл қасиеттерді бере білген, теңдесі жоқ ұлы тұлға, педагогика, психология ғалымдарының асыл да ардақты тәрбиешісі деп тануымыз керек. Өзі өмір сүрген уақытта қазақ халқының қай ұрпағына болса да тәрбие болды. Төлеген Тәжібаев қандай жоғары мәртебелі қызметте жүрсе де адами қадірін түсірмеген, абыройын асыра білген абзал жан, көреген басшы, сан буын жастарды ғылым жолына бағыттаған ұлағатты ұстаз бола білді. Иә, Төлеген Тәжібаев адам жанын жазбай танитын нағыз тәлімгер психолог еді. Төлеген Тәжібаевтың жарқын бейнесі туралы айтқанда, оның тамаша ұстаздық, тәлімгерлік, дәріскерлік, қасиеттерін ерекше атап көрсеткен дұрыс. Бергілі ғалым-профессор Мәулен Балақаевтың естелігінде көрсетілгендей, Төлеген Тәжібайұлының психология саласында оқыған дәрістерінің мазмұны аса терең, ғылымы өрісі кең, тыңдаушыға тартымды да, әсерлі болған. Қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, нар тұлғалы азамат Төлеген Тәжібаевтің туғанына биыл 112-жыл толып отыр. Осындай азаматы бар қазақ елі бақытты. Төлеген Тәжібаевтың балалық шағы қиын қыстау кезеңде өтті, соғыстың зұлмат жылдарында көзінің ағы мен қарасындай ата-анасынан ерте айырылып, балар үйіне тапсырылды. Төлеген Тәжібаев қандай жоғары мәртебелі қызметте жүрсе де адами қадірін түсірмеген, абыройын асыра білген абзал жан, көреген басшы, сан буын жастарды ғылым жолына бағыттаған ұлағатты ұстаз бола білді.

Қорыта келе, қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясы ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан тұлғалардың қатарында қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым, академик Т.Тәжібаев есімі ерекше аталатыны сөзсіз. Т.Тәжібаевтың өнегелі өмірін естіген, оқыған адам одан әсерленбей тұра алмайды. Ауыр тағдыр мен жетімдіктің, күншілдік пен күндестіктің азабын бір кісідей көрген біздің нар тұлғамыз еш қашан қиындыққа мойын ұсынған емес, қайта пісіп жетіліп, қайнаған қазақи рухпен надандық үшін күрескен, халқы үшін жан ұшыра еңбек етіп, өмірдің мәнін ғылымнан алған, адами құндылық қасиетті жоғары, мәдениетті идеал тұлға екені бәрімізге мәлім, олай болса ұлы тұлғаның өмір жолы әрбір жастың дамуына ықпал тигізері анық.

Парасатты ғалым-ұстаз ірі қоғам қайраткері, ұлы даланың перзенті Төлеген Тәжібаев 112-жылдық мерейтойы аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық атындағы университеті оның ғылыми мұралары мен тәлім-тәрбиелік еңбектерін бірнеше томдық жинақ етіп жариялап отыр. Болашақта да өскелең ұрпақ үшін Төлеген Тәжібайұлының өмірі мен қызметінің ғибратын, тарихи мәнін танытатын еңбектерді жарыққа шығару, оның жарқын бейнесі мен есімін университет тарихында қалдыруға бағытталған барлық шаралар- біздің біртуар азамат алдындағы парызымыз.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Өлімқұлова Р., Сәтімбеков Р. Ө. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – 2-басылымы, өңделген, толықтырылған. – Алматы: Атамұра, 2008. – 320 бет. ISBN 9965-34-812-X

2. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Дәуір» баспасы, 2012 1066 ISBN 9965-17-272-2 №
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6
4. Бисекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 бет. ISBN 9965-822-10-7
5. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
6. Т. Тәжібаев. Жалпы психология. – Алматы. баспасы, 1993 ISBN 9965-17-272-2

**Касымова Р.С.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Философия және саясаттану факультеті  
Педагогика және білім беру менеджменті  
кафедрасының доценті, п.ғ.к.*

**Есенова К.А.**

*педагогика және білім беру менеджменті  
кафедрасының аға оқытушысы*

## **КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒА, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ**

Төлеген Тәжібаев – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері, академик.

Қазақ халқының ұлттық болмысын, сана сезімін сақтап қалуда одан әрі дамытуда, қолынан келген істі алға бастыруға барынша тырысқан белгілі тұлғалардың бірі – Төлеген Тәжібаев.

Мәскеуден Қазақстанға оралып, бар жиған тергенін жастарға жеткізу жолында ұстаздық жұмысын бастады. Осы жылдары оның халық ағарту саласындағы терең білімі, қажырлы еңбегі, дәріскерлік шеберлігі, сондай-ақ ұйымдастыру, басқару ісіндегі парасаттылығы мен көрегенділігі анық байқалады.

Төлеген Тәжібаев 1928 жылы Шымкенттегі педагогикалық техникумды, 1935 жылы Мәскеудегі Н.К.Крупская атындағы коммунистік тәрбие академиясын бітіреді. 1938-1940-жылдары Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті) педагогика және психология кафедрасының доценті және меңгерушісі болды. 1940-1942 жылдары Қазақ КСР-і Халық ағарту комиссарының 1-ші орынбасары, Халық ағарту комиссары, 1941-1944 жылдары Қазақ КСР-і Халық комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары, 1944-1957 жылдары Қазақ КСР-і Сыртқы істер министрі, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) ректоры, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, 1957-1961 жылдары Үндістандағы КСРО елшілігінің кеңесші-өкілі болды. 1961-1964 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) профессоры, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болды. Төлеген Тәжібаев мемлекеттік және педагогикалық қызметтермен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де шұғылданды. 1940 жылы «Халық мұғалімі» журналында жариялаған мақалаларында психологияның сол кездегі көкейтесті мәселелерін, классикалық психологияның тарихын, қалыптасу жолдарын талдады.

Осы еңбектерінің негізінде 1961 жылы «Жалпы психология» атты тұңғыш оқулық жазды. Төлеген Тәжібаев қазақ тілінде психология ғылымы терминдерін қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Т. Тәжібаевтың ғылыми-зерттеу еңбектерінің негізгі бағыттары: - Қазақстандағы педагогикалық ойдың даму тарихы, оқу-ағарту ісінің дамуы және мектептер тарихына арналған еді. Оның еңбектерінің біразы халқымыздың ғұламалары Ш. Уәлиханов,

Ы.Алтынсарин, А. Құнанбаевтардың психологиялық және педагогикалық көзқарастарын зерттеуге арналған. Әсіресе, Абайдың психологиялық көзқарастарын көп жылдар бойы зерттеп, бірнеше еңбектер жазды. Абайдың саяси- әлеуметтік, пәлсапалық көзқарасына жан-жақты талдау жасай келіп, оның психологиялық ойлары мен пайымдауларына кеңінен тоқталды. Ғалымның тұжырымдауынша Абай тек асқан кеменгер, ойшыл ақын ғана емес, ол сонымен бірге қазақтан шыққан ірі философ, психологиялық білімдер жүйесін насихаттаумен айналысқан ғұлама.

Т.Тәжібаев психология мен педагогика саласында жүзден астам мақала, онға жуық ірі ғылыми еңбектер жазды. Оның еліміздегі психология ғылымы саласындағы тұңғыш академик есімі қазақ ғылымының тарихында қалды. Ол өзінің ғылыми еңбектерінде Қазақстандағы ағарту ісін, педагогикалық ой-пікірдің даму қисынын саралап, терең зерттеді. Алдамұрат Ә. «Ұлағатты ұстаз, кеменгер тұлға», К.Адырбекұлы «Қос алып», Г.Дүйшенбиева «Ұстаз өнегесі», М.Есқайыров «Ірі ғалым, іскер басшы, ұлағатты ұстаз», т.с.с. көптеген шығармалар педагог-ғалымның рухына арналып, жарық көрген болатын.

Т.Тәжібаев «Жалпы психология» атты тұңғыш оқулықтың және «Психология и педагогическая психология К.Д. Ушинского», «Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы», «Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева», «Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века», «Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века» секілді іргелі еңбектердің авторы. Төлеген Тәжібаев қазақ тілінде психология ғылымының терминдерін қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Оның К.Ушинскийдің, Л.Выготскийдің психологиялық көзқарастары туралы зерттеулерінің зор ғылыми маңызы болды. Одан бөлек, Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің, оқу-ағарту ісінің дамуы және мектептер тарихын, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастарын жан-жақты зерттеумен айналысты. Сондай-ақ, Төлеген Тәжібаев Абай шығармашылығындағы психологиялық көзқарастарға талдау жасады.

Төлеген Тәжібаев тұңғыш педагогика ғылымдарының докторы атанған. ҚазССР Ғылым академиясының «педагогика және психология» мамандығы бойынша ең алғашқы академигі болды. Сонымен қатар, ғалым ҚазМУ-да ректорлық қызмет атқарған тұсында педагогика және психология ғылымдары бойынша аспирантураның күндізгі бөлімін, кейіннен Ш.Уәлиханов атындағы студенттік ғылыми қоғам мен ҚазМУ спорттық клубның негізін қалады.

Педагогтың ауыр жолын таңдаған Төлеген Тәжібаев өзінің өнегелі өмірінде қазақ оқыту өнеріне ерен еңбегін сіңдіре білді. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанда, елдің әлеуметтік жағдайы біршама төмендеген кезде, университеттің материалдық жағдайы былай тұрсын, тіпті білікті мамандардың жетіспеушілігі де үлкен мәселе болды. Т.Тәжібаев алдымен кенжелеп қалған гуманитарлық бағыттардың бірі психология мен педагогиканы дамытуды көздеді. Қазақстандағы педагогиканың даму тарихын толықтай зерттей бастады, жүйесі мен қисынын саралады. Соның нәтижесінде, «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның ағарту ісімен педагогикалық пікірінің дамуы» атты монографиялық еңбегі дүниеге келді. Халықтың оқу-білімге деген құштарлығын байқаған ұстаз, елінің білімнен нәр алуына барлық мүмкіндікті жасауға тырысты. Мақсатқа жету жолында Ұлттық Университетті дамыту арқылы, қазақтың ағартушылық бағытына да үлкен үлес қосты. « ... өзінің Отанға деген сүйіспеншілігін сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде көрсеткен адам ғана нағыз патриот болып саналады...».

Сөзін ісімен ұштастырған педагог, өзінің дәріскерлігімен, тәлімгерлігімен, тамаша ұстаздық қасиеттерімен ерекше есте қалды.

Т.Тәжібаев Ленинград университетінің аспирантурасында психологиядан кандидаттық диссертация қорғады. Оның ғалымдық қарымын байқаған университет профессорлары Ленинградта қалуын және ғылыми жұмыстарын осында жалғастыруын ұсынған. Бірақ ол сол ұсынысқа құлақ аспай елге қайтты. Оның сол тамаша мүмкіндікті пайдаланып, ірі мәдени ғылыми орталық Ленинградта қалуына болар еді ғой. Оған Қазақстанда Жүсіпбек Аймауытов

пен Мағжан Жұмабаевтан кейін кенжелеп қалған ұлттық психология ғылымын көтеру керек болды. Ол оны өз ұлтының алдындағы перзенттік парызындай көрді.

Т.Тәжібаев сол Ленинградта жүргенде ағылшын тілін өз бетінше оқып, үйреніп алған. Соғыстан кейін Германия тағдыры талқыға түскен халықаралық үлкен жиында Кеңестер Одағы саясатын ағылшын тілінде жеткізген және Біріккен Ұлттар Ұйымында Латын Америкасы елдері жөніндегі комитетті басқарып, сол елдердің әлеуметтік жағдайлары туралы баяндамалар жасағанын бүгінгі жастар біле де бермес [2].

Т.Тәжібаевтың кандидаттық диссертациясы К.Д.Ушинскийдің көзқарастары мен ілімі болса, докторлық диссертациясын қазақ топырағынан іздеп, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев шығармаларына аяқ ұшын тіреуі, ұлттық мінез, этнопсихология, этнопедагогикалық мұрасын зерттеуі, оның ұлтшылдығын емес, ұлтжандылығын көруге болады.

Қорыта айтатын болсақ, қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясының ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан тұлғалардың қатарында қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым, академик Т.Тәжібаевтың есімі ерекше аталатындығы сөзсіз. Т.Тәжібаевтың өнегелі өмірін естіген, оқыған адам одан әсерленбей тұра алмайды. Ауыр тағдыр мен жетімдіктің, күншілдік пен күндестіктің азабын бір кісідей көрген біздің нар тұлғамыз ешқашан қиындыққа мойын ұсынған емес, қайта пісіп жетіліп, қайнаған қазақи рухпен надандық үшін күрескен, халқы үшін жан ұшыра еңбек етіп, өмірдің мәнін ғылымнан алған, адами құндылық қасиетті жоғары, мәдениетті идеал тұлға екені бәрімізге мәлім, олай болса ұлы тұлғаның өмір жолы әрбір жастың дамуына ықпал тигізері анық.

Төлеген Тәжібаев қандай жоғары мәртебелі қызметте жүрсе де адами қадірін түсірмеген, абзал жан, көреген басшы, жастарды ғылым жолына бағыттаған ұлағатты ұстаз бола білді.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. <https://malim.kz/1562>
2. Адырбекұлы К. Тұлғалық қасиет тілден басталады. Түркістан газеті, сәуір, 2017ж.

**4 СЕКЦИЯ**  
**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ:**  
**ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН**  
**ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**СЕКЦИЯ 4**  
**КАЗАХСТАНСКИЙ ПАТРИОТИЗМ:**  
**ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЦЕННОСТНЫХ**  
**ОРИЕНТАЦИЙ МОЛОДЕЖИ**

## **ЖАСӨСПІРІМ ЖАСТАҒЫ ТҰЛҒАНЫ ЗАМАНАУИ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҚЕЙБІР ЕЛЕУЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

«Жас кезінде жастарға дұрыс тәрбие беру –  
адамдық жөнсіздіктерді түзетудің жалғыз жолы»

**Я.А. Коменский**

Адамның дамуы тәрбиелеу барысында жүзеге асатыны анық. Алдыңғы буын келешек ұрпаққа жинақталған тәжірибені жеткізіп оны байыта түседі. Көптеген ғасырлар бойы тәрбие үрдісі табиғи үрдіс ретінде дамыды. Соған байланысты адамзат тәрбиелеу, тұлғаның жан-жақты қалыптасуының мақсаттын үрдіс ретінде қарастырамыз.

Адам қоғамның дамуымен байланысты, тәрбиелеу мәселелері қоғамдық сананың формаларын, әлем мен ондағы адамның орны туралы жалпы ұғымдарды ғалым-философтар еңбектерінде көрсете бастады. Ең алғаш рет тәрбие берудің бастамалары Ежелгі Шығыс (Индия, Китай, Ассирия, Вавилон) елдерінде пайда болды. Ежелгі Грек ойшылдарының өздері тұлғаны тәрбиелеудің жетекші рөлін анықтаған болатын. Ежелгі Грекияда тәрбиелеудің спартандық және афиналық екі жүйесі бар екенің білеміз. Тәрбие туралы ғылыми көзқарастарды Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель сияқты белгілі философ ойшылдардың еңбектерінде айтыла бастаған.

Демокриттің пікірі бойынша, тәрбие адам негізін толығымен өзгертеді, оның екінші табиғатын мақсатты түрде жасайды дегені бар. Бұл ойлар адамзаттың барлық тарихынан көрініс таба біледі. Олар әсіресе, Жаңа Дәуірде көкейтесті сипатқа ие болған. Жасөспірім жастағы тұлғаны жалпы тәрбиелеудің алғашқы ұстанымдарын француз, сондай-ақ неміс ағартушыларының негізгі идеяларында және әлемдік, орыс пен қазақ педагогикалық ғылымында да айтулы орын табады.

Мысалы, Джон Локк өзінің «Тәрбиелеу туралы ойлар» атты еңбегінде тәрбиенің психологиялық негіздеріне, жасөспірім жастағы тұлғаның өнегелілік қалыптасуына аса қызығушылықпен көңіл аударған. Сол бойынша, Джон Локк тұлғаны өмір иірімдерін жазатын «таза тақтаға» теңестіріп, осылайша тәрбиелеудің үлкен күшін атап көрсеткен.

Ал, Жан Жак Руссо, керісінше, адамның табиғи жетілуіне аса назар аударған. Сондықтан, тәрбиелеу оның ойынша бұл жетілдіруге кедергі келтірмей адамға толық еркіндікті беріп, оның мүдделері мен қабілеттерінің дамуына ықпал жасау керек деген. Ж.Ж. Руссоның бұл идеялары «еркін тәрбиелеу» теориясының бастауына, тәрбиелеу тек қана адамның жеке мүдделері мен тілек-талаптарының орындалуы мен олардың дамуына ықпал жасау керек деген педагогикалық ғылымдағы идеялардың жасалуына мүмкіндік берді.

Орыс педагогикасында тұлғаны тәрбиелеу идеялары белсенді жасалу негіздері Симеон Полоцкий, Н.И.Новиков, К.Д. Ушинский ойларында да теориялық және тәжірибелік істері аса жемісті болды. Симеон Полоцкий адамның дамуын анықтайтын «тума идеялар» теориясына қарсы болып, тәрбиелеудің басты факторлары ата-аналар мен ұстаздар, сондай-ақ қоршаған орта үлгісі деп көрсеттіп кеткен. Сондай-ақ тұлға тәрбиелеуге үлкен мән беріп, ол адамның сезімі мен ақыл-ойының қалыптасуына бағытталуы қажет деп есептеген.

Ресей педагогикасында келесі ойшыл-педагог Н.И.Новиков өзінің «Тәрбиелеу мен тәлімгерлік...» мақаласында тұлғаны бірінші еңбек сүйгіштікке, мейірімділікке, жалпы пайдалы білімдер мен жалпыға бірдей қуаттылықты тәрбиелеу қажет деп санаған. Н.И. Новиков ойы бойынша, «өзіне көптеген білімді қосатын және оның орындалуына көп байқағыш рух, зейін мен тәжірибелік парасат талап ететін нәзік ғылым» [1] деп айтқан ойы ерекше орын алады.

Педагогикалық ғылымның классигі К.Д. Ушинский, тәрбиелеу мәселелері бойынша «Қоғамдық тәрбиедегі халықтар туралы», «Адам тәрбиелеудің пәні ретінде» атты қомақты еңбектері, әлемде барлық халыққа тән ортақ, жалпы, әмбебапты тәрбиелеу жүйесі жоқ, әрбір қоғам өзінің ұлттық дәстүрі, қоғамдық жағдайларына байланысты жүйесін қалыптастырады және мұнда саяси-экономикалық көзқарас та өте маңызды болып келеді деп атап кеткен. Осыдан шығатын қорытынды, тәрбиелеу қоғамдық қажеттіліктер мен мүдделермен негізделген аса маңызды әлеуметтік қызмет болып табылады.

Қазақ халқының педагогикалық ойының даму тарихы ғасырлар қойнауына кететіні баршамызға белгілі. Қазақ халқының тарихы дамуының жалпы заңдылықтарына негізделіп, тәрбиелеу туралы педагогикалық ойдың қалыптасуы арқылы атап көрсетуге болады. Қазақ халық педагогикасының қалыптасуы ұзақ тарихи жылдар бойы, дала тұрғындары тұрмыстық даналықтың бай тәжірбиесін, ережелерін, нормалары мен қағидаларын, адамның мінез құлқы туралы ойлары арқылы жинақтаған баршамызға белгілі. Педагогикалық ойдың дамуының Шоқан Уалиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Сәкен Сейфуллин, Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Мыржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтың еңбектеріндегі педагогикалық ойлармен тығыз байланысты екенің білеміз. Олардың халық даналығы мен халықтық дәстүрді ескерген, өскелең ұрпақты тәрбиелеу туралы еңбектері қазақ педагогикалық ойдың «Алтын қорынан» қасиетті орнын тапты. Бүгінгі күні Қазақстанның педагогикалық ойдың белгілі қазақ қайраткерлері деп – Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Мыржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов айтып, еңбектерінің ерекше орын алатынын білеміз. Олардың халық даналығы мен халықтық дәстүрді ескерген, өскелең ұрпақты тәрбиелеу туралы еңбектері қазақ педагогикалық ойдың Алтын қорынан байқалады. Жалпы тұлғаның қалыптасуы мен дамуының педагогикалық, дидактикалық, әдістемелік мәселелері Т. Тажибаев, А. Сембаев, К. Біржанов, Г. Уманов, А. Сейтешев, А. Қунантаева, К. Жарықбаев еңбектерінде жалғасын тапқан. Осылайша, этнопедагогика негізі бойынша тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл аударып отырған.

«Адам тек қана тәрбиелеу арқылы адам бола алады», – деп кезінде Иммануил Кант [2] бекер айтпаған. Бұл мәселенің орны мен мәні адамды тәрбиелеуді тұлғаның қалыптасуы мен мақсатты дамуы ретінде түсінуден туындайды. Тәрбиелеудің мақсаты оның бағыттылығы мен нысаналылығының бейнесінде – бұл тәрбиелеудің түрлері мен әдістері, мазмұнының әлеуметтік бағыттылығын, тарихи мағынасын анықтайтын бастама. Ж.П. Сартр, айтуы бойынша тәрбиешінің адам өзінің түп болмысын іздеуіне араласпауы керек деп санаған. Жалпы, тәрбиелеудің негізгі міндеттері, әрбір адамды «өзімен өзі болуға» итермелеу және тәрбиелеуге тұлғалық ерекшеліктерін ескеру керектігін анықтауға болады. Тәрбиелеудің мақсаты, әдістері мен мазмұны ең алдымен заманауи қоғамға қандай адам қажет керектігіне байланысты анықталуы керек.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, тәрбиелеуді уақыт пен кеңістікте шектелмеген, өзінің сипаты бойынша үздіксіз, жекелеген адамдар мен біртұтас ұрпақтардың өздерінің сезімдерін, көзқарастарын, білімдерін, ойлау қабілеттері мен стильдерін, өздерінің әлеуметтік-психологиялық тәжірбиелері мен дара өмірлік ұстанымдарын жеткізудің жүйелік үрдісі деп анықтауға болады.

«Тәрбиелеу» ұғымын оның көпқырлығы, әртүрлігі мен әмбебаптылығына байланысты қарастырамыз. Педагогика ғылымында тәрбие түсінігі тар және кең мағынада қарастыруға болады.

Тәрбиелеу екі жақты үрдіс болып табылады: біріншіден – педагог жүйелі іс-әрекетті, екінші жағынан тәрбиеленуші әрекетті (олардың бір-біріне әсері, әрекеті, ынтымақтастығы болып саналады). Сол себептен кез-келген педагогикалық әдебиет пен өмірде «тәрбиелеу» кең және тар мағынада қолданылады. Тәрбиелеуді тар шеңберде жүзеге асыру үшін алға қойылған, анықталған мақсаттарға жетуге бағытталған тәрбиелеудің субъекті мен объектісінің (тәрбиелеуші-педагог пен тәрбиеленуші-студенттің) тікелей өзара әрекетін іске асыру керек. Атап өтетін болсақ бұлар: дүниетанымның, адамгершілік келбеттің қалыптасуы, эстетикалық

талғамның дамуы, адамның жалпы дамуы. Ал тар мағынадағы тәрбиелеудің бір нысаны ретінде, бір академиялық (студенттік) топтың шеңберінде толық жүзеге асырылатын әрекетті айтуға болады. Оның күшін педагогикалық іс-әрекетте барлық жүйесінен қалыптасқан студенттерге әсер етуінен көруге болады. Тұлғаның ЖОО бекітілген оқу міндеттері мен мінез-құлық нормалары, тәрбиелеу объектісіне өзінің ұйымдастырушы мен бағыттаушы психологиялық, педагогикалық қасиеттерімен әсер етеді.

Осыған сәйкес, студент университет қабырғасында кәсіби тәрбиелену үрдісінде оның міндетті университет басшылығы бекіткен нормалары мен құқықтарымен байланысты болады (студенттің этикалық кодексі – эдвайзерлердің бірінші курс студенттерін міндетті түрде таныстыратын қажетті құжат). Қазақстан Республикасының Ата Заңы «адам мен азаматтың құқықтары мен міндеттері» алғашқы құжат болып табылады. Қазақстанның қазіргі кезеңінде техникалық ЖОО студенттерін кәсіби тәрбиелеудің концептуалды негіздерін түсінудегі анықтаушы бастаманы келесі пайымдаудан көруге болады: «Қазақстандық отан сүйгіштікті, төзімділікті, жоғары мәдениетті, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу» [3].

Осылайша, тар мағынада тәрбиелеу дегеніміз, мұраттар, қағидаттар мен қоғам құндылықтарын бекітуге бейімделген мақсаттылық іс-әрекет болып келеді. Кең мағынада, тәрбиелеу өзіне барлық әсерлер жинағын, студент тұлғасының жасөспірім шағындағы қалыптасуы мен оның қоғамдық-саяси, мәдени және өндірістік өмірге белсенді қатысуына дайындық үрдісінің барлығын жинақтайды. Бұл мағынада тәрбиелеудің басты шеңбері, оның негізгі реттеушісі мен басқарушысы қоғам болып табылады. Ата-ананың әсерімен анықталатын отбасы, қоғамның алғашқы ұяшығы (еңбек, материалдық және рухани құндылықтарды) жасаудың қайнары ретінде (БАҚ, өнер, ғылым, дін, қоғамдық пікір, қарым-қатынас шеңбері), яғни осы факторлардың барлығы студент тұлғасының жасөспірім шағындағы қалыптасуы мен дамуына мақсатты түрде әсер етіп, оның жаңа білімді білуге құштарлық, мақсатқа бағыттау, тұлғалық белсенділік, жаңаны тануға ұмтылыс сияқты белгілі-бір тұлғалық рухани-психологиялық қасиеттерін жандандырады. «Барлық нәрсе тәрбиелеуге келеді, – адамдар, заттар, құбылыстар, алайда ең алдымен және басқасынан көбірек адам тәрбиеленеді» деген екен А.С. Макаренко [4].

Тәрбиелеудің мақсаттары оның мазмұны, әдістері мен құралдарына қолайлы әсер ететін алғашқы нәтижені қамтамасыз ету қажет. Тәрбиелеу – объективті және субъективті жағдайларға тәуелді болатын көп факторлы үрдіс болып табылады. Объективті факторларға: елдің әлеуметтік-тарихи ерекшеліктері, мәдени дәстүрлері, онда қабылданған білім жүйесі; субъективтіге – педагогтардың тұлғалық жеке қасиеттері, олардың педагогикалық шеберліктері, тәрбиелеу үрдісіне қатысушылардың жеке психологиялық ерекшеліктері мен құндылық бағдарлары жатады.

Тәрбиелеу – бағытты үрдіс болғандықтан, онда әрбір нақты мақсат оның мазмұны мен бағытына сәйкес жүзеге асады. Тәрбиелеудің бағыты мақсаттың бірлігі мен мазмұны бойынша анықталады. Ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбектік, дене шынықтыру бағыттары, азаматтық, құқықтық, экономикалық, экологиялық бағыттармен жүйелі түрде толығымен түсетіні анық. Тәрбиелеу үрдісі, жалпы алғанда және жеке бағыт шеңберінде әртүрлі деңгейлерде жүзеге асуы мүмкін: әлеуметтік орта, әлеуметтік институттар, жеке әлеуметтік топтар, персоналық (тұлғааралық) және интроперсоналық (өзін-өзі тәрбиелеу) деңгейлерде болады.

Бүгінгі күні, жасөспірім жастағы тұлғаны тәрбиелеу міндеттері ЖОО – ғы педагог-эдвайзердің құралдарынан жабдықталған белгілі-бір тәрбиелеудің әдістері арқылы шешіледі. Тәрбиелеудің әдістерінің топтамасы шартты түрде және тәрбиелеудің үлгісіне, оның түрлері мен жүйелі бағыттарына, тәрбие ортасына, тәрбиеленушінің жасына, тәрбиешінің тұлғасына байланысты болып табылады. Осыған байланысты тәрбиелеу үрдісін контекстілі қарастыру қажет, бұл қойылған тәрбиелеу міндеттерін шешу үшін қолайлы әдістер жүйесін жасауға мүмкіндік туғызады.

Академиялық топтардағы жасөспірім жастағы студент жастарды тәрбиелеу үрдісінде тәрбиелеу процесінің барлық негізгі бағыттары қолданылуы мүмкін. Олар: өнегелілік,



эстетикалық, құқықтық, дене шыңғырту, азаматтық, экономикалық, ой мен экологиялық, еңбектік (өндірістік тәжірибе кезінде, сондай-ақ өзіндік жұмыстарды орындау кезінде) байқалады.

Жасөспірім кезіндегі студент жастарды заманауи тәрбиелеудің елеулі мәселелерін шешу, мықты интеллектуалдық және рухани деңгейге ие болу білімді тұлғаның жаңа буынын қажет етеді. Олардың күнделікті және кәсіби өмірінде педагогикалық үрдісті жүйелі түрде жүзеге асыруында үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыратын қабілеттері болуы қажет деп ойлаймыз.

Әлемдегі дамыған елдердің жоғары білім жүйесінің қазіргі түрі Еуропа мен АҚШ көптеген университеттерінің көп жылдар бойы ұжымдық тәжірибие жинақтауы нәтижесінде қалыптасқаны анық. Университеттердің дәстүрлі дербестігі оған қоса білім беру үрдісін ұйымдастыру, ұлттық ерекшеліктері ескеру, әртүрлі елдердегі мамандарды дайындаудың қолайлы үлгілерін жасаудың алғашқы қадамы деп білеміз. Әрбір ЖОО өзіндік жүйесіне, мамандарды оқыту мен кәсіби дайындап шығарудың өзгеше қайталанбас формасын шығару маңызды іс болып келеді. Бұл жағдай жаһандану үрдісінің қарқынды дамуы мен әлемдік экономиканың ықпалдасуына объективті қажет болатын жалпы қабылданған білім ыңғайларын жасауға мүмкіндік береді. Жасөспірім жастағы жас мамандарды кәсіби тәрбиелеу барысында өндіріспен ғылымның талаптарына жауап беретін заманауи бизнестің шындығына үйлесетін қадамы нақты, жаң-жақты қалыптасқан маманды дайындау болып келеді.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Очерки по истории педагогики. М., 1952. С.49
2. А. В. Гулыга. Немецкая классическая философия. – М.: Мысль, 1986. – 334 с.
3. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 гг. Астана, 2000. С.24
4. Макаренко А.С. Сочинения. Т.2.М., 1957. С.87

**Букешова С. С.**

*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,  
«Философия және саясаттану» факультеті,  
«7М03125-Психология» мамандығының 2-курс магистранты.*

**Тоқсанбаева Н. Қ.**

*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,  
«Философия және саясаттану» факультеті,  
«Жалты және қолданбалы психология» кафедрасының профессоры,  
психология ғылымдарының докторы.*

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУДА ҚАЗАҚША МАНДАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Жасөспірімдер балалық шақ пен ересектік кезеңнің ортасында өзін іздеп, түсінуге және өмірдегі орнын табуға көбірек ұмтылатын тұлғалар. Өтпелі кезеңде жастардың басым бөлігі «Мен кіммін? Өмірдегі орным қайда? Болашағым қандай болады?» деген сынды экзистенциальды сұрақтарға көбірек ойлана бастайды. Ал мақала барысында жасөспірімдердің, эмоциялық жағдайының тұрақталуы зерттеліп, ұлттық болмысына сай эмоциялық жағдайды жақсарту үшін жаңа құрал талқыланатын болады.

Жасөспірімдік шақ өтпелі кезеңге тұспа-тұс келгендіктен жеткіншектердің эмоциясы күрт өзгеріп, кейде қолдау қажет болып жатады. Зерттеулерге сүйенсек, бұл: мектеп қабырғасындағы маңызды емтихандармен, отбасындағы мәселелермен, достармен орнатылған қарым-қатынастармен тікелей байланысты. Өзін толыққанды бала сезіне алмай немесе ересектер қатарына жатқыза алмағандықтан шешім қабылдау барысында да қиындықтарға тап болып

жатады. Ғалымдардың пайымдауынша, осы аралықта жасөспірімдердің көп бөлігі суицидтік ойларға да барып жатады. Негативті эмоциялар мен ойлар дұрысшешімдер шығаруға өз кедергісін келтіреді[1].

Жасөспірімдердің эмоциялық аймағы жиі өзгерістерге ұшырап жатады. Жеткіншек шақта адамдар эмоциялардың сан түрін басынан өткеріп, эмоциялық аймақ және эмоциялық даму жөнінде ақпараттарды толыққанды білмегендіктен қиналып жатады. Сондықтан жасөспірімдердің эмоциялық дамуы оның әлеуметтік ортамен дұрыс қарым-қатынас орнатып, толыққанды тұлға ретінде дамуы үшін маңызды. Сонымен қатар, бұл жасөспірімнің психологиялық және соматикалық саулығына да тікелей қатысты.

Л.Д.Столяренко жағымсыз эмоциялық жағдайларды айқындайтын негізгі екі факторды бөліп көрсетеді:

1. Сыртқы немесе экстремалды – бұл физиологиялық және психологиялық функциялардың кернеулі дамуы кезеңінде барлық физиологиялық қорды шығындайтын физикалық және ақпараттық сипаттамалар.

2. Ішкі факторлар – жүйке жүйесінің сипаттамалары: темперамент, мазасыздық деңгейі, фрустрация көрсеткіші, ригидтілік, тұлғаның невротикалық көрінісі және т.б[2].

Осылайша, эмоциялық күй адам үшін маңызды немесе әлсіз, бірақ ұзақ мерзімді әсер ететіндігі белгілі болып отыр. Күйлер жетістікке жету үрдістеріне, оқушылардың оқу үлгеріміне, жалпы жағдаяттарға даярлығына, қоғамда қарым-қатынас орнатуда, тұлға ретінде дұрыс қалыптасуында ықпалын тигізеді.

Мұндай жағдайда ең жақсы көмекші құрал – арт-өнер болып табылады. Ол бұзылыстарды түзетіп қана қоймай, тұлға бойындағы жан-жақтылықты анықтап оны ары қарай дамытады. Психологияда өнерді тиімді пайдаланудың бір бөлігі ретінде арт-терапия пайдаланылады. Аталмыш терапия әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық жұмыстарда тұлғаның гармониясын және психикасын дамыту үшін қолданылады.

Арт-терапияның негізгі міндеті – адамның өзімен гармонияда болуын қамтамасыз ету. Сондықтан жасөспірімнің депрессиялық күйі туралы сөз қозғалғанда бұл әдістің маңыздылығы арта түседі. Бұл шығармашылық әрекеттердің көмегімен бейсаналы сезімдер, эмоциялар, күйлерді ояту арқылы жүзеге асырылады.

Терапияның үлкен оң тұсы жасөспірімге өзін көрсетуге және өзін тануда толық еркіндік беріледі. Себебі, жеткіншектер өзінің қалауын көрсетіп, ішкі стереотиптерді бұзу арқылы әрекет ету әлдеқайда маңызды. Әлеуметтік ортамен толық танысу барасында жасөспірім – өзінің орнын анықтап, өзінің кім екенін түсініп, маңыздылығын сезіну үшін түрлі тетіктерді пайдаланып, қалыптаса бастайды. Осы тұста психологиялық бұзылыстардың және эмоциялық күйлердің нашарлауын алдын алу үшін жасөспірімдерді барында қолдап, түсінуге тырысу қажет. Қолдау барысында бұйрық немесе пәрмендер беруден аулақ болып, еркіндікті оқушының өзіне тапсырған дұрыс[3].

Арт-терапияда жасөспірімдердің эмоциялық жетілуіне оң әсер ететін және емдік көмек көрсете алатын үш негізгі факторлар бар. Сол факторларды толық қарастырып өтейік.

1) шығармашылық экспрессиялық белгі – өзінің сезімдері мен қажеттіліктерін айқындап, көрсетуге мүмкіндік береді. Кейде адамның ішкі әлемін қалыптастыруда немесе өзгелерге жеткізуде сөз және әрекеттер жеткіліксіз болып жатады. Сондықтан эмоцияны анық көрсетудің бір жолы ол – шығармашылық. Сонымен қоса, шығармашылық пен арт-терапияның көмегімен адам өз қажеттіліктерін де жеткізіп, тұспалдап, бейнелей алады;

2) психотерапиялық қатынас белгісі – қауіпсіз орта және төзімділікпен қамтамасыз ету мүмкіндіктерімен тікелей байланысты. Эмоцияларды жетілдіруде клиенттің немесе оқушының еншісінде жайлы әрі қауіпсіз орта болғаны дұрыс. Себебі, эмоциялар адамның тым терең ішкі әлемінде жасырылған. Оларды шығару үшін терапевт те төзімді әрі эмпатияға бейім болғаны дұрыс. Мұнда оқушы мен психолог-терапевттің арасында сенім байланысы орнағаны ыңғайлы;

3) интерпретация және вербалды кері байланыс белгісі – бұл ішкі жан дүниені қалыптастырудағы көмек. Жасөспірім өз эмоцияларын дұрыс интерпретациялай алмайтындықтан оған терапевт немесе психолог көмек көрсете алады. Мұндағы психологтың негізгі міндеті тек жеткіншек оқушыға бағыт беріп, дұрыс сұрақтар қойып вербалды түрде қолдау мен көмек көрсету[4].

Арт-терапияның түрлері мен тәсілдері өте көп: сурет салу, ертегі-терапиясы, мифтерді пайдалану, суды, музыканы пайдалану.

Бұл мақалада ең көне арт-терапияның түрі – мандала терапиясы туралы айтылады. Мандала терапиясының негізін емдеу және психологиялық көмек көрсету кезінде К.Г.Юнг пайдаланған. Терапияның негізгі ерекшелігі адамның еркін ассоциацияларын пайдалану болып табылды.

Мандалалар жасалуы және қолданылу тәсілдеріне байланысты бірнеше түрлерге бөлінеді. Оқушы шеңбер ішіне өзі қалаған ассоциативті белгілерді салып, оны бояп интерпретация жасауы мүмкін; немесе дайын символдардан құрастырылған бейнені өзі қалаған түстерімен бояп шығуы мүмкін. Түстердің боялу реттілігіне және шеңбердің боялу аймағына қарап, оқушының эмоциялары мен ішкі гармониясын интерпретациялауға болады[5].

Мақаланың жаңалығы болып отырған ұлттық ою-өрнектер. Мақала атауында көрсетілгендей «Қазақша мандалаларды» балалардың эмоциялық күйімен жағдайын жақсартуда тиімді пайдалану ұсынылып отыр.

Әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері мен болмысы болады. Олардың эмоциялары да ұлттық табиғилығына байланысты бір-біріне ұқсамайды. Қазақ халқының да тек өзіне тән эмоциялық жетілуіндегі ерекшеліктері бары анық. Сол ерекшеліктеріне байланысты эмоциялық күйді жақсарту үшін ұлттық ою-өрнектер таңдалып отыр. Мандала терапиясында басты назар символдарды оқуға аударылады. Ал ою-өрнектердің өзінің тарихы, мәні және күші бар екені бегілі. Қазақтың ата тегімен байланысқан оюлар жасөспірімдердің бойындағы архетиптік ерекшеліктеріне бағыттанып, тереңде жасырылған эмоциялық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақ халқы әр оюдың өз мәні және оқылу тәсілі бар деп сенген. Сол себепті бірнеше оюлардың ерекшеліктеріне тоқталып өтсек болады:

Түйетабан – алыс сапарға шыққанда сапары оң болып, олжалы болады деп осы символды сапарға шығушының торсығында көп бейнелеген. Осы ою адамдардың қалауларына тез қол жеткізу үшін көмектеседі деп ойлаған. Түйе алыс сапарға төзімді және қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жануар болғандықтан, осындай ойлармен тікелей байланыстырған.

Жұлдыз – қазақ халқының Тәңіршілдікпен тұрмыс-тіршілігін байланыстырғанының бір айғағы. Аспан әлемі адамды қолдап және қорғап жүреді деп сену. Жұлдыз алыс сапарға шыққанда жол нұсқаушы және көмекші. «Маңдайға біткен жұлдызы іспетті тұсбағар» болып тұрады деп сенумен тікелей байланысты. Жұлдызы оң болып, сәттілікке кенелетінін күту.

Тұмарша – қазақ қыз-келіншектерінің әшекей-бұйымдарында көп қолданылған өрнек. Атауы айтып тұрғандай тұмар іспетті жамандық атаулыдан, тіл-көзден сақтап, қорғайтын бұйым, әшекейлерге қолданғандықтан осы белгі «Қорғаушы» секілді қызмет атқарған.

Гүл – адам баласының табиғатпен етене байланысты екендігінің айғағы. Адам табиғатсыз күн кеше алмайды. Сәйкесінше, гүл де өмір тіршіліктің белгісі. Яғни энергияны, жаңа ресурстар мен саулықты адам табиғатпен байланыстырған. Қазақ халқы жайлауда еркін өмір сүргендіктен табиғаттың қадірін жақсы білген.

Құсқанат – құс екі қанатына сенетіндіктен, бұл сенімділік пен қосымша күштің белгісі. Анимизмді тұспалдайтын ою-өрнектердің қатарында бар[6].

Мүйізді оюлар – жамандық атаулыдан сақтайтын, байлық пен берекенің нышаны. Үй іші береке мен дастархан жақсы дәмге толсын деген ниетті білдіретін белгі. Кезінде киіз үйлердің текеметтері мен тұмыстық заттарында молынан бейнеленген.

Осы іспетті оюлардың қанша түрі болса, сонша мәні мен мағынасы бары анық. Оюлардың түрлерінен бөлек мандала терапиясында пайдаланылатын түстерге де түсіндірме жасап өткен жөн.

Бізді түрлі түстер айнала қоршап тұр. Сондықтан да, түстердің адам санасына әсері болары сөзсіз. Көптеген ғалымдар түстердің түрлі ғылым салаларындағы маңызы мен ерекшеліктерін зерттеумен айналысқан. М.Люшер адамның эмоциялық күйінің кейбір түстер гаммасынан тәуелділігі болатынын анықтаған. И.Иттен түстердің физиологиялық болмысын және ерекшелігін зерттеп, адамның қолданған түстері оның сырт келбетімен қалай байланысатынын зерттеген. Б.А.Базыма түстерді жүйке жүйесі мен психикалық жағдайларға әсерін қарастырған. XIX ғасырда түстер терапиясын өзге терапияларды ресми түрде бөлек ғылыми бағыт ретінде қарастырған. Сол кезеңдерде адамдарды емдеу үшін түстерді пайдалану таны-малдылыққа ие бола бастады. Сонымен қатар, түстер терапиясының көмегімен адамдардың эмоциялық-психологиялық жағдайын жақсартатын терапиялық орталықтар пайда бола бастады[7].

Жасөспірімдік кезең баланың өміріндегі ең қиын кезеңдердің бірі саналады. Себебі, бұл кезеңде эмоциялық күйдің тұрақсыздығына алып келетін физиологиялық өзгерістер орын алады. Мұндай жағдаймен бала өзі жеке қалып, өзіне көмектесе алмайды, ал оның қалауларына килігіп, бұйрық беру жағдайды мүлдем нашарлатып жіберуі мүмкін. Сол себепті мандала терапиясын тиімді пайдаланған жөн. Мандалалар адамның жан дүниесіне және бейсанасына әсер ете алатыны осы уақытқа дейін түрлі ғалымдардың зерттеулерінде дәлелденіп отыр. Ендігі кезекте қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің мағынасы мен мәнін пайдалана отырып, оны мандала терапиясының бөлшекті терапиясы ретінде пайдаланып, мектеп қабырғасындағы балалардың эмоциялық күйінің жақсаруы үшін қолдану ұсынылып отыр.

Қорыта келе, жасөспірімдердің эмоциялық жетілуі мен күйінің жақсаруы бүгінгі күні ата-ата үшін де, мұғалімдер үшін де, психологтар үшін де маңызды мәселе. Ол үздіксіз зерттеле беретін тақырып. Тек зерттеп қана қоймай, тиімді қолдау және көмек көрсету жолдарының қарастырылғаны жөн. Мақала барысында қазақша мандалаларды құрал ретінде пайдалану ұсынылды. Бұл идея тек осы тақырыппен ғана шектеліп қана қоймай, этнопсихология және этнопедагогика салаларының жаңалығы ретінде өзінше өмір сүріп, зерттелуі жалғаса бермек. Себебі, қазақ ою-өрнектерінің тарихы мен сакральді мәні тым бай. Сол тарихи мұраны мектеп қабырғасындағы балаларға дәріптеу арқылы психологиялық құрал ретінде тиімді және дұрыс пайдалана білу қажет. Символдардың терең күші жасөспірімдерге өзгеше көзқарас, жаңаша тыныс сыйлайды деп күтілуде. Алдағы уақытта қазақша мандала терапиясын музыка терапиясымен біріктіре отырып, толыққанды терапиялық көмек көрсету бағдарламасының жасалуы жоспарлануда. Музыка терапиясының құралы ретінде қазақтың аспаптарының көмегімен орындалған күй композицияларын қолдану көзделген. Жасөспірімдер тек психологиялық тұрғыда сау ғана емес, рухани және мәдени бай болулары қажет. Жастардың ұлттық болмысымызбен танысып тәрбиеленуі ұлттың болашағы үшін пайдалы болмақ.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Испулова С.Н., Шулаева И.А. Арт-терапия как метод социальной работы с детьми-сиротами: материалы международной научно-практической конференции «Технологии психолого-социальной работы в словиях мегаполиса». С-Петербург.2010.С.110-114.
2. Абраменкова, В.В. Социальная психология детства: учеб. пособ. для студ. унгов, пединст. и психол.пед. колледжей / В.В. Абраменкова. – М.: ПЭР СЭ, 2018. – 427 с
3. Маргарита Шевченко. Психологические тесты в рисунках. Познание себя и медитация/ М. Шевченко. – Москва: Издательство АСТ, 2018. – 144 [16] с.: ил. – (Практика психологии).
4. Копытин А.И. Практическая арт-терапия: Лечение, реабилитация, тренинг. – М.: Когито-Центр, 2008. – 288 с
5. Асанова Б., Птицина А., Әбдіғаппарова Ұ., Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихы және теориясы: – Астана: Фолиант,2008ж.
6. Топоров В.Н. Мандала // Мифы народов мира. М., 1992.с. 100-102.
7. Люшер М. Цвет вашего характера – Москва. 1997 г. – 240 с

**Ажирова А.Е.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,  
Философия және саясаттану факультеті,  
«Педагогика және психология» мамандығының I курс магистранты,  
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы*

## **ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ**

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу біздің қоғам алдындағы борышымыз. Ата-ананың болашақ жас ұрпақ алдындағы тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы-балаға үлкен сабақ. Жас ұрпақ тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, ұстаздан насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзін-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырылады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады.

Рухани адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азаматтық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталған.

Жастар – қоғамның жарқын болашағын қалыптастыратын капиталы ретінде, бүгінгі қабылданып жатқан стратегиялық мақсаттардың ертеңгі жүзеге асырушысы бола ала ма? Нақтылап айтқанда, жастардың әлеуметтену үдерісі дұрыс бағыт алып отыр ма? Әсіресе, қазіргі кездегідей, адамдар арасындағы қатыгездік, жеккөрушілік сынды және тағы да басқа қоғамға жат қылықтар үстемдік етіп отырған жағдайда адамдарға арнайы кәсіби көмек көрсететін мамандардың қажеттілігі артуда. Мұндай қажеттілік бүгінде қоғамда болып жатқан өзгеріс заттық өндірісті тек ғылыми-техникалық тұрғыдан қайта құрумен ғана емес, сонымен бірге сол еңбектің өзіне жаңа мазмұн беру, ол үшін оған жаңа адамды даярлау үдерісімен де байланысты болып отыр. Ол әрбір адамның әртүрлі әлеуметтік, техникалық үдерістерді шығармашылықпен, белсенділікпен ұйымдастыру және оларды жүзеге асыру. Мақсаты: жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін: оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру; жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту; ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу; жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру. Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарына негізделеді. Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу – тәрбие үрдісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру. Ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зертеп, дамыту.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық шарттары: оқушылар бойында мінез- құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және олардың өздерінің де бір-біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дарыту; мемлекетіміздің ұлттық тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін білу; өз өлкесінің мәдени құндылықтарын, тарихын, оның дамуына үлес қосқан адамдардың өмірі мен қызметін білу; мектепте өз өлкесінің (облыс, аудан, ауыл, мектеп) тарихын насихаттау мақсатында мұражай жұмыстарын жандандыру; оқушылар арасында мемлекет пен заңдарға зор құрметпен қарау сезімдерін қалыптастыру; оқушылардың мінез- құлықтарымен жүріс тұрыстарын заң талабына сай қалыптастырып, адамгершілікті әдет – ғұрыпқа тәрбиелеу; оқушылардың өзін- өзі тәрбиелеуіне басшылық жасау.

В.Сухомлинский: – Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруге тиімді ықпал жасайды, дей отырып, – Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады,- деген болатын. Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Түйіндей келе, адамгершілік тәрбиесі – бұл адамның туғаннан басталатын және өмір бойы жалғасатын, адамдардың мінез- құлық нормаларын игеруіне бағытталған үздіксіз үрдіс. Оның мазмұны оқушының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамиды. Оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктері. Әлемнің тұтастығын, адамның, қоғамның және табиғаттың бірлігі және өзара тәуелділігі; адамның, оның өмірінің және абыройы мен қадір-қасиетін, құқықтары мен бостандықтарының құндылықтарын, жалпы адамзаттық құндылықтарға жақындығын көрсетуді; қоғамдағы өзінің орны және неге арналғандығын, өзін-өзі мейлінше толық шығармашылық жүзеге асыру қажеттілігі; өмірдегі адами қарым-қатынастар құндылығын (отбасы, махаббат, достық) терең үйретіп, олардың танымдық белсенділігін, адамгершілік сапаларын дамытуға негіз болады.

Білім беру жүйесі тұлғаның рухани дамуына жоғары деңгейде кепіл бола алмайды, өйткені тәрбие – бұл күнделікті өмірдегі адамның әрбір адамға деген құрметі мен сыйластығы негізіндегі басқа адамдарға деген қарым – қатынасын анықтайтын тұлғаның сапасы. К.Ушинский: – Тәрбиелеудің басты міндетін адамгершілік әсер етуден құрайды,- десе, дана Абай: – Ақпейіл және ықыласты жүрек адамды жетелеуі тиісті, сонда ғана оның еңбегі және табыстылығы ерекше мәнге ие болады. Адам болып дүниеге келу жеңіл, бірақ адам болу қиын,- деген болатын. Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана адам болып қалыптасады. Қорыта айтқанда, тәуелсіз еліміздің төл перзенттері рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгерген, әлеуметтік мәселелердің шешімін табуда құзыреттілік таныта алатын, бәсекелестікке қабілетті, жан мен тән үйлесімдігін сезіне алатын саламатты тұлға болып қалыптасуы тиіс. Осындай ізгі мақсатқа құрылған игі істің болашағы да зор болары сөзсіз.

Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» деген. Ал, руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейрімділікке, ізгілікке шақырады. Олар адамды құметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттердің жиынтығы. Рухани-адамгершілік тәрбиені қалай іс жүзіне асырамыз? Олар мына қағидаларды сақтағанда нәтиже береді. Егер:

- тәрбие үдерісі жас ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерді игеруіне бағытталса;
- жас ұрпақ рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында әрекеттік, іскерлік дағдыларды игерсе;

– жас ұрпақтың бойында әлеуметтік мәні бар рухани-адамгершілік қасиеттерді өз іс-әрекетінде, мінез-құлқы мен тіршілік әрекетінде көрсете алу мүмкіндігін ерікті таңдаса.

Демек, рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе жас ұрпақты тәрбиелеу. Сондықтан, әрбір жас ұрпақ өзін-өзі рухани жетілдіру үшін, өзін тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылуы қажет екенін түсінуі тиіс деп ойлаймын.

Адамгершілік тақырыбы-мәңгілік. Ол ешқашан да ескірмейді. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиет. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделекті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерінің қалыптастыру оның жеке бас мәдениетінің негізін құрайтын рухани құндылықтар жүйесін игерумен тығыз байланысты. Жеке тұлғаның жалпы адамзаттық мәдениетпен үйлесімділікке дамуы оның рухани-адамгершілік қасиеттердің деңгейіне тәуелді болып келеді. Өзгеріп жатқан өмір жағдайларына бейімделе білу, әлеуметтік саяси жағдайларда өз көзқарасы мен сеніміне, идеалына және ізгілікті құндылықтаға сүйене отырып мақсат қоя білуіне жағдайлар жасау керек. Осындай қасиеттерді адам бойына қалыптастыра алатын болсақ, адамгершілік бағытындағы қарым-қатынас мәдениеті жоғары деңгейде көрінері анық.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Әдеп және жантану/ хрестоматия/ Атамұра Алматы, 1996.
2. Ш.Елеуенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.
3. Есім Ғарифолла. Ұлттық өркениет және мәдени бағдар // Қазақстан: сындарлы жылдар және ғаламдық мәселелер. – Аматы: Қазақ университеті, 2003. – 305 б.
4. Игенбаева. Б.Қ., Адамгершілік сабақтары. Алматы: «Дәуір» ЖАҚ «Кітап»-2001.
5. Төлеубекова Р. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика: әдістемелік құрал. – Алматы: РБК, 1994. – 140 бет.
6. Т.А.Ильина. Педагогика. – Алматы, 1977.
7. А.Құнанбаев шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1954.
8. И.А.Қайров Адамгершілікке тәрбиелеу әліпшесі. Алматы, 1980.
9. Қ.Б.Сейталиев. Тәрбие теориясы. – Алматы, 1976.
10. В.А.Сухомлинский. Балаға жүрек жылуы. – Алматы, 1976.

**Ташкеева Ж. Т.**

*№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі, жалпы және кәсіптік білім беру кафедрасының оқытушысы*

**Қуатбек А.Е.**

*№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі, Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі мамандығының I курс білім алушысы*

## **ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

Адам баласы «көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады», – дейді Ұлы Абай. «Адам баласы анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар-тәннің құмарлығы, екіншісі-білсем деу-жан құмарлығы»...(қырық үшінші қара сөз) деп ой түйіндей келе, «адам бойына жан құмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты ақыл, ғылым... ол таланттылық пен ерінбей еңбек еткен адамның қолына түседі...» деген астарлы ой біздің мақаламызға арқау

болып отыр. Алайда адамға ғылымнан бұрын тәрбие беру керек. Тәрбиесіз ғылым зұлымдыққа апарары хақ.

Тәрбие – адамға сапалы өмір сүргізеді. Тәрбие – адамның жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнері мен мәнін, ой өрісін қамтиды, адамға оң мен солды, жақсы мен жаманды танытады. Адам дүниеге келгеннен бастап өмір сүруге, дүние тануға құқылы. Адамның ерік-тілектері, іс-әрекеттері басқа адамның құқығын бұзбауы тиіс. Тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақтың қоғамдық, әлеуметтік, рухани, мәдени, әдеби өміріне белсене араласып, гуманистік, адамгершілік, демократтық, ағартушылық идеяларын уағыздаушы Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырып, артына мол мәдени мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердиев ақын, жазушы, аудармашы, философ, шежіреші, өз бетімен ғылыми-білім биігіне жоғары көтерілген әмбебап ғұлама еді. Қазақ қоғамы дамуының ішкі заңдылықтарына қарай әлеуметтік, экономикалық қайшылық, қақтығыстар, күрес-тартыстар шиеленісте, қазақ даласында қалыптасқан қоғамдық ой-сана тынымсыз ізденіске түскен, орталықта революциялық дүмпулер туған кездері Шәкәрім әдеби өмірге құлшына араласып, Шоқан, Абай, Ыбырай салған ағартушылық арна дәстүрін әрмен қарай жалғастырғанды. Шәкәрім Абай үлгі еткен өнер-білімді, адамгершілік қасиеттерді өзіне ұран тұтып, «Жастарға» деген өлеңінде:

Ақылды сол – ынсап пен ар сақтайды,  
Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды.  
Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,  
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды, –

деп соқырға таяқ ұстатқандай көрсетіп, үлкендер айтқан ақылды қабыл алып, ар тазалығы үшін күресуді, өтірік-өсек, ұрлық жолы адамгершіліктен аздыратындығын, құсұм болма, өзгеден айланды асыр, азғырушылардың «ақыл-кеңесін алсаң оңбайсың, қор болып азып-тозып адамдық қалыптан таясың», -деп ақылгөй ағасы Абайға ұқсап әділет жолын сілтеген еді. [1]

Қазақ жастарына үлкен сенім артушы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айтылғандай, біз өз отанымыз – Қазақ елі мен оның байырғы халқы – қазақ халқын, басқа өркениетті елдермен салыстыра отырып, тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан өркениет ретінде қарастыруымыз керек. «Бұл – тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үніліп, оның түйінін шешуге мүмкіндік туады» – деген тұжырым Қазақстан жастарына үлкен сенім, әрі міндет артады. Елбасының мақаласы отандық тарихты дамытудың жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсетеді. Бұл туынды елбасының айтып кеткендей, оның «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының тікелей жалғасы болып табылады. Сондықтан біз төл тарихын жетік білетін, бағалайтын және мақтан ететін өскелең ұрпақты, ұлттық өркениетті тәрбиелеуге белсене атсалысуға міндеттіміз. [2]

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті: – Nur Otan – толағай табыстың және болашаққа жол ашатын жарқын жетістіктердің партиясы. Біздің ұзақ мерзімді стратегиямыз, мол табиғи ресурсымыз, саяси ерік-жігеріміз бар. Мемлекеттің қуаттылығы экономиканың даму қарқынымен және тұрғындардың тұрмыс сапасымен өлшенеді. Сондықтан мен өзіме сенім артқан халқымның болашақта емес, қазір бақытты болғанын көргім келеді. Біздің ұстанымымыз – татулық пен тыныштық, ұранымыз – береке мен бірлік. Тәуелсіз Қазақстанның арқа сүйейтін тірегі – баянды бейбітшілік пен келелі келісім. Бас партия болу дегеніміз – басқару емес, елге адал қызмет ету. Біз – халық бірлігінің партиясымыз. Бүгінгі съез Қазақстанды дамытудың жаңа кезеңіне жол ашады. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына бауырымыз бүгін, аман-есен, мол табыспен жеттік», -деп мақтаныш етуде. Алайда қазіргі қазақ қоғамында руханилық, патриотизм және ұлтшылдық төмендеп отыр, оның бірден-бір дәлелі биылғы жылдың басында елімізде орын алған «**Қаңтар оқиғасын**» атауға болады.




«Қаңтар оқиғасы» халықты дүр сілкіндірген, еліміздің іргесінің әлсіреуін көрсеткені анық. Бұл оқиғаға қатысушылардың дені – жастар. Жастардың бойында ұлттық құндылықтардың төмендегені әрбір азаматты қынжылтты деген ойдамыз. Себебі, жастардың Отанға алдындағы сүйіспеншілігі, жауапкершілігі, патриоттық ар-намыстың жоқтығыма деген ой туындайды.

Қазақ азаматтарының тәртіпсіздіктерінен өз еліне өздері шабуыл жасап, айрандай ұйыған мемлекеттің шырқын бұзушылардың, араға іріткі салушылардың сөзіне сеніп, құлдары болғаны қайғыртады. «Тәртіпсіз ел -құл болмайды», – деген Батыр Бауыржан Момышұлының сөзін ұмытқан қазақ халқының бұл іс-әрекеті өмірдегі ұмытылмас ең үлкен қателігі болды. [3].

Бүгінге дейін орын алып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу жолы қазақ халқының бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру болып табылады.

Кесте 1



Кестеде көрсетілген бағыттарды талдамас бұрын, «Құндылық» терминінің теориялық этимологиясына талдау жасаймыз. «Құндылық» сөзінің түп төркініне мән берер болсақ «құнды» сөзінен шыққан. Құнды деп танитын дүниелер біздің өмірімізде өте көп. Алайда адамдар көбіне құнды дүниелерге материалдық заттарды көбірек құрметтейтін кезеңге аяқ басты. Құнды дүниеміздің ең елеулісі ол – ұлттық құндылықтарымыз. Өйткені ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау арқылы рухымыз көтеріліп, ата-бабамыздың біздің бойымызға сіңірген игі қасиеттерін санамызда жаңғыртып, жүрегімізде ұйықтап жатқан ұлттық болмысымызды оята білуге септігі тиеді. «Рухы биік елді ешқашан жау ала алмайды», -демекші ұлтымызға қорған болған, жаһандану сияқты алпауыт үдерісте өзіндік келбетімізді сақтап, дариядай толқып жатқан өмір тербелісінде алып елдердің ығында жұтылып кетуден сақтаушы күш -ол ұлттық құндылықтар.

Берілген кестенің тармақтарын талдай келе әрбір бағыттың мазмұндық сипатын ашамыз.

**Ұлттық құндылықтарымыз** – ұлтымыздың қорғаны, келешегіміздің кемел болу жолында сәулесін шашып, құлдырап кетуден сақтап тұратын мәңгілік шамшырағымыз. Өзін қазақпын дейтін, бұл әлемді алшаң басып жүрген әр пенде «-Мен өз елімнің ұлттық жауһары тілімді терең меңгере білдім бе? Қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын өз деңгейінде сақтап жүрмін бе? Ұлттық аспаптарымды, ұлттық киімдерімді лайықты құрметтеп жүрмін бе» деген сыни сұрақты өзіне қоя білуі керек. Осы сұрақты шынайы қоя отырып, шын ниетпен еш жасандылықсыз адал жауап бере білуі тиіс. Халқымыздың бұл әлемде ұзақ жасауы, гүлденуі,

ұлттық құндылықтарымыздың сенімді бойтұмарымыз болып, ұрпақтан-ұрпаққа күн сәулесіндей шашырап, мәңгілік ғұмыр кешуі бізге байланысты. Ғаламда өмір сүріп отырған миллиардтаған адамдардың ішінде 9-10 миллионы ғана ҚАЗАҚ деген ұлттың өкілі. Саны жағынан аз болса да, рухани қуаты басым ұлы халқымыздың ұлттық жәдігерлерінің жоғалмай, өсіп-өркендеуі үшін әрбір қазақ жүрегінде ұлтқа деген шексіз құрмет пен сүйіспеншілік алауын өшіріп алмауы тиіс. Әрбір ұлттың қалыптасуында ұлттық құндылықтың алар орны ерекше. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Өйткені сан ғасырдан бері тәрбиелік мәнін жоймай, салт-дәстүрмен астасып, рухани құндылықтар мен ізеттіліктің асқан жоғарылығымен ұрпақтан-ұрпаққа келе жатқан ұлттық құндылықтар адамның тұлға болып қалыптасуында зор маңызға ие. Ұлттық тәрбиемен тәрбиеленген бала қазіргі алма-кезек заманда өз ұлтының ерекшелігі мен құндылығын бойына сіңірген болар еді. [4]

**Ұлттық даму бастауында тіл, дін және діл жатыр.** Бұл үшеуі – бір-бірімен біте қайнасқан бір тұтас дүние. Әрбірі аса маңызды элемент. Қазақ елі керегесі кең, шаңырағы биік мемлекет. Әрине, мәңгілік елдің болашағы ұлт тұтастығында екенінде дау жоқ. Осы тұрғыдағы негізгі мәселе ұлтымыздың үш тірегінің шұбарлануы. Әлемдегі тілдер арасында ең бай тіл өкілінің бірі бола тұра өзге тілде сөйлеуге әуестіктің бары өтірік емес. Ақиық ақын Қадыр Мырза әлі:

Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп, тұр бетте,  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте! –

деп жырлағандай, рухани қайта түлеу ана тілсіз мүмкін емес. Келесі мәдениет – адам жасаған «екінші табиғат». Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол – өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс.

**Мәдениет ұғымын** тереңірек түсіну үшін, оған мағыналық жақындығы бар кейбір басқа ұғымдармен арақатынасын қарастырып өтейік. Осы тұста біздің ойымызға бірінші түсетін ұғым – өркениет. Өркениет семантикалық жағынан алғанда (латын тілінің сөзі) азаматтық дегенді білдіреді. Яғни, «өркениет» – азаматтық қоғам, қалалық мәдениет, заңға негізделген басқару тәртібі даму дәрежесін білдіреді. Бұдан көретініміз, мәдениет пен өркениет бір-біріне байланысты ұғымдар екен. Мәдени әрекет деп мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс-қимылдарды атайды.

**Салт-дәстүр** – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы – мәдениеттің байлығы. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүр көрінісі. Өз тарихымызды, өзге халықтар мен мемлекеттердің тарихын оқып үйрену біз үшін бұрынғы ата-бабаларымыз қандай болғанын, қазір қандай екенімізді біліп, жан-жақты саралау үшін қажет. Біз тарихымыз арқылы өте маңызды оқиғаларды есте сақтаймыз. Өткен замандардағы дара тұлғалардың ерлік дәстүрін оқып-білген жас ұрпақтан ғана «елім-жерім» деген ерлер шығады.

**Тарих пен шежіре** – ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеп өсіреді. Сонымен бірге азамат баласының бүкіл тарихына ой жүргізетін жол. Біздің мақсатымыз беру-халқымыздың әлем тарихында алатын өзіндік орнын, атқаратын қызметін сезіну.

**Менталитет** – қазақ тіліндегі баламасы бойынша, кез келген адамның бойында болатын, атадан, тектен берілетін, қанына сіңген қасиеттерді дәріптейтін, белгілі бір қатаң шеңбер аясында өмір сүруге жетелеуші табиғи күш. Әрбір елдің, ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан

саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тұрмыстық, діни-тарихи, табиғи даму ерекшеліктеріне байланысты ұлттың мінез-құлқы, психикалық ерекшеліктері, ұлттық рухы, құндылықтары, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, дүниетанымдық ойлау жүйесі, менталитет қалыптасады. Шындығында ұлттың менталитетін анықтайтын бір өлшем жоқ. Ол үнемі өзгеріс үстінде. [5]

Демек, қазіргі қазақ жастарының бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолдарын қарастыру көзделіп отыр. Қазақ жастарының дамып қалыптасу өзегінде мектеп тұрғаны хақ. Сол себепті, бұл мәселені мектеп қабырғасынан қолға алып, тиімділендіруге болады деп есептейміз. Осы мәселенің шешу жолын қарастыру мақсатында бірқатар тиімді жолдарын ұсынамыз:

– Қазақ жастарының тілін дамыту мақсатында елімізде қазақ мектептерінің санын көбейту;

– Қазақ мектептерінде қолданатын құжатнамалық актілерді қазақ тілінде жүргізу;

– Орта мектептерде оқушылардың бойына ұлттық тәлім-тәрбие сіңіру мақсатында «Этноэтика» пәнін кіріктіру;

– Ұлттық құндылықтарды арттыру мақсатында мектептерде қосымша секциялық жұмыстарды күшейту;

– Қазақ жастарының патриоттық бағыттағы клуб, партия, бірлестік топтарын құру және оларға жетекшілік ету;

– Мектептердің тәрбие жұмысы жоспарына ұлттық тәлім-тәрбие тақырыптарын енгізу

Жалпы ойымызды қорытындылай келе, бүгінгі жастарымыз бойына ұлттық құндылықтарды үйіріп, отаншыл, ар-намысты, бейбітшіл, еліміздің мәртебесін биікке көтеруші өр тұлғалы азаматтар боларына сенеміз.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С.Қ Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы «Санат» 1995 ж. -233 бет
2. «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы. Егемен Қазақстан. 21 қараша 2018 ж.
3. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. –Алматы: Сөздік-Словарь., 2007 – 344 бет
4. Әдеп және жантану. Хрестоматия. – Атамұра Алматы. 1996 жыл
5. Исламбек А. Қазақтың ұлттық мінезі және менталитет қандай? Ақиқат № 5, 2013 ж., 12-15 бб.

**Кыдырбаева А. К.**

*доцент, кафедра меңгерушісі*

**Муратова А. А.**

*Магистр, аға оқытушы*

**Нурмуханова Г. А.**

*аға оқытушы, магистр*

*/Атырау инженерлік-гуманитарлық институты/*

## ҰЛТ ТАҒДЫРЫ – БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

Ғалым –педагог, қоғам және мемлекет қайраткері Төлеген Тәжібаев туралы ғалым ұстаз Қ. Жарықбаевтың төмендегі ақжарма сөздерімен мақаламызды бастауды жөн көрдік. Ғалымның Төлеген Тәжібаев туралы қазақтың ұлттық психологиясын, ұлттық мінезін зерттеу мәселесін тұңғыш көтерген ғұлама ғалым. Ал бұл жолға тек қана жүрегі ұлтым деп соғатын жандар ғана бара алады. Міне, Төлеген Тәжібаев сондай асылдардың қатарында деген сөзі дәлел. Өз Отанын, өз халқын, өз тілін тамаша ұлттық дәстүрлерін жалынды жүрекпен сүйген

өзінің Отанға деген сүйіспеншілігін сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрсеткен адам ғана нағыз патриот болып саналады деген.

Қазіргі кезеңде ұлттық тәрбиенің де маңызы жоғары. Осы бағытта жалпы азаматтық және ұлттық қасиеттердің айқындалуы, оның табиғатының анықталуы да адамгершілік белгілерін ашып, анықтай түседі. Ғалымдар тарапынан тәрбиенің мұсылмандық моделі деген қағида шығып жүр. Жалпы мұның анық-қанығын, негізгі принципті мәселелерін тәлімдік процеске қолдануға болады.

Қазақ халқының ғасырлар бойғы шаруашылығы, әдет-ғұрпы, тілі, дүние танымы, мәдени рухты өрісі ерекше. Соған орай ұлттық психология мен ұлттық менталитеттің арақатынасы, ортақ мазмұны мен табиғаты, құрылымы мен пішіндері жеке зерттеліп, ұлттық тәрбие құралының элементіне айналғаны жөн.

Ұлттық қасиеттің ең жоғарғы белгісі тіл болса, келесі бір үлкен белгісі –мәдениет. Әрбір халықтың жеке мәдени әлемі-тұнып тұрған рухани қазына, қайталанбас өрнек, таусылмас жан азығы. Тіл мен мәдениет әрбір ұлттың негізгі белгілері, негізгі қасиеті. Адам біткеннің сыртқы бейнесі мен ішкі мінезі бірінен – бірі айнымайтын ұқсас болып келсе, адамдар біріне-бірі оншама тартымды болмас еді. Сол сияқты әрқилы ұлттар, әртүрлі ұлттық өрнек пен нақыш болмаса, адамзаттың өмірі де мүлдем қызықсыз әрі жұтаң болғандай еді. Адамзат аясында әртүрлі халықтар мен ұлттардың болуы әрбір ұлтқа тән жеке ойлау қабілетін, жеке ой-сана әлемін қалыптастырды. Әрбір халық – даналық иесі, даналық істердің қайнар бұлағы. Халықтың дана болатындығы оның ой-санасы сан замандардың, ғасырлардың мәдени өрнектерімен, оқу білімімен, рухани толғаныстарымен сан қабат дәстүрлерімен толығып тұрады. Сонымен қатар халықтың мінезі, ісі, қарекеті әділдік пен мейірімділік, жақсылық пен қайырымдылық тәрізді рухани үлгілермен заман өткен сайын шындалып, зерделене түседі. Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, құлықтылық тәлім-тәрбие үлгісі болып табылады. Сондықтан да әрбір жас ұрпақ үшін ең мәнді тәрбие-ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі деп қараймыз. Өйткені мұндай тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып жататын адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі құрметтей түсетін, халықтың даналық өмір салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта, солармен үндесіп жатады. Бұлар бірін-бірі байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам-рухани бай адам. Ондай адам жалпы адамзаттық тұрғыдағы мәдени және рухани құндылықтарды бойына терең сіңіреді, сөйтіп толық әрі кәміл адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным – сенімі болсын, салт, дәстүрі болсын –мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Әсіресе, наным-сенімнің әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше.

Отаншылдық дегеніміз, ең алдымен өз Отанының тарихи қалыптасу, сабақтаса даму жолдарын түбегейлі зерделеп, сол жолдағы саяси –әлеуметтік және мәдени-рухани үдерістерді байыппен парақтап, одан әрі өз Отанының ғұмыр шежіресін өз өмірбаяны сияқты терең сезіне алғанда ғана мән-мағынаға ие болатыны күрделі категория. Бұл ретте адам бойына отаншылдық сана-сезімді дамыту, ең алдымен, білім мен тәрбие жұмыстарының сапасына, пәрменділігіне тікелей байланысты. Осындай кездерде елдің елдігін дәріптейтін, ұлттың ұлылығын ұлағаттайтын жүйелі білім мазмұны, әсіресе, қоғамдық-әлеуметтік пәндер арқылы жүргізілгені абзал. Сонда отаншылдық деген киелі ұғым жай ғана жақсы ниет деңгейінде қалып қоймай, әрбір нәрсені шынайы патриоттық сезімдерге бөлеп, одан әрі асқақ әрекеттерге бас-тайтын сапаға ие болады. Сонда ғана жастар өз ұлтының уызына жарып, ұлттық рухпен рухтанады, нағыз патриоттық сезім қалыптасады. Осындай ойды М.Шоқай 1931 жылы Яш Түркістан журналына былай деп жазыпты. («Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды. «Түрі

ұлттық, мазмұны пролетарлық болсын» деген формула халықтық рухқа сай келмейді. Халықтың рухани дүниесі яғни мәдениеті біртұтас құбылыс. Оны мазмұнға және түрге бөлуге болмайды. Кез келген рухани мәдениет өзінің формасымен де, мазмұнымен де айқындалады. Қазақстан сияқты көптеген ұлыстар мен ұлттардың өкілдері шоғырланған мемлекеттің алдында біріншіден біртұтас білім кеңістігін қалыптастырып дамыту міндеті тұрса, екіншіден жас ұрпақты қазақстандық мәдени-рухани қайнарлардан сусындату тарихи қажеттілік болып отыр. Жастардың азаматтық тұлғасы мен отаншылдық асқақ сезімдері тек қана біліммен тәрбие барысында қалыптасады. Бұл ретте, Отан, ел-жұрт, төлтума, мәдениет, салт-дәстүр, моральдық-этникалық нормалар туралы білім мен біліктің қайнар көзі қоғамдық ғылым пәндерінде екені басы ашық ақиқат.

Бүгінгі таңда ұлттың жан дүние ерекшеліктерін әлеуметтік психологияның маңызды саласын этнопсихология зерттейді. Бұл құбылыстар мен экономикалық, әлеуметтік, саяси құбылыстардың ара қатынасы ұлттық психология дамуындағы жалпы заңдылықтар, ортақ қасиеттер мен өзіндік өзгешеліктер, этностың ішкі жан дүниесінің қалыптасуындағы сана мен іс-әрекет бірлігі, ұлттық психология және жеке адам, басқа да мәселелер-осы ғылымның зерттеу нысаны. Ортақ шаруашылық, табиғи табиғи, әлеуметтік-саяси кеңістік, тіл, тарих, салт-дәстүрғадыр негізінде белгілі бір ұлтқа тән тұрақты психологиялық мінез-құлық жан дүние қалыптасады. Оларды жалпы адамзаттық қасиеттердің ұлттық түрі деп қараған шындыққа жақын. Барша адамзатқа тән құндылықтар ұлттық болмысқа сәйкес алуан түрленеді. Ұлтты біріктіретін де, ұлтты ұлттан айыратын да белгі –ұлттық сана-сезім. «Біз өзімізді өзіміз басқалар арқылы таныдық» деп Ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов жазғандай, бізді олардан айырып, бізді оларға қарсы қою, салыстыру арқылы ұлттық сана қалыптасады. Әрине, ұлттық сана-сезім, ұлттық дүниетаным халыққа туа біткен, сондықтан қазақ халқының рухани дүниесі, бай ауыз әдебиеті қалыптасқан тәрбие жүйесі қазақ елінің жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келді. Рухани қазынамыз қазынамыз, әсіресе өшпейтін мұра-ауыз әдебиеті, қоғамдық ой зерденің негізі болды.

Әр ұлт өз тағдырына тән мәселелерді өзіндік жолмен шешеді. Ұлттық топыраққа басқа өркениетті көшіру, тарихи тәжірибе көрсеткендей күйзеліске әкеледі. Ұлттардың рухани бейнесінің екі жағы бар, идеологиялық және психологиялық. Олардың идеологиялық жағына әдебиет, өнер, ғылым, философия, дін т.б. жатқызамыз. Әрине рухани бейненің бұл жақтары өзара шартты байланыста болады.

Ұлттық дүниетанымның құрылымдық элементтерінің күрделісі-ұлттық сана –сезім болып табылады. Ұлттық сана-сезім дегеніміз өзінің ұлттық өкілдігін мойындай отырып, ұлтына деген сүйіспеншілік, халық мұраларын, мақтанышын бағалай білу, ұлттық мүдде мен оның қажет болғандығы азаттық қозғалысы үшін қимастық борыш сезім. Халықтардың сана-сезіміндегі терең айырмашылықтар олардың өмір сүру жағдайларының түрліше деңгейінде, әр қилы басқыштарында болуы салдарынан.

Тағдырдың әлеуметтік тізгіні ұлттың өз қолына берілді. Тарих пен қоғамның белесі ұлттық қарым қатынастар құбылысы үшін тағы бір кезең ашты. Ұлтқа, еліне қызмететудің ерен үлгісін көрсеткен жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ зиялылары ұлттық тәрбиенің ғылыми негіздерін жасады. Мәселен, Мағжан Жұмабаев «Әр тәрбиешінің қызметі ұлт тәрбиесі соның ішінде жас ұрпақты тәрбиелеу. Әрбір ұлттың бала тәрбиелеуі туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар, әрбір ұстаз, тәлімгер онымен таныс болуы тиіс» -дейді. Шынымен де елдің елдігін сақтап, көсегесін көгертетін ұлтжанды, жігерлі, білімді ұрпақты қалай тәрбиелеп, өсірудің жолдарын үйрету туралы жазбаған бірде-бір Алаш зиялысы болған жоқ десек, артық айтқандық емес. Осы орайда Міржақып Дулатовтың отансүйгіштік өлеңі оған толық дәлел.

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,  
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.  
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,  
Пайдалан шаруаңа жараса алаш.

Осы жолдардан түйетін түйін жастар тәрбиесіне баса назар аудару мәселесі. Өз ұлтының шын тарихын, әдебиеті мен мәдениетін білмеген ұрпақ отансүйгіш патриот бола алмайды. Әркімнің айтқанына ілеседі, жетегінде кетеді, Тарихымыздың барлық тұстарында да жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге үлгі етерліктей өнегелі тұстар жеткілікті, айтулы тұлғалар да мол. Бұл қазіргі жаһандану дәуірінде болашақта өкіндірмейтін істер жасау тек намысты, ұлттық рухы сөнбеген, отаншыл, жеке бас мүддесінен ұлт мүддесін жоғары қоятын адамдардың ғана қолынан келеді.

Адамзатты өркениетке жетелейтін, ізгілікке үндейтін патриоттық сананы әрбір ұлт азаматының бойынан көруіміз керек. Бүгінгі өскелең өмірде талап пен талғам, ұлттық болмыс оның ішінде патриотизм – ең басты да негізгі қасиет. Жеке адамның өзіндік іс-әрекетіндегі өзгерістерді, психологиялық қалыптасқан қасиеттерді баса көрсету басты мақсат. Елжандылық, ұлтжандылық ұғымы бір ғана күннің немесе жылдың нәтижесі емес. Ол ұзақ уақыт қалыптасқан нәрсе. Рухани мәдениет аталатын әсемдік әлемінің төріндегі киелі де жарқын жұлдыздардың бірі әдебиет болғандықтан оның басты міндет борышының негізгісі оның өмір сүріп отырған қоғамның этикалық-эстетикалық идеологиялық принциптеріне сәйкес қызмет ету керек екендігі белгілі жәйт. Сондықтан ұлтжанды әрбір қаламгер бүгінгі уақыт рухына қызмет ететін өзіне ғана емес, өзгелерге де қатысты өмірдің өзекті шындығын ұрпақ санасына жетерліктей етіп бейнелеуі керек. Нақтырақ айтқанда, уақыт рухын тап баса білген көркем туынды ғана онымен бірге жасап ел игілігіне соның ішінде жас ұрпақ тәрбиесіне қызмет етеді. Шындығында уақыт рухы, пәрменділігі деген сөздің екінші мағынасы замана талабы, дәуір мүддесі сияқты күрделі ұғымдармен астасып, сабақтасып жатады. Мәселен, М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы дер кезінде жазылғандығымен де құнды, яғни уақыт талабына сай мезгіл сауалына жауап ретінде дүниеге келгендігімен айрықша. Айталық осы шығарма қазіргі кезеңде жарық көрген жағдайда онда тағдыры, талайы басқаша болар ма еді... Ұлы жазушының қырқыншы, елуінші жылдар аралығында халықтың бүгінгісінен гөрі алдымен кешегі өмір тарихын таныту, тамырын тереңге салған, қалыптасқан ұлттық дәстүр-салты қажет кезде жаза білгендігі де ұлылықтың бір қыры болса керек. Осындай көшелі шығармалар арқылы жас ұрпақ тәрбиесіне ықпал ететін жәйттер баршылық. Патриоттық тәрбие мәселесі ұлттың намысын оятып, жігерлендіретін ерекше құбылыс. Ел намысы, ұлттың қадір-қасиеті, ең алдымен, оның Атамекенге деген көзқарасымен өлшенбек. Алдында сөз болғаналдымен Қазақстандық патриотизмге келсек, ол тек қазақтардың ғана өз Отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендейтін бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние. Былайша айтқанда, патриоттық сезімадамның туа біткен қасиеттерінен байқалмайды, ол белгілі бір әлеуметтік, саяси, тарихи ортада ұзақ жылдар бойына қалыптасатын құбылыс. Ол сөз бен істің ажырамас диалектикалық бірлігінің баламасы болуға тиіс. Қазақ елінің даму жолында әркім өз мүмкіндігіне қарай әрекет етіп, үлес қосса онда оның нағыз патриот болғаны деп түсіну керек.

Осындай талаптардың ең бастысының бірі – ел намысын қорғаудағы жау жүректілік, Отанын, Атамекенін ардақтау. Бүгінгі тілмен айтқанда патриоттық. Түркі көсемі Білге қаған, Күлтегін батыр мен ақылгөй Тоныкөк құрметіне қойылған құлпытастардағы жазба деректер де мұны айғақтайды. Бұл үрдіс кейін Қорқыт, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Махмут Қашқари, Жүсіп Баласағұн және қазақ ақын-жазушыларының шығармашылықтарын бойлай өтіп бізге дейін жеткен. Көшпелі қазақ өркениетінде Атамекен ең қасиетті ұғымдардың бірі саналды. Ежелгі түркі қағандығы кезінде тасқа жазылған Күлтегін ескерткішінде ел билеушілерінің отаншылдық үлгісі мен патриоттық сезімдері Қазыбек, Әйтеке билер, Ақтамберді, Бұхар жыраулар және жиырмасыншы ғасыр басындағы А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов бастаған ұлт зиялылары мен қайраткерлер отаншылдықты сөзбен ғана айтып қоймай, іспен де өнеге көрсете білді. Қазақстандық патриотизм – ел азаматтарының, еліміздің бүгінгі тұрақты өмірі мен жарқын келешегі жолындағы еңбегі мен күрескелігі іспетті. Отаншылдық сана-халықты топтастырушы рухани күш бола тұра, халықтың күш жігерін тәуелсіздікті нығайтуға

бағыттады. Сондықтан елдегі тәлім-тәрбие, идеология мен ақпарат жүйесі ел тұрғындарының бойында өзін еліміздің төл азаматы ретінде сезіну көңіл-күйін қалыптастыруы керек. Отаншылдық, елжандылық туған отбасына, туып өскен ортасына, туған топырағы мен табиғатына деген құрметтен басталады. Сондықтан отаншылдықтың қайнар көзі адамгершілік қасиеттер болмақ.

Қорыта келгенде баршаға мәлім бір ақиқат, отаншылдық, елжандылық, ұлтжандылық ұғымына қатысты мәселелерді ортақ игілікке айналдырудың озық үлгілері қалың бұқара назарына ұсынылмаса, онда патриотизм тақырыбының да жолы қысқа болғаны. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» өсиет еткенұлы данышпан Абайдың сөздеріне үңілсек, онда елді-гіміздің егемен ел болып қалыптасып, өркендеуі ұлттық біртектілікті сақтаудан басталады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кенжалин Ж. «Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз» Алматы, Санат баспасы, 1998 ж.
2. Серікова М.С. Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы. «Ұлттық тәрбие» 2 номер /2012 ж.
3. Бапаева М.Қ. Психологияны оқыту әдістемесі, оқу құралы. Алматы. 2019 ж.
4. Сейдімбек А. Қазақ әлемі, этномәдени пайымдау. Оқу құралы. Алматы 1997 ж.
5. Әлемдік мәдениеттану ойсанасы. 10 томдық. Алматы 2005 ж.
6. Ақиқат журналы, номері 5,6,7,27.
7. Аманжолов С. «Қазақтың әдеби тілі» Алматы, 2009 ж.

**Балабай Р.А.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»*

*мамандығының 4 курс студенті*

**Жұмабекова Қ.Б.**

*Ғылыми жетекші: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*аға оқытушысы*

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА БАУЛУ

Адамдар мен қоғамның салауаттылығы – бүкіл өркениетті әлем үшін әлеуметтік сипатқа ие болып отыр. Бүгінгі адам салауатты өмір мен денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімді адам деп санай алмайды. Себебі әрқайсымыздың денсаулығымыз бұл жеке байлық қана емес, ол сонымен қатар еліміздің дамыған елу елдің қатарына қосылуы үшін де қажетті шарт. Яғни адамдардың денсаулығы да сол елдің өркениеттік деңгейін танытатын маңызды факторлардың бірі. Ал денсаулықтың негізгі шарты – мәдени орта, салауатты өмір салты. Сондықтан да Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты өмір салты әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, тазалық пен сауықтыру шараларын сақтауымызға бағытталған» деп атап көрсеткен [1]. Оқушылардың бақытты болуы, өмір қуанышын қызықтауы, олардағы әрекеттің барлық түрінен жоғары нәтижелі болуы – өзін-өзі жақсы сезінуі, дене мүшелерінің ең жоғары деңгейде қызмет етуімен тығыз байланысты. Осы бағытта жас жеткіншектерді тәрбиелеу онша қиындықты туғызбайды. Себебі, дені сау бала барлық бастамалармен істерге қанағаттанарлық сезіммен, көтеріңкі көңіл-күймен қатыса алады. Дүниеге сеніммен шаттана қарайды. Мұндай жағдай тұлғаның барлық жағынан дамуына бірден-бір кепіл болады. Бұл, тәрбиенің мақсаты ретінде баланың әлеуметтену жағдайына нәтижелі ықпал етеді. Сондықтан да, біз оқушыларды салауатты өмір салтына бейімдеуге айрықша мән береміз. Олай болса «Салауатты өмір салты» деп нені айтамыз? Ол үшін «салауаттылық» пен «өмір салты» деген ұғымдардың мәнісін анықтап алған жөн. «Салауаттылық», яғни «деннің саулығы» – Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының Жарғысында көрсетілгендей дененің, моральдық және әлеуметтік

саулықтың, есендіктің толыққанды түрдегі жағдайы. «Дененің саулығы» – адамның қоршаған ортаға байсалды, теңгерушілік қатынасын білдіретін дене мүшелерінің қалыпты жағдайы. «Өмір салты» – адамның денелік, интеллектуалдық және еңбек әрекетін, тұрмыстық өзара қарым-қатынас дағдысын, орныққан мінез-құлық тәртібін, өмір сүру қарқынын, бірсарынды жұмысы, демалысы және қарым-қатынас ерекшелігін жатқызуға болады. Олай болса, «өмір салты» – деннің саулығына нәтижелі ықпал ететін «салауатты өмір сүру» ұғымын білдіреді.

Қазіргі ғылым салауатты өмір салтын: ең жақсы үйлесімді тәртіп, иммунитетті және денені шынықтыру, дұрыс тамақтану, зиянды әдеттің болмауы, жоғары дәрігерлік белсенділік деп түсіндіреді.

Баланың денсаулығының басты негізі оның рухани және тәндік жағдайы болып табылады. Әлеуметтік көздерін құрайтындар әлеуметтік байланыстар мен жеке қарым-қатынастары және рухани саулығының ажырамас бөлігі болып табылады. Жан саулығы – бұл біздің ақыл-ойдың, тәніміздің, жанымыздың саулығы. Жан саулығы – ойлау жүйесімен, қоршаған ортаны танумен және оған бейімделуді қамтамасыз етеді, бұл арқылы біз қоршаған ортаға, затқа, білім саласына, ұстанымға қатысты өз орнымызды анықтаймыз немесе сезінеміз.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру күрделі, жүйелі үрдіс. Сондықтан оны жүзеге асыру мына мәселелердің шешілуін талап етеді: құқықтық ортамен қамтамасыз ету; ақпарат рөлін арттыру; салауаттанудан білім беру рөлін күшейту, білім беру ұйымдарында салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі оқу-әдістемелік орталық құру; салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша қолданбалы зерттеулердің рөлін арттыру.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру бұл: біріншіден, жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан-жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру, екіншіден, салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс-шараларды жүргізу. Мектептегі оқушы денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты: тұлғаның психологиялық, дене-қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының уәждәмаларын, жеке бас тазалығын жете түсіндіру, олардың мінез-құлқында белгілі гигиеналық тұрақтылықты қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет ету, денсаулығын сақтау, нығайту, мәдени-гигиеналық мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Жасөспірімдерді салауатты өмірге тәрбиелеу барысында мұғалімнің және әлеуметтік мамандардың орны ерекше болуы тиіс. Мұғалім мектептегі басты тұлға. Қай мектептің болсын нәтижелі, жемісті жұмыс істеуі түптеп келгенде сол мектепте еңбек ететін әр мұғалімнің өз міндетіне, көзқарасына тікелей байланысты. Әлеуметтік маманның зерттеу жұмыстарының тиімділігі мен табыстылығы – оның танып білуге қолданған теориялық және практикалық ой-пікірлері, инновациялық әдістері, жаңа технологияларды, коммуникативті әдіс-тәсілдерді қолдануы болып табылады [2]. Яғни, жасөспірімдерді салауаттылыққа тәрбиелеуде инновациялық әдістерді қолданған әлдеқайда тиімді болмақ.

Қазақстан Республикасының «Білім заңында» мектеп оқушылары бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, адамзаттыққа тәрбиелеу және олардың ақыл-ой, танымдық шығармашылық қабілетін анықтау басты міндет екендігі айтылған. Осы міндеттердің жауапкершілігі негізінен мектептегі сынып жетекшісіне жүктеледі. Сондықтан оқушы бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, танымдық сана-сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құруды көздейді.

Салауатты өмір зиянды әдеттермен үйлеспейді. Алкоголь және басқадай маскүнемдікке әкелетін заттар, анаша, шылым шегу салауатты өмір салтын қалыптастыруға жан-жақты кедергі келтіреді. Зиянды әдеттер көптеген аурушаңдықтың қауіптілік факторы болып саналады және балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайына кері әсер етеді. Қазіргі кезде, жоғарғы сынып оқушыларына жүргізілген эпидемиологиялық тексерулер шылым шегу, шарап ішу, анаша пайдалану жастардың арасында кеңірек таралып бара жатқанын көрсетеді. Әсіресе



маскүнемдік бірінші орынға шығады екен. Маскүнемдікке бейім келетін ең қиын кезең – жасөспірім кезеңі. Бұл кезеңде жасөспірімдер тіршілігінде бірқатар маңызды өзгерістер болып жатады. Біріншіден, организмнің психо-эндокриндік қайта құрылуы қалыптасады, екіншіден жаңа көзқарас, қажеттіліктер қалыптаса бастайды. Психологиялық қайта құрылу дискомфорттық жағдайлардың пайда болуының себебінен қиын қалыптасады. Жасөспірімдердің мінез-құлқы тұрақсыздықпен, жылдам жәбірленгіш, өкпешілдікпен сипатталады. Осы кезеңде жолдастар тауып, топ құрып жүру қажеттілігі жоғары болады. Сонымен қатар, жасөспірімдер тобында өздерінің бағалайтын бағыты, пікірлері, демалыс уақыттарын өткізуі, көптеген қиын жағдайларды шешу тәсілдері қалыптасады. Сондықтан бұл кезеңде топтармен бірге арақшарапқа үйрену қауіпі артып, ата-аналары мен педагогтардың ескертпелері оның еркіндігіне, құқығына қарсылық көрсету сияқты қабылданып, көбінесе олардың мінез-құлқына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан, оларды бір жақты тыңдауға мәжбүр ету олардың қарсылығын туғызып, өз бетімен кетуіне әкеліп соғады. Бұл жағдайлардың бәрі алкогольдік ішімдіктерді оңай табуға болатындықтан және алкогольдік әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің кең таралуынан туындайды. Шынайы өмірдің қиыншылығынан қашу да балаларды алкогольдік топтарға әкелуі мүмкін. Яғни, негізгі іс-әрекеттеріне қанағаттанбау, істеген жұмыстардың нәтижесінің шықпауы. Осындай жағдайлардан өте маңызды психологиялық механизм жасауға болады: тіршілік түйткілдері мазасыздандырып, күткен жетістіктеріне жете алмаған жасөспірімдер алкогольдік топтарға «ауысуы арқылы қалыптасқан нормалар мен құндылықтарға өзінің қарсылығын көрсетеді. Сонымен қатар, ішімдікке қойылған қарсы талаптарды да бұзады. Зиянды әдеттердің алдын алудағы маңызды бағыт – жасөспірімнің жеке адам болып қалыптасуына, оның қажеттілігінің, сұраныстарының жоғарылауына, адамзат баласының қастерлейтін мәдени құндылықтарына көзқарасын, яғни жасөспірімнің рухани денсаулығын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Жасөспірімдер арасында алкогольге қарсы ағартушылық, тәрбиелік жұмыстар жүргізу – ішімдікке қарсы арнаулы профилактикалық тәсілге жатады.

Мектептерде зиянды әдеттерге қарсы тәрбие жүргізген кезде төмендегі принциптерді басшылыққа алған дұрыс: мектеп оқушыларын ерте жастан алкогольге қарсы тәрбиелеп, қалыптастыру. Алкогольге қарсы тәрбие мен ағартушылық бір бағытта, бірізділікпен жүруі қажет; Мұнда оқушының жас мөлшеріне сәйкес қарапайым мысалдан бастап, ішімдікке байланысты қоғамға да, өзіне де келтіретін зор кесепатты түсінідіру арқылы ішімдіктің зиянын ашып беру керек; Зиянды әдеттерге қарсы жұмысты балалар арасында қойылған фазалар мен кезеңдерге сәйкес жоспарлау; Оқушылардың әр түрлі жас топтарының психикалық ерекшеліктерін ескеру; Балаларды әлеуметтік-гигиеналық пайдалы белсенділігін жоғарылату, толыққұнды демалыстар ұйымдастыру; Жоғарғы сынып оқушыларын алкогольге қарсы жұмыстарға белсене араластыру. Оларға ішімдікке қарсы ағарту жұмыстарын жасату. Мұндай жұмыстар жоғарғы сынып оқушыларымен қатар бастауыш сынып оқушыларына да пайдалы болады. Өйткені бастауыш сынып оқушылары өзінің ата-анасымен, мұғалімдерінен гөрі жоғарғы сынып оқушыларына көбірек сенеді. Жасөспірімдер аудиториясында алкогольдің ішкі ағзаларға тигізетін зияны туралы дәрістер онша тиімді емес. Мұндай орталарда алкогольге қарсы жұмыстар балалар мен жасөспірімдер үшін қажетті құндылықтарға, яғни оның қабілетін, мүмкіндігін ашу, олардың жанұядағы, балалар арасындағы, қоғамдағы орнын тауып беруге бағытталғаны дұрыс. Ішімдікке қарсы жұмыстың мазмұны мәнді, түсінікті, адамзат баласының қажеттіліктерін дұрыс қамтитын терең ұғымға негізделуі керек. Балалардың салауатты өмір салты көбінесе ата-аналарының тіршілігіне, өзі тәрбиеленіп отырған ортасына байланысты болып келеді. Балалар мен жасөспірімдердің салауатты өмір салтын қалыптастыруды, олардың белгілі жасерекшелік, ұжымдық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізген

Егер болашақ ұрпақтың денсаулығын ойласақ, парасаттылыққа, адамгершілікке, сауаттылыққа осындай сана арқылы тәрбиелеген озық ойлы үлгілерді қазіргі кездегі мектептегі оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану өмірдің өзекті мәселесі болуы тиіс. Әр оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасау- әр мектептің, әрбір ұстаздың, әрбір ата-ананың парызы деп білуге болады. Шәкәрім атамыз «адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан

басым болатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек», - деген еді. Көзге көрінбейтін нәзік сезімді, аса құнды қасиеттерді жүректен жүрекке жеткізу шебер тәлімгердің ғана қолынан келеді. Біздің тәрбие бастамамыздың негізі салауатты өмірге жас жеткіншектерді баулу, оны қалыптастыру. Жастарымыздың жүзінен күлкі, жүрегінен жалын, саналы сезім төгілсе онда ұрпағымыздың денінің саулығы. Еңселі егеменді еліміздің ертеңінен үлкен үміт күтеміз. Жастардың денсаулығы, жігері, қайраты, білімі егемендігіміздің беделі, еліміздің мақтанышы болмақ.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан-2030 Стратегиясы.

2. Касымова Р.С.: «Әлеуметтік педагогтың жұмыс технологиясы»: Оқу құралы. Алматы: ҚазҰУ, 2020. – 200 б.

**Альчымбаева А. Б.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы, п.ғ.к.*

**Батталова К. Ш**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*

*«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 3 курс студенті*

## **«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕР**

Халқымыздың сан ғасырлар бойы жинап әрі сақтап келе жатқан әдет-ғұрпымыз, салт-дәстүріміз, сондай –ақ, жас ұрпақтың бойына қоғам талабына сай ең басты адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды осы «өзін-өзі тану» пәнін оқытуда өскелен ұрпаққа жеткізе аламыз.

«Өзін-өзі тану» пән ретінде баланың және жасөспірім тұлғасының рухани-адамгершілік мәдениетін дамытуға, өз өмірінің мәнін түсінуге, «Мен» – өзін өзі тану арқылы адамның жоғары жаратылысын меңгеруге бағытталған.[1,11б]

«Өзін-өзі тану» пәнін адамзатты тәрбиелеуде құндылығы басым екенін дәлелдеп және пәнді орта мектептерді оқытуды ұсынған С.А. Назарбаева. Сара Алпысқызы Назарбаева 1941 жылдың 12 ақпанында Қарағанды облысы, Қызылжар селосында дүниеге келді. 1992 жылғы ақпан айынан бастап – «Бөбек» республикалық балалар қайырымдылық қорының негізін қалаушы және президенті болып қызмет атқарған. Сара Алпысқызы «Бөбек» қорын құрып, жетімдерге жәрдемдескен және «Өзін-өзі тану» пәнін білім бағдарламасына енгізіп, жеткіншектерді ізгілікке баулыған тұлға. 2010 жылдың 1-ші қыркүйегі «Өзін-өзі тану» пәні Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіне жаппай енгізілді. "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының авторы Сара Назарбаеваның пәні алғаш рет 2001 жылдан бастап сынақ жоба ретінде Қазақстанның мектептерінде жүргізіле бастады. 2010 жылдың басында "Өзін-өзі тану" пәні 10.500 білім беру мекемесінің 184-інде оқытылды. Ал 2010-2011 оқу жылынан бастап "Өзін-өзі тану" міндетті пән ретінде енгізілді. «Өзін – өзі тану» пәні мемлекетіміздің ертеңгі азаматтары болатын, бүгінгі жас жеткіншектерге рухани – адамгершілік тұрғыдан бағыт – бағдар беру міндеттерін атқарады «Өзін-өзі тану» пәнінің мақсаты – рухани-адамгершілік тәрбие беру болып табылады. [2,17бет]


**Өзін-өзі тану** – бұл тұлғаның өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында өзі туралы нақты білім алуға бағытталған шығармашылық іс-әрекеті деп білеміз. Жалпы өзін-өзі тану пәнінің түпкі мақсаты келешек ұрпаққа адами құндылықтарды бойына сіңіріп, жеке тұлғалық сапалық көрсеткіштері жоғары қоғам құру.

Осы ретте «құндылық» терминіне теориялық талдау жасап, оның мән-мағынасын айшықтағанымыз жөн.

Жалпы педагогикалық еңбектерде «құндылық» түсінігіне ғұламалардың пайымдауларын негізге ала отырып, біршама жетекші ғалымдардың өзіндік талдаулары мен тұжырымдамаларын ұсынады.

Мәселен, адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне грек философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған әл-Фараби еңбегі ерекше көзге түседі.

Әбу Насыр Әл-Фараби Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ Әл-Фараби(870-950ж. ш.) – әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Жалпы «жан қуаты» немесе «өзін танымақтық» жайлы күрделі ой сарасына қазақ топырағында арғы заманда Фараби, соңғы дәуірде Абай терең бойлап барған. Абай: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деу арқылы тіліне, дініне, діліне, нәсіліне қарамай әлемдегі барлық адамдарға ізгі ниетпен, ақ көңілмен, жақсылық жаса деп айтқысы келген. Әбу Насыр Әл- Фараби – шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты. Жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт дейді. Олар:



Демек, жоғарыда берілген кесте арқылы әл-Фарабидің жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін маңызды үш аспектіні атайды. Ғұламаның философиялық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі. Ол, адам баласы, жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қорытындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде.

Сондай-ақ, Ш.Құдайбердіұлының философиялық еңбектерінің негізгі объектісі – адам болса, байлықтың ең үлкені – ғылым дей келе, «Өзінді өзің танысаң істің басы...» деп жырлайды. Мысалы, «Үш –ақ түрлі өмір бар» өлеңінде ол адам өміріне «ортаншы өмір» деген ұғымды қолданады. Бұл – адамның жастық шақ пен кәріліктің арасындағы белсенді өмірі, яғни, осы кезде уақытыңды босқа өткізбей, ғылымға үңілсең – өмірлік мұратыңа жеткенің – дейді. Шәкәрімге философиялық ойларды жазу оңайға түспейді. Ол бүкіл батыс Европа, Шығыс елдері ғалымдарының, философтарының еңбектерін зерттейді және өз тұжырымын жасайды. Мысалы, «Үш анық» еңбегінде, жалпыадамзатты жаратушы бір күш бар – ол бірінші анық- дейді. Ал, рух өлмейді, жан мәңгілік – бұл екінші анық – деді. Үшінші анық – ар-ұждан деп, оны білімнен де, ғылымнан да, бәрінен де жоғары қояды.

Педагогикалық еңбектерде құндылық терминіне және құндылыққа балама ұғымдарға терең теориялық анықтама жасалғанын көре аламыз және оларға контент талдау ұсынамыз.

№	Термин	Терминнің талдамалық сипаты
1	2	3
	Құндылық	қоршаған ортадағы объектілерді анықтау, оның адамға, қоғамға жағымды және жағымсыз мәнін (ақиқат, қайырымдылық және қатыгездік, әдемілік және зұлымдық) белгілеу, адамның қоғамдық өмірге немесе табиғат құбылыстарына қатынасы

1	2	3
	Құндылық	жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтың, ұжымның адамгершілік мәні, абыройы және қоғамдық институттардың (отбасы, мектепке дейінгі мекемелер, мектеп, қоғамдық ұйымдар, жоғары оқу орындары. т.б.) адамгершілік сипаттары
	Құндылық	адам өмірінің бағыт-бағдарын айқындайтын рухани күш, көпшілік адамдар мақұлдайтын және ортақтасатын жақсылық, әділеттілік, патриотизм деп бағалайтын жеке тұлға үшін қоғамдық-мәнді әлеуметтік бірлік, қоғам, тұтас материалдық, әлеуметтік объектілер
	Жалпыадамзаттық құндылық	әлеуметтік жүйе ретіндегі бүкіл адамзатқа ортақ, дүниежүзі халықтарының ғасырлар бойғы тәжірибесін қорыту нәтижесінде тұжырымдалған, қазіргі заманғы өркениеттің дамуын анықтайтын мұраттар. Құндылық қатынас объектісінің екі типі анықталған: ахуалды құндылықтар жүйесі және шынайы құндылықтар жүйесі
	Рухани-адамгершілік құндылық	белгілі бір бағыттағы мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адалдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе
	Отбасылық құндылықтар	бір-бірін сүйіп қосылған жанұялардың отбасын сақтау үшін қолданатын ежелден келе жатқан салт-дәстүрі. Отбасы-адамгершілік құндылықтар – қабылданған нормалар мен ережелер, тұлғаның құқықтары мен міндеттері, дүниетанымы

Кестеде көрсетілгендей, жасалған контент-талдау «құндылық» категориясының көп қырлылығы мен көп мағыналылығын анықтайды.

Жоғарыда аталған ұғымдардың қажеттілігін атай келе, «Өзін-өзі тану» пәнін оқытуда оқушылардың адами құндылықтарын арттыру мәселесі еліміздің бірқатар заңнамалық құжаттарында көрініс тапқан.

Мәселен, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңнамасына сәйкес 319 Заңының 1 бап 49-3 тармағында "Өзін-өзі тану" адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы – білім алушылардың үйлесімді зияткерлік және адамгершілік-рухани дамуын қамтамасыз ететін тәрбиелеу және оқыту жүйесінің мақсатын, мазмұнын, сондай-ақ, жұмыс істеуінің инновациялық тәсілдерін айқындайтын бағдарлама және де 5-баптың 6-5тармағында "Өзін-өзі тану" адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы бекітілген. Сондай –ақ, осы заңнамаға сәйкес, «Өзін-өзі тану» пәнін оқытуда әр бір балаға рухани адамгершілік білім беру басты талап болуы қажет.

Осыған байланысты «Өзін –өзі тану» пәнін зерттеген ғалымдарда аз емес, атап айтқанда:

**Р.С. Немов өзін-өзі тануды психологиялық білім негізінде қарастыра, маңызды қайнар көздерін атап көрсетеді:**

1. Қоршаған орта: ата-ана, туған-туыс, достар т.б баланың іс-әрекетіне қарап баға беріп, ал бала сол берген бағаны сенім ретінде қабылдап, қандай да бір өзіндік баға бала бойында қалыптасады.

2. Адам өз іс-әрекетін өзгелердің іс-әрекетімен салыстыра бағалауы.

3. Өзін-өзі тану мен өзгені тану көбінесе әртүрлі өмірлік жағдайлардан, әртүрлі тесттер арқылы жүзеге асыруға болады.[3, б. 9-19].

**С.В. Кондратьева** бойынша өзін-өзі тануды зерттеуде әртүрлі бағыттар, психологиялық механизмдер жайлы сұрақтар, басқа жеке адамды тануда өзара байланыс ерекшелігі және өзін-өзі тануы жеткілкті дәрежеде зерттелінбеген. Өзге адамды түсінуде және өзара байланыс механизмін, мазмұнын айқындауы, мінез-құлық рефлексивті қасиетін анықтауға жол ашады деп көрсетеді [4, б. 36].

**Л.Н. Десен** тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзге адамдардың ол жайлы білуі, тануының арасындағы өзара байланысын зерттеуде, ең алдымен қоршаған адамдар ортасында қарым-қатынастың деңгейін анықтау. Зерттеу мазмұнында тұлғаның қарым-қатынасы өзінің құрбыларымен, қарама-қарсы жынысты адамдар арасындағы қарым-қатынасы әсер етеді [5, б. 101].

**Ж. Маралов бойынша, «Өзін-өзі тану»** – бұл өзінің адами әлеуетін дамытуға және жеке бас қасиетін, интеллектуалды ерекшелігін, мінез-құлқын, өзінің қатынасын өзге адамдар арқылы өзін тану процесі.

Өзін-өзі тану ұғымының ғылыми тұрғыдан қарастырғанда, психологияда кеңінен ашылып көрсетіледі:

- өзін-өзі тану – психологиялық кемелді және ішкі үйлесімділікті қабылдау құралы;
- өзін-өзі тану – тұлғаның психикалық және психологиялық денсаулықты қабылдау жағдайы;
- өзін-өзі тану – тұлғаның өзіндік дамуының бірден-бір жолы және оның жүзеге асырылуы. Бұл мәндер өзара тығыз байланыста болып келеді және олар бір-бірін толықтырып отырады [6, б. 9-10].

Осы орайда «Өзін – өзі тану» пәніне көптеген ғалымдарды4 керемет ой пікірлеріне тоқтала кеткен жөн, «Өзінді-өзің танысаң істің басы» деп Шәкәрім айтқандай «Өзін-өзі тану» пәні арқылы балалар өмірде кездесетін түрлі жағдаяттарды шеше білуге, ойын ашық айтуға, пікірін, сезімін, көңіл-күйін жеткізе білуге, өз мүмкіндігін жүзеге асыруға, адами қарым-қатынас жасай алуға, өз денсаулығын сақтауға, жақсы қасиеттерін ашуға үйренді.

Әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби: «Дүниедегі ең оңай нәрсе – ақыл айту, ең қиыны – өзіңді-өзің түсіну», – дегенде, сәбидің даму ортасына, әсіресе ата-анасынан бастап барша адамдарға еліктеу барысында өзін-өзі танитындығына меңзейді. Сондықтан, мұғалімнің жүзі жарқын, сөзі мейірімге толы жүрекке жылы тиетін болса, бала одан мол үлгі алады. Мұғалім қайырымдылық, мейірімділік, адалдық, т.б. адами құнды қасиеттердің мағынасын жете меңгеруі тиіс. Баланы сүйе білетін, өзге жұрттың баласын өз баласындай жақсы көре алатын, сүйіспеншілік сезімі мол адам болуы керек.

“Адамдар тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшелігімен бірден дүниеге келмейді. Әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет. Өзіне немқұрайлы қарайтын кейбір қоғам мүшелері, басқалар қалай өмір сүрсе, мен де солай өмір сүремін деген принципті ұстағанымен шын мәнінде өмірде олай емес. Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз ол оның өзіне тән мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы – деп көрсетеді профессор С. Қалиев Қазақ тарихындағы ғұламалардың ой пікірлері жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға арналады.

А.Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, Ы. Алтынсарин, М.Жұмабаев, Ж. Аймауытов, сияқты ұлы ғұламалар адамды аса жоғары құндылық ретінде бағалайды. Оны табиғаттың, тірі дүние дамуының керемет нәтижесі, сондықтан да ол аса бір мәртебеге әбден лайық деп түсіндіреді.

Сондай –ақ, жоғарыда айтылып өткен ғалымдардың ой толғауларына сүйене отырып өзін-өзі тану пәнін оқытуда оқушылардың бойында адами құндылықтарды **арттырудағы мүмкіндіктерін атауға болады:**

- рухани бай адамды қалыптастыру;
- әр балаға жүйелі тәлім -тәрбие беру;
- баланың сабаққа деген құлшынысын арттыру;
- «Үлкенге құрмет- кішіге ізет» қағидасын ұстануға үйрету;
- балаға мейірім төге отырып, дұрыс әрекеттерді үйрету;
- өзін –өзі және басқа адамдарды құрметтеуге үйрету;
- Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті баланың бойына сіңіру;
- әрқашан басқа адамдарға қол ұшын созуға деген ынтасын ашу ;
- зорлық-зомбылықтан аулақ болуға үйрету ;
- балалардың жақсы әдет, мінез-құлқын қалыптастыру;

Ойымызды қорыта келе, әрбір мұғалім осы құндылықтарды әр бір баланың бойына дарыта отырып сабақ барысын өткізетін болса, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа өмірдің мәні бірлік, адалдық, төзімділік, адамгершілік, сүйіспеншілік, сыйластық, бақыт, татулық сияқты адами құндылықтарды үйрету арқылы әр бір баланың не болмаса адамның қоғамда өз орнын табуына, яғни мәнді өмір сүруіне үлкен көмегін береді деп ойлаймыз.

Сол себепті қазіргі таңда рухани бай тұлға тәрбиелеу әр бір мұғалімге қойылатын басты талап болуы қажет, себебі, мемлекеттің дамуы әрбір өсіп келе жатқан тұлғаның қолында деп ойлаймыз. Оқушылардың адами құндылықтарын жастайынан ашу және үйрету «Өзін-өзі тану» пәнін оқыту барысындағы басты талап болуы қажет.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Патриоттық тәрбие беру, С.Д Шаймұханова, Қарағанды 2014.
2. Методика преподавания предмета «Самопознание» в высшей школе: учеб.- метод. пособие / разраб. И.А. Абеуова, У.А. Ауталипова, М.К. Бапаева, Г.М. Касымова, Г.И. Калиева, К.Ж. Кожаметова, Х.Т. Шерьязданова. – Алматы, 2007. – 92 с.
3. Немов. Р.С. Практическая психология. / Р.С. Немов. Познай себя, -М., 1999. – 378 с.
4. Кондратьева С.В. Межличностные понимание и его роль в общении: Автореферат. дис. ... докт. психол. наук. – Л., 1979. – 36 с.
5. Десен Л.Н. Некоторые социально-психические особенности школьников юношеского возраста // Вопросы психологии. 1973. № 2. 99 – 104 с.
6. Маралов В.Г. Основы самопознания и саморазвития. / В.Г. Маралов – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 256 с.

**Ұзақбайқызы Г.**

*№73 мектеп-лицей, тарих пәні мұғалімі  
Нұр-Сұлтан қаласы  
«Абай Мырзахметов  
атындағы» Көкшетау университетінің  
I курс магистранты*

## **«Z» ҰПАҒЫН ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА БАУЛУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

«Мәңгілік Ел» идеясында ұлттық сана-сезімнің, ұлттық рухтың, патриотизм рухының, тарихи сана мен әлеуметтік жадының, кәсібилік пен бәсекеге қабілеттілік рухының жоғары даму деңгейі бар. Қазақстан халқының тәуелсіздігін, қауіпсіздігін, тұрақтылығын, дамуы мен тұрмысын жақсарту жөніндегі белсенді де шешімді іс-қимылдарға дайын болатын, ұлттық мәдениеттің рухани құндылықтарын дамытып сақтауға жауапты, өзге мәдениеттер өкілдерімен сындарлы келісім құруға жаңа буынның, қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу екені айқындалды. [1]

Жарқын болашақтың жастары «Z ұрпағын» тәрбиелеудегі ұстаздардың міндеті қандай? Ата- ана мен бала арасындағы байланыс қанша? Бір үйде бірнеше телефонда отырған адамдар бір-бірімен сөйлеспейді де. Балалардың қолынан телефонды алып қойсақ не болады? Телефоннан ажырамайтын жастарды қалай тәрбиелейміз?- деген ойлар мені қатты мазалады.

Еркіндікті бойына сіңірген, өз ойын жасқанбай айта алатын, көшбасшылық қабілеті мен жауапкершілігі бар балаларды «Z» – ұрпағы дейміз. [2]

«Z» ұрпақтар теориясы 20 ғасырдың аяғында қалыптасқан. Бұл- бір уақытта туып, бірдей оқиғалар мен тәрбие ерекшеліктерінің ықпалына байланысты ұқсас құндылықтары бар адамдар тобы. Олардың:

- дүниеге келетін уақыты – 2001-2023 жж.
- бір уақытта бірнеше жұмыс жасай алады.
- ақпаратты тез қабылдайды, бірақ тез шаршайды.

Бұл, балалар телефон- гаджетті өз дене мүшесі ретінде санайды.

Алдымыздағы осындай ұрпақты тиімді тәсілдермен жалықтырмай, әрі қызықтыра жүріп, ұлтжандылыққа тәрбиелеуді басты мақсат тұттым. Әрине, ұлтжандылыққа бір сабақта, бір

күнде баули алмаймыз. Алдымызға келген оқушыларды мектеп табалдырығын аттағаннан, аттанғанға дейінгі аралықта тәрбиелеу арқылы жетеміз.

Ғұлама ғалым Әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» дегенін ескерсек, сіз бен біздің алдымыздағы басты мақсатымыз біреу-ақ – өмірге бейім, ұлтжанды, Мәңгілік ел азаматын тәрбиелеу. Өзім басшылыққа алған, барлық пәнінің мұғалімдеріне және сынып жетекшілеріне **«Z ұрпағын»** ұлтжандылыққа баулып, қызығушылығын ояту әдістері топтамасын қарастыру жолдарын ұсынамын.

- PBL (project based learning) жобасы арқылы зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру арқылы ашық аспан астындағы «Атамекен» мұражайымен байланыс орнату;

- Өзара бірлесе және командада жұмыс істеуге баулу;
- Зерттеу дағдыларын дамыту және қорғау;
- Ұсыныс жасау арқылы саяхатқа жолдама алу;
- Мектепаралық ынтымақтастықты нығайту;
- Кәсіби бағдар беру;
- Мектеп бітіргенге дейін Қазақстанның аймақтарын аралап шығу.

#### **Күтілетін нәтиже:**

- Оқушылардың мәдениеті қалыптасып, экологиялық мәдениеті артады.
- Қазақстанның тарихи өңірлерін зерттеу арқылы Отанға деген шынайы сезімі қалыптасады. Жоба қорғауға атсалысады.

- Z ұрпағын ұлтжандылыққа баулудың тиімді жолдарына қол жеткізіледі.

Мұғалім шығармашылығы – ұшы-қиыры жоқ ізденіс, өнер, қиял, тапқырлық, үйрену, даму. Үйретуші сөз арқылы емес, әрекет арқылы үйретуді басты назарда ұстағаны жөн. Және сол әрекетті үйренуші атқарғаны дұрыс. Сол кезде ғана берген білім сапалы, алған білім өмірлік болары анық.[4]. Нұр- Сұлтан қаласындағы «Атамекен» ашық аспан астындағы мұражайын басты нысан ретінде алып, оқушыларды танымдық саяхатқа апару арқылы, PBL жобаларын қорғауды қолға алдық.

Қолдарындағы телефондарын пайдаланып, суретке түсіре жүріп, сезімдерін жаза жүріп, олармен ашық түрде сырласу арқылы ішкі ойларын сыртқа шығаруға қол жеткіздік. Әрбір оқушы бүгінгі танымдық саяхат кезінде «Мен үшін ерекшелігі», «Берілген ақпарат назарымды аударды», «Бұрын білдім, бүгін...» деген сұрақтарға жауап бере алатындай болуы тиіс. Таяуда сыныбымызбен «Атамекен» ашық аспан астындағы мұражайға бардық. Ең қызықтысы, көлеміне таңқалдым, өйткені арнайы жанымызда бағдарлап жүрген гид мұражайдың 1,7 гектар жерді алып жатқаны туралы айтқан болатын. Картада 14 облыс және 2 қала: Астана және Алматы қалалары бар. Қалалар, елдер мен халықтар тарихын көрсетудің осындай қызықты тәсілі көптеген елдерде де танымал: Австрия, Бельгия, Германия, Швейцария және тағы басқалары.[3]

Сол күні сәті түскендей, өз достарыма туған қалам Павлодарды көрсете алдым. Соның ішінде Г.Потанин атындағы өлкетану мұражайының ғимаратын және Мәшһүр Жүсіп Көпеев атындағы мешітті көрсетіп, мен де өз ойыммен бөлістім. Мен, «Атамекен» мұражайына барғанымға өте ризамын! – деп жазған Дархан Ләйлә басқа сыныптастарының ата-аналарының қолдауы нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанға сапар шегіп, ата-ана алдында Оңтүстік Қазақстан халқының тұрмысы мен тіршілігі, халқы, тарихи-мәдени ескерткіштерін солтүстікпен салыстыра талдап айта алды.

Біз үшін қызықты болған мәліметті тыңдағыларыңыз келе ме? Ал ендеше, бастайын! Қазақ халқы-мұсылман халық болып саналады. Мұсылман халқы тазалықты жанындай жақсы көреді. Сол сияқты Оңтүстіктегі сапарымызда монша қалдықтарын Тараздағы Көне Тараз қаласынан, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінен, Отырардағы Отырар төбесінен тамашаладық. Бізді таң қалдырғаны монша- бұрынғы заманда тек қана гигиеналық тұрғыда емес, ақпарат алмасу орны да болса керек. Себебі моншаға әр мемлекеттен келген адамдар бір

түн түнеп, сырласады. Базардың жанында көптеген құдықтар орналасқан. Сенесіз бе? Құдық дегенім- түрме. Ол не үшін базардың жанында орналасқан деген ойға келдік. Сөйтсек: базарда қылмыс істеген адамдарды соның ішіне тастайды екен. Ал халық олармен бетпе-бет кездесе алады, соның салдарынан қылмыскерлер халық арасында жүруге ұялады. Бұдан нені білуге болады? Әрине, тәрбиелік мәнінің ерекшелігін. "Адам ата мен Хауа ана жартасын" барлығыз біледі деген ойда емеспін. Себебі бұл жер бізге де жұмбақ болған еді. Менің есімде өмір-бақи сақталып қалатын бір қадірлі сәтті айта кетейін:

Адам үйден қырық қадам аттағанда, мүсәпір болады деген. Алайда біз осы жолғы сапарымызда ешқандай қиыншылықты көрмедік. Керісінше барған 19 баланың бойындағы ерекшеліктерін көрдік. Балалардың алдында ашыла бастадық. Кемшіліктеріміз болса оларды түзедік. Әрине, балаға үйден шығып, жер-жерді, жан-жақты көрген жақсы. Өзіне өмірден ақпаратты, тәрбиені алады. Аппақ қағаздан ақыл, білім, парасатқа толы қағазға айналады. Себебі "Тарих" деген толып тұрған сұрақ, ал ол сұрақтың жауабын өз көзіңмен көрген қандай бір күшті сезім! Сондықтан да, мүмкіншілік болса, сіздерге де сыныптарыңызбен және отбасыларыңызбен бір саяхатқа шығуларыңызға кеңес береміз -деп жаза алуы біздің басты мақсатымыздың орындалғаны.

Z ұрпағының ұраны: «Мені тыңда, түсін, менімен сөйле, мені бағала»- дейтін болса, олардың жүрегіне жол табу- сыр сандық кілтін ашумен бірдей. Олардың деңгейіне түсіп, бірге ойлануға жол ашып, әлемді өз көзімен тануға, біліп түсінуге мүмкіндік беруіміз қажет.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбдіғалиұлы Б., Сураганова З.К., Екімбаева А.С. «Қазақстанның қасиетті нысандары мен аумағын зерттеу бойынша далалық экспедицияларға қатысушылар үшін (ҚР МСМ БМҚ «Қазақстанның заманауи мәдениетіндегі қасиетті кеңістік: дәстүр мен жаңашылдық» бағдарламасы аясында) Әдістемелік нұсқаулық, – Нұр-Сұлтан, 2020. – 90 б.
2. Богачева Н.В., Сивак Е. В. Мифы о «поколении Z» / Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики», Институт образования. – М.: НИУ ВШЭ, 2019. – 64 с. (Современная аналитика образования. № 1 (22)).[2]
3. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына Жолдауы 2014. [1]
4. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
5. Мұқан Ш. Тәрбие. Оқуға тиіс он кітап. Мазмұндама қоғамдық қоры. Алматы, 2020. – 176 б.
6. Төлепберген Б. Ұлттық идея – тәуелсіздік тұғыры. Астана, 2013. – 240 б.
7. Ұзақбайқызы Г. Білімдегі инновациялық ойлау – табысқа жету жолы. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталық. Алматы, 2018.
8. Ұзақбайқызы Г. Отан неден басталады? // «Елорданың үздік сабақтар жинағы». Нұр-Сұлтан, 2020. – 52 б.
9. Ұзақбайқызы Г. Саяхат. // «Республикалық әдеби-көркем журнал». Нұр-Сұлтан, 2018. – 112б.
10. Ұзақбайқызы Г., Туған елге –тағзым жобасы аясында // «Педагогикалық идеялардың панорамасы» Республикалық диалог алаңының материалдары, – Астана, 2018. – 486 б.
11. Ұзақбайқызы Г., Туған елге тағзым // «Рухани жаңғыру – Ұлт болашағының жарқын бағдары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары, – Алматы, 2020. – 105 б. [3]
12. Ұзақбайқызы Г., Ұстаздық жол // «Қазақстан педагогтерінің 100 жаңа есімі атты Республикалық байқауының материалдар жинағы»,- Нұр-Сұлтан, 2020. – 206. [4]
13. [Интернет ресурсы]: <https://bilim-all.kz/article/11379-X-Y-Z---urpaqtar-teoriyasy--Z--buyn-okilderin-oqytumaselesi>. [Қаралған күні 10.02.2022].



**Әрінова Б.А.**

*п.ғ.к., доцент*

*Философия және саясаттану факультеті*

*Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы,*

*әл –Фараби атындағы ҚазҰУ*

**Жұмаспаева А. А.**

*Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану*

*мамандығының 1-курс магистранты, әл –Фараби атындағы ҚазҰУ*

## **ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК СИПАТЫ**

Жастарды патриоттыққа тәрбиелеу – еліміздің мемлекеттік жастар саясатының бір бөлігі. Өз елінің патриоты болу – мақтаныш пен абыройлы кез келген адам үшін қашанда үлкен мәртебе. Бірақ патриоттар тумайды, олар жасалады. Оның үстіне, тұрақты дамып келе жатқан мемлекетте патриоттық тәрбие беруді тек шығармашылық үдеріс ретінде бағалауға болмайды. Бұл сондай-ақ жастар үшін, ел болашағы үшін күрес, мәжбүрлі көші-қон, қылмыстың өршуі, нашақорлық, маскүнемдік, экстремистік сезімдер сияқты келеңсіз құбылыстармен күресу міндеті өте маңызды. [2]

Қазақстанның көп ғасырлық тарихында патриотизм мәселесі ерекше назарда болды. Бір мың жылдан астам қазақ халқының бойында отансүйгіштікке баулу үрдісі болды. Біз, қазақстандықтар, ұлттық, отансүйгіштік, руханият, ынтымақ пен салт-дәстүрді құрметтеуге негізделген мәдениетті қалыптастырдық.

Жас ұрпақты Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу мәселелерінің маңызы зор. Патриоттық тәрбиенің бүкіл жүйесін ұйымдастыруды, қызмет етуді және бақылауды қамтамасыз ететін негізгі институт мемлекет болып табылады. Жастарға патриоттық тәрбие беру Қазақстан Республикасының өтпелі кезең кезеңіндегі және ұзақ мерзімді перспективаға арналған мемлекеттік жастар саясатының бағыттарының бірі болып табылады.

Өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу – еліміздің болашақта тұрақты дамуының кепілі. Көптеген белгілі ғалымдар, көрнекті ұстаздар, дарынды жазушылар, философтар, публицистер өз шығармаларында патриоттық тәрбиеге ерекше мән бергені белгілі. Отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселелері отандық ғалымдардың зерттеулері болып табылады. Отансүйгіштік тақырыбы Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов және басқа да көптеген қазақ қайраткерлерінің шығармаларында кездеседі. Философ Абай Құнанбаевтың пікірінше, нағыз патриотизм – бұл өз халқына деген сенім, қорқынышпен ұштасып, өз халқына деген сүйіспеншілік, олардың іс-әрекетіне шынайы жанашырлық пен өкініш, өз халқына шынайы практикалық көмек көрсету сияқты факторлардың үштігі. Мұхтар Әуезов былай дейді: «Кеңестік патриотизм – өз Отанындағы барлық халықтарға, бүкіл болашақ ұрпаққа, әкелерге, аналарға арналған терең ойлы еңбек». [1]

Өткенге үнілсек, қазақ халқының бай тарихы қай кезде де өзінің отаншылдығымен, Отанға деген сүйіспеншілігімен ерекшеленетінін айта кеткен жөн. Мысалы, атақты патриоттар – қазіргі Қазақстан аумағындағы тұңғыш ұлттық мемлекет – Қазақ хандығының негізін қалаушы Керей мен Жәнібек. Екеуі де халыққа тәуелсіздік беруге ұмтылды және Қазақ хандығының хандық шекарасын қорғап, берік және тәуелсіз мемлекет болып қалуы үшін барын жасады. Жәнібек пен Керей қазақ халқының патриотизмін нығайтуға орасан зор үлес қосты.

Патриотизмнің үлгісі – Жәнібектің ұлы Қасым хан. Дана хан халықты Отан үшін күресуге, өз халқының мәдениетін бағалап, сүйюге, отбасының салт-дәстүрін құрметтеуге шақырды. Патриот ретінде Қасым хан хандық шекарасын кеңейте білді, халық санын миллионға жеткізді, қазақ қоғамы үшін өзіндік конституция – «Қасымханның қасқа жолын» («Хан Қасымның нұрлы жолы») шығарды. Қоғам ішіндегі қатынастарды, қоғамның басқа мемлекеттермен байланыстарын реттеуге көмектесті.

Абылай хан отаншылдық танытты. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте, қазақтың үш жүзін біріктіруде өзін таныта білді. 1771 жылы Абылай үш жүздің ханы болып жарияланды. Қазақ жүздерінің басын біріктіре отырып, хан күшті де қуатты мемлекеттілікті құрып, сауатты сыртқы және ішкі саясат жүргізді, сонымен қатар шығыстағы және Жетісудағы жоңғарлар жаулап алған жерлерді қазақтарға қайтарды.

Сондай-ақ белгілі ғалым, саяхатшы Шоқан Уәлихановтың ойларына да назар аударған жөн. Ш.Уәлиханов – еуропалық білім алған, батысқа ашық жол ашқан адам. Г.Н.Потанин Шоқан Уәлиханов туралы жазған очеркінде: «Ол тым еуропалық, орыстардан гөрі еуропалық болды, сондықтан оған таңылған еуропалық рухани мәдениеттің мөрін ешқашан алып тастай алмады. Бірақ Еуропаға деген бұл жақындығы оны өз халқынан айыра алмады. Керісінше, өзі тәрбиеленген еуропалық рух оны өз қырғыз (қазақ) халқының қызметшісі ретінде қарауға міндеттеді». Одан әрі Г.Н.Потанин былай деп жазады: «Уәлиханов орыс билігінің алдында қырғыз халқына қызмет етуді, оның мүддесін қорғауды және олардың жандануына ықпал етуді өзінің өмірлік міндеті деп санады».

Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілікті гуманист философ, қазақ әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбаевтың шығармаларынан көруге болады. Абай өлеңдерінде халқының болашағына алаңдаушылық естіледі. Абай шығармаларында ақынның өз халқын ғұлама, дамыған, тәуелсіз ел ретінде көру арманы айқын аңғарылады.

Қазақтың қоғам қайраткері, ұстаз, журналист, этнограф, қазақтың саяси көсемі Әлихан Бөкейханов ұлтжандылық танытты. Ә.Бөкейханов қазақтардың саяси және мәдени белгісінен айырыла бастағанын ескере отырып, тәуелсіз Қазақ мемлекетін құруды көздеді. Идея Алаш автономиясы түрінде құрылды, бірақ автономия ұзаққа бармады. Ә.Бөкейханов мемлекеті жоқ халық жетім деп есептеді.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – жастарды патриоттыққа тәрбиелеу мәселесі. Тұлғаны қалыптастыру құралы ретінде тәрбие және педагогика процестеріне ерекше назар аудару керек. Педагогика адам тәрбиесіне күшті әсер етеді, сондықтан педагогика отансүйгіштікке тәрбиелеуді іс жүзінде белсенді түрде қолдануы керек. Патриоттық тәрбие азаматтық және патриоттық қасиеттерді бойына сіңірген, бейбіт және соғыс уақытында азаматтық борышын ойдағыдай атқара алатын тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Патриоттық тәрбиенің мақсаты – жас ұрпақтың бойында жоғары қасиеттерді қалыптастыру, оларды қоғам мен мемлекет мүддесі үшін жүзеге асыруға дайын болу. Осы мақсатқа жету үшін келесі негізгі міндеттер қажет:

- патриоттық тәрбиені насихаттау мақсатында мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында ұйымдастыру шараларын жүргізу;
- жастардың сезімдері мен білімдерінде патриоттық құндылықтарды, көзқарастар мен нанымдарды бекіту;
- Отанының өткеніне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- жастардың бойында туған жерге деген адалдық пен өз мемлекетін қорғауға дайындықты нығайту.

Президентіміз Қасым Жомарт Тоқаев өзінің соңғы жолдауында «Бәріміз біріге жаңа Қазақстан құратымыз» деген сөзі көпшіліктің көңіліне үміт оғын жағып, халқымыз бір қуанып қалғанды. Тамыры терең, қазығы берік қазағымның бар қиындықты еңсере білетіні маған да аян.

Жалпы еліміз басынан кешірген дүрбелеңі мен сергелдеңі, қуанышы мен қайғысы, қаны мен тері, селі мен шері араласып кеткен аласапыран ғасырлардың куәсі болған, әрі соған шыдай білген ұлы халықтардың бірі және солай болып қалады да! «Әрекет түбі берекет» демекші, алдағы уақытта еліміз жастар бойында патриоттық сезімді қалыптастыра отырып, жаңа кезеңге жаңа қадаммен аяқ басарына менің сенімім мол. Тек қол қусырып жатпай, жаңа Қазақстанды құруға ат салысайық дегім келеді!

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ауэзов М. Абай Құнанбаев: Монографические исследования и статьи. /Сост. Акбаев Н. – Алматы: Санат, 1995. – С. 320.
2. Саясат және қоғам // Мәжілістегі дөңгелек үстел: білім беру жүйесі призмасы арқылы Қазақстан жастарының патриотизмін дамыту және нығайту Жігер Байтелесов, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппаратының баспасөз қызметі, 21 сәуір, 2009.

## **ЖАСТАР БОЙЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ**

Жастар – кез келген елдің, мемлекеттің болашағы. Ел ертеңінің өміршеңдігі, мемлекет іргетасының мықты, керегесінің құлашты болуы жастардың әл-ауқаты мен әлеуетіне тікелей тәуелді. Шығыстың атақты философы, екінші ұстаз атанған Әл-Фараби бабамыз да: «Кез-келген елдің болашағын көргің келсе, сол елде тұрып жатқан жастардың тыныс-тіршілігіне қара» деген екен. Демек, елдің ертеңі бүгінгі жастың қазіргі тыныс-тіршілігіне байланысты. 2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазаны аралығында жүргізілген Ұлттық халық санағының алғашқы ресми деректерінде 19 169 550 адамға жеткен Қазақстан халқының 19,72 пайызы 14-28 жас аралығындағы жастар деп көрсетілген [1]. Жастардың қазіргі тыныс-тіршілігі мемлекеттің алдағы шамамен жиырма жылдан кейінгі бағыт-бағдарынан хабар беретінін ескерсек, «бүгінгі Қазақстан жастарының бойында «жаңа қазақстандық патриотизм» қаншалықты қалыптасқан?», «патриотизмді дамыту мен жастардың әлеуетін арттыру мақсатында қандай бағыт-бағдар жасалуы қажет?», «жастардың бойында патриотизмді қалыптастырудың басты алғышарттары қандай?» деген сауалдар санамызға оралары сөзсіз.

«**Патриотизм**» сөзі (грек тілінде «*πατριώτης*» – отандас, «*πατρίς*» – отан, атамекен) Отанға деген сүйіспеншілікті, атамекеніне адалдықты, іс-әрекетімен Отанның мүддесіне қызмет етіп, туған жеріне, тұрақтаған мекенін қорғау, бауыр басуды білдіреді [2]. Қазақ халқы да жер дүниені мекендеген кез келген халық секілді Отанын, ұлтын сүйген. Жер мен мемлекет, ел бірлігі мен тұтастығы – қай халықтың болмасын басты құндылығы. Жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жолында мемлекетіміз ауқымды әрі кешенді, жүйелі жұмыстарды жүзеге асыруда. Ұлтжанды жас болып қалыптасу үшін жастар арасында қандай жұмыстар жүргізілуі керектігіне тоқталсақ, біріншіден, әр халықтың өз түп тарихын жете тануы керек. Қазақтың жас өрім ұрпағына жеті атаның қадірін жете түсіндіріп, қан тазалығын ұрпақ санасына сіңіру қажет. Екіншіден, елімізден пана іздеп келген жүздеген ұлыс пен ұлтты кең пейілімен қарсы алған халқымыздың тектілігі мен кеңдігін насихаттауымыз керек. Тарихқа үңілетін болсақ, біздің дәуірімізге дейінгі V-III ғасырлардағы сақ, ғұн, үйсін тайпаларынан басталатын арғы тарихымызды, «қазақ» атауының құдіреті мен шығу тарихы таңданарлық. Қазақ мемлекетінің құрылу тарихы да 550 жылдан астам. Римді бағындырған ғұн патшасы Еділ, тойымсыз Кирдің басын алған Томирис, түркі әлемі төріндегі Бумын, Тоныкөк қағандар, Мысыр билеушісі Сұлтан Бейбарыс, Үнді жеріне иелік еткен Бабыр, жер дүниені жаулаған Шыңғыс хан, үш жүздің басын біріктірген Абылай, жанкешті ерлігімен ел есінде қалған Кенесары Қасымұлы, Алаш арыстарының ұйытқысы болған Әлихан Бөкейхан есімдері – тарихымыздың алтын парақтары, рухани әлеміміздің шамшырақтары. Үшіншіден, түркі мәдениетінің жауһарлары өз дәуірінде ғана емес, ХХІ ғасырда да әлемдегі ең озық мәдениет екенін тарих дәлелдеп отыр. Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің Египеттің пирамидаларынан, перғауындардың саркафагтарынан қазақ даласының алтын сауыттары, «Алтын адамы» кем емес екені де әлдеқашан дәлелденген. Көшпенділер өнерінің, көне шумер мәдениетінің әлемді мойындатқаны қашан. Тіпті, көне түркі жазуы «руна жазуы» славян-кирилл жазуынан 15 ғасыр, грузин және армян жазуынан 10 ғасыр бұрын пайда болған. Осыны болашақ ұрпақ жадысына жаттату қажет. Төртіншіден, ата-бабамыз қазақтың халқына Алтай мен Атыраудың арасын жайлаған, көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орынды алатын кең-жазира жерді мирас қылып қалдырды. Жер қойнауы қазынаға толы, пайдалы қазбалар қоры мол, шұрайлы жерлері, өзен-көлі, су ресурстары мол жердің иесі болудың өзі мемлекет дамуының алғышарты екені даусыз. Міне, осы құндылықтарымыз бен жетістіктеріміздің, еліміздің артықшылығы мен

Қазіргі заманғы білім беру – тәрбие процесінде көрме ісінің педагогикалық әлеуетін жеткіліксіз пайдалану, атап айтқанда, эстетикалық-көркемдік пәндік орта жағдайларының айырмашылығына және нәтижесінде оқушылардың біркелкі емес дайындық деңгейіне, олардың музей мәдениеті мен экспозициялық-көрмелік қызмет туралы хабардар болу деңгейіне байланысты. Демек, оқушыларының мәдени құндылықтар мен шындық құбылыстарын эмоционалды, эстетикалық қабылдауға бағытталған мұражай мәдениетін танудың жаңа дидактикалық жағдайларын жасау қажеттілігі туындады. Экспозициялық-көрмелік қызметті игеру оқушылардың отандық мәдени мұраны, әлемдік өнердің мәдени құндылықтарын зерделеуіне ықпал етуі мүмкін. Көрме қызметінің педагогикалық әлеуетін жандандыру келесі міндеттерді шешуді көздейді:

- оқушылардың рухани-адамгершілік қалыптасуындағы көркем мәдениеттің жалпы деңгейінің дамуындағы мұражай экспозициясының рөлін анықтау;
- оқушылардың дәстүрлі шығармашылықты, заманауи бейнелеу және сәндік өнердің жоғары үлгілерін қабылдау мен әсер ету ерекшеліктерін зерттеу;
- республиканың білім беру мекемелері мен көрмелерінің ынтымақтастығын жолға қою;
- әр түрлі көрмелерде, оқушылардың көркемдік-эстетикалық, рухани-адамгершілік тәрбиесінде шоғырланған мәдени-құндылық әлеуетін пайдаланудың формалары мен әдістерін ойластыру;
- мұражай экспозициясы арқылы оқушылардың танымдық қызметін, олардың мәдени мұраға қызығушылығын, рухани-адамгершілік құндылықтарды қабылдауын жандандыру әдістерін әзірлеу;
- оқушыларды мұражай жұмысының негізгі бағыттарымен және коммуникация нысандарымен таныстыру тәсілдерін әзірлеу;
- экспозициялық материалдың көркемдік-эстетикалық әлеуетін, оның формалары мен мазмұнын әлемге тануға әсер ету ерекшеліктерін ашу;
- мектеп оқушыларын мұражай ісімен және мұражай қызметкерлерінің экспозициялық-ағартушылық жұмыстарының инновациялық әдістерімен таныстыру тәсілдерін қарастыру [4].

Республикамыздың педагогтары мен мәдениет қайраткерлерінің иелігіндегі орасан зор музейлік экспозициялық материал белгіленген бағытта – оқушылардың эстетикалық мәдениетін дамытуда, тәрбиелік әлеуетін пайдалануда, оларды отандық мәдени құндылықтармен таныстыруда зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді.

Көрме мен мектептердің байланысы бұрыннан келе жатқан дәстүрге ие, бірақ көбінесе оқушылар мұражайларға алдын-ала дайындықсыз жүйелі түрде бармайды. Көрме экспозициясы келесі шарттарды орындау кезінде эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың тиімді құралы бола алады:

- бұл эстетикалық тәрбие жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады;
- шығарманың көркемдік-эстетикалық құндылығы мен экспонаттың шынайылығы ескеріледі;
- экспозиция көркем шығарма ретінде қарастырылады.

Көрме тәжірибесін психологиялық-педагогикалық талдау оқушылармен жұмыс істеудің басым бағытының екі негізгі түрін анықтауға мүмкіндік береді. Олар оқушының танымдық және эмоционалды дамуына бағытталған. Тақырыптың эмоционалды дамуына назар аудару сонымен қатар бірқатар міндеттерді қамтиды: жарқын әсер ету, әртүрлі тәжірибе беру, табиғаттың жетілуіне немесе адамның шеберлігіне таңдану, танымның сұлулығы мен қуанышынан ләззат алу; танымдық қызығушылықтарды дамыту, рухани мәдениеттің негіздерін тәрбиелеу. Көрменің, галереяның тәрбие жұмысының басты мақсаттарының бірі эстетикалық даму болып табылады, ол адамның адамгершілік қалыптасуының шарттарының бірі ретінде түсініледі.

Қорытындылай келе, білім беру және дамыту міндеттерін өзара қарым-қатынаста шешу адамның эстетикалық және эмоционалды-адамгершілік қалыптасуының негізін қалауға көмектесетінін атап өткен жөн. М.Н. Мейрамовтың пікірінше, көрме іс-әрекеті жағдайында эстетикалық мәдениетті қабылдауды жүйелі, мақсатты түрде оқыту ерте жастан, атап айтқанда жалпы білім беретін мектептен басталуы керек [5]. Көрме қызметі арқылы эстетикалық қабылдауды оқыту процесі кезең-кезеңімен жүргізілуі керек.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Алмаханова Х. Жас өспірімдерге эстетикалық тәрбие. Әдістемелік нұсқау. – Алматы: Жайран, 1990. – 42 б.
2. Ляудис В. Я. Методика преподавания психологии: учеб. пособие / В. Я. Ляудис. – 3-е изд., испр. и доп. – М.: Изд-во УРАО, 2010. – 128 б.
3. Қалиев С. Оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастырудың теориялық негіздері. – Алматы, 2002. – 33 б.
4. Слостенин В.А. Педагогика / В.А.Слостенин и др. – М.: Школа- Пресс, 2002. – 512 б.
5. Мейрамов Н.М. Эстетикалық мәдениеттің қалыптасу негіздері. – Алматы: Талап, 2015. – 75 б.

**Әмір М. П.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ,  
Дефектология мамандығының  
2 курс магистранты*

## **ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕНІҢ РӨЛІ**

Жеке тұлғаны тәрбиелеу процесінде оның моральдық қалыптасуы өте маңызды. Өйткені, адамдар әлеуметтік жүйенің мүшелері бола отырып және көптеген әлеуметтік және жеке қатынастарда бола отырып, белгілі бір түрде ұйымдастырылуы керек және белгілі бір дәрежеде өз қызметін қоғамдастықтың басқа мүшелерімен үйлестіруі, белгілі бір нормаларды, ережелер мен талаптарды сақтауы керек. Сондықтан әр қоғамда адамның өмірі мен қызметінің барлық салаларында – жұмыста, күнделікті өмірде, отбасында және басқа адамдармен қарым-қатынаста, саясат пен ғылымда, азаматтық көріністерде, ойындарда адамның мінез-құлқын реттеу функциясы болып табылатын көптеген түрлі құралдар жасалады [1].

Демократияландыру мен қоғамның бостандығының жаңарған әлеуметтік қатынастары жағдайында адамның адамгершілік болуға ұмтылуы, сыртқы әлеуметтік ынталандыру немесе мәжбүрлеу арқылы моральдық нормалар мен ережелерді орындауы және ішкі ізгіліктің арқасында олардың қажеттілігін терең түсінуі өте маңызды.

Моральдың нормалары, ережелері мен талаптары өзінің көзқарастары мен сенімдері ретінде, терең мағыналы және таныс мінез-құлық формалары ретінде әрекет ететін адамды моральдық деп санау керек.

Адамгершілік тәрбиенің маңызды бөлігі оқушылардың бойында патриотизмді және адамның әлеуметтік және рухани дамуында үлкен маңызы бар ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Олар оның дүниетанымының ажырамас элементтері және Отанға, басқа ұлттар мен халықтарға деген көзқарасы ретінде әрекет етеді. Патриотизм мыналарды қамтиды: адам туып өскен жерлерге деген сүйіспеншілік сезімі; ана тіліне құрметпен қарау; отан мүдделеріне қамқорлық жасау; азаматтық сезімдерді көрсету және Отанға адалдықты сақтау; оның әлеуметтік және мәдени жетістіктері үшін мақтаныш; оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау; Отанның тарихи өткеніне және одан мұраға қалған дәстүрлерге құрметпен қарау; өз еңбегін, күші мен қабілеттерін отанның гүлденуіне арнауға деген ұмтылыс.

Жеке тұлғаның адамгершілік қалыптасу проблемасы және балалардың белгілі бір жас кезеңдеріндегі психологиялық дамуының жас ерекшеліктері мәселесі баланың моральдық санасы, қажеттіліктері мен моральдық еркі саласындағы даму процесінде пайда болатын және негізінен оның моральдық өзін-өзі реттеуге дайындығының қандай да бір дәрежесін анықтайтын неоплазманың қасиеттері ретінде қарастырылуы керек [2].

Адамгершілік тәрбие-бұл оқушылардың бойында адамгершілік білім, сезім және бағалау, дұрыс мінез-құлық жүйесін қалыптастырудағы педагогикалық қызмет.

Моральдық тәрбие-бұл жағымды әдеттер мен әдеттегі мінез-құлық нормаларының тұрақтылығы.

Адамгершілік тәрбие білім беру іс – әрекеті процесінде де, режимдік сәттерде де, отбасында да жүзеге асырылады. Моральдық тәрбие мыналарды қамтиды: адамгершілік ағарту, оқушыларды әртүрлі іс-шараларға тарту, қарым-қатынас пен моральдық таңдауды, ересектердің мысалын қамтиды. Бұл пәндік салада адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын бөліп көрсетуге болады. Іс-әрекетті ұйымдастыру барысында балалар Отанға, қоғамға, еңбекке, адамдарға, өздеріне деген қарым-қатынасты қалыптастырады. Бұл ақпараттың үлкен блогы болғандықтан, жұмыста тек бір бағыт алынады – бұл адамдарға деген көзқарас.

Ресейлік психолог А. В. Зосимовский балалардың моральдық дамуын кезең-кезеңмен жасады [3].

*Бірінші кезең* нәрестелік және ерте балалық шақты қамтиды – бейімделу және реактивті мінез-құлық кезеңі.

*Екінші кезең*, тұтастай алғанда, балаларда моральдық талаптардың мағынасын қарапайым түсіну негізінде, олардың мінез-құлқын оларға бағындыруға, «қажет» жоғары қоюға ерікті түрде алғашқы дайындықтың қалыптасуымен сипатталады.

Жеке тұлғаның адамгершілік дамуының *үшінші кезеңі* мектеп жасы мен жасөспірімдік кезеңді қамтиды және оқушының адамгершілік бастамасының кезеңі ретінде ұсынылады, ол адамның мінез-құлқын моральдық принциптерге толығымен саналы және ерікті түрде бағынуы деп түсініледі.

Бастауыш сынып оқушыларының дамыған формаларындағы мораль ересек адамның адамгершілік қатынастарына сапалы түрде өте жақын, бірақ әлі де бірқатар айырмашылықтарға ие, олардың ішіндегі ең бастысы-жасөспірімнің моральдық сенімділігінің фрагментациясы, бұл оның моральдық бастамасының селективтілігін анықтайды.

Бірақ жасөспірімнің моральдық көзқарастары, адамгершілік қатынастары мен ерік-жігерінің дамуына қарамастан, ол әлі күнге дейін қызықты, әсерлі және белгілі бір жағдайларда біреудің ықпалына түсіп, моральдық мұраттары мен ұмтылыстарын өзгертуге бейім адамның ерекшеліктерін сақтайды.



Оқушының моральдық қалыптасуының жас кезеңі оның моральдық саласы біртіндеп «балалық шақтың» ерекшеліктерін жоғалтады, жоғары адамгершілік ересек адамға тән негізгі қасиеттерге ие болады.

Бастауыш сынып оқушылары мораль, әртүрлі моральдық нормалардың ақиқаты немесе жалғандығы туралы нақты ғылыми түсінікке ие бола алады. Мұның бәрі жас кезеңді фрагментацияны жеңуге, моральдық нанымдардың дербестігін арттыруға және оқушының моральдық мінез-құлқын көрсетуге әкеледі [4].

Мектеп өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі негізгі буын болып табылады. Оқу процесі адамгершілік тәрбиемен тығыз байланысты. Қазіргі мектеп жағдайында, білім беру мазмұны көлемі артып, күрделене түскен кезде ішкі құрылымда адамгершілік тәрбиесінде оқу процесінің рөлі артады. Моральдық ұғымдардың мазмұндық жағы оқушылардың оқу пәндерін оқу арқылы алатын ғылыми біліміне байланысты. Адамгершілік тәрбие-бұл педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны, формалары, әдістері мен әдістерінің белгілі бір жүйесін қамтитын мақсатты процесс. Адамгершілік тәрбие жүйесін қарастыра отырып, бірнеше аспектілер бөлінеді: біріншіден, белгілі бір педагогикалық мәселелерді шешуде мұғалім мен студенттік ұжымның келісілген тәрбиелік әсерін жүзеге асыру, ал сынып ішінде-барлық студенттердің іс – әрекеттерінің бірлігі. Екіншіден, адамгершілік тәрбиемен оқу іс-әрекетін қалыптастыру әдістерін қолдану. Үшіншіден, адамгершілік тәрбие жүйесі қазіргі уақытта тәрбиеленген балалардағы моральдық қасиеттердің өзара байланысы мен өзара әсерін де білдіреді [5].

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. -- М.: Просвещение, 2000
2. Власова Т.И. Диагностика индивидуальной культуры современных школьников (Аксиологический подход) //Стандарты и мониторинг в образовании. – 2002
3. Зосимовский А.В. Формирование общественной направленности личности в школьном возрасте. -- М.: Изд-во Моск. ун-та, 2002
4. Ломов Б.Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии. -- М.: Наука, 2004
5. Немов Р.С. Психология: Учеб. пособие для студ. высш. пед. заведений в 3-х кн. К.1. Общие основы психологии М.: Владос. – 2000

**Паримбай Г. Ғ.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
«7М03125-Психология» мамандығының II курс магистранты*

**Тоқсанбаева Н.Қ.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Философия және саясаттану факультеті,  
«Жалпы және қолданбалы» кафедрасының профессоры, п.ғ.д.*

## ЗАМАНАУИ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫН ТАЛДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Білім беруді дамытудың және білім беру кеңістігіндегі оқыту мен тәрбиені ізгілендіруге бағытталған педагогикалық парадигманың ауысуының қазіргі жағдайында тұлғаның рухани қалыптасу процесін жетілдіруге ерекше назар аударылады. Соның ішінде қоғамның алдыңғы даму күші, студенттердің, адамгершілік қасиеттерін және олардың оң құндылық бағдарларын қалыптастыру қажеттілігі – нарықтық қатынастардың дамуымен және бұқаралық мәдениеттің пайда болуымен, оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің дағдарысымен байланысты қоғам өміріндегі түбегейлі өзгерістерге тікелей ұшырап отыр. Сонымен қатар, ХХІ ғасырдағы ақпарат алу сипатының өзгеруі мен жаңа технологиялардың қарыштап дамуы да аталмыш жағдайды алпауыт ықпалынан тыс қалдырмақ емес. Қазіргі уақытта дайын білімді, дағдыларды студенттерге беру тетігі түгел дерлік қолданылмайды, алайда, оның есесіне, жеке тұлғаның білімі мен

дағдыларын өзін-өзі тану негізінде олардың негізгі құзыреттілігі мен жеке қабілеттерін дамыту проблемасы алдыңғы орынға қойылуда. Оқыту мен тәрбиелеуді біріктіретін сыртқы және ішкі орта кешені ретінде білім беру кеңістігі аясында жастарды тәрбиелеудің жаңа тәсілдерін іздеу қажеттілігі білім беру жүйесін жаңарту және оны жаһанданған қоғамның жаңа шындықтары мен сипатына сай жүзеге асыру тәсілдерін өзгерту қажеттілігінен туындайды, және олардың көпшілігі жастардың құндылық көзқарастарын батыс-еуропалық мінез-құлық модельдеріне, тұтынушылыққа, гедонизм мен постмодернистік менталитет принциптерін игеруге бағытталған. Қазақстандағы студент жастарының құндылық бағдарларын талдау – көптеген студенттердің басым құндылықтары *профессионализм, прагматизм, байлыққа ұмтылу, рухани мәдениетті емес, тұтынушылық мәдениетті игеруге деген ұмтылыс*, яғни мәдениет артефактілерін өзінің мәртебесі мен құрметті жағдайын демонстрациялау үшін пайдалану – болып табылатынын көрсетті. Бұқаралық мәдениет адам өзін тауар ретінде танып, өзін, білімі мен дағдыларын экономикалық нарықта жанталаса сату үшін күш салумен сипатталады, яғни ол – жастардың маркетингтік санасын қалыптастыруға бағытталған. Жастар мұндай мәдениетте еңбек нарығындағы орын үшін бәсекелестік күресте жеңіске жетуі керек, сондықтан ол үшін «профессионалдық» құндылығы басымдық болып табылады. Бірақ сонымен бірге экономикалық білімді, сондай-ақ бизнес саласындағы қарым-қатынас постулаттарын, қоғам нормаларын және мәдени құндылықтарды игеруі де қажет.

Сонымен қатар, жастық шақта тұлғаның жеке бас дағдарысы мен рухани сенім дағдарысы ерекше байқалады. Джеймс Марио жастардың «толымсыз жеке басын» (неадекватная идентичность) онда тұлғаның нақты нанымдарды әлі толық дамымаған, [1] және қоғамның басқа мүшелерімен анықталмаған, қоғам құндылықтарын интернационализациялау және оларды бастан кешіру процесінде дамып келе жатқан құндылық сенімдері түгел қалыптаспаған «бұлыңғыр» жеке тұлға ретінде сипатталады. Сондықтан құндылық бағдарларының ауқымында оларға назар аударылмайды.

Жалпы зерттеулерге сүйенсек, зерттелінушілердің үштен бір бөлігі өмірлік құндылықтар рейтингін «отбасы», «денсаулық» құндылықтарымен басқарады. Жастардың бір бөлігінде *махаббат, жұмыс, мансап* категориялары басымдыққа ие. Осы тақырыптағы зерттеулерде ресейлік ғалымдар жастардың құндылықтарын «қайта бағыттау» туралы сөз қозғайды. Сонымен, Н.А.Журавлеваның пікірінше, жастардың құндылықтарының өзгеруі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруімен тікелей байланысты. Себебі, жаңа әлеуметтік ортаның дамуы жағдайында жаңа нормалар мен құндылықтар, әлеуметтік мінез-құлық үлгілері, тың әлеуметтік идеялар, үміттер мен мұраттар пайда болады [2].

О.И.Даниленко, С.Ли, И.Сюй, орыс және қытай студенттерінің құндылықтарына салыстырмалы талдау жүргізу негізінде, олардың құндылық бағдарларының ұқсастығын да, кейбір басым құндылықтарды бағалаудағы айырмашылықты да атап өтеді. Орыс және қытай респонденттерінің құндылық бағдарларының ұқсастығы олардың басым құндылықтарының ауқымында бірінші орынды «*қауіп*» мәні алады, бұл өмір сүру кеңістігінің экологиясын бұзу жағдайында қоғамның және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді білдіреді. Жеке қабілеттерін дамыту арқылы қол жеткізілген «жеке жетістік» құндылығы да басым деп танылады. Орыс және қытай студенттерінің құндылық қалауларындағы айырмашылықтар «гедонизм» құндылығына қатысты да көрініс табады: орыс студенттері үшін ол құндылық басымдықтары иерархиясының ортасында (алтыншы орын алады), ал қытай студенттері үшін – ең аз маңызды көрсеткен[3].

Сонымен бірге, жастар тек жас кезеңіндегі әлеуметтік-демографиялық топ ғана емес, әлеуметтік іс-әрекет пен әлеуметтік жаңару субъектісі ретінде қарастырылатын нақты әлеуметтік-мәдени шындық. Ол динамизммен, өзгергіштікпен, ұтқырлықпен, жаңашылдыққа бейімділікпен, шешімділікпен және максимализммен ерекшеленетін әлеуметтік топ ретінде сипатталады, сондықтан ол қоғамның жаңа әлеуметтік құндылықтарының тасымалдаушысы бола алады. Сондықтан, жастар арасында басым құндылықтарды бағалауда ішінара қайшы-

лықтар да байқалып жатады. Осыған байланысты оны қоғамның құндылықтарымен таныстырудың жаңа әдістерін жасауда, оларды түсіну үшін құндылық бағдарларының табиғатына баса назар аудару қажет[4].

Құндылық бағдарлары адамның моральдық іс-әрекетін рухани реттеуші рөл атқаратын элеуметтік-психологиялық білім ретінде түсініледі[2]. «Құндылық бағдары» ұғымын және оның құрылымын әр ғылымның әр түрлі талдауы – ұғымның құрылымына деген ғылыми көзқарастардың сәйкес еместігінен хабар береді. Сонымен, Г.К.Нұрғалиева құндылық бағдарларын қоғам мүшелерінің ой тақырыбына субъективті қатынастарын анықтауға бағытталған психологиялық-педагогикалық критерийлердің жиынтығы ретінде сипаттай отырып, олардың құрылымында үш компонентті анықтайды: 1) танымдық; 2) мінез-құлықтық; 3) субъективті-эмоционалды (оң және теріс субъектілердің қоғам құндылықтарына қатынасын анықтауға бағытталған[5]. Десе де, көптеген элеуметтік ғылымдардың басты тақырыптарының бірі болып табылатын «құндылық бағдарларының» құрылымы күрделірек, өйткені ол әртүрлі ғылымдардың мәліметтеріне негізделген компоненттерді қамтиды: 1) педагогикалық (жеке тұлғаға бағытталған және өзін-өзі дамытатын қызметке дайындық); 2) мәдениеттану (студенттердің мінез – құлқы (стереотиптік немесе девиантты); 3) танымдық (реттеуші мінез-құлық модельдері мен қоғамның құндылықтары туралы білім); 4) психологиялық (белгілі бір құндылықтар мен дүниетанымдық көзқарастарды игеруге бағытталған бекітуші компоненті); 5) элеуметтік (элеуметтік қатынастар, «өзіндік-бөтен», иерархиялық, тең және т.б.); 6) прагматикалық (қарым-қатынас туралы прагматикалық білімге бағдарлану); 7) аксиологиялық (бағалау)[6].

Құндылық бағдарларының элеуметтік-психологиялық компонентін талдау тұлғаның қоғамның құндылық нормаларын және оның дүниетанымдық көзқарастарын қабылдауға немесе дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Құндылық бағдарларының элеуметтік компоненті адамға өзін элеуметтік тұлға ретінде тануға немесе танымауға мүмкіндік береді. Бұл – қоғамда элеуметтенуден өткен және оның нормаларын меңгерген, оның көмегімен қоғам тарапынан элеуметтік бақылауға алынуы мүмкін адам деп саналады.

Құндылық бағдарлаудың прагматикалық компоненті қарым-қатынас постулаттары, сыпайылық және әңгімелесушілердің ынтымақтастығы принциптері туралы білімнің маңыздылығын анықтауға бағытталған. Ынтымақтастық принципіне Дж.Лич коммуникативтік акт құрылымында ақпаратпен бірлесіп жұмыс істеу принципін білдіреді.

Құндылықты бағдарлаудың аксиологиялық компоненті қоғамның құндылықтарын «жақсы» – «жаман» бағалау категориялары тұрғысынан бағалайтын респонденттің селективті қызметін жүзеге асыруға ықпал етеді, бұл тұлғаға теріс және оң бағдарларды анықтауға көмектеседі. Себебі, бағалау – таным формасы. Ол құндылықтарға қарсылық білдіру нысаны ретінде де танылады. Тұлғаның құндылықтары бағалауда көрінеді. Бағалау құндылықтар туралы мәлімдемелер болып саналады. Ол әртүрлі ынталандырушы, бағдарлық, реттеуші функцияларды орындайды.

Осылайша, жаһандану дәуірінде тұлғаның, соның ішінде жас буын, студенттердің құндылық бағдарларын талдау – рухани құндылықтар басымдығының төмен деңгейін және материалдық құндылықтардың (байлық, ақша, прагматизм) басымдылығының жоғары деңгейін атап өтуге, адамның өзінің құндылық көзқарастарының бейсаналық көрінісіне назар аударуға мүмкіндік береді. Жастар құндылықтарын бағалау категориялауындағы сәйкессіздіктерді жою үшін «құндылық бағдары» феноменінің құрамдас бөліктері туралы нақты түсініктер болуы қажет, сонымен қатар қоғам құндылықтарын дамытуға саналы көзқарасты дамыта отырып, оның компоненттерін жан-жақты дамытатын және тұлға өзі үшін «оң» және «теріс» құндылықтарды айыра білуіне жол ашатын, рухани жетілуіне бағытталған «құндылық мінез-құлқына» дүниетанымдық көзқарастың жағымды моделін құру қажет.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Джеймс М. Психология. – М., 1991. – 180-183 б.
2. Журавлева Н.А. Ценностные ориентации личности в изменяющемся российском обществе // Психологический журнал. – 2012. – Т. 33. – 30-39 б.

3. Даниленко О.И. Ценности современных китайских и российских студентов: сравнительный анализ приоритетов / О.И. Даниленко, Ц. Ли, И. Сюй // Психологический журнал. – 2017. – №3. – 50-60 б.
4. Leech G. Principles of pragmatics. London: Longman, 1983. – p.112
5. Мағауова А.С. Личность студента в воспитательной системе вуза // Вестник Семипалатинского гос. ун-та им. Г.Кудайбердулы, 2005. – 184-185 б.
6. Абишева К.М. Интеграция знаний в гуманистическом воспитании личности. – Алматы: Эверо, 2017. – 70-74 б.
7. Тимофеева Т.Н. Научные экологические знания в общей типологии знаний и их репрезентация посредством прецедентных феноменов // Типы знания и их репрезентация в языке: сб. науч. тр. – Тамбов: Изд-во ТГУ им. Г.Р. Державина, 2007. –128 б.

**Баймуханова Б. К.**

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,  
Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, п.с.ғ.к.*

**Қазыбаева Ж. Д.**

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,  
5В010100- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиедеу мамандығының  
4-курс студенті*

## **МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАМУЫН ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ**

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің жаңаша даму үрдісінің ішінде жас ұрпаққа берілетін білім мазмұнын жаңарту және оны игерту мәселесі қазіргі таңда ерекше орын алады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз» деп келтірілген.

Баланың мектепке психологиялық дайындығы адамның барлық негізгі құрылымдарына сәйкес бір уақытта қалыптасады. Оның іс-әрекетінің тұлғасы, жеке тұлғасы және субъектісі болып қалыптасу үрдісінде мектепте оқу жағдайында қатысушыларға қажетті қасиеттер көрініп беріктене түседі. Оқу әрекетіне бағдарлауы психикалық дамуының тұтастай жеке құрылымдардың бөлімдері ретіндегі гетерохронияның ерекшеліктерін анықтайды. Жеке психофизиологиялық функциялардың деңгейіндегі жалпы дайындықтың ерекшелігі олардың әлеуметтенуінің қарқынды үрдісінде, ес пен зейін сияқты жаңа ерікті және вербальді формалардың, психомоторика, перцепция, елестердің жаңа ерікті формалардың қалыптасуына және эмоционалдық, сенсорлық аймақтардың ерікті реттелу мүмкіндігіне, темперамент ерекшеліктері мен т. б. психофизиологиялық қалыптасуына әкелетін жаңа сапалардың пайда болуында айқын көрінеді. Мектепке қабылдау кезінде сөйлеу арқылы қалыптасатын еріктілік ерекше психофизиологиялық ұйымдасуының анықтаушы бағыты болып табылады.

Мектепалды жасындағы балалар іс-әрекетінің негізгі түрі – ойын болып табылады. Осы шақтағы балаларға арналған танымдық ойын түрлері олардың алған білімдерін бекітіп, көңілдерін көтеріп, ұжымдағы шығармашылық қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік беріп, психикалық процестер мен ақыл-ой және интеллектуалдық дамуын белсендендіреді [1, 112 б.].

Танымдық ойындардың әрбір әрекеттері мазмұнға айналып, бала белгілі бір мақсатқа бағытталған тапсырмаларды орындауға ұмтылады. Мұндай талап баланың жеке басының белгілі бір мөлшердегі білімі мен тәжірибесін пайдалануды қажет етеді және баланың танымын ойын үстіндегі қарапайым еңбек дағдыларын жетілдіреді, ептілігі, қабылдауы көрініс тауып, өздігінен ойлауға бейімделіп, сөйлеу қабілетін дамытады.

Жалпы интеллектуалдық дамуына Кэттел, Бине-Симон, Ж.Пиаже, Дж.Брунер, П.Я.Гальперин, М.Сторфер, Айзенк және т.б. ғылыми түрде дәлелденіп еңбек сіңірді. Ресейлік психолог-педагогтардан Л.С. Выготский және т.б. Ойын теориясының зерттеле бастауы Шиллер мен Спенсердің ғылыми еңбектерімен тығыз байланысты. Сол сияқты ойын теориясының дамуына Фрейд, Ж.Пиаже, А. Адлер, Штерн, Фромм және т.б. ғалымдар еңбектерін сіңірді. Ресейлік психология және педагогика теориясында ойын тақырыбына қарастырғандар С.Л. Рубинштейн, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев және т. б.

Қазіргі қоғамда адамның интеллект деңгейі өмірінде маңызды орын алады. Осы деңгейдің әр түрлілігі оның әлеуметтік ортада алатын орнына байланысты болады. Мектеп үлгерімі, оқыту мен тәрбиесі, жұмыс орындағы проблемалар, қоғамдағы және әлеуметтік ортадағы алатын орны адамның немесе оқушының интеллект дамуының деңгейінен тәуелді. Осыған қатысты интеллектіні дамыту үлкен мәселе болып отыр.

Мектепте оқушы үлгерімінің төмен болуының себебі, көп жағдайда, танымдық әрекетінің қалыптаспауы, танымдық процестерінің әлсіздігі, мотивацияның болмауы және т.б. болып табылады. Танымдық әрекетінің қалыптасуының психологиялық бұзылудың бастысы – ойлауға қабілетінің төмендігі, яғни жалпылау процестері, психикалық процестердің қозғалмалы мен темпінің бұзылуы, қабық функциялар қатарының, зейіннің, естің жеткіліксіздігі [2, 126 б.].

Осы уақытқа дейін мектепке дейінгі шақтағы баланың ойлауы тек қана нақты – ол бөлек заттар мен олардың қасиеттеріне бекітілген деп саналады. Сондықтан осы шақта нақты білімдер (бала өзі көріп тұрған мәліметтерді түсіндіру) беру қажет. Бірақ осы сұраққа байланысты психологтар мен педагогтар жүргізілген зерттеулер бұндай пікірталаста себептер мен салдарлар шатасып келетінін көрсетті: Егер бөлек заттар туралы емес, заттар арасындағы қарапайым байланыстары мен заңдылықтары туралы білім берсе, онда мектепалды балалар оны меңгеруімен қатар, өзінің пікір санасуда қатысады. Осыдан балалардың қызығушылықтары артып, ойлауы жалпылама, терең және себеп-салдарлы болып келеді. Бірақ бұл білімдер баланың есінде ғана қалмай, ойлау дамуын жетілдіру үшін оқыту ерекше түрінде – ойынға, заттармен әрекеттесуіне, олардың кесте, схема және суреттеріне негізделуі қажет. Бұндай ойын арқылы оқытуда әр ойынға қатал норма берілмейді, мысалы, бұл тапсырманы бірінші немесе бесінші рет өткізу кезінде орындау сияқты. Ең бастысы – осындай әрекетке баланың қызығушылығы. Егер де бала белгілі бір тапсырманы бірінші ретте орындай алмаса, бала, аз болса да, алға қандай жасау керек, бұл дамудың процесі өзі болып табылады. Әрине, білім мен дағдылар саны дамудың көрсеткіші бола алмайды, бала білімдерді қалай қолданытыны және белгілі бір тапсырмаларды орындауда қалай шешім қабылданатынын маңыздырақ болады. Білімге құштарлық, ойлау дамуы және сөйлеу – бұл сапалар да, санау және оқу білу сияқты, маңызды болып табылады. Оларды біріншіден дамыту қажет. Ойын арқылы баланың ой тапқырлығын көрсетуіне, белсенді және өзбетті болуға жағдай жасау керек, сонда ғана ондағы өмірде мақсаттарға жетуіне көмектесетін баланың өз-өзіне сенімділігі дамып қалыптасады.

Мектепалды баланың білімпаздық, ақыл-ой белсенділігінің деңгейі – оның интеллектуалдық дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Егер баланың көзқарсы, пікірі қате болып, қате нәтижелерге әкелсе, бұл опасыздық емес – оның жасы кіші және еркін қиялдануға бейімделген. Бұнда нәтижесі емес, оны түсіну құштарлығы басты болып табылады.

Бала ойнау кезінде оның ойы қаншалықты бай және әр түрлі екенін, қоршаған өмірден алған әсерлерді жеңіл қабылдайды ма, ойыншықтарды, басқа заттарды қалай қолданатынын бақылау қажет.

Егер баланың дамуы қалыпты болса, бала ойынның сюжетін өрбетеді, ойыншықтармен қатар түрлі заттарды (отырғыш кубиктер, қарындаштар т.б.) қолданады. Баланың ойы тұрақты, бай және ойын кезінде толықтырылып отырады.

Кубиктерден, құрылыстарды құру баланың ақыл-ой әрекетіне ерекше талаптар қояды. Ойын кезіндегі секілді, мұнда белгілі бір ойлары қалыптасады. Егер суреті салыстырмалы түрде әр түрлі ерікті тәртіпте салынған кезде, ал құрастыру оны ( нәзік) құруды қажет етеді,

әйтпесе, ол бұзылады. Сондықтан құрастыру уақытында өз әрекеттерін жоспарлау білім анықталады. Сонымен қатар, құрастырулар әдетте ойындарға енгізілген балалар қуыршықтар, көліктер үшін үйлер құрастырады. Бұл жағдайда ақыл-ой дамуының деңгейі өлшемдер мен басқа да құрастыру ерекшелігімен қатынастыру белгілі анықталады, яғни гаражға ойыншық-көлік сью үшін құру керек деген секілді.

Барлық мектепалды балалар бірдей етіп өзінің ақыл-ой қабілеттерін барлық ойын әрекетінде көрсетеді деген санау қате болады. Көптеген себептерге, ең алдымен тәрбиелеу жағдайына байланысты бір бала ойындар мен сурет салуды, екіншісі-құрастыруды, үшіншісі-өсімдіктермен жануарларды, ал төртіншісі-техника мен көліктерді ұнатады. Және ақыл-ой дамуының көріністерін, ең біріншіден, баланың қызықтыратын аймақтардан іздеу керек. Міне, білімпаздық, ақыл-ой белсенділігі, «бала» әрекетінің негізгі түрлерін меңгеру деңгейі мен оқығандық деңгейі кіші жастағы баланың ақыл-ой дамуының негізгі көрсеткіштері ретінде қарастыруға болады [3, 87 б.]. Барлық қалыпты балаларда интеллектуалдық даму қорлары кең, және осыдан ата-аналардың міндеті – жан-жақты дамыған жеке тұлға болып қалыптасуын қамтамасыз ететін, гармониялық дамуын бұзбайтын сол қорлардың жүзеге асуына әрқашан жағдай жасау қажет. Қазіргі педагогика және психологияда баланың ойын әрекеттерін дамыту өлшемдері кеңінен қолданылуда.

5 – 6 жаста жеке заттық, сонымен қатар символикалық ойын пайда болып дамиды. Символикалық функциялардың қалыптасуының арқасында балалар ойын үстінде заттарды тікелей қолданып қана қоймай, оларды өз ойларына және ойынның тәртібіне қарай бағындырып қояды. Осы шақтың аяғында балалар әр түрлі заттармен ойнайды, және оларды өз ретімен ғана емес, құрастырып, жаңа зат ойлап табады. Бала үлкендер әрекетін заттармен қайта жаңғыртады. Әр түрлі әлеуметтік жағдайларда адамдардың бір-бірімен қарым-қатынастарын еліктейтін сюжеттік-рольдік ойын пайда болады. Бұнда саналы түрде бақыланатын ерікті әрекеттер қалыптасады.

Мектепалды шақта танымдық ойындарға қызығушылық таныту басым байқалады. Бұл шақтағы балада ойын үстінде үлкендердің әрекетін еліктеумен қатар, олар адамдар арасындағы белгілі бір қарым-қатынастарын бақылап еліктейді. Балалар ойын кезінде ережелер мен рольдерді бөлуге үйренеді, олардың жүру ретін бақылап, өздері де соны бақылауына тырысады. Негізінен бұл жанұялық рольдер (ана, әке, бала, қыз, әже, ата т.б.), немесе кәсіпкерлік (дәрігер, балабақшадағы тәрбиеші), немесе ертегі ойындар (қасқыр, қоян).

Есейген мектепалды шақта құрастыру ойыны біртіндеп еңбек әрекетіне ауыса бастайды, бұл кезде бала тек қана ойнамайды, ол пайдалы қажетті нәрселерді құрастырады. Осындай ойын үстінде бала тұрмыста пайдаланатын көптеген заттар мен құралдарды қолдануды үйренеді. Жоспарлау қабілеті дамиды, қалдық ұсақ моторикасы (қалдық ұсақ қозғалыстары) қалыптасады, қиялы дамиды [4, 91 б.].

Бала үшін өте пайдалысы, әсіресе мектепалды шақта, өз қолымен жасалған және бөліктерге бөлінетін, кейін жинайтын ойындар, әдістемелер және ойыншықтар болып келеді (мысалы, белгілі бір бөліктерге бөлінген сурет, бұл қолдың ұсақ моторикасының, ойлаудың, зейіннің, қиялдың дамуына пайдалы. Бұндай суреттерді өз қолымен, яғни түрлі ашықталар мен иллюстрацияларды бөліп келуге болады. Сатып алғандарға қарағанда, бұларды әрқашан жағарып, күрделігі өсу ретімен байланысты етіп жасауға болады). әсіресе балаларға танымдық қабілеттерін (қиял, зейін, ес, ойлау және сөйлеуі) және басқа да қабілеттерін (музыкалық, құрастырмалы, математикалық, ұйымдастырушылық, әртістік және т.б.) дамытуға арналған ойындар керек.

Танымдық ойындардың балаларға беретін негізгі мақсаты: ойынның қандай бағытта өткізілетіндігі, неге бағытталғаны жөнінде болуы шарт. Ойынның мәні мынадай екі бөлімнен тұрады:

1) түсіндіруші, яғни ойын кезінде балаларға нені үйретуіміз керек, қандай тәсілмен балаларға жеткізуіміз керек.;

2) тәрбиелеуші, балалардың басқа адамдармен қарым-қатынасын нығайту.

Танымдық ойындарды екі топқа бөліп қарауға болады:

- ережесіз шығармашылық ойындар;
- ережелі ойындар.

Ережесіз ойындар – бұл көбіне өздері ойлап шығарады, ал ережелі ойындарда үлкен адамдар шығарып, балаларға ұсынады. Танымдық ойындар ережелі ойындарға жатады. Ойын нәтижесі қандай жолмен болсын ұтыпшығу емес, балалардың, білімді қаншалықты игергенділігі ақыл-ойын, тілін дамытудағы өзара қарым-қатынас жасаудағы жеткен жетістіктердің көрсеткіші [5, 134 б.].

Танымдық ойындардың өздерінің сипатына қарай үш топқа бөлуге болады:

- ойыншықтармен айналатын ойындар;
- үстел үсті ойындар;
- сөздік ойындар.

Ойыншықтармен айналатын ойындар. Мұндай әр түрлі ойындар балаларға қызықты да тартымды болады. Заттардың сапасымен, пішінімен, қасиеттерімен танысады. Ойын барысында салыстыру, топтастыру міндеттері шешіледі. Балалардың аттар жайындағы білімдерді меңгеруге қарай ойын міндеті де күрделене түседі.

Үстел үсті баспа – ойыны – мұндай ойындар көрнекілік принципке негізделген. Мұндай ойындарда балаларға сол зат өзі емес, бейне суреті беріледі. Бұл ойынның мазмұны да әр алуан. Бұған балалар үшін қызықты лотолар, доминолар, кубиктер, суреттер жатады. Бұл ойындар балалардың оқыту міндеттерін шешеді, балалардың тілін ғана емес, шығармашылық қабілетін танытады. Сөздік ойындар басқа ойындарға қарағанда күрделілігі ешқандай зат ойыншық арқылы емсе, тек қана сөз арқылы зат бейнесін елестету негізінде жүргізіледі.

Сөздік ойындардың ерекшелігі тілді дамытудың негізгі міндеттерінің бірі-дұрыс дыбыстауға үйрету, сөздік қорын анықтау, әрі бекіту және айналадағы заттарды дұрыс танып, білуге үйрету. Қойылған сұрақтарға дұрыс әрі тез жауап табуға, өз ойын дәл, анық жеткізуге, ойлау әрекетін қалыптастыруға бағытталды.

Танымдық ойындарды тек таңдау емсе, оны жақсы өткізу қажет. Тәрбиеші ойын материалдарын алдын-ала әзірлеп алу қажет. Ойынды таңдаған кезде оны дұрыс талқыға салып, оның психологиялық ерекшелігін және тәрбиелік мәнін қарастыру керек. Ойын кезінде балалар бір-бірін тындап отыру керек. Ойын осылай өткенде ғана дамытушылық, тәрбиелік мәнін жете алады. Ойынға көркемсіз енгізгенде ғана балаларда жаңаша көзқарас қалыптасып, ойынға деген қызығушылығы арта түседі. Танымдық ойынның маңызын ескере отырып, оларға мынадай талаптар қойылады:

1) кез-келген танымдық ойын баланың ақыл-ой дамуына пайдалы жаттығуларды және тәрбиесіне пайдалы жаттығуларды беруі қажет;

2) танымдық ойындар міндетті түрде қызықты тапсырмаларға құрылуы керек. Осы тапсырмаларды орындай отырып, ақыл-ой күші шынығады және қиындықтарда жеңуге талпыныс болады;

3) ойындағы дидакизм қалжыңмен, қызықты жағдайлармен толық топтастыру керек;

4) ойынның мақсаты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күні ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қайылуы керек;

5) ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгенділігі жөн;

6) ойынға балалардың түгел қатысуын қамтамсыз ету керек;

7) ойынның жүру барысында тәрбиеші балалардың түгел қатысуын қағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек [6, 211 б.].

Ойын – оқыту үрдісінде оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория бола алады. Сонымен бірге, ойын оқытушылар мен студенттердің, мұғалімдер мен оқушылардың, мектеп жасына дейінгі балалар мен тәрбиешілердің бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде де қолдануға болады. Балалар ойынында да, үлкендер ойынында мәнді тұлғаның мәнді әрекеті ретінде қарастырылады. Адам өзінің және басқалардың ойынның нәтижесін бақылай, талдай, қорытындылай отырып, оны өзінің жақсы да, жаман

да істерінде ұтымды қолдануға машықтанады. Ойын теориясы мен практикасын Отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар зерттеуде. Мысалы, Иохан Хейзингтің «Ойыншы адам», Д.Б.Элькониннің «Ойын психологиясы» атты еңбектері жазылды.

Ақыл-ой, интеллектуалдық тәрбиесінің басты міндеті – балалардағы психологиялық процестерді дамыту, қиялды, ойды, түйсікті, есте сақтауды, тілді дамыту. Айналадағы дүниені танып білуде түйсік пен қабылдау үлкен рөл атқарады. Егер балада түйсік пен қабылдау жоғары дәрежеде дамыса, соғұрлым бала қоршаған дүниені өте жақсы жәрежеде біледі. Қоршаған дүниені танып білуде түйсік пен қабылдаудан басқа екінші сигнал жүйесі-тіл басты рөл атқарады. Бірінші сигнал – ми, себебі, балалар алған білімдерін тіл арқылы жеткізеді немесе тіл арқылы әр түрлі хабарлар алып отырады. Бала жасының ұлғаюына байланысты бала есі мен ойы дамиды.

Соған байланысты танымы дамиды. Міне, балалардың интеллектуалдық дамуына психикалық процесстер үлкен рөл атқарады. Танымдық ойын бұл дидактикалық ойындармен және әр түрлі бағытта жүргізілуімен өткізіледі.

Психологтар балалардың танымдық қабілеттерін дамыту үшін келесі жағдайларды бөліп көрсетеді:

1. Бала дамуында ерекше сезімтал, әсершіл кезең деп шамамен 3-тен 12 жас аралығы саналады. Сондықтан баланың ақыл-парасат дамуының кемелдігі үшін осы кезеңді босқа өткізбей, толыққанды қолдана білу керек.

2. Баланың танымдық белсенділігі жоғары деңгейде болады. Осы қабілеттерінің дамуы үшін оның оқуға деген ұмтылысы, білуге деген талпынысы басты орынға шығады.

3. Тәрбиенің тең құқылы жүйесі. Ата-ананың балаға үстемдік жасауы, өз айтқандарын істетеіп, баланың ішкі пікірін есепке алмауы, санаспауы, баланың толыққанды дамуын тежеуші бірден-бір фактор болып табылады.

4. Баланы интеллектуалдық тапсырмалар мен жаттығулар орындауға үйретіңіз. Бірақ баланың еркінен тыс мәжбүрлеу ешқандай нәтижеге қол жеткізбейді. Керісінше, оның қызығушылығын жойып, белсенділігін тежейді.

5. Өз бетінше оқу. Бала 9 жасына дейін өз бетімен кітап оқып үйренсе, бұл баланың дамуын ары қарай ұштап дамыта түспек.

6. Өзін жоғары бағалау. Бала өзін, өз қабілеттерін жоғары бағаласа ғана, мақсат еткен, қолға алған кез-келген істе сенімді болады.

7. Бала белгілі бір табысқа қол жеткізген жағдайда ғана өзін-өзі бағалай бастайды. Сондықтан да баланы табысқа, жетістікке жетелейтін жағдай жасауға ұмтылу керек.

8. Баласының интеллектуалдық дамуын, зейінінің өсуін қадағалап отыратын, кітап оқығанды жақсы көретін отбасында баланың дамуы жедел жүреді [7, 93 б.].

Сонымен алты жастағы балаларды оқытуда танымдық ойындар ерекше орын алады. Осы жастағы балаларға тән мінез-құлық: ойынға деген қызығушылығының артуы, мінез-құлық еріктілігінің жетіспеушілігі, көрнекілік-бейнелік ойлауы. Сондықтан балаларды дамытуда танымдық мазмұны бар ойын элементтерін қолдану өте тиімді болады. Осындай элементтер болып: ойын сюжеті, рөлдерді бөлу, берілген мақсатқа жету және арнайы ережелерді орындау үшін ұтысты ойын элементтерін пайдалану. Аталған әдіс-тәсілдерді тәжірибелік іс-әрекетте күнделікті қолдану бала интеллектісінің дамуына тікелей ықпал етеді.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Левандовская О. Я. Порядок рождения и особенности интеллекта ребенка. Москва, 2000.-112 с.
2. Лейтес Н. С. Умственные способности и возраст. Москва, 2001.- 126 с.
3. Жұмабекова Ф.Н. Мектеп дейінгі педагогика – Астана, 2009.-87 с.
4. Печерова К.Л. Развитие и воспитание детей раннего и дошкольного возраста. Актуальные проблемы и их решения в условиях ДОУ и семьи.– Москва, 2006- 91 с.
5. Григорьева Г.Г., Кроха. Программа воспитания и развития детей раннего возраста в дошкольном учреждении. Методика / Г.Г.Григорьева. – М.: Просвещение, 2013.-134 с.
6. Урунтаева Г.А. Психология дошкольного возраста: учебник / Г.А.Урунтаева. – М.: Академия, 2014.- 211 с.



7. Павлова Л.Я. Раннее детство: познавательное развитие: метод, пособие для дош. обр. учреждений / Л.Н.Павлова, Е.Б.Волосова, Э.Г.Пилюгина. – М. : Мозаика-Синтез, 2006.-93 с.

**Джолдасбекова Н. К.**

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші  
Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Жалпақтөбе ауылы  
Валерий Чкалов атындағы орта мектебі*

## **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СИПАТЫ**

Халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілікпен, оны қорғаудың ең тамаша үлгілерін көрсеткен сан мыңдаған азаматтарының аты Қазақстан тарихының, қазақ әдебиетінің беттерінде алтын әріптерімен жазылды. Бүгінде сол есімдері қағаз бетінде ойылып жазылған даналарымыз, ғұламаларымыз – Жүсіп Баласағұни, Әл Фарабиді, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек билерімізді, Керей, Жәнібек, Абылай хандарамызды, Доспамбет, Ақтамберді, Қазтуған жырауларымызды, Бөгенбай, қабанбай, Наурызбай батырларымызды, Ыбырай, Абайдай, Әлихандай ғұлама ақын-ағартушыларымызды, саясаткерлерімізді, Еуропа таныған Шоқандай ғалымдарымызды, бес арысымыз бен үш бәйтерегімізді, қазақ мәдениетін әлемге танытқан Әуезов пен О.Сүйлеумановты, т.б. батырларымызды, еліміздің ертеңі үшін күрескен қайраткерлерімізді мақтан етеміз, олардың ерлік істері мен еңбектерін дәріштеп келеміз. Олардың істері, тағылымдары болашақ жастар үшін үлгі-өнеге.

Сол мыңдаған ірі тұлғалардың ішінде, ел басына күн туғанда батылдығымен қолына қару алып Отан қорғаған, от пен оқтың ортасында жүрсе де халқының мәдениеті мен рухани тіршілігін естен шығармай, бейбіт кезде қаламынан туған туындыларымен ел бірлігі мен Отанның болашағына деген өз танымын, ой – пікірін, өсиетін қалдырған, Халық батыры – Бауыржан Момышұлының өз орны бар.

Қазақ халқының ұлы перзенті, қаһарман жауынгер, даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, әйгілі жазушы Бауыржан Момышұлы-XX ғасыр биігінде тұрған дара тұлға. Балалық шағын Қаратау, Алатау қойнауларында өткізіп, асау заманмен арпалыса жүріп есейген, қоғамның небір сұрапыл, қиян – кескі кезеңдерінде алған бағытынан қайтпастан өз заманының биігіне көтерілген қазақ баласы көзі тірісінде бүкіл Кеңес Одағы мақтан тұтатын және шет елдер танитын аңыз – адамға айналды. КСРО-дағы ірі әскербасы-маршалдармен бірге, өз қол астындағы мыңдаған қарапайым жауынгерлермен жұп жазбай жүріп Б. Момышұлы 1941 жылдың жазында басталған Ұлы Отан соғысына 1945 жылдың көктеміне дейін үзбей қатысып, Елімізді фашист басқыншыларынан қорғап қалу жолындағы қан майданды қаһармандықпен қақ жарып өтті Қарапайым командирден даңқты қолбасшы тұғырына көтерілді. Бауыржан Момышұлы соғыстан соңғы жылдарда аса көрнекті жазушы ретінде танылды. Оның қаламынан шыққан әскери және көркем шығармалар, роман-эңгімелер, хикаяттар ел игілігіне айналды.

Бауыржан Момышұлы – өзінің ұлттық рухын өмір бойы шыңдап өткен адам. Оның ұстазы болған Алаштың арыстары болатын. Тұрар Рысқұловпен бірнеше мәрте кездескен, әңгімелерін есітіп, ақылын тыңдаған. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтың еңбектерін түгелдей оқыған, ал көбісін жатқа айтатын болған. Бауыржанның рухани және саяси бағыт-бағдары осы Алаш көсемдерінің ұстанған жолымен, ой-пікірлерімен, ұлттық идеяларымен қалыптасты десек қателеспейміз. Ол өзі өмір сүріп отырған қоғамның болашағына, ұлт болмысына деген көзқарастары мен идеяларын, отансүйгіштік тәрбиеге байланысты тәлімдік ережелері мен қағидалары саласындағы, еш оқулыққа енбеген мұраларын, оның әскери қолбасшы жазушы ретіндегі қайраткерлігімен тұтас қабылдағанда ғана оның адами, азаматтық, ұлттық болмысын, қоғам өміріне қосқан үлесін толық тани аламыз. Бауыржан Момышұлы – педагогика ғылымы зерттейтін

барлық тәрбие принциптерін, азндылықтарын өзінің адами болмысымен және Отан алдындағы ерлік істерімен, тәжірибесімен дәлелдеген тұлға. Бауыржан Момышұлының әдеби, әскери теориялық еңбектерін оқи отырып, оның қоғамның, адамның мәдени дамуының басты құралы – жастардың бойында рухани-имандылық қасиеттерді қалыптастырудың маңызын: дәуірдің сипатында, халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпында, адамдардың туған ел мен жерге құштарлығында көрініс тапқан – ата-ана, отбасындағы тәрбиелік қарым-қатынас арқылы суреттеп береді. Бұл суреттеулер оның «Ұшқан ұя» повесінде кеңінен баяндалған. Бұл «Ұшқан ұя» мемуарлық романы – балалық шағын баяндаған, өскен, тәрбие алған ортасын суреттеген өмірбаяндық шығармасы. Сонымен қатар оның жазушылық шеберлігін танытқан алғашқы шығармасы.

«Ұшқан ұя» романындағы уақыт кезеңі – автордың балалық шағы. Өзінің ес біле бастаған кезінен мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі өмірі әңгімеленетін романда күллі дүние автордың өзіне ғана тән көркемдікпен суреттеліп, бала Бауыржанның қабылдауы, сезім-түйсігі арқылы өтеді. Қалың халық ортасында, қарапайым семьяда туып өскен, жастай шешеден айырылған, әжесінің қолында тәрбиеленген Бауыржанның алдымен тұлға ретінде қалыптасуы үшін әсер еткен басты фактор – өзінің түлеп ұшқан ұясы. Сондықтан да жазушы өз отбасын әр қырынан танытуда көркем шеберлік танытқан. «Ұшқан ұядағы» жылы сезімді образ – Бауыржанның әжесі Қызтумастың образы. Айнала ортаның, ащы өмірдің, қатал тағдырдың азабының бәрін бастан кешіп, төтеп бере білген, саялы Қызтумас әже – қазақ халық даналығын, салт-дәстүрлерін бойында сақтаған, достық пен бірліктің, адамгершілік пен отбасының қадірін ұғынған және соны ұрпақтарына, әсіресе сүйікті немересінің жүрегіне бала кезінен бастап еге білген ел анасы. [1] Қызтумас әжесі арқылы Бауыржан Момышұлы қазақтың нағыз данагөй тұлғасын берген. Тәрбиенің қайнар бұлағы іспеттес болған әжесінің әр сөзі, әрекеті – тұнып тұрған тәрбиенің көзі. Ал әкесі – Момышты сипаттағанда әділ, таза, адал жанның тұлғасын көрсетеді. 17 жыл бойы ауылынды әкім боп тұрған Момыш «Тура Момыш» атанып, ел мерейіне бөленген. Сондағы өз әкесінің әділ ісіне баға бере отырып, оны Алатаудың аппақ бұлттарына теңейді. Әкім бола тұра, дүние, мал-мүлік жинамағанын, біреуден артық еш нәрсе алмағанын баяндайды. Бұл да оқыған оқырманның адал боп қалыптасуына әсер етуі сөзсіз.

Тарих ғылымдарының кандидаты Әлімғазы Дәулетхан Егемен Қазақстан газетіне жариялаған «Ұшқан ұя» ұлағаты» атты мақаласында мемуар роман жайлы былай дейді:

«Баукене тағдыр сыйлаған жауынгерлік-қолбасшылық һәм шығармашылық ғұмырдың соншама мағыналы да жемісті болуының ішкі себептері мен қайнар көздеріне назар аударар болсақ, бала Баукеннің сүйікті әжесі Қыздығой мен Имаш атаны, Момыш пен нағашысы Серікбайлар бастаған аса көргенді, тәрбиелі, айрандай ұйыған тамаша нақ қазақы отбасын – қырандарды көкке самғатқан қастерлі ұшқан ұясының қасиетін атаймыз.

Бауыржан Момышұлы деген ұлы тұлғаға тән өмір шындығы бар болмыс-бітімімен ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі дейтін қазақы философияда жатқанын, ата-әже, әке-шеше, нағашы жұрт дейтін үш тұғырға барып тірелетінін әлі күнге сезбейтін тәріздіміз.

Батыр Бауыржан өзін де, әкесін де, жаратушы Алланы да атасы Имаш пен әжесі Қыздығойдың бесік жырымен, күнделікті үлгі-өнегеге толы парасатты ақыл-кеңестерімен, нақтылы іс-әрекеттерімен қордаланған имани тәлім-тәрбиесі арқылы танып-біліп барып қазақтың мақтанышына айналып, ұлт төріне көтерілген болатын». [2]

Бауыржан Момышұлы «Ерлік дегеніміз не?», «Жеке мақтаныш сезімі дегеніміз не?», «Ұлттық мақтаныш сезімі деген не?» деген сұрақтарға жауап ретінде ол : «Ерлік анасы – мақтаныш», Ұлттық рух – бұл, асыл қасиет, ұлтшылдық – бұл ұлт ішіндегі жеке адам бойындағы көркеуделік», «Ұлттық мақтаныш – сол ұлттың адамы үшін қасиетті әрі бұзылмас заң.», «Ұлттық рух – ұлы адамның және тұтастай алғанда ұлттың да асыл қасиеті», Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті.

Ұлтшылдықтың негізінде басқа халықтарға өзін қарсы қоюшылық, антогонизм жатады, ал ұлттық рухтың табиғатына өз халқына деген сүйіспеншілік арқылы басқа халықтарды сүю

мен құрметтеу тән», «Ұлттық рух – бұл, асыл қасиет, ұлтшылдық – бұл ұлт ішіндегі жеке адам бойындағы көркеуделік» – деп өзіндік тәрбиелік анықтамалар мен түсініктер береді. Бұл мәселелерге байланысты анықтамалары, түсініктемелерінің мән-мағынасы, тәрбиелік өлеңдері мен толғаулары мазмұнында да көрініс береді. Мысалы:

«Ер жігіттен не пайда,  
Ел күйзеліп, жер күйіп,  
Отанға дұшпан тигенде,  
Айғыр мініп ат ерттеп,  
Жауға қарсы бармаса,  
Қолына найза алмаса?!»,

«Адал ұлдан не пайда –  
Ел намысын қорғауға  
Ер намысын қолға алып,  
Қару-жарақ тағынып,  
Тәуекелге бел байлап,  
Атаның жолын қумаса?!»,

«Кемеңгерден не пайда –  
От басында сөз бермей,  
Топ алдында сынақта  
Тұтығып, тілі күрмеліп,  
Ақылынан адасып,  
Жұмған аузын ашпаса?!»,

«Шеберліктен не пайда –  
Топ алдына барарда,  
Әр сынға енді саларда,  
Ерлеріне еңіреген  
Елім үшін «мен» деген  
Әшекей шекпен тікпесе,  
Ер-тұрманын түзетіп,  
Жалындай жарқ-жүрк етпесе,  
Сағымдап жылтыр етпесе?!», –

деген сияқты толғауларынан алынған үзінділер ар-намысты сақтауға, ата-баба жолын, дәстүрін ұстануға, Отан қорғауға, ананы сыйлауға, үлкендерді құрметтеуге, ана тілін қастерлеуге арнаған насихат тәлімдері болып табылады.

Бүгінгі жастардың болашағына алаңдаған Баукеңнің: «Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері не шешелері ертеке айта бермейді. Содан қорқам, менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі керең болып қалмаса деп қорқамын», деп қауіптенген. Оттан да, оқтан да қорықпаған Бауыржан Момышұлын жөргегінен тәрбиенің қайнар көзінен айырылып бара жатқандығы қорқытады. Сондықтан жас ұрпақты Отансүйгіштік қасиеттерге баулуда Б.Момышұлының жеке адами қасиеттерін, әскери ерліктерін Отан қорғау, туған жерді қастерлеу секілді тұжырымдарын мектеп оқушыларын тәрбиелеуде ұтымды пайдалана білу керек. Сонда ғана біз болашақ ұрпақтан нағыз патриот тұлғаны көре аламыз.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1975.
2. «Егемен Қазақстан», Әлімғазы Дәулетхан. – 01.2018 жыл.
3. [https://massaget.kz/layfstayl/debiet/bauyirjan\\_momyishulyi/34608/](https://massaget.kz/layfstayl/debiet/bauyirjan_momyishulyi/34608/)
4. Момышұлы Б. Соғыс психологиясы. – Алматы: Қазақстан – 1990 ж.
5. Бек А. Волоколмское шоссе – Алматы: Жазушы, 1988 ж.

**Кадыржанова Ж.Е.**

*Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті,  
психология ғылымдарының кандидаты*

**Тапаева П.Қ.**

*«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы,  
4курс студенті*

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Тәрбие қоғамдық құбылыс, қоғам мен жеке тұлғаның арақатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Тәрбие процесінің негізгі мақсаты – жеке тұлғаны әлеуметтендіріп, оның жағымды қасиеттерін дамыту, қоршаған ортадағы адамдармен тіл табысып, өзіне және басқаларға ыңғайлы болу болып табылады. Балалардың сапалы тәртібін, жағымды мінезін қалыптастыру, оған сәйкес сезімін және сенімін тәрбиелеу отбасының және оқу орындарындағы тәрбиешінің функциясын атқаратын барлық қызметкерлердің негізгі мақсатқа бағытталған іс-әрекетінің тиімділігіне байланысты. Дегенмен бұл жерде отбасының да алатын ролі ерекше.

Психолог мектепке дейінгі мекеме мен отбасының бірлесіп атқаратын қызметін ретке келтіруге және ата-аналарға педагогикалық-психологиялық білім беруге белсенді қатынасады. [1] Дүние жүзінде, оның ішінде біздің отанымыз Қазақстанда, әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында ізгілік, яғни адамгершілік тәрбие шешуші фактор болуы заңдылық. Жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру барысында адамгершілік тәрбиесі – үздіксіз жүргізілетін процесс. Ол адамның өмірге келген күнінен бастап өмір бойы жалғаса береді. Оның мазмұнын баланың жеке бас қасиеттерінің кең шеңберін қамтиды. Балаларға адамгершілік тәрбие беруде отбасы мен мектепке дейінгі мекеменің орны ерекше. Өйткені бала туған күннен бастап ата-анасының аясында өсіп, өмірлік тәжірибесі қалыптаса бастайды. Бала мектепке дейінгі мекеме табалдырығын аттаған күннен бастап оны тәрбиелеумен қатар ана-аналарға тәлім-тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы, оларда орын алатын жағымсыз мінездерді қайта құру жолдары, оқыту мазмұнын балаларға толық меңгертудегі отбасының көмегі т.с.с. мәселелер бойынша көптеген проблемаларды түсіндіру мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне жүктеледі.

Мектепке дейінгі мекемеде психологиялық қызмет құрылуымен байланысты психолог ата-аналар арасында психологиялық ағарту жұмысын басқаратын адам. Сондықтан әр психолог өз жұмысының мазмұнын анықтағанда отбасымен жүргізетін іс-шаралар жүйесін толық қамтуға тиіс. [2] Ата-аналардың тәрбие процесінде жеке адамның қалыптасуына ықпалы, олардың жалпы және педагогикалық мәдениетіне байланысты. Осы тұрғыдан педагогикалық-психологиялық білім негіздерімен ата-аналарды қаруландыру мектеп алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Ата-аналар шын беделге ие болған отбасыларда олардың жай ғана реніш білдіруі, ескерту жасауы баланы теріс істерден сақтандыру үшін жеткілікті болмауынан балалар ата-анасымен ашылып сөйлеспейді. Олардың ескертпелеріне дөрекілікпен, қарсыласумен жауап береді. Кішкентай күнінде сәби ата-анасын жан-тәнімен қадірлейді, оларды бар зейінімен тыңдайды. Ал ақылы кіріп, жақсы мен жаманды ажырата бастаған жасөспірім үйдегі үлкендерге енді ересек көзбен қарайды. Бірақ бұл жағдайды біздер, ата-аналар үнемі ескере бермейміз. Қорқытумен, күш көрсетумен балаға айтқанымызды істетуге әуеспіз. Мұнда отбасында балалардың өсетініне мән бермейміз. Отбасындағы байсалды бірқалыпты қарым-қатынас жас буынның ата-аналарына сенімі мен құрметін ұмытамыз. Кейбір ата-аналар тәкәппарлық беделіне бой ұрады. [4] Адал да еңбекқор адамдарына өндірісте болсын, ең алдымен кішіпейілділік жарасымды. Алайда арамызда әлі де болса тек өзінің жұмыстағы жетістіктері туралы ғана айтқанды жақсы көретін, басқалардың жақсылықтарын көрмей, оларға менмендікпен

қарайтын адамдар бірен-саран болса да кездесіп қалады. Осыны көрген, естіген балалар да жолдастарына көкректік көрсетіп, әкесінің лауазымын, аналарының талантын айтып, мақтанды. Кейбір ата-аналар балаларына уәде беру, түрліше сыйлықтар ұсыну арқылы айтқандарын тыңдатады.

Әрине, отбасында баланы мадақтау, оларға түрліше сыйлықтар беру сияқты дәстүрлер болуы мүмкін, бірақ жақсы қылықтар көрсеткені үшін сыйлықтар ұсыну мүмкін емес. Мұндай жағдайда бала жақсы істерді қоғам игілігі үшін емес, ата-анасы үшін деп түйіп, үлкен сыйлық алу мақсатында олардан саудаласуды үйреншікті әдетке айналдырады. Ондай бала отбасы мен мектеп және Отан алдындағы борышын толық сезбейді. Біздің ортамызда еңбегімен, тәрбиеліктігімен көп құрметіне бөленген үлгілі отбасылар қай жерде де аз емес. Олардың есімдерін үлкен мақтанышпен атауға болады. Олардың балалары да еңбекқор, тәртіпті, мәдениетті азаматтар болып өсіп келеді. Түсінігі таяз ата-аналар да кездеседі Оларға «балаларыңыздың оқуы нашар, соған көмек көрсетуіңіз керек» десең еститінің «Оқымаған адамдар да нанын тауып жеп жүр ғой, қайтейін сау болса болар». Бұл әңгіме нан табуда емес, балалардың оқуында, тәрбиесінде болып тұр емес пе? Осындай отбасылардан қандай тәрбие күтуге болады. [5] Ата-ана отбасы ұйытқысы, балаларының бағбаны, сондықтан олар жақсы қасиеттерімен бабалардың келешегіне үлкен әсерін тигізулері керек. Егер ата-анасының біреуі өз міндеттерін орындаудан бас тартса немесе өз құқығын теріс пайдаланса, балаларына қатыгездік жасаса, сондай-ақ, ішімдікке салынып кетсе, ата-аналық құқығынан айырылуы мүмкін. Бала тәрбиесіне салақ қараудың салдарынан кейбір дұрыс оқитын балалар арасынан да өз бетімен жүріп, шылым шегу, ішімдікке үйір болу, ұрлық жасау сияқты жаман жолға түсіп кетушілер кездесіп қалады. Кейде балаларды жалған айтуға ересек адамдар өздері мәжбүр етеді. Сірә, олар ондай өтірікті айта салудың еш қиындығы жоқ деп санайтын болуы керек. Мұның тәрбиеге кері әсері тигізетіні сөзсіз. Бала тәрбиесімен оның анасы ғана айналысатын отбасылар да бар. Мұндай жартыкеш тәрбие де жақсы нәтиже бермейді. Әке өнегесі, әке тәрбиесінің орны қашанда бөлек.

Ата-анасына балалардың мінез-құлқын, бейімділігін сынып құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасын, қоғамдық жүктемені орындауын, коррекция сабаққа ынта – жігерін айта келіп, осы отбасына тән ерекшеліктерді ескерту. Мінез түрлілігі сияқты әр отбасы айтқан ойларды әр түрлі қабылдап жатады. Бірі ілтипат көрсетсе, кейбіреулер жақтырмайды. Сынып жетекшісі, мұғалім екіншісі ата-ана болғандықтан олармен тіл табысып отыру керек. Қабылдауы кейде орташа, кейде тым тәуір балалардың ата-аналарымен әңгімелесу барысында байқалатыны ата-аналар педагогтарға өкпелі болып келеді. Күнделікті тапсырмалар мен мектепке өтетін кездегі нәтижелері жайлы сөз болғанда олардың дұрыстығын коррекция сабақтарына қатысу арқылы білуге болатыны қозғалды. [3]

Ата-аналарды шақытылып коррекция сабақтарына қатыстырылды. Әрине, осындай тығыз байланыстардан кейін олар дұрыс пікірге келді. Мұндай жағдай да болды. Бір ата-ана тәртіпсіздігімен көзге өрескел, дөрекі мінезді ұлы үшін кемшілігін мойындап ата-аналармен, мекеме басшылығының мүшелерімен кездескен жиналыста өз ойын білдіріп, кешірім сұрады. Ата-анамен жұмыс күрделі, үлгілі балалардың ата-аналарымен байланыс жасап, кейбір тәрбие мәселесінде ақыл-кеңес сұрап отыруға болады. Ата-аналар арқылы айтылған сөздің ақылдасқан жайдың нәтижелі болатынын байқадық. Себебі ата-анаға балаларының үлгілі болғаны жақсы. Ата-аналар мен байланыс жасау әр түрлі және олардың жас ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отырады. өмірге көзқарасын қалыптастыру, мамандықтарға баулу – балалар үшін олардың іс-әрекеті және гигиеналық талапты сақтауы болашақ мектепке өтетін ережесіне қарай реттеледі. Балалардың сұрақ-жауап сауалнамасын талдаған кезде өз балаларының келешекте кім болатынына көңіл бөлмейтін ата-аналар бары байқалды. Сондықтан ата-аналар баланы мектепке бергенде тек баласының сабағына қатысу үшін ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік шараларға, кештерге белсене қатысып отыруын қадағалап, балаларымен екі арада ашық түсініктерінің орнауына ықпалын тигізеді.

Бала ата-ананың адамгершілік өмірінің айнасы. Ата-аналардың балаларға осыншама қиындықсыз ауысатын ең бағалы адамгершілік белгісі-бұл шеше мен әкенің ізгілігі, адамдарға жақсылық істей білуі. [3]

Әке мен шеше өз жанының бір бөлігін басқаларға беретін адамдардың қуанышы мен қайғысын бүге білмейтін семьяларда ізгі жанды, сергек, сезімтал болып өседі. Ең жаман нәрсе жекелеген ата-аналардың өзіншілдігі, жеке басын күтіп кетуі. Кейде мұндай жаман нәрсе өз баласына деген инстинктілігі, соқыр сүйіспеншілікке айналады. Егер әке мен шеше өз жүрегінің барлық күнін басқаларға беріп олардың тасасынан басқа адамдарды көрмейтін болса, бұл дәреке сүйіспеншілік ақыр аяғында бақытсыздыққа айналады. Балалардың өз Отанының патриоты болу үшін, туған жер мен еңбекші халықтың қызу сүйетінін, адам, шыншыл, еңбек сүйгіш, ізгі жанды, сергек, сезімтал, жамандық пен өтірікке төзбейтін, қиындықтарды жеңуден ер жүрек, әрі табанды, кішіпейіл, адамгершілігі мол, дені сау денесі шыныққан болуы үшін бәрін де істейтін болды. Балалар ізгі жүректі, сезімталдығы жоғары адам болуы тиіс. [1] Бала отбасының айнасы, бір тамшы суда күн сәулесі қалай бейнеленсе, шеше мен әкенің адамгершілік тазалығы да балаларда солай бейнеленеді. Мектепке дейінгі мекеме, мектеп пен ата-ананың міндеті- әр балаға бақыт беру. Бақыт алуан қырлы. Ол адамдардың өз қабілетін ашып, еңбекті сүйіп, жасампаз бала білуінде де және қоршаған дүниенің кеңдігінен ләззат алып, басқалар үшін әсемдік жасаулар да, басқа адамды сүйіп өзі де біреудің сүйіктісі болып, балаларды нағыз адам етіп өсіре білуінде. Адам өмірінде ең асыл да тамаша – ана. Балалардың анаға қуаныш әкелген еңбектерінің адамгершілік тамашалығын сезу өте қажет. Адамгершілікті, мейірбандықты, қайырымдылықты тәрбиелейтін шын мектеп – отбасы, анаға, әкеге, атаға, әжеге, аға-ініге, әпке-қарындасқа қарым-қатынас адамгершілікке сын болып саналады.

Ата-аналар мектепке дейінгі балалардың ақыл-ой дамуы, болашақ өмірі шешуші дәрежеде әке мен шешенің қарапайым мәдениетіне байланысты. Бұл мәдениет өсіп келе жатқан балалардың күрделі жан дүниесін ақылдылықпен түсінуден көрінеді. Ата-аналарға арналған мектепке дейінгі мекемедегі коррекция сабақтарында баланы ойлауға қалай үйретуге болады, оның ой қабілетін қандай жолмен дамытуға болады деген мәселелерге ерекше көңіл бөлінді.

Мектепалды даярлық тобындағы ата-аналар комитеті тәрбиешілерге, педагогтарға, ата-аналарға көмектеседі, балалардың демалысын, қиын отбасыларды қамқорлыққа алуды, балалардың тұрғын жеріндегі жұмыстарды ұйымдастыруға қатысады. Ата-аналар жиналыстарын, олардың конференцияларын пікір таластарды, балалар мерекелерін өткізудің дайындық жұмыстарына қатысады. Мектепке дейінгі мекеменің, отбасының, бүкіл халықтың және мемлекеттің негізгі мақсаты қазіргі заманның талаптарына сәйкес балаларды және жастарды тәрбиелеу, оларды мамандық таңдауға, арнайы орта және жоғары оқу орындарына түсуге, халық шаруашылығының салаларында еңбек етуге даярлау.

Үй ішінде күнделікті айтылатын қариялардың ұлағатты қасиеттері мен ақыл сөздері, жастардың оларға деген сый-құрметі, адал көңілі, әдепті қылықтары, ерке-назы, әзіл-оспағы, жалпы алғанда, дұрыс қалыптасқан моральдық-психологиялық қарым-қатынастар отбасы өмірінің ерекше бір байлығы, әшекейлі көркі. Мұндай үйде өскен бабалар бақытты, олардың өмірінен алатыны да, өмірге беретіні де көп болады. [5]

Мектепке баратын балалар ата-аналардың адал ақ көңілді, жұмсақ алақанының көмегімен ұрыс-таласы, үрей-қорқынышы жоқ отбасында тәрбиеленді. «Мінезді, ақ пейіл адамдарға арнап айтылған бір кісілік орын» деген мақалы осының куәсі. Отбасы-тәрбиесінің тағы бір артықшылығы, үйдегі адамдардың жас шамасы әр түрлі болса да, бір-бірімен жақындығы.

Олар үйде халықтың салт-дәстүрінің алуан түрін өздерінің күнделікті тіршілігінде сәт сайын кеңінен пайдаланды. Отбасы мүшелерінің әрбір іс-әрекеті, тындырған не тындыра алмаған жұмыстары әр түрлі жағдайда көрсеткен мінез-құқының қырлары, бір-біріне тигізетін көмегі, не зияны түгелдей халық дәстүрінің сынынан, елегінен өтіп, «дұрыс», не, «бұрыс» деген бағаларын алады. Отбасында жарасымды орнын тапқан салттар мен дәстүрлер аса тиімді тәрбие құралына айналды. Отбасы тәрбиесінің осындай ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін қоғамдық тәрбиенің міндеттерімен ұштастыра білсек, оның берері мол.

Ата-аналар балаларын мәдениетті, кішіпейіл адал азамат етіп өсіргілері келсе, ең алдымен, олардың өздері кіршіксіз таза адам болуы керек және баланың бойындағы теріс қылықтардың пайда болу себебі отбасыдағы үлкендердің жеке басындағы кемістіктермен байланыстылығын түсінгені қажет. Сондықтан балаларды тәрбиелеуде олардың ата-аналарына тәрбиелік ықпал жасаудың ролі өте үлкен.

Мектепалды даярлық тобында бастауыш сыныпқа өтуіне дайындық барысында мектеп пен отбасының ортақ күшімен балалардың барлық таным процестері дамып, интеллектуалдық қабілеті көрініс береді. Ата-аналармен жүргізілген кездесулер барысында оларға балалардың интеллектуалдық даму негізінде таным процестері жататыны, үйренудің түрлері және үйге берілген тапсырмаларды орындау барысында, жүре үйрену барысында ата-аналар үлкен роль атқаратыны көрсетілді. Бірінші кездесулер ата-ана жиналыстарының алдында 15 минуттық баяндама ретінде ұйымдастырылды. Бұл баяндамадан кейін бала психологиясына деген қызығушылық пайда болып, ата-аналар жағынан көптеген сұрақтар мен сұраныстар түсе бастады. Психологиялық білімге туған қызығушылықты қанағаттандыру мақсатында психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстар жүргізілді.

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының ынтымақтастығының бірнеше формалары бар. Мектепалды даярлық тобының балаларымен ата-аналар жиналысы кезінде көптеген мәселелер мысалы күнделікті өмір, еңбек, демалыс, оқушылардың бос уақыты, кәсіптік бағдар, тәрбие жұмысы, т.б. талқыланады және оларды одан әрі жетілдірудің нақты жолдары қарастырылады. Байланыс формаларының екінші түрі – педагогтардың балалардың отбасы жөнінде ақпарат алуы. Мақсат: оқушылардың үй жағдайымен, күнделікті өмірімен, тұрмысымен танысу, оқу және тәрбиеге байланысты әр түрлі тақырыптарда ата-аналармен әңгіме өткізу, пікір алмасу. Ынтымақтастығының үшінші формасы – педагогикалық-психологиялық білімдерді насихаттау, яғни ата-аналарға педагогикалық-психологиялық білім беру. Қазір ата-аналар мен қалың бұқара халық арасында психологиялық және педагогикалық білімді насихаттаудың маңызы өте зор. Насихаттау барысында балаларды тәрбиелеу міндеттерін шешу жолдары талқыланып, отбасында шешетін көптеген проблемалардың мән-мағынасы анықталып, оны шешудің тиімді жолдарын табуға мүмкіндік туады.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Әбенбаев С. Сынып жетекшісі. Алматы 2001-44б.
2. Әміралиев Ш. «Байлық өмірден» //Бастауыш мектеп 1992 – №11,12
3. Әлімбаев М.. «Халық-ғажап тәлімгер» – Алматы, 1994-51б
4. Байдуллина А. «Мектеп пен ата-анаға ортақ міндет». //Қазақстан мектебі 1996 ж. №9, 49-51б.
5. Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. Алматы.1993 – 64б.

**Садвақасова Г. К.**

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы  
Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Жалпақтөбе ауылы  
Валерий Чкалов атындағы орта мектебі*

## **ПАТРИОТИЗМНІҢ ӨЛШЕМДЕРІ**

Патриотизмнің негізгі нысаны, өлшемі – Отан, оның пайда болған кезеңнен бергі тарихы, ұлттық тілі, дәстүрі, салт-ғұрыптары, мәдени ескерткіштері, киелі жерлері мен табиғат байлықтары. Отаныңды сүю – кіндік қаның тамған жерді сүюмен қатар, ол жерді мекендеген, кіндігін кескен, мейірімін төккен Елдің сүю. Отанға деген сүйіспеншілік – еліміздің салтын, дәстүрін, ұлттық тілі мен тарихын құрметтеумен өлшенеді.

Отан бесіктен басталады, яғни Отанды тану ең алдымен сені бағып-қаққан елді, оның ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-санасын, ұлттық тілін қастерлеуден бастау алмақ. Жалаң үлгі – жалған идеал ұзақ өмір сүрмейді. Ұлттық рухты оятпай, бұл туралы сөз қылуда ерте. Қойдай бытыраған елдің бақа-шаянға айналып, шашырап кетпеу үшін басын біріктірудің жолы – бұғып жатқан рухтың шоғына от салу, намысты ояту.

Ұлттық негізі жоқ еле – желкенсіз қайық, ұстанар идеясы, нәр алар тамыры, қорек етер қазынасы болмаған соң сүт ұйыған берекеден де, жұдырықтай жұмылған тірліктен де сән кетеді. Ұлттық болмыс – мемлекеттің тірегі. Шет мемлекеттер өзінің ұлттық болмысын барша әлемге таныстыру әрі таратуға барын салып, жанталасып жатыр. Жапония, Қытай, Корея, Түркия, Германия бұл бағыттағы іс-шараларын мемлекеттік саясат арқылы жүзеге асыруда. Патриотизмнің іргетасы мықтап қаланған нарықтық қатынастағы елдерде патриоттық тұрғыда экономикалық көзқарастар да қалыптасқан. Мәселен Германия мемлекетінің экономикасындағы неміс патриотизмінің 10 өсиетіне назар аударып көрелік:

1. Тіпті ұсақ-түйек шығын шығарғанда да Отанның және ел азаматтарының мүдделерімен есептес.
2. Шетелдің бір теңгеге тұратын тауарын сатып алғанда өз еліңе бір теңге зиян келтіретінін ұмытпа.
3. Сенің ақшаң тек неміс саудагерлері мен жұмысшыларына пайда әкелуі керек.
4. Шет елден келген машина мен құрал-саймандарды қолданып, неміс жерін, неміс шаңырағын, неміс шеберханасын қорлама.
5. Дастарқаныңа шетелдің етін, майын, т.б. қойма, себебі ол неміс ет өндірісі мен мал шаруашылығына зиян келтіреді.
6. Әр уақытта неміс қағазына неміс сиясын малып, неміс қаламымен жаз да, неміс сорғышымен сорғыз.
7. Неміс игілігіне тек немістің ұны, немістің жемісі, немістің еті жарайды.
8. Тек қана неміс матасынан тігілген сырт киім мен неміс қолынан шыққан бас киімдерді ки.
9. Егер сен неміс кофесін ішкің келмесе, Германияның отар елдерінен әкелінген кофені іш. Балаларың мен әйеліңе де отар елдің қақасын ішіп, шоколадын жеуге әмір ет.
10. Ешуақытта шетелдің тауарына қызықпа және есінде сақта: «Германия азаматының керегін тек Германия шығара алады».

Германияны экономикалық құлдыраудан құтқарып, аяғынан тік тұрғызған, ілгері дамытқан осындай патриоттық өсиеттер. Бұл ақпаратты Амангелді Айталы өзінің «Ұлттану» атты еңбегінде жазған (А.Айталы. «Ұлттану» кітабы) Осыдан байқағанымыздай ақ елдің экономикасы патриот азаматтардың қолдауынсыз дамуы мүмкін емес. Осы аталған өсиеттер кәсіпкерлерге, тұрғындарына үлгі ретінде болса игі еді.

Қазақ елі тәуелсіздігін алуда сан ұрпақтың сан ғасырлық ғұмыры мен күш жігері жұмсалғаны анық. Тәуелсіздігімізді алғалы 31 жылдың ішінде сапалы өзгерістерге толы істер атқардық деп қорытынды жасалық. Бұл әрине экономикалық, әлеуметтік, саяси жақтан алғанда дұрыс оңды баға. Дегенмен ұлттық психологиямыз, менталитетіміз және ұлттық болмысымыз әлі де болса құлдық кеңестік идеологиядан арыла алмай отыр. Ұлттық болмыстың өте маңыздың қыры – ұлттық тіл. Қазақтың ғұлама жазушысы Ғабит Мүсірепұлы айтқандай: «Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың бағасын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі». Ал бұл күрделі де тың мәселе өзінің бастауын сонау Ресей отаршылдығы қазақ жеріне үстемдігін орната бастаған кезден бастап алады. Тарихқа үңілсек, кеңес дәуірі кезінде жүргізілген отаршылдық басқару жүйесі ұлттық келісімпаздық психологиясын, құбылма, жағымпаз, тұрақсыз, ұлт алдында жауапкершіліктен айырылған, жалған патриотты адамдарды қалыптастырғаны сөзсіз. Орталық Комитет «интернационализм» идеясын ұсына отырып, оны өздерінің мүдделеріне шешіп, іс жүзіне асырып жатты. Интернационалды саясат орталық орыстың шовинистік саясатымен алмастырылды. Іс жүзінде қазақ халқын орыстаныру және ассимиляциялау саясатын астыртын жүргізіп отырды. Ұлттық салт-санадан гөрі, кеңестік салт-сана қалыптасып, қарқындап дәріптелді. Ұлттардың ең осал тұсы – ұлттық тілін «интернационализм»



жамылғысын жамылған ассимиляциялау саясаты қысып ұстады. Сөйтіп орыс тілі халықтардың өзара түсінісу құралынан ресми мемлекеттік тілге айналды да қалған тілдер өзіндік статустан біртіндеп айырыла бастады. «Коммунизм тұсында ұлттар болмайды, сондықтан да түрлі тілдер жойылады, олардың орнына аумақтық тілдер пайда болады, солардың бірі –орыс тілі» деген интенационалдық жалған ұранмен ұлттық тілдер ашықтан-ашық тұншықтырыла бастады. Тоталитарлық режим халықты тығырыққа тіреді. Мәселен тарихи мәліметтердің көрсетуі бойынша 70 жылдарда қазақтардың 41,6 пайызы ана тілін білмеді немесе шала білді. Бұл жағдай қазақ ғалымдары мен зиялыларының, жастарының наразылығын тудырғанымен, олар пікірлерін ашық білдіре алмады. Ой-пікір бостандығына тыйым салып отырды. Кеңес басшылары қазақты жерінен қала берді ең сорақысы рухани мәдениетін улаудың әдісін кеңінен қолданған болатын. Содан қалған идеологиялық қалдықтың әсерінен қазіргі таңда ұлттық тіліміз – қазақ тілі өз мемлекеттік деңгейіндегі дәрежесіне толыққанды жете алмай отыр. Сондықта біздің қазақ екенімізді терең түсіну үшін мәдениет, тіл, дәстүр, әдет-ғұрып салалары бойынша арнайы телебағдарламалар, газет журналдар, тіл курстары көптеп, сапалы түрде ұйымдастырылғаны жөні. Қазіргі таңда бұл іс-шара атқарылып отыр, дегенмен сапа жағы сын көтермейді. Ал экологиялық ұлттық туризм, ел аралату, әдет ғұрыппен таныстыру, оларды дамыту, қолданысқа енгізу, ұлттық спорт түрлерін дамыту, оларды әлемдік олимпиадалық деңгейде көтеру, қазақтың киелі жерлерін көрсету, ұлттық аспаптарын паш ету, ұлттық тағамдарын, ұлттық киімдерін брендке, трендке айналдыру, секілді шаралар мемлекеттік саясаттың бірден-бір атқарар функциясы болуы қажет. Әсіресе қазақ тілін дамытудың, жастар арасында «мода, стильді» тілге айналдырудың тетіктерін қоғамға ендіру қажет болып отыр.

Ұлттық патриотизмнің бір ұшқыны – ұлттық тілімізде жатқандықтан, тілді дамытуда мынадай міндеттер алға қойылу керек:

- жаңа ұлттық тарихи сана қалыптастыруда қазақ тілінің рөлін нақты белгілеу қажет
- мемлекеттік тілді оқытуда саннан сапаға көшіріп оқыту
- жеке тұлғаны өз ұлтына тән ерекшеліктерін сақтай отырып тәрбиелеу
- жас ұрпақтың ұлттық психологиясын ояту, қалыптастыруда тілдің қасиеттілігін ұғындыра отырып тәрбиелеу,
- тіл үйретудегі қазіргі инновациялық амал-озық технологияны кеңінен пайдалану керек
- жеткіншек ұрпақты халық дәстүрлері арқылы тәрбиелеу арқылы қазақ тілінің статусын айқындау, т.б.

Адам бойына патриоттық сезімнің қалыптасуына отбасы тәрбиесінің әсері бар болғандықтан, ең бірінші жауапкершілік ата-анада жатыр. « Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілерсің» демекшідей ата-анаға баланың ұлттық психологиясын қалыптастыруда үлкен міндет жүктелмек. әрине мектеп қабырғасында мұғалімдердің білім беру жүйесінде бұл мәселе алда қойылған. Дегенмен мектепте үйретілген нәрсе отбасындағы тәрбиемен үйлеспей жатса, ол еш нәтиже бермейді. Отбасы мүшелері қазақ тілінде сөйлесіп жатса, бала қалайша қазақ тілінде сөйлемейді?! Қазіргі таңда, әсіресе қала аумағында тұратын « шала тілді қазақ» отабсылар саны аз емес. Солай бола тұра өз балаларын жекеменшік орыс тілді балабақшаларға, мектептерге, сыныпқа ауыстыру қалыпты жағдайға айналған. Ұлттық тілімізді дәріптеу мақсатындағы іс әрекеттерімізді ең алдымен отбасымыздан бастағанымыз жөн. Өз ана тілінде сөйлей алмайтын, не сөйлеуге тілі бұрмаланатын, сөйлесе сөздері орысша аралас сөйлейтін бала қалайша «Мен қазақпын» деген ұлы ұғымлы ұғына алмақ?! Айтпағым, ең алдымен баланың бойындағы патриотизм сезімді қалыптастырып, күшейтейік десек, қазақ халқы айтпақшы «бесігімізді түзейік!»туған тіліміздің қадірін алдымен өзіміз жете ұғынайық. Қазақстанда тұрып жатқанымызды жүрегімізбен сезінейік. Тіл – ол біздің ұлттығымыз, тарихымыз, намысымыз, былайша айтқанда барымыз. сол барымыздан айырылсақ, онда ұлт ретінде болмысымыздың жоғалғандығы.

Өз ұлтының мүддесін терең түсінбеген, өз Отанының азаматын бола алмаған адам жалпы адамзаттық мәдени мұраны қабылдап, шынайы рухани мұраттарды ішкі қажеттілігіне айналдыра алмайды. Қазақ ұлты үшін ең басты мұрат – ұлттық мемлекетке қол жеткізу. Қазыбек бидің қалмақтың Қоңтажы ханына:

«Біз қазақ деген мал баққан елміз,  
Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.  
Елімізден құт-береке қашпасын деп,  
Жеріміздің шегін жау баспасын деп,  
Найзаға үкі таққан елміз,  
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,  
Басымыздан сөзді асырмаған елміз.  
Досымызды сақтай білген елміз,  
Дәмі, тұзын ақтай білген елміз,  
Асқақтаған хан болса,  
Хан ордасын таптай білген елміз.  
Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,  
Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды.  
Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.  
Сен қамақ болсаң, біз қазақ, қарпысқалы келгенбіз,  
Сен темір болсаң, біз көмір, еріткелі келгенбіз,  
Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз;  
Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз,  
Танысуға келмесең шабысқалы келгенбіз;  
Сен Қабылан болсаң, мен арыстан, алысқалы келгенбіз;  
Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз;  
Тұтқыр сары желіммен, жабысқалы келгенбіз;  
Берсең жөндеп бітімніңді айт,  
Бермесең дірілдемей жөніңді айт,  
Не тұрысатын жеріңді айт!» –

деген сөздері қазақ елінің тумысынан ынтымақты, рухы жоғары, өр, бауырмал, жауына бөрідей, досына қолы ашық халық екендігін көрсетеді. Ынтымақ бар жерде дәулет те, байлық та, білім де, ғылым да ырыс та, бақыт та орын табады.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Айталы А.Ә. Ұлттану: оқу құралы/- Алматы: Арыс, 2000ж. – 223 бет
2. Маданов Х., Мусин Ч. Ұлы дала тарихы. – Алматы: Санат, 1994 ж.
3. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/15566>
4. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: – Ана тілі, 2000ж.
5. Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1994 жыл.
6. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994.-272б.

**Абдуррахман Танриёген**

*п.э.к., Памуккале Университетінің профессоры*

**Сулейменова Л. А.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,*

*Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы*

**Базарбай Е. М.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,*

*саясаттану факультетінің 2-ші курс докторанты*

**Сулеймен Д. Б.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің*

*Философия және саясаттану факультетінің 2-ші курс докторанты*

## **ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Қауіпсіз және жауапты мінез-құлықты қалыптастыру – бұл салауатты өмір салты мәдениетін тәрбиелеуге, жасөспірімдердің өзін-өзі қорғау мінез-құлқын қалыптастыруға, жеке

тұлғаның құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған профилактикалық іс-шараларға барлық студенттерді қосу. жасөспірімдер және олардың ата-аналары.

Құқықтық тәрбиенің басым міндеттерінің бірі жасөспірімдердің сабақта және сабақтан тыс уақытта құқықтық құзыреттілігін пайдалануына нақты жағдай жасау, т.б. имитацияланған жағдайларда және нақты өмірде құқықтық білімді қолданудың оң тәжірибесін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру мен қорғаудағы заңды және әлеуметтік белсенді мінез-құлық тәжірибесін жинақтауға ықпал ететін практикалық іс-шараларды ұйымдастыру кезінде.

Қазіргі қоғам өзінің құқықтық білім беру сапасына тәуелділігін көбірек түсінеді, өйткені құқықтық білімнің деңгейі мен жүйесі қоғамдағы адам қызметінің тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді.

Қазіргі жағдайда оқушылардың құқықтық санасын, балалар мен жасөспірімдер ортасындағы заңсыз көріністерге қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру ерекше маңызға ие; балалар мен жастарды азаматтық-патриоттық, құқықтық және көпмәдениетті тәрбиелеудің әлеуметтік мәртебесін көтеру; азаматтық-патриоттық, құқықтық және көпмәдениетті тәрбиелеу бойынша ғылыми негізделген ұйымдастыру саясатын жүргізу; білім беру құрылымдарының нақты өзара іс-қимылы негізінде білім беруді ұйымдастыруда азаматтық-патриоттық, құқықтық және көпмәдениетті тәрбиелеудің мазмұнының, әдістері мен технологияларының деңгейін арттыру.

Осы қоғамда өмір сүретін әрбір адам нормалар жүйесіне кіреді, өз құқықтары мен міндеттерін білуге міндетті. Қоғам талабынан жасыру мүмкін емес. Бұл адамның қандай да бір дербестіктен, өзі қажет және әділ деп санағандай әрекет ету құқығынан айырылғанын білдірмейді. Қоғам оның құқықтық санасына әсер етеді, оның құқықтық білімі мен дағдыларын меңгеруіне ықпал етеді, оның құқықтық құзыретін қалыптастырады.

Қазіргі қоғам жалпы құзіреттілік деп атауға болатын ұстанымға негізделген құндылықтардың принципті жаңа жүйесін алға тартады, оның бірі – құқықтық құзырет.

Құқықтық құзіреттілік – бұл құқықтық шындықты, жеке тұлғаның құқықтық құбылыстарға қатынасын және осының негізінде оның құқықтық мінез-құлқын көрсететін құқықтық білімнің бірлігі; ол өзі және басқалар, қоршаған әлем арқылы көрінеді, қол жеткізілген нәтижелерден табыс пен қанағат әкеледі.

Девиантты мінез-құлыққа бейім жасөспірімдердің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру – бұл заңды құрметтеуге тәрбиелеу, нәтижесінде адамның қоғам заңдарын қабылдауы, әдетте, оларды ұстануы туралы білімдерін қалыптастыру. құқықтары.

Тұлғаның құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру оның маңызды элементтері болып табылатын қажетті және жүйеленген құқықтық білімдерді меңгермейінше мүмкін емес.

Құқықты іргелі құндылық ретінде тану, азаматтардың құқықтық құзыреттілігін арттыру және олардың заңды мінез-құлыққа дайындығын қалыптастыру қазіргі қазақстандық қоғамның қауіпсіздігі мен мемлекеттің әлеуметтік тұрақтылығын арттырудың аса маңызды шарттары болып табылады. Құқықтық құзіреттілігі бар адам қоғамдағы басқаларға қарағанда сөзсіз артықшылықтарға ие болады, бұл оған өзінің өмірлік мақсаттарын тиімдірек жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу саласында қол жеткізілген даму деңгейін көрсететін қоғамның құқықтық ұйымының сапалық жағдайы, оның құқықтық жүйесінің нақты қызметі- бұл құқықтық мәдениет

Қоғамның құқықтық мәдениеті әртүрлі көрсеткіштерден көрінеді. Олардың ең маңыздыларына мыналар жатады:

Құқықтық сананың деңгейі, қоғамның, мемлекеттің, жеке адамдардың құқыққа қатынасы;

Құқық шығармашылық процесінің жетілдірілуі мен демократиялығы (құқықтық актілерді дайындау, қабылдау, жариялау, жүйелеу);

Заң кадрлары мен мекемелерінің кәсібилігі мен жоғары қоғамдық мәртебесі, барлық құқық субъектілерінің оң құқықтық белсенділігі, тиісті заңды рәсімдерді құрметтеу, заң ғылымы мен құқықтық білімнің жағдайы,

тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын құқықтық бекіту және нақты қамтамасыз ету, құқықтық тәртіп жағдайы.

Құқықтық сананың деңгейі, қоғамның, мемлекеттің, жеке адамдардың құқыққа қатынасы;

Құқық шығармашылық процесінің жетілдірілуі мен демократиялығы (құқықтық актілерді дайындау, қабылдау, жариялау, жүйелеу).

Заңнаманың сапасы, ондағы жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың, жалпы қоғамның мүдделерінің теңгерімді бейнелену дәрежесі.

Құқық қорғау саласындағы мемлекет, құқық қорғау жүйесі жұмысының деңгейі.

Жасөспірімнің құқықтық күзiреттілігі жасөспірімнің құқықтық әлеуметтену ерекшеліктеріне байланысты, өйткені жасөспірімнің заңмен қорғалатын құндылықтарды нормативтік жүйесіне енгізу, тұлғаның заңды мінез-құлық тәсілдерін меңгеру, заңды тұлғаны қалыптастыру. әлеуметтік жауапкершілікті сезіну және заңмен ынтымақтастық.

Жасөспірімдердің «құқықтық құзыреттілігі» түсінігі жасөспірім мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты: өзіндік сананың негізгі функцияларын – өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі қалыптастыру, азаматтықты белсендіруге ықпал етуді қалыптастыру; құқық саласындағы хабардарлық шеңберін кеңейту; заңды жауапкершіліктер мен заңды міндеттемелерді түсіну.

Заңның негізгі, қажетті ережелерін саналы түрде меңгеру қажеттілігі, заңға деген терең құрмет сезімін дамыту. Алынған білім жеке сенімге, заңды нұсқауларды бұлжытпай орындауға деген берік көзқарасқа, содан кейін заңды орындаудың ішкі қажеттілігіне айналуы керек.

Құқықтық тәрбиенің дегеніміз – құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің теориялық негіздерін қалыптастыру, құқық туралы білімді жүйелеудің қажетті деңгейін қамтамасыз ету, құқықтық мүдделерді, сезімдерді, құқықтық ойлауды дамыту, ғылыми құқықтық дүниетанымды қалыптастыру.

Құқықтық мәдениет мәдениеттің саяси, адамгершілік, рухани және басқа түрлерімен тығыз байланысты. Және бәрінен бұрын, әрине, адам тәрбиесімен, оның тәртіпке, тәртіпке, ұйымшылдыққа бейімделуімен, ел заңдарын құрметтеумен байланысты әдеттегі, мінез-құлық.

Қоғамның құқықтық мәдениетіне келер болсақ, ол құқықтық сананың қол жеткізілген деңгейі, толыққанды заңнама, дамыған құқықтық жүйе, тиімді тәуелсіз сот төрелігі, азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кең ауқымы және олардың кепілдіктері сияқты «көрсеткіштерді» қамтиды. мемлекеттің құқықтық өмірі мен құқықтық дамуын айқындайтын құқықтық тәртіптің жағдайы, берік құқықтық дәстүрлер, халықтың негізгі бөлігінің құқықтық сауаттылығы, құқық қорғау органдарының тиімді жұмысы, заңдарды құрметтеу және т.б.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Қазақстан Республикасының халықаралық ғылыми зерттеу және құқықтық сараптама орталығы – № 5-6 (26) қараша – желтоқсан 2013 ж.
2. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі білім беру тұжырымдамасы 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521. – Астана, 2009 ж.
3. Певцова, Е.А. Құқықты оқытудың теориясы мен әдістемесі. – М.: Владос, 2003.- 400 ж.
4. Баймаханов М.Т. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының ұлттық және халықаралық стандарттарының арақатынасының конституциялық аспектілері// «Қазақстандағы конституционализмнің даму мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы, Алматы, 2002 ж.
5. Володина С.И. Құқықтық білім негіздері: 8-9 ұяшыққа арналған оқулық. -М.: Баспа үйі «Жаңа оқулық. 2005. – 287б.

**Джолдасбекова Н. К.**  
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші*  
*Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Жалпақтөбе ауылы*  
*Валерий Чкалов атындағы орта мектебі*

## **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СИПАТЫ**

Халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілікпен, оны қорғаудың ең тамаша үлгілерін көрсеткен сан мыңдаған азаматтарының аты Қазақстан тарихының, қазақ әдебиетінің беттерінде алтын әріптерімен жазылды. Бүгінде сол есімдері қағаз бетінде ойылып жазылған даналарымыз, ғұламаларымыз – Жүсіп Баласағұни, Әл Фарабиді, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек билерімізді, Керей, Жәнібек, Абылай хандарымызды, Доспамбет, Ақтамберді, Қазтуған жырауларымызды, Бөгенбай, қабанбай, Наурызбай батырларымызды, Ыбырай, Абайдай, Әлихандай ғұлама ақын-ағартушыларымызды, саясаткерлерімізді, Еуропа таныған Шоқандай ғалымдарымызды, бес арысымыз бен үш бәйтерегімізді, қазақ мәдениетін әлемге танытқан Әуезов пен О.Сүйлеумановты, т.б. батырларымызды, еліміздің ертеңі үшін күрескен қайраткерлерімізді мақтан етеміз, олардың ерлік істері мен еңбектерін дәріптеп келеміз. Олардың істері, тағылымдары болашақ жастар үшін үлгі-өнеге.

Сол мыңдаған ірі тұлғалардың ішінде, ел басына күн туғанда батылдығымен қолына қару алып Отан қорғаған, от пен оқтың ортасында жүрсе де халқының мәдениеті мен рухани тіршілігін естен шығармай, бейбіт кезде қаламынан туған туындыларымен ел бірлігі мен Отанның болашағына деген өз танымын, ой – пікірін, өсиетін қалдырған, Халық батыры – Бауыржан Момышұлының өз орны бар.

Қазақ халқының ұлы перзенті, қаһарман жауынгер, даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, әйгілі жазушы Бауыржан Момышұлы-XX ғасыр биігінде тұрған дара тұлға. Балалық шағын Қаратау, Алатау қойнауларында өткізіп, асау заманмен арпалыса жүріп есейген, қоғамның небір сұрапыл, қиян – кескі кезеңдерінде алған бағытынан қайтпастан өз заманының биігіне көтерілген қазақ баласы көзі тірісінде бүкіл Кеңес Одағы мақтан тұтатын және шет елдер танытын аңыз – адамға айналды. КСРО-дағы ірі әскербасы-маршалдармен бірге, өз қол астындағы мыңдаған қарапайым жауынгерлермен жұп жазбай жүріп Б. Момышұлы 1941 жылдың жазында басталған Ұлы Отан соғысына 1945 жылдың көктеміне дейін үзбей қатысып, Елімізді фашист басқыншыларынан қорғап қалу жолындағы қан майданды қаһармандықпен қақ жарып өтті Қарапайым командирден даңқты қолбасшы тұғырына көтерілді. Бауыржан Момышұлы соғыстан соңғы жылдарда аса көрнекті жазушы ретінде танылды. Оның қаламынан шыққан әскери және көркем шығармалар, роман-эңгімелер, хикаяттар ел игілігіне айналды.

Бауыржан Момышұлы – өзінің ұлттық рухын өмір бойы шыңдап өткен адам. Оның ұстазы болған Алаштың арыстары болатын. Тұрар Рысқұловпен бірнеше мәрте кездескен, әңгімелерін есітіп, ақылын тыңдаған. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтың еңбектерін түгелдей оқыған, ал көбісін жатқа айтатын болған. Бауыржанның рухани және саяси бағыт-бағдары осы Алаш көсемдерінің ұстанған жолымен, ой-пікірлерімен, ұлттық идеяларымен қалыптасты десек қателеспейміз. Ол өзі өмір сүріп отырған қоғамның болашағына, ұлт болмысына деген көзқарастары мен идеяларын, отансүйгіштік тәрбиеге байланысты тәлімдік ережелері мен қағидалары саласындағы, еш оқулыққа енбеген мұраларын, оның әскери қолбасшы жазушы ретіндегі қайраткерлігімен тұтас қабылдағанда ғана оның адами, азаматтық, ұлттық болмысын, қоғам өміріне қосқан үлесін толық тани аламыз. Бауыржан Момышұлы – педагогика ғылымы зерттейтін барлық тәрбие принциптерін, азндылықтарын өзінің адами болмысымен және Отан алдындағы ерлік істерімен, тәжірибесімен дәлелдеген тұлға. Бауыржан Момышұлының әдеби, әскери теориялық еңбектерін оқи отырып, оның қоғамның, адамның мәдени дамуының басты құралы – жастардың бойында рухани-имандылық қасиеттерді қалыптастырудың маңызын: дәуірдің

сипатында, халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпында, адамдардың туған ел мен жерге құштарлығында көрініс тапқан – ата-ана, отбасындағы тәрбиелік қарым-қатынас арқылы суреттеп береді. Бұл суреттеулер оның «Ұшқан ұя» повесінде кеңінен баяндалған. Бұл «Ұшқан ұя» мемуарлық романы – балалық шағын баяндаған, өскен, тәрбие алған ортасын суреттеген өмірбаяндық шығармасы. Сонымен қатар оның жазушылық шеберлігін танытқан алғашқы шығармасы.

«Ұшқан ұя» романындағы уақыт кезеңі – автордың балалық шағы. Өзінің ес біле бастаған кезінен мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі өмірі әңгімеленетін романда күллі дүние автордың өзіне ғана тән көркемдікпен суреттеліп, бала Бауыржанның қабылдауы, сезім-түйсігі арқылы өтеді. Қалың халық ортасында, қарапайым семьяда туып өскен, жастай шешеден айырылған, әжесінің қолында тәрбиеленген Бауыржанның алдымен тұлға ретінде қалыптасуы үшін әсер еткен басты фактор – өзінің түлеп ұшқан ұясы. Сондықтан да жазушы өз отбасын әр қырынан танытуда көркем шеберлік танытқан. «Ұшқан ұядағы» жылы сезімді образ – Бауыржанның әжесі Қызтумастың образы. Айнала ортаның, ащы өмірдің, қатал тағдырдың азабының бәрін бастан кешіп, төтеп бере білген, саялы Қызтумас әже – қазақ халық даналығын, салт-дәстүрлерін бойында сақтаған, достық пен бірліктің, адамгершілік пен отбасының қадірін ұғынған және соны ұрпақтарына, әсіресе сүйікті немересінің жүрегіне бала кезінен бастап еге білген ел анасы. [1] Қызтумас әжесі арқылы Бауыржан Момышұлы қазақтың нағыз данагөй тұлғасын берген. Тәрбиенің қайнар бұлағы іспеттес болған әжесінің әр сөзі, әрекеті – тұнып тұрған тәрбиенің көзі. Ал әкесі – Момышты сипаттағанда әділ, таза, адал жанның тұлғасын көрсетеді. 17 жыл бойы ауылынды әкім боп тұрған Момыш «Тура Момыш» атанып, ел мерейіне бөленген. Сондағы өз әкесінің әділ ісіне баға бере отырып, оны Алатаудың аспақ бұлттарына теңейді. Әкім бола тұра, дүние, мал-мүлік жинамағанын, біреуден артық еш нәрсе алмағанын баяндайды. Бұл да оқыған оқырманның адал боп қалыптасуына әсер етуі сөзсіз.

Тарих ғылымдарының кандидаты Әлімғазы Дәулетхан Егемен Қазақстан газетіне жариялаған «Ұшқан ұя» ұлағаты» атты мақаласында мемуар роман жайлы былай дейді:

«Баукеңе тағдыр сыйлаған жауынгерлік-қолбасшылық хәм шығармашылық ғұмырдың соншама мағыналы да жемісті болуының ішкі себептері мен қайнар көздеріне назар аударар болсақ, бала Баукеңнің сүйікті әжесі Қыздығой мен Имаш атаны, Момыш пен нағашысы Серікбайлар бастаған аса көргенді, тәрбиелі, айрандай ұйыған тамаша нақ қазақы отбасын – қырандарды көкке самғатқан қастерлі ұшқан ұясының қасиетін атаймыз.

Бауыржан Момышұлы деген ұлы тұлғаға тән өмір шындығы бар болмыс-бітімімен ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі дейтін қазақы философияда жатқанын, ата-әже, әке-шеше, нағашы жұрт дейтін үш тұғырға барып тірелетінін әлі күнге сезбейтін тәртіздіміз.

Батыр Бауыржан өзін де, әкесін де, жаратушы Алланы да атасы Имаш пен әжесі Қыздығойдың бесік жырымен, күнделікті үлгі-өнегеге толы парасатты ақыл-кеңестерімен, нақтылы іс-әрекеттерімен қордаланған имани тәлім-тәрбиесі арқылы танып-біліп барып қазақтың мақтанышына айналып, ұлт төріне көтерілген болатын». [2]

Бауыржан Момышұлы «Ерлік дегеніміз не?», «Жеке мақтаныш сезімі дегеніміз не?», «Ұлттық мақтаныш сезімі деген не?» деген сұрақтарға жауап ретінде ол : «Ерлік анасы – мақтаныш», Ұлттық рух – бұл, асыл қасиет, ұлтшылдық – бұл ұлт ішіндегі жеке адам бойындағы көркеуделік», «Ұлттық мақтаныш – сол ұлттың адамы үшін қасиетті әрі бұзылмас заң.», «Ұлттық рух – ұлы адамның және тұтастай алғанда ұлттың да асыл қасиеті», Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті.

Ұлтшылдықтың негізінде басқа халықтарға өзін қарсы қоюшылық, антогонизм жатады, ал ұлттық рухтың табиғатына өз халқына деген сүйіспеншілік арқылы басқа халықтарды сүю мен құрметтеу тән», «Ұлттық рух – бұл, асыл қасиет, ұлтшылдық – бұл ұлт ішіндегі жеке адам бойындағы көркеуделік» – деп өзіндік тәрбиелік анықтамалар мен түсініктер береді. Бұл мәселелерге байланысты анықтамалары, түсініктемелерінің мән-мағынасы, тәрбиелік өлеңдері мен толғаулары мазмұнында да көрініс береді. Мысалы:

«Ер жігіттен не пайда,  
Ел күйзеліп, жер күйіп,  
Отанға дұшпан тигенде,  
Айғыр мініп ат ерттеп,  
Жауға қарсы бармаса,  
Қолына найза алмаса?!»,

«Адал ұлдан не пайда –  
Ел намысын қорғауға  
Ер намысын қолға алып,  
Қару-жарақ тағынып,  
Тәуекелге бел байлап,  
Атаның жолын қумаса?!»,

«Кемеңгерден не пайда –  
От басында сөз бермей,  
Топ алдында сынақта  
Тұтығып, тілі күрмеліп,  
Ақылынан адасып,  
Жұмған аузын ашпаса?!»,

«Шеберліктен не пайда –  
Топ алдына барарда,  
Өр сынға енді саларда,  
Ерлеріне еңіреген  
Елім үшін «мен» деген  
Әшекей шекпен тікпесе,  
Ер-тұрманын түзетіп,  
Жалындай жарқ-жүрк етпесе,  
Сағымдап жылтыр етпесе?!», –

деген сияқты толғауларынан алынған үзінділер ар-намысты сақтауға, ата-баба жолын, дәстүрін ұстануға, Отан қорғауға, ананы сыйлауға, үлкендерді құрметтеуге, ана тілін қастерлеуге арнаған насихат тәлімдері болып табылады.

Бүгінгі жастардың болашағына алаңдаған Баукеңнің: «Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқам, менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сінбеген баланың көкірегі керең болып қалмаса деп қорқамын», деп қауіптенген. Оттан да, оқтан да қорықпаған Бауыржан Момышұлын жөргегінен тәрбиенің қайнар көзінен айырылып бара жатқандығы қорқытады. Сондықтан жас ұрпақты Отансүйгіштік қасиеттерге баулуда Б.Момышұлының жеке адами қасиеттерін, әскери ерліктерін Отан қорғау, туған жерді қастерлеу секілді тұжырымдарын мектеп оқушыларын тәрбиелеуде ұтымды пайдалана білу керек. Сонда ғана біз болашақ ұрпақтан нағыз патриот тұлғаны көре аламыз.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1975.
2. «Егемен Қазақстан», Әлімғазы Дәулетхан. – 01.2018 жыл.
3. [https://massaget.kz/layfstayl/debiet/bauyirjan\\_momyishulyi/34608/](https://massaget.kz/layfstayl/debiet/bauyirjan_momyishulyi/34608/)
4. Момышұлы Б. Соғыс психологиясы. – Алматы: Қазақстан – 1990 ж.
5. Бек А. Волоколмское шоссе – Алматы: Жазушы, 1988 ж.



Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы  
**профессор Жамал Рақымқызы Бәшірованы**  
80 жылдық мерейтойымен құттықтайды



**ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ  
ПРОФЕССОР ЖАМАЛ РАҚЫМҚЫЗЫ БӘШПРОВАНЫҢ  
80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
«Ж.Р. БӘШПРОВА ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ ТАҒЫЛЫМ:  
САБАҚТАСТЫҚ, ТАҒЫЛЫМДЫҚ ӨНЕГЕ,  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ»**

**КРУГЛЫЙ СТОЛ  
ПОСВЯЩЕННЫЙ 80-ЛЕТИЮ ПРОФЕССОРА  
БАШИРОВОЙ ЖАМАЛ РАХИМОВНЫ НА ТЕМУ:  
"ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ  
Ж. Р. БАШИРОВОЙ: ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ,  
ВОСПИТАТЕЛЬНЫЕ ПОДХОДЫ,  
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИДЕИ"**

**Ұ.Б. Төлешова**  
*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Педагогика және психология институты,  
мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру  
бағдарламаларының аға оқытушысы*  
п.э.к.,  
**А.Т. Утебаева**  
*Шымкент университеті  
педагогика кафедрасының меңгерушісі,*  
п. э. к.

## **БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІ ҰШТАСТЫРА БІЛГЕН ҰСТАЗ**

Білім – оқытудың нәтижесі болса, оқыту – білім берудің негізі болып табылады. Тәрбие мен білімді бойымызға дарыптар бірде-бір адам – *ұстаз*.

*Ұстаз* – өмірдің бағдаршамы. Олай болса, бүгінде университет аудиториясында отырған студент, ертеңгі бала тәрбиесімен айналысатын, бала жүрегінен орын алатын тәрбиеші, мұғалім, кәсіп иесі. Мұғалім сабағы – болашаққа беттейтін баспалдақ. Сондықтан, мұғалім мейірімінің қадір – қасиеті қашанда қажымайды. «*Мұғалім болу да – өнер*» бойында дария білім, сарқылмайтын сезім, мол мейірімнен тұру қажет деп ақыл-кеңес айтатын ұстазымыз, педагог, ғалым Жамал Рақымқызы Баширова бүгінде 80 жасқа толып отыр. Қазақстанда педагогика ғылымының дамуына өзіндік үлес қосып, ғылым кандидаттары мен магистрлерін дайындап жүрген ғалымдардың бірі мен бірегейі педагогика ғылымдарының докторы, профессор ең бастысы білімді ұрпақ тәрбиелеу жолында жүріп, сансыз шәкірттерге дәріс оқыған ұлы ұстаз.

Біз көбінде ғылым мен білімді қатар қоямыз. Бірақ ғылым дегеніміз тек білім жинақта-рынан тұрмайды. Онда әдеп те, өнер де, саналылық та, біліктілік те кіреді. Еліміздегі білім-дендіру жүйесінің дамуында жоғары мектеп оқытушыларын дайындауда қосқан ғылыми еңбегін айтпай кету мүмкін емес.

Ж.Р. Баширова «Жоғары білімі бар маман кафедраға ассистенттік қызметке қабылданса, белгілі тәжірибе жинақтағаннан кейін оқытушы қызметіне ауысып білімі мен кәсіби іскерлігін толықтыра түсіп ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытып икемділігін көрсетсе, өз мамандығы (*физик, математик, тілші, т.б.*) бойынша аспирантураға түсіп, немесе іздену-ші ретінде кандидаттық диссертация қорғау ғылыми атаққа ие болғаннан кейін, өзінің оқыту-шылық қабілетін шыңдай келе аға оқытушы, одан кейін доценттік қызметке ауыстырылатын. Бұл жағдайда, негізінен оқытушының өзі айналысатын ғылым саласынан білім деңгейі өсетін де, ал педагогтік білгірлігіне аса назар аударыла бермейтін» деп педагог маманның кәсіби біліктілігін арттыру мәселелеріне аса назар аударған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршы журналының «Педагогикалық ғылымдар» сериясын жарық көрген «*Университеттік білімдендіру жүйесіндегі жоғары мектеп оқытушысының педагогикалық компетенттігін қалыптастыру*» деген мақаласында университеттік білім беру жүйесіне толыққанды сипаттама береді. Университеттік білім жүйесінің жоғары білім беретін бірінші сатысы- *бакалавриатта* студенттер өздері таңдаған бөлімде оқытылатын ғылым саласынан тиянақты білім алып, өзінің болашақ мамандығының қыр – сырын меңгереді. Сонымен қатар білімін одан ары жалғастыру жолдарын да таңдауға мүмкіндік алады. Білімдендіру жүйесінің келесі сатысы – *магистратура*- «ғылыми – педагогикалық жоғары кәсіптік білім»- деп аталады да оны бітірушілер белгілі бір ғылыми саласы бойынша «магистр» академиялық дәрежесіне ие болады. Олай болса «магистр» деген академиялық дәреже алып шыққан университет түлегі, ғылымды, ғылыми-ізденіс жолдарын меңгерумен қатар жоғары оқу орнында педагогикалық қызмет атқаруға әзір болуы көзделеді.

Сонымен қатар, магистратураны ғылымның қандай саласы бойынша бітірсе де, ғылым магистрі жоғары мектеп педагогі қызметін атқаруға құқылы, оны «магистратура» ұғымының жоғарыда келтірілген анықтамасынан көруге болады. Демек, «магистр» дәрежесіне ие болған университет түлегі ұстаз мамандығының қыр – сырын, педагогтік іскерлікті, өз ғылымына қосымша педагогикалық ғылымның теориялық негіздерін меңгеріп шығуы тиіс екеніне назар аударамыз. Ұстаздың еңбегінің нәтижелі болып, өмірде кездесетін кез-келген, соның ішінде түрлі шиеленісті жағдайда, мәселенің дұрыс шешімін таба білуі-жоғары мектеп оқытушысының педагогикалық білгірлігін көрсетеді. Педагогикалық білгірліктің құрамында *білімдендіру, іс-әрекеттік, тәжірибелік, жеке-даралық компоненттерін* бөліп қарастыруға болады. Олай болса, *педагогикалық компетенттік* деп- ұстаздық қызметті атқаруға жеткілікті білім, білік, тәжірибе дәрежесін сипаттайтын, жоғары мектеп оқытушысының іскерлік пен жеке-даралық қасиеттерінің мазмұндық сипатын айтуға болады деп түсіндіреді.

Жамал Рақымқызы «*Педагогикалық білгерлік – педагогикалық қызметті жақсы орындауға және тиімді нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін адамның жеке басының ерекшеліктеріне сүйене отырып дамыйтын оқытушының жалпы және кәсіби мәдениетін, кәсіби маңызы бар жеке-дара қасиеттерінің жиынтығы*» деген анықтама береді.

А Сухомолинский «*Сабақ – оқытушының педогогикалық мәдениетінің айнасы*», – деген. Жамал Рақымқызының да әрбір сөзі ісімен үйлесіп жатқан тұлға. Әрбір студент оның жанынан шықпай әрбір сөзін мұқият тыңдап, жадымыға түйіп отырамыз. Оның бірі біз. Аудиторияда асыға күтіп отырамыз. Жанымен тәні үйлесімді ұстаздың әрбір сөзі тәрбиенің негізі іспеттес.

Алғаш университетте оқытушы қызметін атқарып жүрген кезімізде студенттердің әрбір сөзін, істері мен әрекетерін Жамал Рақымқызы келіп айтып ақыл-кеңес сұрайтынбыз. Ол кісі студенттер оқытушыны үлгі тұту керек деп оқытушыға қойылатын бірнеше талаптарға тоқталған болатын:

Ең *бірінші*, оқытушы өзінің пәнін бүге-шігесіне дейін жақсы білу керек, кез-келген студенттің қойған сауалына жауап бере білу керек;

*Екіншіден*, оқытушы өте мәдениетті болуы тиіс, өйткені ол студенттерге үлгі болу керек;

*Үшіншіден*, меніңше оқытушы психолог, студенттің жан-дүниесін түсінуі тиіс. Студентпен сырлас дос та болу білу керек – дегені есімде. Шынымен де ЖОО оқытушы қызметінің бірі кураторлық – эдвайзерлік жұмыс. Әрбір студенттің жағдайы туралы толыққанды ақпарат алу үшін сырлас дос болу қажет. Студенттің сеніміне кіру, оған психологиялық қолдау көрсету, кеңес беру, сүйемелдеу, бағыт-бағдар беру қазіргі таңда аса маңызды іс-әрекеттердің бірі. Осы орайда Жамал Рақымқызының қысқаша өмірі мен ғылыми жолына тоқталып өтейік.

Баширова Жамал Рақымқызы 1942 жылдың 24 ақпанында Өскемен қаласында дүниеге келген. 1964 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының математика факультетін аяқтаған.

1964-1972 жылдары мектепте физика пәнінің мұғалімі, 1972 – 1976 жылдары ҚазССР Білім беру министрлігіне, 1976-1984 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, бірнеше жыл катарынан ҚР Білім және ғылым министрлігіне тәжірибелі ғалым-педагог ретінде ҚазССР білім беру Министрлігінде ОӘС мүшесі болды.

1987-1991 жылдар аралығында Республикалық педагогикалық оқулар секцияларының жұмысын басқарды. ҚР білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес «Педагогика» курсы бойынша типтік оқу бағдарламаларын құрастырушылардың бірі, «Жыл мұғалімі» байқауының әділ қазылар алқасының мүшесі болды. 1984 жылдан бастап 2011 жылға дейін Қазақ ұлттық университетінің жалпы және этникалық педагогика кафедрасында қызмет атқарды. Ол 1984 жылы «Преимственность между школой и ПТУ в воспитании у учащихся коммунистического отношения к труду» тақырыбында кандидаттық, 2004 жылы «Теоретические основы университетского образования в аспекте направленности на подготовку преподавателей» тақырыбында докторантық диссертация қорғады.

давателя высшей школы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Ж.Р. Башированың 5 кандидаттық диссертация және 30-ға жуық магистрлік диссертация қорғалды.

Ж.Р. Баширова аспиранттары мен магистрлеріне «Ғылым – теориялық білімді іс жүзінде қолданып, одан жаңалық жасауды көздейді. Ал осы жаңалық міндетті түрде адамдардың пайдасына жарап, қызмет етуі тиіс» дейді.

Жамал Рақымқызы таразы басын тең ұстаған, ұстамдылық ұлағаты, адамгершілік қасиеттері жоғары ғалым. Ол кісінің ең үлкен ерекшелігі қарапайымдылығы. Білім құған әрбір жасқа кез келген уақытта кеңесін айтып, бағыт-бағдар беріп, ғылыми жұмысың туралы жаңашыл идеялар ұсынып отыратын нағыз ғалым. Осы сәтті пайдалана отырып ұстазымыз Баширова Жамал Рақымқызын 80 жасқа толуымен құттықтаймыз! Алла ғұмыр беруін, денінің саулығын, бауырының бүтін, басының аман болуын, жанның есендігін тілейміз.

# МАЗМҰНЫ

## ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМА

1. Масалимова Ә. Р. ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ.....	3
2. Мейірбаев Б.Б. ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДА ПАТРИОТИЗМДІ АРТТЫРУДА Т. ТӘЖІБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ .....	4
3. Әлқожаева Н.С. ЖАМАЛ РАҚЫМҚЫЗЫ БАШИРОВАНЫҢ ТАҒЛЫМДЫҚ МҰРАСЫ .....	6
4. Таубаева Ш. Т. ҒЫЛЫМНЫҢ ЖАМАЛЫ .....	9
5. Мағауова А.С. ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ПРОБЛЕМЫ И ОПЫТ .....	15
6. Харисов Ф.Ф. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ОБУЧЕНИЯ НЕРОДНОМУ ЯЗЫКУ В КОНТЕКСТЕ НАСЛЕДИЯ ВЕЛИКОГО КАЗАХСКОГО ПРОСВЕТИТЕЛЯ АКАДЕМИКА Т.Т. ТАЖИБАЕВА .....	18

### 1 СЕКЦИЯ

#### ЖАХАНДАНУ АЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ

#### СЕКЦИЯ 1

#### ОБРАЗОВАНИЕ, НАУКА И ДУХОВНОСТЬ В КОНТЕКСТЕ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

7. Қаналиева А. Ш. Тұрғынбаева Б. ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	23
8. Альчимбаева А. Б., Дархан Ә.С. БАЛАНЫҢ РУХАНИ БОЛМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ .....	27
9. Кудайберген А., Акрамова А.С. ПРОБЛЕМЫ САМООРГАНИЗАЦИИ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ У СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ КОРОНАВИРУСНОЙ ПАНДЕМИИ .....	31
10. Аслан Э. А. Мұқашева А. Б. ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫНЫҢ ПОЗИЦИЯЛАРЫ .....	35
11. Қасен Г.А., Төреғалиева Г.А. СИБЛИНГТІ ПОЗИЦИЯ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУДАҒЫ АЛҒЫШАРТ .....	42
12. Габбасова Г. Д. АУТИЗМ СИНДРОМЫ БАР БАЛАЛАРҒА ЖАҢАНДАНУ КЕЗІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	45
13. Мамырбекова Г. А., Тойлыбек Г. РУХАНИ – АДАМГЕРШЛІК БІЛІМНІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ .....	50
14. Әлқожаева Н. С., Батырбекова Д. Д. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫНДАҒЫ ЖАҢАНДАНУДЫҢ РӨЛІ.....	52
15. Советқанова Д. Р. ҚАЗІРГІ ЖАҢАНДАНУ АЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ .....	55
16. Ендыбаева Г. У. ЖАҢАНДАНУ – ӘЛЕМДІК ЖАҢАРУ .....	58
17. Қоңырбаева С.С., Тұрап Ж. М. БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛЕУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКА МАТЕРИАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ .....	62
18. Капанова Г.Ж., Еркіннов Қ. Е. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ЖАҢАНДАНУЫ РЕФОРМАСЫНЫҢ БҮГІНГІ МЕН ЕРТЕҢІ.....	65
19. Қасымбекова М. Д., Маханбетғалиева А.М. БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ДАЯРЛАУ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА РЕТІНДЕ .....	67
20. Ахмедиева К.Н., Таурбекова А.С. БАЛА ТҰЛҒАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ӘКЕНІҢ РӨЛІ .....	71
21. Әбішева Л.П., Ортаева А.С., Сарман М.П. ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	76
22. Мағауова А.С., Махамбетова Ж.Т. ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ У БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ .....	79
23. Бисембайұлы М. “РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ” ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ .....	83
24. Қарбаева Ж.Ж., Мұрат Г.Н. ВИРТУАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	88
25. Aitzhanova R. M., Koshkumbaev K. T., Nakuova A. T. THE FORMATION OF AN INCLUSIVE COMPETENCE OF FUTURE TEACHERS IN TRAINING .....	91
26. Саманова Д. Б. МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	95
27. Сейтова С.К. ЖАҢАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ .....	99
28. Сейтова С. К. ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ – ЖАҢАНДАНУ ЗАМАНЫНДАҒЫ НАҒЫЗ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ.....	102

<b>29. Таурбекова А.С., Ахмедиева К.Н. ӨЗ БЕТІМЕН БІЛІМ АЛУ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУДЫҢ ТЕТІГІ РЕТІНДЕ.....</b>	<b>105</b>
<b>30. Туралиева Г. А. ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ.....</b>	<b>108</b>
<b>31. Қаналиева А. Ш., Тұрғынбаева Б. ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....</b>	<b>111</b>
<b>32. Ташкенбаева Б. Ж., Нұрыш Д. Е. ОҢТҮСТІК КОРЕЯ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....</b>	<b>115</b>
<b>33. Канатов А. К. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ РОБОТОТЕХНИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫЛАРДЫ ДАМЫТУДАҒЫ РОЛІ.....</b>	<b>117</b>
<b>34. Рустемова А. ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА СУИЦИДТІ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ПЕДАГОГ- ПСИХОЛОГТЫҢ АТА – АНАЛАРМЕН ЖҰМЫСЫ.....</b>	<b>122</b>
<b>35. Кундыбаева Э. А. ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ОРАЛЫМНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖАҒЫ.....</b>	<b>125</b>
<b>36. Опабек А. М. ЖАҒАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІНІҢ САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ.....</b>	<b>128</b>
<b>37. Туралиева Г.А. ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ.....</b>	<b>131</b>
<b>38. Ерiмбетова А.Е. ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ – ҒАЛАМДЫ ТАНУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫНЫҢ БІРІ.....</b>	<b>133</b>

## 2 СЕКЦИЯ

### ӘЛЕМДІК ЗАМАНАУИ МЕКТЕП – МҰҒАЛІМ – ИННОВАЦИЯ

#### СЕКЦИЯ 2

#### СОВРЕМЕННАЯ ШКОЛА-УЧИТЕЛЬ-ИННОВАЦИИ

<b>39. Касенова А.С., Акрамова А. С. К ВОПРОСУ ОБ УРОВНЯХ ВНУТРИШКОЛЬНОГО МЕНЕДЖМЕНТА ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ.....</b>	<b>137</b>
<b>40. Айтбаева А.Т. КӘСІБИ СТАНДАРТТЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗГІ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ЖАҢА ФОРМАЦИЯЛЫ ПЕДАГОГТЫҢ ҮЛГІСІ.....</b>	<b>140</b>
<b>41. Сейтқалым А.С. ПЕДАГОГТАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУЫ- ХХІ ҒАСЫР ТАЛАБЫ.....</b>	<b>144</b>
<b>42. Касымова Р.С., Тілеубекова А. Т. ӘЛЕМДІК ЗАМАНАУИ МЕКТЕП-МҰҒАЛІМ-ИННОВАЦИЯ.....</b>	<b>147</b>
<b>43. Қоңырбаева С.С., Салматова Б. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....</b>	<b>150</b>
<b>44. Баярыстанова Э.Т., Бектемісова Ш.Т. ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ФОБИЯ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....</b>	<b>153</b>
<b>45. Мамырбаева Г. А., Болаткажы К. Б. К ВОПРОСУ О ВИКТИМНОСТИ ПОДРОСТКОВ В СИСТЕМЕ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ.....</b>	<b>156</b>
<b>46. Бейсенбекова Г.Б., Салиева И. Е. МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....</b>	<b>159</b>
<b>47. Тансбаева Д. А., Мағауова А.С. ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ СТАРШЕКЛАСНИКОВ – КАК СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА.....</b>	<b>162</b>
<b>48. Iskakova Zhansaya. INNOVATIVE ART THERAPY TECHNIQUE – DRAWING ON WATER EBRU, AS A MEANS OF A FAVORABLE PSYCHOLOGICAL IMPACT ON THE EMOTIONAL STATE OF CHILDREN.....</b>	<b>166</b>
<b>49. Әлқожаева Н.С., Камал Т.Т. ҚАЗАҚСТАНДА ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРГЕ СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП АРТТЫРУ.....</b>	<b>168</b>
<b>50. Қапанова А.Ш., Бақтыбаев Ж.Ш. ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ОРНЫ.....</b>	<b>172</b>
<b>51. Каренеева Ж.А., Мукашева А.Б. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МҰҒАЛІМНІҢ ДАЙЫНДЫҒЫ.....</b>	<b>176</b>
<b>52. Егизбаева К. К. ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ КАК ОДИН ИЗ ВАЖНЫХ ФАКТОРОВ ЭФФЕКТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ.....</b>	<b>179</b>
<b>53. Наркулова Г. Р. ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕ – ЗАМАНАУИ МҰҒАЛІМ.....</b>	<b>183</b>
<b>54. Пархатова Б. Б. ӘЛЕМДІК ЗАМАНАУИ МЕКТЕП – МҰҒАЛІМ – ИННОВАЦИЯ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ- ЗАМАН ТАЛАБЫ.....</b>	<b>185</b>
<b>55. Баярыстанова Э.Т., Нығметжанова Р.Ө. БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН МЕКТЕП ӨМІРІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ.....</b>	<b>188</b>
<b>56. Касымова Р.С., Тілеубекова А. Т. ӘЛЕМДІК ЗАМАНАУИ МЕКТЕП-МҰҒАЛІМ-ИННОВАЦИЯ.....</b>	<b>192</b>
<b>57. Текесбаева А. М., Текебай Ұ.А. ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ОТБАСЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІГІ.....</b>	<b>195</b>
<b>58. Орынғалиева Ш.О., Көбеева Ж.Қ. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛЫҚ КҮЙ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....</b>	<b>198</b>

<b>59. Наурызбаева Г. К., Кудайбергенова А. М. К ВОПРОСУ ФОРМИРОВАНИЯ ТЕХНИЧЕСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКОВ В УСЛОВИЯХ ВУЗА .....</b>	<b>203</b>
<b>60. Нуржанова Ж., Садвакасова З. М. СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В РАБОТЕ ПСИХОЛОГА С ГЭМБЛИНГОВЫМ ПОВЕДЕНИЕМ МОЛОДЕЖИ .....</b>	<b>206</b>
<b>61. Ингайбекова Т.А., Садреймова А.Ж. ӘЛЕУМЕТТІК-КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАР ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕРДЕГІ КӨРНІСІ .....</b>	<b>210</b>
<b>62. Алмахунова А.А., Жұмабекова Қ.Б. ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕКТЕПТЕГІ РӨЛІ .....</b>	<b>212</b>
<b>63. Бактыбаева С.Ш. ЭФФЕКТИВНЫЕ ПРИЕМЫ ОБУЧЕНИЯ ПО ФОРМИРОВАНИЮ КУЛЬТУРЫ ЛИЧНОСТИ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА.....</b>	<b>215</b>
<b>64. Бактыбаев Ж.Ш., Ма Ханьсюе. ФОРМИРОВАНИЕ У БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ГОТОВНОСТИ К РАБОТЕ С СЕМЬЕЙ.....</b>	<b>217</b>
<b>65. Қазтай М.А., Молдамырзаева М.С. ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ САМООРГАНИЗАЦИИ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ .....</b>	<b>222</b>
<b>66. Байтленова А.А. ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЭКСПРЕССИВТІ МАҒЫНА ЖАСАУДЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ .....</b>	<b>228</b>
<b>67. Байтленова А.А. ЭМОЦИОНАЛДЫЛЫҚ, ЭКСПРЕССИВТІЛІК ЖӘНЕ БАҒАЛАУЫШТЫҚ ТІЛ КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....</b>	<b>231</b>
<b>68. Урпекова С.С. ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....</b>	<b>235</b>
<b>69. Карпова Е.В., Афанасьева А.С. УЧЕБНАЯ МОТИВАЦИЯ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ДИВЕРСИФИКАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА .....</b>	<b>237</b>
<b>70. Асылханова М.А. АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ.....</b>	<b>242</b>

### 3 СЕКЦИЯ

#### Т. ТӘЖІБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

### СЕКЦИЯ 3

#### ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ Т. Т. ТАЖИБАЕВА

<b>71. Естаева С. М. НАР ТҰЛҒАЛЫ ТӨЛЕГЕН .....</b>	<b>247</b>
<b>72. Касымова Р.С., Есенова К.А. КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒА, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ.....</b>	<b>249</b>

### 4 СЕКЦИЯ

#### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ: ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### СЕКЦИЯ 4

#### КАЗАХСТАНСКИЙ ПАТРИОТИЗМ: ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ МОЛОДЕЖИ

<b>73. Әбдиева Ғ.І. ЖАСӨСПІМ ЖАСТАҒЫ ТҰЛҒАНЫ ЗАМАНАУИ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҚЕЙБІР ЕЛЕУЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....</b>	<b>253</b>
<b>74. Букешова С. С., Токсанбаева Н. Қ. ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУДА ҚАЗАҚША МАНДАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ .....</b>	<b>256</b>
<b>75. Ажирова А.Е. ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ.....</b>	<b>260</b>
<b>76. Ташкеева Ж. Т., Қуатбек А.Е. ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ .....</b>	<b>262</b>
<b>77. Қыдырбаева А. К., Муратова А. А., Нурмуханова Г. А. ҰЛТ ТАҒДЫРЫ – БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ КЕПШІ .....</b>	<b>266</b>
<b>78. Балабай Р.А., Жұмабекова Қ.Б. ЖАСӨСПІМДЕРДІ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА БАУЛУ .....</b>	<b>270</b>
<b>79. Альчимбаева А. Б., Батгалова К. Ш. «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУДАҒЫ МҰМКІНДІКТЕР .....</b>	<b>273</b>
<b>80. Ұзақбайқызы Г. «Z» ҰПАҒЫН ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА БАУЛУДЫҢ ЖОЛДАРЫ .....</b>	<b>277</b>
<b>81. Әрінова Б.А., Жұмаспаева А.А. ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК СИПАТЫ .....</b>	<b>280</b>
<b>82. Бижанова К.Ә. ЖАСТАР БОЙЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ.....</b>	<b>282</b>
<b>83. Бабкина К.И., Садвакасова З.М. СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ ПО ФОРМИРОВАНИЮ ПОЗИТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ У МОЛОДЕЖИ.....</b>	<b>285</b>

<b>84. Мурзагулова М.Д., Абдуррахман Танриёген, Батырбаева Б.А. ЖАСӨСПІМДЕР ВИКТИМИЗАЦИЯСЫН АЛДЫН АЛУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ .....</b>	<b>288</b>
<b>85. Шағырбаева М.Д., Мамырбаева Ж.И. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН КӨРМЕ ҚЫЗМЕТІ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ .....</b>	<b>291</b>
<b>86. Әмір М. П. ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕНІҢ РӨЛІ .....</b>	<b>294</b>
<b>87. Паримбай Г.Ф. Токсанбаева Н. К. ЗАМАНАУИ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫН ТАЛДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....</b>	<b>296</b>
<b>88. Баймуханова Б. К., Казыбаева Ж. Д. МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАМУЫН ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ .....</b>	<b>299</b>
<b>89. Джолдасбекова Н. К. БАУЫРЖАН MOMЫШҰЛЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СИПАТЫ .....</b>	<b>304</b>
<b>90. Кадыржанова Ж.Е., Тапаева П.Қ. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....</b>	<b>307</b>
<b>91. Садвакасова Г. К. ПАТРИОТИЗМНІҢ ӨЛШЕМДЕРІ .....</b>	<b>310</b>
<b>92. Абдуррахман Танриёген, Базарбай Е.М., Сулеймен Д.Б. ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ .....</b>	<b>313</b>
<b>93. Джолдасбекова Н. К. БАУЫРЖАН MOMЫШҰЛЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СИПАТЫ .....</b>	<b>316</b>

#### **ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ**

**ПРОФЕССОР ЖАМАЛ РАҚЫМҚЫЗЫ БӘШПРОВАНЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
«Ж.Р. БӘШПРОВА ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ ТАҒЫЛЫМ: САБАҚТАСТЫҚ,  
ТАҒЫЛЫМДЫҚ ӨНЕГЕ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ»**

#### **КРУГЛЫЙ СТОЛ**

**ПОСВЯЩЕННЫЙ 80-ЛЕТИЮ ПРОФЕССОРА БАШИРОВОЙ ЖАМАЛ РАХИМОВНЫ НА ТЕМУ:  
"ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ Ж. Р. БАШИРОВОЙ: ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ,  
ВОСПИТАТЕЛЬНЫЕ ПОДХОДЫ, ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИДЕИ"**

<b>94. Төлешова Ұ.Б., Утебаева А.Т. БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІ ҰШТАСТЫРА БІЛГЕН ҰСТАЗ .....</b>	<b>321</b>
---	------------



**Академик Т. Т. Тәжібаевтың туғанына 112 жыл толуына арналған  
«Қазақстандағы педагогика ғылымының жаңа мүмкіндіктері:  
тәрбие мен білімдегі серпілістер» тақырыбында өткен  
халықаралық ғылыми- практикалық конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**23 ақпан 2022 жыл**

**МАТЕРИАЛЫ**

**Международной научно-практической конференции  
«Новые возможности педагогической науки в Казахстане: приоритеты  
в воспитании и образовании», посвященной 112-летию  
со дня рождения академика Т.Т. Тажибаева**

**23 февраля 2022 года**

**MATERIALS**

**International scientific and practical conference  
"New opportunities for pedagogical science in Kazakhstan:  
priorities in upbringing and education" dedicated to the 112th  
anniversary of the birth of academician T. T. Tazhibayev**

**Almaty, 23<sup>th</sup> February 2022 year**

**ИБ №15374**

Подписано в печать 24.08.2021. Формат 60x84 1/16.  
Печать цифровая. Объем 29,6 п.л. Тираж 30 экз. Заказ №15147.

Издательский дом «Қазақ университеті»  
Казахского национального университета им. аль-Фараби.  
050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71. КазНУ.

Отпечатано в типографии издательского дома «Қазақ университеті».